Төлен ӘБДІКҰЛЫ

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

Таңдамалы

Алматы
«Раритет»
2012

УДК 821.512.122
ББК 84Қаз7–44
Ә14

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Әбдікұлы Т.

Ә14 Парасат майданы: Таңдамалы. — Алматы: Раритет, 2012. — 616 б.

ISBN 978-601-250-162-9

Жазушының шығармаларында негізінен тіршілік ағысының тереңіне, құпиясына үңілу, өмір шындығын философиялық тұрғыдан пайымдау басым. Адам тағдыры қоғам бейнесінің айнасы іспетті. Кейіпкердің күйзелісі тек психологиялық құбылыс ретінде ғана емес, замана болмысының бет бейнесін анықтайтын рухани өлшем ретінде қарастырылады.

Автор «Парасат майданы» повесі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ПЕН-клуб сыйлығының лауреаты және Франц Кафка атындағы Еуропалық алтын медальдың иегері атанды.

УДК 821.512.122
ББК 84Қаз7–44

ISBN 978-601-250-162-9

© Әбдікұлы Т., 2012
© «Раритет» баспа компаниясы, 2012
© Безендірген Серікбай Б., 2012

Хикаяттар

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

Қайда жатыр мәселе –
я өмір, я өлім,
Десе де,
Лайық па көндігу тәлкегіне тағдырдың,
Қарсы тұрып немесе,
ұшан-теңіз нәубаттың,
Көзін жойған дұрыс па
Жан алысып, жан беріскен ұрыста?!
Содан кейін бақилыққа көз жұму,
түнек қылып жарықты,
бар дүниеден безініп,
Жан мен тәнді күйзелдірген
сан мың ауыртпалықты
Жалғастырған, байластырған
шынжырларды осылай
Үзгеніңді жүрегіңмен сезініп.

Уильям Шекспир.

(*Гамлеттің монологы. Аударма автордікі.*)

Сен жақсылықты жамандықтан
жасауың керек, өйткені оны
жасайтын басқа ештеңе жоқ.

Роберт Пенн Уоренн

Мен бұл күнделікті таныс дәрігерден алғанмын. Ең ғажабы – күнделік иесін мен білетін болып шықтым. Дүние қанша кең болса да, адам жолының қиылысында да шек жоқ.

Жас кезде өмір қайнаған базар секілді. Дос та көп, жолдас та көп. Достың досы саған да дос болып жүретін кез. Сондай бір сапырылысқан тұста аз-кем күн араласқұраластау болғанымыз бар. Түрі де есімде: ұзын бойлы, арық, ақсары жігіт. Жүйкесі жұқалау ма – әзіл сөзге қызарып кететін. Оған бөтен елдің адамына қарағандай, көңілін аулай сөйлеп, аяңқырап жүретінбіз.

Көбіне жиын-тойларда, қонақасыларда кездесеміз. Сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан зиялы отбасынан шыққаны, кітаби тәрбиені көбірек көргені байқалады. Мінезі жұмсақ. Онысы өзгелерге жағымды көрінгенмен, өзіне әлдебір шарасыздық әкелетін секілді. Арнайы сөзге тартпасаң, қасыңда бәленбай сағат үнсіз отыра беруге бар.

Сондықтан онымен аса бір емен-жарқын сырласа кеткен күн болған жоқ. Бір кемедегі жолаушылардай ғана таныстық қалды. Кейін көрмей кеттім...

Енді, міне, бірнеше дәптерден тұратын жазбаларын оқып шыққанда, оның мен білетін ақсары жігітке түк қатысы жоқ секілді көрінді.

Күнделік бойынша өмірбаянды қалпына келтіріп, құрастыру мүмкін емес. Көбіне өзінің ішкі сезімдері мен ойпікірлерін жазған. Тек соңғы дәптерде ғана оның тағдырының ұлы жобасы байқалғандай болады. Мұндағы оқиғалардың рет-ретімен жан-жақты баяндалып, жазысқан хаттарға дейін күнделікке мұқият көшірілуіне қарағанда, автор бұл жазбаларды түбінде өзге де біреулердің оқуы мүмкін екенін жоққа шығармаған секілді. Оқырман назарына күнделіктің осы соңғы бөлігін ұсынып отырмын. Екі ұдай сезім құшағында – үміт пен күдіктің, шындық пен жалғанның арасында сергелдең болған жандарға, бәлкім, пайдасы тиер.

Күнделік иесінің аты-жөнін жария қылу әбестік болар деп ойладым. Көп бейтаныс замандастың бірі деп қабылдаңыз.

1

13 наурыз

Менің өмірімде үлкен бір өзгеріс болған секілді. Не өзгеріс екенін өзім де анық білмеймін. Бәлкім, *Ол* баяғы-

да болып, *Оны* өзім тек қазір ғана байқап отырған шығармын. Бәрі де мүмкін... Білетінім – жүйкем біршама тозған. Сол себепті бұрынғыдай емес, ойлаған ойларымды тез ұмытамын. Мәселен, күнделігімде 3 наурыз күнгі жазбаларым бар да, 4, 5, 6 наурыз мүлде жоқ, одан кейін 7 наурыздан бастап жазбаларым әрі қарай жалғасады. Ал жазылмаған күндерде не істедім, қайда болдым – есімде жоқ. Адамның жадынан өшіп қалатын сәттердің болатынын бұрында да естігенмін. Бірақ ол неге байланысты – ол жағы маған беймәлім.

Рас, ғұмыр ұзаған сайын жадыңнан шығатын заттардың саны да көбейеді. Кезінде өміріңнен орын алған оқиғалар ұмытылып, қайсыбір мәнсіз көрінген сәттер есіңде қалуы әбден мүмкін. Бірге оқыған, бірге жүрген адамдардың аты-жөнін есіңе түсіре алмайсың, шырамытсаң да, жыға танымайсың. Ескі достықтан, кездескен күндерден із де қалмайды. Өмірің әлдебір құрдымға құйып жатқан өзен секілді. Адам жадының өз заңы бар.

Оның себебін дәрігерден сұрасаң, шаршағаннан дейді. Рас шығар. Жарық дүниеге келген адамның көрмейтіні бар ма? Оны ойласаң, ойдан ой бөлініп, сан тарам жолдың қайсысына түсерін білмей, дал болған жолаушыға ұқсайсың. Дүние сыры беймәлім. Не құдайды, не адамды кінәларың белгісіз. Бір қарасаң, құдайдікі дұрыс секілді – адам қылып жаратты, өсіп-өн, рақымды бол, ізгілікке сен деді. Одан артық не керек? Әйтсе де, құдайдың әмірімен іс қылып, жаманатын жалғыз өзі көтеретін адам байғұсты тағы аяйсың.

Жақсыға да, жаманға да дәлел көп. Біреудің көзін бірдеңеге жеткізу мүмкін емес. Сондықтан әркім өзіне үй ішінен күрке жасап, сол күркенің заңымен ғана өмір сүріп, өз тілегін өзі қанағаттандырғаннан басқаға лаж жоқ.

Күркеде өмір сүрген адамның еңсесі қайдан көтерілсін. Өзімнен өзім әлдебір атын атап, түсін түстеуге келмейтін қорлық пен зорлықтың қыспағында жүргендеймін.

Төңіректе болып жатқан оқиғалардың әсері жоқ – күннің нұрын, табиғат көркін, көктемнің жұпар самалын бұрынғыдай сезбейтін секілдімін. Бәлкім, өзімнің ішкі әлеміме көп үңілгеннен болар.

«Сұм өмір абақты ғой саналыға...»

2

15 наурыз

«Үш күннен кейін адам тозаққа да үйренеді» дейді. Қиындыққа, тауқыметке төзу, қалыптасу, бәлкім, тіршілік үшін қажет те шығар, бірақ адамның күнә мен қылмысқа, арсыздық пен әділетсіздікке еті үйренуі – ең зиянды, ең қатерлі дағды.

Баспасөз беттерінде жарияланып жүрген неше түрлі хабарлардан әлдебір жан түршігерлік рухани күйреудің нышандары сезіледі. Ал солардың бәріне адамдардың еттері үйреніп, тітіркенбеуі, шімірікпеуі, ештеңе болмағандай, жайбарақат жүруі одан бетер зәремді алады. Маған олар адам өлігін селт етпей қолымен түртіп, қызықтап жүрген жарымес жасөспірімдер секілді елестейді.

Газет оқудан қалдым. Бетін ашсаң болды, не бір сұмдық оқиғалар тасқыны сені жаңқа құрлы көрмей ала жөнеледі:

Өзінің анасын зорлаған немесе өлтірген...

Өзінің балиғаға толмаған қызын зорлаған не өлтірген...

Сәбиін өлтіріп, қоқысқа тастаған келіншек...

Өз ұлына тұрмысқа шыққан миллионер әйел...

Адам етін жеген маньяктар...

Еркекке үйленген еркектер...

Өлікпен жыныстық қарым-қатынас жасағандар... тағы сол сияқты сорақылықтар туралы шартараптан жеткен хабарлар.

Мен бұзылған бірдеңе жеп қойған адамдай лоқсудамын. Жиіркеніштен қан-тамырларым тас боп қатып, ішек-қарыным сіресе, ышқына лоқсимын. Былғаныштан құтылар амал жоқ. Дәретхананың түбіне құлаған адамдаймын. Бәрі былғанған...

Жанымдағылар жайбарақат. Осынау жан төзгісіз былғанышты сабырмен «түсінгілері» келетін секілді. Заңдастырғылары келетін секілді...

Көне ертегі – аңыздарда адамдарға қатер төндіріп, мезгіл-мезгіл құрбандық тілеп тұратын айдаһар болады. Адамдар басқа лажы болмаған соң, іштерінен бір сұлу қызды жемге беріп, қалғаны амандыққа риза болар еді.

Осындай бір лажы жоқ мейірімсіз күш бүкіл әлемді тұқыртып, еңсесін көтертпей, көзін аштырмай, күнді көлегейлеп, әлсін-әлсін соғыс аштырып, қанға бөктіріп, дауыл тұрғызып, жер сілкіндіріп, ауру таратып, әлгі айдаһар секілді өзіне керек құрбандығын алып отырғанға ұқсайды. Ол аз болғандай әлгі айдаһар енді сенен бүкіл адами қасиеттеріңді құрбандыққа сұрайды.

Бальзак айтқандай: «Жер бетінде бақытсыздықтан басқа толық жүзеге асатын ештеңе жоқ».

Газет-журнал беттерінде адам зәресін ұшыратын хабарлардың бұдан басқа да түрлері бар: ядролық, экологиялық катаклизмдер, метеорит жаңбыры секілді космостық апаттар, әлемдік топан су т.б. Және бұлардың бәрі әшейін жайдақ болжам түрінде емес, болу мүмкіндігі ғылыми-теориялық тұрғыдан делелденген қисынды тұжырымдар. Әрине, оның қашан, қалай боларын дәл бүгін ешкім анықтап бере алмас, бірақ қай ғасырда болса да, әйтеуір, болуы мүмкін деген қатерлі ойдың құрығына бір іліксең, одан босануың оңай шаруа емес.

Миллиондаған, миллиардтаған жылдармен өлшенетін космостық дәуірдің бір тұсында жарқыраған күннің де әйтеуір бір сөнетінін, адамзат ғұмырының да мәңгі емес екенін ақылмен түсінуге болатын секілді. Бірақ бүгінгі бүкіл жүйке-тамырыңмен сезіп тұрған анық тіршілік, рухани әлем: адам баласының жарық дүниеге келгеннен бергі бастан кешкен тарихы, қызығы мен қасіреті, үміті мен өкініші, сан мың жылдар бойына сананы сарғайтып келген парасат биігі – рақымшылдық, жанашырлық, аяушылық, жақсы көрушілік, ізгілік жолындағы жанпидашылдық тағы басқа тіршіліктің мәніне айналған әулие қасиеттер – осының бәрі мәңгілік түнекке сіңіп жоқ болады дегенге көңіл шіркін көнгісі келмейді.

Әрине, оны ойлап бас қатырғанмен, ештеңе өзгермейді.

Адамзаттың ажалының қайдан боларын бір құдайдың өзі білер. Бәлкім, баяғы Нұх пайғамбардың тарихы қайта оралар. Бәлкім, ештеңе де оралмас, бәрі де мәңгі түнекке кетіп, тіршілік әу басынан – микробтар мен бактериялардан қайта басталып, келесі адам баласының дүниеге келуіне тағы да миллиардтаған жылдар қажет болар. Оны ешкім де анық болжап бере алмайды.

Әйтсе де, осы апаттардың болу-болмасына менің келісімімді сұраса, адамзаттың иштей іріп-шіріп, адамгершіліктен азғындап, тіршілік әлеміне қажеті жоқ немесе қатерлі құбылыс ретінде рухани апаттан мерт болғанынан гөрі, әйтеуір тіршіліктен бір кету қажет болса – өзекті жанға бір өлім – осындай жойқын табиғат апатынан кетіп, ең болмаса, өзінің ары мен ұятын, өзіне деген болмашы бір құрмет сезімін жүрегінде сақтай кеткені жөн секілді.

3

25 наурыз

Тәннің ауруы астан дейді. Ал кермек ойдан жаның ауырады. Мінеки соның нәтижесі – жан-жағы тас дуалмен қоршалған ауруханада жатқаныма жетінші күн. Талай ауруға пана болған бір адамдық шағын палата әркімнен қалған ескі киімдей жүдеу, көңілсіз. Көшеге қараған терезені қарсы беттегі биік үй көлегейлеп тұр. Тек оң жақта екі үйдің арасынан тау шыңының кіп-кішкентай бөлігі қылтиып көрінеді. Мені сыртқы әлеммен байланыстырып тұрған содан басқа ештеңе жоқ.

Мұнда келгелі аяқ астынан жоқ болып кететін күндерді ойлап, өзімді-өзім үрейлендірмес үшін, андасанда, айрықша оқиғалар тұсында ғана болмаса, қолға қалам алмасқа бекінген едім. Ақыры күнделікке қайта оралдым. Өйткені мені таң қалдырған бір түсініксіз оқиға болды.

Таңертеңгі астың алдында дәрі ішуге бас жақтағы стақанға қолымды соза бергем, кенет (бұған дейін байқамаппын) шкаф үстінде бүктеулі жатқан хатқа көзім түсті.

Бұл сәтті мен ешқашанда ұмыта алмаймын. Сарғыштау қағазды төрт бүктеп, сыртына айбақ-сайбақ қолын қойыпты. Жазылуында маған таныс бірдеңе бар. Бірақ не екенін өзім де білмеймін. Жарылғыш зат ұстаған адамдай әлденеге сақтанып қағазды ашып, ішіндегі жазуды оқыдым:

«Бейтаныс құрбым! – деп бастапты. – *Мен сіздің күнделігіңізді оқып, үлкен ойға қалдым. Сұраусыз оқығаныма, әрине, кешірім сұраймын. Тіршіліктің мағынасын іздеу*

деген бір қиын іске бел буған екенсіз. Мұның өзі, шындап келгенде, рух деп аталатын ұлы әлемге сапар шегу ғой. Бұл іс, тегінде, соншалықты қауіпсіз де бола қоймас. Сондықтан сапарыңыз оң болғай деп тілеймін.

Менің ойымша, адам өмірі — жақсылық пен жамандықтың мәңгілік қақтығысы деген қалыптасқан тұжырым әлі де ойлануды қажет етеді. Себебі жаңағы Жамандық пен Жақсылықты жеке-жеке бұғалықтап, екі жаққа бөліп қоя алмайсың. Көшеден кез келген бір адамды ұстап алып, оның жақсы-жаманын айыру мүмкін емес. Өйткені ол біреуге жақсы болса, біреуге — жаман; жауларына — жексұрын, жарына — аяулы, достарына — сүйкімді т.с.с. Адамның жақсы көру, жек көру сезімдері де әлгі екі ұғымға тікелей қатысты емес. Яғни адам үнемі жақсыны жақсы көріп, жаманды жек көре бермейді. Жақсы мен жаманның достығы немесе жақсының екінші жақсыны жек көруі өмірде аз ба? Сондықтан өмір — изгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қақтығысы ғана емес, изгілік пен изгіліктің де, жамандық пен жамандықтың да қақтығысы. Жақсы мен жақсы да бір-бірімен айтысады, бірін-бірі құрта алады. Ендеше Жақсы-Жаман деген ұғымдар — шартты ұғымдар. Оны тек жағдайға қарап қана жобалауға болады. Бірақ бұл да мәселенің бір-ақ жағы.

Ең қызығы — Жақсылық пен Жамандық қанша керегар болғанмен, бірімен-бірі өзектес, сабақтас, бір-бірінсіз күндері жоқ егіз құбылыс.

Мәселен, қытай философиясында қайырымды күш — «Ян» өзіне қарама-қарсы қайырымсыз күш — «Инь»-мен алмасу заңы бойынша өзара тығыз байланыста болады. Анығырақ айтсақ, «Инь» белгілі бір уақытта бірте-бірте «Ян»-ға айналса, енді бір мезгілде «Ян» өзінің шырқау шегіне жетіп, «Инь» күшіне айналады. Жер бетіндегі тіршілік ымырашыл осы екі күштің тепе-теңдігінің тұрақтылығына байланысты. Бұл философияны өмірлік фактілерге әкелсек, былай болып шығар еді.

Айталық, өзен суы — тіршілік көзі. Бақша өсіріп, жайылым жасап, егістікті суару үшін, адамдар тоған жасап, бөгет тұрғызып, су жинайды. Игілікке жұмсалатын бұл су — ырыс немесе қайырымды күш — «Ян».

Бірақ осы су көктемде өзен қатты тасығанда үйлерді ағызып, малдарды мамыта қылып, тоғандар мен бөгеттерді

бұзып, яғни өзінің шырқау шыңынан асып кетіп, апатқа – қайырымсыз күш – «Инь»-ге ауысады.

Одан кейін бірте-бірте сабасына түсіп, қайтадан адам игілігіне қызмет ететін қайырымды күшке айналады. Бірақ оның да өмірі ұзақ емес. Келесі көктемде қайырымды «Ян» тағы да қайырымсыз «Инь»-ге ауысады. Осылай кете береді. Негізі – су. Бір-ақ нәрсе.

Бұдан туатын қорытынды – біздің Жақсы, Жаман деп жүргеніміз әртүрлі жағдайда әртүрлі сипатқа ие бола алатын бір-ақ құбылыс.

Ендеше ізгілік пен қиянатты осынша алалап, бір-бірінен бөлудің қажеті болар ма екен. Осыны бір ойланып көріңізші!

Бейтаныс құрбым, байқаймын, бұл әлі әңгіменің басы ғана. Екеуіміздің ортаға салар ойларымыз аз болмайтын секілді. Қарсы болмасаңыз, жақынырақ танысайық. Сырласайық. Хат жазсаңыз, дәліздегі үстелдің астыңғы қабатына қалдырыңыз.

Бейтаныс құрбыңыз».

Аң-таң болып, неге екенін білмеймін, құпия хатты басынан бастап қайта оқып шықтым. Кенет жүрегім су ете қалды. Бұл қалай келген хат? Палатада жалғызбын. Кім кіруі мүмкін? Неге мен жоқта келеді? Неге менің күнделігімді сұраусыз оқиды? Қажет болса, хатсыз-ақ неге таныспайды?

Әлдебір үрей дедектетіп, аяғымды жерге тигізбейді. Біраздан кейін өзімді-өзім сабырға шақырдым. Жарайды, осылай болған шығар. Бұл заманда істеген ісі мен мінезіне ешкім түсініп болмайтын жандар аз ба? Оның үстіне жүйкесі ауыратындардың ішінде кім жоқ дейсің?

Мен өзімді-өзім осылай жұбатып, бұл оқиғаға енді мән бермеуге тырыстым. Сағат 11-де аутотренинг сеансына бардым. Сеансты мен көрмеген бір аққұба жас қыз жүргізді. Сөйлегенде жұқа еріндері сәл-пәл түріліп, маржандай аппақ тістерін көрсете, күлімсіреп тұрады екен. Жанары жанарыңа түйіскенде жүзіңді нұрымен шарпып, әлдебір жылы ағынға бойың балқып, жаныңмен шомылғандай боласың. Соны сезіп тұрғандай:

– Сіз балбырап, рахат сезіміне бөленудесіз, – дейді әлгі еріндер санаңды баураған жұмсақ үнмен. – Сіз мау-

жырап, ұйқы құшағына батып бара жатырсыз, батып бара жатырсыз...

Алыстан талып музыка үні естіледі. Күйсандықтан төгілген таңғажайып бір әуен! Жер бетіндегі тіршілік сазына ұқсамайды. Сәбиді әлдилегендей бір ырғақпен ұлы кеңістікке – о дүниелік шексіздікке бойлап барады. Жүректен шыққан сағыныш сезімі пенделік бұғаудан босанып, азаттық әлемі – мәңгілікке көтеріліп, адами мақсат-тілек жетпейтін бақи биікте қалқып тұрған секілді. Шексіздік...

Әлдеқалай күннің нұры жарқырап, көктің иісі мұрынды жарып, айдын көлдің жағасында самалдап отырғандай бір әсер билейді... Жасыл жайлау...

Көз ұшында біреу қол бұлғап шақыратын секілді.

Кенет:

– Енді оянығыз! – деген үнді анық естідім. – Сіздің көңіл күйіңіз сергек, денеңіз жеңіл, бойыңызға күш, жаныңызға жігер қосылды. Оянығыз!

Маужырап көзімді ашқанда, сәбиге қарағандай жымиып тұрған дәрігер қызды көрдім.

– Өте жақсы! – деді ол бізге, әлде өзіне – кімге риза болғаны белгісіз.

Мен алғашқыда әлдебір құпиясы ашылып қалған адамдай болмашы абдырап, жан-жағыма қарадым да, өзім секілді бейжай болып оянып жатқан өзгелерді көріп, көңілім орнына түсті.

4

26 наурыз

Тегінде, мені бір қырсық айналдырып жүр. Түнде өте жайсыз түс көрдім. Қараңғы дәлізбен келе жатыр екенмін деймін. Жолда жатқан – зат я тіреу екені белгісіз, әлдебір кедергілерді айналып өтіп, құлап қалмау үшін, әлсін-әлсін сипалап, қолымды қабырғаға тіреймін. Шамасы бірдеңеге асығып келемін. Бір кезде әлдеқандай өткір зат – қабырғаға қадаулы тұрған қанжар болуы мүмкін, мойнымды орып өтті. Еш жерім ауырмаған соң, ілгері жүре бергем, кенет басымның бұлғақтап

кеткенін сезіп, қолыммен ұстай алдым. Басым боп-бос – бір теріге ғана ілігіп тұр. Бір қолыммен қабырғаны сипалап, бір қолыммен басымды ұстап, ілгері жылжимын. Жүруге ыңғайсыз, сәл сүрінсем, басымды түсіріп алатын секілдімін. Қараңғы дәліздің таусылатын түрі жоқ. Осынау жанды қинаған азапты жүріс енді ешқашанда бітпейтіндей көрінді... Бір уақытта қонақ үй секілді ғимараттың ішіне кірдім. Фойедегі орындыққа отырып, басымды ілігіп тұрған жерінен біржола жұлып алып, келесі орындыққа қойдым. Өтіп бара жатқандар маған бұрылып қарайтын секілді. Ыңғайсызданып басымды газетпен жаба саламын. «Мынау ұят болды-ау, – деймін ішімнен. – Мұны қайтіп жасырамын?»

Қайда барарым да белгісіз. Газеттің шетін ептеп көтеремін де, басымның сол күйі жатқанын көріп, қайтадан жаба саламын. Әлгіден қалай құтыларымды білмей отырған адам секілдімін... Өстіп жатып оянып кеттім.

Өзіме-өзім келе алмай, жүрегім тарсылдап біраз жаттым. Мені таңқалдырған нәрсе – басымды өзімнен бөлек қойып, қайтып ойлап, қайтып көріп отырғаным. Қисыны келмесе де, анық нәрседей әсер етеді.

Ұзақ уақыт ұйықтай алмадым. Терезеден құлаған әлжуаз жарық бөлме ішіндегі қараңғылықпен астасып, іріген бірдеңедей, не жарық емес, не түнек емес, көзперде қаракөлеңкеге айналған. Әлдеқайдан болмашы жел келіп тұр.

Көрген түсім қусаң кетпейтін шыбын секілді. Көзімді жұмсам болды, кесілген жерінен қызыл еті көрініп, орындық үстінде шалқалап жатқан өз басымды қайта-қайта көремін.

5

27 наурыз

Дүниедегі ең жаман нәрсе – адамның өзінен-өзі қорқуы. Ондайда ішкі әлемің қатері көп қалың орманға ұқсайды. Бір адассаң, қайтып шығуың неғайбіл. Адасқан сайын қорқынышың ұлғайып, қорқынышың ұлғайған сайын, өзіңді-өзің бөтен адамдай сезінесің.

Ақыры өз інінен өзі шошыған тышқандай мен де өзімнің жан сарайымнан сыртқы әлемге қашып шығамын. Анық тіршілік қанша қатыгез болса да, қарасыны көп, алданышы бар: қаптаған адам, күннің нұры, тоқтаусыз қимыл, толассыз үн. Сыртқы ортамен өзіңді байланыстырып тұрған бір тамырды өз бойыңнан сезген кезде әу бастағы табиғи түйсік-таным қайта оралып, онымен бірге үмітшіл тілек, мақсат та қайта ұялайды. Мендегі қазіргі бірінші мақсат – өзіме хат жазған құпия кісіні тауып алып, жасырынбақ ойынын тоқтаттыру. Жау тылында жүрген барлаушыдай аяғымды аңдап басып, ауладағы адамдардың әрқайсысының жүзіне зер сала қараймын. Бетіме бір қараса-ақ болды, жазбай танитын секілдімін.

Бейтаныс құрбымды іздеп жүріп, бір байқағаным – біз шын мәнінде өмірге тым атүсті қарайды екенбіз. Атүсті қарайтынымыз сонша, тіпті қасымызда жүрген адамдардың кім екенін біле бермейміз. Мен мән бермей жүрген кезде аулада жүрген адамдардың бір-бірінен айырмашылығы шамалы болып көрінетін. Сөйтсем, олар бір-біріне мүлде ұқсамайтын жандар екен.

Сыртынан қарағанда сөзге сараң, сабырлы көрінетін сирек шашты ақсары кісі нағыз мылжыңның өзі болып шықты – өзін таныстыру үшін алыстан ата-бабаларын таратып, әрқайсысының ерлігін баяндап, бір атасының патшаға барғанын, бір атасының ғұлама ғалым болғанын айтып, жеңімнен ұстап жібермей, әбден зықымды шығарды.

Қасқа басын самай шашымен жапқан толықша жігіт: «Әй, бауырым, қазақта мені білмейтін жан жоқ, өзің қайда жүрген адамсың?» – деп өзіме дүрсе қоя берді.

Енді біреуі тіпті науқас екен: «Мен Айса пайғамбармын, көктен түстім, менен қорқып бәрі жабылып, осында тығып қойды. Оны ұйымдастырып жүрген – Біріккен Ұлттар Ұйымы», – деп ақылға сыймайтын бірдеңені айтады.

Күн көзі жылына бастады. Бірақ көлеңкенің ызғары әлі басылмаған. Ылғалды көктем лебі науқас адамның деміндей сезіліп, әлдеқайдан сыздықтаған шаншу жел анда-санда ұйтқып өткенде, тәнің түгілі жаның да түршіккендей болады.

Түске тақағанда аулада төбелес болды. Еңгезердей сақалды біреу шашы жалбыраған жас жігітті сабап, жұрт әрең дегенде айырып алды. Төбелестің себебін әркім әртүрлі айтады. Медбикенің айтуынша, әлдебір себеппен аулаға шыққан бас дәрігер жас жігітпен амандасқан екен, соған ыза болған сақалды дәу «менімен сәлемдеспей, сенімен неге сәлемдеседі» деп бас салып сабаған секілді.

Қарап отырсаң, ауруханының ауласындағы тіршілік пен сыртқы тіршіліктің арасында үлкен айырма жоқтың қасы.

Түстен кейін мені дәрігер қабылдады. Орындыққа шаншылып тік отыратын шағын ғана көзілдірікті жігіт. Бір жері ауырып отырғандай адамға әлдебір қиналысты жүзбен қарайды. Сөйлеген сөзінен тәжірибелі, білімді маман екені байқалып тұр. Менің қан қысымымды өлшеп, жүрегімді, өкпемді тыңдағаннан кейін, көңіл күйімді, жалпы жағдайымды, өткен өмірімді сұрап әңгімеге тартумен болды. Жабырқаған көңілін көтеру үшін сөйлесетін адам іздеп отырған секілді. Ақыры ауа райы, өткен түнде тоқтап қалған ыстық су, тағы сол сияқты ұсақ-түйекті сөз қылып, артынан медицина туралы әңгімеге көшті. Психика патологиясы туралы ұзақ лекция оқыды. Әсіресе, тұлғаның екіге жарылуы... Яғни бір адам бойында екінші тұлғаның пайда болуы. Мәселен, біреу – жақсы отағасы, ұқыпты қызметкер, ал түнгі сағат 12-ден әрі қауіпті қылмыскер: әйел зорлап, кісі өлтіруі мүмкін. Жақында бір ұшқыш жас қыздарды зорлап, қайсыбірін мерт қылғаны үшін ұсталған. Және мұндай қылмыспен бірнеше жылдар бойы шұғылданған екен. Жұртқа сыйлы, зиялы қызметкердің қылмысқа толы тағы бір жасырын өмір кешіп жүргенін ешкім де білмеген. Мұндай мысалдар аз емес. Яғни адам ішінде мінезі бөлек, дүниеге көзқарасы бөлек екінші тұлғаның пайда болуы – бұл адам психикасындағы патология.

Ал мен ойлаймын: мына заманда, қалыпты жағдай мен шектен тыс құбылыстың мидай араласып кеткен тұсында, дерт пен денсаулықтың ортасына шекара қою мүмкін емес. Айталық, бір тісің аузыңа сыймай кетсе – патология, ал кеше ғана күйіп-жанған ғашықтар мен қанды көйлек достар аяқ астынан бір-біріне опасыздық жасап

жатса – патология емес, бұл – тіршілікке тән қалыпты жағдай. Және осындай ұғымға да, қағидаға да етіміз үйренген. Әйтпесе, адамгершілік мұратыңды сатудан артық қандай патология болуы мүмкін?

Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін иттің етінен жек көретін өлермен өзімшілдік, жексұрын мақтаншақтық, жаны ашымас қатыгездік, мейірімсіздік, іштарлық – патология емес пе?

Бойдағы міні шашынан көп болса да, өзімен күресіп жүрген бір адамды көрмейсің. Көшеден жүз адамды ұстап алып, сырлассаң, жүзі де әлдекімнен қиянат көрушілер болып шығады. Сонда қиянат жасаушылар қай жақта жүр?

6

31 наурыз

Бүгін тағы хат алдым. Өз сорыма өзім жетіп тынатын шығармын. Дәліздегі үстелдің қуысына қарамауға ант бересем де, әлдебір соқыр сезім жетегінен шыға алмадым. Күні бойы өзімді-өзім тежеп жүргенмін. Бесін кезінде үстелге келіп, астыңғы қуысына қолымды созғанда, саусағыма іліккен хатты көріп, қылша мойнынан тұзаққа іліккен аңдай сілейдім де қалдым. Мені бір нартәуекел сезімнің иектегені рас еді. Егер осы жолы хат жоқ болып шықса, іштей арбасқан жекпе-жекте сәл-пәл тыныстап, күш жиғандай болар едім. Менің көзге көрінбейтін қарсыласым алдымды орап кетті.

«Бейтаныс құрбым, – дейді баяғыша, *– сізден жауап алмаған соң, екінші рет хат жазып отырмын. Сіздің күнделігіңізді оқығаныма тағы да кешірім сұраймын.*

Менің ұққаным – сіз ізгілікке сенесіз де, зұлымдыққа сенбейді екенсіз. Меніңше, екеуіне де сену керек. Дүниені ұстап тұрған осы екі күш қой. Өмір атты арбаның екі жетегі болса, біреуі – зұлымдық. Бірақ ол, сіз ойлағандай, адамға тек жамандық әкелетін зиянды нәрсе емес. Айталық, мойындалған қағида бойынша, зұлымдықтың бір өкілі – ажал. Бірақ ажал болмаса, жер бетінде қандай тіршілік болар еді? Ауру өлмесе, кәрі өлмесе, қарақшылар, адамзатқа қасірет

әкелген тирандар өлмесе, не болар еді? Тозақ қана болар еді. Өлімнің арқасында ғана өмір мәңгілік тоқтаусыз үрдіске айналып отыр. Екіншіден, бойымызда кісі өлтіре алатын қатыгездік болмаса, қанішерлерден өзімізді қайтіп қорғар едік? Немесе, жыланның өзінен де, уынан да зәреміз ұшады, ал одан адам өмірін сақтап қалатын қанша дәрі жасалады? Ендеше, ешбір күшке «жақсы», «жаман» деп алдын ала айдар тағуға болмайды. Тек біз ол күштермен тоғысқан кездерде бізге олардың пайдасы тие ме, әлде зияны тие ме — жақсы я жаман деп жүргеніміз осы жағы.

Енді өтірік пен жалған туралы. Өтірікті жек көреміз. Ал сол Өтірік адамдармен айтысатын болса: «Ау, ағайын! — дер еді. — Бәріңнің күн көріп отырғандарың менің арқам емес пе? Ыңғай шындықты айтамын десеңдер, баягыда тоз-тоз болып құрып кететін едіңдер. Менің арқамда қанша рет жан сақтадыңдар, әлі де қанша жан сақтап жүрсіңдер. Өтірік айтпай бір күн өмір сүре алмас едіңдер.» Өтірік осылай десе, ешқайсымыз да аузымызды аша алмас едік. Өйткені Өтіріктің айтып отырғаны — шындық.

Сен күнделігіңде тазалық туралы көп жазасың. Мен осындағы бір адамнан естіген әңгімемді айтайын.

Зиялы қауымнан шыққан бір әйел еркегінің көзіне шөп салған. Қайтіп, қалай деп бас қатырмай-ақ қояйық. Күнде көріп, естіп жүрген нәрселер. Бірақ ең өкініштісі — әлгі әйел жыныс ауруына ұшырап қалған. Бәлкім, ақылға салса, сабырға жүгінсе, емделіп, жазылып та шығуға болар еді. Алайда қатты күйзелген бейшара енді өзін күйеуіне лайықсызбын деп ойлап, қайғыға шыдамай, асылып өлген. Ері баласымен артында қалды. Күйеуі қатты қайғырыпты. Оған ең қатты батқаны — өзін керемет таза көріп, соған лайық бола алмағаны үшін, өзін-өзі өлтірген әйелінің сұмдық өкініштi қателігі. Күйеуі әйелін ешқашан өлімге қимайтын, кешіруге әзір еді. Өйткені ондай тазалық оның өзінде де болған емес. Ғажайып таза болмай-ақ, пенделік кемшілікпен-ақ бақытты болып тұра беруге болатын еді. Енді ол бақытты қайтару мүмкін емес. Не деген қате ұғым?! Дүниені бүлдіретін осындай қате ұғымдар. Қиялда ғана бар, ал өмірде орындалмайтын тазалықпен өз санамызды өзіміз улағанда, не бітіреміз? Не деген ақымақтық?! Күйеуінің қайғысында шек жоқ. Оқиғаның бас-аягы осы.

Адамзат бақытты болу үшін, ең алдымен, өзінің кім екенін анық білуі керек. Яғни өзінің әулие емес, күнәкар пенде екенін мойындауы керек. Оны мойындамайынша, ешкім мәңгі руханы азаптан арыла алмайды.

Осыны ойлағанда, маған бақыт құсы қол созым-ақ жерде тұрғандай көрінеді. Сол бақыт құсының сізге де қонуын тілеймін.

Мен сізден күдерімді үзбеймін. Әлі де хат күтемін.

Бейтаныс құрбыңыз».

Қолым дірілдеп, хаттың соңғы жолдарын әрең оқыдым. «Сабыр, сабыр!» – деймін өзімді-өзім басуға тырысып. Бірақ үрей қысқан сезімдер, ойлар бет-бетімен тым-тырақай қашқан аңдар секілді, менің ырқыма бағынбайды. Ақыры «аңдардың» бетін қайырып, ішкі дүниемді бір жүйеге түсіргендей болдым. Бірақ қорқыныш бұлты тарайтын емес. Апыр-ау, бұл не нәрсе? Мені мазақ қылып жүрген біреу ме? Әлде басқа сыры бар ма?

Сабырымды шақырып, сабама түскеннен кейін хаттың мазмұнына ой жібердім. Менің бойымдағы алғашқы соқыр үрей енді ішкі азапқа, рухани мазасыздыққа айналды. Себебі хаттағы кесепат ой-пікірлерде шындықтың белгілері жоқ емес еді. Қауіптілігінің өзі де осында. Дүниедегі ең жаман нәрсе – бірыңғай жалғандық емес, шындық араласқан жартылай жалғандық. Ең қатерлі адам – бірыңғай жексұрын емес, бойында аздап та болса жақсы қасиеттері бар жексұрын. Ондай «жақсы» жексұрындармен күресу он есе қиын.

Алайда мен оның негізгі бағытының дұрыс емес екенін жақсы білемін. Егер барар жер, айталық, шығыста болса, батысқа қарай жүрген адам қанша тапқырлық, қажырлылық, айлакерлік көрсеткенімен, ол жерді ешқашан да таба алмайды. Ал табу үшін алған бағыттан бас тарту керек.

Бір адамның әрі жаман, әрі жақсы болуы дүниеде ізгілік пен қиянат деп аталатын кереғар екі күштің бар екенін жоққа шығара алмайды.

Егер бір аттың түсі әрі ақ, әрі қара болса, оны ала деп атайды. Бірақ ол ақ пен қара деп аталатын екі түстің бар екенін жоққа шығара ала ма? Жоқ. Тек екі түс бір аттың бойына сыйысып тұр. Ендеше ізгілік пен қиянатты бір

бойына сыйдырған қанша құбылыс болса да, ол екеуі бір ұғымға айнала алмайды.

Хаттың ішінде адамды ойландыратын басқа да қызық ойлар бар. Бірақ қызық ой қызықтауға ғана жақсы. Шын мәнінде, ақиқаттан ауылы алыс жатыр.

Өмірдің жүрекжарды мәні мен мағынасы туралы қыр-қысқан күресте қызық пен көркемдікке орын жоқ. Бізге керегі – тек ақиқат, қатал да сұрқай, анық ақиқат. Ақиқаттың бір жауы – сұлулық. Ақылсыз сұлу адам, опасыз сұлу әйел, алдамшы сұлу сөз... Жалғандық көбіне сұлулықты жамылып, жеңіске жетеді. Қаншама әдемі айтылған, қиыннан қиыстырылған жалған ойлар жеңілтек жолбасшыдай адамдарды адастырып жүр.

P.S. Готфрид Бенн: «Гегель, Дарвин, Ницше – мінеки, миллиондаған адамдардың өліміне себеп болған кім десеңдер, осылар. Сөз қылмысы кісі өлтіргеннен де ауыр, айтылған ойдың зардабын ерлер мен тобырлар көтереді».

7

1 көкек

Көңілдегі күдік күн сайын күшейіп келеді. Күшейген сайын, әлдебір лажсыздық, дәрменсіздік билейді.

Менің «бейтаныс құрбым» өте зымиян адам. Мені сырттан қалт жібермей бақылап жүр. Тіпті мен хат оқып жатқанда да, бір тесіктен сығалап қарап тұрғандай көремін. Өйткені жазғандарына қарасам, менің жазбаларымды былай қойғанда, ойлаған ойларыма дейін оған таныс секілді.

Мен оны өз бетіммен іздеп табамын деген ойдан бірте-бірте қайта бастадым. Өзіңнен қу адамнан қулық асырам деу – әшейін далбаса. Қазір де ол осы төңіректе жүр. Бөлмеге келіп-кетіп жүретін медбикемен де, палатаны жуып-сүртетін әйелдермен де, тіпті дәрігердің өзімен де тығыз байланыста болуы ғажап емес. Оның білмейтіні жер астында.

Мен енді ол туралы күні-түні ойлайтын болдым. Өткен түнде оны түсімде көрдім. Үстінде менің үстімдегідей сұр

халаты бар, аяқ киімі де тура менікіндей, теріс қарап түрып:

– Мінеки, ақыры кездестік қой, – дейді маған.

– Иә, кездестік, – деймін мен кекесін үнмен.

Түрін көре алмаймын. Бірақ оны бұрыннан білетін адам болып көрінгім келеді. Сондықтан айналып алдына барғаннан гөрі, оның маған бұрылып қарағанын қалап, сабыр сақтап үнсіз тұрмын. Неғұрлым көбірек үндемесем, ол шыдамай бұрылып қарайтын секілді. Бірақ оның бұрылып қарайтын түрі жоқ, қатып қалған тас мүсіндей қыбыр етпейді.

Ақыры шыдай алмай:

– Ендігі жасырынбақтың реті келмес, – деп иығынан тартпақ болып, қолымды созсам, қолым қимылдамайды. Біреу тас қылып байлап қойғандай. Бар күшіммен қолымды қозғамақ боламын. Қанша талпынсам да, дәрменім жетпейді. Қатты зорланып, ыңыранған күйімде оянып кеттім. Бастырылығып жатыр екенмін. Жан терім шықты.

Көзімді жұмып, көрген түсімді қайта елестетіп, «бейтаныс құрбымның» бір белгісін аңғарып қалғым келетін секілді. Бірақ еш белгісін ұстай алмаймын. Тіпті ұстағанда да не пайда? Түсімде көрдім екем деп, біреуге қалай жармасасың?

8

2 көкек

Әлдебір аңның ізіне түсем деп адасып, құла түзден бірақ шыққан адамдаймын. Не істеу керек екеніне миым жетпей, түндер бойы кірпік ілмей шығамын. Таңертең тұрғанда басым мең-зең болып, әлім құрып, бойымнан беймарал көнгіштік, жеңіліске деген құштарлық бас көтергендей болады.

Жоқ, мен жүйке күресіне шыдамайды екенмін. Ақыры оған хат жазуға мәжбүр болдым.

«Бейтаныс құрбым, – деп бастадым мен де хатымды. – *Бірден жауап қайтармағаныма кешірім сұраймын. Өйткені сіз қозғаған кейбір мәселелердің маған анықтығы сонша, оған бола қызыл кеңірдек болып таласудың қажеті жоқ деп ой-*

ладым. Бірақ, байқаймын, олай емес секілді. Сіз шын мәнінде басқа бағыт, басқа түсініктегі адам болып шықтыңыз. Әрине, жер бетіндегі барлық адам бір-ақ бағытта ойласа екен деу шындыққа сыймайтын да шығар. Бірақ солай екен деп, сеніміңе, сезіміңе жасалған қиянатқа қол қусырып қарап отыру мүмкін емес.

Өмір — күрес. Адамдар алдымен қара күшпен күресетін болды. Одан кейін неше түрлі қару-жарақ ойлап тауып, соғыс ашып, халықтарды жаппай қырғынға ұшыратты. Енді қатері одан кем емес ақыл-парасат майданы шықты. Егер бұл майданда ізгілік жеңіске жетпесе, адамзаттың рухани күйреу дәуірі басталады. Одан құтқаратын күш жоқ.

Сіз сол екеуара шағын майданды (әзірге) бастадыңыз. Амалсыз қабылдадым... Енді мәселенің өзіне көшейік.

Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да солай сеніңіз дейсіз. Құрбым-ау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім емес қой. Сенім деген сол екеуінің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау. Достоевский: «Сенім жоқ жерде — ізгілік те жоқ», — дейді. Сонда бұл қандай сенім? Ізгіліктің болмыста бар екеніне ғана сену ме? Жоқ, бұл — ізгіліктің жеңісіне деген сенім. Ізгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жақсылық жасай алмайды.

Сіз тағы да ештеңеге «жақсы», «жаман» деп айдар тағуға болмайды дейсіз. Адам баласының хайуандар әлемінен жоғары тұруы әлгі «жақсы» мен «жаманды» айыра алатын парасатының арқасында ғана емес пе. Егер біз осы екі ұғымға лайықты айдар тағa алмасақ, адамгершілік деп аталатын ұлы шариғат та тумаған болар еді.

Адамгершілік — адами қарым-қатынастың қағидасы. Онсыз адам өмір сүре алмайды. (Рас, адамгершілік пен ардың заңын жиі-жиі бұзатындар жеткілікті-ақ шығар, бірақ оған қарап, адамзаттың бүкіл болмысын жоққа шығару мүмкін емес.)

Сіздің өлім жайлы философияңызды үлкен жаңалық деп айта алмас едім. Біріншіден, өлімнің бәрі бірдей емес. Егер адам тәңірі сыйлаған тіршілігін өз қадарынша өткеріп, кейінгі ұрпаққа орын беру рәсімінде келген борышты өлім болса, адамзат ондай «қиянатқа» шүкіршілік етуді баягыда үйренген. Бірақ әділетсіз өлім деген бар ғой. Біреудің жеткізбей желкесін қиған, біреуді жалғызынан айырған, жауызға жеңіс әперген, қанішер қарақшының, қараниет

күншілдің қолымен жасалған, тирандардың үкімімен жазықсыз жандарды жаппай қырғынға ұшыратқан өлімге мен сіз секілді бірыңғай философиялық тұрғыдан қарай алмаймын. Бұлар жер бетіндегі тіршілікті мәңгілікке айналдыру үшін емес, жер бетіндегі ізгілікке қарсы бағытталған өлім. Сондықтан, мүмкіндігінше, мұндай өлімді болдырмау үшін күресу керек.

Өтірік туралы да құлаққа тосын естілетін пікірлер айтылмайсыз. Рас, өтірікпен күн көрген заман көп болды. Қазір де сонымен күн көріп жүргендер аз емес шығар. Бірақ ол өтіріктің өз басының жақсылығынан емес, өтірікке негізделген қоғамның кінәсінен ғой. Егер оның орнында шындыққа негізделген әділ қоғам болса, өтірік сол сәтте-ақ әшкере болып, сіз айтқандай, бізге кекірейіп, жоғарыдан қарап сөйлей алмас еді.

Хатыңыздың соңында күйеуін өзіне адал деп қателесіп, асылып өлген әйелдің тарихын мысалға келтіріпсіз. Мұның бәрі, айналып келгенде, әшейін қитұрқы пікір таласының айла-тәсілі ғана. Зерденің ойыны. Дәл осындай әйелі көзіне шөп салғаннан, керісінше, күйеуі асылып өлген талай мысалды келтіруге болар еді. Сондықтан оған қарап, дүниені құртып жүрген дүниеде жоқ тазалық деп қорытынды жасауыңыз ешқандай қисынға келмейтін нәрсе.

Жалпы, ізгілік пен зұлымдықтың табиғаттағы арасалмағы бірдей, тек сол тепе-теңдікті сақтай білу қажет деген пікір, меніңше, жаңсақ пікір. Ізгіліктің көлемі зұлымдықпен ешқашан да тең болған емес. Себебі ізгіліктің жолы жіңішке. «Қиянат жасаудың мың түрі бар, ал қиянат жасамаудың түрі біреу-ақ, ол — тек қиянат жасамау» деген біреудің сөзі бар. Сондықтан қолыңнан келсе, жасайтыныңды ізгілікке жаса. Ал зұлымдық сенің әлпештеуіңді қажет те қылмайды.

Мұның бәрін мен айтысқа араласып қалған соң, амалсыздан айтып отырмын, әйтпесе, сіздің көзіңізді шындыққа жетізем деген ой менде жоқ. Сіздің дүниетанымыңызда менің жанымды, сезімдерімді қорлайтын нәрселер көп. Сізбен араласпақ түгілі, ой бөлісудің өзі маған тым ауыр тиіп отыр. Сондықтан өзіңізбен пікірлес, бағыттас адам тапқаныңыз жөн болар еді.

Бейтаныс».

9

3 көкек

Бейтаныс құрбым өзіме дәл осылай бәле болып жабысар деп ойламаған едім. Тура бір ғашығым секілді – күндіз-түні ойымнан кетпейді. Оның өзімді төңіректеп жүргенін қатар тұрған адамның демін сезгендей, жүрек лүпілін естігендей бір түйсікпен аңғаратын тәріздімін.

Аулада жүргендердің қайсыбірі күдікті көрініп, тағы да соларды аңдумен бүкіл уақытым зая кетті. Күн сайын ұйқым қанбай, таңертең қалжырап әрең оянамын.

Түнде әлдебір дыбыстан оянып кеттім. Тың тыңдап біраз жатқан соң, қараңғы дәлізге шықтым. Көше жақтан біреулердің жүрген дыбысын естіп, терезеден қарадым. Ешкім көрінбейді. Бір ғажабы, мен терезе алдынан кеткенде аяқ дыбысы қайта естіледі. Анда-санда машина гүрілінен аяқ тықылын жоғалтып алып, біраздан кейін қайта естіп, кейде сол дыбысты естіп тұрғанымды, әлде естімей тұрғанымды өзім айыра алмай, беймәлім күйде жүрегім атқақтап ұзақ тұрамын. Сыртқа шығып қарамақ болып едім – бөлімшенің есігі жабық екен.

Қайтып келіп, төсегіме жаттым. Бірақ таң атқанша көз ілмедім. Көзім іліне бергенде, жақындап келе жатқан аяқ дыбысын естіп, оянып кетемін.

10

7 көкек

Таңертең әлденеге елегізіп, үлкен бір шаруадан кеш қалғандай, немесе пойыздан я ұшақтан қалып қойған жолаушыдай абыржыған күйде ояндым.

Басымды көтергенде, бірінші көргенім – тумбочка үстінде жатқан хат болды. Жүрегім зырқ ете қалды. Үрей оты тамыр-тамырымды қуалап, лезде жан дүниемді шарпыды. Апыл-ғұпыл бүктеулі жатқан қағазды аштым – соның өзі. Хатты оқи бастағанда үрейдің сыртында «не жазды екен» деген әлдебір қызығушылық сезімінен де құралақан емес екенімді байқап тұрмын.

«Бейтаныс құрбым! Жауап жазғаныңызға рақмет. Бәрі де мен күткендей болды. Сіз қалыптасқан тұрақты көзқарастың адамы екенсіз.

Болмыс ұшы-қиыры жоқ базар секілді. Әркім сол базардан өзіне керегін ғана алады. Қалыптасқан көзқарас бойынша, керек емес заттың керегі жоқ. Бірақ сіз керек емес затты да бір алып көріңізші. Барлық қызық содан басталады. Бұл — қалыптасқан дағдыны бұзу, жаңалыққа құштарлық. Тіршілік жаңашыл танымның арқасында ғана дамитынына дауыңыз жоқ шығар.

Арғы-бергі тарихқа көз жіберген кісі адамзатты бақытты болды деп айта алмас. Жер бетіндегі қырғын соғыстар, аштық, апат, індет, адам баласының бойынан арылмаған қиянат, қайыршылық, ол аз болса, бүгінгі табиғат дерті: бұзылған ауа, уланған су мен топырақ — соның дәлелі.

Мұның бәрін былай қойғанда, жеке адамның тағдырын — тіпті мына екеуіміздің тағдырымызды алайықшы. Бақыттымыз ба? Өз басым бақыттымын деп айта алмаймын. Өмірдегі осынша қиянат пен әділетсіздікті көре тұрып және одан құтыла алмасыңды біле тұрып, қайтып бақытты боласың? Сан ғасыр бойына ізгілік пен адалдыққа үмітіңді артсаң да, сол үміт өмір шындығымен бетпе-бет келгенде, баланың ойыншығындай быт-шыт болатынын тарих қанша рет дәлелдесе де, ештеңе ұқпайтын нақұрыстай алған бетіміздің қайтпаймыз. Соқыр ұстағанынан жазбайды дейді. Бәлкім, бұл — рухани соқырлық болар.

Бәріне сенумен келеміз. Отқа да сендік, суға да сендік, табынбаған затымыз қалмады. Құдайға да, пайғамбарға да сендік. Көсемге де, шешенге де сендік. Бірақ адамзаттың қасіреті содан жеңілдеді ме? Адамзат қанша ғасыр өмір сүрсе, сонша ғасыр алданып келеді. «Ізгіліктің жеңісіне сеніңдер», — дейді ақын-жазушылар. Ол жеңіс қашан болады? Ізгілік қай ғасырда жеңіске жетпек? Анық дәлел бар ма? Жоқ. Тек солай болса екен деген тілек қана.

Сонда осынша бақытсыздықтың себебі не деген заңды сұрақ туады. Негізгі себебі — ақыл-ой кеңістігінде адамзаттың осы уақытқа дейін адасып келгені; оның рухани әлеміндегі жақсылық пен жамандық немесе ізгілік пен қиянат деп аталатын ұлы ғибадатханалардың қате салынуы.

Олай болса, ар-ұят, адамгершілік, әділет туралы түсініктерімізді қайта жасауымыз керек.

«Жаман деп жүргенімізді жақсы деуге батылымыз жеткен күні біздің өмірімізде ұлы кезеңдер басталады», – дейді Ф.Ницше.

Ескі ұғым, ескі қағида, ескі дағды біздің ақыл-ойымызды буып, шындық пен ақиқаттың жүзін дұрыс көрсетпейді.

Қаншама тарихи тұлғалар кезінде әйкәпір атанып, отқа өртеліп, дарға асылып, елден аласталды – кейін пайғамбарлар қатарына қосылды. Әдебиет пен өнер саласында қаншама көркем туындылар ең өркениетті елдердің өзінде қоғамдық моральға үйлеспейтін «ұятсыз» шығармалар деп танылып, оларға тыйым салынып, жаңа заман, жаңа ұрпақ келгенде ең озық туындылар қатарынан орын алды. Осының бәрі ескі ұғымның салдары. Одан босанған сәтте-ақ санамызға нұр бітіп, алдымыздан анық та, айқын басқа өмір басталады.

Ендеше біздің санамызға бостандық керек. Ақыл-ойдың азаттығы керек. Оны тоқтатар ешқандай кедергі болуға тиісті емес. Тек рухани шексіз бостандық қана адамзатты бақытты ете алады.

Сәлеммен, Бейтаныс құрбыңыз».

Жақсылық та, жамандық та алдымен дүниеге идея күйінде келеді. Сосын іске асады, сенімге айналады. Ал мына хаттағы идеяларды рухани әлемге тасталған атом бомбасы деп қана қарауға болады. Оның зардабын болжау мүмкін емес...

Бұдан әрі ойлауға шамам жетпеді. Жүйке тамырымның тартылған сымдай сіресіп, үзілудің аз-ақ алдында тұрғанын сезіп, соны босату үшін айқайлап дәлізге шықтым:

– Бұл не деген сұрқиялық?! Не қылған адам өзі? Неге менің бөлмеме сұраусыз кіреді?

Жүгіріп медбике келді. Жұмысқа жақында тұрған әйел еді.

– Сіз не бітіріп жүрсіз? – деп бажылдаймын оған өзімді өзім тоқтата алмай. – Бөтен адамды неге киргізесіз менің бөлмеме?

Медбике мені әрең дегенде сабырға шақырып, не болғанын сұрады. Мен оған жөппелдемеде ештеңе түсіндіріп

бере алмадым. Тек хатты көрсетіп: «Мінеки, мінеки, бұдан артық қандай дәлел керек?» – дегенді қайталай беремін.

Ақыры медбике не болғанына түсінді.

– Мен барда сіздің бөлмеңізге ешкім де кірген жоқ, – деді маған таңырқай қарап.

– Қалайша кірген жоқ? Міне, міне, – деймін тағы да хатты көрсетіп.

– Жақсы, – деді ол әлден соң бір құпияның бар екенін сезгендей болып. – Сіз қазір жатып демалыңыз, сабырға келіңіз. Сосын көреміз.

Медбике мені бөлмеге кіргізіп, тыныштандыратын дәрі берді де:

– Бүгін далаға шықпай-ақ қойыңыз. Егер кешке қарай мазаңыз болмаса, кезекші дәрігерден жатарға укол сұраңыз, – деп ақыл қосты.

– Сіз ғафу етіңіз, – дедім мен бейбіт үнмен медбикенің қолынан ұстап. – Ыза болған соң, даусым шығып кетті. Мен сандырақтап отырған жоқпын. Сенесіз бе? Мен бір тығырыққа тірелгендей жағдайда жүрмін. Осында келгелі бір адамнан хат аламын. Соңғысы – мынау. Бірақ кім екенін білмеймін. Мазақ қылғандай кейде бөлмеме тастап кетеді. – Қолымдағы хатты тағы көрсеттім. – Аңдығаныма біраз болды. Жүйкеме тиіп жүрген нәрсе – осы.

Медбике шын ойланып:

– Хатты қашан көрдіңіз? – деді.

– Осы жаңа ғана.

– Жаңа ғана? – деп қайталады ол шошығандай бір үнмен. – Жарайды, – деді сосын шығуға бет алып. – Мен жақында келген адаммын, көбін әлі тани қоймаймын... Бірақ байқап жүрейін. Ал сіз демалып жата тұрыңыз, – деп есікті сыртынан жапты.

Мен байыз тауып жата алмадым. Сағат 11-де аутотренингке бардым. Бірақ ішімдегі жайсыз ойлардың мазамды алғаны сонша, дәрігер қыздың әдемі ерні мен маржандай тістері, жұмсақ үні, жан рақатына шақырған сиқырлы сөздері, қиял тербеген музыка – бәрі де әсер етпеді.

Ақыры кешке хат жазуға отырдым.

«Құрметті бейтаныс! Сіз бен біздің тығылмақ ойнап, айтысқанымызға біраз болды. Олай болатын себебі – екеуіміз

де бірді айтып, бірге кетеміз. Әрқайсымыз өзіміздікін дәлелдеу үшін, бүкіл жиған-тергенімізді ортаға салып, өзімізге тиімді дәлелдер мен қисындарға ғана жүгінеміз. Егер айтар ойымыз бен жүгінер шындығымызды нақты алғышарттарға негіздемесек, сіз екеуіміз өмір бойы айтысып өтуіміз мүмкін.

Сонымен, сіздің айтуыңызша, адамзаттың осы кезге дейінгі жүріп өткен рухани жолы – жалған, өйткені адам баласының әу бастағы бетке алған темірқазығы – адамгершілік мұраты дұрыс емес. Ізгілік, қиянат, махаббат, адалдық, арамдық деген ұғымдар қате қалыптасқан. Сондықтан ең алдымен мұраттың өзінен бас тарту керек. Бәлкім, «бас тарту» деген сөз жоқ та шығар, бірақ түптеп келгенде айтар ойдың тоқ етері – осы.

Ал, меніңше, адамдар осы кезге дейін қалыптасқан адамгершілік қағидаттарын орындағаннан емес, керісінше, орындамағаннан рухани тоқырауға ұшырап отыр. Рухани ғибадатханаларды қате салғаннан емес, керісінше, қасиетті орындарды қадірлемегеннен, құндамағаннан, ластағаннан бақытсыз болып отыр.

Рас, дүниеге келген жан иесінің бәрі де бостандыққа ұмтылады. Бостандық, сіздің ойыңызша, қолбайлаудан босану. Шынында да, бостандық «босану»(құтылу) деген сөзден пайда болған. Бірақ қолды тек жамандық қана байлай ма екен? Парыз, обал,сауап, ар-ұят деген ұғымдар бар емес пе? Сонда ар-ұяттың қолбайлауынан босанған кезді де бостандық дейміз бе? Олай қарасақ, бүкіл тежеусіз істің бәрі – имансыздық, қылмыс, алдау-арбау, жезөкшелік – қысқасы, ойға не келсе, соның бәрін істеу (ал ойға не келмейді) – бостандық болып шықпай ма? Ойларына не келсе, соны істеген Рим цезарлары – Нерон, Калигула және басқалар шын мәнінде, нағыз бостан жандар болар еді. Өйткені олар белгілі бір қалыптасқан қағидаға бағынған жоқ, бәрін бұзды; өз шешелерімен ашына болды, мініп жүрген аттарын сенатқа мүше қылды т.с.с. Бірақ иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. Оларға тарихтың бағасы да, үкімі де берілді.

Бәлкім, адамзатты осынау жын-ойнақтан сақтап қалған дін болар. Соның арқасында есірген ібіліс ауыздықталмаса да, жазғырылатын болды. Адам санасына бір құдайдың келуі енді оның ешқашан да хайуан бола алмайтынын, сол

себепті хайуани бостандықпен өмір сүруге хақысы жоқ екенін білдірді. Соның арқасында өз қыздарына өздері үйленіп жүрген «бостан» жандар ойларына келгенді істей алмай, шарығатпен шектеліп қалды.

Бірақ сіз ойлағандай, бостандықты өзге өмірден бөліп алып, оған пұтқа табынғандай табынатын болсақ, әлгі жын-ойнаққа қайтып келуіміз әбден мүмкін.

Адам адам болғаннан бастап, оның жан дүниесінің түкпіріндегі зынданға салынған: қатерлі нәпсі, хайуани түйсіктер, ұятсыздық пен ынсапсыздық, қатыгездік пен қараулық, рақымсыздық пен тоңмойындық сенің бір сәттік шарасыздығыңды пайдаланып, бізді босат, сыртқа шығамыз деп зіркілдейді. Ал сен оны бостандық деп ойлайсың. Оны босату түрмедегі қауіпті қылмыскерді босатқанмен бірдей екенін түсінгің келмейді.

Көшеде кетіп бара жатқан әдемі келіншекті көрсең, пенделік жеңілтек сезімге беріліп, оған қызығасың. Бірақ сәл сабырға жүгін. Ол келіншек өзің секілді біреудің жары, қарындасы... Сенің сәбиің секілді бір сәбидің анасы. Міне, осы жерде сен үлкен қатыгездік пен табандылық көрсетіп, өзіңе «Тоқта!» дей білуге тиістісің. Өйткені бостандық біреуге залалың тимейтін жерге дейін ғана бостандық, одан әрі — қиянат. Егер тоқтай алмасаң, хайуани сезімнің құлына айналасың.

«Сенің патшалардан айырмашылығың не?» — деген сұраққа данышпан Сократ: «Олар өз бойларындағы құмарлықтың құлдары, ал мен сол сезімдердің патшасымын», — деп жауап берген. Сократ сол құл-патшалардан жүз есе бостан.

Өмірдің мәні мен мағынасы қарапайым ақиқаттан тұрады. Біздің сорымыз — сол оп-оңай ақиқатты түсінуге және оны орындауға құлқымыздың жоқтығы. Біз өз еркімізбен ең қиын, ең бұралаң жолды таңдап алып, өзіміз қолдан жасаған қиындықпен жан аямай күресіп, ешкімге керегі жоқ ерліктер жасаймыз. Мәселен, темекінің адам ағзасына тигізер зиянын жұрттың бәрі біледі. Осы бір жұрттың бәрі білетін ақиқатқа мойынсынып, одан өзіңді сақтау үшін үлкен қайраткерліктің, жанпида ерліктің, тіпті ештеңенің де керегі жоқ секілді, тек темекіні тартпасаң болғаны. Бірақ жер бетінде қанша миллион адам осыған шамалары жетпей, қасіретке душар болып жүр. Мыңдаған адам темекіден

өкпе рагіне т.б. ауруларға ұшырайды. Оларды емдеу үшін қымбат дәрілер жасалып, мемлекет қазыналарынан қыруар қаржылар бөлінеді. Алайда қолдан жасалған осы дертпен күресте адамзат бірыңғай жеңіліске ұшыраумен келеді. Статистикаға жүгінсек, жер бетіндегі жер сілкіну, өрт, тасқын тағы басқа табиғат, жол апаттарынан, індеттен, қылмысты әрекеттерден – бүкіл көлденең ажалдан мерт болғандардың 41,4%-ы темекі құрбандары. Яғни жер шарындағы бүкіл қасіреттің тең жартысына жуығы темекі зардабынан болып отыр.

Бір қарағанда оп-оңай көрінген заттың миллион есе қиындап, осындай әлемдік проблемаға айналуы кіп-кішкентай бейкүнә жәндіктің аяқ астынан аждаһаға айналғаны секілді, шынында да, сұмдық емес пе? («Адамдар ең көп азапты қарапайым ақиқатты елемегеннен шегеді», – дейді сіздің сүйікті философыңыз Ф. Ницше). Ал сіз осы бәледен құтылудың жолы – темекінің бойынан бір жақсы қасиет тауып, темекі шегуді заңдастыру деп ойлайсыз. Бұл өз бойыңдағы кеселді дағдыға қол көтеріп берілу, ештеңеге қарсы тұра алмайтын, күресе алмайтын, табансыз, әлсіз жанға – құлға айналу деген сөз.

Бостандық адамның өзінің ішінде, санасында. Тумысында қорқақ, жағымпаз жанға қанша құқықтық бостандық бергенмен, ол бостан бола алмайды. Шектен тыс өзімшіл, шенқұмар, нәпсіқұмар, ашқарақ адамдар ешқашан да бостан бола алмайды. Өйткені олар өздерінің әлгі ниеттері мен пиғылдарының құлаққесті құлдары.

«Бостандық деген не? – Ар-ұяттың тазалығы», – деген біздің дәуіріміздің жеті ғасырдай бұрын жер бетіндегі жеті дананың бірі – Периандр Коринфский.

Ғажап емес пе! Яғни шын бостандыққа рухани кемелдену арқылы ғана жетуге болады. Мінеки, мұндай бостандықтың алдында бас киіміңді алып, басың жерге жеткенше иілу керек.

«Ізгілік қай ғасырда жеңіске жетеді? Анық дәлел бар ма?» – депсіз. Ізгіліктің жеңісін жер бетінен зұлымдықтың түптамырымен жойылып кетуі деп түсінсек, тым қарабайырлық болар еді, әрине. Ізгіліктің жеңісі – ізгілік туралы идеяның адамзат санасына берік орнауы.

Дегенмен, бұл – мәселенің бір-ақ жағы. Жеңіс пен жеңілістің арақатынасын сіз бен біз әлі анықтаған жоқпыз.

Қазіргі ұғымда жеңіс бізге рингте қарсыласын ұрып жыққан боксердің немесе арзанқол кинофильмдерде өз жауын атып құлатқан боевиктің еншісіндей ғана елестейді. Яғни қаза тапқанның бәрі – жеңілгендер. Алайда адам төзгісіз қаталдықпен жау қолынан қаза тапқан Иса пайғамбардың жеңілісі ақыры адамзат үшін нағыз ұлы жеңіс болып шыққан жоқ па?! Өмірде осындай жеңіске бергісіз жеңілістер бар. Немесе ұядағы балапанын қорғап, жыланның аузына өзі құлап өлген торғайдың ерлігінен артық қандай ерлік болуы мүмкін?! Бұл да жеңіске бергісіз жеңіліс емес пе? Таң қалсақ, осыған неге таң қалмаймыз?

Жалпы ерлік дегеннің өзі не нәрсе? «Кеселді кісінің ер келетұғыны несі?» – дейді Абай. Қарап отырсаңыз, біздің көбіне ер дейтініміз кеселді іске жүрек жұтқандар. Қаннан қорықпау, кісі өлтіруден, тонаудан, қанаудан қорықпау. Қысқасы, қарақшылар мен жендеттер ер деген атқа ең лайық жандар болып шығады. Ал рухани ерлікті қайтеміз? Мәселен, өз мінің мен қателігіңді мойындаудан қорықпау, өзгеге қаталдық емес (одан оңай не бар), өзіңе қаталдық көрсете білу, өзіңді жазалай білу, қысқасы, ең алдымен өзіңді-өзің жеңе білу – мұның бәрі ерлікке жатпай ма? Өзінен әлдеқайда күшті жаудың аузына өз еркімен түсуге жүрегін дауалата білген жаңағы торғайдың ерлігін арыстанның қайталай алмауы әбден мүмкін. Бәлкім, осы тұрғыдан кейбір ұғымдарды қайта қарауға тура келетін шығар.

Сіздің бүкіл идеяңыз «ізгілік мұраттары жер бетіндегі адамдардың кемелденбеген өміріне сәйкес келмейді» деген тұжырымға негізделген. Рас, анық өмірде кемеліне келген мүлтіксіз ештеңе жоқ. Бар болса, ол әрі қарай дамымас та еді. Жер бетіндегі тіршіліктің мәңгілігінің өзі мәңгі дамуға негізделген. Сондықтан кемеліне жеткен мүлтіксіз ештеңе болуға тиісті емес. Бірақ суретші я мүсінші өз туындысын жасағанда міндетті түрде жаңағы өмірде жоқ кемелдікке ұмтылады. Оған ешқашан да жете алмасын өзі де біледі. Алайда соның арқасында талай тамаша өнер туындыларының дүниеге келетіні белгілі.

Емделмейтін ауруларды емдеу арқылы, алынбайтын қамалдарға жасалған шабуылдар арқылы, сол жолдағы жеңіске бергісіз жеңілістер арқылы адамдар гажайып рухани

биіктерге көтеріледі, адами мүмкіндіктің көкжиегін кеңейтеді.

Ендеше мұраттың қарабайыр тіршілікке сәйкес келмеуі оның кемшілігі емес, керісінше, артықшылығы болмақ.

Өмірді жақсартуға болатын ізгі сезімдер мен ізгі шарттарды құдай бәріміздің бойымызға берген. Енді сол шарттар мен ойға алған ниеттердің іске аспағанын өзіміздің табансыздығымыз бен жігерсіздігімізден көрудің орнына, ар-ұяттың құдіретімен жасалған қасиетті ұғымдарды тәрк етіп, бүкіл адамзаттың парасатын жоққа шығаргымыз келеді.

Адами өмірдің заңын адам жасайды. Ол заңның іске асуы өзіміздің құлқымызға байланысты. Рас, табиғаттың ірге тасында біздің қасиетті сезімдерімізді қорлайтын қатал заңдар көп. Бірақ табиғаттың ол заңдарымен өмір сүретіндей, оны өзімізге тіршілік шарты етіп алатындай біз хайуан емеспіз ғой.

Айталық, тәңірі үшін, махаббат үшін, ұлы мақсат-мұрат үшін өзін-өзі құрбандыққа шалу немесе өмірдің рақат-қызығынан өз еркімен бас тарту, қасіретпен тазару тағы сол сияқты әулие қасиеттер табиғат заңында (дәлірек айтсақ, хайуанат заңында) бар ма? Жоқ. Әулиелікке адамнан басқа жан иесі түсінбейді. Олай болса, хайуандар әлемінің заңдарын табиғат заңы деп желеу етіп, өз күнәмізді ақтау үшін санамызды сарсаңға салып, не бір қисынды қиыннан қиыстырып, құдай берген қабілетімізді босқа сарыққанша, кісілік парасатқа лайықты шарттармен өмір сүргеніміз дұрыс емес пе? Ал оған шамамыз жетпесе – мейлі жетпесін, бірақ алған бетіміздің неге қайтамыз? Алған беттен қайттық екен, онда бойымыздағы парасат сезімдері желге ұшып, оның орнына хайуани сезімдер бас көтереді. Өзіміздің хайуан екенімізді сезген сәтте-ақ бүкіл адами міндеттерді жеңілдетіп, күнә мен қылмыстарымызды ақтап, өзімізді емес, ар мен ұяттың қағидаларын «жөндеуге» кірісеміз. Бұрыстың бәрін дұрыс қылып заңдастыру әрекетін бастаймыз. Яғни кісі өлтірсек те, «бұл табиғатта бар нәрсе, солай болған, болып келеді, бола бермек».

Осыдан кейін бостандық. Не істеймін десең де, өз еркің. Күнәға бат, арыңды сат, жарыңды сат, алда-арба – өйткені адам мақсатты түрде күнәкар болып жаратылған. Табиғат заңы осындай. Қандай рахат! Бостандыққа шыққан бас-

кесердей ойыңа не келсе, соны істейсің. (Сіздің «қол созым жерде тұрған бақыт құсыңыз» осы болар).

Жоқ, бейтаныс замандас! Өмір деген ұлы Ойынның ережесі баяғыда жасалған. Әдетте ережені төменгі дәрежедегі ойыншылардың жиі бұзатынын және олар үшін ереже қашан да ауыр жүк екенін есіңізге салғым келеді.

Қош болыңыз!

Бейтаныс.

Айтпақшы! Кезінде әйкәпір атанып, отқа өртелген, дарға асылған, елден аласталған пайғамбарлар, тыйым салынған әйгілі шығармалар қиянатты қарапайым халықтан емес, билік жүйесінен көрді. Ал халық өзінің есте сақтау қабілеті арқылы оларды тарих ажалынан аман алып қалды».

Мен хатты дәліздегі келісілген жерге апарып тықтым да, бөлмеге келіп, өзім жазған хаттың әсерімен ойланып ұзақ жаттым.

Менің мазамды алған ең алғашқы хатта келтірілген қытай философиясындағы «Ян» мен «Инь»-нің арақатынасы. Бір заттың мезгіл-мезгіл кереғар екі күшке айналып тұратынын мойындайын. Бірақ осы кереғар екі күш қалайша өздерінің мән-мағыналарынан айырылуға тиісті? Неге ақ пен қара, адал мен арам, ізгілік пен қиянат іштей былығып, бір-бірімен мидай араласуы керек? Толып жатқан шырғалаң ойлармен көз байламай, анық ақылмен, сезіммен пайымдасақ, тамақ пісіріп жатқан қазан түбіндегі от пен адамдардың жиған-тергенін күлге айналдырып жатқан сұрапыл өртті түбі бір деп бір құбылысқа айналдыруға бола ма? Жоқ. Екеуі бір табаққа сыймайтын құбылыс. Алайда екеуінің бір табақта жатқаны кімге керек болуы мүмкін?

Осының бәрі, меніңше, адалға да, арамға да, ізгілікке де, қиянатқа да жататын рухани қосмекенділердің көбеюінен. Рухани гермофродиттердің көбеюінен. Кембағалдар қашан да өмірге өшпенділікпен қарайлы.

Мен бейтаныс құрбымның бойынан террористік бір қасиет байқаймын. Ол адам баласының ғасырлар бойы ақыл-парасаты мен жігерін жұмсап тұрғызған рухани ғимаратын тас-талқан етіп жарғысы келеді де тұрады. Егер ол пиғыл орындалса, адамзаттың сан мың жылдық еңбегінің

зая кеткені. Бұдан кейін қаласаң да, қаламасаң да – хайуанаттар әлеміне қайтып баруға тура келеді.

Рухани терроризмге қарсы күрес керек.

11

8 көкек

Жалғыздық жайында көп ойландым. Қиындыққа да, қиянатқа да, зорлық-зомбылыққа да, жала мен бәлеге де төзуге болатын секілді. Төзуге қиын жалғыз нәрсе – жалғыздық.

Адам өмірі құнсызданған кедей елдерден гөрі төрт құбыласы түгел дәулетті елдерде адамдардың өзіне-өзі қол салу әрекеттері көп дейді. Себептері әртүрлі: айықпас дерт, алданған махаббат, адасқан арман, түзелмес тұрмыс т.с.с. Бұлардың бәрін де бір ғана жалғыздық деген ұғымға сыйдыруға болады. Дауасыз дертке шалдыққандардың бәрі өздерін-өздері өлтіре бермейтіндері белгілі. Төңірегіңде қасіретіңді бөлісетін, тіршіліктегі әр сәтіңе қуанатын қалың қауым қаумалап тұрғанда ешқашан да өзіңе-өзің қол жұмсай алмас едің. Тағдырдың толып жатқан басқа да соққылары, бөлісетін жан болса, сені есеңгірете алмайды. Адамның жұлын-жүйкесінің қайғы-қасіретке төтеп бере алмауы жан азабын бөлісетін жақын жанның жоқтығынан. Ондай кезде жалғыз әміршің – Жалғыздық. Ғашығыңдай жабысқан, түнде түсіңде, күндіз ісіңде серік болған, жатырлас сыңарың Жалғыздық – енді сенің тағдырың. Етегінен ұста да, о дүниенің ызғарлы да тұманды кеңістігіне сүңги бер.

Ғалымдардың айтуынша, ғалам кеңістігіндегі ой жетпес алыс галактикаларда «қара тесіктер» («черные дыры») болады екен. Осынау космостық құрдымға жұтылмайтын ештеңе жоқ, бүкіл масса атаулы, тіпті оған тап болған сәуле де одан қайтып шыға алмайды.

Жалғыздық та осындай космостық қара тесік секілді. Бойыңдағы сәулеңді, күш-қуатыңды, жігеріңді, үмітіңді, сеніміңді қайтып шықпастай етіп сорып алады. Жалғыздыққа кеткен қайратыңның жүзден біріне қыруар ерлік жасауға болар еді. Жалғыздықтан құр сүлдері қалып қажы-

ған қанша адам ерлік жасамақ түгілі қарақан басын әрең алып жүр.

Жалғыздықтың өзіме тым жақын келіп қалғанын денеммен, сыздаған жүрегіммен сезіп тұрмын.

Аласұрып серік іздеймін. Дәлізбен өтіп жатқан әркімдерге, бөлме тазалаушы мен медбикелерге де жабысып жағдайларын сұрап, олардың өзіммен әңгімелескенін тілеймін. Олар маған таңырқай қарап, әлде мазақ, әлде сандырақ деп ұғып, жауап бермей өте береді.

Аутотренингке бардым. Дәрігер қыздың үнемі бірдеңе айтқысы келіп тұрғандай сәл-пәл түріліп тұратын сәби еріндерін көргенде, көңілім аздап та болса жайланғандай болды. Бірақ ішкі беймаза сезім әлі толастамаған еді. Сеанстың өн бойында өтірік ұйықтаған болып, тіпті жұрт тарап кеткеннен кейін де қимылдамай жата бердім. Ақыры көзімді ашып қалған кезде тура қарсы алдымда айрықша бір жылы шыраймен өзімді үнсіз барлап тұрған дәрігер қызды көрдім. Оның жанарынан тараған жылы ағынға жаным да, тәнім де балқи түскен секілді. Апырмай, адамнан жұмбақ не бар екен жер бетінде! Жалт еткен жалғыз жанар жаныңа осынша қуат береді деп кім ойлаған?

Алайда оның:

– Сіз ұйықтамадыңыз ғой, – деген сөзі әзіл үнмен айтылса да, мені сәл-пәл абдыратып тастағандай болды.

Мен өзімнің «тәтті» ұйқыммен жұртты алаңсыз сендірдім деп ойлағам... Бірақ қыздың жұмсақ жүзі бәрін жуып-шайғандай болды. «Адамға көп ештеңенің керегі жоқ, иә, тіпті ештеңенің де, тек дәл осылай жылы шыраймен бір қараса жетіп жатыр» деп ойладым ішімнен.

– Сіз өзіңізді қинаған мазасыз ойларды маған бере аласыз ба? – деді кенет ол менің қолымнан ұстап.

Абдырау сезімі маған қайта оралды. «Қайтіп? Қалай?» Алақаным терлегендей болды. Қолымды босатып алдым. Ол маған «мұныңыз не, көңілге келетін ештеңе деген жоқ едім ғой» дегендей, ренішсіз наздана қарады. Тұңғиық жанары тұтас бір әлем секілді. Ондағы мейірім, инабат, әдемілік жаныңды баурап, жауған жүрегіңді беймағлұм рақатқа бөлейді. Әлгі жанар мені үнсіз жұбатқандай болады:

«Көңіліңізге ауыр тиетіндей оспадар қылық жасасам, ғафу өтінемін! Жаныңыз сонша нәзік пе еді?! Сіздің ішкі ой азабыңызға дауа болсам деп едім. Жанға жаннан басқа шипа жоқ. Қараңыз менің жанарыма. Жанар ешқашанда өтірік айтпайды».

«Сіздің жақтан жанға жайлы бір жылы ағынның есіп тұрғанын бірінші көргенде сезіп едім, – деймін мен де үнсіз. – Бірақ оның кімге бағытталғанын айыра алмағанмын. Мазасыз ойлар менде тым көп қой. Оның бәрін берсем, Сізге обал жасаймын ба деп қорқамын».

«Сізді ой азабынан құтқара алсам, ол – маған да бақыт».

Мен селк ете қалдым. Өйткені әлгі сөз ішкі әңгімеге ұқсаңқырамайды. Құлағыма анық естілгендей.

– Не? – дедім даусымды шығарып, естіген-естімегенімді анықтау үшін.

– Сізді ой азабынан құтқара алсам, ол – маған да бақыт, – деді ол айтқан сөзін қайталап.

Ішкі диалог сыртқы диалогқа ауысты. Маған жанармен сөйлескен әлдеқайда шынайы да түсінікті көрініп еді. Сөз – көп жағдайда буалдыр, екіұшты... Мен үндегем жоқ. Өйткені әңгімені үнсіз жалғастырғым келді. «Сізге азапты ойларымды бергенім – бүкіл тағдырымды бергенім», – деймін іштей ғана. Әрине, өмірде бір-ақ рет айтылатын мұндай шешуші ойларды естіртіп айту мен үшін қиын болар еді.

«Қабыл алдым бәрін де», – дейді оның жанары әлдебір нартәуекелге бел байлағандай түрмен. Менің жүрегім лүпілдеп қоя берді.

– Рас па? – дедім қалай сөйлеп қоя бергенімді өзім байқамай.

– Рас, – деді ол сабырлы үнмен.

Тоғанды бұзған дария суындай әлдебір қуатты сезім тасқыны менің жан дүниеме лап берді. Құлазыған көңілімнің шөл даласы лезде құлпырған көк-жасыл өлкеге айналды. Адам жанына қуат беретін құдіретті күш бұл өмірде бар екен. Тек кезігуге құдай жазса...

Мен алақанымның құп-құрғақ екенін сезіп, оның қолынан ұстадым. Ол өзгенің пәрменіне мойынсынған адамдай мұңайған шарасыз күйде жанарын төмен түсірді.

Қолын босатпақ болып, болмашы қимыл жасап еді, мен жібермедім. Өйткені менің бойымды билеген қуат пен сенім тым зор еді. Мен өз бойымнан әлдебір жеңіс салтанатын сезгендей болдым. Мұным, әрине, пенделік. Өйткені осының алдында ғана жалғыздық қаһарынан қалтыраған бейшара жанға бұл қуатты оның өзі берді. Енді сол қуатты арқаланып бұл өзінің жарылқаушысына өзі күш көрсетіп тұрған секілді.

Мен оны қолынан тартып өзіме жақындаттым. Жанға жайлы қоңыржай жұпар иісті сездім. Оның дымқыл тартқан қолынан болмашы діріл байқалады. О, тоба, оның бойындағы діріл күшейген сайын, мендегі әлдебір астамшыл, тентек сезім қан иісін сезген акуладай ойқастап, айбаттана түскендей болады. Мен өзіме-өзім түсінбей, бейтаныс біреуді көргендей аңырып қалдым. Ақыры әлгі бейтаныс біреуді танығандай болдым. Ол – менің бір сәттік пенделігімді пайдаланып, көңіл түбіндегі зынданнан бас көтерген хайуани сезімдер екен.

– Жоқ! – дедім ышқына сыбырлап. – Жоқ! Ешқашан да! – Мен хайуани сезімдерді зындан ішіне қайта қуып, әреңдегенде аузын бекітіп, уһ деп демімді алып, басымды көтердім. Ол әлденеден қысылған сәбидей бетінің ұшы қызарып, маған үрке қарап, абдырап тұр екен.

– Сізге емес. Сізге айтып отырғам жоқ. Өзіме, өзіме, – деймін өзімді қолыммен көрсетіп.

Ол сәл-пәл жымиғандай болды. Адам жүзіндегі алқызыл арай тазалық пен нәзіктіктің белгісі іспетті. Қызара білетін жаны жұқа жандардың өн бойынан теңдесі жоқ сұлулықтың, имангершілік пен шыншылдықтың лебі еседі.

Ол қатардағы орындыққа отырып, бірдеңе айтуға оқтала берген еді, мен ақырын ғана қолыммен оның аузын жаба қойдым. Оның жұп-жұмсақ еріндері алақанымды қытықтағандай болды.

– Керегі жоқ, – дедім сыбырлап. – Мынандай ғажайып үнсіз әңгімеден кейін, қалғанның бәрі артық. Ештеңе айтпаңыз.

Ол сыңғырлап күліп жіберді де, үнсіз әңгіменің соңғы нүктесін қойғысы келгендей, маған күн шұғыласындай

шуақты жанарымен мейірімін төге қарап, төңірегімді аппақ нұрға бөледі. Мен тағы да ертегі әлеміне сүңгідім де кеттім.

Нағыз ертегі – анық өмір.

12

9 көкек

Мен ұзақ уақыт күңгірт те қапырық ғимараттың ішінде болып, енді сыртқа шығып, табиғатты, қоғамды, адамдарды көріп, өзінен-өзі мәз болып жүрген біреудей күй кешіп жүрмін.

Өзімді мазақ қылып жүрген зымиян құрбымды ауруханадағы аурулардың арасынан табам деген ойдан бірте-бірте қайта бастаған секілді едім. Әлдебір шашы көзіне түскен арық жігіттің мені көргенде сасқалақтап бөлмесіне кіріп кете беретіні болмаса, қалғандарының жүріс-тұрысынан күдікті ештеңе біліне қоймаған. Арық жігіт, тек мен емес, бетіне тура қараған адамды көрсе болды, бөлмесіне тығылатын, үрей дертіне шалдыққан біреу екен.

Бірақ ойым тағы өзгерді. Бойыма қуат жиналған кезде Бейтаныс құрбымен текетірес ішімде қайта басталады. Оны қолға түсірудің жаңа айла-тәсілдерін ойластыра бастаймын.

Кім біледі, бәлкім, кездесіп қалар деген оймен сыртқа шыққанмын. Ауладағы адамдар өзгеріпті. Төбелескіш дәу жігіт те, таяқ жеген жалбыр шаш та, аузы сөзден босамайтын ақсары кісі де жоқ. Өзін «Айса пайғамбармын» деп таныстыратын қараторы жігіт аула түкпіріндегі ең шеткі орындықта өзімен-өзі сөйлесіп отыр. Жаңа келгендердің көбісі кісікиіктеніп ешкімге жоламайды. Сондықтан менің жұртты сөзге тартпақ болған әрекетімнен ештеңе шықпады. Әркімнің жүзіне күдікпен сұқтана қараған осы жүрісімнің ерсі екенін өзім де түсіне бастаған секілдімін.

Ақыры күдерімді үзіп, әбден қалжырап шаршаған күйімде түннің бір уағында төсегіме қисайдым.

13

13 көкек

Көңілім бейжай. Бірнеше күннен бері басым ауырып, күнделік жазуға құлқым болмады.

Бейтаныс құрбымның қарасы батқан секілді. Хабар жоқ. Бірақ оның кесапат ойлары менің көкірегімде сайрап тұр. Оның өзінің бар-жоғы енді маған бәрібір секілді, мен әлгі кесапат ойлармен іштей арпалысудамын.

Табиғат аясында көгалды жерлерді бірте-бірте құм басып, шөлейтке айналдырып жатқаны секілді, мұрат тазалығы мен имангершілік деп аталатын рухани көгалды сайқал әлемнің бірте-бірте тарылтып келе жатқанын аңғармау, әрине, мүмкін емес.

Көркем әдебиет, музыка, театр, кино неғұрлым дөрекі сезімдерге толы болған сайын, неғұрлым шектен тыс ұятсыз болған сайын, соғұрлым өтімді. Бетховенді тыңдамайтындар ең төменгі санаға арналған тұрпайы музыкаға құмырсқаша қаптайды. Шынайы да мағыналы көркем фильм жасаған режиссер бағасын ала алмай, бағы жанбай, қайыршылықта жүруі мүмкін, ал таза порнографиядан добалдап фильм жасаған шалағай біреу ақшаның астында қалып жатады. Яғни арсыздық әлеміне сұраныс мол.

Өркениетті елдерде аты шулы актриса ия әнші тыр жалаңаш күйінде журналға жарияланып, журналистерге өз бойында күніне неше рет оргазм болатыны туралы сұхбат беріп, ең жоғарғы заң жүйесі парламенттер әйелдің әйелге, еркектің еркекке үйленуіне рұқсат беретін заң шығарып жатса және біз оны бүгінгі демократияның жеңісі деп қабылдап жатсақ – оны ізгіліктің жеңілісі демегенде не дейміз?

Бірақ бұл құлдырау дәуірінің болмыс заңдарымен үндескен дәйекті анықтамасы жоқ. Кез келген рухани құбылыс өмір сүруге хақылы болу үшін, математикалық теңдікке бағынатын табиғат жаратылысы секілді, белгілі бір жүйелі қисынға бағынуға тиісті. Ал жаппай рухани күйреуде универсалды қисын жоқ. Тұйыққа тірелу ғана бар. Арақтан жеңілген маскүнем немесе есірткіге улан-

ған нашақор өзінің түзелуден кеткенін сезген кезде өзіне-өзі қол жұмсайтыны секілді, адамзат та бұдан өзін-өзі мерт қылу арқылы ғана құтыла алады. Парасат майданында ізгілік жеңіліске ұшыраса, оның ақыры немен тынатыны жөнінде басқаша болжам айту мүмкін емес.

Иә, иә, ғылым мен техниканың ең жоғарғы жетістіктерімен қаруланған бүгінгі адамды әлдебір сыртқы алапат күш құртып жібере алмайды. Ядролық қатер немесе космос апаты әшейін аңыз ғана. Адам құрыса шегіне жеткен рухани азғындықтан ғана құриды.

Ал сонда рухани күйреудің басты себебі не? Меніңше, әуелде жан иесінің тіршілігіне тұтқа болып басталған, одан шегіне шыға шарықтап, енді парасатты өмір тұсында аяққа тұсау болып отырған Өзімшілдік ауруы. Оның ұраны – «Мен». Бірақ анық өмірде осы «Менді» құтыртпай, ауыздықтап отыратын күш адам бойында бар ма? Тіпті оны былай қойғанда, адам өз «Менін» ауыздықтау қажет деп есептей ме?

Биологтар ұзақ уақыт қабыландардың өз күшіктерінің аузынан тамақты тартып алып жейтін әдеттерін хайуани тағылық деп бағалап келген. Бірақ кейін мүлде басқа нәрсе анықталған. Қабыландардың балалары қомағай болғандықтан, сырттан біреу тоқтатпаса, тойғандарын білмей, күпті болып өліп қалады екен. Қабыланның өзі болса, генетикалық жад арқылы мұны жақсы біледі. Сол себепті артығын жегізбейді.

Өмірдің барлық саласында – ішетін тамақтан бастап, басқа қонған бақ-дәулетте де, бәсеке-тартыста да, нәпсіде де қомағайлық пен ынсапсыздыққа бой алдырып, қабыланның күшігіндей қатерде тұрмыз. Қабыланның күшігін құтқаратын күшті табиғат күні бұрын ойластырған. Ал адамды құтқаратын өзінен басқа күш жоқ.

Тіршілікке қажетті соқыр сезімдер қаншалықты құдіретті болғанымен, жоғары сапалы парасат әлемінде билеуші күш бола алмайды, ең бастысы, болуға тиісті емес. Бірақ адам баласы әлі де өз «Менін» өзі қызықтап, сол соқыр сезім патшалығынан шыға алмай жүрген сияқты. Егер бүкіл «Мендер» қосылып парасатты «Бізге» айналса, адамгершілік қағидаларын іске асыру, әрине, әлеқайда жеңілдер еді.

Адамның рухани түлеп, жаңаруына, жаңа биікке көтерілуіне кедергі болып отырған қатыгездік, күншілдік, қызғаншақтық, менмендік, астамшылдық, сараңдық, ақшақұмарлық, арақұмарлық, әйелқұмарлық, атаққұмарлық секілді кесапат қасиеттердің қай-қайсысының да түп-тамырында «өзім, өзім ғана» деп емінген «Меннің» жатқаны ешкімге де құпия емес.

Тарихта іргелі мемлекеттердің құлауына негізінен басқарушылар арасындағы алауыздық себеп болған. Ал алауыздықты бас-басына би болған, бірігуге жандары қас «Мендердің» өзімшілдігі тудырады.

От басынан бақ тайып, ерлі-зайыптылар ажырасып жатса, оған да біреуінің я екеуінің бойындағы өзінен басқаны ойламайтын өзімшілдік кінәлі.

Ағайынды екі адам немесе қанды көйлек достар араздасып жатса, ол да өңменделеген өзімшілдіктің кесірі екені даусыз. «Меннің» өлермендігі тұрған жерде жарасымды махаббат та, риясыз достық та, береке-бірлік те болуы мүмкін емес. «Мен» қашан да тойымсыз – бәрінен артық, бәрінен биік, бәрінен ықпалды болғысы келеді де тұрады. Оның бас сұқпайтын, бүлдірмейтін жері жоқ.

Рас, арсыздау «Меннің» арқасында өзінің ғана емес, өзгенің де несібесіне ие болып жүрген олжабайлар жетерлік. Алайда «Мен» жүйесі қауым талабын орындауға жарамсыз.

«Өмір дегенің қашан да – кеменің апаты», – дейді Х. Ортеге-и-Гассет.

1912 жылы 14 сәуірдің түнінде Ұлыбританияда жасалған «Титаник» кемесінің Нью-Йоркқа бет алған сапарда Атлант мұхитында апатқа ұшырағаны мәлім. Өз заманындағы ең алып, ең көрнекті бұл кемеде негізінен зиялы қауым өкілдері, аса дәулетті адамдар орналасқан еді. Айсбергке соғылып, қираған кеме мұхитқа батып барады. Ажал құрсауында қалып, үрейлері ұшқан екі мыңнан астам адам ессіз жанталас үстінде. Әркімнің санасында – жалғыз «Мен». «Қайтып аман қаламын? Қалай құтыламын?» Басқаша ойлауға уақыт та, мүмкіндік те жоқ. Бұл табиғи құбылыс. Бірақ парасатты адам қашан да рухани әлемнің биік қағидаларымен өмір сүргісі келеді. Ол қағида бойынша сен ең алдымен өзіңді емес өзгелерді ойлауың

керек (бұл өз бойыңдағы «Менге» қарсы соғыс ашу деген сөз).

Кеме капитаны төтенше жағдай негізінде құтқарушы қайықтарға ең алдымен балалар мен әйелдерді отырғыза бастады. Құтқарушы қайықтардың саны өте аз еді. Қайыққа отыруға ұмтылған ессіз топтың тасқынына, қисапсыз ақша беріп, қайыққа отырғыз деп жалбарынған миллионерлердің арызына төтеп беру, бәлкім, оңай да болмаған шығар. Бірақ шарттың бәрі орындалды. Құтқаруға мүмкін адамның бәрін құтқарып, бақытсыз 1500 адаммен бірге экипаж батып бара жатқан кемеде қалды. Көзі көргендердің айтуына қарағанда, теңіз суы кемедегі музыканттардың тізелерінен асқан кезде де оркестр тоқтаусыз ойнап тұрған. Оркестр осылайша рух мәңгілігінің гимнін ойнаған күйінде ажал құшағына енген. Кеменің капитаны мен оның экипажы өз міндеттерін орындап болғаннан кейін, кемедегі қалған жолаушымен бірге қаза болады.

Осылайша «Мен» емес, «Біз» деп аталатын жүйенің арқасында кеме басшылығы ажал алдында адамгершіліктің биік қағидаларын (мейлі, толық күйінде болмаса да) іске асыру арқылы адам баласының парасат мүмкіншілігінің мол екенін көрсетті. Егер сол сәтте адамдардың бәрі тек қара бастарын ғана ойлап, «Меннің» жетегінде кетсе, кемедегілердің бәрі о дүниеге хайуан күйінде аттанған болар еді.

14

19 көкек

Айдың күні аманында өзім тап болған мынау беймағлұм жағдайға мен де үйрене бастаған секілдімін. Дәліздегі үстелдің астынан кезекті хатты алғанда бұрынғылай қорыққан да, үріккен де жоқпын. Ежелгі танысымнан келген әшейін бір сәлем хаттай жайбарақат ашып, оқи бастадым:

*«Құрметті Құрбым! Біраз уақыт хат жазуға жағдайым болмады. Ауырып қалдым. (*Осы сәтте еріксіз мырс еттім: «Менімен кіндігің бір емес пе, мен ауырғанда қосыла

бірге ауыратын», – деген кекесін ой келді). *Соңғы хатыңды ризашылықпен оқып шықтым. Әрине, бәріне келісу мүмкін емес. Бірақ қисынды дәлелдер баршылық. Ал келіспейтін жерім – сен үнемі ізгілік мұратын абсолюттік дәрежеге көтересің. Біріншіден, абсолюттік өлшем тәңіріден басқаға лайық болуы мүмкін емес. Екіншіден, кез келген заң шындыққа сәйкес келмесе, орындалмайды. Сенің ізгілік туралы идеяң ешқашан да орындалмайтын, сол себепті қоғамда үнемі қайшылықтар тудыратын өлі заң секілді. Осыдан барып адамдар арасында қол жетпеген арман, іске аспаған мақсат, мағынасыз текетірес, өмірге наразылық, уайым-қайғы түрінде сан түрлі берекесіздіктер туады. Ал өмірде көптеген қайшылықтарды шешуге мүмкіндік беретін нәрсе – мәміле, компромисс. Ол үшін ең алдымен дүниетанымдық компромисс керек. Ізгілік пен зұлымдық деп аталатын философиялық категориялар көне заманғы адамдардың қарабайыр әсері мен ой-өрісінен туындаған атаулар болғандықтан, бүгінгі дүниетанымның талабына жауап бере алмайды. Тіршіліктің дамуын қамтамасыз ететін екі күшті* ***Оң*** *және* ***Теріс*** *күштер деп атау керек. (Мәселен, электр зарядтарын + және – деп атаған секілді.) Сонда әлемді екі лагерьге бөліп алып, ғасырлар бойы егескен мағынасыз күрес те саябырланар еді. Зұлымдықтың ішкі мазмұнын бізден гөрі ертерек түсінген адамдар да бар. Француз ақыны Ш. Бодлер өзінің «Зұлымдық гүлдері» атты кітабында зұлымдықты махаббатты жырлағандай жырға қосады. Қазір мен осы кітапты құныға оқудамын. Жапондық ұлы жазушы Акутагава Рюноске: «Адам өмірі Бодлердің бір жолына да татымайды», – депті. Егер біз рухани әлемде осындай бір батыл қадамдар жасасақ, жалпы гуманизм деген түсінікке көптеген кеңшілікті өзгерістер енер еді.*

Есіңде бар ма, Пикассоның Минотавр сериясынан «Арена» деп аталатын суреті. Аренада ауыр жараланған Минотавр ұлыған қасқырдай тұмсығын көкке көтеріп, жантәсілім қиналуда. Басы – бұқа, қалған денесі – адам осы бір түрінен жан шошырлық мақұлыққа қоршаудың ар жағынан әлдекім – шамасы, зұлымдық деген ұғымнан әлі үрейі ұшып үлгірмеген жас болу керек – қолын созып, маңдайынан сипап, аяушылық білдіруде. Жаниесіне жанашырлық деген осы. Тіршіліктің ақырғы сәтінде ышқынған Минатаврдың азапты сәтіне куә

болып отырып, міз бақпай, кірпігін де қақпай, сап-салқын болып отырған бүкіл қатыгез тобырмен салыстырғанда әлгі адам өзінің табиғи мейірімімен иманжершілікке бір табан жақын тұрғанын айыру қиын емес.

Осыдан келіп, яғни екі лагерьге бөлмеудің арқасында, жалпы жан иесіне жанашу деген идея туады. Сен жек көретін гомосексуалистер де осындай жан иелері. Оларға байланысты заңға өзгеріс енгізіп отырған — парламенттер емес, өмірдің өзі. (Сенің күнделігіңе көз жүгірткенімді осы тұста сезіп отырған шығарсың. Көптен бері тығып, көрсетпей жүруші едің. Осы жолы ашық жатыр екен, оқи салғаным рас. Ғафу ет. Ішінде менің де жазған хаттарым жүргендіктен, екеуіміздің ортақ күнделігіміз десе де болғандай емес пе?!) Жалпы адам баласынан жиіркенбегенің жөн.

Дәрігерге аурудан жиіркенуге болмайтыны секілді, өзін ізгілік жағындамын дейтіндер де рухани жиіркеншектік көрсетуге тиісті емес.

Адамзат өміріне ықпал жасаған данышпандардың ішінде де гомосексуалистер болғанын ұмытпайық.

Ех, шіркін-ай, сізбен кездесетін жағдай болса ғой!..

Хат күтемін.

Бейтаныс құрбыңыз».

Осы байғұстың маған неменеге құштар болып қалғанын бір құдайдың өзі білсін.

Мен палатама келіп, аз-кем отырып, ойларымды жинақтап алғаннан кейін, кідірмей хат жазуға кірістім:

«Құрметті Бейтаныс құрбым! Кіршіксіз тазалықты талап ететін ұғымдар бар. Мәселен: махаббат, ар-ұждан, мұрат, әділдік, адалдық т.с. Сәл-пәл арамдық араласқан адалдық, сәл-пәл әділетсіздік араласқан әділдік, сәл-пәл алаяқтау махаббат болмайды. Олар я бар, я жоқ. Мұны абсолют десең де, демесең де, негізгі мағынасы осы. Ал ізгілік мұратының табиғаты туралы өткен хатта өз дәлелдерімді толық келтірген болатынмын. Оны қайталап жатпаймын. Айтарым: ізгілік мұраты күн сайын өзінің орындалуын талап етіп отыратын заң емес, ол заң секілді жағдайға қарай өзгеріп, кезең сайын толықтырылып отырмайды. Мұрат — баратын жерді емес, жүретін бағытты көрсетуші темірқазық іспетті рухани жұлдыз. Сондықтан адамның

өзінің кемшілігінен туындайтын жердегі берекесіздікті көктегі жұлдыздан көрудің реті жоқ.

Жердегі өмірді жақсарту үшін мұратты емес, адамды жөндеу керек, адамды.

Екіншіден, ізгілік пен зұлымдық атауын өзгерту тек күнәкарлар мен қылмыскерлерге ғана тиімді болуы мүмкін. Өйткені бұл оларды маңдайларына басылған қара таңбадан бір-ақ сәтте құтқарар еді. «Мейлі, ақтай беріңдер, мейлі, жазаламай-ақ қойыңдар, бірақ зұлымдықты зұлымдық деп өзінің атымен атаңдаршы», – дейді Федор Достоевский. Осы кісінің айтқаны дұрыс секілді.

Ал адам баласын алаламай жақсы көру, шын мәнінде, жақсы идея. Алайда өзің айтқан Минотавр зұлымдықтың символы бола ала ма? Өлім аузындағы Минотаврды басынан сипау зұлымдықты басынан сипау ма, әлде зұлымдықтың тырнағына ілігіп, осындай тағдырға тап болған жан иесіне аяушылық па? Тәрізі әлгі суреттің негізгі мәні осы соңғысында болар. Жан иесіне аяушылық осы магынасында көңілге қона алады. Ал сенің пайымдауыңа келсек, сен үшін ең негізгісі – зұлымдық пен ізгіліктің шекарасының жойылып, минотаврдың емес, зұлымдықтың маңдайынан сипаса екен деген тілекте жатыр. Жіңішке аурумен ауырған адамды басынан сипау – жіңішке аурудың басынан сипау емес. Жіңішке аурудың тұтқыны болған жан иесін аяу.

«Күнәкармен емес, күнәнің өзімен күресу керек», – деген әулие М. Ганди. Күнәдан жиіркенбейтіндер күнәмен ешқашан да күреспейді.

Адамның ар-ұятына байланысты ұғымдардың мойындалмай, тіпті мүлде керісінше сипат алуы мені ұзақ ойландырды. Ақыры бір тоқтамға келгендей болдым...

Мәселен, ұрлық жасау барлық елдің ұғымында масқара болып есептеледі. Бірақ ұрлықтан дәм татып дәніккен адамға ол ешқандай да масқара емес. Ерінің көзіне шөп салып үйренген әйелге зинақорлық ұят емес, қолға түсуі ғана ұят. Күнәкарлық гимаратына бір кірген соң, саған тыйым салатын ешқандай ереже жоқ. Яғни белгілі бір табалдырықтан аттағаннан кейін, саған әлдебір хайуани бостандық келеді, жиіркенуден арыласың. Бәрі де ***бой үйренуден*** *басталады: темекі де, маскүнемдік те, нашақорлық та. Әлдебір қылмысқа (қара күш пе, рухани ма – бәрібір) батыл қадам жа-*

сасаң болды, әрі қарай өзінен-өзі майға түскен пышақтай жылжып кете береді екен. Өйткені ар табалдырығынан аттағаннан кейін-ақ, жамандыққа бой үйренеді. Табалдырықтың ар жағында тұрған адамға ештеңе де ұят емес. Ештеңеден де қысылмайды. Өйткені басқа территорияда тұр. Ол тек осыны неге ертерек жасамадым деп өкінуі мүмкін.

Алайда бір затты естен шығармаған жөн. Табалдырықтан аттау – аттамағаннан жүз есе жеңіл. Аттау үшін үлкен күш жұмсаудың қажеті жоқ. Ішкі жеңілтек (хайуани) сезімдеріңе ерік берсең болды. Ал аттамау үшін үлкен қайрат керек. Маскүнемнің арақты, нашақордың есірткіні қою үшін жұмсайтын жігеріндей жігер керек. Ондай жігерің болмаса, «табалдырықтан аттай салғанда тұрған ештеңе жоқ» деп өзіңді-өзің алдап, жұбатқаннан басқаға шамаң келмейді.

Олай болса, адамгершілік деген, қалаған кезде кіре салатын есігі ашық тұрған иесіз үй емес, үлкен рухани жігерді, төзімді қажет ететін, шарты қатал, кіруі қиын сәулетті ғибадатхана. Ал қиындыққа төздіретін, жігеріңді құм қылудан сақтайтын жалғыз нәрсе – өмірге рухани мән-мағына ны ізгілік қана бере алатынын арыңмен, жаныңмен сезінуің ғана.

Жиіркенбеу керек депсің, құрбым. Жиіркеніш сезіміңді жұртқа сездіру, сездірмеу – этика мәселесі, бірақ оның дәрігердің де, дәрігер еместің де бойында бар екені даусыз. Ар мен ұяттың тазалығы барда, дүниедегі лас нәрселерден жиіркенбеу мүмкін емес. Сол сезімнен сенің де айырылып қалмауыңды тілеймін.

Бейтаныс құрбыңыз».

Мен хатымды жазып болған соң, өзімнің дұрыс жауап қайтарған-қайтармағанымды тексеру үшін, бейтаныс құрбымның хатын қайта бір көз жүгіртіп оқып шықтым.

Байқағаным – хаттың негізгі түйінін, шынында да, аңғармаған секілдімін. Оның ойынша, гомосексуализм өмір сүруге қақылы қоғамдық құбылыс, сондықтан одан жиренуге болмайды. «Ех, сізбен...» Осы кезде ғайыптан пайда болған бір күдікті ой маған ток соққандай әсер етті. Астапыралла! Мынауыңның өзі, мен білсем, гомосексуа-

лист! Неге меңзеп отырғаны белгілі. Бұған дейінгі қисық-қыңыр ой-пікірлерінің бәрі де осының ақтауы емей немене? Арам мен адалды бір ыдысқа құйып, сапырған қойыртпағын неге маған өткізе алмай жүр десем...

Бұрынғы хаттардағы көңілге секем алдыратын қитұрқы сөздердің бәрі анталап көз алдыма келгендей. Ойлаған сайын, өткенді пайымдаған сайын, ашқан «жаңалығымның» ақиқат екені анықтала түседі. Осынша күш-жігерді, ақыл-ойды сарп етіп, жүректі жаралап, жан алысып, жан беріскен арадағы айтыстың аяғы осыған келіп тірелер деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмес еді. Бұл тіпті мен күтпеген оқиға болды.

Бейтаныс құрбымның мына пиғылы менің жанымды қорлады. Әлдебір жиіркеніш сезімінен жүрегім айнып, лоқсығым келетін секілді...

Барған сайын найсаптанып, озбырланып келе жатқан бейтаныс құрбым ақыры менің намысымды оятқан секілді. «Кездесуді қалап тұрса, неге кездеспеске, – деймін өзімді-өзім үгіттеп. – Мен қорқатын ештеңе жоқ. Мақсаты күмәнді, пиғылы жат жандар жүрексінсін, жүрексінсе».

Мен Бейтанысқа жазған хатымның соңына мынандай сөздерді қостым: *«Ертең кешкі сағат 8.30-да подвалдың шаруашылық бөлімшесі жағынан күтемін»*.

Хатты келісімді жерге апарып тықтым.

Ертеңгі кездесер сәтті асыға күтетін секілдімін. «Көруім керек», – деймін әлденеге тағатсызданып.

Көрмеген жаудан қауіпті жау жоқ.

15

20 көкек

Дәрігер маған әлдеқандай ыстық укол тағайындады. Медбике мазасыздау жан болатын, укол салғанша маған қайта-қайта:

– Қорықпаңыз, қазір денеңізде ыстық толқын пайда болады. Тек қорықпаңыз, міне, міне, қазір, қазір, – деп, менің үрейімді ұшырып, ақыры – қысымым көтеріліп кетті ме – тынысым тарылып, жанымды қоярға жер таппадым.

– Өліп барамын, – дегенді әрең айттым.

Медбике зәресі ұшып, жүгіріп барып, бір әйелді шақырып келді. Екеулеп жүріп маған тағы екі укол салып, тақтай орындыққа шалқамнан жатқызып қойды.

Жарты сағат шамасында қалпыма келгендей болдым. Тіпті біршама көңілім көтеріліп, есімнен қалай танғанымды өсіріңкіреп айтып, өзімді-өзім мазақ қылып, медбикелерді күлдіре бастадым. Бірақ олар менің біржола айыққаныма толық сене қоймаған тәрізді. Мені палатаға апарып жатқызып, бүгінше төсектен тұрмауымды өтінді.

Түске қарай дәрігер келді. Оқтау жұтып алғандай кекірейіп тұрып, менің тамырымды ұстады, содан кейін сәл ойланып, «жарайды, көре салайыншы» дегендей, дымқыл алақанын маңдайыма салып, қызуымды байқағандай болды да, «бәрін де білем, осылай болуға тиісті және осылай бола береді» деген адамша ештеңе сұрамастан, айтпастан шығып кетті.

Түскі астан кейін көзім ілініп кеткен екен, түс көріппін. Ішінде халық ығы-жығы үлкен бір ғимараттың ішінде тұрмын. Жұрттың бәрі әлдеқандай бір кезекте тұрған секілді. Мен де тұрғым келіп кезектің соңын іздеймін. Соңы жеткізер емес. Сыртқа шықсам, кезекте тұрғандардың тізбегі қаланың сыртынан әрі асып кетіпті. Қалайда соңын көргім келіп, үйдің төбесіне шығамын. Шығамын да, айран-асыр болып тұрып қалам. Кезекте тұрған қарақұрым халықтың легінде тіпті шек жоқ, көздің нұры жетпейтін көкжиектен әрі асып, әлдебір тұманды кеңістікке сіңіп кеткен. Зәрем ұшып жерге түсемін. «Мына кезекке қалай тұруға болады?» – деймін әлдекімнен. «Ой, бұл кезектің соңына ешкім жеткен емес. Көбісі кезектерін баласының баласына қалдырып кетеді», – дейді әлгі әлдекім. Не істерімді білмей, ғимараттың ішіне қайта кіремін. Кенет: «Әй, бауырым!» – деген бір жұмсақ үнді естимін. Жалт қарасам, көзі күлімдеген еңкіштеу егде кісі. «Сен мұны таста, бұдан ештеңе өнбейді. Бері жүр», – дейді. Түрі таныс секілді, бірақ тани алмаймын. Тұрған жұрттың ара-арасымен өтіп, қабылдау бөлмесінің ішіне кірдік. Шамасы, ішке кіргеннен кейін, кезек әртүрлі кабинеттерге бөлінетін секілді. «Менің кезегім осы жерде. Осында отырып күт», – деп әлгі кісі шығып кетеді. Күтпеген

бақыттан қуанышым қойныма сыяр емес. Осы кезде: «Ал жақсы, кірдім, сонда не айтуым керек», – деген ой келеді басыма. Шынында да, не айтарым белгісіз, тіпті кезекке не үшін тұрғанымды өзім білмейтін секілдімін. «Қап, ұят болатын болды-ау», – деймін іштей ыңғайсызданып. Осы арада не болғаны есімде жоқ. Әлден уақытта қарасам, кіретін есікте жазулы тұрған өзімнің аты-жөнімді көремін. Түкке түсінбей: «Мынау менмін ғой, шырағым-ау», – деймін хатшы қызға жазуды көрсетіп. «Сіз болсаңыз қайтейін, кіріңіз онда өзіңізге», – дейді қыз безбүйректеніп. Мен жүрексіне орнымнан тұрамын. Кім болуы мүмкін ар жағында? Артымда тұрған көп халықтың ішінен: «Не де болса, тәуекел, кір», – деген сыбырды естимін. Іле-шала: «Қой, бірдеңені бүлдіріп аларсың, байқа, ойбай, байқа», – деген сыбыр тағы естіледі. Тәуекел деп есікті ашып, ішке кіріп келгенде... астапыралла, екі көзін менен алмай, өзіме қарай ақырын жақындап келе жатқан **өзімді** көремін. Біртүрлі түрі суық. Денем тітіркеніп, шегіне беремін. Ол онан сайын жақындай түседі. Бетіме демі тиеді... Қолыма қолы тиіп еді, өліктің қолындай мұп-мұздай екен. Айғайлаған өз даусымнан шошып ояндым.

Бірінші көргенім – қарсы алдымда тұрған медбике. Мені оятпақ болып, қолымнан ұстапты. Қолын мұздай суға жуған ба – сұп-суық.

– Кешіріңіз, – дейді қысылып, – сізді шошытып аламын деп ойламаппын. Шайды бөлмеңізге әкеліп едім. Суып қалмай тұрғанда ішіп алыңыз.

– Рақмет, – деймін медбикенің мұздай қолын жібермей.

Мынандай жайсыз түстен кейін оянып, қайтып оралатын анық өмірдің барлығы, онда сені медбикенінің шай әкеліп күтіп отыратыны қандай жақсы деп ойлайтын секілдімін.

Кешке қарай ауа райы бұзылып, аздап жаңбыр жауды. Одан кейін жел тұрып, ауланың ішін астан-кестең қылды. Кешкі кездесуді ойлаған менің де жан сарайым үйқытүйқы. Уақыт жақындаған сайын тағатым қашып, мазасыздана түсемін.

Кешкі асты ауыз тиіп қана қайтардым. Қанша зорлансам да, батпады. Бөлменің ішін әрлі-берлі кезіп, дәлізге

шықтым. Одан сыртқа қайта шығып, шаңы бұрқыраған аула ішінде жалғыз өзім ұзақ жүрдім. Өзімді-өзім арбап: «Күшіңді жи! Жігерлен! Басыңды көтер!» – деп арасында сыбырлап қоямын.

Осылай қанша жүргенім есімде жоқ. Әлде үрейге бойым үйренді, әлде өз ішімнен бір қуат таптым, әйтеуір, беймәлім бағытқа алып қашқан көліктің басын тартып тоқтатып, есімді жиғандай болдым. Өзімнің кездесуге дайын екенімді сездім.

Сағат сегіз жарымда подвалға түстім. Мына қырсықты қарашы. Киім-кешек, төсек-орын, шаруашылық жабдықтары сақталатын бөлмелер жағы жайшылықта жарқырап тұратын. Шамасы, шамдары жанып кеткен – дәліз қап-қараңғы. Мына жағдай мені тіпті абыржытып тастады. Отыратын орындығы да бар секілді еді, оның қай жерде екенін бір құдай білсін. Мұны білгенде, бұл жерге келуге уәде байласпайтын едім. Әдейі істеп жүрген өзі емес пе екен деп іштей бейтаныс құрбымнан қауіптеніп қоямын. Кенет әлдебір тықырды естігендей болдым. Жүрегім су ете қалды. Соның өзі! Қабырғаға арқамды тіреп, тың тыңдадым. Дыбыс шыққан жаққа ақырын жылжып келемін. Дәліздің кей тұстары алакөлеңке, бірдеңелерді аңғаруға болады. Шамасы, сырттан жарық келетін шағын терезелер болу керек. Кенет тықыр мүлде басқа жақтан шыққандай болды. Бейтаныс құрбым мені әбден мазақ қылып жүрген секілді. Тықырдың әр жерден естілуі тыйылмады.

Ақыры шыдай алмай, өз даусымнан өзім қорқып тұрсам да, барынша сабырлы болуға тырысып:

– Мен бәрін де біліп тұрмын. Сен осындасың, – дедім даусымды көтеріп. Дәліз ішінде даусым күңгірлеп, онан жаман қорқынышты естілді. – Кездесетін күн болса деп тілеп едің, міне... – Одан әрі «келдім» деген сөзді айтып едім – демім бітіп, үнім шықпай қалды. Бар қуатымды жиып:

– Келдім! – дедім.

Даусым тым қатты шығар деп ойлаған жоқ едім, өз айғайымнан өзім шошып кеттім. Ешкім үн қатқан жоқ.

Қабырғаны сипалап, ақырын жылжып келемін. Тықыр естілмей кетті. Тас қараңғы бұрыштан сәл-пәл қара көбең-

деу тұсқа шықтым. Кенет дәл қасымнан әлдекімнің бейнесі көлбең ете қалды. Тұла бойым түршігіп, айғайлап жібердім. Одан кейін қалай құлаштап ұрғанымды өзім де сезбей қалдым. Сезгенім – қолымның әлдебір қатты затқа тиіп, іле-шала салдыр-гүлдір етіп сынған әйнектің жерге шашылғаны.

Қараңғы дәліздің ішінде жүремнен отырып, есімді жинадым. Ұрғаным қабырғадағы айнаға түскен өз бейнем болып шықты. «О, тәңірім, осынша азапқа салғандай, не жаздым?» – дедім қинала күбірлеп. Көзіме жас келді...

Қолымның жарақаты жанға батып, орнымнан тұрдым. Қираған айнаның сынықтары аяқ астында шақыр-шұқыр етеді.

Мең-зең күйде қабырғаға қайта-қайта соғылып, келген ізіммен жоғары көтерілдім. Палатама кірген кезде, мені күтіп тұрғандай, іле-шала медбике де кірді. Мені көріп:

– Ойбай, не болды?! – деді шошынып.

– Есік алдында сүрініп құлап қалдым, – дедім ішімнен басқа біреу сөйлеп жатқандай бөтен үнмен.

– Түріңіз боп-боз ғой. Қазір дәрігер шақырайын.

– Жоқ, – дедім әрең дегенде үн қатып. Өйткені осы кезде әбден қалжырап шаршағаным соңша, бойымдағы әл-қуат ең соңғы бір талшыққа ілігіп тұрғандай көрінді. – Шақырмай-ақ қой... – Терең демалып, келесі сөзді айтуға күш жинадым. – Қолымды байлап беріңіз...

Медбике жүгіріп шығып кеткен. Ақыры кезекші дәрігерді ертіп қайтып келді. Дәрігер қан қысымымды өлшеп, жүрегімді тыңдап, әлдебірдеңелерді менен сұрайтын секілді, медбике жанталасып дәкемен қолымды орап байлап жатыр, бірақ мен олардың ешқайсысына да мән берген жоқпын, өйткені мұның бәрі менің жан дүниемде болып жатқан оқиғаларға түк қатысы жоқ мағынасыз бірдеңелер еді. Дәрігердің маған укол тағайындағаны, берген ақыл-кеңестері, медбикенің құйрығымнан шапалақпен ұрғандай сарт еткізіп ине шанышқаны – осының бәрі маған басқа біреудің басында болып жатқан оқиғадай көрінді

Шаршағаным соншалық, дәрігер мен медбике кетісімен, өзімнің қалай ұйықтап кеткенімді сезбей қалдым.

Оянсам – сағат түнгі 11-ден кетіп барады екен. Қатты ұйықтағаным сонша, қайдан келіп, қайда тұрғанымды есіме әрең түсірдім. Манағы болған оқиғалар, күйзелістер сәл-пәл алыстап, сабырмен ақылға салып ойлануға мүмкіндік бергендей.

«Не себепті кездесуге келмеді екен?» деген ой бірінші келді. Әлде... Осы кезде: «Өзі соңғы хатты алды ма екен?» деген бір күдік сумаң етті. Орнымнан атып тұрып, дәлізге шықтым. Дәлізде ешкім жоқ. Үстелге келіп, астына қол жүгіртіп едім, қолыма қағаз ілікті. Жүрегім тарсылдап, қағазды жұлып алғанда, өзімнің хатым екенін көрдім. Әлдеқалай тағы да әлсіреп, хатымды орнына қайта қойдым да, сылқ етіп орындыққа отыра кеттім. Басым ұйып: «Алмапты ғой», – деймін күбірлеп өзіммен-өзім сөйлесіп. Иә, бәрі де түсінікті болды. Жел диірменмен соғысқан әумесердей өзімді-өзім қарадай азапқа салған сорлы басым!..

16

21 көкек

Бүгін кешегі оқиғаларды қайтадан еске түсіріп, екшеп, зерделеген кезде өз ісімнің қайсыбір келеңсіз жақтарын байқағандай болдым. Біріншіден, кездеспек болған адамыңнан «жарайды» деген бір ауыз сөзді естімей жатып, келер-келмесін білмей тұрып, тұра жүгіру қисынға жата ма? Шамасы, өзімнің сол кездесуге асыққаным сонша, оның келісіміне көңіл аударуға уақытым болмаған секілді.

Екіншіден, бейтаныс құрбының қай жақтан екені белгісіз – сырттан ба, әлде, осы ауруханадан ба – егер сырттан болса, оны түнге қарай подвалға кездесуге шақырудың жөні дұрыс бола қоя ма? Тегінде, менің күнделігімді сұраусыз оқып, жазған хатын палатама әкеп тастап, мені мазақ қылатын, кірмейтін есігі жоқ, көзге көрінбейтін, қолға түспейтін, астыңғы дәліздегі орындықтар қойылған оңаша қуысты менен артық білуге тиісті ерекше құ бейтанысты қайда, қалай шақырсаң да артықтығы жоқ деп ойлаған болуым керек.

Үшіншіден, осы кездесу жалпы не үшін қажет болды? Дүниетанымдық жекпе-жекке тікелей қатысы бар ма? Кім біледі... Жекпе-жектің психологиялық жағы тағы бар. Бұған дейін ойын ережесін ол жасап, мен соған мойынсынумен келдім. Хат жазысу, хатты дәліздегі үстелдің астына қалдыру, менің рухани әлеміме тәртіп орнатпақ болған әрекеттер, өзі туралы күні-түні ойлатып, түсіме кіріп, маза бермеу, жанымды жарақаттап, қорлануға мәжбүр ету – осының бәрі соның бастамасы. Ендеше менің де бас көтеріп, өз шарттарымды ұсынып, оның сол шарттарды орындауына амал табуым керек қой...

Сағат 12 шамасында дәрігер қабылдады. Ештеңе айтып та, сұрап та жарытпайтын оған мен де ештеңе айтқан жоқпын. Екеуіміз үнсіз отырмыз. Әлден уақытта:

– Көңіл күйіңіз қалай? – деді, жол-жөнекей «саламатсыз ба» дегендей бір үнмен. Турасы, «саламатсыз ба» – адамға қойылатын анық сұрақ: «амансыз ба, деніңіз сау ма» деген ұғымды білдіреді. Бірақ осы сөздің әшейін рәсімге айналып кеткені соншалық, оған ешкім «иә, саламатпын» деп жауап беріп жатпайды, керісінше, екінші жақ та «саламатсыз ба» деп кері сұрақ қойып, оған жауап та күтпестен, өтіп кете береді. Қысқасы, дәрігердің әлгі сұрағы осыған ұқсас бірдеңе болғаннан кейін, мен де жауап берген жоқпын.

Біраз отырғаннан кейін ол маған:

– Барып дем алыңыз, – деді.

Мен шығып кеттім. Палатаға келіп, бейтаныс құрбымның хаттарын асықпай қайта бір оқып шықтым.

Ойлап отырсам, оның алғашқы хатын алғаннан бергі арада тұтас бір ғұмыр өткен секілді. Өз бойымнан әлдебір өзгерістерді байқаймын. Әрине, мен өз мұратымнан ешқашан да бас тартқан емеспін. Тек ізгілікке қарсы күштің тамыры мен шамалағаннан әлдеқайда терең болар деп ойламаған екенмін.

Рухани әлемде екі бағыт бар: бірі – пенделік мүдде, екіншісі – биік парасат пен ізгілік құдіреті.

Пенделік мүдде, негізінен, тобырға жақын, ал биік парасат – сирек тұлғалардың еншісі. Біз қазір пенделікті қоғамдық дәрежеде ашық насихаттауға кірістік, тобырдан жеңілгенге ұқсаймыз.

Пенделік мүдденің ішкі мазмұны негізінен өмірдің ләззатына, рақат-қызығына негізделген. Ләззат – шарап секілді. Жоғары сапалы жұпар иісті, дәмді шарапты көпшілік бағалайды; оны ішкенде көңілің көтеріліп, жаныңа әлдебір шуақты нұр құйылғандай болады. Бір-ақ рет берілетін қысқа ғұмырда бұдан артық не керек деп ойлауға болатын секілді. Бірақ дәмді шараптың қатері де аз емес. Шарапқа құнығып, ақыр аяғында азғындыққа ұшырау – өмірде ең көп кездесетін оқиғалардың бірі. Тәтті өмірге тым елігу, өзіңді шектемеу, үнемі мейірің қанғанша ішуге тырысу, түптің түбінде рухани маскүнемдікке, адамгершілік азғындыққа әкелері сөзсіз. Жолдағының бәрін жайпап, өлген-тірілгеніне қарамай, байлыққа ұмтылу, өліктердің үстімен жүріп, билікке ұмтылу, ар-ұятты белге байлап, зинақорлыққа ұмтылу, «жұмыртқа пісіріп алу үшін көршінің үйін өртеу» тағы сол сияқты асқынған пенделік өзімшілдіктер азғындықтан басқа түк те емес. Осы қатерді жұрттың көбі сезгілері келмейді. Оған қарсы күреспек түгілі, күресу туралы ниет жоқ. Қатерлі жаудың аты аталып, түсі түстелмеген.

Адами ынсапты аяққа таптап, тамақ пен ұйқыда да, нәпсі мен қызғанышта да, өгіз қара күші бар өзімшілдікте де ат басын тежеп көрмеген қанағатсыз есірік өмір. Иә, есірік өмір! Басқаша айту мүмкін емес.

Менің бейтаныс құрбым мен күткен межелердің бәрінен де асып түсті. Ізгілікке сенбеушілік, ол үшін күреспеушілік, немқұрайлылық – бұл жақсылыққа қарсы күштің жеңілдеу түрі; онымен жан қысылғанда тіл табысуға да болады. Зұлымдыққа қолдау көрсету, онымен сыбайлас болу – бұл жауластықтың әлгіден гөрі ауырлау түрі; онымен тіл табысу жоқтың қасы. Ал бейтаныстың ұстап отырған бағыты – зұлымдықты қолдап қана қоймай, оны дәріптеу, мұратқа айналдыру. Бұдан үлкен қатер болуы мүмкін емес.

Зұлымдықты, өлімді, қара түнекті мадақтап жырға қосқан Бодлерді оқып жатырмын деп тамсанады. «Адам өмірі Бодлердің бір жолына да тұрмайды» деген сөзге, қай данышпан айтса да, келісу мүмкін емес. Алайда өз басым Бодлер туралы әртүрлі пікірлерді кездестірсем де, өлеңдерін оқымаған секілдімін.

Бесін кезінде сыртқа шығып бара жатып кітапханаға соқтым. Кітап сөрелері тұрған ұзынша бөлменің терезелері күн жаққа қараған, іші қапырық. Бояу мен лактың иісі мұрынға келеді. Бәлкім, көрші бөлмелердің бірінде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Кітапханашы адамға қарамай сөйлейтін, әлгінде ғана біреумен ұрсысып қалғандай тырсиып, кісікиіктеніп отырған көріс әйел екен. Жұрттың қойған сұрақтарына қысқа ғана, әлдебір наразылау үнмен жауап береді.

Мен үстел үстіндегі газеттерді оқымай, суреттеріне ғана қарап аударыстырып отырмын. Не жазатыны белгілі: мемлекеттің гүлденуі, әр салада қол жеткен табыстар, болмашы проблемалар, шетелдік хабарлар т.с.с. Адам жанын түршіктіретін ұятсыз оқиғалардың ақпаратынан ғана қорқамын. Өйткені одан кейін ұзақ уақыт жиіркеніш сезімінен арыла алмай жүресің.

Әлден соң:

– Сіздерде Бодлердің өлеңдер жинағы бар ма? – дедім басымды көтеріп.

Кітапханашы өзінің ішкі механизмін іске қосқан роботша бір сәт үнсіз тұрды да:

– Бар, бірақ қолда, – деді маған қарамай, өз жұмысымен шұғылданып отырып. Содан кейін әлдебір карточкаларды аударыстырды да:

– Тапсыратын уақыты өтіп кетіпті, – деді өзімен-өзі сөйлескен адамдай. – Кітап 10 палатада.

Мен селк ете қалдым:

– Нешінші? – дедім кекештеніп.

– Оныншы, – деді ол маған таңырқай қарап.

Әлдебір үрейден демім тарылып, тұншыққандай болдым.

– Қалайша? – дедім бір заманда ештеңеге түсіне алмай. – 10 палата – менің палатам ғой. Мен ондай кітапты алған да, көрген де емеспін.

– Міне, – деді кітапханашы карточканы көрсетіп өкпелегендей бір үнмен. – Көріңіз, сенбесеңіз.

Мен орнымнан тұрып, кітапханашының қасына барып, карточкаға үңілетін секілдімін. Бірақ түк көрмеймін. «Мүмкін емес! Мүмкін емес!» – дей беремін бейберекет күбірлеп. Үлкен бір қатерді сезіп тұрмын. Бірақ оның не екенін айыруға шамам жетпейді.

– Сізге не болды? – деген үрейлі дауысты естідім. – Бір жеріңіз ауырып тұр ма? Қазір... дәрігер шақыртайық. Отырыңыз... отырыңыз, қозғалмаңыз...

«Неге қозғалмауым керек? – деймін іштей таң қалып. – Қозғалса, не болады?»

Төңірегіме адамдар жиналғанын сезем. Әлден уақытта медбике келді. «Басыңыз айнала ма? Жүрегіңіз шанша ма?» деген секілді сұрақтарды естимін. Бәріне «жоқ» деп жауап берудемін. Ал шындығында қандай күйде тұрғанымды өзім білмеймін.

Медбике мені жетелеп палатама алып келіп, төсегіме жатқызды. Одан кейін кезекші дәрігер келді. Менен не болғанын сұрады. Қайта-қайта кекештеніп, тұтығып, ауа жетпей демігіп, болған оқиғаны шатастырумен болдым.

– Мен ол кітапты алған емеспін, – деймін ентігіп. Сенбей қоя ма деп қорқып, – Тіпті көрген кітабым емес, – деймін кітапты алмағанымды дәлелдесем, бәрі орнына келетіндей.

Дәрігер менің жағдайымды түсінген секілді. Медбикеге әлдебір тапсырмалар беріп кетіп қалды.

Дәрі ішіп, сәл-пәл тынығып, есімді жиғандай болсам да, бір діріл бойымнан кетпей қойды. Тек кешкі астан кейін укол алып, іле ес-түстен айырылғандай, түк сезбейтін терең ұйқыға кеттім.

17

22 көкек

Түс кезінде бір-ақ ояндым. Мені әдейі оятпаған секілді. Тамақты палатама әкеп тастапты. Қатты ұйқыдан есімді жия алмай, мең-зең болып жүріп, жуынып, киініп, тамақтан ауыз тидім. Кешегі оқиғалар есіме түсті. Адам санасы ұқпайтын бір беймәлім құпия жағдайдың уысында отырғандаймын. Өзімді-өзім қанша сабырға шақырсам да, көңілім тыншымады.

Медбике мені дәрігерге алып барды. Дәрігер басқа шаруасының бәрі бітіп, тек менімен кездесуді ғана күтіп отырғандай, үстелінде бостан-бос отыр екен. Мен келіп

жайғасқаннан кейін, саусақтарымен үстелді тықылдатып, тағы біраз отырды. Ақыры:

– Мен сізбен ашық сөйлескелі отырмын, егер сіз осы әңгімеге дайын болсаңыз, – деді жақын адамның қазасын естірткелі отырғандай түнере сөйлеп.

– Дайын болу үшін мен не істеуім керек? – дедім айтқанына толық түсінбей.

Ол менен мұндай сұрақ күтпеген адамдай төмен қарап ойланып, отырып қалды. Әлден соң:

– Онда әңгімені сіз бастаңыз, – деді маған көзілдірігінің үстінен сүзіле қарап. – Маған қоятын қандай сұрағыңыз бар?

– Бар, – дедім өз сөзімнен өзім үрейленгендей, ентіге сөйлеп. – Ауруханаға түскелі бері әлдекімнен хат алып жүрмін... – демім бітіп, сөзімді әрең аяқтадым.

– Асықпаңыз, – деді ол маған әлдеқалай тұңғыш рет күлімсірей қарап. – Темекі шеккіңіз келмей ме? – Алдындағы сигарет қорабын маған қарай жылжытты.

Мен басымды шайқадым.

– Жоқ, рақмет. Темекі шекпеймін. Айтайын дегенім, хат иесін қанша аңдысам да, таба алмай қойдым. Кейде, басынғаны сонша, хатын бөлмеме әкеліп тастайды. Бірақ ең бастысы бұл емес, ең бастысы – ол бүкіл денесін жарылғыш заттармен орап алған террорист секілді ең қатерлі идеялармен қаруланған кесапат адам. Ондай идеялар індет секілді тез тарайды. Өйткені адами жауапкершіліктен гөрі хайуани еркіндікке көбірек негізделген өмір шарты қалың тобырдың сұранысына сәйкес келіп тұр. Миллиондардың өмірін жалмайтын індет те алдымен бір адамның ауруынан басталады. Әзірге бір адамның басында жүрген мына идея ертең адамзаттың қасіретіне айналмасына ешкім кепіл бола алмайды. Мен бұл адамммен қалайда кездесуім керек еді. Оған қарсы қоятын менің де дәлелдерім жеткілікті. Бірақ өзі кездесуден жалтарып жүр. Ең сұмдығы, бір хатында зұлымдық жыршысы атанған француз ақыны Бодлердің өлеңдер жинағын оқып жатырмын деп жазған болатын... Кеше кітапханаға барсам, кітап 10 палатада дейді. 10 палата – менің палатам... Ол кітапты мен алған емеспін... Шынымды айтсам, ақыл-естен айырылудың азақ алдында жүрмін... – Тағы да жүрегім көтеріліп, демім

бітіп, сөйлей алмай қалдым. – Әйтсе де, – дедім әлден соң демімді басып, – басқа біреудің көмегінсіз бір адамның осынша ойына келгенін істеуі мүмкін емес секілді. – Содан кейін басымды көтеріп, дәрігердің жүзіне тура қарадым. – Айтыңызшы, ол кісінің сізбен байланысы бар ма?

Арамызда ауыр үнсіздік орнады. Дәрігер не айтарын білмегендей, саусағымен үстелді баяу тықылдатып, төмен қарап, ойланып отырды да, кенет:

– Бар, – деді.

Орнымнан қалай атып тұрғанымды өзім білмеймін. Тілім байланғандай сөйлей алмаймын. Бірнеше сөз бір-бірімен қабаттасып, көмейімде кептеліп қалған секілді.

Дәрігер тағы да маған жылы жүзбен күлімсірей қарап, қолымен отыр дегендей ишара жасады. Мен екі көзімді дәрігерден алмай, ақырын отыра бастадым.

– Мен сіздің басыңыздан өткен жағдайдың бәрін білемін, – деді ол айрықша сабырлы үнмен. – Ол жағдайды дұрыс түсіну үшін сіз мені мұқият тыңдаңыз. Мен әңгімені әріден бастайын.

Адам психикасы медицина әлеміндегі ең бір күрделі, сыры терең, жұмбағы көп айрықша сала. Сол себепті бұл салада ғылымнан гөрі мистика басымырақ деуге болады. Мәселен, адам тұлғасының екіге бөлінуі деген құбылыс бар. Мен өткенде де бір рет сізге шет жағасын айтқан болатынмын. Бұл әлі де толық ғылыми анықтамасын таба қоймаған нәрсе. Бір адамның бойында кезектесіп бір-біріне ұқсамайтын екі тұлға пайда болады. – Дәрігер, түсініп отырсың ба дегендей, маған қарап қояды. – Ал кейде екі тұлға кезектесіп ауысып отырады. Бұл – ешқандай ертегі емес, психика әлемінде кездесіп жүрген құбылыс. Мен сізге әлдеқашан тарихқа енген белгілі деректерді ғана айтайын. 1887 жылдың қаңтар айының аяқ кезінде әлдебір орта жастағы ер адам Американың Норристаун деп аталатын шағын қаласына келеді. Өзін Браун деп таныстырған бұл адам келе салып, кеңсе тауарларын сату ісімен шұғылданады. Өз тамағын өзі істеп, сатып алған дүкенінің түпкі бөлмесінде тұрып жатады. Шіркеуден қалмайды. Тауар әкелу үшін бірнеше рет Филадельфияға барып келген. Аққөңіл, жайдары осы адаммен қала халқы тез табысып кетеді. Алайда наурыз айының 14-і күні ол күтпеген мінез

көрсетеді. Көшедегі көрінген адамға жалынып, қай қалада тұрғанын сұрап, өзінің мистер Браун емес, мистер Берн екенін, ешқандай сатушы емес, Грин қаласының дін уағыздаушысы екенін айтып, елді айран-асыр қылады. Ақыры Грин қаласынан әйелі келіп, 17 қаңтарда аяқ астынан жоғалып кеткен күйеуін танып, алып кетеді. Бұл оқиғаның тағы да жалғасы бар. Бірақ мәселе онда емес, мәселе адам бойында осындай беймәлім құпия жағдайлардың болатындығында. – Дәрігер сигарет алып тұтатып, креслоға шалқайып отырды да, өзінің кез келген адамға айта бермейтін маңызды пікірін ортаға салғандай, әр сөзін ойлана сөйлеп, әңгімесін жалғады. – Жалпы осы мәселенің әлеуметтік астары тым тереңде болуы мүмкін. Өйткені мұндай құбылыс медицинада негізінен патология саласына жатқанымен, сау адамның жан дүниесінде де осыған ұқсас жағдайлар аз емес. Өзінің табиғатына, мінез-құлқына жат әрекет жасап, қателескен адам «мені шайтан түртті» немесе «шайтан азғырды», «қара басты» деп өкінер еді, ал бұл, шын мәнінде, адам бойындағы екінші қосарлас тұлғаның билікті сенен уақытша тартып алуы. Ал, ашығын айтсақ, біз бәріміз де екіге бөлінген тұлғалармыз. Ішімізден «жоқ» деп отырып, сыртқа «иә» деп келісе салатын болсақ, жек көріп отырып, жақсы көрем деуге үйренсек, өзің сенбей отырған жалған істі сыртқа шындық ретінде қолпаштап, қолдап отыратын болсақ, осының бәрі бәріміздің қос тұлғаға айналғанымыздың белгісі емей не? Немесе кішіпейіл, ізетті адамның не байығанда, не үлкен билікке қол жеткізгенде өркөкірек, дөрекі мүлде басқа адамға айналуы және сол адамның өзінен жоғары бастықтың алдында қайтадан кішіпейіл, ізетті адамға айналуы да әлгі айтылған құбылыстың бір түрі. Мұны екі жүзділік дейсіз бе, әлде тұлғаның екіге бөлінуі дейсіз бе – одан ештеңе өзгермейді. – Дәрігердің жүзінен әлдекімге деген жек көрініш сезімі байқалғандай болды. Кіржиіп отырып, темекісінің күлін түсірді де, кіммен сөйлесіп отырғаны есіне түскендей, маған қарап, әңгімесін жалғады. – Лев Толстойдың «Тойдан кейін» деп аталатын әйгілі әңгімесі есіңізде шығар. Той үстінде бишілігімен, бекзаттық қалпымен, зиялы мәдениетімен көзге түскен егде полковник дәл сол күні таң алдында

қатыгез, найсап жендет күйінде тағы да көзге түседі. Бір адам ішіндегі екі адам дегенің осы емес пе?

Мен шыдай алмай дәрігердің сөзін бөлдім:

– Жақсы, айтқаныңыздың бәрімен келісейін. Бірақ осының бәрінің мен қойған сұраққа қатысы қанша?

– Қатысы тікелей, – деді ол бұрынғыша бойын тік ұстап, маған қадала қарап. – Мен адам бойындағы қостұлғалылықты бекер айтып отырған жоқпын. Сізбен бір айға жуық хат жазысқан бейтаныс адам ешқайдан келген жоқ, ол өзіңіздің ішіңізде.

– Не деп тұрсыз? – деймін дәрігердің сөзіне толық түсінбей.

– Сіз әр үш күн сайын, кейде төрт күн салып, таңертең басқа бір адам болып... яғни бейтаныс құрбы болып оянасыз. Құрбыңыз мына сізге қарағанда ашық, жайдары, бейімделгіштеу екен. Бұл жағдайды ол сізден бұрын білді. Сізбен хат жазысып, танысу жөнінде шешім қабылдаған өзі. Біз сізді шошытып аламыз ба деп қорықтық. Сол себепті айта алмадық. Енді шегінетін жер қалмады. Сондықтан сабыр сақтап, өзіңізді ұстай білгеніңіз жөн. Алайда...

Жан дүниемді қалтыратқан үрей тасқыны тағы да басталды. Үлкен апаттың жақындап қалғанын сезіп, өзімді қанша жігерлендірмек болсам да, «осынау кесапат идеялар менің өзімнің ішімде екен ғой» деген ой келгенде, одан әріге шыдауға менің сорлы жүйкем шыдамады. Есімнен танғанымды есімді жиған кезде бір-ақ білдім. Қолқамды күйдірген ащы иістен басымды шайқап, қашқан боламын. Әлдекім мүсәтір спиртін танауыма тықпалайды.

– Терезені ашыңдар, – деп айғайлайды дәрігер біреулерге. Өзі анда-санда шапалақпен бетімнен ұрып қояды.

Ақыры есімді жидым. Мені медбике палатама әкеп салды. Бұдан кейінгі оқиғалардың бәрі маған буалдыр түс секілді. Көп ұзамай дәрігер келіп, оның мына жағдайды естірту өзіне де қиын болғаны, бірақ қатерлі сәттің енді артта екені, өзінің гипноз терапиясын ойластырып жүргені туралы айтқандарын мен басқа біреуге айтылған әңгімедей тыңдап отырдым. Тек менімен айтысып жүрген бейтаныс-

тың міндетті түрде таңертеңгі ұйқыдан оянған кезде ғана пайда болатын ерекшелігін айтқан кезде үрей дауылы қайта көтеріліп, тынысымды тарылтқандай болды.

– Ол енді қашан пайда болады? – дедім соңғы сөзге демім әрең жетіп.

– Бүгін төртінші күн бе? – деді дәрігер төбеге қарап ойланып. Содан кейін әлдеқайдан растаған хабар алғандай: – Онда ертең таңертең... – деді онсыз да белгілі ғой дегендей соңғы сөзін айтпастан маған қарап.

Мен шошынғандай әрі таңырқағандай «А-а» деген бір дыбыс шығаруым керек еді, бірақ қатты ентіккеннен демім таусылып, үнім шықпады. Таңертең мүлде басқа адам болып қалай оянатынымды ақылға сыйдыра алатын емеспін.

Кешкі тамақтың бетіне қарауға зауқым болмады. Түннің бір уағында палатама аутотренинг жүргізуші дәрігер қыз келді. Кезекші екен. Басқа уақытта келсе, шын қуанған болар едім. Бірақ ондай қуанышқа менде қауқар қалмады. Бір байқағаным, ол бұрынғы мен көрген нәзік, сезімтал, қылықты қызға ұқсамайды, басқа бір адам секілді. Өмірдің ыстық-суығын тегіс көрген егде әйелдей маған мүсіркей қарайды.

– Біз бәріміз де бұл жағдайдан хабардар болатынбыз... Сіздің жүйкеңізді толық зерттеу үшін дәрігер есебінде күнделігіңізді де оқуға тура келді... – дейді әлдебір кінәлі үнмен.

– Бәрі болғанда кімдер? – деймін, «бәріміз» деген сөзге толық түсінбей.

– Осындағы бәріміз, бас дәрігерден бастап. Медбикелер де біледі... – Менің жүзімнен әлдебір жайсыздау рең байқағандай. – Енді мұндай жағдайды бәрі білмеуі мүмкін емес қой, – деді ақтала сөйлеп.

Мен өзімнің тәжірибе жасалған көжек секілді осындағы көрінгеннің ермегіне айналғанымды сездім.

– Сіздің бойыңыздағы қасірет, әрине, ауыр жағдай, – деді ол қамыққандай үнмен. – Бірақ... мен өз басым сіздің күнделігіңізбен танысқан кезімді өмірімдегі ең үлкен оқиғаның бірі деп білемін. Шынайы тазалық бұл өмірде онсыз да құлағалы тұрғандай көрінеді. Бәлкім, оны құлатпай тұрған сіз секілді санаулы адамдар шығар, егер мүлде

жалғыз қалмаған болсаңыз... Мен сізге де, әулие қасиеттердің бар екеніне де сенемін. Тіпті әулиелік аномалия-ақ болсын, бірақ жер бетінде миллиондардың ішінен екі бас, бір денелі кембағалдар да туып жатады ғой. Ең болмаса, сол табиғат заңына қайшы кембағалдар ғұрлы дүниеге келуге хақысы жоқ па?

Мен оның айтқан сөздеріне аса үлкен мән бере қойған жоқпын. Өйткені ойыма онымен үнсіз сырласқан сәттер орала берді.

– Маған қазіргі сіз емес, мені азапты ойлардан құтқармақ болған, менімен үнсіз сырласқан Сіз ұнайсыз, – дедім әңгімені басқа арнаға бұрып. – Сіз қазір тым ақылды, тым пысық, тым білімдісіз. Мен сіздерге зерттеу объектісі ғанамын. Бәріңіз де мені қорлап отырсыздар... Менімен сырласқан Сіз жоқ... Сондықтан...

– Ол кісі менің жан сарайымда, – деді ол көкірек тұсын қолымен нұсқап.

Мен онымен өткендегідей үнсіз сөйлескім келіп, «Оны қашан көруге болады?» дегенді жанарыммен білдірген болдым.

Ол менің «сұрағыма» түсінбеді.

«Мен оны сағынатын боламын», – дедім тағы да үнсіз.

Ол «естімеді».

Мен торығып, жерге қарап, үнсіз қалдым.

– Біз бәріміз де басқа адамға айналдық, – деді ол бір кезде даусы қарлығып. – Сәбилік періште күйін сақтап қалған ешкім жоқ. Шайтанға жанын сатқан Фауст секілді өмірдің пендешіл қағидасына арын сатқан миллиондаған жандардың біріміз. Рас, әрегідік бір кездегі кіршіксіз сәби көңіл шырылдап, бой көрсетеді. Оны тіпті сағынатын кездеріміз бар. Бірақ оған бұл дүниеде орын жоқ екенін қынжыла отырып мойындауға тура келеді.

– Апыр-ау...

– Солай... әулием... – Оның қалтыраған үнінен селк етіп, басымды көтергенде, көзіндегі жасты көрдім.

– Апыр-ау... – Төңірегім бұлдырап көрінбей кетті.

Ол орнынан көтеріліп, әрі-сәрі тұрды да, сөзінің соңын кейін айтпақ болғандай, үн-түнсіз шығып кетті.

Ол кетісімен ауыр минуттар басталды. Бөлме ішінде сенделіп жүрмін. Есіктің қасындағы айнадан өзімді көрдім.

Көптен түрімді көрмеген екенмін, көзім алды күлтілдеп, қабағымның арасына тік сызық әжім түсіпті. Кенет әлдеқалай денем дір ете қалды. Өз көзіме қадалып қараған сайын, ар жағынан басқа біреуді көретін секілдімін. Жүрегім атқақтап, айнаны аудара салдым. Шамды сөндіруге қорықтым. Сөндірсем болды, бөлме ішінде жүрген тағы біреу «енді менің кезегім келді, орынды босат» дейтін секілді.

Дәрігердің: «...таңертең басқа адам болып оянасыз», – деген даусы құлағыма естілгендей болды. Менің арым мен жанымды қорлаған зұлымдық ертең менің бойымнан оянбақшы...

«Жоқ! – дедім ышқынып. – Жоқ! Жоқ! Ешқашан да... Ешқашан да...»

Сәл тыныстап, ентігімді бастым. Арқа ысатын жөке, орамал, сабынымды алып, дәліз түпкіріндегі ваннаға бардым. Түнге қарай ванна бос тұрады. Денемді жөкемен ысқылап, жуынып, тәнімді тазарттым. Жуынып болған соң, ваннаны шайып, ыстығын басымдау қылып, су ағыздым.

Палатаға келіп, сақал алатын алмастың біреуін жаланаштап, қасыма қойдым. Көңілімде өкініш те, реніш те жоқ. Тек ойға алған мақсатты тезірек орындасам деген жалғыз тілек. Қазір ваннаға түсіп, білек тұстағы күре тамырды алмас жүзбен ақырын ғана қиып жіберемін. Ар жағы қиын шаруа емес. Су ыстығырақ болса, қиылған тамырдың ауырғаны аса қатты сезілмейді. Бірте-бірте маужырап, бірте-бірте әлсіреп, жарық дүниеден алыстай беремін. Тек қанды көріп, жүрегім көтерілмес үшін, көзімді жұмып алуым керек. Содан кейін боқ дүниені боққа былғай түспек болған кесапат бейтаныс, сен де қайтып оянбайтын мәңгі ұйқыға кетесің... Амал жоқ, сенің арам өліміңе ортақ болдым. Тағдырдан ешкім қашып құтылмайды...

«Ойым бар менің,
Ойым бар менің ерекше,
Жақсылық жауып,
Дүниені мынау сел етсе,
Жауыздықтардың, жамандықтардың барлығын

Көрге алып кетем керексе.
Адамның бүкіл айыбын
Арқалап алып,
Азабын өзім көрер ем.
Жамандық басқан денемен
Жандырып жатқан,
Тоңдырып жатқан тамұққа
Жамандығыммен төнер ем.

Бүкіл дүние жамандықтарын
Артыңдар маған, көтерем!
Қарызым болсын өтеген,
Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсе,
Бүгін-ақ өліп кетер ем.

Армансыз барып,
Көрімнің аузын жапқасын,
Дүниедегі тірілер
Жамандық іздеп бақпасын!
Жауыздық жатқан,
Арамдық жатқан көрімнің
Қақпасын келіп қақпасын!»

* * *

Күнделік осылай ақын М.Мақатаевтың ең ауыр өлеңдерінің бірімен аяқталады.

... Тазалықты тәңірі тұтқан қорғансыз жанның одан арғы тағдыры маған беймәлім. Ғайыптан-ғайып тірі жүрген болса, бағы жансын, ізгілікке деген сенімінен айырыла көрмесін. Адам баласының жетім сәуледей сығырайған үмітін жақсылықпен жалғап әуре болған әулие жан қайда жүрсе де аман жүрсін. Ал егер ол бұл дүниеде жоқ болса, онда... амал қанша, иманы саламат болғай. Әумин!

Астана, 2002 жыл

ТҰҒЫР МЕН ҒҰМЫР

«Өзекті жанға – бір өлім
емес, мың өлім».
NN

198... жылы күзде аудан орталығынан шалғайда жатқан «Жеңіс» поселкесінің шетіне кештетіп шағын автобус тоқтады. Автобустан, үстінде сұр плащ, басында сұр қалпақ, қолына таяқ ұстаған қарасұр егде кісі түсті. Әжім айғыздаған көңілсіздеу жүзінен көріліктен бұрын сырқаттың азабын көбірек тартып жүргені байқалады. Сөмкесін жерге қойып, ауыр демалып, қалтасынан орамалын алып, терін сүртті. Содан кейін бейберекеттеу салынған шағын поселкеге, әлденені есіне түсіре алмағандай, аңтарыла қарап, біраз тұрды.

Үйлер қыр басында қаз-қатар болып көше түзегенмен, өзенге тірелетін ойпаңда суатқа топырлаған мал секілді сапырылысып, қиқы-жиқы болып кеткен. Орта тұста қос қабат екі-үш үй көрінеді, шамасы, совхоздың кеңсесі, тағы басқа қоғамдық-мәдени ғимараттар болар. Одан әрі жайқалған ағаштардың төбесі, оның арасынан ескерткіш секілді бірдеңе қарауытады.

Автобустан түскен өзге жолаушылар түйіншектерін көтеріп, балаларын жетелеп, асығыс-үсігіс жан-жаққа тарап жатыр. Біршамада автобус та кері қайтты. Егде кісі, осы жерге қате келген жоқпын ба дегендей, төңірегіне жатырқай қарап әлі тұр. Әлден уақытта сөмкесін алып,

таяғына сүйене ырғала басып, шеттегі үйге қарай жүрді. Жақындай бере, әлдене есіне түскендей, ойланып тоқтай қалды.

«Мынау баяғы мектептің орыны ғой», – деді күбірлеп. Иә, поселкенің шетінде болатын. Оның ар жағында – интернат. Мынау шатырлы биік үй бұрынғы мектептің орнына салынған жаңа мектеп болуға тиісті. Сол жақтағы шеткі үй сол кездегі мектеп директоры Сәлімгерейдікі болатын.

Өз ойына өзі сеніңкіремей, жолаушы Сәлімгерейдікі болуға тиісті шеткі үйге келді. Жақындағанда көрді – үй мүлде бөлек үй. Көз алдындағы көрініс қайтадан жаттанып, алыстап сала берді. «Одан бері не заман, – деді іштей өзі ойынан өзі қорыққандай болып. – Жер бетінен тұтас мемлекеттер құрып кетіп жатқанда, қырық жыл бұрынғы жеркепені іздегеніме жөн болсын...»

Жолаушы қамыс шарбақпен қоршалған аулаға кіргенде, отын жарып жатқан жас жігіт жұмысын тоқтатуға себеп табылғанына қуанғандай, балтасын тастай сала:

– Ассалаумағаләйкүм! – деп жүгіріп келіп амандасты.

Жігіттің елгезектігіне іші жылыған жолаушы:

– Әликісалам, айналайын, – деді ентіге сөйлеп. – Кімнің баласысың, шырағым?

– Кәрімнің.

«Бұл қай Кәрім болды екен, – деп ойлады. – Ондай адам бар ма еді?.. Бәлкім, сырттан келген біреу болар...»

– Е, бәрекелді. Мен алыстан – сонау Ресейден келе жатқан, негізім осы жерлік жолаушы едім. Жүрегім қысылып, автобус тоқтайтын жерден осы араға әрең келдім.

– Ойбай, үйге кіріңіз, – деді жігіт одан бетер елпілдеп.

Үйдің іші жұпынылау секілді. Қызыл күртеше киген арықтау жас келіншек төрге көрпе төседі. Көп ұзамай дастарқан жайылып, шай келді.

Шай үстінде жолаушы үй иесінің ата-тегін сұрады. Жігіттің өз аты Қайсар екен, әкесі 50-жылдардың аяғында Алматыдан институт бітірген соң, осында қызметке келіп, содан біржола тұрып қалған, былтыр қайтыс болыпты. Шешесі аудан орталығында үлкен ұлының қолында екен. Арғы тектері Ақмоланың қыпшақтары көрінеді. Бірақ қай қыпшақ екенін жігіт таратып бере алмады.

Жолаушы: «Е, бәрекелді», – дегеннен басқа ештеңе деген жоқ.

Бір тұста менің де бірдеңе сұрауым керек шығар деген оймен Қайсар да:

– Ағай, кешіріңіз, өзіңіз кім боласыз? – деді, дұрыс айттым ба дегендей келіншегіне бір қарап.

Жолаушы сәл-пәл үнсіз отырып:

– Менің атым Борис болады, – деді, төңірегін таңдандыра түскісі келгендей нығарлай сөйлеп. – Борис Николаевич Иванов. – Содан кейін жұмсақтау үнмен: – Орыстың арасында жүрдік, паспортқа солай деп жазылып кетті, – деп жуып-шайғандай болды.

Жігіт пен келіншек таң қалып, бір-біріне қарады.

– Поселкенің аты да, түр сипаты да өзгеріп кетіпті. Бұрынғы аты Ақшоқы болатын. Қазір мүлде бөтен жер секілді. Бірақ таныс белгілер де қалғанға ұқсайды. Мына шеткі шатырлы үй мектеп емес пе?

– Иә, мектеп, – деді Қайсар.

– Сол орында соғысқа дейін де мектеп болатын. Сендер отырған осы жерде екі отбасына арналған шағын қоржын үй болды, соның бір жағында мектеп директоры Сәлімгерей деген кісі тұрушы еді. Әлгінде сол үй емес пе деп бұрылған едім. Жақындағанда көрдім, ол үйлерден із де қалмаған секілді.

– Ағай, Сәлімгерей ата қазір де бар, осында тұрады, – деді Қайсар оқыс Сәлімгерейдің осында екеніне өзі таң қалғандай бір үнмен.

– А-а? – деді жолаушы әлде шошына, әлде таңдана. Содан кейін: – Осындасы қалай? – деді осы үйде ме дегендей жан-жағына қарап.

– Жоқ, осы поселкеде дегенім ғой. Қашық емес, төрт-бес үйден кейін.

Өзінің жоспарында жоқ бір оқиғаға кез болғандай, жолаушы бірауық үнсіз ойланып қалды.

– Биыл сексен төртте. – Қайсар Сәлімгерей туралы әңгімесін жалғады. – Кемпірі қайтыс болған. Жесір қызының қолында тұрады. Шал әлі тың, той-томалақтан, жиналыстардан қалмайды.

Шай ішіліп болды. Келіншек «енді не істеуім керек» деген сұраулы жүзбен күйеуіне қарады. Күйеуі ойланбастан:

– Тамақ сал, – деді.

– Жоқ, тамаққа әуре болмаңдар. Мен Сәлімгерейге барайын. Қайсар мені апарып салсын. Алда разы болсын, шырағым.

Сыртқа шыққаннан кейін Қайсар жолаушының сөмкесін алып, өзін қолынан жетелеп алды.

– Аға, байқаңыз! Біздің үйдің тұсында свет жоқ. Жолы да нашар. Былай қарай тура жүрейік.

Үй-үйдің арасымен жүріп, бұлар ауласы ағаш шарбақпен қоршалған, төбесінде шатыры бар, сырты аппақ тап-түйнақтай үйдің қасына келді.

– Кіре беріңіз, – деді Қайсар шағын қақпаны шалқайта ашып. – Ит жоқ.

Ауланың іші де тап-таза. Үй иелерінің тазалық пен тәртіпке мән беретіндері байқалады. Бұлар қаракөлеңке дәлізбен жүріп, оң жақтағы киізбен тысталған есікті ашып, ішке кіре бергенде, алдарынан сыртқа шығып келе жатқан әйелмен соқтығысып қала жаздады. Әйел аңтарылып шегініп, алдымен жол берді:

– Жоғары шығыңыздар. – Қалаша киген киімінен, шаш қойысынан қызметкер әйел екені көрініп тұр.

– Атай жоқ па? – деді Қайсар әлдеқалай басын шайқап.

– Ол кісі әлгі қазірде бір жаққа шығып кетіп еді, келіп қалар. Төрге шығыңыздар.

Сырттан келгендер атайдың келетініне де, әйелдің шын ықыласпен шақырып тұрғанына да сеніңкіремегендей, ошарылып тұрып қалды.

– Мына ағай алыстан келе жатқан жолаушы, тегі, осы жерлік. Атайды біледі екен, көрейін деп едім деген соң, алып келіп едім... – Қайсар «енді қайттім» дегендей жалтақтап әйелге қарады.

– Енді осы арада тұрасыздар ма, жоғары шықпайсыздар ма? – деді әйел Қайсардың басы артық сөзіне қынжылғандай бір үнмен.

Қонақтар төргі бөлмеге өтті. Қаланың пәтеріндей қабырғаға тірелген стенка, ортада үстел, оң жақта диван мен екі кресло тұр. Шалғайда жатқан поселке жұпыны болғанмен, мынау үйдің мәдени тіршілігі қатардан биік екені байқалады.

«Баяғыда да мұнтаздай киініп, шашын тарап, тіп-тік жүруші еді ғой» деп есіне алды жолаушы бір кездегі ұстазын.

Бұлар қабырғаға ілінген фотосуреттерге, сөредегі кітаптарға қарап, тым-тырыс ұзақ отырды. Әйел бұлардың келгенін ұмытып кеткен секілді, өз шаруасымен сыртта жүр.

Әлден уақытта сыртқы есік сарт ашылып:

– Кімдер дейсің?.. Сұрамайсың ба?.. Немене? О, құдауанда! – деп дабырлай сөйлеп кірген адамның үні естілді.

Үй иесінің келгенін сезіп, екеуі орындарынан тұрғанда, есіктен шашы аппақ қудай, қабағы мен кірпігіне дейін аппақ, төңірегіне шақырая қараған кішкентай шал көрінді.

Жарыса сәлем берген екеуіне ерінінің ұшын жыбырлата, жақындап келіп амандасты да, «танымадық қой» дегенді білдіре, бейтаныс жолаушының қолын жібермей, ойланып қалды.

– Мен Сібір жақтан келемін, Сәке, – деді жолаушы күлімсіреп. – Елден ерте кеткенмін. Осы жаққа жол түскен соң, сізге сәлем берейін деп келіп едім.

– Е, бәрекелді, шырағым, – деп, мән-жайға түсініп, шал плащын шеше бастады.

Шал креслоға жайғасқанда, Қайсар орнынан тұрды:

– Ата, мен кеттім. Мына ағай сіздің үйді сұраған соң, әкеп тастайын деп келгенім ғой.

– Жарайды, шырағым.

Қайсар кеткеннен кейін, екеуі әңгімені неден бастарын білмегендей үнсіз отырып қалды.

Жолаушы ентіге демалып, орамалын алып терін сүртіп, көзінің қиығымен анда-санда үй иесіне қарап қояды. Бір кездегі киіктің асығындай ып-ықшам, сыпа да сырбаз жігіт кіп-кішкентай шүйкедей шал болыпты. Көзі жыпылықтап, шеке тамыры адырайып, баяғы беймаза шақарлау мінезден белгі беріп тұрғандай. Химия пәнінен сабақ беретін, өте ұқыпты, білімді мұғалім еді.

Кенет, әлде жол азабынан, әлде аурудан, жолаушы аяқ астынан қысылып, жанталаса қалтасынан дәрі алып, аузына салды да, онан сайын борша-борша болып терлеп, жағасын ағытты. Жантәсілім күйде ентіккен жолаушыны көріп, үй иелері үрпиісіп қалды. Жолаушы әлден уақыт-

та есін жиғандай болып, өзіне үрейлене қараған үй иесіне үн қатты.

– Денсаулықтан айырылғанымызға көп болған. Жолда өліп қалам ба деп қорқып ем... әйтеуір, аман жеткен секілдімін. Оған да тәубә!

– Қисайып жатсаңызшы... Атыңыз кім болады?

– Атымды әзірге Борис деп қабылдаңыз. Шамам жеткенде түсіндіріп айтармын...

Жолаушы диванға қисайды да, өзінің бөтен үйді әбігерге салғанына ыңғайсызданғандай: «Апыр-ай, апыр-ай», – дей берді басын шайқап.

Алғашқы көрген әйел мұның қасына келіп:

– Дәрігер шақыртсақ қайтеді? – деді.

– Жоқ, әбігер болмаңыз.

Сүт пісірім уақыт шамасында қонақ та өзіне-өзі келгендей болды. Дәрісі де көп екен, бірінен соң бірін ішіп, бірауық үнсіз жатты.

Үй иелері, мазасын алмайық дегендей, мұны бөлмеде жалғыз қалдырып, шығып кетті. Жолаушы, жүрегінің қысқаны сәл-пәл басылғандай болып, дүние қайта кеңіп, тіршіліктің рақатын сезгендей бір күйде маужырап жатқан.

Көзі ілініп кеткен екен, түс көрді. Түсінде айдалада төрт-бес адам жол бойында автобус күтіп тұр. Құдай-ау, жапан түзде неғылған автобус? Көкжиекте қалқыған сағым. Төңіректе тіршілік белгісі білінбейді. Желкілдеген боз селеу мен шилер, алыстан ағарған шағыл құмдар көзге түседі. Қанша күткендері белгісіз. Бәлкім, бір күн, әлде бірнеше күн. Кенет, төзім таусылып, үміт үзіліп тұрған кезде, қайдан пайда болғаны белгісіз, алдарына шағын автобус келіп тоқтап жатыр екен. Көңілінде әлдебір қуаныш сезімі жылт еткендей болды. Автобусқа отырайын деп ұмтыла бергенде, оянып кетті.

Ең ғажабы, осы түсті ол ертеде, бәлкім, жас кезінде, бір рет көрген еді. Дәл сол күйі. Қу дала. Сарғайып күту. Мұның бүкіл өмірі өзі де анықтап білмейтін бірдеңені күтумен өткендей еді. Бірақ онда автобус келмейтін. Енді міне қанша жылдан кейін сол түсті екінші рет көргенде, зарыға күткен автобусқа кезігіп отыр.

Жолаушы түсін қалай жорырын білмей, әйтеуір көкірегінде жылт еткен бір қуаныш сезімін көңіліне медет қылып, шүкіршілік етті.

Бөлмеге Сәлімгерей кіріп, қонақтың жағдайын сұрады.

– Шүкір, – деді бұл көтеріңкі дауыспен өзінің сауығып қалғанын білдіре.

Көп ұзамай шай келді. Қонақтың аман-сау басын көтергеніне бәрі де қуанышты еді.

Әйел де күлімсіреп:

– Апырмай, үйімізге келе салып ауырғаныңызға қатты қысылдық қой. Ертең дәрігер баланы шақыртармын. Өзіміздің бала ғой. Қарап көрсін, – деді енді қорқатын ештеңе жоқ дегендей жайма-шуақ үнмен.

Шай үстінде де әңгіме жүріп кете қойған жоқ. Үй иелерінің «Ауданға қашан келдіңіз», «Автобус жүріп тұрған шығар», «Қарасиырдың жаман бөгетінен аман өттіңдер ме» деген секілді ұсақ-түйек сұрақтарына жолаушы қысқа ғана жауап береді. Әңгіме айтқың келмесе, одан әрмен дегендей Сәлімгерей де шақырая шалқайып, селқостау отыр.

Бір заманда ет келді. Үлбіреп піскен бағланның еті иісі бұрқырап тәбетті қозғап-ақ тұр. Бұл үйдің дәмі тамақты талғап ішетін қарт адамға арналып жасалатыны байқалады. Бірақ қонақ ауыз тигені болмаса, ештеңе жеп жарытпады.

– Ет дәмді екен... Жарықтық, бұл жақтың еті осындай ғой, – деп өзінің жей алмай отырғаны тамақтың сапасына қатысы жоқ екенін білдіргендей болды.

Еттен кейін әйел үстел үстін жинастырып, өздері шешіліп сөйлессінші дегендей, есікті жауып шығып кетті. Сәлімгерей креслоға отырып, қонаққа диванды көрсетті:

– Отырыңыз, әйтпесе, қисайып жатсаңызшы.

– Жоқ, отырайын, – деді жолаушы. Екеуі де енді әңгімеге ыңғайланғандай түр білдірді.

– Ал, – деді Сәлімгерей қонағына қарап. Онысы енді жөніңді айтатын кез келген шығар дегенді білдіргендей болды.

Жолаушы төмен қарап, неден бастарын білмегендей, біршама отырды да:

– «Адамның басы – Алланың добы» дейді екен, Сәке, – деді әлдеқалай даусы қарлығып. – Мен де бір сондай допша домалап, тағдырдың төлкегіне түскен жанмын. Өмірім күн мен түн секілді. Қысылмай, қиналмай еске алатын сәттерім де бар, айтуға аузым бармайтын тұстарым да аз емес. Бірақ соның бәрі қалай болды: әлде өзімнің жіберген қателігімнен бе, әлде маңдайыма жазылған ғұмыр осы болды ма, ол жағы бір құдайға аян. Кінәмнің не екенін өзім де білмеймін, әйтеуір, өмір бойы еркімнен тыс, санамнан тыс бір зорлықтың ықпалында жүргендеймін...

Жолаушы әңгімесін әріден – балалық шағынан бастады. Сәлімгерей әлденені есіне түсіре алмай тұрғандай, қонағына сұраулы жүзбен қарап, емініп қалған.

Бір тұста есік болмашы ашылып, әйелдің жүзі көрінді де, бұлардың ұзақ әңгімеге кеткендей түрлерін көрген соң, есікті қайта жапты.

* * *

Бористің шын аты – Батыр болатын. Әкесі – Шәйкен елге танымал ғалым, әрі лауазымды қызметкер еді. Өз басы ұлық болғанмен, ата-тегі жалшыдан шыққан кедей әулет болған соң, босағада жүріп күн кешіп, жалтақтықтың зардабын көп көрді ме, әйтеуір өзінен кейінгі ұрпағының батыр болғанын қалап, атын осылай деп қойған.

Шешесі Сақып мінезділеу, жай сөйлегенінің өзі ұрсысқан секілді. Жүрген жерін у-шу қылып, күйеуіне де қарсы сөйлеп, балаларға да жекіп қалып отырғаны. Бірақ енесі тепкен құлынның еті ауырмас деген, балалары оны елең де қылмайды. Батырдан басқа төрт жасар сары қыз Раушан – осы үйдің еркесі. Тұлымшағы желбіреп, адам ойына келмейтін бірдеңелерді тауып айтып, үйдің ішін базар қылып отырғаны. Оны ешкім бетінен қақпайды, не айтса да, не істесе де, бәрі өзіне жарасып тұрады.

Бұл үйдің бір әдеті – қазаны оттан түспейтін. Екі күннің бірінде қонақ қабылдап, шешесі тамақ істеп үлгере алмай, әбігер болып жатқаны. Әкесі мен шешесінің тірлігіне қарасаң, адам дүниеге қонақ күту үшін ғана келетін секілді. «Үй көрсете алмадық», «сыбаға бере ал-

мадық» деп айдаладағы біреулерге қарадай қарыздар болып жүрер еді.

Әкесі жоқшылықты көп көрген ғой, қонақ шақыру тоқшылықтың белгісіндей болып, соның қызығын көре бергісі келе ме екен, ол жағын бір құдай білсін.

Бірақ, шынында да, қонақтар келген кезде отбасы шаттыққа кенеліп, әзіл-күлкі, әңгіме-дүкеннен үйдің іші кеңейіп, жарық болып кеткендей көрінеді. Дастарқан үсті толған – тағам мен жеміс-жидек. Ішімдікті сөйлеп отырып ішу дағдыға айналған.

Айтылатын әңгіменің түрі көп. Әзіл, қалжың таусылмайтын бір жыр секілді. Әсіресе, әкесінің құрдасы Еркін деген кісімен екеуінің әзілдері отырған жұрттың күлкіден езулерін жидырмайды. Еркіннің айтқанын тыңдасаң, мұның әкесінен өткен әпенді жоқ, ал әкесінің әңгімесін тыңдасаң, Еркіннен өткен Қожанасыр бұрын-соңды болмағандай. Ара-арасында көрген-білген, естіген оқиғалар айтылып жатады. Кейде әлеуметтік жағдайларға риза еместік те байқалып қалады. Жағымпаздар мен өтірікшілердің, пайдакүнемдердің заманы деп отыратындары бар. «Құлдық сана», «рушылдық» секілді балаларға түсініксіздеу бір сөздер де ауызға жиі алынады. Алайда саясат туралы әңгімеге бәрі де жоламауға тырысатын. Әлдеқалай артық ауыс бірдеңелер айтылып қалса, біреу жасырынып тыңдап тұрғандай, үрейленіп, абыржып, «қайтесіңдер, қойыңдар» деп біріне-бірі ақыл айтып жатар еді.

Кейде бірыңғай лауазымды кісілер келеді. Олардың әңгімелері тіпті бөлек. Олар көбіне бір-біріне деген айрықша ықыластарын білдіріп, неге бірін-бірі жақсы көретінін, неге осынша сыйлайтынын – біреу жоқ олай емес деп тұрғандай – өлердегі сөздерін айтып дәлелдеп жатады. Өздерінің аттары да белгісіз – өңкей Бәке, Сәке, Төке, тағы сол сияқтылар. Әсіресе, Сәке әлде Зәке деген бір кісі, шүлен үлестіргендей, мақтау сөздердің не бір дүриясын таратып, жұрттың бәрінің аяқ-қолдарын жерге тигізбейді. Егер лауазымы жоғары біреу болса, одан ұлы, одан данышпан ешкім жоқтай етіп мақтар еді. Оның сөзіне елдің еті үйренген, мынауың артық болды-ау деп жатқан ешкім жоқ. Тек ол жоқта кейбір құрдастары: «Сәкең адам-

ды мақтағанда өлтіріп жібере жаздайды ғой» деп қалжыңдайтын.

Қыркүйекте әкесінің туған күні тойланды. Қонақтар көп болды. Әкесінің үстіне жабылған шапанда есеп жоқ. Балалар да сыйлықтан құр қалмады. Оюлап жасалған домбыраны қонақтардың бірі Батырға ұсынды. Батыр әкесінен ептеп домбыра үйреніп жүрген, мәз болғаны сонша, сыйлаған адамға не дерін білмей, ыржалақтап күле берді. Раушанға өзінің бойына жуық қуыршақ ұсынған кезде, ол қуанғаннан үйді басына көтере шыңғырып, үй ішінде күлмеген адам қалмады.

Қуыршақ сыйлаған Ғалым аға балажан еді, Раушанды алдына алып, ертегі секілді бірдеңе айтып, екеуара мәз болып отырған. Әлдекалай «шайтан» деген сөз айтылған болу керек, Раушан түсінбей:

– Шайтан деген не? – деді.

– Шайтан ба? Шайтан деген... – деп Ғалым аға қапелімде не айтарын білмегендей, аңтарылып тұрып қалды. Содан кейін: – Шайтан деген көзге көрінбейді, көрінсе, кейде басқа бірдеңеге... – деп аса түсінікті ете алмай күмілжіп қалған.

Раушан осы тұста әлденеден қауіптенгендей – соның алдында маса шағып, қолын ісіріп жіберген еді, Ғалым ағасына қадала қарап:

– Шақпай ма? – деді жұлып алғандай.

Оған үй ішіндегілер тағы да ду күлді.

Түн ортасына жуық қонақтар тарады. Батыр қызықты думанға толы тойдың әсерінен біразға дейін ұйықтай алмай, ақыры талып барып көзі ілінген. Әлдебір жағымсыз үндерден оянып кетті. Ол үндердің не екенін айыра алмай, біраз жатты. Кенет шешесінің жылаған даусын естігендей болды. Зәресі ұшып, орнынан қалай атып тұрғанын білмей қалды.

Бірінші көргені – үстінде ашық қоңыр кителі бар, теріс қарап тұрған ұзын мойын қара торы кісі, оның ар жағында абдырап, кәстөмінің түймесін сала алмай әлек болып жатқан әкесі. Есік жақта әскерше киінген дембелше біреу тұр. Шешесі шашы дудырап, әкесі әлдебірдеңеге көнбей жатқандай, жалбарына қарап, булыға жылап, арасында түсініксіз бірдеңелерді айтып, қайтадан булыға жылай-

ды. Қасында тұрған бейтаныс кісілерде үн жоқ. Мынау оқиғаға қатысы жоқ адамдар секілді. Ештеңеге түсінбесе де, шешесінің жылағанын көріп, Батырдың жүрегі атқақтап аузына тығылды. Бір қарағанда осы тұрған көріністе кісі шошырлық ештеңе жоқ секілді еді, келіп тұрған адамдардың түрінен де қорқынышты ештеңе байқалмайтын, бірақ бір сұмдықтың басталғанын бала жүрегі әкесінің абдыраған жүзінен, шешесінің тұншыға жылаған үнінен анық білді.

Түпкі бөлмеден ұйпа-тұйпа болып кіріп келген Батырды көріп, Шәйкен қанша сабырлы болайын десе де, сабырлы бола алмады. Қасына келіп баласын құшақтап, өксіп жіберді де, өз үнінен өзі шошығандай, кілт тоқтап, ентіге дем алып, ештеңе айта алмай, үнсіз қалтырана күрсінді. Содан кейін артына бұрылып:

– Жылама, – деді әйеліне кекештене, – Раушанды оятасың. Балалардың зәресін ұшырмайық.

Әкесі көп ұзамай қайтып келетін адамша ештеңе айтпастан, шығуға бет алды. Есік алдында тұрған әскери адам, аса бір лауазымды адамға қызмет көрсеткендей, бұған есік ашып күтіп тұрды. Ең соңынан шыққан ұзын мойын бейтаныс кісі ешкімге бұрылып қарамай, мұндай оқиғаға көзім үйренген, маған сендердің уайымдарың, көз жастарың түкке де қажет емес дегендей бір сазарған бейтарап күйде немесе мен ештеңе де көрген жоқпын, сендерді де көріп тұрған жоқпын, ештеңе де білмеймін, ештеңе де айтпаймын деп те жоруға болғандай бір түрмен үн-түнсіз шығып кетті.

Олар кеткеннен кейін шешесі мұны құшақтап, өксіп ұзақ жылады. Неге жылап тұрғанын білмесе де, шешесіне қосылып Батыр да жылады.

Бірақ шешесінің де, өзінің де неге жылағанын ол көп ұзамай-ақ білді. Әкесі халық жауы деген атпен тұтқындалыпты.

Басқа түскен нәубеттің орасан үлкендігі сонша оны аныктап, мәніне терең түсініп, тұжырым жасауға, әрине, баланың шамасы жеткен жоқ. Тек аяқ астынан осындай жамандық тап болатын болса, неге аяқ астынан тағы бір жақсылық тап болмасқа дегендей әлдебір түсініксіз дәмеге емексіп жүрген.

Жамандық мұнымен тоқтамады. Екі күннен кейін бұларды төрт бөлмелі үйден шығарып, әлдебір барақ секілді ескі үйге көшірді. Бұрынғы үйге бұлармен аралас-құралас болып жүрген әкесінің қызметтес достарының бірі кірді. Шешесі бар бәлені солардан көріп, қарғап-сілеп, балағаттап жүрді.

Алайда бәле мұнымен де тоқтамады. Бір аптадан кейін шешесі ұсталды. Шешесі кетіп бара жатып, жылауға да шамасы келмеді. Демі таусыла булығып, бәленшеге, түгеншеге хабарлас деп, араласып жүрген бір-екі достарының атын сыбырлай айтып, содан кейін зарлана сөйлеп: «Бір Аллаға тапсырдым, бір Аллаға...» – дей берді демікпе адамдай қатты ентігіп.

Шын қасіретті Батыр енді түсінді. Үрей дауылы аяқ-қолын жерге тигізбей, беймәлім бір жаққа ұшырып ала жөнелгендей болды. Қарсыласарға дәрмен жоқ. Қолынан келгені қорқу ғана. Төрт жасар қарындасымен екеуі сәби санасы түсініп болмайтын қатыгез уақытпен, күнмен, түнмен, мейірімсіз билікпен, беймәлім тірлікпен бетпе-бет қалды.

Қарындасы шешесін іздеп шырылдағанда, Батыр не істерін білмей, қосыла жылаған. Кенет енді не істеу керек деген сұрақ алдынан шыққанда, құлама жардың шетінде түрғандай, құйқа тамыры шымырлап, есін жиып алды. Не істеу керек – мына қарындасын өлтіріп алмай, өзі де өліп қалмау үшін бірдеңе істеу керек. Дүкенге бару керек, тамақ істеу керек. Шешесі тастап кеткен ақшаны үнемдеп жұмсау керек. Ар жағы белгісіз. Одан әрі ойлауға Батырдың ақылы жетпейді. Қарындасы, бала неме, жылап-жылап ұйықтап қалды, Батыр таң атқанша көз ілген жоқ.

Келесі күні таңертең баракқа бір әйел келді. Өзін көрген секілді, бірақ жыға тани алмады.

– Мен – әкеңнің досы – Ғалым деген кісінің көршісімін ғой, – дейді. – Сендердің жағдайларыңды біліп кел деп жіберді. Олар келе алмады. Күніміз не болады деп өздері де әрең отыр.

Әйел Батырды іргедегі базарға ертіп апарып сүт, айран, май, ет алуға көмектесті. Сүтті таңертең ерте келіп алмаса, бітіп қалатынын айтты. Тамақты қалай істеу керек екенін түсіндірді.

– Шырағым, бұған дейін ерке болған шығарсың, бала болған шығарсың, енді амал жоқ есеюге тура келеді. Тамақ істеп үйрен, кішкентай қарындасыңды ойла. Оның сенен басқа ешкімі жоқ. Ал жақсы, құдай жар болсын, қарақтарым. Өзім келіп тұрармын, – деді кетерінде.

Екі күннен кейін таңертең базардан сүт алуға кезекте тұрғанда әлдебір егде әйел Батырдың иығынан түртіп, анандай жерде тұрған машинаны көрсетіп:

– Шырағым, сені ана машинаның ішінде бір кісі шақырып тұр, – деді.

Батыр ештеңеге түсінбей, машинаның қасына барғанда, сұр макентош киген жалтыр бас кісі мұны ішке кіргізіп алды. Батыр таныды, үйге қонаққа талай келген, жоғарғы қызметтердің бірінде істейтін Раха деген кісі. Оның шын есімін де, қызметінің атын да бұл білген емес. Әйтеуір жұрттың бәрі қолпаштап, қошемет көрсетіп жататын.

Раха бұған көзінің қиығымен қарап тұрып:

– Айналайын, сендердің жағдайларыңды біліп отырмын. Қол ұшын беруге шама келмей жатыр. Шәйкеннің басына келген жағдай бәрімізге де келуі мүмкін. Мына машина ішінде тығылып сөйлесуге мәжбүр болып отырған себебім сол. Мынаны күнкөрістеріңе жаратыңдар, – деп бір уыс ақшаны Батырдың қолына ұстата салды.

– Мектепке барып жүрсің бе? – деді сосын бұған бұрыла қарап.

– Жоқ, – деді Батыр. – Кішкентай қарындасым жалғыз қала алмайды, қорқады.

– Апыр-ай, – дегеннен басқа Раха ештеңе айта алмады.

Төрт-бес күннен кейін үйге тағы бір әйел келді. Ата-анасы жоқ жас балаларды балалар үйіне жіберу керек екен. Бұлардың аты-жөндерін, туған жылдарын жазып алып кетті. Арада бірнеше күн өткенде осы әйел Батырды әлдебір мекеменің директорына әкелді. Директор шашы қоқырайған беті шамадан тыс аппақ, жалпақ бет әйел екен, бұның бас-аяғына көз жүгірте қарап тұрды да:

– Нешінші класта оқисың? – деді.

– Алтыншыда.

– Жақын туыстарың бар ма?

Батыр жақын туыстардың кімдер екеніне түсінбей директордың бетіне қарады.

– Әкеңмен, не шешеңмен бірге туысқан біреулер бар ма? – деді директор «бар-жоғы маған бәрібір» дегендей басқа бір қағаздарын ақтарып жатып.

– Жоқ.

Директор әлдебір қағазын тауып алып, соған қарап тұрып:

– Кішкентай қарындасыңды балалар үйіне жібереміз, – деді. – Бағусыз қалған балалардың бәрін сонда жіберіп жатырмыз.

– Қайда?

– Семейге, – директор қағаздан басын көтеріп, сөзінің қалай әсер еткенін білгісі келгендей Батырға қарады.

– Мені ше? – деді Батыр зәресі ұша.

– Сені басқа бір интернатқа, не балалар үйіне орналастырамыз.

Батыр бірдеңе айтайын деп еді, демі таусылып, сөйлей алмады. Түрі күреңітіп, не айтып тұрғанына өзі түсінбей:

– Ол жалғыз қалай барады? Менсіз қалай... – деді тұтыға.

– Ештеңе етпейді, барлық балаларды солай жіберіп жатырмыз.

Кіп-кішкентай Раушанның, қағу көрмей, еркелеп өскен сәби қарындасының жалғыз кететінін енді анық түсінген Батыр алақтап, не істерін білмей, жан-жағына қарай берді де, кенет бар даусымен өкіріп жылап қоя берді. Екі қолымен қапсыра ұстап, алдындағы үстелге басын ұрғанын өзі білген жоқ. Қасында отырған әйел мұны ұстай алды. Батыр өзін тоқтатуға шамасы келмей, тоқтаусыз жөтелгендей бір дыбыспен демі біте үздігіп, бірауық дыбысы шықпай үнсіз қалғанда, директор да, әйел де бұған шошына қараған. Әлден уақытта барып ішегін тарта, қайтадан еңірей жөнелді.

– Екеуін бірге жіберуге болмас па екен? – деді әйел директорға жылап отырған баланы көзімен көрсетіп.

Директор қолын жайып:

– Орын жоқ, – деді орынның жоқ екеніне өзі де таң қалғандай бір үнмен. – Осы бір орынның өзін әрең тауып отырмын.

Бұл сөздерді Батыр естіген жоқ. Армансыз жылап, бойы сәл жеңілдеп, өзіне өзі келген секілді.

– Оны жалғыз жіберуге болмайды, – деді ол. – Өзі өте қорқақ. Жүрегі ұшып кетеді ғой... – Сөзін аяқтай алмай тағы да кемсеңдеп кетті.

– Онда былай қылайық, – деді директор сәл жібігендей болып. – Қарындасыңды басқа балалармен қосып жібере береміз. Сосын артынан орын тауып өзіңді жібереміз. Қазір орын болмай жатыр. Жарай ма?

Батыр үндеген жоқ. Директор оны келіскеннің белгісі деп ұғып:

– Бара беріңдер, – деді әйелге қарап.

Қарындасынан айырылу Батырға өте ауыр болды. Шырылдап жылаған Раушанның жүзінде неге бұлай болып жатқанына түсінбеген сәбидің қиналысы мен қорқынышы жатыр еді.

Бір кезде дәурені жүріп, абыройы артқан, дастарқаны дос-жаранға, жақсы мен жайсаңға күнде жайылып, думанды да қызықты күндері көп болған отбасының шаңырағы өстіп ортасына түсті.

Бұдан кейінгі өмір Батырға әсері жоқ, жылуы жоқ бір мағынасыз уақыт секілді болып көрінді.

Осындай күндердің бірінде әкесінің досы Ғалымның үйіне барып, тамақ ішіп, қайтып келе жатқанда қала шетіндегі парк секілді бір жерде болып жатқан үлкен жиынның үстінен шықты. Батыр жақындап келгенде көрді – ішінде өзі білетін таныс адамдар аз емес секілді. Биік мінбердің үстіне шығып әлдекімдер айғайлап сөйлеп жатыр. Кенет өзінің үйіне келіп жүретін өте сыйлы үлкен кісі екі қолтығынан демеген екі жас жігіттің көмегімен мінберге көтеріліп:

– Елімізде сатқындар көбейіп кетті. Ортамызды солардан тазартуымыз керек. Партиямыз бен үкіметіміздің дұрыс саясатын мен қолдаймын, – деді де, міндетімнен құтылдым ба, құтылмадым ба дегендей, екі жігіттің жеңінен өзі ұстап, апыл-ғұпыл тез-тез басып түсіп кетті.

Шеттеу тұрған екі кісі сыбырласып, сөйлесіп тұр.

– Өткен жолғысы басқа біреу еді ғой, – дейді мұрттысы жиынды басқарып жүрген толық сары кісіні көрсетіп.

– Өткен жолғы қайыс қара ұсталып кетіпті ғой, – деді қасындағы аққұба жастау жігіт.

– Қойшы, – дейді мұртты таң қалып. – НКВД-нің да адамдары ұсталады екен-ау.

– Неге ұсталмайды? Олар адам емес пе? – Жастау жігіт осыны айтып, өз сөзі өзіне оғаш көрінгендей мырс етіп күліп жіберді. Содан кейін ұрлана жан-жағына қарап, Батырды көрді де, баласынып, оған мән бермей, тағы күлді.

Адамдар кезек-кезек мінберге көтерілуде. Сөздері негізінен бір-біріне ұқсас, тек біреулері қатты айғайлап, біреулері орташа дауыспен сөйлейді. Біреуі өлең оқыды. Оған біреулер қол соғып жатты.

Болып жатқан оқиғаның астарына ешкім мән беріп тұрмаған секілді. Әркім өзінің амандығына қуанғандай, жайдары кейіпте бір-бірімен алаңсыз әңгімелесіп тұр.

Батыр өзін «азап мен уайымның шегіне жеттім, бұдан әрі мені бақытсыз ету мүмкін емес шығар» деген секілді бір ойдың жетегінде жүрген болатын. Бірақ бақытсыздықта шек жоқ екен. Семейге бара жатқан жолда салқын тиіп, науқастанып, кішкентай қарындасы Раушан қайтыс болыпты деген хабарды естігенде, Батыр есінен танды. Аздап есіріктеніп, орынсыз сөйлеп, орынсыз күле бастағанын естіп, Ғалым мұны ауруханаға жатқызды. Батыр бір айдан кейін есін жинап, қалпына келді. Бірақ бөтен бала секілді. Сөйлеген сөзінде, мінезінде, көзқарасында бір жаттық бар.

Қыс ортасында Батырды Семейдегі интернатқа жіберді. Халық жауларының балаларын Алматыда қалдыруға болмайды екен. Батыр өзін Семей түгілі шетел асырып жіберсе де, ренжиін деп отырған жоқ-ты. Өйткені енді оған бәрібір еді.

Ауырғанды сезбеу үшін арнайы укол алған адамдай жан күйзелісін алыстан ғана сезініп, әлдебір доғал түйсікпен жүрген осы күйін өзі дұрыс болды деп ойлады; алғашқы қайғының жетегінде кетсе, тірі қалу-қалмауы неғайбіл секілді көрінді.

Әйтсе де халық жауының балаларына деген көзқарасты сезбеу мүмкін емес еді. Бұлар есіктері дұрыс жабылмайтын, терезелерінен жел саулаған, сыз қабырғалы ескі бөлмелерде жатты. Тіпті төсек-орындарына дейін тозығы жеткен ескі-құсқы бірдеңе еді. Тамақты да бөлек үстелде отырып ішеді. Әлдебір мереке кездерінде немесе жоғары-

дан өкілдер келгенде, бұларды сапқа тұрғызбайды. Еден жуу, отын-су тасу секілді қара жұмыстардың бәрі осылардың мойнында.

Ең бастысы, сол үшін бұларды мүсіркеп, осыларға обал болар-ау деп жатқан ешкім жоқ, қайта соның бәрі әлі де аздау болып тұрғандай көрінетін секілді.

Мектепте неше түрлі балалар оқиды. Шектен шыққан бұзақылар көп. Олардан мұғалімдердің өздері қаймығатын. Әсіресе, 9-класта оқитын ұзын бойлы, арық, бірақ қолдары күректей Есентай, аты оқушы демесең, соқталдай жігіт. Үзіліс сайын әжетхананың ішінде бұрқыратып темекі тартып тұрғаны. Қылмыс жасайтын топпен байланысы бар екен деген де сыбыс бар.

Бірақ балаларға зәбір жасайтын ол емес, біреуге тиіспесе, жүре алмайтын есерсоқтау ұсақ-түйек сотқарлар. Олар біреуді қорлағаннан, зорлағаннан, жылатқаннан айрықша ләззат алатын секілді. Кім көбірек қатыгез болса, соның беделі үстем.

Осының бәрі зиялы қауым отбасында тәртіп пен тәрбиенің қорғауында өскен Батырға өте ауыр тиді. Өзінің түсінігі бөлек, ғұрпы бөлек басқа бір әлемде жүргенін сезді. Бұл ортаның ережесін қабылдап, оның өз адамына айналу қандай ауыр болса, ол ортада бөтен адам болып жүру де сондай ауыр еді.

Бір рет жоғарғы класста оқитын Шәкен деген жалпақ сары бала дәлізде тектен-текке мұны желкесінен түйіп жіберді. Ешқандай себеп жоқ, ұрғысы келді, ұрды, бітті. Оған әлі келмейтінін білген Батыр да ештеңе дей алмады, үн-түнсіз қала берді. Бірақ түні бойы қорланып жылап, ұйықтай алмады. Жынұрған адамдай өзінен өзі бағжаңдап жүретін бір тентек асханада мұның қолындағы нанын жұлып алып, аузына бұралай тығып, бұған бұрылып та қарамастан, кете барды. Қарсы тұруға мұның жүрегі дауаламайтынына сенімі зор.

Әйтсе де төзім де шексіз емес. Мың күн сынбаған шөлмек бір күні сынады.

1-май мерекесінде мектептің ұзын дәлізінде концерт болды. Батырмен жатақханада бірге жататын Сәбит бұған шеткерілеу тұстан орын алып қойған екен, сахнада не болып жатқанын көретіндей мүмкіндіктің болғанына

қуанып, бұлар көңілді отырған. Кенет Батыр өзінің сол жағында отырған қыздың Шәрбат екенін көріп, қарадай қысылып, терлеп, берекесі кетті. Шәрбат 6 «А» класында оқитын ең әдемі, әрі әнші қыздардың бірі. Бірақ салқын тиіп, тамағы қарлығып, өлең айта алмайтын болыпты. Жайдары ашық қыз екен, Батырмен көптен таныс адамдай еркін әңгімелесіп отырды.

Концерттің орта тұсында сырттан ересек екі бала кірген. Біреуі жалпақ сары Шәкен еді. Алқа-салқа болып, ісініп, шалқақтап тұрған тұрысынан мақтаншақ екені көрініп тұр. Бос орын іздеп, біраз тұрғаннан кейін, жақын тұрған Батырды көріп:

– Әй, бала, тұр! Үлкенге орын беру керек, – деді мұны иығынан нұқып.

Батыр естімеген болып отыра берді.

– Әй, мен кімге айтып тұрмын? – деп Шәкен мұны жеңінен жұлқып қалды.

Істің насырға шауып бара жатқанын сезіп, Сәбит орнынан тұрды.

– Жоқ мен мынаның орнына отырамын, – деді Шәкен енді Батырға әбден шүйілігіп.

Батыр оған үнсіз қарап тұрды да:

– Мен өз орнымда отырмын, – деді бейбіт үнмен.

– Слушай, мен саған не дедім? Әлде ести алмай қалдың ба? А? – Шәкен еңкейіп, жауап күткен адамдай құлағын тосты.

– Естідім, бірақ орындағым келмейді, – Батыр да аяқ астынан қырсыға қалды.

Сәбит Батырды бүйірінен түртті:

– Қой, құрысын, кетейік.

– Кетпеймін, – деді Батыр. Бір есептен, кетсем бе деп те ойлап еді, бірақ мына басбұзар жай да сұрамай, әкіреңдеп, келісімге баратын жолды бітеп тастап отыр.

Шәкен жанындағы жылтыр қара балаға қарап:

– Мынау не дейді? – деді Батырды басымен нұсқап көрсетіп.

– Бұл баланы түлен түртіп тұр.

– Тұрасың ба, тұрмайсың ба? Соңғы рет айтамын, – Шәкен бұл жолғы сөзім бір бөлек дегендей қабағы түйіліп сазара қалды.

Батыр жауап берген жоқ.

Кенет Шәкен қатты долданып, Батырды желкеден ұстаған күйі дырылдата сүйреп, шетке шығарды да, желкеден бір ұрып, ұшырып жіберді.

Отырғандар бұларға ошарыла қарады. «Ау, бұл не?», «Қойсаңдаршы» деген дауыстар естіліп жатты.

Мені де өстіп шығара ма деп қорыққандай, Сәбит те атып шықты.

Осы кезде қып-қызыл боп түтіккен Батыр, жығылып жатып жерден күш алғандай, атып тұрып, орынға отыра берген Шәкеннің жағасына жармасты. Өзінен күшті, әрі аты шыққан тентек баладан түк қорықпай тұрғанына оның өзі де таңғалып еді. Қатты ашудың адамға ерекше қуат беретінін ол бұрын білмейтін. Өзіне бір жақтан көмек келгендей арқаланып, енді не істеймін десе де, хақысы бардай және ештеңеге жауап бермейтіндей өзін еркін сезінді.

Шәкен өзінен кіші баланың мынандай шабуылын күтпеген болу керек:

– Өй, өй, – дей берді қорғалақтап. – Атаңа нәлет өлгің кеп жүр ме? – деді де, орнынан тұрып, Батыр да итермелей, мұның шаруасын біржола бітірейін дегендей, бүйірдегі есіктен сыртқа алып шықты. – Мен саған көрсетейін, иттің баласы...

Құлаштай ұрған соққыдан Батыр тағы да ұшып түсті. Шәкен долданған күйі оны умаждап, соққының астына алды да, тұра беріп іштен екі рет тепті.

Ол осымен шаруа біткен шығар деп, бұрылып ішке ене бергенде, артынан қайта жармасқан Батырды көріп, бір сәт сасып қалғандай болды. Батыр соны пайдаланып, бетінен бірнеше рет ұрып үлгерді.

Тұщы етіне ащы таяқ тиген долы тентек:

– Өй, әкеңнің... – деп алас-күлес қайта ұмтылды. Батырды көтеріп әкеліп, балшықтың үстіне алып ұрды да, тамағынан қылғындыра: – Қоясың ба? – деді барылдап. – Жоқ, қоясың ба?..

– Өлтірем, – деді Батыр қырылдап. Ашудан күш алған Батыр денесінің ауырғанын да сезген жоқ. Тырбаңдап жатып, ретінің қалай келіп қалғанын өзі де байқаған жоқ, үстіндегі баланы аяғымен бастан бір тепті.

– Өй, әкеңнің... – Шәкен одан жаман долданып, астындағы баланы тағы да құлаштап ұра бастады.

Батыр қайтатын емес. Бір көзі ісіп, жабылып қалған. Аузында жылымшы қанның дәмі.

Шәкен ұра-ұра шаршаған адамдай орнынан тұрып, екі-үш қадам шегініп, өлі-тірісін білгісі келгендей, екі бүйірін таянып, Батырға қарап қалған. Батыр орнынан тұрды да, жерден қолына іліккен жұдырықтай бір тасты алып, жіберіп қалды. Шәкен, құдай сақтағанда, бұғып үлгірді, тас мектеп терезесінің күл-талқанын шығарды.

Осы кезде Шәкен шын қорықты. Мынаны өлтіріп тастамасаң, қоятын түрі байқалмайды.

– Әй, мынауың жынды ғой! Өлтіресің бе адамды? – Шәкен тағы бірдеңемен ұрып жүре ме деп жүгіріп келіп, Батырдың екі қолынан қапсырып ұстай алды. – Қойсаңшы, болды ғой енді. – Даусы жалынғандай шықты. – Кенет шыңғырып, қолын ербеңдетіп шегініп кетті. – Мынау оңбаған қолымды тістеп алды, – деді, жан-жағына қолын көрсетіп. Шәкен мына баланың бірі өліп, бірі қалатын ережесіз төбелеске көшкенін сезіп, жұмсара бастады.

– Болды, болды енді, давай, татуласайық. Жарай ма?

Батыр оның сөзін естіген жоқ. «Өлтірем» дейді қырылдап, жалғыз көзімен ежірейе қарап. Кенет өзіне тағы бірдеңе айтқысы келіп, жақындай берген Шәкеннің тұмсығынан басымен бір пергенде, ананың «А-а-а» деген даусы бір-ақ шықты. Мұрнынан қан кетті. Батыр тағы да оның жағасына жармасты.

Шәкен енді шын жалына бастады:

– Айналайын, қоя ғой енді, болды ғой. Міне менің де мұрнымнан қан кетті. Мен қойдым. – Сосын жанындағы жылтыр қараға қарап: – Ұсташы мынаны, құдай үшін, – деді.

Жылтыр қара араға түсіп, басу айта бастады.

– Қой енді. Төбелестің де бітетін кезі болды ғой. Атың кім өзіңнің?

– Батыр, – деді Сәбит.

– Өзің де батыр екенсің. Қоя ғой. Қазір мұғалімдер біліп қалса, екеуіңді де оңдырмайды.

Сол екі ортада Шәкен жоқ боп кетті. «Қашып кетті», – деді Сәбит сыбырлап.

Төбелесетін адам болмағаннан кейін, Батыр да басылды.

Келесі күні терезені сындырған адамды іздеп, мұғалімдер тергеу жүргізді. Бірақ ешкім мойындаған жоқ. «Түнде бір мас адамдар жүрген, солар болар» деп балалардың бірі тергеуді теріс жолға түсіріп жіберді.

Сол күннен бастап, Батырдың жаңа өмірі басталғандай болды. Ашу деген бір серік тапты. Ашуға ерік берген кезде мүлде аруақ қонған адамдай арқаланып, ештеңеден қорықпайтын, арты не болар екен деп ойламайтын өлермен бір күйге енетін. Тентек балалар бұдан қаймығатынды шығарды.

Осындай әр күн үшін арпалысқан өлермен күреспен, өгей сезіммен, болжаусыз беймәлім тіршілікпен жүріп Батыр алтыншы класты қалай бітіргенін де аңдамай қалған секілді.

Жетінші класта алыс-жұлыспен шыңдалып, бойы өсіп, біржола ересек балалардың қатарына қосылды. Топ-топ болып шайқасатын төбелестерге қатысып жүрді. Ақша салып карта ойнайтындардың да арасына ілікті. Темекі тартатынды шығарды. Бұларды мектептен шығару туралы бірнеше рет мәселесі қаралды. Бірақ әлдебір себептермен созбұйдаға салынып, кейінге қалдырумен келеді. Қысқасы, Батыр қаланың кәдімгі бұзақы баласына айналды.

Алайда осы тірліктің аяғы жақсылыққа апармаған секілді. Қаланың баукеспе ұрыларымен болған қырғын төбелесте бұлардың атаманы Есентайды өлтіріп кетті. Төбелеске қатысқандарды тергеуге шақырып, мектептен шығаруға шешім қабылдады. Одан кейін әлдекімдер араласып, бұларды тағы қалдырды. Арада көп өтпей, газетке мақала шығып, бұлардың ісін қайта қарады. Бірақ оның аяғы немен аяқталғанын ешкім де білген жоқ. Бітпейтін дау, гу-гу әңгіме, өмір осылай өтіп жатты.

Батыр мектептен шығамын деп бәлендей қайғыра қойған жоқ. Біріншіден, өзінің бұған дейін бастан кешкен қасіретімен салыстырғанда бұл әшейін түкке тұрмайтын нәрсе секілді. Екіншіден, кездескен қиындықтарды белден басу, тентектікпен жеңу өзіне ұнайтын.

Бірде түсіне әкесі кірді. Өзінің баяғы кішкентай кезі екен. Тақтай көпір секілді ұзыннан-ұзақ бірдеңенің

үстімен кібіртіктеп жүре алмай келеді. Тақтайдың арсиған ара-арасынан қап-қара болып терең құз көрінеді. Түсіп кетем бе деп қорыққаннан бұл жан-жағына алақтай қарап, өзінен әудем жерде төмен қараған күйі тақтай-тақтайдың арасымен аттай басып кетіп бара жатқан әкесін көреді. «Көке!» дейді бұл жан даусы шыға айқайлап. Бірақ көкесі бұған бұрылып та қарамайды. Ұзап барады. Батыр өзін жанындай жақсы көретін көкесінің неге бұған қарамай кетіп бара жатқанына түсінбей, тұрып қалған... Кемсеңдеп жылап жатқан күйінде оянып кетті.

Көрген түсінің байыбына жете алмай, өң мен түстің ортасында мең-зең болып ұзақ жатты.

Ол өзінің екі адамға айналғанын сезді. Оңашада – қанжүректі қайғылы, жұрт көзіне мұқамайтын тентек.

Батырдың жалғыз ғана қорғанышы болды, ол – оның сабаққа деген зеректігі. Пәлендей ұқыптылығы мен ыждағаттығы болмаса да, ұғымталдығын мұғалімдер білетін. Әдебиеттен сабақ беретін, әрі класс жетекшісі Ағыбай бұған анда-санда жылы қабақ көрсетіп қояды. Мұның әкесі Шәйкеннің өзіне училищеде сабақ бергенін де әңгіме қылған.

Бір күні Ағыбай Сәбит екеуін сабақтан кейін класқа алып қалды. Ағыбай қабағы кіржиіп, үнемі шаршап жүретін, көзі қитарлау, бұйра шашты сары жігіт. Әлдекімге ренжігендей, екі көзі екі жаққа қарап, ойланып отырды да:

– Қалай жағдайларың? – деді алдында отырған екі балаға жаңа көргендей аңтарыла қарап.

– Жаман емес, – деді Батыр да әлденеге түсінбегендей сұраулы жүзбен.

– Мынандай мәселе болып тұр. – Ағыбай балаларға тура қарап, жөнделіп отырды. – Сендер естерің кіріп қалған балаларсыңдар. Не ойлап жүрсіңдер? Осылай халық жауының баласы деген атпен елдің қоры болып жүре бересіңдер ме, әлде ел қатарына қосылғыларың келе ме? Сендер ертең мектеп бітіргеннен кейін де, жоғарғы оқу орнына түсе алмайсыңдар. Сонда өмір бойы қайыршы болып өтесіңдер ме? Қазір ақылы бар балалар фамилияларын өзгертіп жатыр. Қалай болғанда да әкенің тағдыры сендердің бақтарыңды байламауы керек. Тіпті солардың

өздері де сендерге осы ақылды айтқан болар еді. Өйткені оларға да керегі ең алдымен сендердің болашақтарың. Осыны екеуің ойланыңдар. Маған қажеті шамалы. Өздерің үшін. Келісімдеріңді берсеңдер, қалған шаруасына өзіміз көмектесеміз.

Ағыбай кетерінде бұларға жамандық ойлап отырмағанын, біреуінің әкесі өзіне сабақ бергенін, ал біреуінің өзіне туыс екенін даусын төмендетіп, сыбырлағандай болып айтты. Сәбиттің мұғалімге туыстығы бар екенін Батыр сонда білді.

Мектеп директоры әлдебір идеялармен көзге түспесе, жүре алмайтын белгілі белсенділердің бірі еді, өзі басқаратын мектептің үкімет пен партия саясатын қалай қолдап жатқанын білдіру үшін дуылдатып жиналыс өткізді. Газеттен журналистер келді. Халық жауы болып атылған, түрмеде жатқан әкелерінен бас тартып, жаңа өмірге бет бұрған, коммунистік идеяға адал берілген балаларды өзгелерге үлгі ету рәсімі жасалды.

Мұғалімдердің қыстауымен аты-жөндерін өзгертуге келісім берген бірнеше бала жаттап алған сөздерін мүдірмей айтып шықты. Бұлардың енді пионерлер слетіне делегат болып сайлануға, пионер лагеріне жолдама алуға, комсомолға өтуге хақылары болады екен. Тек Сәбит қана сөзін айтып бола беріп, еңіреп жылап, жиынның салтанатына біршама көлеңке түсіргендей болды.

Ағыбай жиын үстінде Батырдың қасына екі рет келді. «Сен әлі де ойлансаң қайтеді, – деді ол сыбырлай сөйлеп. – Өз болашағыңды өзің байлап отырсың ғой... Ең болмаса, мектепте қалар едің. Енді басқа амал болмай тұр ғой...»

Батыр төмен қараған күйі үнсіз басын шайқады. Аузын ашса, жаңағы Сәбит секілді еңіреп қоя беретінін сезіп тұр.

Бұдан кейін Батырдың жағдайы тіпті ауырлап кетті. Директордың алдында ыңғайсыз жағдайда қалдырдың деп Ағыбай ренжіді. Өз кезегінде директор да біреудің алдында ыңғайсыз жағдайда қалған секілді. (Кім біледі, жаңағы «біреудің» өзі тағы біреудің алдында қиналған болар.)

Ең бастысы, газетке шыққан мақалада фамилиясын өзгерткісі келмеген бір-ақ бала болды деп, Батырдың аты-жөні жазылып кетіпті. Кім екені белгісіз, жоғарыдағы бас-

тықтардың бірі: «Халық жауларының ықпалынан шықпасы келмейтін, тәрбиеге көнбейтін мұндай баланы пионер қатарынан да, мектептен де шығару керек», – депті-міс.

Батыр ұсталайын деп жүрген адам құсап ешкіммен араласа алмай, жалғыз қалды. Бұған өзге балалар жоламауға тырысады. Мұғалімдер теріс қарайды; бәлесіне ілігіп кетеміз бе деп қорқатын секілді.

Сөйтіп жүргенде мұны іздеп жатақханаға Алматыдан Ғалым ағасы келді. Іссапармен жүр екен. Батырды осында тұратын бір танысының үйіне апарды. Тамақ ішіп, көржерді әңгіме қып отырғаннан кейін, үй иелері әлдебір жаққа кетті де, Ғалым мен Батыр оңаша қалды. Ғалым бірдеңені айта алмағандай, бүгежектеп біраз отырды да, кенет өзінен-өзі еңіреп жылап қоя бергенде, Батырдың зәресі ұшып селк ете қалды. Ғалым әлден уақытта қалтасынан ормалын алып, көз жасын сүртіп, неге жылағанын есіне түсіргісі келгендей, ойланып біраз отырды да:

– Шырағым, Шәйкен, көкең енді бізге жоқ, – деді даусы қарлығып. – Ату жазасына кескен үкім орындалды деген хабар алдық. – Ғалым өз хабарынан өзі шошығандай қалтыранып, орамалымен бетін жауып үнсіз қалды. Содан кейін Батырды бауырына тартып, құшақтап, қайтадан еңіреп ала жөнелді.

Батыр жүрегі суылдап, жылай алмай, қыстығып, қыңсылаған күшіктей бір дыбыс шығарып, басын шайқай берді. Оған әкесінің өлімі сәл бұлыңғырлау түрде әсер етсе де, ең алдымен қатты батқаны алдында тұрған ересек адамның зәресін ұшырып, осынша қатты еңіреп жылағаны еді. Ғалым жылағанын қойған кезде барып, Батырдың жылауға шамасы келді. Бүкіл көрген қорлық пен азап, уайым-қайғы, іштегі құса көздің жасымен қоса төгіліп жатқандай ағыл-тегіл ұзақ жылады. Ғалым да бұған қой деп айтпады. Біраз шерін шығарсын деген болар.

Батыр әрі-сәрі беймәлім күйде жылауын доғарды. Болған істі толық пайымдауға шамасы жетпей, ойлары далаға лағып, кейде осылай боларын әлдеқашан білгендей, тіпті ол кісі әлі тірі ме еді дегендей бір түсініксіз сезім көлбең етіп қалады.

Ғалым бұған бірдеңелерді айтып жұбатып жатыр, мұның әкесінен басқа да көп адам атылған секілді және мұнымен тоқтайтын түрі жоқ, елдің басына түскен бір ұлы нәубет екен, бұлардың үйіне қонаққа келіп жүретін баяғы Бәке, Сәке, Зәкелердің бәрі атылыпты. Раха ұсталатынын біліп, өз үйінде асылып өліпті т.с.с.

Батыр мына хабарға сенбегендей, әлде түсінбегендей Ғалымға жасқа шыланған үрейлі көзімен аңтарыла қарап қалған. Бүкіл елді жусатып жатқан қанды қырғын енді ешкімді де тірі қалдырмайтындай, алдында отырған әкесінің досына да, тіпті өзіне де ертелі-кеш бір жететіндей көрініп, көзі ғалымға қарап тұрғанмен, ойы алыста – басқа жақта еді.

Алайда атылған жалғыз менің әкем емес екен ғой деген ойдан, іштегі үрей дауылы аздап та болса, саябырсығандай болды.

Ғалым бұл күні Батырды интернатқа жібермей, танысының үйіне қондырды. Әңгімелесіп, жағдайына қанықты. Келесі күні директорға кіріп, Батырдың оқу жылын аяқтауына мұрсат беруге рұқсатын алып, содан кейін бір амалын жасамаққа келісіпті.

Әкесінің өлімі туралы хабарды Батыр әлдебір есірік күйде толық ұғына алмаған. Ертеңіне не істеп, не қойып жүргенін өзі білмей, бар дүниеден баз кешкендей болып, томаға-тұйық жүрді де қойды. Осы бір жан дүниесін тұмшалаған түнек ойдан кейін ашқан жаңалығы – дүниенің жалғандығы еді. Бұл байлам адамзат үшін жаңалық болмағанмен, Батырдың өзіне жаңалық болғаны шындық. Бәрі де бекер секілді. Оқу, білім алу, ел қатарына қосылу т.с.с. жалған арман, жалған мақсаттарға ғұмырыңды сарп ету неге керек? Баяғыда үйіне қонаққа келіп жүретін үлкендердің бәрі атақты адамдар болатын – бірі ғалым, бірі жазушы, бірі бастық. Бәрі де бір өліммен кете барды. Әйтеуір бір атылатын адамға профессор болып атылдың не, сауатсыз шаруа болып атылдың не? Бәрібір емес пе?

Мектептен шығып қалады екем деп қайғыру не деген ақымақшылық? Мектептің керегі не? Ал өлдің. Қарындасың да, әкең де өлді. Солардан артықсың ба? Батыр осы қырғыннан анасының да аман қалатынына сенген жоқ. Өзін де уақытша өмір сүріп жүргендей сезінді.

Мынау ойлар еңсесін қанша езгенмен, бір есептен амалын тауысқан ішкі тығырықтан шығар жол тауып берген секілді. Енді бұл өмірден түктің де керегі жоқ деген кесімді тұжырым өзіне қисынды көрініп, осы кезге дейін текке көтеріп келген бір ауыр жүктен құтылғандай әсер берді.

Оқу жылының аяғында елден – үстінде шибарқыт қоңыр бешпент, басында бөрік, аяғына мәсі мен галош киген – өткен ғасырдың адамындай болып, сығырайған кіп-кішкентай қара шал келді. Көкесінің немере ағасы Қасен екен. Ол алдымен директорға кіріп, содан кейін Батырға келді. «Батыр деген бала қайда? Батыр бар ма осында?» – деп кластың ішіне даңғырлай кіріп, Батырды көргенде даусы бұзылып, құшағын жая кемсеңдеп, дауыстап жылай жөнелді:

– Бәйтерегім құлады ғой, жарығым-ай! Әулетімнен сенен басқа ешкім қалмады-ау, жарығым-ай! Жалғызымай! Жалғыздықты серік қылған біздей сорлы бар ма екен?..

Осы кезде класқа кірген мұғалім шалға басу айтты:

– Ақсақал, жыламаңыз, кластың ішінде сабақ жүреді. Балаңызды алып, сыртқа шығып көрісіңіздер. Барыңыз, барыңыз...

Сыртқа шыққан соң, шал «жалғызымдап» тағы жылады. Оның «жалғызымына» Батыр кейін түсінді. Бұлар бір әулеттен қалған екі-ақ шаңырақ екен. Қасеннен ұл бала жоқ, Шәйкеннен қалған жалғыз ұл Батыр бір әулеттің соңғы тұяғы болып қалыпты.

Көрісіп болған соң, шал шаруасын айтты. Хабарласқан Ғалым екен. «Батырдың жағдайы қиын, халық жауының баласы деп ол жақта күн көрсетпей жатыр, елге алып кету керек» депті. Қысқасы, ертеңнен қалмай аттану қажет.

Сол күні Ағыбайдың көмегімен 7-класты бітірді деген қағаз алып, келесі күні түскі пойызбен бұлар елге жүріп кеткен. Алдымен облыс орталығына келіп, одан қалашыларға ілесіп, аудан орталығына түнеп, екі апта жол жүріп Ақшоқыға әрең жетті.

Батыр өзінің осы жерде туғанын, 3 жасында елден көшкендерін ата-анасынан естігенмен, есінде ештеңе қалмаған секілді болатын. Әйтсе де, ата-анасының әңгімесінен бе, әлде өзінің қиялы ма, болмаса, сәби санасында бірдеңе

қалды ма, әйтеуір, жағасына қоға мен тал өскен, айдыны жарқыраған мына өзенді, әупілдекті айна көлді, анау итарқа қырқаларды, жусанды жазық даланы бұрын көрген секілді. Жанына жылу беріп, уайымын да жеңілдетіп тұрғандай.

Қасенді «ата» дейтін болды. Өйткені шалдың өзі «мен Шәйкеннің әкесімен тұстаспын, жолым үлкен, саған ата боламын» деп жөн айтты.

Атасы өте кедей кісі. Бойдақ сиыр бағып, жаз бойы ен далада жалғыз үй отырады. Биыл Жалғызтүбек деген жерді жайлап отыр екен. Қалың тал өскен өзеннің жағасы Батырға ну орман болып көрінді.

Қасен шал сиырды бірде қырға, бірде өзен жағасына жайып, кештетіп малмен бірге, кейде өзі ерте келеді. Әудем жерде келе жатып кемпіріне, «шөлдедік, қымызыңды дайындай бер» деп айқай салады.

Кемпірі:

– Сонша жерден айғайлағаны несі? – деп кейіп жүріп, сусын дайындайды.

Атасы да, әжесі де көп сөйлемейтін жандар, кешкі шайда екеуінің сырт еткізіп қант тістеген, ыстық шайды сораптап ішкен дыбыстары ғана естілер еді. Батыр болса жаңа ортаға әлі бойы үйреніп кете алмағаннан үнсіз.

Бірде түн ішінде әлденеден оянып кеткен. Маңдайынан сипап, еміреніп жақсы көріп жатқан атасы екен. Бұл оянбаған болып жата берді. Әлдеқалай көзіне жас тығылып, жылағысы келді.

Күндіз қолы бос Батыр үйдің іргесіндегі өзенді бойлап, жағадағы тоғай болып кеткен қалың талдың ішін аралап, жаңа өлкеге келген жиһангездей әр нәрсеге бір таңғалып, кешке дейін жүреді.

Бір күні таңертең атасына:

– Сиырға мен барып келейін де, үйде отыра бермейсіз бе, – деген.

Шал күлімдеп: «Атасының қолғанаты деген осы ғой», – деп өткен жолғы түндегісіндей еміреніп, мәз болып қалды.

Атқа мінуге тез үйреніп алды. Елсіз мекенде өзен бойын жағалап қиялдап жүру өзіне ұнайтын секілді. Бір күні қырға қарай өрістеген сиырларды еркіне жіберіп, өзен бойымен түстікке қарай аяңжорғамен тартып кетті. Ата-

сы: «Кешке қайтарда болмаса, сиырларды өз бетімен қоя бер, не істейтінін өздері біледі», – деген болатын.

Күн шыққанда, жарқырап, күн бұлтқа кірсе, айдыны қарақошқылданып, түнере қалатын, екі жағына да қалың тал өскен ағыссыз өзеннің жағалауына ешкім аяқ басып көрмеген секілді. Төңіректің бәрі баяғы, әу баста жаралған қалпында тұрғандай. Тек алдында жатқан жалғыз аяқ көмескі жол ғана бұл маңда бір кезде тіршіліктің болғанын байқатады. Осылай әрнеге бір алаңдап келе жатқан Батыр кенет алдынан үйлері қаз-қатар тізілген поселкені көріп, аузын ашып тұрып қалды. Біраздан кейін поселкенің төңірегінде не мал, не адам жоғын байқады. Ақыры жақындап келгенде, поселкенің үйлерінің төбесі түскен иесіз жұрт екенін көрді.

Батыр молаларды аралағандай бір қорқынышты сезіммен жүрсе де, бір үйден болмаса, бір үйден қызық бірдеңе табылатындай, поселкені тегіс аралап шықты. Ешбір сау үй жоқ. Қабырғалары ғана бүтін, төбесі ортасына түскен, есік-терезесі жоқ, қаңырап жатқан бірдеңе.

Кешке үйге келгенде көргенін атасына айтып еді, ол кісі «қайтесің оны, барма ол жаққа, керегі жоқ» деген-нен басқа ештеңе айтпады. Тек келесі күні әжесі ұршық иіріп отырып: «Ол – бұрын артель құрылғанда салынған поселке ғой. 31–32-жылғы аштықта адамдары қырылып, аман қалғандары босып, аудан орталығына жаяу шұбап, жолда өлді. Содан бері қаңырап тұр. Атаң айтты-айтпады, бармай-ақ қой. Қайырсыз мекен ғой», – деген. Содан кейін айтсам ба, айтпасам ба екен дегендей сәл ойланып: «Үйлердің ішінде көмілген адамдардың сүйегі жатыр», – деді.

Батыр алысқа ұзап, төңіректі зерттеуді азайта бастады. Өйткені мына өлкенің бір жерін түртіп қалсаң, ар жағынан адам қырылған жаңа бір тарих шыға келетін секілді көрінеді де тұрады.

Күзде оқу басталарда атасы Батырды колхоз орталығы – Ақшоқыдағы мектепке алып келді. Мектеп директоры Қабыш Ахметов Батырды интернатқа алуға ықылас білдіре қоймады.

Бірақ Қасен шал әңгімені мүлде басқа арнаға түсіріп әкетті:

– Әй, шырағым, сен олай деуге тиісті емессің. Біріншіден, өзің осы елге күйеусің. Екіншіден, шешең Ақсары – қауен, ал біз – дәуенбіз. Қауен мен Дәуенді адам айырмаса, құдай айырып көрген жоқ. О не дегенің сенің? Батыр – менің балам. Айдалада қысы-жазы қаңғып, сиыр соңында жүрген қу кедей мына менің баламды интернатқа алмағанда, кімді аласың?..

Қабыш рай бере қоймады:

– Қасеке, түсінсеңізші, бала көп, орын жетпей жатыр. Осындағы бір туысқандарыңыздың үйіне орналастырмайсыз ба?

– Сен ондай әңгімені қой, айналайын, – деді Қасен құпия айтатын адамдай Қабышқа жақындай түсіп. – Кешегі Тасмешінде сенің әкең Ахметті ажал аузынан алып қалған мына мен болатынмын. Оның үстіне сенің әкең менімен бөле. Қашсаң да құтыла алмайсың. Бүкіл әулетімізбен ай-шай деспеген сыйластықты енді сен бұзайын деп отырсың ба? Мынауың масқара ғой!..

Енді айтыссам, одан да жақын туыс боп шығып, ұятқа қалармын дегендей Қабыш күлімсіреп:

– Жарайды, ақсақал, алайын. Сіз үшін тек... Бізге де жан керек, бұл баланың тарихынан хабарымыз бар. Сосын айтып отырғаным ғой, – деп сөзінің аяғын мәмілемен аяқтады.

Интернатта Батыр Қарағұл деген ересек баламен бірге жатты. Екеуі тез достасып, бірге жүретін болды. Қарағұл бұдан екі-үш жас үлкен. Денесі сомданып, жігіт болып қалған. Қылжақбас, жай сөзінің қайсы, ойын сөзінің қайсы екенін айыру қиын. Айтатын әңгімесі тек қыздар туралы. Түсінде де қыздардан басқа ештеңе көрмейтін секілді. Сөзіне қарағанда, жігіттіктің дәмін әлдеқашан татып үлгірген.

Оқу басталғаннан кейінгі Қарағұлдың көзіне түскен қыз 7-класта оқитын Сұлушаш болды. Ауылға басқа колхоздан ауысып келген агроном Сабырхан деген кісінің қарындасы.

Сұлушаш әдемі қыз – ақсары, қатарынан биік, әрі шынардай тіп-тік болып жүреді. Өзі әнші екен, сабақты да жақсы оқитын көрінеді. Жүріс-тұрысы, киім киісі ауылдың адамына ұқсамайды, бәрі ерекше. Оны ұнатпау тіпті

мүмкін емес секілді. Бірақ Қарағұл елден бұрын ен салып қойғандай, иемденіп жүргеннен кейін, онымен қабаттасып, ынтызарлық таныту адамгершілікке жатпайтын қылық болып көрінді Батырға.

Мектепке он жылдық деген ат берілгені биыл ғана. Соған байланысты ауданнан жаңа мұғалімдер келіпті. Олардың ішінде екеуі – училище бітіріп келген жастар.

Оқап атты беті бұжырлау, ұзын бойлы жігіт ән-күй үйірмесін ашып, орта бойлы, жалпақ жауырынды, денелі Түгелбай балаларды спортқа тартып, бұл төңіректе бұрын болмаған өнерді бастады.

Ән-күй үйірмесінің дайындығы кезінде балалар залға сыймай кетеді. Көбінің көргісі келетіні Сұлушаштың ән айтқаны. Сұлушашты жай отырғанда көрген адам тіпті сұлу деп айтпас еді. Бірақ сөйлегенде, күлгенде, әйтеуір қимылдай бастағанда-ақ түрі ғажап өзгеріп кетеді. Адамға таңырқағандай бір түрмен қараған кездегі жарқ еткен жанары төңіректі жарық қып жібергендей әсер етер еді. Әйтсе де, мінезі тіктеу, сәл нәрсеге ашуланып қалатыны бар.

Дайындық кезінде Оқап орындығын сықырлата бұрылып, ән айтатын балаға әлденелерді түсіндіріп, мандолинін безілдете, «и-и-и» деп басын изеп белгі береді. Онысы бастадық дегені. Ал Сұлушашқа келгенде, белгілі әншімен жұмыс істеп тұрғандай, ізетпен сөйлеп, оның әнді бастар кезін күтіп, жаңылысып кетем бе дегендей, одан көзін алмай, айрықша ыждағаттылықпен сүйемелдейді. Сұлушаш ән айтқанда басын сәл бұрып, көздерін қадаған көпшілікке назар салмай, жалғыз өзі оңашада тұрғандай болып айтушы еді. Дауысты қатты көтеретін тұста жұпжұмыр аппақ мойнындағы күре тамыры білеуленіп көрініп тұрады. Сол кезде Батыр даусы жетпей қалар ма екен деп қорқып, іштей қыпылықтап отыратын.

Әйтсе де ұл балалар көбіне денешынықтыру пәнінен сабақ беретін Түгелбайдың төңірегінде. Түгелбайдың жапжалпақ жауырыны, буылтық-буылтық бұлшық еттері, жеп-жеңіл, ып-ыңғайлы жүріс-тұрысы көздің жауын алғандай. Бірақ мінезі арсы-гүрсілеу, сөзінен гөрі қолы бұрынырақ қимылдайтын секілді. Мақтаншақтығы да жоқ емес. Күші бойына сыймай тұрғандай, қозғалақтап бір орында тұра алмайды.

Қонақта болған той-томалақтың бірінде өзімен бірге барған Дәулет деген мұғалімге қол жұмсап, педсоветке түсіп, сөгіс алып, біраз әйкәпірлеу болып жүрген. Кейін Түгелбайдың атын шығарған оқиға болды.

Колхоздың биылғы шабындығы да, егіні де бітік шығып, оны жинап алуға ауданның нұсқауымен басқа жақтан жұмыскерлер, механизаторлар келген. Олардың ішінде өзге ұлттың өкілдері көп екен және өздері сотталған бәлелер болып шықты. Солар төбелес шығарып, екі адамды соққыға жығып, әбден басынып, бет қаратпай тұрғанда, осы Түгелбай әлгілердің бәрін шетінен көкала қойдай қып сабап, масқара қылған. Кейін көрші ауданның іргелес колхозымен шабындыққа таласып, аяғы үлкен қақтығысқа айналып, сонда да осы Түгелбайдың арқасында жеңіп шықты. Түгелбай баяғының жалдамалы батырлары секілді. Айтса болды, тас-талқанын шығарады. Сырттың телі-тентектері бұл ауылға бас сұға алмайтын болды. Педсоветтің шешімі далада қалды. Жұрт енді «осы Түгелбай болмаса қайтер едік» деп отыратынды шығарды.

Мектептегі көзге түсетін үшінші адам – география пәнінің мұғалімі Ерғазы. Шегір көзді, жарқабақ, қарасұр, қатыгез кісі. Жас шамасы бәрінен үлкен. Бұрын райкомда істеген, одан бұрын осы елде әйелі, ағасы – үшеуі тұңғыш партия ұясын ашқан алғашқы коммунистердің бірі. Директордан бастап, мұғалімдердің бәрі өзінен именіп, аулақ жүруге тырысады. Жұрттың айтуына қарағанда 37-38 жылдары Ерекеңнен бүкіл аудан қалтырап қорыққан екен. Қазір кішкене бағы тайып, төмендеп, мұғалімдік қызметке түсіп қалған тәрізді. Соның өзінде ешкім бетіне тура қарай алмайды. Балаларға ұрысқан кезде ең көп айтатын сөзі: «Халық жауының құйыршығы». Бірақ оны ауыр алып жатқан ешкім жоқ; әшейін сөзінің мәтелі болуға керек.

Оқу басталысымен Батырдың жақсы оқитыны байқалғаннан кейін кейбір мұғалімдердің бұған іш тартатындары сезіліп жүрді. Өз елі болған соң араларында ет жақын туыстары да болар. Оның үстіне әкесі елге белгілі адам, оған да бүйрегі бұратындар бар шығар. Әйтеуір бұрынғыдай қатты қысымшылық көрмей жүрген секілді.

Бірінші тоқсан аяқталарда, соның алдында ғана комсомол комитетінің хатшысы болып сайланған Оқап мұны дәлізде ұстап алып, ерекше құпия айтып тұрғандай, жанжағына жалтақтай қарап: «Сені комсомолға аламыз, – деді құлағына сыбырлап, – жақсылап дайындал».

Демалыс алысымен Батыр қыстауға көшіп келген атасының үйіне келді. Келесі күні шай үстінде өзінің комсомолға өткелі жатқанын айтты.

Атасы әлдеқалай шошынып:

– Онысы немене тағы да? – деді күмәнді жүзбен бұған алара қарап. – Осындай бәлелерден Шәйкеннің де тапқан пайдасы шамалы еді. Байқасаң қайтеді?

Батыр үндеген жоқ, өйткені мұның аяғы немен аяқталарын өзі де білмейтін.

Атасының үйінде екі күн түнеп, интернатқа қайтып келді. Ересек балаларды интернатқа отын дайындауға жұмсаған. Бұл өңірдің қысы қатты, отыны аз. Жаз бойы тезек жинап, қи ойып, қол жеткендер тал қиып әкеліп, әр қыс келген сайын, амалы құрып, былтыр не істегенін ұмытып қалғандай, дағдарып отырар еді.

Төрт бала – танауы таңқиып, әңгімеден аузы жабылмайтын Байбол, керісінше, көзі бақырайып, әркімнің аузына бір қарап, үндемей отыратын бәкене бойлы Тәйпен, сосын Қарағұл мен Батыр – тал қиюға өгіз арбамен Ақшоқыдан күн шықпай шығып, Арбалы түбегіне түс шамасында жеткен. Өзен жағасынан басталған қалың тоғай түбекті түгел толтырып, шилеуітті боз қырға барып тіреледі екен. Бұлар келе тоғайдың ең қалың жерінен тал қиюға кірісті. Қолдарында бір-бір балта, жігіт боп қалған ересек балалар күн батқанша құрғақ талдарды үйіп тастады. Арбаға тиегенше ымырт түсті. Әбден шаршап, қарындары ашып, берекелері кетіп отырғанда, Қарағұл күтпеген жерден ұсыныс айтты.

– Мына жерде, – деді ол иегімен көрсетіп, – әрі кетсе, үш шақырым, Шайтанкөң деген жерде түйеші Сақан отыр. Маған нағашы болады. Сонда түсіп, тамақ ішіп, қонып, таңертең ерте шығып кетейік.

Қарағұл айтқан сөзінен айнып қала ма деп қорыққандай:

– Ойбай, кеттік, – деді қалғандары бір ауыздан.

Әбден тойынған тұсаулы өгіздерді әкеліп, жегіп, өздері арбаның үстіне отырып, өзектің бойымен шоқалақтап, тегіс жолға түскеннен кейін, қарап отыра алмайтын Байбол:

– Шайтанкөң демекші, – деп айсыз қараңғы түнде тағы бір әңгіменің шетін шығарды. – Шайтанкөң демекші, қай жылы менің нағашы атам осында қой бағып отырғанда, неше түрлі бәлені көргенін айтқан. Шайтанкөңде шайтан болады дегенге бұрын сенбейтінмін. Бірақ түнде машинаның жарығы секілді жарықты талай көргем. Сөйтсе, соны атам да көріпті. Бір күні түнде дейді атам, жарық тіпті жақындап үйдің қасына қарай келе жатыр, соның алдында әлденеден секем алып, қолыма мылтығымды алғанмын. Әлгі тіпті екпіндеп, көзімді шағылыстыра жарқырап тура қасыма келгені. Содан не де болса деп, мылтығымды жарыққа қаратып басып қалдым дейді. Мылтық гүрс ете қалғанда, әлгі жарық жоқ болып кетіпті. – Байбол өз әңгімесіне өзі таңғалғандай, «ой, Алла-ай!» деп басын шайқады.

– Жанбай бар ғой, – деді үнсіз отырған Қарағұл да әңгімеге араласып.

– Таңатар Жанбай ма?

– Иә. Солар да бір жылы осында қыстаған. Содан естігенмін, түнге қарай тіпті маза бермейді екен. Ауыз үйдің астан-кестеңін шығаратын көрінеді. Кейде шашы жалбыраған қыз бала түрінде көрінеді екен.

Жеті түнде мынандай әңгімеден үрейленіп, қалғандары үнсіз отыр. Тамақ ішеміз деп қуанған көңілдері су сепкендей басылған тәрізді. Бірақ терезесінен жарық жылтыраған қора-қопсылы аласа саман үйдің алдына өгіздерін доғарып, ұзын сенекті бойлап, кірер есікті әрең тауып, жап-жарық, жып-жылы ішке кіргенде көңілдері қайтадан жадырап сала берді.

Мұрты тікірейген жылтыр қара Сақан осылар келсе екен деп күтіп отырғандай, орнынан атып тұрып, әрқайсысымен құшақтасып амандасып, Қарағұлды қайта-қайта арқасынан қағып, мәз боп қалды. Балалар үй иесінің ықыласын байқап, енді жағдайымыз жаман балмайды дегендей, бір-біріне қарап, көздерін қысып қояды.

Айдалада жалғыз үй отырған жандар, шынында да, ауыл адамдарын сағынатын болу керек, бұлар келісімен Сақанның етженді ақсары әйелі алдына алып отырған жас баласын күйеуіне ұстата салып, қобырап кеткен шашын жинап, жаулығын жүре байлап, салмағын ауырсынғандай ырғала басып, тамақ істеуге ауыз үйге шықты. Үш жасар шамасындағы шашы көзіне түскен сары қыз келген қонақтарға жалтақ-жалтақ қарап, пеш түбінде отыр.

Көп ұзамай шай да келді. Сақан әжуасыз отыра алмайтын секілді. Аузын қомпайтып Қарағұлдың нан шайнағанын салып, дүкенші соқыр Қапардың сыналып газетке шыққанын айтқанда, бір көзін қысып, екінші көзін ажырайтып, дүкеншінің түрін келтіріп, жұртты күлдіріп отырды. Және біреуді мазақ қылған кезде, әлгі адамнан айнымай қалатын тәрізді.

Бір тұста Қарағұл:

– Нағашы-ау, биыл үшінші жыл екен, айдалада отырғандарыңа. Мүлде тағы боп кететін болдыңдар ғой. Ауыл жаққа неге жақындамайсың? – деді әңгімені басқа жаққа бұрып.

Сақан жауаптан тосылғандай біраз үнсіз отырды да:

– Айтып отырғаның рас, жалғыз үйліктен жалығып болдық, – деді, менен де гөрі осыған батты дегендей, әйеліне қарап қойып. – Бірақ мына түйе деген жануардың, момын сияқты көрінгенмен, қауіп-қатері аз емес. Баяғыда елде бір жыл қыстағанда есепші Мәрденді бура өлтіріп кетіп, содан аулаққа кетейін деп, осылай қарай көшіп кеттім ғой. Бұл бура дегенің жараған кезде құтырынып, аузынан ақ көбігі бұрқырап, өлген-тірілгеніне қарамайды. Көзіне көрінген нәрсеге шауып, ие бола алмайсың. Өткен көктемде осында келген Әшірді қуып, астындағы атының әлділігімен әрең құтылып кетті. Кейде көзі қарауытып менің өзіме де назары ауып қоятын кездері бар. Алла сақтасын! Әйтеуір айқайлап, әрең дегенде есін жидырасың.

Алғашқы үрей балаларға тағы оралды.

Сақан да балалардың қорқып отырғанын сезіп:

– Жоқ, қазір ешкімге тие қоймайды. Көктемге қарай қайитын кезде ғой иттердің жынданатыны, – деп жуып-шайғандай болды.

Бір қатерден құтылғандай болып, балалар да жадырап қалды. Байбол жол бойғы әңгімені еске түсірді, атасының жарқыраған шамды мылтықпен атқанын тағы да қайталап айтып шықты.

– Атаң көргенін айтқан шығар, ол рас, – деді Сақан, мынау да талай рет көрген дегендей, тағы да әйеліне қарап қойып. – Біз өзіміз әбден үйреніп алдық. Өздері бірде сары мысық, бірде ешкі болып келіп, аралап, ұйықтап жатқан балаларымызды иіскеп, жүре береді. Не істейсің, әйтеуір зияны жоқ секілді.

– Мысық дейсіз бе? – деді Тәйпен үрейленгендей бір үнмен.

– Иә, кәдімгі сары мысық болып келеді.

Алдыға ет келді. Сақан табақтың астына қою үшін іргеден бір топ газетті алып, біреуін жазып көріп еді, бірінші бетте тұрған Сталиннің суретін көріп шошып қалғандай: «Ойбай, мына кісі шыға келді ғой», – деп, екінші газетті жазып еді, онда да әлгі сурет бар екен, үшінші газетте де – көсемнің суреті, ақыры шыдай алмай: «Әй, жарайды, бұл кісі көсем болса да, дәмнен үлкен емес шығар», – деп соңғы газетті табақтың астына төсей салды.

Ет желініп, балалар қолдарын сүртіп, төрге қарай шегініп отыра бергенде, жартылай ашық тұрған есіктен кіріп келе жатқан сары мысықты бәрі көрді. Мысық басын сәл төмен салып, аяғын асықпай басып, бұларға тура келе жатыр еді.

Тәйпеннің түрі бұзылып, қолын ербеңдетіп:

– Ойбай, аға, – деді даусы жарықшақтанып. – Мынау әлгі ме? – деуге шамасы келді.

Сақанның әйелі күліп жіберді. Сақанның өзі:

– Жоқ, жоқ, Тәйпен, қорықпа, бұл ол емес, өзіміздің мысық қой, – деп басу айтып жатыр. – Кет, әй, – деді сосын мысыққа кіжініп, – Бұ да бір, үйге кірмейтін кезде кіріп...

Сорпа ішіп, ас қайырып, дастарқанды жиғаннан кейін, Сақан далаға шығып келіп:

– Дала бұлтты екен, ертең желкемдеу болар, – деді де, балаларға қарап, – жүріңдер мен сендерді төсек салғанша далаға шығарып келейін, – деп өзі қайта шығып кетті.

Балалар тастай қараңғы сенекке шығып, бір-бірінен ұстап, «есік қайда» деп сұрап келе жатқан. Кенет тағы да Тәйпеннің шар ете қалған даусы шықты. «Не болды?» деген сұраққа, «Мүйіз...», – деуге ғана шамасы келді. Оның әзіл-шыны қайсы екенін білмей тұрғанда: «Ойбай, сақалы ма, не бәле?» – деген Байболдың жан даусы шықты. Апыр-топыр, «есік қайда, есік қайда?» деген дауыс шығады. Манағы ешкі түрінде келетін пәлекеттің осы екеніне бір сәтке ешкімнің күмәні қалмады. Кенет шиқ етіп күлген дауысты Батыр анық естіді. Және Сақанның үні екенін сезіп, мынаның ойын екенін енді білді. Көп ұзамай сыртқы есік те ашылды. Балалар сыртқа шығып, ойын екенін түсініп, әлгі қорыққандарына өздері ыңғайсызданғандай болып, бірін-бірі мазақ қылып, жатқанша ойын-күлкілері басылмады.

Батыр кейін білді, Сақан әйгілі сайқымазақ, даланың әртісі екен. Біреуді келеке қылу, жоқ нәрсені ойынға айналдырып, жұртты жынды қылу өзінің ежелгі кәсібі көрінеді.

– Қайта басылғаны ғой, – дейді Қарағұл таңертеңгілік қайтып келе жатқанда жол бойында. – Бұрын құдай сақтасын, жын секілді болатын. Адамды күлдірмесе, отыра алмайды. Мұнымен қатар отырып шай іше алмайтынсың. Біреуді айнытпай салып, не адам ойына келмейтін бірдеңелерді айтып қалса, шайыңа шашалып, басыңмен қайғы боп кетесің. Қайта мына жаққа жалғыз өзі кетіп қалғаны жақсы болған. Ойыны қайсы, шыны қайсы екенін адам білмейді. Ешкім болмай қалғанда, жалғыз өзі байғұс әйелінің ішек-сілесін қатырып, есін шығарады ғой. – Содан кейін түндегі оқиға есіне түсіп: – Бізді қорқыту үшін ерінбей-жалықпай, ешкіні дайындап қойғанын көрмейсің бе? – деп қарқылдай күлді.

Оған басқалары қосыла күлді.

Осы оқиғадан кейін, көп ұзамай Сақан ұсталып кетті деген хабар келді. Айыбы – Сталиннің суретін мазақ қылып, табақтың астына салған, статьясы – советке қарсы үгіт жүргізгені үшін (антисоветская агитация). Ең ғажабы, әлгі хабарды кімнің жеткізгені анықталмай қалды. Батыр бұрын НКВД балалардың арасынан да өздеріне тыңшы тағайындайды дегенді естіген болатын. Бірақ Са-

қанның үйінде болған төрт бала. Біреуі – өзі. Өзінің органмен қатысы жоғы өзіне аян. Сонда қалған үшеуінің қайсысы болуы мүмкін? Үшеуі де біз емеспіз деп ант-су ішеді. Тірі жанға сену мүмкін емес.

Қарашада қыс түсті. Мектеп – қыр жақтағы ең шеткі үй, өзенмен арасы біраз жер. Балалар өгіз арбамен кезектесіп, интернатқа өзеннен су және мұз тасиды. Кешкілік өзеннен су таситындар көп, әсіресе, қыз балалар. Батыр ойық басында Сұлушашпен талай кездесті. Аяздан қызара бөртіп, күлім қағып жүргені.

Бір күні Қарағұл бұған өтініш жасады:

– Сұлушашқа сөз айтуға ретін таба алмай жүрмін. Хат жазып қойып едім, бірақ өзім беруге жүрегім дауаламайды. Егер сенің хатың болса, ойланбай берер едім. Өзіме ыңғайсыз. Сен осыны су әкелуге барғанда ретін тауып берсең қайтеді?

Батыр жоқ деп айта алмады. Өзі де іштей Сұлушашты ұнатқанмен, дәл бұл арада қарсы болу адамгершілікке жатпайтын қылық болып көрінді.

– Жарайды, – деді хатты алып жатып.

Келесі күні кешкілік Батыр өгіз арбамен су әкелуге барды. Беті қатқан ойықты аршып, кеңейткеннен кейін, бөктерді суға толтырып, шанаға мұз ойып салып, шаруасын бітірген соң, Сұлушашты күтіп, күйбеңдеп жүріп алды. Біреу «кімді күтіп жүрсің» деп айта ма деп, қыпылықтап қояды. Ақыры келді-ау. Сұлушаш бұған мән бермей, бөкке суды толтырғаннан кейін, шанасын сүйретіп мұның жанынан өте берді.

Батыр осы кезде оның атын атады ма, атамады ма, есінде жоқ, әйтеуір Сұлушаштың бұған жалт қарағанын көрді де, «алмаса қайтемін» деген ойдан жүрегі лүпілдеп, хатты ұсына берді. Бірақ қорқынышы бекер болып шықты, Сұлушаш жүзі күлімдеп, тіпті осыған риза болғандай, жып еткізіп хатты алып алды. Батыр оның мұнысына көңілі толыңқырамай, бұл да көп қыздың бірі болғаны ма деген секілді бір ойдың жетегінде қоңылтақсып қала берді. Егер алмаймын десе, Қарағұлды ұнатпайтынының белгісіндей болып, көңілін әлдебір үмітке толтыратындай көрінген және өзінің хатты алмаса екен деп іштей дәме қылғанын да сезіп тұр.

Қарағұл мұны есіктің алдында күтіп жүр екен:

– Алды ма? – деді бұған үрейлене қарап. «Алмаса, қайттім?» деген ой оның да мазасын алғаны көрініп тұр.

Батыр «алды» дегенді білдіріп, басын изеді. Онысы Қарағұлға мүлде келісімін берді дегеннен кем әсер еткен жоқ. Батырды құшақтап мәз болды.

Батыр енді ол қызға үміт арту мүмкіндігінен айырылғандай әсерде қалды. Бірнеше күн бойы әлдебір күдер үзген сезіммен мектепте Сұлушашпен кездесіп қалмауға тырысып, қашқақтап жүрді. Бірақ бір ауылда тұратын, бір мектепте оқитын адам қайдан кездеспей жүре алсын, қас қылғандай, тағы да сол ойықтың басында кездесуге тура келді.

Бетпе-бет келіп қалғаннан кейін, Батыр ұмсынып, амандаса беріп еді, Сұлушаш ашулы түрмен бұған жалт қарап:

– Жұрттың хатын тасығанша, өзің жазбайсың ба? – деді де, бұрылып жүре берді.

Батыр өзінің үлкен қате жібергенін сезіп, қатты өкінді. Бірақ әлгі сөздің астарында хатты мұның өзінен күткені жатыр ма, әлде әшейін кекеткендегісі ме, ол арасын айыра алмады. Тек ашуланғанына қарағанда, Қарағұлды ұнатпайтын болғаны ғой деген ой еңсесін сәл-пәл жеңілдеткендей болды.

Көп ұзамай, Батыр Оқап басқаратын көркемөнер үйірмесіне қатысты. Домбыраға әуестігі бұрыннан болғандықтан, бұл әрекетін өзінің өнерге деген құштарлығынан деп өзін сендіргісі келгенмен, көңілінің түкпірінен екінші бір адам мұның, шын мәнінде, Сұлушашқа бір табан жақындағысы келгеннен туған жоспар екенін бетіне басып тұрғандай және соны өзі де жоққа шығара алмай тұрғандай сезінетін.

Оқап тәп-тәуір домбырашы екен, талап қылған бес балаға бір айдың ішінде «Кеңес», «Қарабас» күйлерін үйретті. Батырдың домбырашылығы қалғандарынан көш ілгері болып шықты. «Сен домбыраны сөйлете біледі екенсің, бұл үлкен қабілет. Дұрыстап шұғылдансаң, тәптәуір домбырашы болып кетуің мүмкін», – дейді Оқап риза болып. Жетінші класта оқитын Сағи атты екінші бала

да көштен қалмайтындай дәрежеде. Ал қалғандарынікі – әшейін үйренсек деген ниет қана.

Жаңа жыл кеші жақындаған кезде концертке дайындық басталды. Батыр енді Сұлушашпен ыңғай сол дайындықта кездесетін болды. Бірақ оның бұған рай беретін түрі жоқ. Өзі үнемі әлденеге ашулы жүретін секілді. Бірде үйірменің жетекшісі дайындыққа кешіккен соң, қыздар ерігіп бір-бірінің сөмкелерін тығып, ойнап отырған. Біреуі Сұлушаштың түсіп қалған қолғабын жып еткізіп көтеріп алып, қатар тұрған қыздың арт жағынан қолына ұстата салды, ол екінші қызға, өстіп кезек-кезек қашыртып жүріп, ақырында қолғап Батырдың қолына тиді. Батыр Сұлушаштың түбіттен тоқылған жұп-жұмсақ қолғабын ұстай тұрғысы келіп үндемей тұра берген, кенет Сұлушаш төбелесетін адамдай мұның жанына жетіп келіп:

– Әкел қолғапты! – деді қып-қызыл болып түтігіп. – Сенімен ойнағым келіп тұрған жоқ. Ойының өзіңе. Әкел қолғапты!

Батыр аяқ астынан не істерін білмей абдырап, қолғапты ұстата салды. Зіркілдеп тұрған қыздың түріне тура қарай алмай, жүзін төмен салып үндемей тұр. Басқа балалар да ыңғайсызданып, бір-біріне қарасты.

Іштей жақсы көріп жүрген адамынан көңілі қалғандай болып, Батыр жатақханаға келген соң, болған оқиғаны Қарағұлға айтты. Алдында айтпай-ақ қойсам деп бір ойлаған, бірақ іштегі қапаны біреумен бөлісу қажет болды. Қарағұлдың көрген зәбірі мұныкінен кем болмаған секілді:

– Ойбай, ол қыздан мен күдерімді баяғыда үзгем, – деді ол «бәлесінен аулақ» дегендей қолын сілтеп. – Неге хат жазасың деп итімді шығарған жоқ па. Ол ертең ешкімге әйел боп та жарытпас. Ана мінезбен кімге сыяды?

Қарағұл сыртынан қанша жамандағанмен, күлімсіреген жүзінен, зілсіз жайдары даусынан, реті келіп Сұлушаш жылы шырай танытып жатса, өзінің бұрынғы ынтызарлығын одан әрі жалғастыруға кет әрі емес екені байқалып тұр.

Шынында да, Сұлушаштың қай қылығын болса да, кешірмеу мүмкін емес еді. Келесі дайындықта-ақ Батырдың ренішінен түк қалмаған секілді болды.

Алдыңғы жоспар бойынша концертте Батыр жалғыз өзі домбыра тартатын болып келісілген. Бірақ артынан Оқап басқа бір нөмір ойлап тапты. Енді үш адам екі домбырамен сахнаға шығып, бұрын болмаған бір оқиға жасамақ. Сол жақта отырған Оқап бірінші домбыраның пернесін басып отырады, оны ортадағы Батыр оң қолымен қағып, ал сол қолымен екінші домбыраның пернесін басады, мұны қағушы – оң жақ шеттегі Сағи. Үшеуі осылай отырып, дайындық үстінде «Қарабас» күйін тартып шыққанда, бірінші болып қол соққан Сұлушаш болды. Көзінің астымен күлімдеп Батырға қараған кезде, жанарынан тараған сәуле мұның көңіліндегі өкпе-реніш, уайым-қайғының бәрін жуып-шайып кеткендей болды.

Сұлушаш мұнымен тоқтап қалған жоқ, өз нөмірі келгенде «Сәулем-ай» әнін айтып тұрып, қайырмасындағы:

«Сәулем, сәулем, сәулемсің,
Басымдағы дәуренсің,
Жақсы болсаң, сәулемсің,
Жаман болсаң, әуремсің», –

деген тұста Батырдан көзін алмай тұрып алғанда, оны бәрі байқап, қыздар да Батырға қарап, бұл қалай қызарып кеткенін өзі де байқамай қалған.

Сұлушаштың жанарынан тұтанған бір от Батырдың жан дүниесін шарпып, маздап ала жөнелді.

Колхоз клубында өткен жаңа жыл кешінде бұл ауылда бұрын-соңды болмаған тамаша концерт қойылды. Бұл, шын мәнінде, Оқаптың еңбегі еді. Директордан бастап бүкіл мұғалімдер Оқапты да, концертке қатынасқан балаларды да құттықтап, шалғай ауылға мәдениеттің жаңа бір лебі келгендей мәз болып жатты.

Бірақ үш күннен кейін балалар ұнжырғасы түсіп, көңілсіз жүрген Оқапты көрді. Кеше болған мұғалімдердің жиналысынан кейін, концертке берілген баға басқаша болып шығыпты. Бұрын райкомда істеген Ерғазы концерттен саяси қате тауыпты. Бүгінгі советтік әндер – партия, комсомол туралы әндер неге жоқ? Қайдағы жоқ «Сәулем-ай» секілді халық әндері кімге қажет? «Қара-

бас» деген қаралы күйді қайдан тауып алған? Кімге жоқтау айтып отыр онымен? Идеологическая диверсия! Бұл үшін ең алдымен бірінші басшы жауап беру керек деп, директорға шүйілсе керек.

Мұғалімдер арасындағы бұл кикілжің мұнымен тоқтамады. Дау-дамай ушығып, ауданға арыз түсіпті. Арызда мұғалімдердің саяси сауаты аз, мектептегі моральдық климат нашар, кейбір мұғалімдер мен мектеп оқушыларының арақатынасы педагогикалық нормаға жатпайды деген айыптар тағылған көрінеді.

Ақыры ауданнан, іштерінде бір дәрігер бар, арнайы комиссия келді. Олар мұғалімдерден жауап алып, біраз тергеп, ақыры жетінші, сегізінші кластың қыздарын дәрігерлік тексеруден өткізетін болыпты. Сөйтіп кімнің қыз, кімнің қыз емес екенін анықтамақ. Содан кейін негізгі кінәліні іздемек.

Осыдан кейін мектепте құлақ естіп, көз көрмеген оқиға болды. Екі кластың қыздарының бәрін мұғалімдер бөлмесіне жинап, бір-бірлеп дәрігер мен бірнеше әйел мұғалім отырған директордың кабинетіне енгізіп, еңіреп жылап, қарсыласқандарына қарамастан, зорлап диванға жатқызып, жыныс мүшелерін тексерген. Қатты қарсыласқандарына қол жұмсауға тура келген.

Екі сағаттан астам уақытқа созылған процедурадан кейін, 4 қыздың қыз емес екені анықталды. Акт жасалып, комиссия мүшелері қол қойды. Алдында тексерістің нәтижесін құпия сақтауға келісім болған, бірақ хабар келесі күні-ақ тарап кетті.

Төртеудің ішінде Сұлушаш та бар еді. Ең ауыр соққы Батырға осы болды. Есінен айырылғандай аңырып, оқиғаның мәніне түсінуге шамасы жетпей біраз тұрды. Одан кейін мүлде қаңғып кеткісі келген адамша жалғыз өзі өзен жағасымен елсізге қарай ұзақ жүрді. Бір тұста өзінің күйзелісін тежеп, сәл-пәл сабырға жүгінді. Біраздан соң тіпті суынып, өзін Сұлушашқа қатысы жоқ адамдай сезінді. Содан кейін, бейтарап адамша жағдайды ақылға салып талдағысы келді.

Қыз баланың пәктігі әрқашанда бірінші орында. Бірақ... Біріншіден, кімнің қандай жағдайда мұндай абыройсыздыққа тап болғанын білмей тұрып, оған баға бе-

руге болмайды. Егер оның еркінен тыс жағдайда болса, ол оның адамгершілік құнын түсіруге тиісті емес. Екіншіден, мынандай масқаралау болмаса, оны ешкім білмес еді, қыздар ел қатарлы өз бақыттарын табуы мүмкін еді. Оларды қолдан бақытсыз қылып отыр. Үшіншіден, әркімнің өзіне ғана қатысты құпия ғұмыры болуы мүмкін, оны неге басқа біреу тексеруге тиісті. Осылай болған істі саралай келіп, Батыр біржола бақытсыз қыздардың жағына шықты. Өзінің Сұлушаштан безе алмайтынын сезді. Оның бойындағы ғажайып қасиеттер мен қылықтарды, жанарындағы тұтас бір әлемді жоқ қып жіберуге әлгі бір қара дақтың шамасы жетпейтін секілді.

Өзінің осындай бір тоқтамға тірелгені әлдебір істің түйінін шешіп бергендей болып, Батыр түн ортасына жақындағанда жатақханаға оралды. Ретін тауып Сұлушашпен кездесуім керек, оған осындай кезде демеу болып, қайғысын бірдей бөлісуім керек деп шешті. Және осы шешімі өзіне ұнайтын секілді. Өйткені бұл шешім өзінің пенделік өзімшілдігінен, тобырлық санасынан әлдеқайда биік тұрғандай көрінді.

Бірақ онымен кездесуді тағдыр мұның маңдайына жазбаған екен, таңертең бұлар асханада отырғанда Сұлушаш асылып өліпті деген қайғылы хабар жетті.

Батыр, ең соңғы шырақ сөніп, саңылаусыз түнек орнағандай, үмітсіз, дауасыз дағдарыстың шырмауында қалды.

Адам баласын бақытты қылмау үшін көз жазбай қадағалап отыратын бір қатыгез күш бар секілді. Онымен тіресу де, күресу де мүмкін емес. Алайда ең соңғы тиынына дейін тоналған адамның бір ғана артықшылығы бар, ол – тонаушының бұдан әрі оған ештеңе істей алмайтыны, өйткені оның енді тонайтын да ештеңесі жоқ. Батыр өз бойынан осындай бірдеңені сезетін секілді. Енді маған не істейсің деп, көзге көрінбейтін біреуге кіжінгісі келеді. Бірақ онысы қарсылық білдірген қайраттан гөрі, шарасыздықтан туған әшейін ашыну еді.

Тағы да ауданнан адамдар келді. Қазаға байланысты тексеру жүргізді. Сұлушаштың өліміне өзінен басқа ешкім кінәлі болмай шықты. Бұйра шашты, көзілдірікті лектор клубта «Отбасы және жыныстық тәрбие» атты баяндама

жасады. Мемлекеттің негізі отбасы екені, оқу орындарында тәрбие жұмысын барынша күшейту қажеттігі, жыныстық қарым-қатынасты тым ерте бастауға болмайтыны, махаббат бір әйелге, не бір еркекке ғана бағытталуы керектігі туралы, толып жатқан цитаталардан тұратын баяндамасын: «Жыныстық таңдау таптық тұрғыдан, революциялық пролетарлық қажеттілік тұрғысынан жасалуы керек. Жыныстық қарым-қатынас тек таптық мүддеге ғана бағынуы керек», – деп аяқтады да: «Мен мұны ойдан шығарып отырған жоқпын, «Революцияшыл пролетариаттың он екі жыныстық парызы» атты еңбектен алдым», – деп әлдебір жұқа кітапшаны жоғары көтеріп жұртқа көрсетті. Енді оған ешкімнің де қарсы шыға алмайтыны белгілі еді.

Бүкіл Ақшоқыны дүрліктірген оқиға ақыры мектеп директоры Қабыштың партиядан шығарылып, жұмыстан қуылуымен, «сегізінші класта оқитын Күлпашты аздырған» деген айыппен Түгелбайдың алты жылға сотталуымен аяқталды. Күлпаш кеш оқыған ересек қыз болатын, Түгелбай оған оқу аяқталысымен үйленуге сөз салып жүрген.

Химия пәнінің мұғалімі Сәлімгерей директор болып сайланды.

Өзеннің бір сәтте бұрқырап тасып, артынан өзінің үйреншікті қалпына көшетіні секілді мектептегі тіршілік те күнделікті ырғағына түскен сыңайлы. Ыстығы да, суығы да, күйігі де, қуанышы да жоқ мимырт өмір жалғасып жатыр.

Батыр теңіз бетінде дауылға қарсы қолынан келгенше күресіп, енді ескегі сынып, оны есетін күш-қуатынан да айырылып, жел қайда айдап апарса да, бәрібір деген енжарлықпен қайықтың үстінде ештеңе ойламауға тырысып жатқан адам секілді еді.

Әлдекалай поштаға барған, Ғалым ағасынан хат келіп тұр екен. «Айналайын Батыр, – депті, – дені-қарың сау жүріп жатырсың ба? Жақында апаңа барып қайттым. Сол Ақмола қаласынан отыз шақырым жердегі әйелдер лагерінде жүріп жатыр. Былтыр барып қайтқанымда жағдайы ауыр еді. Шәйкен мен Раушанның қазасы қатты батты ғой. Жүрек ауруымен ауруханаға жатып шыққан.

Қазір, құдайға шүкір, жаман емес секілді. Әйтеуір бұрынғыдан тәуір. Өзіңді көп ойлайды. Күйеуі «халық жауы» деген жаламен атылған, өзі күйеуінен бас тартпағаны үшін сотталған (апаңның да статьясы сол) жанындағы бір әйелдің баласын он сегізге келіп, кәмелетке толған күні ұстап әкетіпті. Сен биыл он жетіге келесің. Ертең он сегізге толғанда, саған да жала жауып, қиянат қыла ма деп зәресі ұшады. Қайтейік, бір құдайға тапсырғаннан басқа амал жоқ. Тек сақ жүр. Ағаң Ғалым».

Уақыт көңілсіз күндердің тізбегіне айналды.

Көктем мен қыс таласып, бірін-бірі ала алмай жатқан секілді. Күн болмашы жылынып көктемнің лебі сезіле бастаса, артынан іле-шала қар жауып қайта қыс түскендей болады.

Лениннің туған күні қарсаңында Батыр үш баланың бірі болып комсомолға қабылданды. Көп ұзамай бұларды ат-арбамен аудан орталығына апарып, билеттерін тапсырды. Комсомол ұйымының хатшысы ретінде бұларды ауданға апарған Оқап Батырды «озат оқушы, колхозды құруға алғаш қатысқандардың бірі – сиыршы Қасеннің баласы» деп таныстырды.

Арада екі ай өткеннен кейін, соғыс басталды. Ақшоқыда үлкен митинг болып, ауданнан келген өкіл фашистік Германияның 22 маусымда елімізге опасыздықпен шабуыл жасағанын хабарлады. Еліміздің барлық күш-қуаты Отан қорғауға жұмсалатынын, Совет армиясына қолдан келген көмекті аямау әр адамның қасиетті борышы екенін айтты. Басқыншыларға қарсы бағытталған үгіт-насихат, жиналыс, жұрттың жүзіндегі үрей – осының бәрі Батырдың уайымын бір сәтке ұмыттырғандай болды.

Күзде әскерге адам алына бастады. Оларды шығарып салу алқалы жиынмен ресми түрде өткеннен кейін, қоштасу, жылау-сықтау аса бір қайғылы көрініске айналмады. Патриоттық рухта айтылған жігерлі сөздер көбірек болды. Көппен көрген ұлы той екені көрініп тұр. Түрлерінен қобалжудың нышаны байқалса да, өлімге кетіп бара жатыр екенмін деп ешкім ойлап тұрмаған секілді. Бірлі-жарымды денсаулығына байланысты қайтып келгендер де болды.

Өмір басқа бір арнаға түсті. Соғыстан басқа сөз де, қам-қаракет те жоқ. Басқа түскен ұлы нәубет, ортақ тілек, ортақ уайым адамдарды бір-біріне жақындатып, табыстыра түскен тәрізді.

Қыркүйектің басында ауданнан келген уәкілдің айтуымен жасы 18-ге толған комсомолдар, шақыруды күтпей, өз еріктерімен соғысқа баруға арыз берді. Бұлардың ішінде жасы толмаған, бірақ сырықтай болып өсіп қалған Батыр да бар еді. Батыр бұл шешімге өз еркімен келді. Ғалым ағасының хатындағы әлдебір «халық жауының» баласын кәмелетке толған күні тұтқындапты деген хабар есінен кетпей қойған. Келесі жылы 18-ге толады екен. Ендеше текке тұтқындалып, жазықсыз атылып немесе түрмеде шірігенше, соғыста өлген артық емес пе дейтін секілді ішінен біреу.

Батырдың жасы толмағанын білгенде ауданнан келген уәкіл ойланып қалған. Бірақ Батырдың:

– Бір жаста тұрған не бар? 18-ге толғандармен мені күрестіріп көріңіз, ешқайсысынан да жеңілмеймін. Соғысқа жастан бұрын қайрат керек қой, – деген сөзін естіп, мәз боп күлген еді. Содан кейін түсін өзгертіп:

– Дұрыс айтасың, шырағым, өте дұрыс айтасың. Отан үшін отқа түс, күймейсің деген. Сендер секілді жастар осындай тілек білдіріп жатса, бүкіл елдің рухы көтеріледі. Мұндай тілектерді газетке беру керек. Бұл үлкен бастама. Рақмет, айналайын, – деді.

Бірақ Батырды әскерге алу оңай шаруа болмай шықты. Ақыры жасын өсіріп, құжаттарын қайта толтырып барып, заңдастырған еді. Көп ұзамай бұларды аттандыру рәсімі болды. Колхоз басқармасы кеңсесінің алдында митинг өткізілді. Ауыл совет төрағасы жалынды сөз сөйледі. Шалдар көзіне жас алды. Әлдебір кемпір дауыс қылып, оған колхоз бастығы Кенжәлі: «Жаман ырым бастама», – деп ұрсып тастады.

Қасен шал Батырды құшақтап:

– Кәмсөмөлім, кәмсөмөлім, – дей берді кемсеңдеп. Онысы «комсомолға өтем деп ақыры осылай болдың ба» деген секілді естілді.

Біреулер шалды келеке қылып күліп жатыр.

Өз отанын жаудан қорғау кез келген адамның азаматтық міндеті екені үлкен зердені қажет етпейтін түсінікті нәрсе деп ойлайтын Батыр. Бірақ қалың топ болып ауданнан аттанып, қалаға келіп, одан әскер жасақталып жатқан жерде арнайы дайындықтан өтіп жүрген кездерде, жауынгерлік рухты көтеретін асқақ сөздер күн сайын құлағына құйылып жатса да, азғантай ғұмырында көрген осынша қасіреттен кейін, мына елді отаным деп айтуға аузым бара ма деген бір кесапат ой санасынан көлбеңдеп кетпей қойды. Бұл оймен өзі де келіскісі келмейтін секілді, бірақ соған қисынды дәлелмен тойтарыс беруге шамасының жетпей тұрғанын да сезеді.

Полктің политругі, әлдебір комбинатта комсомол комитетінің хатшысы болып істеген сөзуар орыс жігіті, мұның осы ойын біліп тұрғандай, солдаттармен әңгіме түсында көбіне Батырға қарап сөйлейді. Отан қорғаудың абыройлы парыз екенін дәлелдеп, ұлы адамдардың сөздерінен толып жатқан цитаталар келтіреді. Сөзі ұғынықты, әрі қисынды.

Бұлар әлдеқалай құрама батальонға тап болған секілді. Көбісі әр жақтан келген әскери тәртіптен хабарлары шамалы, қарапайым, можантопай шаруа адамдары. Алғашқыда майдан шебінен аулақтау жерде дайындық жүргізумен болды. Күніне бәленбай шақырым жерге маршировка, мылтық ату, қорғаныс шебін жасап, траншеялар қазу, қала берді, отын дайындап, тамақ істеу, тағы сол сияқты бітпейтін шаруалар.

Соғыс қияметіне әлі ене қоймаған Батырға, қанша қиналғанмен, бұрынғы өмірінен қазіргі жағдайы жеңілірек секілді. Бұрынғы өмірі жүйкесіне көбірек тиетін тәрізді еді. Өйткені өзінің ешкімге де керегі жоқ екенін сезетін. Бұл өмірге артық адамдай боп жүретін.

Ал мұнда өзінің керектігін және өзіне тіреліп тұрған заттың өте маңызды нәрсе екенін аңғарады.

Алғашқы ұрысқа шығар алдында батальон командирінің:

– Солдаттар! Отан тағдыры сіздердің қолдарыңызда. Мен сіздерге сенемін, бауырларым! – деген сөзін естіп, әркім өздерін елдің тең дәрежелі азаматы екенін

сезінгендей іштей бір тебіреністе болып, әрі өз мойындарына жүктелген жауапкершіліктің соншалықты зор екенін де түсінген еді.

Алғашқы ұрыс жаудың шабуылын күту ғана болды. Ал жау бұларды артиллериямен алыстан атқылағаны болмаса, тіке шабуылға шыққан жоқ. Шығын көп емес деп жатты. Өйткені немістер бұлардың әдейі жасалған жалған бекіністерін атқылаумен болған. Бірақ келесі күнгі шабуыл қатты тиді. Немістер бұлардың орнын дәл анықтаған болуы керек, снарядтар көбіне бекініске тура түсіп жатты.

Жақын тұстан әлдекімнің көмек сұрап жан даусы шыққанын естіп, Батыр еңбектеп жанына келген – Бейсенбай деген ересек жауынгер екен. Аспанда жарылатын снарядтың жарықшағы мойнына тиіпті. Екі қолымен алқымын қыса, аузынан шұбырған қанға шашалып: «Батыр, Батыр...» – дей береді қырылдап. Өзінен кетіп бара жатқан өмірді алдында тұрған адамның атымен тоқтатқысы келгендей, Батырдың атын қайталаумен болды. Ақыры санитардың келуіне жетпей, тыпырлап жатып жан тапсырды. Ажалдың қандай болатынын сезіп, Батырдың алғаш рет үрейі ұшқаны осы еді.

Бірақ үрейдің сыртында өзінің амандығына, әлгі оқтың өзіне тимегеніне іштей қуанбайтын солдат жоқ. Сол қуаныш өлім қорқынышына терең бойлатпай, күш-қуатыңды, жігеріңді сақтап қалатын секілді.

Батырдың өзін-өзі билеп, үрейге берілмей, ұстамдылық танытуына үлгі болып жүрген бір адам – взвод командирі Қайрат. Әлде мінезі ұнады ма, әлде еліміз, жеріміз бір деген ұғымнан ба – әйтеуір, мұны қасынан тастамайды. Өзі спортшы болған, әбжіл, қарулы, мақтағанды жек көрмейді, қауіп-қатерге жақын жүреді.

Келесі күні Қайрат Батырды ертіп барлауға шықты. Қайраттың өлермендігін көріп, бұл да одан қалғысы келмей, іштей онымен бәсекеге түскендей болады.

Бұлар немістер орналасқан деревняға түнделетіп келді. Үстеріне шаруа киімін киіп, жергілікті тұрғындардан хабар алып, немістер орналасқан үйлерге жақындай түскен. Қайрат Батырды үй сыртындағы қораның тасасына қалдырып, өзі бұқпалап әрі кетті. Қораға үнсіз жабысып

тұрған Батыр кенет дәл қасында теріс қарап, шинельсіз жеңіл киіммен тұрған немісті көріп, не істерін білмей сілейіп тұрып қалды. Бірақ енді сәл кешіксе, өзінің құритынын сезіп, тұра ұмтылғаны есінде. Енді бірде аяғының астында құлап жатқан немісті көрді. Қолындағы автоматтың дүмімен ұрған секілді. Не істеп тұрғанын өзі де білмей, немістің үстіндегі кителін сыпырып, беліндегі пистолетін алды да, автоматтың дүмімен тағы да бастан бір ұрды.

Осы кезде Қайрат та оралған.

– Ойбай, не боп қалды? – деді ол шошына сыбырлап.

– Мына бір немісті өлтіріп, киімін алдым.

– Оны не істейсің?

– Мұнсыз кім сенеді менің немісті өлтіргеніме?

Қайрат күліп жіберді.

– Жүр, кеттік, – деді алға түсіп.

Бұлар қайтып оралғанда штабқа генерал келіп, картаны жайып тастап, әлденені талқылап жатыр екен. Батырдың ерлігін естіп, бәрі мәз болды. Әкелген кителі неміс әскерінің командирлерінің бірінікі секілді.

– Жарайсың, жігітім! – деді генерал мұны арқасынан қағып. – Көзсіз ерлік те керек, бірақ абай болуды ұмытпа. Тірі солдат қана отанды қорғай алады.

Келесі күні бұлар тұтқиылдан шабуыл жасап, деревняны алды. Қайрат пен Батыр бірінен-бірі қалғысы келмегендей шабуылдың алдыңғы жағында жүрді. Соғыста жеңістің желігі деген болады екен. Батыл қимылдап, жаудың зәресін ала алсаң ғана, аман қалуға мүмкіндік молдау көрінеді.

Бірақ қуаныш ұзаққа бармады. Немістер басқа жақтан шепті бұзып, бұлар қоршауда қалды. Қоршаудан шығу кезінде шығын көп болды. Батальонның жартысы ғана қалды деп жатты. Бораған оқтың астында бастарын көтере алмай жатқан жауынгерлерді шабуылға бастамақ болған рота командирі мен батальон комиссары оққа ұшты. Батыр әлденеге немістерге жербауырлап жақындай түскен Қайраттың соңына ілесті. Қайрат бір тұста тоқтап, артынан жеткен Батырға: «Қоршауды бұза алмасақ, бәрібір өлеміз, шабуылды бірге бастайық», – деді ентігіп. Қайрат айтса, бірдеңе білетіндей болып көрінгендіктен, Батыр басын изеді.

Немістермен ара тым жақындап, дегбір қаша бастады. Жауған оқ та саябырсып, жау жағы әлденені күткендей тыныштала қалған. Одан әрі Батырдың жүйкесі шыдамады, орнынан атып тұрып: «Ура!» – деп бар даусымен барқырай алға ұмтылды. Іле-шала Қайрат та атып тұрды. Оның да уралаған даусы жауынгерлерге дем бергендей болды. Жүздеген солдаттардың арқыраған даусы немістерді састырған секілді. Қашқан жауды көріп, Батыр мен Қайрат еліріп, бүкіл батальонның алдында келеді. Жусаған өлік, қару-жарақ, техника, зеңбіректер... – олжа шаш етектен.

Жеңіс қуанышынан артық ештеңе жоқ секілді. Жайшылықта шырай бермейтін сұсты, қатал батальон командирі де ыржалақтап күле береді.

Бұл ұрыс Батырдың даңқын шығарған ұрыс болды. Генерал өзі туралы мақала жазбақ болған орталық басылымдардың бірінің тілшісін: «Мені емес, солдаттарды жазыңдар. Сонда армияның рухы көтеріледі. Ержүрек солдаттар бізде баршылық», – деп осы батальонның командиріне жіберіпті. Батальон командирі ойланбастан Батырды айтқан көрінеді. Орта бойлы, бұйра шашты, қараторы журналист мұнымен жарты күн отырып, сұхбат жүргізді. Бірнеше рет фотоға түсірді. Батыр бүкіл қауіп-қатердің ішінде өзімен бірге болған, әрі өзіне басшы болып жүрген Қайраттың жабырқаулау жүргенін көріп, іштей қатты қынжылды. Тілші жігітке Қайраттың өзінен кем ерлік көрсетпегенін айтып көріп еді, ол: «Бұл – генералдың тапсырмасы, маған қатардағы солдат керек», – деп тұрып алды. Әсіресе, Батырдың аты орыс тіліне аударылғанда да «батыр» деген мағынаны беретінін естігенде тілші мақаласына таптырмайтын деталь табылғандай тіпті мәз болды.

Көп ұзамай орталық газетке «Майданнан репортаж» деген атпен Батырдың автомат ұстап түскен суреті бар көлемді мақала жарияланды. Мұны наградаға ұсынады екен деген сыбыс тарап жүрді.

Батырдың соғысқа келгенде атағымды шығарсам деген ойының болмағаны өзіне аян. Бірақ бақ орнайын десе, аяқ астынан екен. Батырға қатардағы солдаттар түгілі, командирлердің өздері құрметпен қарайтын секілді.

Алайда бұл қуаныш та ұзаққа созылмады. Жай өмірдің өзінде жақсылық пен жамандық дамылсыз алмасып жатса, соғыста тіпті бірдеңеге көз тоқтатып үлгеру мүмкін емес.

Немістер жойқын шабуылға шықты. Батальон бір жарым сөтке жаңбырша жауған оқ пен снарядтардан қырылып, тоз-тоз болды. Қалған бөлігі қараңғы түнде орман ішін паналап, өздеріндей қаңғып жүрген басқа батальонның адамдарына қосылды. Бұлар тағы да қоршауда қалыпты. Қоршауды бұзып шықпақ болған әрекеттері сәтсіз болды. Ақыры қираған әскердің қалдықтары немістерге тұтқынға түсті.

Тұтқындарды орман ортасындағы алаңқайға салынған – әлде ауруxана, әлде санаторий – жартылай қираған ғимараттың алдына әкелді. Қаруларын, арқалаған затқапшық, жорық сөмкесі, противогаз, құтыға дейін сыпырып алып, үлкен сарайдың ішіне қамады.

Келесі күні тұтқындардың саны тіпті көбейді. Кешке дейін қарақұрым нөпір топқа айналды. У да шу. Әркім өздерінің майдандас таныстарын іздеуде. Аяқ астынан тап болған осынау беймәлім, қорқынышты жағдайда бір-біріне қарасын болатын серіктің қажет екенін бәрі де іштей сезетін секілді.

Қайғы жұтып, сағы сынған Батыр өзінің досы, взвод командирі Қайрат пен полктің дәрігері Николай Михайловты және басқа да батальондас таныстарды көргенде, бойына әжептәуір қуат қосылып, еңсесін тіктеп алды.

Содан кейін тірі жанды тіршіліктен түңілдірген азапты сапар басталды. Тұтқындарды бірнеше қатарға тұрғызып, колоннамен батысқа қарай айдады. Ұбап-шұбаған топтың ұзындығы сонша, алды да, арты да көзге көрінбейді. Алғашқы күні жаралыларды зембілге салып, оны тұтқындар көтеріп, адами қауымға тән имангершілік рәсімі жасалған болатын. Бірақ екі күннен кейін тұтқындар зембіл тасымақ түгілі қара бастарын алып жүруге зар болды. Әсіресе, майданға келе жатқан неміс әскеріне жол беру үшін тас жолдан шығып, оппа қарман 15–20 шақырымдай жол жүрген кезде ең қайратты деген тұтқындардың өздері мандырап, тәлтіректеп қалған.

Колоннаға ере алмаған жаралылар мен қашпақ болып әрекет жасағандардың бәрі атылды.

Үшінші күні қарсы алдыдан қарлы боран соғып, конвойшылардың өздері титықтап, ақыры жол бойындағы деревняның қасындағы ойпаңға келіп тоқтады. Әр адамға бір келіге жуық піскен картоп берілді. Әбден ашыққан тұтқындар картопты апыл-ғұпыл қаужап, жартысын қалталарына салып, қармен шөлдерін басты. Содан кейін ұйқы қысып, ылғалды қардың үстіне қисая кетті. Түн ортасы ауа қардың орнына жаңбыр сіркіреп, ойпаң шалшыққа айналып, одан әрі судың үстінде жату мүмкін болмаған соң, тұтқындар көрер таңды түрегеп тұрып атырды.

Таң ата тағы да жол азабы басталды.

Батырдың мектепте жүргенде тарих кітабынан Ресейге шабуыл жасаған Наполеон әскерінің азып-тозып кері қайтып келе жатқаны салынған суретті көргені бар еді. Қайыршыдай алба-жұлба болып, қарлы боранда әрең ілбіп келе жатқан солдаттарға бәлендей мән бере қоймаған секілді еді. Бөтен елге шабуыл жасайтын нең бар еді деген секілді көмескілеу оймен шектелетін. Қазір өзі де, бейбіт елге жазықсыз шабуыл жасамай-ақ, сондай күйде келе жатқанын сезіп тұр.

Бесінші күні әбден азып-тозған, қалжыраған колонна әлдебір қала шетіндегі, екі қабат тікенек сыммен қоршалып, күзет мұнарасына бірнеше пулемет пен прожектор орнатқан лагерьге келіп орналасты. Тұңғыш рет ыстық тамақ ішті.

Бірақ тамақ сіңбеді. Тұтқындардың ішінен тағы да тұтқындау әрекеті басталды. Екінші рет тұтқындалушылар еврейлер еді. Немістерге қызмет етуге келісім берген қайсыбір тұтқындар өздерінің сатқындық міндеттерін еврейлерді ұстап беруден бастаған секілді.

«Сен жөйітсің! Бұлтара алмайсың. Сен жөйітсің!» – деген айқайлар бүкіл лагерьді астан-кестен қылды.

Одан кейін тергеу басталды. Еркектердің жыныс мүшелеріне дейін тексерді. Еврей деп танылғандарды топтобымен айдап әкетіп жатты.

Дәрігер Николай Михайловтың да басына қатер төніп, әйтеуір әупіріммен аман қалды. Николай орыс болатын. Кең маңдайлы, көкшіл көзді, ажарлы жігіттің дөңестеу келген қыр мұрыны, зиялы тұрпаты, немісше білетіні – нәсіл анықтағыштар тарапынан күдік тудырды. Бірақ

Михайлов өте сабырлы адам. Өзінің еврей емес екенін бұлтартпай дәлелдеп берді.

Бес күннен кейін тұтқындарды тауар пойызына отырғызып, тағы да басқа лагерьге көшірді. Бұл лагерь өте жайсыз болды. Адамдар мұздай еденде ұйықтайтын. Таңертең бірнеше адам орындарынан тұрмай қалады. Қасыңда жатқан адамның қай кезде өліп қалғанын білмейсің. Екі адамның бірі туберкулез немесе дизентерия, әлде суықтан өкпесі қабынған. Таңертең қақпаның алдына үйіліп жатқан өліктерді орға апарып төгіп, бетін жабу үшін тұтқындардың ішінен адамдар бөлінеді. Батыр алғашқыда тұтқындардың өліктерді көмуге неге кезекке тұратынына түсінбеген. Сөйтсе, олар өліктердің киімдерін шешіп алып, жергілікті жердің адамдарына нанға, картопқа, тіпті реті келсе, араққа айырбастайды екен. Кінәлау қиын, тірі адам тірлігін жасау керек.

Лагерьде сүзек ауруы басталды. Бұрынғы өліктер әшейін ойыншық болып қалды. Енді қақпаның алдында өліктер тау боп үйіліп жататын болды. Білікті дәрігерлер жетіспей, Николай Михайловты лазаретке ауыстырды. Батырдың денесінен әлдебір бөртпелер пайда болған күні Николай басшыларына қолқа салып, оны лазаретке ауыстырған. Лазаретке жұрттың бәрін ала бермейді. Ауруларды камфарамен еккеннен басқа ем де жоқ. Батыр бірнеше күн ес-түссіз сандырақтап жатып, әйтеуір үшінші аптада беті бері қарады. Бірақ бәле басқа жақтан келді. Батырды баладай мәпелеп, күтіп жүрген Қайраттың өзі ауырып, Николайдың жан салып емдегеніне қарамастан, бас-аяғы екі аптада қайтыс болды. Батырға ең ауыр қайғы осы болды. Жанашыр жақын адамға деген ықыласқа өмір бойы шөлдеп келген жетім көңілге Қайрат бір үлкен тірек секілді көрінуші еді. Өлерінде адам танымады. Ақырғы сөзін де айтпады. Әшейін осылай боларын өзі де күтіп жүргендей үн-түнсіз кете барды. Еңіреп жылаған Батырға Николай, «сенің көз жасың әлі таусылмап па еді» дегендей, таңырқай қараған. Шынында да, ажалмен қоянқолтық жүрген мынандай тамұқта тұтқындар жылаудың өзін ұмытып кеткен секілді еді.

Бұдан кейін де Батыр бірнеше лагерь ауыстырды. Соңғысында жағдайлары сәл-пәл де болса жөнделгендей бол-

ды. Әлдебір кәсіпкерлер лагерьден жұмысшылар таңдап, оған іліккендер аз-маз табыс табатын да дәрежеге жетті. Батыр құрылысқа алынды.

Бұл – совет әскері Берлинге жақындап қалыпты деген қауесеттің тарай бастаған кезі еді.

1945 жылдың көктемінде лагерьдегі тұтқындарды АҚШ әскері келіп босатты.

Қуанышта шек жоқ. Өйткені мына тозақтан өздерінің аман шығатынына ешкім сене қоймаған. Тіпті немістер жеңілген күннің өзінде де ол бақытты біз көрмеспіз деп ойлап еді. Қорлық пен зорлық та мәңгілік емес екен, көрген түстей жоқ болды. Осыншалық қиянаттан кейін аяқ астынан келген айрықша ілтипат пен құрметке үйрене алмай, жұрттың бәрі есеңгіреп, абдырап қалған. Бар бақытты бастарына үйіп-төгіп бере салғандай болды. Тамағың ішсең – алдыңда, ішпесең – артыңда. Жалпыға ортақ бір пакеттің ішінде бәрі бар – сапасы жоғары ет және балық консервілері, сары май, сыр, шоколад, варенье, тіпті сағызға дейін. Бәрін жеп тауысу мүмкін емес.

Лагерьдің қасындағы екі қабат үйден жаңадан жабдықталған аурухана ашылды. Ескі лазарет ішіндегі ескі-құсқысымен далада қалды. Басым ауырды десең, не саусағыңды бірдеңе жырып кетсе, ауруханаға сүйрей жөнеледі. Жігіттердің біразы американдық солдаттармен достаса бастады. Бірге қыдырып, қыз-қырқынға бірге барып жүргендері де бар.

Әлемде не болып жатқанын әртүрлі газеттерден, ауызекі өсек-аяңдардан жұрттың бәрі біліп отыратын болды. Берлинде шығатын орыс тілді газеттердің бірінде жарияланған «Тұтқындарға үндеу» атты мақаланы талқылау күн сайынғы әдетке айналды.

Онда: «Қадірлі отандастар, елге қайтпаңыздар. Өкінесіздер! Қатты өкінесіздер!» – деген сөздер болатын. Қайтса, не болады, несі өкініштi? Ал қайтпаған жағдайда не болмақ? Өмір бойы қаңғып жүрмек пе? Мұндай сұрақ бәрінің де күндіз-түні көкейлерінен кетпей, мазаларын алып-ақ жүр.

Бұл кезде советтік тұтқындарды, әсіресе, ғылыми атағы, мамандығы бар адамдарды, көбіне дәрігерлерді Америка азаматтығын алуға үгіттеу науқаны жүріп жатқан.

Ол үшін Америка Құрама Штаттарының армиясына кіріп, дүниежүзілік соғыс толық аяқталғанша қызмет ету керек екен.

«Америка азаматтығын алуға құлшынушылар көп. Бірақ біз неміс лагерінде көп азап шеккен совет адамдарына, яғни одақтастарға, айрықша жеңілдік жасап отырмыз», – деп түсіндірді американдық офицер тұтқындармен болған арнайы кездесуде.

«Мамандығы жоқ адамдар не істейміз?» – деген сұраққа:

– Америкада ешкім далада қалмайды. Біздің ел еңбекке жарамсыз кембағалдарды да өлтірмейді. Жүк тасып, ағаш кесіп, күзетші болып істеп-ақ, былай тұруға болады («былай тұруға болады» деген тұста қолын кесе-көлденең тамағына қойып, тоқшылықтың белгісін білдіргендей болды). Сондықтан дұрыстап, асықпай ойланыңыздар, – деп жауап берді.

Қанша ойланғанмен, бір шешімге келу оңай шаруа болмады. Әлдебір үрей қара бұлттай төбеден төніп тұрса да, елді, жерді сағынған пенде көңіл алабұртып, ештеңеге қарайлағысы келмейді.

Әйтсе де Америка азаматтығын алуға келісім бергендер де болды. Олар негізінен эмигранттар, ата-тектері совет үкіметіне жақпайтын әулеттің ұрпақтары.

Тұтқындар жат жердегі аз күннің қызығын көріп қалайық дегендей, қалаға, көрші деревняларға барып, орман-тоғайды кезіп, қыдырып кететін болды. Айтуларына қарағанда немістің әйелдері мен қыздары шетжерліктердің өзіне кет әрі емес секілді.

Дәрігер Николай бастаған үш жігіт – Батыр, штрафник Саша, эмигрант Семенов – қала шетіндегі орманға шықты.

Европа ормандары өте сәнді, бәрі де қолдан отырғызғандай біркелкі келеді екен. Әр ағашы, әр өсімдігі есепте тұрғандай бір әсер қалдырады. Қалың қарағайдың ішінен жап-жасыл алаңқайға шыққанда да қазот тәрізді тырбық шөптерге дейін селкеусіз, шаштаразға бастырған шаш секілді біркелкі жып-жинақы болып көрінеді.

Алдан шағын деревня көрінді. Деревняның іргесінен өтетін жол жиегінде бала-шаға, әйелдер әртүрлі жеміс-жидек, май, сүт тағы басқа азық-түлікпен сауда жасап

отыр. Төрт жігіт жақындап шет жақтағы жас қыздың қасына келді. Николай немісше жақсы біледі.

– Бізге сататын неңіз бар? – деді ол қыздың алдындағы үюлі картоп, малдың іш майы, көнелеу киім-кешек секілді заттарды көріп тұрса да.

Қыз үнсіз алдындағы заттарға қарады, онысы барым осы дегенді білдіргендей болды.

Николай қыздың атын сұрады.

– Анна, – деді қыз аса бір ибалы үнмен. Жібектей жұмсақ шашы омырауына түскен, ашық қоңыр қой көздері шыныдай жылтыраған, еріні қаймыжықтай үлбіреген ақсары қыз лүп еткен желге елең етіп тұрғандай қағілез, сезімтал.

– Славянка емессіз бе? – Николай қыздың бет-жүзіне барлай қарады.

Қыз әлдебір кінәсін мойындағандай үнмен:

– Менің әкем – неміс, шешем – полька, – деді.

– А-а-а... – Николай онда түсінікті дегендей басын изеді. – Полякша білесіз бе?

– Білем, – деді қыз бұрынғыдан гөрі қабағы ашылғандай болып.

Николай да жадырап сала берді:

– Менің де анам Польшадан. Шеше жағынан поляк қаны бар. Туыс болдық қой.

Қыз көзі күлімдеп, әлденеге қызарып кетті.

Николай ойнақы үнмен:

– Менің басым бос емес. Мына біздің жігіттерге көз қырынды салмайсың ба? – деп сәл ойланып тұрып, Батырды қолымен көрсетті. – Ең тамаша жігіт мінеки...

Қыз Батырға ұрлана қарап, тағы да қызарып кетті. Өлім мен өмірдің шекарасында ұзақ жүріп қандары қарайып, тазалық пен сұлулық деген ұғымнан әлдеқашан күдер үзген жігіттерге мына бір қыздың бойындағы нәзіктік қатты әсер етіп, аңырып қалған.

Николай қалтасынан шоколад алып, қызға ұсынды. Қыз басын шайқады.

– Кешіріңіз, ала алмаймын. Менің сізге беретін ештеңем жоқ.

– Ештеңенің де керегі жоқ.

– Ғафу етіңіз, ала алмаймын. Ренжімеңіз.

Николай енді не істедім дегендей аңырып тұрды да, күліп жіберді.

– Мен сен болсам, осы қыз үшін жанымды құрбан қылар едім, – деді Батырға қарап.

Төрт жігіт деревняның сыртындағы көлге келіп, суға түсіп, күнге қыздырынып, жан мен тәннің рақатын сезгендей болып, кешке дейін демалды. Мұндайда әңгімені көп айтатын – Николай. Көбіне жатқа өлең оқиды. Жұрт оны басқа ақындардың өлеңі шығар деп жүрген. Ақыры өзінің өлеңдері болып шықты.

Эмигрант Семенов, әлде Франциядан, әлде Бельгиядан келген бір әскери адамнан естіген әңгімесін айтты. Ол жақта тұтқыннан босаған отандастарға ерекше құрмет көрсетіліп жатқан секілді. Вокзал басында халықпен бірге мемлекет басшылары, қаланың мэрі, белгілі қайраткерлер бас болып жиналып, гүлмен, оркестрмен қарсы алып жатқан көрінеді.

Батырдың көңіл түкпірінен «шіркін-ай, бізге де сондай күн туар ма екен» дегендей бір жетім дәме болар-болмас бүлк ете қалғандай болды.

Семенов екінші әңгіменің ұштығын шығарды. Англияда оралған тұтқындарды құшақ жая қарсы алғанның сыртында, отанының, отбасының игілігіне өзін аман сақтап қала алғаны үшін арнайы орденмен наградтайды екен.

Николайдың:

– Әттеген-ай, ағылшын болып тумағанымды-ай! – деген сөзіне қалғандары ду күлді. Бірақ көңілдерінде соған ұқсас бір сезімнің тұрғаны да рас еді.

Төрт жігіт келген іздерімен кері қайтты. Манағы жол жиегінде отырғандардан әрі 50 қадамдай ұзаған кезде:

– Сен ана қыздың қасына барып, кішкене әңгімелесші, – деді Николай Батырды жеңінен ұстап тоқтатып. – Саған екі-үш рет қарағанын байқап қалдым. Шіркін-ай! – деді сосын әлденеге амалы құрығандай.

Батыр да әлдеқалай желігіп, қайта оралып қыздың қасына келді.

– Батыр, – деді қызға қолын ұсынып күлімсіреп.

– Анна, – деді қыз да ойнақылау үнмен сәбидің қолындай жұп-жұмсақ қолын ұстата салып.

– Мен ғафу өтінем, – деді Батыр балдыр-батпақтау неміс тілінде. – Немісше нашар білемін...

– Маған орысша айта беруіңізге болады, – деді Анна емін-еркін орыс тілінде.

– Тамаша! – Батыр шын қуанды. – Біздер совет тұтқындарымыз ғой. Соғысты, лагерьді, аштықты – бәрін де бастан кештік. (Анна аяушылық білдіргендей бұған таңырқай қарап, басын шайқады.) Сіздердей арулардың жүзіне қарап, әшейін әзілмен әңгіме айтуды ұмытқалы қашан... Дүниеде бейбіт өмірден қымбат ештеңе жоқ екен. Мейлі, сол бейбіт өмірде бақытты болмай-ақ қой, бірақ бәрібір оған ештеңе жетпейді.

Анна әңгімеге елігіп жақындай түскендей болды. Батыр, өзін осынша беріліп тыңдайтын адамның табылғанына әрі таңырқай, әрі сүйсіне, емін-еркін шешіле сөйледі. Аннаны көптен білетін секілді. Сөйлеген сайын іші босап, көкірегіндегі шер бірте-бірте тарқай бастағандай болды. Қабырғасына қатты батқан Қайраттың өлімі туралы айтқанда даусы дірілдеп, көзіне жастың қалай келіп қалғанын өзі де байқамай қалған. Кенет Аннаның да жылап отырғанын көріп, таң-тамаша болды. «Апырмау, мынау не деген нәзік қыз! Мынандай қатал өмірде осынша қорғансыз нәзіктік қалай сақталып жүр?» Батырға өзінің де жүрегі бірте-бірте жұмсара бастағандай көрінді.

Анна да өзі туралы әңгіме айтты. Шын әкесі поляк екен. Шешесі балаларының кішкентай кезінде-ақ одан ажырасып кетіп, кейін неміске шығыпты. Бірақ өгей әкелері жақсы адам болыпты. Балаларды ренжітпей тәрбиелепті. Өзінен төрт жастай үлкен ағасы әкесінен кейін соғысқа алынып, екеуі де қаза болған. Отбасында мамасы екеуі ғана. Азғантай жерлері, малдары бар көрінеді.

Батыр кетерінде ойланып тұрып, екіұштылау күйде қалтасынан шоколад алып, Аннаға ұсынды. Анна да ойланыңқырап, қолын созып шоколадты алды да:

– Рақмет! – деді ақырын ғана.

Батырдың жүрегі лүпілдеп қоя берді.

– Кездескенше, – деп қолын ұсынды.

Анна баланың қолындай жұп-жұмсақ алақанын тағы да ұстата салды. «Не деген нәзік қол!»

Батыр былай шыға болған оқиғаны өзінше сараптаған болды. Қай жаққа аяқ басарын білмей, дағдарыста тұрған тұрлаусыз сәтте мына кездесу әлдебір тәтті үмітті оятып, мүлде бейтаныс жаңа өмірге қол бұлғап шақырып, желіктіріп тұрғандай көрінеді. Бірақ көңілінде қорқыныш бар. АҚШ армиясына жазылып, американ азаматтығына қол жеткізудің аяғы немен тынары қандай беймәлім болса, мынау да сондай беймәлім елес. Сондықтан қанша қатерлі болса да, елге қайту туралы ой бірте-бірте санасында беки түскен секілді.

Осы тұста өміріне тағы да күмәнділеу бағыт берген жаңа бір оқиға болды. Аяқ астынан татар жігіті Ғұмар өзіне емханада қызмет көрсеткен медбикеге үйленетін болып шешім қабылдады. Яғни Германияда қалмақ. Ғұмар Батырға іш тартып, ақыл-кеңес беріп жүретін. Өзі зиялы отбасынан шыққан, ғалым жігіт. Әкесі «халық жауы» деген атпен атылып кеткен. «Егер елге қайтсақ, бізді отанын сатқан опасыз деген статья күтіп тұр. Оның аяғы қандай жазамен тынарын бір құдай білсін. Әйтеуір халық жауының баласына кешірім болмайтыны белгілі. Оның сыртында ондағы етжақын туыстарымызға да кесіріміз тиері сөзсіз. Әзірге біз ол жақта хабар-ошарсыз жоғалғандар мен ерлікпен қаза тапқандардың қатарындамыз. Сондықтан америка азаматтығын алу үшін АҚШ армиясына жазылайық. «Қай жер жайлы болса, сол жер отаның» деген екен бір данышпан, аман болсақ, заман түзелсе, біз болмасақ ұрпағымыз бір табар елді», – деп Батырға қолқа салып жүрген. Ақыры өзі осындай шешім қабылдапты. Қыздың әкесі соғыстың алғашқы жылында жараланып қайтып келген мүгедек екен. Бірақ күн көрісі бар көрінеді.

Ғұмар кетерінде Батырды әдейі іздеп келді.

– Мен ойлап-ойлап, осындай шешімге келдім, – деді ол енді бұл ойдан қайтпайтынын білдіргендей нық дауыспен. – Халық жауының баласы деген атпен сотталғым келмей, лагерьде өлген саха жігітінің құжатын қолыма түсіргем. Саха деген аты ғана болмаса, орыс боп кеткен. Егер қайтсам, сол құжатпен қайтармын дегенмін. Аты-жөні Борис Николаевич Иванов. Ұры-қарылардың арасында жүрген кезбе жігіт екен. Өзінің сыбайластарымен Белоруссияға келгенде соғыс басталып кетіп, қоршауда

қалып, тұтқынға түскен. Тұрақты мекені жоқ, жалғызбасты. Бүкіл өмірін жазып алғам... – Ғұмар осы тұста әлденеге екі ойлы болғандай кідіріп, үндемей қалды. Содан кейін Батырға тура қарап: – Мен осы құжатты саған бергім келіп тұр, – деді. – Құдай қолдаса, кәдеңе жарар, ал жарамай қалса, болған іске болаттай боласың.

Батыр құжатты алып тұрып тағы толқыды. Көз алдына Аннаның үлбірген сүйкімді жүзі елестейді. Ғұмар құсап мен де қалсам ба екен деген ойдың көкейінде сығырайып тұрғанын сезіп тұр. Тұтқындардың ішінде саясаттан хабары мол, көздері ашық, байланыстары көп ерекше бір топ болды. Олар – негізінен эмигранттар. Ұзақ толғанып кейін Батыр солардың көмегімен тоз-тозы шыққан ескі құжатының өшуге қалған суретін ауыстырып, бір кезде қылмысты топтың белсенді мүшесі болған саха жігітінің атына көшті. Бірақ өзі осыдан бірдеңе шығады деп күте қоймайтын секілді. Әйтеуір тірі пенде жан сақтау үшін бірдеңе істеу керек деп ойлады.

Тұтқындарды Совет армиясы басып алған зонаға жеткізу әрекеті басталды. Сталин суреті ілінген бортты машиналар қаз-қатар тізіліп тұр. «Нартәуекел, туған ел! Алдымызда не күтіп тұрса да, саған бет алдық. Құдай оң сапарын бергей!» Әркімнің көңілінде осы ой.

Бірақ туған елмен сағыныш құшағында келіп қауышуды ешкімнің маңдайына жазбаған екен. Тұтқындарды совет шекарасына жеткізбей, орта жолда Прага қаласында қарсы алып, бірден тергеу ісі басталды. Күткен үміт, дәме – бәрі әдіре қалды. Тұтқындарды 20 – 15 жылға, ең кем дегенде, 10 жылға соттады. Үш адамға ату жазасын беріпті деген сыбыс тарады. Батыр Борис Иванов деген атпен 10 жылға кесілді. Соты 15-ақ минутқа созылды. Неше жылға соттайтындарын күні бұрын келісіп қойған секілді. Соттың да, прокурордың да бұлардың тағдырына тереңірек үңілуге құлықтары да, уақыттары да жоқ сыңайлы. Жиналыстың тезірек біткенін тілеп, үйлеріне қайтуға асығып отырған адамдарға ұқсайды.

Кейін өзге тұтқындар Батырға «10-ақ жыл алған бағың бар екен» деп, бастарын шайқап, таңырқап, мұны жолы болғыш әлдекімдей көріп жүрді.

Сөйтіп баяғы тұтқындар сол күйінде тұтқын болып қала берді. Тек мекендері ғана өзгерді: бұрын неміс жерінде болса, енді – өз елінде.

Соғыста төгілген қан, концлагерьлерде шеккен азап, көрген қорлық, аштық пен ауру – осының бәрі құнсызданған ақшадай мәнін жоғалтып, енді бәрін де қайтадан басынан бастау керек секілді. Оған адам баласының өлшеулі ғұмыры мен күш-жігері жете ме, жетпей ме – ол жағы тек бір құдайға ғана аян. Бірақ оған мән беріп жатқан ешкім жоқ.

Бір кезде бұларды топырлатып батысқа айдаса, енді терезелеріне темір тор салынған, есігіне күзет қойылған, ұзыннан-ұзақ шұбатылған тауар пойызымен шығысқа қарай жөнелтті. Қайда апаратыны да белгісіз. Әйтеуір бітпейтін бір ұзақ жол. Новосибирск, Красноярск артта қалды. Бір тұста Байкал деп шулап жатты, одан кейін Хабаровскіге келдік деді. СССР-дің территориясы мұншалықты үлкен екенін жұрт енді сезгендей болып келеді.

Тек дәрігер Николай ғана өзімен-өзі үнсіз ойға шомып, терезеге қарап, тапжылмай тұрғаны. Кейде әлденеге қуанғандай көзі күлімдеп, дөңгеленіп қалып бара жатқан орман-тоғайға үңіле түседі.

Бірде:

– Менің балалық шағым осы жерлерде өтті, – деді қасында тұрған Батырға жалт бұрылып. – Содан болар табиғатты өлердей жақсы көремін. Орман ішінде жалғыз жүргенді ұнатамын. Жаныңды тазартады, уайым-қайғыңды жеңілдетеді. Тәңірімен тілдескендей боласың.

Николай әр көрініске, болған оқиғаға философиялық мән бере сөйлейтін ойлы жігіт. Әлдебір қисынсыз, келеңсіз қылықтарды көрсе, үн-түнсіз басын шайқап салқын жымияр еді. Және сол жымиысында философиялық кекесін жатқандай көрінетін Батырға. Бұрыннан танитын ескі таныстан қалғаны осы. Батырдың саха жігітіне айналған құпиясын да білетін, алғаш ақылдасқанда түсініп қолдаған да осы еді.

Состав алдымен Владивостокқа тоқтады, одан кейін тұтқындарды қаладан ары 70 шақырым жердегі портпен қатарлас тұрған лагерьге әкелді.

Сырты балшықпен сыланған ағаш барақтардан тұратын лагерьдің ішіне тұтқындардың алды топырлап кіре бастағанда, Николай Батырды түртіп қалды:

– Көрдің бе ананы? – дейді лагерьдің қақпасын көрсетіп.

Қақпада: «Бостандыққа барар жол – еңбек» деген жазу тұр екен.

– Есіңе ештеңе түспей ме? – дейді сыбырлап.

Түскенде қандай! Бәрі есінде. Неміс лагерінің қақпасында да осындай жазу тұрған. Ұмытпаса, онда: «Еңбек адамды бостан қылады» деп жазылған болатын. Ешқандай айырмашылық жоқ деуге болады. Жандарынан өтіп бара жатқан конвойшыдан сақтанып Батыр үндемеді.

Лагерьдегі тұтқындардың құрамы сан алуан. Ішінде соғыста қолға түскен солдаттар, Германияға қара жұмысқа айдалған қарапайым тұрғындар, эмигранттар, кезінде әйгілі болған ғалым, жазушы, өнер қайраткерлері, саясаткерлер, шет елдік азаматтар, азамат соғысының ардагерлері, олардың балалары, ұры-қары, кісі өлтірген, тонаған баскесерлер, тіпті неміс тұтқындарына дейін бар.

Бір ерекшелігі совет лагерьлерінде негізгі қожайындар – қылмысты топтар секілді. Лагерь басшыларының өздері олардың іс-әрекеттерін елемеуге тырысады. Жұрттың үйінен келген жылы киім-кешегін, азық-түлігін тартып алу, ағаш кесу немесе ағаш тиеу кездерінде апатты жағдай болды деген сылтаумен адам өлтіру олар үшін түкке тұрмайтын шаруа. Қылмысты топтар бірнешеу, әрі бірбірімен бақас. Әрқайсысы лагерьде өз ықпалдарын жүргізуге тырысады. Қайсыбір топ тым күшейіп кеткен жағдайда қалған топтар бірігіп, қарсы күреске шығады. Қылмыс әлемінде басшы лидерге құлдық ұру қатты дамыған. Оның бұйрығынан артық заң жоқ. Қожайынның тапсырмасы дұрыс болса да, бұрыс болса да, орындалуға тиісті. Лагерьде көптен келе жатқан байырғы тұрғындардың айтуынша мұндағы басшылықтың өзі олармен тығыз байланыста көрінеді. Әлдебір заңсыз сауда-саттық, ортақ пайдалары барға ұқсайды.

Лагерьдегі тіршілікті адами орта деп айту қиын. Өйткені сенімен адам деп ешкім есептеспейді. Мал дейтіндей мал да емессің. Және мал емес екеніңді өзің де жақсы білесің. Бірақ малдың жағдайында өмір сүріп жатқаның ақиқат.

Егер сол малдық жағдайға, дәлірек айтқанда, құлдық жағдайға төзімділік білдіріп, үн-түнсіз жүре берсең, оныңмен басшылыққа да, алдыңдағы тамағыңды тартып әкеткен бандитке де ұнайтының анық. Тек біраздан кейін өзіңе ұнаудан қаласың. Баршаның жемі – ездер мен момындар. Сол кезде ішіңдегі адами сана оянып, әлдебір келіспеушілікке, наразылыққа, бүлікшілікке итермелейді. Бәлкім, наразылық сезімі жұрттың бәрінде бар шығар, бірақ оны сыртқа шығаруға дәттері шыдамайды. Бір-ақ рет берілетін өмір қымбат.

Николай бір аптадан кейін дәрігер болып ауруханаға орналасты. «Менің бағым – мамандығым. Барлық қатерден осы дәрігерліктің арқасында аман қалып жүрмін. Дүниенің қай түкпіріне барсаң да, дәрігерге қызмет табылады», – деп жүретін.

Бараста жалғыз қалғандай болған Батыр нарда қатар жататын көзілдірікті, тақыр бас Козлов деген үлкен кісімен әңгімелесіп жүрді. Козлов жұрттың айтуына қарағанда, әйгілі ғалым көрінеді. Бірақ аздап жүйке ауруына шалдыққан, әрі жады зақымданған. Батырдың атын ұмытып қалып, қайта-қайта сұрайды, қайта-қайта өзін таныстырады. Ақыры Батырдың аты-жөнін есінде сақтаған кезде өзі туралы әңгіме айта бастайды. Содан кейін бұған жақындай түсіп, сыбырлай сөйлеп:

– Борис, осы сен неше жылға кесілдің? – дейді.

– Он жылға.

Козлов он жылдың ұзақтығын есептегендей жоғары қарап үнсіз тұрады да:

– Он жыл деген немене жас адамға, – дейді бірдеңені менсінбегендей мұрнын тыжырайтып. – Амандық болса, ертең-ақ өте шығады. Сөз жоқ бостандыққа шығасың. Ал менің сүйегім осында қалады. Маған көп те қалған жоқ. Маңдайға жазылған тағдыр осы болса, құр күйрей бергеннен ол жеңілдемейді. Сондықтан тағдырыңды қабыл алып, онымен мәміліге келу керек. Ал менің мазамды алып жүрген мәселе бұл емес, басқа... – Козлов басқа мәселені айтар алдында жақсылап ойланып алғысы келгендей тағы да үнсіз қалады. – Иә, басқа, – дейді сосын сөзін жалғап. – Ленинградта менің қызым тұрады. Аты – Оля, Ольга Александровна. Сен босағаннан кейін соған

барып, менің аманат-сәлемімді жеткіз. Айт, әкеңнің жазығы жоқ деп айт. Жарай ма?

Батыр өзінің Қазақстаннан екенін, ол жақтан Ленинградқа арнайы бара алмай қалуы мүмкін екенін, сондықтан уәде беруге батылы жетпей тұрғанын айтады. Козлов: «А-а, солай ма», – деп түсінген сыңай білдіреді де, кішкенеден кейін әлгі өтінішін қайталап айта бастайды. Ақыры Батыр: «Жарайды, міндетті түрде айтамын», – деп әрең құтылады.

Мінезі тым биязы, интеллигент, мүлде қорғансыз Козловтың көрмеген қорлығы жоқ секілді. Бұзақылар алдындағы тамағын тартып алып, өзін мазақ қылып күн көрсетпейді. Батыр жасы келген үлкен адамға әлгілердің көрсеткен қиянатына шыдай алмай, ара түсем деп, өзіне бәле тілеп алғандай болды. Енді олар қайта-қайта тиісіп, Батырдың қыр соңына түсіп алды.

Олар лагерьден 10 шақырым жерде вагонға ағаш тиеу кезінде төбелес ұйымдастырды. Сол күні сүйектен өткендей үскірік аяз болды. Батыр құлақшынының бауын байламай, сыртынан шалмамен орап тастаған болатын. Кенет тәпелтек келген балалау жас жігіт Батырдың бас киімін жұлып алып, тұра қашты. Батыр қуып жетіп, желкеден түйіп жіберген кезде анау етпетінен жығылып, қолындағы құлақшын анандай жерге ұшып кетті. Батыр бас киімін баса киіп, бауын байлап, орнына орала берген болатын, артынан «Біздің адамды сабап жатыр» деген айғай шықты. Өзінің орнына келіп үлгірген Батырдың қасына жаңадаған үш жігіт жетіп келді. Бөренені Батырмен бірге көтерісіп жүрген грузин жігіті:

– Жігіттер, жігіттер, – деді бәтуа сұрағандай екі қолын жоғары көтеріп, – келісімге шақырамын. Не болса да, бейбіт жолмен шешейік. Жарай ма, жігіттер?

– Жоқ, сен араласпа, – деді оған түлкі құлақшын киген қызыл бет жігіт. Өткен жолы Козловтың тамағын тартып алатын бұзақы екенін Батыр танып тұр. – Біз саған тиісіп тұрған жоқпыз. Біздің өз есебіміз бар. Тұрма жолымызда.

Қызыл бет жігіт жеп қоятын адамдай өкіреңдеп жақын келіп, сабайтын адам табылғанына қуанғандай көзі арсыз күлімдеп, Батырдың жүзіне барлай қарады.

Батыр бұлардың бітімге келмейтінін бірден аңғарды. Соғысты көрген, неміс лагерьлерінің тозағынан өткен, ажалмен талай рет бетпе-бет келген қарулы жігіт сын сағатта батыл шешім қабылдау қажет екенін білетін. Тағы бір сөз айтуға оқтала берген бұзақыны аузын ашуға үлгертпестен, шықшыттан сарт еткізіп бір-ақ ұрды. Анау кескен теректей құлап түсті де, өліп қалған адамдай қимылсыз қалды. Қалған екеуі Батырдан дәл мұны күтпеген болу керек, бір-біріне қарап бір сәт абдырағандай болды да, қалталарынан пышақтарын суырып алды. Батыр жерден кеспелтектеу бір таяқты көтеріп, аналардың шабуылын күтпестен тұра ұмтылды. Екі бұзақы бөліне қашып, қайта оралып, енді Батырға екі жақтан жақындай түсті. Батыр қаша жүріп, таяқпен жасқап жолатар емес. Бір рет соққысы мұртты біреуінің дәл басынан тиді. Олар да жерден таяқ алды. Не бір боқтық сөздерді бірінен соң бірін тоғытып, екеуі екі жақтап қыса бастады. Батыр шыр көбелек айналып қорғанып жүр. Өзін ұстамақ болып тұра ұмтылған мұрттының қолынан ұрып, пышағын түсірді. Осы кезде ту сыртынан ентіккен дыбыс пен қарға шақырлаған аяқ дыбысының тым жақыннан естілгенін сезіп, қолымен қорғана жалт бұрылғанда, қарына қадалған пышақтан сол қолы жан кеткендей ұйып, шатқаяқтай беріп шалқасынан құлады. Көзінің қиығымен байқағаны – мұртты айналшықтап жерге үңіліп бірдеңені іздеп жүрген секілді. Батыр жан дәрмен сау қолымен жер тіреп тұрмақ болған кезде қолына әлдебірдеңе іліккендей болды; пышақ екен. Мұрттының іздеп жүрген пышағының үстіне құлапты. Батыр пышақты кезеніп орнынан тұрған кезде жағдай аяқ астынан өзгерді. Екі бұзақы төбелестің осымен аяқталғанын білдіріп, Батырдан көздерін айырмай, шегіншектеп, әлі есеңгіреп отырған қызыл бет жігітті орнынан тұрғызып кері қайтты. Кетіп бара жатып қолдарын алқымдарына тіреп, Батырға сес көрсетті. Онысы «сен енді өліксің» дегенді білдіруші еді.

Киімінің сыртына шыққан қанды көріп, грузин жігіті Батырға қамқорлық көрсетіп, тез түймесін ағытып, сол қолын жеңінен шығарып, қарының жоғарғы тұсынан орамалмен буып байлап тастады. «Ешкімге де арыз айтпа, одан ештеңе шықпайды» деп ақыл айтты.

Лагерьге келген соң, Батыр дәрігер Николайға барды. Бөрене құлап, қарына үлкен шегесі кіріп кеткен. Николай бастығынан рұқсат алып, Батырды ауруханаға жатқызды.

Бірақ лагерь бастығы төбелестің болғанын біліп қойыпты. Күзетшілер көрген екен. Тек, неге екені белгісіз, бұзақыларды емес, Батырды ғана жазаға тартты. Ауруханадан шығысымен, алдымен штрафзона болып есептелетін аралық лагарьге апарып қамады. Одан кейін соңғы этаппен Колымаға айдамақ. Штрафзонадағы жағдай өте ауыр еді. Тамағы күніне екі мезгіл және жарты сыбаға: қатқан нан мен ескіріп кеткен селедка. Барақтың іші өте салқын, ең төменгі нарда ұйықтау мүмкін емес. Тұтқындардың көбі ауру. Түнімен күркілдеп шығады. Надзирательдері шектен тыс қатал. Батыр Колымаға айдалар күнді тағатсыз күтті.

Этаптың аттануына бір апта қалғанда аралық лагерьге аяқ астынан дәрігер Николай келді. Батыр оның келісін әлдебір дәрігерлік көмекке байланысты шығар деп ойлаған. Олай болмады, оны да штрафзонаға жіберіпті.

– Не үшін? – деген сұраққа:

– Әйел мәселесіне байланысты, – дейді Николай өзінің философиялық кекесін жымиысымен.

Николай ажарлы жігіт болғандықтан, әйелдер арасында беделі бар. Бірақ бір ғажабы, қыздарды өзі емес, қыздар мұны айналдырады. Жап-жас медбике қыз үйіріліп соңынан қалмай жүрген. Соның қырсығы тиген секілді.

– Бақытсыздық сапарын бірге бастап едік, ақырына дейін бірге болайық, – дейді тағы да сол жымиыспен Батырға қарап.

Жүргелі тұрған кемелердің бірінде үлкен жарылыс болып, көп адам өліп, өзге кемелер де істен шығып, соған байланысты сапар жарты айдан астам уақытқа кешіккен болатын. Ақыры күздің алғашқы айында алдыарты шақырымға созылатын қалың нөпір тұтқындарды теңіз жағасыман айлаққа жаяу айдап әкеліп, кемеге отырғызды.

Кеменің іші түрмемен бірдей. Трюмде қамалып отырғаның. Палубаға дәретке конвоймен шығасың. Онда да

көретінің – бұлыңғыр аспан, басылмайтын сылбыр боз жаңбыр, қорғасын түсті шексіз, шетсіз теңіз айдыны, анда-санда су бетінде шоршыған дельфиндер. Бұрын кememен жүрмегендердің бастары айналып, тамақ іше алмай, құсып, азап шеккендері де аз болмады.

Тек Николай ғана көңілді еді. Қайтадан дәрігерлік қызметке тағайындалуына байланысты кеме ішінде еркін жүруге рұқсат алған болатын. Сыртқа шығып келген сайын кеменің қай жерде келе жатқанын, енді қай жерге келетінін, теңіздің күндізгі, кешкі көріністерін айтып, әлденеге таң қалып басын шайқап отырғаны.

Бір-бірінен айнымайтын сүреңсіз күндер жылжып өтіп жатты. Аурулардың ішінде өлім жиіледі. Мүрделерді қапқа салып теңізге тастайды. Бұл да өліктерді теңізге жерлеу рәсімі болып есептеледі.

Күн суыта бастады. Теңіз бетінен қалқыған мұздар көрінетін болды. Қанша жүзгендерін бір құдай білсін, бұлыңғыр аязды күндердің бірінде тұтқындарды әлдебір өзеннің сағасында жағаға түсірді. Әрі қарай жүзуге болмайды екен. Өзеннің бетін мұз басқан. Жарылысқа байланысты кеме ұзақ кешігіп, соның қырсығы тиіпті. Енді қақаған қыста тундра мен тайга арқылы жаяу жүру керек.

Этапты бірнеше топқа бөліп, қатар-қатар сапқа тұрғызып, бөлек-бөлек аттандырды. Шамасы, 50 градустық қақаған аязда жол жүру үшін басқаруға ыңғайлы шағындау топ тиімдірек болуы керек. Мыңнан астам адамды тамақтандыру, оларға қоналқалық орын табу оңай емес екені белгілі.

Тундраның меңіреу табиғатында жібімейтін бір мейірімсіздік, адамға деген өшпенділік бар секілді. Күн ап-ашық болғанмен, шұғыласында жылу жоқ, керісінше, жарқырап, сүп-суық ызғар шашып тұрғандай сезіледі.

Батыр тағы да өткен өмірін есіне алды. Осыдан 5 жыл бұрын неміс конвойларының қоршауында 200 шақырым жерге жаяу айдалса, енді соған ұқсас азапты сапар тағы да басталды. Тек мылтықтарын асынып, екі жақтап айдап келе жатқандар – өзінің сүйікті отанының күзетшілері. Қаталдығы немістерден кем емес. Қашпақ болсаң, бұлар да атып тастайды. Бірақ қашатын жер жоқ. Айдалада үсіп өлгің келмесе, осы топтан қалмауың керек.

Жол бойында бетін қармен, шөпшекпен асығыс бүркей салған өліктер де көріне бастады. Топ түнделетіп қоналқы жерге жетті. Алаулатып от жағылды. Тамақсыз ыстық шай ішілді.

Шеткерірек отырған Батырдың қасына келіп жайғасқан әлдекім:

– Сәлем, – деді бұған бұрыннан танитын адамдай.

Бұрылып қарағанда таныды, өткенде төбелес кезінде жарасын таңып, көмек көрсеткен грузин жігіті екен. Біраз ұсақ-түйек әңгімеден кейін, ол Батырға бұрылып жақындай түсіп:

– Саған айтатын бір маңызды шаруа бар, – деді сыбырлай сөйлеп.

«Ол не шаруа» дегенді білдіріп, Батыр оның жүзіне қарады.

– Стансада сенімен төбелескен үш сілімтік бізге қарсы топтың адамдары болатын, – деді ол оттың қоламтасын қолындағы шыбықпен түрткілеп отырып. – Нағыз қорқау қасқырлар. Олар сені өлтіргілері келіп жүрді. Солардан аман сақтау үшін комендатураға айтып, сені штрафзонаға жіберткізген – біздің шеф. Оған айтқан – мен. Батыл жігіттерді ұнатамын. Ал қорқаулар батыл жігіттерден қорқады. Содан кейін қапысын тауып көзін құртқылары келеді. Бірақ қауіп-қатерден құтылған жоқсың, олардың әр жерде адамдары көп. Сені бір рет біз сақтап қалдық, бұдан кейін де бізден басқа ешкім сені қорғай алмайды. Бізге қосылуың керек. Жақсылап ойлан. Келіссең, кейін шефпен таныстырамын. – Грузин бұдан кейін мүлде көтеріңкі басқа дауыспен бүгінгі сапар, ауа райы, тундраның табиғаты төңірегінде басқа тақырыпқа көшті.

Мынау әңгіме Батырды қайран қалдырды. Басына өлім қаупі төнгенін, мұның өмірін сақтау үшін өзіне белгісіз біреулердің әрекет жасағанын білген емес. Штрафзонаға отырғызу, басқа лагерьге айдау – лагерь басшыларының әділетсіз шешімі деп қана ойлаған. Өне бойын үрей билей бастады. Грузин жігіті екеуі бір-біріне арқаларын тіреп, от басында қалғып-шұлғып таңды атырды. Жұрттың бәрі де бір-біріне арқаларын тіреп ұйықтауда.

Таң ата колонна жолға шықты. Бүкіл ішек-қарынды қалтыратып, сүйектен өткен суық ештеңені ойлатпайды.

Тіпті шаршау да, аштық та жайына қалды. Бір сәтке болса да, жылынатын жер табылса дегеннен басқа арман жоқ. Беттері үсіген, сақал-мұрттарына мұз қатқан тұтқындардың түрлері тым аянышты еді. Бірақ қолдары мен аяқтарын үсітіп, межелі мекенге жете алмасын білсе де, шыбын жанды қия алмай, лектің соңында таяққа сүйеніп қисаңдап әрең келе жатқандармен салыстырғанда қалғандарының жағдайы шүкіршілік деуге болғандай.

Колонна төртінші я бесінші күні әлдебір иесіз мал қораға түнеді. Әбден бітуге қалған тұтқындарға мал қора қонақүйден кем көрінбеген шығар. Тұңғыш рет көздері ілініп, сәл-пәл болса да, естерін жиғандай болды.

Ақыры арып-ашып, жол бойы беттері шөп-шаламмен бүркей салынған өліктерін қалдырып, адам кейпінен айырылған тұтқындар тиісті жерге де келіп жетті. Лагерьдің иттерін абалатып, ілбіп басып қақпадан еніп жатқан тұтқындардың жүзінен ешбір қуаныш белгісі білінбейді. Өйткені олардың қуануға да, ренжуге де шамалары жоқ еді.

Лагерь тұрған жерде кен байыту фабрикасы бар екен. Тұтқындар қыс бойы шахтада жұмыс істеп, жаз шыға байытылған кенді кемеге тиейді. Енді біреулері, көбіне штрафниктер, орманнан ағаш кеседі. Бұл ең ауыр жұмыс болып есептеледі. Өйткені түкірік жерге мұз болып түсетін 50 градустан астам аязда далада жұмыс істеу нағыз тозақтың өзі болатын. Ал штрафник болу қиын шаруа емес, саясатқа қатысты артық айтқан бір ауыз сөзің бұл арада лагерь басшылығының құлағына бірден жетеді. Жаз ортасында өзен жағасына тоқтаған баржадан көмір түсіру де қауырт жұмыс. Өйткені кеме жүретін жазғы маусым өте қысқа. Сол қысқа мерзімде қыстық көмірді қалай да түсіріп үлгіру керек.

Осындай бір көмір түсіру кезінде Батырдың басына қара бұлт қайта үйірілді. Төменде көмір салып тұрған мұның үстіне палубадан темір бөшке құлап, қолы сынып Батыр ауруханаға түсті. Мұның қолына гипс салып, орап байлап жатқан Николай «палубадан темір бөшке құлады» деген сөзді естігенде қалт тоқтап:

— Бөшке қалайша құлады? — деді Батырдан көзін айырмай.

– Байқаусызда болар.

Николай үн-түнсіз Батырдың қолын орап байлады да, әлденеге басын шайқап, ойланып отырып қалды.

– Өткен айда, ауруханаға ауыспай тұрғанда дәл осындай оқиға менде де болды, – деді содан кейін. – Онда бөшке менің басыма құлаған. Екі бандюга мені өлтірмек болыпты. Бір құдай білсін, оларға не жазғанымды. Оны солармен байланысы бар бір жігіт айтты. Мен құрыдым деп ойлағам. Бірақ менің бағыма қарай өткенде баржадағы техникалық спиртті ішіп өлгендердің ішінде әлгілер де бар еді. Құтқарған құдайдың өзі деп ойладым. Егер мынау да сондай жағдай болса, онда өте сақ болу керек.

Батыр болған оқиғаны Грузинге (грузин жігітін төңірегі осылай атайтын) айтты. Грузин келесі күні істің шынында да насырға шапқанын, Батырға өздерінің тобына кіргеннен басқа амал қалмағанын жеткізді.

– Ал жақсы, кірейін, – деді Батыр оған ризашылығының жоқтығын үнімен сездіріп. – Сонда сендер мені қайтіп қорғайсыңдар?

– Тобымыздың мүшелерін қорғауды біз қасиетті борышымыз деп есептейміз, – деді Грузин ант беріп тұрғандай даусын көтере. – Бұл – біздің заңымыз. Сен бізге мүше болсаң, біздің талабымызды мойындасаң, онда біз қарсы жақпен келіссөзге шығамыз. Сенің бізге мүше екеніңді, енді саған тиюге болмайтынын айтамыз. Әйтпесе, қанға – қан. Оны олар да жақсы біледі. Бізде әр жаңа мүшеге байырғы мүшелердің бірі кепілдік береді. Саған кепілдікті мен бердім. Енді сен үшін мен жауап беретін боламын.

Батыр бәріне де түсінді. Өмірінің қатерде тұрғанын, одан құтылудың бұдан басқа жолы қалмағанын сезіп отыр, бірақ енді ешқашан да түзеуге болмайтын бір қателік жасағалы тұрғандай жүрегі шымырлап сыздай береді.

Грузин бұзақылардың мінез-құлықтарын жақсы білгендіктен, сол түні әлденеден күдіктеніп, орнын айырбастап, Батырдың қасындағы нарға келіп ұйықтады. Келесі күні Батыр оған келісімін берді. Содан бастап ол өзінің заңы, жарғысы, соған негізделген басшылығы бар ұйымдасқан қылмысты топтың заңды мүшесіне айналды. Алғашқыда үйрене алмай, басқа бір жат елге көшкендей

әсерде жүрген. Бүкіл тіршілігін саралай келіп, ақыры: «Мен өскен қоғамның қылмысты топтан айырмашылығы қайсы? Үкіметтің жасаған қылмысы мыналардікінен аз болып па? Ендеше қылмысты топтардың қайсысында болғаныңда тұрған не бар?» – деп, өзінің қабылдаған шешімін заңдастырғандай болды.

Енді Батырда екі бастық бар: біріншісі – лагерь басшылары, екіншісі – қылмысты топтың атаманы. Қылмысты топты жоғары дәрежеде ұйымдасқан, тәртібі күшті ұйым деп айту да қиын. Іштерінде бір-бірімен атарға оқтары жоқ, дүрдараз бұзақылар, қанішер баскесерлер, ұрықары, картақұмарлар, алаяқтар көп. Бәрі тек Қожайынға бағынады. Өйткені одан бәрі қорқады. Ол бәрінен батыл, бәрінен айлакер, бәрінен ақылды деп мойындалған. Көпшілік соның жағында болғандықтан, ол өзіне бағынғысы келмегендердің кез келгенін жазалай алатын.

Қылмысты топтың лагерь басшылығына да ықпалы жоқ емес. Әкімшіліктегі ұсақ-түйек қызметте істейтіндер – санитарлық бөлімнің бастығы, нарядчиктер мен бригадирлердің, күндізгі күзетшілердің біразы, тіпті аспазға дейін осылардың адамдары. Әр жерден түсетін қаражат бар; есірткі сататын, жасырын ағаш сату ісіне қатысатын, лагерьден босап, төңіректе ғана жұмыс істеуге рұқсат алған адамдарын пайдаланып заңсыз тері сату ісімен шұғылданатын, әртүрлі тапсырыстарды орындайтын.

Осындай тірлікпен жылдар жылжып өтіп жатты. Батыр қылмыстық ортада «Якут» деген атқа ие болды. Әшейін қатардағы емес, белгілі белді мүшелерінің бірі. Балалар үйінде жүргенде карта ойынына беріліп, аты шығып жүретін. Мұнда да көп ұзамай белгілі карташылардың қатарына ілікті. Бұзақылардың көбі анда-санда бір соққанда өлген-тірілгеніне қарамайтын мұның ұстамалы ашуынан қаймығатын болды.

Батыр өз бойында әлдебір өзгерістің болғанын сезетін. Қатыгездік, батылдық, айлакерлік, ең қиын сәттерде үрейді жеңе алатын ұстамдылық – осының бәрі қылмыс әлемінен тапқан олжасы. Бастан кешкен қанды оқиғалар тұсында аман қалуына себепші болған құтқарушысы да – осы қасиеттер екенін білетін.

Ең қиыны – қанша мейірімсіз болса да, өзіңдікі болған соң, қия алмайтын өткен өміріңмен байланыстырып тұрған бір есікті қайтып ашылмастай етіп қатты жапқаның. Батыр мұндай ойларға берілмеуге тырысатын. Өйткені қылмысты топтың ішінде жүргеннен кейін, сен қалай да сол ортаның заңымен өмір сүруге тиістісің. Екіншіден, өзіңді өлімнен құтқарған ортаға сен де белгілі бір дәрежеде қарыздарсың. Ал есіктің ар жағында қалған өмір үшін бұл баяғыда соғыста хабар-ошарсыз жоғалған немесе Мәскеу түбіндегі айқаста ерлікпен қаза тапқан айбынды жауынгер.

Үшіншіден, мұның із-түзсіз жоқ болғанынан адамзат орны толмастай ештеңе жоғалтпаған шығар. Баяғыда, соғыста немесе неміс лагерінде өліп қалғандардың қатарында кетсе, солардан ештеңесі артық емес еді. Рас, шешесіне деген сағыныштың жүрегінен әлі өшпегенін сезеді. Бірақ ол да жаңағы ашылмайтын есіктің ар жағында қалды. Өкінгенмен ештеңе өзгермейді.

Батырдың өмірінде бұдан кейін де талай ауыр-ауыр оқиғалар болды. Сегіз жыл өткенде амнистияға іліккен. Босағаннан кейін бақылау мерзімінде болып, көрші поселкеге орналасып, шахтада жұмыс істеп жүріп, қылмыстық статьямен 10 жылға, одан кейін 6 жылға сотталды. Бірақ мұның бәрі енді бұл үшін үйреншікті жағдай болып есептелетін. «Якут» есімі қылмыс әлемінде, криминалистика саласында, құқық қорғау органдарында танымал есімдердің біріне айналды. Мүлде басқа жақта болған қылмысты әрекеттерді тергеу кезінде тергеушілер болған оқиғаға мұның қатысы бар-жоғын міндетті түрде тексеретін. Бұлардың қатысы жоғы айқындалғаннан кейін барып, басқа версиямен жұмыс істей бастайтын.

Батыр өмірінде екі рет үйленді. Бірінші әйелі, бұл екінші рет 10 жылға сотталғанда, басқа біреуге шығып кетті. Екіншісі баладан қайтыс болды. Одан кейін заңды түрде үйленген жоқ.

Батыр науқастанып бірнеше рет ауруханаға түсті. Тамақ жақпайтын әдет тапты. Алғашқыда асқазаным болар деп ойлаған. Тексеріле келе бауыры ауыратыны анықталды. Емделіп шыққаннан кейін біраз уақыт жақсы болып жүріп, артынан қайтадан жатып қалады. Арақты да, май-

лы тамақты да қойған секілді, бірақ дертіне дауа табылмады. Дәрінің де неше түрін тапты, шөппен де емделді, әулие-емшіге, сахалар арасындағы шаманға да көрінді, ем қонбады. Аурумен жолдас болған адам өзімен-өзі болып, өзге өмірден алыстай беретін секілді. Бір ғана шүкіршілік ететіні – некеге тұрмаған заңсыз әйелінің өзіне деген елгезектігі. Әйелі Светлана – үлпілдеген сары шашты, епте баяғы неміс қызы Аннаны еске түсіретін, өзінен 30 жас кіші – жалғызбасты әйелден некесіз туған қыз еді. Батырға қазан-ошағына ие болып, тамақ істеп беретін қызметші, ал кедей қызға өзін асырайтын қожайын керек еді. Мұның аудан орталығындағы өзі салған үш бөлмелі үйі оған хан сарайындай болып көрінетін. Қалай болғанда да, Светлана жаман адам болмады; Батырды баладай күтті. Ауру ұзаққа созылды. Осынша күтінумен бесінші жылға аяқ басқанда Батырдың жағдайы күрт төмендеп кетті. Емдеген дәрігер жігіт – өзімен лагерьде бірге болып, осында да бірге қалып қойған украиндық фельдшердің баласы еді. Ештеңені ашып айтпай: «Қолымнан келгеннің бәрін істедім, құр дәрі бере бергеннен ештеңе болмайды. Үйге шығып біраз демалыңыз», – дей береді.

Светлана күйеуінің анық жағдайын білгісі келіп, ауруға жасалған ем мен диагноз жазылған қағазды басқа дәрігерге апарып көрсетуге кеткен. Үйге жылап келді. Қағазды көрген дәрігер, ысқырып жіберіп: «Біткен шаруа. Әрі кетсе, екі ай, әйтпесе, бір-ақ ай», – депті.

Алғашқыда абдырағаны сонша, Батыр өзінің жағдайына зер салып, ақыл тоқтатуға шамасы жетпеді. Бәрі де күтпеген шаруадай, аяқ астынан кезіккен кесапаттай бүкіл ой-санасын тығырыққа тіреді. Бірнеше түн ұйқыдан қалды. Әйелі қасына келіп бірдеңе сұраса, оған не айтып тұрғанына өзі түсінбейді. Өзі – бір жақта, ойы – бір жақта.

Бір күні түсіне шешесі кірді. Бұған тура қарамай, тұнжырап тұр. Түрі біртүрлі буалдыр. Осы анам ба, анам емес пе деп күдіктенетін де секілді. Жоқ анасы. Бірақ неге бұған тура қарамайды? Неге сонша жабырқау? Кенет түсінің ішінде түсін жорып: «Апыр-ай, менің күйзелгенім саған да жеткені ме?» деп жылаған күйі оянып кетті.

– Не болды? Не болды? – дей берді әйелі үрейленіп.

– Түсіме анам кірді, – деді Батыр балаша өксіп. Әйелі бұған қосыла жылады.

Батыр жасын тыйып, сабырға келгеннен кейін, әлдебір шаң-тозаңнан арылғандай, баяғы бала кездегі пәк сезімдеріне қайтып оралғандай бір күйге түсті. Бойы жеңілдегендей, жүйкесін тоңдырған бір мұз ерігендей сезінді.

Ол енді түсті жиі көре бастады. Бірде өзен жағасында атасының сиырын бағып жүрген баяғы бала кезі түсіне кірді. Кейінгі өмір тіпті жадында жоқ. Мұңсыз, қайғысыз – табиғатты қызықтап өзімен-өзі жүр.

Батыр өзінің санаулы күндері қалғанын сезгендей болды. Жүрегін сыздатқан сартап сағыныш барған сайын күшейіп, күшейген сайын көкірегінің қараңғы түкпіріне сәуле тарап, ұмытылған өмір елестері айқындалып, қайта тіріліп, жанына жақындай түскендей әсер береді.

Ақыры санасына бір ғажап ой келді. Ол – елге жету, барлық күнә мен қылмысын мойындап, ағынан жарылу, сөйтіп ең соңғы мауқын басып, туған жердің топырағын жастанып, мәңгі ұйқыға кету. Осылай істесе, өлімнің қорқынышы да жеңілдеп, әлдебір мағынаға ие болатындай көрінді. Бұл ойының өзіне ұнағаны сонша, осыны баяғыдан бері неге ойламағам деп өкінді. Ойына тағы да ой қосылды. Әйелі Светлананы мұнымен бақытты болды деп айту қиын. Жас айырмашылығы өте үлкен. Жаман адам емес екеніне көзі жетті. Ендеше жақсы адам бақытына жетсін. Теңін тапсын. Үйді соған қалдырады. Хат жазып, бәрін түсіндіріп кетеді.

Батыр осы шешімге түбегейлі тоқтап, іске кірісті. Светлананы таң қалдырып, онымен асығыс некеге тұрды. Содан кейін Мәскеуге барып қаралып келмек болып, пойызға билет алды. Қайтып келетін адамдай әйеліне ұсақ-түйек шаруалар тапсырды. Әйелінің «Өте әлсізсің ғой, мен бірге барайын» деген сөзін тыңдамады. «Ол жақта да таныстар бар» дегенді сылтау етті.

Мәскеуге келген соң, әйеліне: «Мені іздеп әуре болма. Өмірің алда. Теңіңді тап. Үйді саған қалдырдым, ие бол. Саған ризамын» деген мазмұнда хат жазды. Содан кейін қу жанын сүйретіп, туған елге бет түзеді.

Қазақ жерінің бір қиыр шетіндегі шағын поселкеде жеті түнде шамы сөнбеген жалғыз үйдің ішінде Сәлімгерей ақсақалға әңгіме айтып отырған жолаушының өмір тарихы осы еді.

* * *

Жолаушы әңгімесін доғарып, сәл демалғысы келгендей үнсіз біраз отырды. Дәрілерін ішті. Терін сүртті.

– Осындай бір қиын тағдырды бастан кештім, Сәке, – деді содан кейін өмір жолын қорытындылап. – Өткен өміріңде достыққа, татулыққа, мейірімге толы жақсы күндер көп болса, ол да бір байлық қой. Еске алған сайын жаныңа жылу беріп, санаңды нұрға толтырып тұрады. Бірақ менде ондай күндер, сорыма қарай, көп болмады. Менің күндерім жауластыққа, күнә мен қылмысқа толы. Рас мен жалғыз емеспін. Мұндай бақытсыздыққа ұшыраған жандар тұтас бір ұрпақты құрайды. Бірақ одан менің қайғым жеңілдемейді. Ең үлкен өкінішім – көзі тірісінде анаммен хабарласа алмағаным. Өзімді, өлмесем де, өлдіге санадым. Өйткені жарық дүниеге жария болуға жағдай көтермеді. Қылмыс әлеміне кеттім. Ол да о дүниеге кеткенмен бірдей еді. Енді санаулы ғана күндерім қалды. Бұрын көп дінсіздің бірі едім, қазір құдайға сенетін болдым. Басқаның бәрі өткінші екенін, адамға да, қоғамға да Аллаға жүгіну арқылы ғана әділ баға беруге болатынын енді түсіндім. Туған ел кешер-кешпес, алдынан өту парыз. Маған, шынымды айтсам, топырағы бұйырса жетіп жатыр. Енді жасыратын ештеңем жоқ. Үңгірден жарыққа шыққан жарғанаттай болып отырған түрім осы... – Жолаушы азғантай қуатын тағы да сарқып алғандай, алқына, терең дем алды. Ентігін біразға дейін баса алмай, шынтақтап диванға қисайды.

– Мен де өзгелер секілді сәби болып жарық дүниеге келдім, – деді сосын даусы қарлығып. – Жақсылыққа сендім. Сол сеніммен, сол көңілмен өмір сүрсем дедім. Алайда маған мүмкіндік бермеді. Оттан – отқа, боқтан боққа салды. Оған қарсыласарға менде дәрмен болған жоқ. Қолымнан келгені – өз тағдырымды жек көрдім. Менің өзіммен бірге алып кететін жалғыз байлығым – осы жек

көру сезімім ғана. Ол – менің зұлымдықты іштей қолдамайтынымның жалғыз белгісі. Өзімді қорғайын деп отырғам жоқ. Мен өз үкімімді баяғыда алған адаммын. Бірақ қуғын-сүргіннің бар азабын бастан кешіп, одан кейін өтірік пен қиянатқа құрылған мына қатыгез қоғамға қайтып келіп, баяғыша жалған атақ, жалған даңқпен өмір сүріп жүрген зиялы құлдардың менен несі артық деп те ойлаймын кей-кейде. Ендеше мен де солар секілді осы елдің бір бөлшегімін, Сәке.

Сәлімгерей әңгіменің өн бойында сан құбылып, көзі шатынап, алқынып, қолдары жыбырлап әрең отырды.

– Қанша қателігім болса да, мен де бір құдайдың құлымын ғой, ағымнан жарылып, жарық дүниеде бар екенімді білдіріп, кешірім сұрап, адам құсап өлгім келеді, – деп аяқтады сөзін жолаушы.

– Сен осы Шәйкеннің ұлы Батырсың ба? – деді Сәлімгерей сенбегендей жолаушыға тесіле қарап.

– Иә, Сәке, өкінішке орай, Иванов деген фамилиямен қорлық пен зорлыққа, күнә мен қылмысқа толы өмірді бастан кешкен Шәйкенұлы Батыр мен боламын.

Кенет:

– Жоқ! – деп шаңқ ете қалды Сәлімгерей есін жаңа жинаған адамдай. – Шәйкеннің ұлы Батыр Мәскеу түбінде ерлікпен қаза тапқан. Біз осыны ғана білеміз.

– Ол хабар енді бекер болып отыр. Тірі куә – мінеки алдыңызда. Шындықтан қашып құтылу мүмкін емес.

– Жо-жоқ! – дейді шал тағы да басын шайқап, – Бұл мүмкін емес, мүмкін емес.

– Неге мүмкін емес, Сәке? – деді Батыр шалдың қиқарлығына қапаланғандай бір үнмен. – Ерлікпен қаза табу мен үшін де тиімді болатын еді. Бірақ құдай жазбаса, не істейсің?

– Ал біздің жазығымыз не? – деді Сәлімгерей бас жоқ, аяғы жоқ, басқа бір әңгіменің шетін шығарып.

Батыр оның сөзіне түсінген жоқ, шалдың абдыраған түріне қарап, сәл таңырқағандай болды.

– Сәке, сіздерде жазық жоқ. Жазық менде. Бірақ қанша жазықты болсам да, жалған атпен емес, өзімнің құдай берген аты-жөніммен өлуге хақым бар шығар, – деді, маған осыны да қимайсыңдар ма дегендей, күйіністі үнмен.

– Әй, шырағым, – деді осы кезде Сәлімгерей шамырқанып, – сен өзің не айтып тұрғаныңды білесің бе? Сенің атың осы елдің тарихына алтын әріппен баяғыда жазылып қойған. Поселкенің қақ ортасында саған қойылған ескерткіш тұр. Мектеп сенің атыңда. Ертең мереке күні балалар сенің ескерткішіңнің түбіне гүл қойып, еліміздің саған ұқсаған азаматы боламыз деп ант береді. Қырық жыл бойы осылай өмір сүріп келеміз. Қанша ұрпақ сенің атыңды мақтаныш тұтып ер жетті. Жалған атаққа табынған жоқпыз, сенің жасаған ерлігің тарихи шындық. Сені көкке көтеріп, орталық газеттерге мақала шыққанда соғыста қаза болған боздақтарымыз тіріліп келгендей қуанғанбыз. Жастарға үлгі болар ма екен деп, ел болып жабылып, ескерткішіңді орнаттық. Жылдар бойы арызданып, атыңды мектепке бергіздік. Енді соның бәрін тас-талқан етпексің бе? Масқара болдық қой! Сенің атағыңды қорек етіп отырған мына жұртты өлтіретін болдың ғой. Елді аямайсың ба?

Батыр айтылған сөзге толық түсінбегендей, немесе әлдебір ауыр соққыдан есеңгірегендей, аңырып тұрып қалды.

– Солай ма еді? – деуге ғана шамасы келді. Тағдырдың теперішін көп көргендіктен, ол өзін көп нәрсеге дайынмын деп есептейтін. Бірақ дәл мына жағдай үш ұйықтаса түсіне кірмеген секілді.

– Солай, – деді Сәлімгерей сабырға көшкендей қоңыр үнмен. – Шешең соғыстан кейін босап, алпысыншы жылдары Шәйкен ақталғанда елге келіп кеткен. Сенің ескерткішіңді көріп, риза болып еді жарықтық. Артынан көп ұзамай қайтыс болды. Иманын берсін... Қазақтың ұлан-ғайыр жерінің бір түкпірінде жатқан елеусіз мекен болсақ та, бізден де ел мақтаныш ететін бір азамат туса деп Алладан тілек еткен тірі жандармыз ғой. Сол арманымыздың басы да, соңы да сен болдың, шырағым. Енді міне... – дей беріп шал даусы құмығып кілт тоқтады.

Жанды қинаған үнсіздік ұзаққа созылды. Сықыр етіп жартылай ашылған есіктен әйелдің ұйқылы-ояу жүзі көрінді де, мыналар әлі отыр ма дегендей, таңырқап есікті қайта жапты.

Батыр өзінің тығырыққа тірелгенін сезіп, мына бір о дүниедей үнсіздікті бұзу үшін бірдеңе айтқысы келіп, басын көтере берді де, шалдың көзінен сорғалап аққан жасты көріп, тоқ соққандай селк ете қалды. Әлдебір жүрек тамыры үзіліп кеткендей болды. Жанталасып қалтасынан дәрі алып ішті. Түймелерін ағытып, қайта-қайта терең дем алып, терін сүртті. Содан кейін құлап кететіндей, қалтақтап орнынан тұрды.

– Мен сыртқа шығып келейін, – деді ентігін баса алмай, есікке қарай беттеп.

Сәлімгерей мұның үйде бар-жоғын ұмытып кеткендей, анда-санда орамалымен көзін сүртіп, өзімен-өзі болып отыр.

Батыр сыртқа шыққан соң, поселкенің орталығына қарай жүрді. Орталық самаладай жап-жарық, мана автобустан түскенде байқаған шағын парк пен ескерткішті көріп келеді.

Парк деп отырғаны дөңгелетіп отырғызған бес-алты ғана ағаш екен. Ортасында – биіктігі екі жарым метрдей тұғырдың үстінде қолына автомат ұстаған жауынгердің тас мүсіні. Каскасыз жалаңбас, шашы дудырап, (арпалыс кезін бейнелегені болу керек), шинелінің етегі желбіреп, жоғарыдан төмен қарап, әлдекімге айбат шегеді. Батыр мүсіннің жас кезіндегі өзінен айнымай қалғанына қатты таңырқап, бірдеңеден сақтанғандай, аяғын еппен басып жақындай түсті. Бірі жанды, бірі жансыз екі бейне жыға тани алмай тұрғандай бір-біріне үңіле қарап қалған. Батыр осы тұста өзіне беймәлім екінші өмірінің бар екенін амалсыз мойындағандай болды. Екі өмірдің қайсысының жалған екеніне зердесі жетпеді. Бәлкім, екеуі де – шындық.

Батыр ескерткішті айналып шықты. Ескерткіштің қадірі өзінікінен жоғары екенін, жұрттың тірі адамнан гөрі ескерткішті артығырақ сыйлайтынын аңғарған сайын, іштей соған қарсы бәсеке пиғылы бас көтерсе де, оның ар жағында әлдебір мақтаныш сезімінің де жоқ емес екені байқалады. Батыр ескерткіштің тура алдына қайта келді. Мүсін қараған сайын бұрынғыдан да айбаттырақ көрінді. Бұған: «Тайып тұр бұл арадан!» – дегендей автоматын кезеніп, төне түсетін секілді.

Батыр әлдеқалай тітіркеніп, бас сауғалағандай шегіне берді де, әлденеге сүрініп, оқ тиген адамша шалқасынан құлады. Есеңгіреп, тұра алмай, біраз жатты. Есі кіресілі-шығасылы күйде:

– Жазығым не? – деді даусы дірілдеп. Басын көтеріп, жауап күткендей ескерткішке қарады.

Ескерткіш «жазығыңның не екенін өзің білесің» дегендей автоматын кезеніп, үнсіз тұр.

– Енді маған не дейсің? – деді тірі адаммен сөйлескендей қолын жайып. – Не істей алушы едім мен?..

Ескерткіштің жібитін түрі жоқ, шағым-арыз қабылдамайтын қатал судьядай сазарған қалпы. «Тайып тұр!» деген қаһарлы сұсы басылар емес.

Бұл әлдеқалай ызаланып: «Өзің тайып тұр» дегісі келіп еді, тамағы құрғап, үні шықпады.

– Я, Алла, – деді бір кезде даусы жарықшақтанып, – бұл дүниеде маған орын қалмаған секілді. Енді өзің шеш мына түйінді. Жұрт көзіне түсіре көрме. Өзіңе ал мені, жаратқан ием... – Батыр жыламсырап жұлдыздары әр жерден әрең көрінген бұлыңғыр қара көк аспанға қарады.

– Алланың бұйрығынсыз өлім де жоқ, өкінішке орай, – деген дауыс естілді.

Батырға ескерткіш сөйлегендей көрінген – Сәлімгерей екен. Қолтығынан демеп, орнынан тұрғызды. Әлдеқалай әйел де пайда болды. Екеулеп мұны сүйемелдеп, үйге әкеліп, диванға жатқызды. Көп ұзамай бір жас жігіт келді. Дәрігер секілді. Дәрі беріп жатыр ма, укол салып жатыр ма, оны неге істеп жатыр – оған Батыр түсінген жоқ. Өзі басқа жақта алыста тұрғандай, мынау арада отырған басқа біреу секілді көрінеді...

Құдай тілегін беріп, жолаушы таң алдында қайтыс болды. Жарық дүниедегі жалғыз ғұмырының осылайша аяқталғанына өкінген-өкінбегені белгісіз бір күйде үнсіз ғана үзіліп кете барды.

Әйел абдырап:

– Апыр-ай, масқара болдық-ау! Апыр-ай... – дей берді.

– Жоқ, бәрі дұрыс, – деді Сәлімгерей. – Татар дәмі таусылған шығар байғұстың. Тіршілікте пенделікпен

жіберген қателігі болса, құдай кешсін. Иманы жолдас болғай! Ғаріп жан... Бақұл бол!

Бұдан кейін таң атты. Күн нұры күндегідей поселкені алтын шұғылаға бөледі. Жыл сайынғы әдетімен мереке күнгі қарбалас ерте басталды. Мектеп жақтан горнның, барабанның үндері естіледі. Ұйқыдан тұрған тіршілік перроннан қозғалған ауыр составтай баяу жылжып бара жатты.

Әлдебір жолаушы Сәлімгерейдің үйіне құдайы қонақ боп келгенде жүректен қайтыс болыпты деген сыбыс төңірекке сыздықтай тарағанмен, алып-қашпа дабыраға ұласқан жоқ. Дүниеге кім келіп, кім кетпей жатыр?..

Бұл өңірде бәрі бұрынғыша, бәрі бәз қалпында. Тіпті ештеңе де болмаған секілді.

Астана, 2010 жыл

ӘКЕ

«Әкең хал үстінде, тез жет» деген телеграмманы ала салысымен, сол күні ұшаққа отырдым.

Жол бойы көңіліме неше түрлі ойлар келді. Көбіне әкемнің мені көрмей, қайтыс болып кеткен сәтін көз алдыма елестетемін. Жүрегім қобалжып, өне бойымды үрей билейді. Өз қиялымнан туған қайғылы көрініс тап бір болған оқиғадай көкірегімді күйінішке толтырып, көзіме жас әкеледі. Әлдеқалай өзімді әкем алдында кінәлі жандай сезінемін. Енді түзеуге болмайтын бір қателік жасаған тәріздімін. Енді бәрі де кеш секілді... Көңілімде екіақ сезім – үрей мен өкініш.

Аудан орталығына келісімен май тасып жүрген машиналардың біріне ілесіп, үйге түнде жеттім.

Бұрын колхоздың кеңсесі болған ұзынша кірпіш үйдің есігін қамыс албармен қоршап қойыпты. Әлдеқайдан күйіс қайырған малдардың пысылдаған дыбыстары естілді. Қай жерде екені белгісіз, дәл аяқ асты маңынан бақпа үйректің қырқылдаған үні шығады. Жолдағы бұталған отын мен жаңғырыққа, шылапшынға сүріне, сипалап жүріп есікке келдім. Мен қаға бастағанда-ақ есік әндете сықырлап, өзі ашылып кетті. Дәлізде өлімсірей жанған аспалы шамның болмашы жарығынан бүйірдегі кірер есіктің жобасы көрінеді.

Үйге кірдім. Одан әрі ауыз үйдің есігі. Тағы бір есік. Орта үйдің есігі. (Біздің үйде не көп, есік көп. Бұрынғы кеңсенің есіктері). Түпкі бөлмеге кіргенде барып дәл

төрде – төсек үстінде кіп-кішкентай болып жатқан әкемді көрдім. Адамның жүдеген кезде мұншалықты кішірейіп кететінін бұрын білмеуші едім. Көзі шүңірейіп, жақ еттері шодырайып, адам танымастай болып кетіпті. Жанында екі адам отыр. Біреуі – Уәли молда, екіншісі – жиен ағам Самат. Пеш түбінде мүлгіп апам отыр.

Мен кірген бетте киімімді шешпестен сәлем-сауқатсыз бірден әкеме ұмтылдым. Құдай-ау, қалай жүдеген!

– Сайлаумысың, – деді әкем естілер-естілмес.

Көзіме ыстық жас тірелді. Ішіме небір өкініш, арман, күйініш толып, әкемнің қатқыл сақалды, қу сүйек жағына маңдайымды тіредім де өксіп жібердім.

Сол кезде барып төрдегі молда:

– Қой, қарағым, жылама. Аман-сау келдің, әкеңді көрдің. Ендігі дәм-тұзды бір Алланың өзі біледі, – деп жұбату айтты.

– Жылама, айналайын, – деді жиен ағам. – Әкеңнің, мінеки, арманы орындалды. Сені көрсем, ризамын деген... Көрді ғой...

– Жылама, – деді әкем зорға сөйлеп. Сөйтті де өзі кемсеңдеп қоя берді. Маңайдағылар енді әкеме басу айтып жатты. «Осы бір жаман болмаса, соншама жерден кім іздеп келер еді», «Артыңда, құдайға шүкір, тұяқ бар», «Балаң келсе, қуаныштан жазылып кететін бір әдетің бар еді ғой».

Әкем басылып, мені ымдап өзіне қарай шақырды да, маңдайымнан иіскеді. Содан кейін барып үй ішімен амандық басталды. Молданың, ағамның қолын алдым. Апам бетімнен сүйді.

– Әлгінде ғана машина дүрілдегенде әңгіме қып отыр едік. Тәрізі, сонымен келдің ғой? – деді молда аят оқығандай бір сазбен.

– Иә, – дедім әлі де өксігімді баса алмай.

Ағам қаладан қашан шыққанымды, ауданнан машинаның қалай табылғанын, одан кейін қаладағы өзі танитын бірлі-жарымды адамдардың амандығын сұрады. Телеграмманы өзі салғанын, екі сөздің басын қоса алмайтын пошташы Тайшықтан не қайыр, жаман орысшасымен өзі жазып шыққанын, оған 1 сом 30 тиын төлегенін әңгіме қылды.

– Бағана әкесі Сайлауды әңгіме қылғанымызда есіктің сыртында тұр ғой деген жоқ па, – деді апам сөзге араласып.

– А, иә, – деді ағам да есіне түсіріп.

– Сайлау есіктің сыртында тұр деді ғой бізге...

– Біліп тұр ғой, – деді молда өзі біліп тұрғандай маңыздана сөйлеп. – Құдай соңда оған көрсетіп тұр. Құдайдың әмірі күшті емес пе!..

Мен әкемнің жалпы жағдайын, дәрігердің не айтқанын сұрадым.

– Дәрігер не десін, – деп күмілжіді ағам да, – дәрісін беріп жатыр. Әр нәрсенің сәті болады да өзі.

– Дәрігер қарамай тұр ғой, – деп өкпе айтты апам. – Сол баланың өзі ауруды алалап қарайтын секілді. Былтыр өзінің нағашысы Жармағамбетті қалай емдеді. Ауданға да, облысқа да апарды.

– Олай деме, бәйбіше, – деді молда. – Құдай біледі деңіз... Құдайдың жазуы қалай болса, ауданға, облысқа апарғаннан ештеңе өзгермейді. Немене, мына сенің балаң апара алмай ма? Ертең-ақ Алматыдан бір-ақ шығарсын... Бірақ дәм біледі. Ырыздық-несібе өлшеулі ғой өзі.

– Мінеки, төрт күн болды, – деді ағам маған қарап. – Осылай күзетіп отырамыз. Кеше Қаумен шал мен Ерекең келіп еді. Ерекең үлкейген адам ғой, қажып қалды. Бүгін міне, молдекең келіп, жақсы болды.

Молдекең өзінің келуі үлкен мәселелерді шешетіндей тамағын кенеп, жөткірініп қойды.

Түн ортасы ауа шай ішілді. Шайдан кейін:

– Сен жатып демал, – деді ағам. – Жолдан келдің, жол қажытады ғой адамды.

Әкем тыныш ұйықтап жатыр екен. Аузы ашық. Бірқалыпты сырылдаған дыбыс шығады. Орта бөлмедегі кереуетке келіп жаттым. Молда мен ағамның күңгірлеген дауыстары естіліп тұр. Ұзақ жаттым, бірақ ұйықтай алмадым. Қайта басыма неше түрлі ойлар келіп, ұйқым шайдай ашылды. Апыр-ау, әкем өліп қалса, не істеймін?! Әкемді бір риза қылатындай жақсылық жасап көрдім бе? Осылай түк көрмей, жалғыз баласына өкпелеген күйінде дүниеден аттанып кете бермек пе?!

Мен әкемнің басынан кешкен ұзын тарихқа ойша көз жібердім. Өз өмірі туралы маған көп айтушы еді. Қиыншылықты, бейнетті көп көрген адам ғой...

* * *

– Қоян жылы азғантай малымыз қырылып қалды да, туыстарды сағалап, жер аяғы құрғасымен Жыландыға көшіп кеттік, – деп бастар еді көп әңгімесінің бірін. – Жыланды бойы ол кезде қолдың саласындай тізілген ел. Малдыбайдың екі баласы – Естөре, Бестөре штат болып, болыстыққа таласып, араларында адам өліп, кісі құны дауланып, таласып, ыру-тыру болып жатыр екен. Әйтеуір, ағайынның аты ағайын, бір-бір лақтан, әлі жеткені саулық қой бөліп беріп, оның сыртында ерулік әкеліп, бірден ел қатарына қосылып кеттік. Өзіміз бес ағайынды болдық. Шешеміздің қайтыс болған кезі. Қыздардың бәрі тұрмыс құрып кеткен. Әпсаттар, Қапсаттар, Нұржан – үшеуі де бөлек үй. Дүйсен де үйленген, бірақ әкейдің шаңырағында. Менің салт бас, сабау қамшы кезім.

Бізбен бірге Айтыбайлар да көшіп келген. Үлкен баласы Айдархан екеуіміз Естөренің жылқысын бағатын болдық. Досым баласында Естөреден бай ешкім болған жоқ қой. Өзі де, құдай сақтасын, тәкаппар еді. Қыста мойылдай қап-қара, атақты бәйге қарақасқасын, ал жер қарайысымен жұмыртқадай аппақ жорғасын мінетін. Біресе орысша, біресе қазақша – неше түрлі құбылып киінеді. Жан баласына тақымы толмайды.

Көшіп келгеннің келесі жылында Айтекең келін түсіргенде Естөре Дуан жақта болды да, артынан қойын сойып, тамағын әзірлеп қойып шақырғанда, ит-ай, келмеді ғой. Дәмнен үлкен емес шығар деп, екі рет адам жібергенде «бара алмаймын» дегеннен басқаны айтпапты.

Бір жылдың ішінде шаруашылығымыз түзеліп қалды. Қапсаттар қыстауды иесіз қалдырмаймын деп ойға көшіп кетті. Сол жылы шабындық та мол болып, Естөре, Бестөрелердің даулары бәтуаға келіп, айғай-сүргін басылған болатын. Бірақ ой жақтан адам келген сайын «патша құлапты, үкімет жаңарыпты, ақ, қызыл деген шығыпты» деген неше түрлі хабарларды естіп жатамыз. Келесі жаз-

дың ортасында атты казак деген бәле шықты. Бәлен жерде бүкіл бір ауылды атып кетіпті, шауып кетіпті, әйелдерді масқаралапты дегенді естігенде тұла бойың түршігеді. «Е, е, заманның беті жаман боп барады. Елге түскен ауыртпалық қой. Былтыр күзде күннің тұтылғанынан қорқып едім», – деп отыратын әкем жарықтық.

Бір күні біздерге қарай атты казактар келе жатыр деген хабар алдық. Зәре қалмады. Қыз-қырқындардың бәрін Шошқакөлдің қалың қопасына апарып, тығып тастадық. Нұржан өжет еді. Ауылдағы бар азаматты жинап алып, атты казактардан бізге қайыр жоқ, елдің қанын ағызып келе жатқан жауыздардың ретін тауып, көзін құрту керек дегенді айтты. Мал десе жаны қала ма, жылқының жауы екен дегенді естіген соң, Естөре де бізге қосылды. Сонымен бүкіл ауыл болып атты казактарды өлтіруге қорыдық. Керегелердің бастарын түйістіріп бірнеше қос тігілді. Жерошақ қазылып, алдын ала сойылатын қойлар да дайындалып қойылды.

Түс кезінде қырдан бір топ салт атты көрінді. Жақындағанда көрдік – иықтарында шошайған мылтықтары бар, әскерше киінген орыстар. «Ал келді атты казактар» деп жатты. Іргеге келгенде бір-ақ білдік – әкейді айдап келе жатыр екен. Малда жүрген болатын. Таяқ жеген секілді. Шекесінде қан бар. Иттердің түсі суық екен. Атып жібермегеніне шүкір десейші. Нұржан ет қызуымен одыраңдағысы келіп еді, әкей өзі басып тастады. Әкемді ұзап кеткен үш-төрт жылқысын ауылға айдап келе жатқан жерінен ұстапты. Бұл айтқан сөздеріне түсінбеген. Ымдарына қарағанда жылқы тауып бер дейтін секілді. Әкем:

– Біз кедей адамбыз. Мол жылқы болмайды. Азғантай үш үйлі жанға біткен бар тұяғымыз осы, – депті қазақшалап.

Атты казактар жылқыларыңды тығып отырсыңдар деп сенбеген болулары керек, әкемді екі-үш рет мылтықтың дүмімен түйіп жіберіпті. Ақыры жылқы тауып бермесең, атамыз деп ауылға алып келген.

Дүйсеннің аздаған орысшасы бар. Әкем кішкентай кезінде Айсаға ертіп жіберіп, бір жыл қалада оқыған. Орыстар ат үстінде состиып-состиып тұра қалғанда Дүйсен

жандарына барып, орысша сөйлесті. Аналар кәдімгідей қуанып қалды. Дүйсен елдің әдейі күтініп отырғанын, қонағасының болатынын, тілектерінің бұлжымай орындалатынын айтқан болу керек, әскерлер қауқылдасып мәз болып, аттарынан түсе бастады. Бірақ өздері сақ екен. Біреуі мылтығын ұстап, аттарының жанында қалды. Ішінде жуан қарын біреу бар. Бастығы ғой деймін, «Қостың ішіне кірмейміз. Тез жылқы әкеп беріңдер» деп тұрып алды. Не керек, ақыры кірді-ау. Қымыз бердік. Өздерімен бірге алып жүрген арақтары бар екен. Аздап арақ ішті. Сырттағы күзетшісі де үйге кірген. Одан ет келді. Мен табақ тасып жүрмін.

– Қазір «сорпа әкел» деген кезде бастаймыз, Дүйсенге айт, қостан шықсын, – деп сыбыр ете қалды Нұржан.

Табақты алдарына қойып жатып:

– Саған шықсын деп жатыр, – дедім Дүйсенге ақырын ғана.

Жуан қарын секем алып қалды. Дүйсенге қарап, бірдеңе деп шүлдірлеп жатыр. Дүйсеннің не айтқанын білмедім, қостан шығып кеттім. Апырмай, Дүйсенді ұстап қалар ма екен деп зәремнің ұшқанын көрсең. Шықты-ау бір мезгілде қостан. Сол кезде «сорпа әкел» деген айғай шықты. Сол-ақ екен, керегелерге байланған арқанды тартып-тартып қалғанда қостың бәрі бір сәтте жалп етіп, етке енді қолдарын соза берген атты казактарды басты да қалды. «Я, аруақ!» – деп ұмтылып кеп бердік. Нұржан да қарулы еді-ау. Қолы іліккен жерден әлгілерді қостың астынан суырып алады. Сойылмен төбеден бір ұрып құлатып жатырмыз. Ойпырмай, еңгезердей бір сары орыс бой береді дегенің не! Алғашқы жығып салғанымызда Дүйсен белінен наганын суырып алған. Сойылмен ұрғанда құламай, үстіндегі киімін сыпырып тастап, сорға қарай қашсын. Жан беру деген оңай ма? Сорға тығып, жан-жағынан қамаған кезде әлгі иттің баласы татар ма немене, «Алла, Алла» дейді қазақшалап. «Мынау мұсылман болып жүрмесін» деп қобалжиық. Нұржан ожар ғой: «Ой, әкеңнің аузын. Бұған қаңғып жүрген қандай мұсылмандық», – деп ту сыртынан сойылмен ұрып құлатты. Содан түнімен сордың сыртынан үлкен шұңқыр қазып, бәрін бір-ақ көмдік. Келесі күні әлгілердің дүниелерін бөлісейік. Қоржын-

дарының іші толған білезік пе, сырға ма, әйтеуір толған бұйым. Дүйсен біреуінің ер-тұрманын алып, әлгінің көпшігінің ішінен қарайған дүние шықты. Біреуінің мылтығын мен алдым. Бір күні «іштен әскер шығыпты, атты казактардың өліктерін іздеп шыққан көрінеді, істік темірмен жерді тесіп тексереді екен» деген лақап жетпесін бе. Мына қазақшылықты қарасайшы. «Көмген жерден тауып алса, шетімізден қырыламыз, өртеу керек» деген ұйғарым жасады шалдар. Ақыры иттей болып көрді қайтадан ашып, әлгілердің сасып кеткен денелерін сордың іргесінде көкпекпен өртемейік пе. Адам деген пышырлап дүниеден ұзақ жанады екен. Таң атқанша өртедік. Мына Қаратемірдің Естегі, Түнқатар Естек деуші едік қой байғұсты, содан шошып, ауру болды ғой. Енді жұрт бөліп алған дүниелерінен безе бастады. Мылтықтарымызды, сақина-сырғаларымызды суға лақтырдық. Жаннан тәтті не бар? Бірақ айтқан әскер келмеді. Жүрегіміз аздап орнына түсіп болған соң, әкем мені шақырып:

– Ойға барып кел, Қапсаттардың үй ішінің амандығын біл. Дүние асты-үстіне шығып жатқанда қайсымыздың қай сайда жатқанымызды білмей қалармыз, – деді. – Ар жақтан не хабар бар екен? Айсанікіне соққайсың.

Торы атты ерттеп алып, ауылдан шығып кеттім. Түс кезінде Ошақтыда отырған өзіміздің назарымбет Жалғасбайлардан бір шай ішіп алып, бұлаң құйрықпен күн бата ойға құладым.

Қапсаттарлар Қарасудың жиегінде екен. Кешке қой сойып, Айсаларды шақырды. Айсаның жанында бір жас жігіт бар. Кім екенін танымадым. Оқыған бәле болу керек: «Патша анау, патша мынау. Жаңа өкімет кедейдікі болатын шығар. Бірақ арты қалай болатынын айту қиын. Ал байлардың естері болса, малдарын азайтқаны жөн ғой», – деп зуылдап отыр. Жұрттың малындағы шаруамыз қанша. Төрт үйлі жан қарап отырған төрт-бес тұяқты азайтқанда қайтіп күн көреміз. Атты казактардың бұл араға да сойқаны аз болмаса керек.

– Олар патшаның әскерлері ғой, қызылдардан жеңілген соң Қытайға ауып барады. Олар тірі жанды аямайды, – деп түсіндірді әлгі жігіт.

Ойда екі-үш күн болып, Қапсаттардың әкейге жіберген шай-қантын алып, тағы да торы аттың бұлаң құйрығымен кештетіп ауылға жеттім.

Үйдің маңы топырлаған адам. Жерошақ басына әйелдер қаптап кетіпті. Жүрегім зу ете қалды. Тақай бергенде әйелдердің жылаған даусын естіп, бір сұмдық болған екен дедім ішімнен. Үйден аңырап әкем шықты.

– Нұржаннан айырылдық қой... – деген сөзін аңғардым. Содан не болғанын білмеймін. Талып қалыппын. (Әңгімесінің арғысын ұмытып қалғандай әкем осы тұста үнсіз қалады). Е-е, бұл бастан не кешпедік. Кейін естідім, ауылға тағы да атты казактар келіпті. Атаңа нәлет Естөрелер болуы керек жылқымды сыпырып кете ме деп жағымпазданған, атты казактарды өлтірді деп Нұржанды сыртынан көрсетіпті. Үш солдат келіп, бие саудырып тұрған жерінде Нұржанды атып кетіпті.

* * *

Мен әкемнің әңгімесінің соңында үн-түнсіз тұнжырап, қолының адырайған тамырларын сырғытып, мұрты жыбырлап, тұғжиып отыратын кезін көз алдыма елестетіп отырмын.

– Әй, Нұржан-ай, – дер еді назаланып, – маңдайға сыймай кеттіңдер ғой, маңдайға!..

Талып барып, ұйықтап кетсем керек, таңертеңгі шайды алдыға алып жатқан кезде тұрдым. Беті-қолымды жуып, қырынып, әкемнің қасына келіп отырдым. Әкем бетіме ұзақ қарады.

– Немене, бірдеме айтқысы келіп отыр ма? – деді апам маған қарап.

Әкем басын шайқады.

– Сусын берші, – деді содан кейін.

Жастықты бір шынтақтап отырып, шалап ішті. Қайтадан қисайып жатып:

– Әй, – деді кейігендей бір үнмен апама қарап, – балаға тамақ қойдыңдар ма?

– Қоямыз ғой, – деді апам шай құйып жатып. – Шай ішіп болайық.

– Сенің де бір айналшық жегендей шыр айналып, ісіңнің өнбейтіні-ай, – деп кейіді тап бір сау күніндегідей.

Әкемнің кейігеніне жұрттың бәрі қуанып қалды. «Тіршілік болса, шіркін, кейігеннің өзі қандай рақат» деген ой келді көңіліме.

– Айттым ғой, бұл шал баласы келсе, жазылып кетеді, – десті біреулер.

Шай үстінде әкемнің көңілін сұраушылар келе бастады. Жақын туыстарымыздың бірі Санжар бұл аурудан шалдың өлмейтінін, тек Тырқайдың Абылына көрсетіп алу керегін (әкесі әулие адам болған ғой), ал дәрігерлердің өзінен артық ештеңені білмейтінін айтып кетті. Серікбай шал келіп, өз құлағы мүкіс болған соң әкеммен айғайлап сөйлесті.

– Ей, Сейсен, – деді қамшысымен жерді көрсетіп, – балаңның келгені қайырлы болсын. Көзайым болып жатыр екенсің. Тұрып кетсең, ықтияр құдайда, ал өле қалсаң, тағы арманың жоқ.

Әкем болмашы жымиған болды.

– Баяғы Атамбектің Сары биі көзінің тірісінде өзіне қабір қаздырып, күмбез тұрғызып еді, сол күмбезде қазір кімдер жатыр?

– Екі қатын жатыр, – деді әкем ақырын ғана.

– Екі қатын жатыр, – деп қайталады Серікбай бар даусымен. – Тірісінде құдай болғанның бірі сондай-ақ болар. Қазір сүйегінің қайда қалғанын ешкім білмейді. – Серікбай өзіне қарсы дау айта ма деп күткендей, кілегей көздерін бажырайтып, үндемей қалды. Ешкім сөз айтпағаннан кейін:

– Сен екеуіміздің көрген қиыншылығымызды ешкімге бермесін, – деді сөзін жалғап. – Осы күнді шүкір қылу керек... Шүкір де...

«Секең дұрыс айтады», «Секеңдікі әділ сөз», «Бұл шал сөзге бәле ғой», – деп, отырғандар шалды қолпаштай бастады. Серікбай мақтағанды жек көрмейтін, кілегей қой көздерімен маңындағыларға жымыңдай қарап, қатар отырған молданың шақшасын сұрады.

Шай үстінде әңгіме білетін шалдардың азайып бара жатқандығы туралы сөз болды.

– Төлеубай шежіре ғой, – деді әлдекім.

– Төлеубайдың айтатыны өтірік, – деді жиен ағам ұнатпай. – Онықі тек өзін мақтау.

– Сосынғы бір әңгімені тәп-тәуір айтатын осы шал, – деп әлдекім Серікбайды иегімен көрсетті. – Бірақ құлағы саңырау, айғайлап-ұйғайлап, есіңді шығарады.

Әкем жастығын биіктетіп, ыңғайланып отырды.

– Әй, Қаби, – деді ыңырси сөйлеп, төрде отырған парторгқа. – Сен неге осы уақытқа шейін келіп, көңілімді білмей жатырсың? Әй, шіркін-ай! Әкең шөккен түйеге міне алмайтын жаман еді...

– Мені көрсе әдеті, – деді Қаби кеңкілдей күліп, – әлдеқашан өліп қалған әкемнің етегінен бір тартып қалады.

– Нағашылы-жиенді болған соң солай болады, – деп түсіндірді молда.

– Баяғыда әкесі Жыландыдан ойға жаяу құлаймын деп, – деді әкем әр сөзін бөліп-бөліп, – орта жолда аштан өлгелі жатқан жерінен үйге әкеліп, аман алып қалған едім. Кейін одан сен секілді ит туатынын білгенде сол жерден қозғамайтын едім ғой...

Жұрт ду күлді.

– Әне, әне, – деді Қаби басын шайқай күліп, – өзі өлейін деп жатып, тілімен біреуді шағып жатады.

– Нағашылы-жиендердің қалжыңы, құдай сақтасын, баяғыда жаман болушы еді ғой, – деді молда қабағын түйіп. – Марқұм мынау өзіміздің албан Құсайын мен қаз Серәлілердің ісінен адам шошитын. Бір жылы екеуі ат қосамыз деп керейлердің асына барып, бір жұмадан кейін Құсайын жалғыз өзі қайтып келді. Одан Серәлінің үйіне кіріп: «Жолда өзеннен өтіп едік, Серәлі атымен бірге суға кетті», – деп естіртті. Содан у-шу. Серәлінің үйі жылап-сықтап, мал сойылып, құран оқылып, ақыры не керек, жетісін бергелі жатқанда Серәлінің өзі келсін. Сөйтіп бір масқара болған.

– Нағашылы-жиен дегенге сот жоқ қой, – деді шалдардың бірі.

– Неге сот болмасын, – деді жиен ағам күліп. – Қойшыбай өзінің жиенін боқтаймын деп ауданға он бес күн отырып келді ғой.

Молда тіксініп қалды.

Ет келді. Артынан тағы да қазан қайнады. Осылай ел адамдары әкемнің көңілін сұрап, өлімнің ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір келетінін, бірақ кәріліктен адамның өлмейтінін, денсаулық көтерсе, жалғыз ұлдың игілігін көріп, отыра тұрғанның да бөтендігі болмайтынын айтып, ал шалдар жағы әзілдесіп, көңіл көтеріп, кіріп-шығып жатты. Кешке әкемнің құрдасы Өтеген шал келді. Ұшып-қонып жүретін елгезек, аққөңіл кісі еді.

– Сейсен, бой қалай? – деді әкемнің қолын алып жатып. – Тәуір боп келесің бе?

Әкем жауап бермей, бетіне тура қарап біраз жатты да:

– Неғып омалып жатырсың? – деді қолын жібермей. – Әлде менің сүйегіме бір-ақ келейін деп пе ең?

Өтеген шошып кетті.

– Ойбай, Сейсен-ау, о не дегенің? Құдай сақтасын, сүйегі несі? Мал жоғалтып... Соны іздеп...

Өтеген төрге шығып, үй ішіндегілермен сәлемдесе бастады.

– Есім, аман ба? Қапеш, аман ба? Өмірзақ, ден сау ма? Мырзатай, балалар аман ғой? Тұрсынғали, аман ба, қалқам?

Үйде неше адам отырса, бәрімен жеке-жеке амандасып шығатын қашаннан әдеті.

– Мал жоғалды, – деді тағы да әкеме қарап. – Жалғыз биені Әбдилерге қосып ем, жоқ. Қырғыбөгетке шейін барып, таба алмай қайттым. Қайда кеткенін жамандатқырлардың?.. Баймағамбеттің көңінде жүр дегесін соған барып ем. Онда да жоқ.

– Жыңғылбай түбегінде бір топ жылқы жүр еді ғой, – деді әлдекім.

– Ол Шәйменнің жылқысы, олар түгел. Ал менің жалғыз бием ұшты-күйлі жоғалады да кетеді.

Әкем мырс етті:

– Әкең Доспамбет ақшамен самауыр қайнатқан бай еді. Кәмпескесінде өзім болып едім. Жылқысын санағанда бес мыңға жетті. Тым болмаса несібесін жазбаған екен маңдайыңа.

– Әкенің байлығынан не пайда. Бітсе өзіне бітті, өзімен кетті... Ал өз басыма бір биеден артық жылқы бітіп көрген

жоқ. – Өтеген шал «бір» деген санды басқалар біле бермейтіндей анықтап саусағымен көрсетті. – Оның өзі Қапсаттардың биесінен тараған тұқым.

Әзілдесіп, көңілді отырған әкем Қапсаттарды айтқанда тұнжырай қалды.

– Марқұм Қапсаттар жанның жайсаңы еді ғой, – деді Өтеген сөзін жалғап. – Жармағамбеттің бес ұлының ең жаманы мына Сейсен ғой... Қалғандары қасқыр еді шеттерінен. Әбсаттарды да, Нұржан, Дүйсендерді де көрдік. Ал Қапсаттар екеуіміз мына бөгет салынғанда жарты ай күні-түні күзетіп, басында жаттық. Байлардың біразы бөгетті бұзамыз деп аңдыды да отырды. Ақыры таң алдында бес адам болып келіп, үстімізден бас салсын... менде не қауқар бар. Қапсаттар арпалысып жүр. Ақыры біреуінің сойылы басына қата тиген болу керек, содан тілге келмей кетті ғой.

– Қапсаттар өлгенше неге сен өлмедің? – деді әкем үнілеп. – Сен кімге керекпін деп қалдың?..

– Енді тағдырдың жазуы солай болса не істейсің, – деді Өтеген күмілжіп, өзінің өлмей қалғанына шын кінәлі адамдай қыпылықтап. Содан кейін үй ішінде амандаспай қалған бір адамды көріп қалып:

– Қарпық, аман ба? – деді есік жаққа мойнын созып.

Қапсаттардың атын айтқаннан кейін әкемнің көңілі көтерілмей қалды. Жүрегіндегі ескі жараның орны біржола шыққалы тұрған әдіре қалғыр ит жанын ең соңғы рет қинап қалып жатқанға ұқсайды.

* * *

– Ішіміздегі көкірегі зерделі, сауаттымыз Дүйсен үкімет ісіне араласып, ауылнай болған соң Әпсаттардан басқамыз ойға көшіп келдік, – деп бастайтын әкем бұл әңгімесін. «Кешегі сіңірі шыққан Жармағамбеттің баласы ауылнай болып, ел басқарған соң не жорық», – деп күндегендер болды. Дүйсен қалаға барып, не оқу екенін кім білген, әйтеуір оқып келді. Байлар қанша менсінбесе де Дүйсеннің мінезінен, өткір тілінен қатты сескенетін.

Бір күні Дүйсен ағайынды үшеуімізді жинап алып, сауатымызды ашты. Өкіметтің ұстап отырған саясатынан

хабардар болып, ішіміз әжептәуір жылып қалды. Өкіметті тап бір соның өзі орнатқандай қайта-қайта кеп сұрақты жаудыртамыз. Біздікі түн ішінде көз көрмеген соң, жол қайда деп сұрай берген секілді ғой.

– Әліптің артын баға тұруға болмады ма, шырағым, – деді бір мезгілде әкем. Жоқты барға теңейді екен дегенің құлаққа қонып тұр-ау. Бірақ аумалы-төкпелі заманда жан сақтағанның да зияны жоқ. Омыраулап алға шыға бергеннің өзі жалпы жақсы емес қой... Дұшпан көп...

– Айтып отырған сөзіңнің жаны бар екені рас, әке, – деді Дүйсен. – Бірақ саясатқа үкіметтікі деп қана қарайтын болсақ, оның іске асуы оңай емес. Жұрт қолдамаса, қайтіп іске асады. Жұрт қолдау керек. Бәріміз әліптің артын бақсақ, «жоқ» «барға» ешқашан да теңгерілмейді. Ал енді қолда мөр барда, күш барда, ойда жүрген бір істерді жасап тастағым келеді. «Әкеңнің асында шаппағанда атаңның басында шабасың ба?» дейді ғой қазақ...

– Ол не? – дестік ештеңеге түсінбей.

– Бір ғана малға сенетін күн ертең қалады, – деді Дүйсен әкеме қарап отырып. – Жердің ырыздығы сумен ғана. Қаптал өзені көктемде ғана тасиды да, Ащықапталға құйып, тартылып қалады. Жайылым су болмаған соң, шабындық та жоқ. Өмір бойы кенезесі бір қанбай келе жатқан жоқ па. Егіншілік керек. Осы туралы үкіметтің адамдарымен ақылдастым. Сөзіме құлақ салғандар болды. Бірақ арнаулы оқыған маман жоқ, сондықтан жергілікті ақсақалдармен кеңесіп, көзді әбден жеткізіп алу керек дейді. Менің ойымша, Қапталды Құлпейіс көңі тұсындағы сағада бөгеуге болады. Бөгеттің ар жағын Жарқабаққа дейін созып, бергі бетін Сарыөзекке дейін әкелу керек. Сонда бүкіл Қамыстыкөлден Сарыөзекке дейінгі алқапты су алады. Қапталдан шығыр салуға, не шөл егін салуға болады.

Дүйсеннің мына сөзі бізді есімізден тандырды. Мұның бәрін қайдан біліп жүр? Бөгет деген не бәле? Басқаның бәріне жетіп болып, енді сол қалып па?! Оны кім салады? Әркімнің өз шаруасы бар, бөгеттегі шатағы қанша? Айтып отырған кезде сөзінің жаны бар секілді, бірақ миымызға толық кіріңкіремей тұр.

– Бөгет деген оңай іс емес, шырағым. Оны сонда кімге салдырасың?

– Елге. Көнбесе, зорлаймыз. Үкіметтің күші жетеді. Үкіметті айтқан кезде бәріміз де жым боламыз.

Ертеңіне түс кезінде Дүйсен атқа отырды. Жанына мені ертіп алды. Екінші ауылға келдік. Қамбар бай көлеңкеде қымыз ішіп отыр екен. Жанында төрт-бес адам бар екен. Әйелі шарадағы қымызды сырлы ағаш ожаумен сапырып отыр. Біз де келіп көрпеге отырдық. Қамбар Дүйсеннен қаладағы жаңалықты сұрады, әлдебір татардың үйіне соққан-соқпағанын білді, сосын таяу күнде өзінің де сол жаққа жүргелі тұрғанын айтты. Содан кейін күліп, жерошақ басындағы сойылып жатқан малдың мәнісін түсіндірді.

– Мына отырған – Күнтуар батырдың ұрпағы Жапақ. Ерегіс десе, жанын береді. Өздері менің әкеме жиен болады. Аздаған қалжыңымыз бар. Әлгінде өзі тыныш отырмай, қажап мені... Соған бәстесіп отырмыз. Анау сойылып жатқан қара қойдың құйрығын тұтас, шикідей жемек.

Жапағы құлағы қалқиған, қалақтай, мұртты қара екен. Есерлеу ме деймін, «Бабамның аруағы, қолда», – деп көзін алақтатып қояды. Сол екі арада ауыл адамдарының біразы бай үйінің маңайына жиналып қалды. Қой сойылып болды. Құйрығын шикідей шараға салып әкелді. Құдай-ау, семіз ісектің құйрығы ғой. Үйме шара... Жапақ екі білегін түріп алып, алдымен таспа тілгендей жұқалап турады. Тұз септі. Содан кейін тұз сіңсін деп үйдің іргесіне қойып қойды. Өзі сарнайтын бақсыдай көзін бағжаңдатып: «Бабам қайда, бабам», – дейді әлсін-әлсін. Әлден уақытта құтырынып: «Әкел әлгінің бәрін, әкеліңдер тезірек!» – деді айғайлап. Шараны алдына әкелді. Жапақ екі қолын кезек-кезек салып жіберіп, асап жатыр. Шайнамай жұтады екен. Шараны орталап келіп, тұрып қалды. Тағы да бабасын шақырып, бағжаңдап біраз тұрды да, қайтадан асауға кірісті. Құдай сақтасын, қараудың өзіне кісі жиіркенеді. Ақыры шикі құйрықтың бәрін бітіріп, шараның түбінде қанға қалқып жүрген майларды сүзіп алып асады да, саусақтарына жұққан майларды ит жалағандай етіп тегіс жалап қойды. Біреулер батырдың ұрпағы деп қоштап жатыр. Жапақ бірнеше тостаған қымызды қатарынан тастап алды да:

– Енді маған төсек салыңдар. Жастық кертпе биік болсын, – деді.

Бұдан бұрын бір тоқтының етін жеп кететін біреу көрген едім, бірақ шикі құйрықты жегенді көруім бірінші рет. Сол күні Қамбардікіне қондық. Ертеңіне Дүйсен ауыл адамдарын жиып алып, жиналыс өткізді. Бөгет туралы айтты. Үкіметтің өзі қолдап отыр дегенді қосты. Бірақ ешкім қостап шықпады. Қамбар күліп: «Бөгетке Жармағамбеттің атын қалдырайын деп пе едің», – деп мазақ қылды. Одан үшінші ауылға жиналыс өткіздік. Одан да нәтиже болмады. Ақыры Дүйсен қалаға қайта барып, милицияны ертіп әкелді. Сөйтіп біздің елде бұрын-соңды болып көрмеген бөгет салу жұмысы басталды. Әрқайсысы өз малының соңында күн кешкен қазақтың әріректе жауға қарсы соғыста бастары біріксе біріккен шығар, бірақ жұмыста бірігіп көрді дейсің бе?

Біз секілді қара халыққа жер қаздың не, шөп шаптың не – бәрібір. Оның үстіне жұмысты жақсы істегендерге бәйге берілетін болды. Үш метр кездеме, бір шелек сөк. Байғабылдар жалғыз сиырын жегіп, түнге қалып жұмыс істейтін, ал байлар жағынан қиқаңдағандар болды, бірақ Дүйсен ауыздарын ашырмады. Сөзге шешен еді-ау. Ат үстінде тұрып, есігінің алдында Қамбарға зіркілдегенін естідім:

– Әй, Қамбар, баяғыда губернатор келгенде табанын жалап, Сарыөзектен Ақжанға дейін кілем жайдырып, әкеңнің асын бергеннен жаман шабылып едің. Жаңа үкіметтің құдіреті саған жетпейтіндей шіреніп отырсың. Өз күніңді ойлағанда да өлер жеріңді білмегенің-ау. Осы күнге дейін жасаған қылмыс өз басыңды жұтуға жетеді. Шын ерегескенде бүгін түннен қалдырмай айдататынымды басыңдағы бөркіңдей көр. Сенің андағы сасық арамдығың емес, надандығың батады маған, надандығың! – деді ғой.

Қамбар үйінің көлеңкесінде жер шұқыған күйде басын көтеруге шамасы келмеді. Ақыры байлар қосылды.

Күн шыға жұмыс басында боламыз. Біреулер ат, біреулер өгіз, тіпті ештеңесі жоқтар сиырларын жегіп келіп жүрді. Ағып жатқан суды ең алдымен топырақ толтырған қапшық тастап, бөгедік. Алғашында қайта-қайта ағызып

кетіп, итімізді шығарды. Әйтеуір табанын бекіткеннен кейін үстіне ағаш әкеп салып, судың деңгейіне жеткіздік. Бәрін басқарып жүрген Дүйсеннің өзі. «Әне жерге ағаш төсеңдер, мына жерге қапшық салыңдар, құм төгіңдер», – деп қақсап тұрады. Жұма сайын бәйге үлестіреді. Мына Байғабыл дүниеде өлермен еді ғой. Біз бір қапшық апарғанда, ол екі қапшық апарады. Және онықі, құдай сақтасын, үлкен қанар. Шіркін-ай, қажымайды-ау. Бірақ анандай жұмыс қоя ма. Бір күні қапшықтың екі шетінен ұстап, тізерлеген күйі тұра алмай жатыр екен. Демеп жіберіп едім, тұра беріп қайта құлады. Әбден зорығып қалған.

– Шырағым-ау, өлесің бе? Шамаласаң болмай ма, – деймін.

– Сейсен-ай, ештеңе білмейсің ғой, үйде жейтін ештеңе жоқ. Осының азғантай сөгіне қарап отырмыз, – дейді әлгі шіркін.

Әйтеуір бір жақсысы, түс кезінде сусын келеді. Дүйсен алдаса да, қорқытса да байлардан қымыз алдыртады. Бірақ өзінің де шақшадай басы шарадай болды. Қамбарлар: «Дүйсен бәйгені өзінің Бектемір әулетіне таратып жатыр», – деп бәле жапты. А, құдай-тағала! Дүйсенмен бір кіндіктен тараған мына мен соның бәйгесіне бір ілікпей қойдым ғой. Жұмысты өзгелерден кем істегенім жоқ. Тек Дүйсен: «Сөз болады, ана Қамбарлардың таратып отырған өсегін естіп отырсың ғой. Өлгелі отырған жоқсың, бәйгесіз-ақ күн көрерсің», – деп жолатпайды.

Бөгеттің негізгі табанын бітірдік. Дәл сағадан бөлінетін өзек бар еді, соны бекітіп жатқанбыз. Осы Қамбардың кіші інісі Айдос менің қасымда болатын.

– Осыларға сенбеймін. Бақылап жүрмесең болмайды. Айдостан көзіңді жазба, – деген бірде маған Дүйсен.

Алғашқы кезде бақылап жүргенім рас. Бірақ қашанғы бақылай берейін. Шаршаған кезде өзге түгіл, өз басыңды алып жүру оңай емес.

Күн бесін шамасы еді. Қазып жатқан шұңқырымыздың түбінен ыза шығып, батпаққа айналғаннан кейін жаңадан жер қазып жатқанбыз. Айдос екеуіміздің ортамызда жалғыз қол арба бар. Кезектесіп тасимыз. Бір рет қол арбамен Айдос кеткен. Әлденеге кешігіп, бөгеттің қабатынан шықпай қойды. Бұл не ғып жатыр деп ойлай-

мын. Ойымда ештеңе жоқ. Күрегімді тастап, бөгетке көтерілдім. Сөйтсем Айдос бөгеттің су жақ ернеуінде тізерлеп бірдеңені көміп жатқан секілді. Кенет Дүйсеннің «бақылап жүрмесең болмайды» дегені есіме сарт ете қалды. Жүгіріп келдім. Айдос қыбыжықтап: «Мә, арбаны аласың ба?» – деп жолымды бөгей беріп еді, итеріп жібердім де, әлгі жерге үңілдім. Кішкене шұңқырда бірдеңе жылтырайтын секілді. Үңіле түстім. Жылтыраған нәрсе – сынап екен. Көмуге үлгіре алмай қалыпты. Сынапты неге шұңқырға салғанына түсінбей, айғайлап Дүйсенді шақырдым. Сынапты көрген кезде Дүйсеннің түтіккенін көрсең:

– Әкеңнің аузы... – деп келіп, Айдосты қақ маңдайдан қамшымен тартты ғой. Сөйтсе, сынап дегенің топырақты сыналап жік салып, бөгетті бұзатын нағыз бәленің өзі екен.

Бөгетті Ақжанға жеткізгенде жерге бозқырау түсті. Жұрт қыс қамымен, отын, шөп керек дегендей ыдырай бастады. Біздің Қапсаттардың өлермендігі жанда жоқ еді. Бөгеттің арғы қапталына адам қалмағанда жалғыз өзі жарқабаққа дейін бөгеп шықты ғой. «Мынада перінің күші бар шығар», – дейтін назарымбеттің шалдары. Бүкіл жаз бойы бөгетті салып бітірдік. Қыс келді. Азғантай малды әйтеуір әупірімдеп қыстан алып шықтық. Көктемде өзен бұзыла бастаған кезде Дүйсен бөгетке күзет қойғызды. Алғашқыда екі-үш адам болып түнгі күзетке қалып жүрдік те, артынан Қапсаттар бөгетке үй ішімен көшіп барып, киіз үй тігіп отырды. Жанындағы серігі – осы Өтеген. Мен Кеншімбай түбегінен шығыр салатын болып, күн шықпай барып, әуіт қазып жатқам. Біреу атпен жалпақтап шауып келеді. Бұл кім десем, Өтеген екен. Келе аттан қарғып түсіп, мені құшақтай алды.

– Таң алдында бір топ адам келіп, Қапсаттарды соққыға жығып кетті, – деді иегі кемсеңдеп. Жүрегім су ете қалды. Торы атқа міне шаптым. Келсем, жеңгем Қапсаттардың басын құшақтап аңырап отыр. Аттан қалай құлағанымды білмеймін. Өлмеген шығар деп сойыл тиген жерлерін қолыммен сипап көрдім. Бірақ құлақтан кеткен қанды көргенде күдерім үзіле бастады. Амал қанша, шығарға жаным бөлек. Керегеге салып, Өтеген екеуіміз ауылға алып келдік.

– Ұрпағымның ажалы тек кісіден болатын болды ма, – деп өкіріп әкем шықты.

Бірақ жылағаннан адам тіріле ме? Жыладық, жыладық та, апарып көмдік. Құдайдың бұйрығына не шара. Ырыздық, несібе таусылған күні бәріміз де көз жұмамыз. Құдай өзі берген жанын өзі алады, не істейсің оған. Бірақ менің жаныма бататыны – Қапсаттардың артында тұяқ қалмады. Өзі ұзақ уақыт перзент көрмей жүріп, кейіннен екі ұл көріп еді, өзі өлгеннен кейін екеуі де қызылшадан қайтты. Жеңгемізді ұстап тұра алмадық. Ағалары мықты еді. Жылын бергеннен кейін алып кетті...

* * *

Таңертеңнен түске дейін Қожахметтің кемпірінен басқа көңіл сұрап келген ешкім болмады. Оның өзі әкеме жаман көзімен сұқтана қарап:

– Апырмай, Сейсен-ай, түрің тым сарғайып кеткен екен, құдай өзі жеңілін берсін. Мынау жақсы емес, мынау. Былтыр ғой қайтыс болған қайнымыздың түрі өлер алдында дәл осылай сарғайып кетті ғой, – деп зәремізді ұшырды.

– Е, Алла, – деді тағы кебісін киіп жатып. – Ат арыса тулақ, ер арыса аруақ деген... Тура былтырғы қайнымыздың ауруы ғой, түрі айтып тұр ғой...

Кемпір шығып кеткен кезде:

– Оттаған неме, – деді әкем жақтырмай, – қайымның ауруы, қайнымның ауруы деп жоғалтқан малын тапқандай әңгірлегені...

Шай ішіп болғаннан кейін, жазатын қағаздарым бар еді деп жиен ағам да кеңсесіне кетті. Апам үй шаруасымен жүр. Мен әкемнің қасында отырмын. Анда-санда түкіргішін сұрағанда болмаса, көзін ашпайды. Ұйықтаған адамдай бір қалыпты дем алып, ұзақ жатты. Көңіліме әртүрлі ойлар келді. Біздің өз отбасымызға ғана қымбат пенделік ұсақ-түйек шаруаларымыз болатын. Әкем қаладағы, біздің жаңа пәтерімізді көрмеген еді. Соны әдейі келіп көріп, ішіне құт тілеп, қайырлы болсын айтып, отбасы бәле-жаладан аулақ болу үшін, әкесінен қалған бір тұмарды босағаға әкеліп қақпақ ойы болатын. Мықты

дәрігерлер болса, көрінгеннің бөтендігі болмас дейтін. Базардан ширатпа насыбай алдырып, түсте келіннің қолынан шай ішіп, екі немересін аймалап, қаланың саңғырлаған үш бөлмелі үйінде бір шалқайып жатсам деген жоспарлары болушы еді. «Баламның әкелгені», «балам беріп жіберіпті», «балаға алдырттым» деген сөздер ол кісінің аузынан ерекше бір мақтаныш сезіммен шығатын. Өмірінде бір шалқып қуанып көрмеген әкемді көкірегіндегі бүкіл шер-шеменінен құлан-таза айықтырып жіберетіндей бір қуантсам деген арман менің көңілімнен кетпейтін. «Алдағы жазда», «алдағы күзде», «алдағы жылмен» мінеки енді өмірдің санаулы сәтінің үстінде отырмыз. Өміріңде не ата-анаға, не дос-жаранға көңілдегі жақсылығыңды жасай алмай, бүкіл уақытыңды өткізіп алу қандай өкініште.

Өмірдің мағынасын үнемі алыстан іздейміз. Әлдебір ұлы оқиғаны, ұлы әрекетті алыстан бастағымыз келеді. Дәл жанымыздағы негізгі мақсатқа уақытымыз жоқ. Оған алдағы жаз, алдағы күз немесе алдағы жыл бар.

Көзіме жас келді. Орамалмен көз жасымды құрғатып, басымды көтерсем, әкем шүңірейген, жүдеу жанарымен маған тесіле қарап жатыр екен.

Басын шайқады. Түсінбей, тақап келіп қолынан ұстадым. Әкем қолымды әлсіз қысты да, тағы басын шайқады. «Жылама» дегені болар деп жобаладым.

Осы кезде «ассалаумағалейкүм» деген бірнеше дауыс қатарынан шықты да, көңіл сұрап келген адамдар үйге кіріп келгенде көңілім жадырап сала берді.

Қонақтар көрші совхоздан келген адамдар екен. «Бой қалай?» деген сұрақтың бәріне әкем басын изеп жауап берді.

– Ауру деген батпандап кіріп, мысқалдап шығады деген ғой, – деді сақарға салғандай аппақ, қоңқақ мұрынды, ірі шал. – Біз тек қазақшылықпен ғана жүре береміз, тегінде, үкіметтің доғдырына көрінгеннің түк зияны жоқ. Қилымның бұл күнде білмейтіні бар ма?.. Біздің әлгі трактторист ұлымыз алдыңғы жылы соқырішек болып, ауданға апарып, операция жасап, аман қалды ғой. Егер бұрынғы кез болса, түйнек болып өлер еді де қалар еді. Құдай бетін аулақ қылсын, – деді өз сөзінен өзі шошып. – Бая-

ғы заманда осы балалар қызылшадан қырылып қалмайтын ба еді. Қазір солардың бәрін құртты.

– Қазақ байғұсты өсірмеген баланың өлімі ғой, – деді шетте шылым тартып отырған көзілдірікті кісі.

– Жармағамбеттің әулетінен ұрпақты әулет болған жоқ осы өмірде. Бес ұл, үш қыз өрбіді. Бес ұлының бесеуі де қасқыр. Шетінен атқа мініп, елге ақыл айтатын азамат болып шықты. Ақыры содан қалған мынау жатқан жалғыз Сейсен ғой, – дейді қоңқақ мұрын шал. (Әкем үнсіз құптап, басын изеді) – Мал бір жұттық дегендей, адам да бір жұттық қана тіршілік қой. Әлгі қалада тұратын өзіміздің балалар елге бір бала, екі баласымен қыдырып келеді. «Шырағым, үй болып отау тіккелі бәленбай жыл болды, әлі екі баладан аса алмай келе жатырсыңдар ма?» – деймін ғой. «Баланы көбейтіп қайтеміз, осының өзін аман өсіріп шығарсақ, жаман болмас», – дейді әлгілер. Әйелдері балабасты болып кетеміз, денсаулығымыз құриды, өмірдің қызығын көре алмаймыз деп шалқақтайтын көрінеді. Астапыралла! Тіпті жаның түршігеді... Сондағы көргісі келетін қызығы қай қызық екен?..

Көзілдірікті кісі шалдың сөзін өзінше түсініп, қарқылдап күліп жіберді.

– Бір үйлі жанның түндігі ашылмай қалған кездер де болған, – деді шоқша сақалды, жылтыр қара шал.

Әкем қабағын түйіп, көзін жұмды. Бір жері ауырып тұр ма деп бетіне үңіліп едім, «отыра бер» деген белгі берді қолымен.

Менің есіме жамағайын біреудің бала көтермеген әйелі «босанипты» деген хабар естігенде, әкемнің жылағаны түсті. «Шіркін-ай, ұрпақ қалмай қояр ма деп қорқып жүруші едім, тоба, құдайдың жасаймын десе, жақсылығы аз ба», – деп жаулықтай шұбатылған бет орамалымен көзін сүрткен. Мен кезінде соған мүлде түсіне алмай қойып едім. Айдаладағы біреудің әйелі босанипты дегенге өз басым қанша зорлансам да жылай алмаймын. Арыстай ағаларының бәрінен айырылып, жалғыз қалған бейшара әкем жан басының мынау тіршілікте қанша қымбат екенін менен гөрі жақсырақ білген болуы керек.

* * *

– Әпсаттар, Қапсаттар, Нұржан, Дүйсендерден айырылып, соқа басым қалғанда да жаны құрғыр бөлек болған соң ербиіп, тіршілік етіп жүре бердік қой, – дер еді әкем әңгімесіне кіріспей тұрып. – Бөгет салып болғаннан кейін, бір жылдан соң кәмпеске басталды. Кәмпеске комиссиясының мүшесі етіп мені де жазып қойыпты. Қамбардың ауылына сәскеде сау ете қалдық. Антұрған ол да сезіп қалған екен, жүктерін буып-түйіп, көшуге қамданған секілді, бірақ үлгере алмапты. Милицияның күші қоя ма, мылтықтарын кезеп, бірін тыпыр еткізбеді. Қамбардың әйелі дауыс қылып, талып қалды. Қамбардың өзі есіріктеніп, көрінгенге жүгіре берген соң, үйдің сыртындағы белдеуге байлап тастадық.

Малдарын бөлек-бөлек санадық. Тек жылқысының өзін кешке дейін санап әрең бітірдік қой. Құдай сақтасын, не деген көп. Ой, небір сайгүліктерді көрдім-ау. Байлық дегеннің өзі адамға біте береді екен ғой. Тіпті қазақы жылқыға ұқсамайтын бір тұқымдар жүр ішінде. «Қамбар түрікпен бәйге атын алдырыпты» деген сөзді естіп жүруші едік. Сол сөздің жаны бар болып шықты.

Келесі күні түйе саналғанда бір ақ түйе қораға кірмей, аласұрды-ай келіп. Айнала қамадық. Бір мезгілде әлгі түйе шым албардан құстай ұшып бір-ақ қарғыды да, тапа-тал түсте көз алдымызда ғайып болды. (Мен әкемнің әңгімесіне дәл осы жерге келгенде сенбей қоямын. Бірақ жайшылықта әңгімені әсірелеу дегенді білмейтін әкем осы тұста «өз көзіммен көрдім» деп, мүлде бой бермейді). Комиссияның бастығына түйенің жоқ болып кеткенін айттық. Ол: «Қайтсеңдер де табасыңдар», – деп қожаңдап еді, бәрібір ештеңе шықпады. Ақ түйені айнала шарлап, таба алмадық. Кейін Қамбардың өзінен сұрағанда: «Ақ түйе малымның иесі еді», – деді бізге.

Құдай да астамшылықты көтермейді ғой, жүртқа шикі ет жегізіп, қызықтап отыратын сол Қамбар баласын жетектеп жүріп, ақыры аштан өлді ғой. Атағы жер жарған Естөрені де көрдік. Бірде азық-түлік жағы тапшылау болған соң, өзіміздің қырманнан түскен азықтан екі шелектей астықты бөктеріп алып, Жыландыда қалған

Әпсаттардікіне келгем. Ол жақ, ойдан гөрі таршылықты көріңкіреп отыр екен, бірақ әйтеуір жерге қарап қалмапты. Көршісі – баяғы Айтыбай. Ол жаққа да көмпеске жүріп өтіпті. Күздің жауын-шашыны бір басылмай қойған. Оның үстіне өліараның шағы еді. Қара суық өңменіңнен өтеді.

Кешкілік Әбекеңнің балалары тары нан жеп, мәре-сәре болып, жеңгеміздің де төбесі көкке жеткендей қуанып, бір көтеріліп қалды. Түнімен әңгімелесіп, ойдың жаңалығын айттым. Ертеңіне сәскеде тұрып, далаға шықтым. Атымды көрейін деп албарды айнала бергенімде, Айтыбайдың үйінің есігінің алдында тұрған алба-жұлба қайыршыны көрдім. Қолында таяғы бар, кемсеңдеп, бірдеңе сұрайтын секілді. Бері қарағанда таныдым, Естөре екен. Өз көзіме өзім сенбей, қадалып кеп қараймын. Естөренің өзі. Алла тағаланың құдіретінде шек бар ма, баяғыда Айтыбай жалғыз қойын сойып, дәмін дайындап қойып, шақырғанда ауыз тиіп кетуге ерінген Естөре енді Айтыбайдың табалдырығынан аттай алмай, мүсәпір болып тұр. Айтыбай да қатты-ау: «Біз аштан қырылып жатқанда итке тастайтын асыңды қимаушы ең, енді қай бетіңмен келіп отырсың, аулақ», – деп маңына жолатпады.

Ойдағы елге қайтып келсем, әжептәуір жаңалық болыпты. Дүйсен орнынан түсіп, Жанайдардың Кенжебегі ауылнай болыпты. Баяғы қылышынан қан тамған ұрының тұқымы еді. Кәмпескеге ілікпеймін деп бар малының көзін құртып, кедей болып шыға келіпті. Дуанда нағашысы ма, жиені ме – бір туысы бастық екен деген сыбысты естітінбіз. Ешкімге қайыры жоқ, қаны қара ит еді-ау. Талай адамның обалына қалды ғой.

Бұрын ел сыйлаған, атақты Тілепалды деген молда болды. Соны милициямен айдатып әкеліп, өз қолымен сақалын күзегенін көрдім. Шаш ал десе, бас алатын.

Шотай дейтін кісінің оқытамыз деп милициямен келіп, қызын тартып алып, өзінің інісіне алып беріп, онымен қоймай «малын тығып отыр» деген өтірік әкті жазып куәландырып, кәмпескеге іліктірді ғой. Байғұс кедейден іліккен орташа ғана еді.

Құдай сақтасын, Кенжебек келе жатыр десе, ішіп отырған асың көмейден өтпей қалатын.

Ол кезде мен Қапталдан шығыр саламын. Осы күнгі Ақсуаттың тұсы. Дүйсеннің данышпандығын сол кезде бір-ақ білдік қой. Мына қыр жақтағылар босып кеткенде ойдағы қалың елді аман алып қалған сол бөгет болды. Көктемде өзеннен асып, бүкіл артельді алып, Қондыбайға дейін жеткен суды өмірі көрген емеспіз. Жаз ортасында шалғын дегенің аттың қапталынан асады. Бүкіл өңір көкпеңбек болып, жайқалып сала берді. Ырыздық дегеннің өзі сумен келеді ғой деймін. Қамыстыкөл мен Қарасуда құс пен балық қаптап кетті. Көз қарайған шақтарда екі көл мен өзеннің балығы таптырмайтын қорек болды. Тегінде, адам жиған қор бітсе де, жарықтық табиғаттың қоры бітпесін де.

Сөйтіп шығыр салатын болып, үйді өзен жағасына көшіріп әкелдім. Алдында орталықтан дүкен ашылыпты деген хабар естігенбіз. Бір жағынан дүкеннен бір құрал-саймандар алайық деп, Тырқай екеуіміз таңертеңгілік шай ішіп болысымен атқа отырып, орталыққа шыққанбыз. Бұрынғыдай ішпен жүру қайда, Ақбидайықты айналып, қырмен кетеміз. Сәске ауа орталыққа жеттік. Бұрынғы байлар салдырған поселке ғой, кеңсесі – Досбол байдың үйі.

Тырқай екеуіміз алдымен өзіміздің құда Аманжолдікіне түстік. Баласы сельсоветтің хатшысы болып істейтін. Біреулерді шақырып қойған ба, өздері лақ сойып, әбігер болып жатыр екен.

– Жақсы келдің, Кенжебектерді қонаққа шақырып отыр едік. Сағижанды іліктіріп жүрген сол ғой. Бірге болып, дәм ішерсіңдер, – деп бәйек болды.

Тырқай:

– Апырмай, Кенжебектермен де дәмдес болатын күн бар екен-ау, – деп жымың-жымың етеді...

Атымызды Аманжолдың үйіне байлап, жаяу кеңсеге келдік. Ауылнай ақырып, бет қаратпайды. Екі сөзінің бірі «байдың құйыршығы», «айдатам», «жаптырам».

– Егістік тұқымға келдім, – деп едім:

– Өткен жылғы егістен ұра қазып, астық жасырыпсың ғой. Білемін сендердің ойларыңды. Биыл да сөйтетін болсаң, жақсылық күтпеңдер, – деп өзіме дүрсе қоя берді.

– Ұра қазсам, тінтіп тауып алыңдар. Ал жұрттың таратқан өсегіне жауап бере алмаймын, – дедім.

Егістік тұқымды екі-үш күннен кейін алатын болып, Тырқай екеуіміз дүкенге келдік. Пірканшігі – Ыбырайдың Темірі екен. Шіреніп қалыпты. Қарындашын құлағына қыстырып алып, сәлеміңді де жөнді қабылдамайды. Бірақ дүкеннің ішіндегі заттарды көріп, ішіміз жылып сала берді. Тістеуіктен-ақ өліп жүргем, екеуін алайын деп едім, әлгі иттің баласы, басқаларға да керек деп, біреуін ғана бергені. Сым темір, егеу, шеге дегендер де бар. Тырқай екеуіміз азғантай ақшамыз жеткенше алдық. Несиеге ештеңе бермеді.

Түске қарай Аманжолдікіне қайтып келсек, тамақтары пісіп қалған екен. Төрде ауылнай Кенжебек пен белгілі атқамінер пысық Смайыл отыр. Аудандағы басшы уәкілдер жайында болу керек, бәленше бұлай, түгенше солай деп бізге түсініксіз бір әңгімелерді соғып отыр.

Аманжолдың хатшы баласы әкесіне тартқан пысық еді, қайдан тапқанын қайдам, шай үстінде арақ құйды.

– Өздерінің заманына сай ішімдігі ғой, көңілдері шапса, ішсін, – деп Аманжолдың өзі шегініп отырды.

Араққа ауыз тиген соң-ақ екі жақсымыздың екеуі де өзгеріп сала берді. Арақтың адамды қалай құртыратынын бірінші рет көруім еді. Жын иектегендей көздері кілмиіп, бір-біріне көпіріп, мақтана бастады. Кенет Кенжебек мәлік болған сиырдай ала көзденіп бізге қарап тұрды да:

– Құй мынау екеуіне, – деді.

Шошып кеттік. Тырқай болса, намаз оқитын адам. Мен намаз оқымасам да, арақ деген бәленді бұл ғұмырымда ішіп көрген емеспін.

– Қой, ойбай, – деді Тырқай безілдеп, – бізді қайтесіңдер. Іше беріңдер...

– Жоқ, құй, – дейді Кенжебек.

– Ішіп көрген затымыз емес, ұшынып қалармыз, бізге қарамаңдар, – дедім мен де.

Біздің қарсылығымызға көнеді деген не.

– Ішпей көрсін осыдан. Қалған ісім осылармен болсын, – деп нығызданады Кенжебек.

– Кенжекең әнеукүні Тілепалды молданың өзіне де ішкізген, – деп шаптайды Смайыл.

Шоши бастадық. Кенжебекпен дәмдес болам деп қуанған Тырқайдың маңдайынан шып-шып тер шықты. Кен-

жебек орта кеседей қылып екеуімізге құйдырып, өз қолымен алдымызға қойды. Ауылнайдың айтқанын орындататын құдіретін қызықтағандай қалғандары мәз болып қалыпты.

– Ойбай, Кенжебек ішкізем десе, сөз табады. Кісінің есін тандырып жібереді ғой. Әй, Кенжебек-ай, – деп Аманжол сылқ-сылқ күледі.

– Не мынаны ішесіңдер, не дін жолын қуған қожамолданың құйыршығымыз деп мойындайсыңдар – екінің бірі, – деп Кенжебек шегір көзі тікенектей қадалып, тұрып алды.

Өзі біздің Дүйсеннің соңына түсіп жүр екен дегенді естігенмін алдында. Көңілім секем алып қалды. «Ерегіс басы – боқ жеме». Атаның құнын елемей, қияндағы қысыр ерегеске мал-жанын салатын қазақ емес пе. Қазір ішпесем, осы иттің баласы кек қылып, Дүйсенді сүріндіріп жүрмес пе екен деген жаман ой келді. Ақыры бұлтаратын жер болмады. Тырқай екеуіміз кесені алдық та, көзімізді жұмып, құдайға сыйынып, тартып жібердік. Өзегімізді тіліп-ақ түскен екен деп едім. Шашалып қала жаздадым. Тұншығып, әрең дегенде есімді жидым. Құдай сақтасын, осыншама азапқа батып, жұрт неменесіне ішеді екен деп ойлаймын. Бірақ бірте-бірте арақтың әсерін сезе бастадым. Көңілім көтерілгендей болып, аналарға қосылып сөйлегім келетін сияқты. Тырекең қып-қызыл боп, қайта-қайта нан шайнай береді.

Аманжол осының бәрін өзіне бір үлкен жетістік көріп отырғандай, жастыққа шалқайып жымың-жымың етіп, бір қолындағы түкіргішіне шырт-шырт түкіреді.

Еттің үстінде Кенжебек бізге тағы ішкізді. Содан кейінақ не болғанымды толық білмеймін. Бір тұста атқа міне алмай жатқаным есімде. Есімді жисам, айдалада шөптің үстінде жатырмын. Жанымда Тырекең. Қор-қор етеді. Екі ат айқасып байлаулы тұр. Тырқай ма, мен бе байлаған, ешкім білмейді... Тәрізі, түзге отыруға түскен болуымыз керек. Сол қалпымызда Ақбидайықтың сыртындағы шалғынға құлай кетіппіз. Тырекеңді әрең оятып алдым. Ақыры атқа отырып, түн ішінде ауылға жеттік. Ертеңіне екеуіміз де ауырдық. Тырекең діндарлау адам еді, сол жолғы бәле жақпаған болу керек, ақыры ауру болды. Әкесі үлкен

молда болған, әулие адам ғой. Түсіне кіріп, арақ ішкеніне назаланған секілді. Содан Тырекең жыл сайын әкесінің басына барып, құран оқып, түнеп қайтып жүретін.

Сол жазда Дүйсеннің басқаруымен артель құрдық. Ауданнан өкіл келіп, «Қызыл артель» деп ат қойып кетті. Біздің ендігі ойымыз Әпсаттарды Жыландыдан алдырып, өзімізбен бірге артельге енгізу еді. Біздің артельге кіріп алғанымыз жақсы болды. Кенжебек секілділер сенің орташаңа қарай ма. Талай бейшаралар нақақтан ілігіп кетті ғой. Өмірінде жалшы ұстап көрмеген, кедейліктің зардабын өмір бойы көріп келіп, енді-енді аузы аққа тиіп, екі малының басы көбейіп, желіге жылқы бітіп келе жатқан орташа сорлылар кеткенде жаның қалай ашымасын. Біздікі тек Дүйсеннің арқасында ғана адаспай шыққандық қой.

Жаз бойы Жыландыға барып қайтуға көліктің реті келмеді. Әкем:

– Әпсаттардың үй іші не күйде екен, қыр жақтың жағдайы жақсы емес деп жатыр ғой, барып білуге халдеріңнің келмегені-ау, – деп зарлай береді.

Сөйтіп жүргенде күз келді. Артельде күш қылатын адам соншалық көп емес. Шөптен шыға алмадық. Ақыры қыс түсті. Қыста қайда шығасың. Қамалып отырдық та қалдық. Келесі көктемде судың қайтуын күттік. Содан не керек, жаздың ортасында өзіміздің артельге қосқан торы атқа мініп, Жыландыға тарттым. Жаз ерте түскен еді. Қырдың шөбі де құрап кетіпті. Жыландыға дейінгі 90 шақырымға жуық аралықта Дауқардан басқа жерде ел жоқ. Онда да Қожай деген кісі атамекені болған соң шыға алмай отыратын. Шөлді жер. Құдықпен ғана күн көреді. Таңертең ерте шыққан адам торы атты зорықтыра жаздап түнде әрең жеттім. Келсем, Әпсаттардың үйі жабық. Терезесін қағамын, есігін қағамын, ашпайды. Есікті сындырып ашып, үйге кірдім. Тастай қараңғы. Тіршілік иісі сезілмейді. Зәрем зәр түбіне кетті. Әбден запы болған жүрек тағы да бір жаманшылықты сезді. Жанұшыра жүгіріп Айтыбайдың үйіне келдім. Айтыбай да, әйелі де төсек тартып жатыр. Жөн сұрадым.

Айтыбайдың айтқаны:

– Осыдан бір ай бұрын Әпсаттар үй ішін ертіп алып, жаяу ойға кеткен. Мұндағы жағдай сендердегімен бірдей

емес. Жатысымыз мынау. Ауылнайың белгілі Омар ғой, Малдыбайдың тұқымы. Ой жаққа мен де кетіп қалғым келіп еді. Бәйбіше ауру болды да, жете алмаймыз ғой деп қорықтым. Әпсаттардың жетпегені-ау, шіркін-ай. Олар шыққанның келесі күні-ақ әуе айналып жерге түскендей ыстық болды ғой. Өлмегенге өлі балық кездесіп, бір жөні болмаса, әй, қайдам... Бір айдан бері неғып түк хабар жоқ...

– Не дейді?! – деп өкіріп қоя беріппін.

– Қой, жаманшылық шақырма. Өлігін көзіңмен көрген жоқсың. Бір жерде отырған да болар... Жылама, – деп жұбатты Айтыбай.

Әпсаттардың үйіне әкелген азғантай тарының жартысын Айтыбайдікіне беріп, таңертең Әпсаттарларды іздеуге шықтым. Көңілімде ешқандай үміт жоқ. Шыққанына бір ай болса, қандай үміт болсын. Қара жолдың айналасына көз жіберіп, аяңдап келе жатырмын. Жол маңында көзге ілігер қара жоқ. Қу медиен дала. Анда-санда ұшар төбенің басына айқайлатып салған зираттар, шошақ тамдар, обалар... Сордан өтіп, Дауқараға дейін келдім. Дауқарада ел жоқ екен. Қожай қайда екені белгісіз, көшіп кетіпті. Құдығында ит өліп жатыр. Енді жолды тастап, обалардың төңірегін шарладым. Ақыры іздеген сорыма жетіп тындым. Үлкен жолдан Төлек сайына бұрылатын тағы бір жол бар еді. Сол жолдың бойында жатқан баланың киімін көрдім. Көп ұзамай тағы бір дорба... одан әрі Әпсембеттің бешпентін кездестірдім. Зәре кетті. Айдалада аңырауға өз даусымнан өзім қорықтым. Күн еңкейген шақта жолдың шетінде шашылған адамның сүйегін көрдім. Баланың сүйегі екен. Төрт-бес шақырымдай жүргеннен кейін Әпсаттарлардың өліктерінің үстінен шықтым. Әйелінің сүйегі қатарында жатыр. Екінші балалары өздерінен бұрын өлген болуы керек, жолдың екінші бетінде. Еттері ағып кетіпті. Киімдері сүйектеріне жабысып қалған. Жылауға шамам келмей қалды. «Аллалай» бердім. Әпсаттардың өлігі көз алдыма келсе, осы күні де кейде екі қолымды төбеме қойып, безіп кеткім келеді.

Не істерімді білмей, мәңгіріп біраз отырдым да, құдайға сыйынып, «құлхуалла» қайырдым. Адамның ондайда

буыны кетіп қалады екен. Үш ұмтылып, орнымнан әрең тұрдым. Жолдың арғы бетіндегі баланың сүйегін «бісміллә» деп көтеріп алып, қатарға қойдым. Сосын атыма мініп, кейін қайттым. Түн ортасында Айтыбайдікіне жеттім. Айтекең басын көтерген екен. Менің әңгімемді естіп болған соң, көңіл айтып, жұбатқан болды.

– Күн болса аңызақ, баламен шыққан адам шөлге шыдай ма. Бекер қылды, кетпей тұра тұруы керек еді, – дейді баяғы.

Атымды суардым. Өзім де қаталап қалған екем. Ақ су қайнатып ішіп, есімді жидым. Таң ата Әпсаттардың қорасынан кетпенін алып, кешегі ізіме қайта түстім. Жолай кездескен бірінші баланың сүйегін дорбаға салып, үшеудің қатарына қойдым. Сосын түске дейін сол жерден төрт адам сыятындай ұзынша қабір қазып, ағам мен жеңгемді екі баласымен көмдім. Басына құран оқыдым да, белімді шарт буынып, атқа отырдым. Ауылға келгенде, үйдің ішіндегілер менің түрімді көріп, шошып кетті. Бәрін айттым. Әкемде ес жоқ. Құр лоқсып, құса береді. Дүйсен көп жылады. Ақыры әйтеуір сүйегі далада шашылып қалмай, топырақпен көміп, төмпешік шошайтқанға шүкіршілік етіп, сабамызға түстік.

– Далада қалса, тіпті таба алмай қалсаңдар, қайтер едіңдер. Оған қарағанда, құдайға шүкір, сүйегін таптыңдар, енді өткен-кеткенде басына соғып, құран оқып тұратын белгінің болғаны да құдайдың аянышы шығар, – деп жұбатты біреулер. (Осы тұста әкем мынау бір Әпсаттар өлгенде шығарған күйім еді деп, мойнын жезбен қаптаған ескі домбырасын алдырып, қазақтың ескі қара өлеңінің ізімен шығарылған зарлы күй тартар еді).

Жаздың аяғында қырман салдық. Көк тарыдан келсоқ жасап, ой бір рақатқа баттық. Ауданнан уәкіл келіп, артелімізді мақтап, өзгелерге үлгі етті. Оның артынан баяғы Дүйсеннің бөгет саларда көмектескен инженер орысы келді. Дүйсенмен кешке дейін шүлдірлесіп, ақыры келесі күні ауданға алып кетті. Содан Дүйсен ауданда бастшылық қызметке тұрып, үй ішін көшіріп әкетуге бір-ақ келді. Дүйсен ауданда бастық болған соң, тіпті рақат бол-

ды. Ауданың мынау тұрған алпыс-ақ шақырым. Қит етсе, жетіп барып, Дүйсенге шағымымызды айтамыз. Ол орындаттырмай қоймайды. Одан колхоз болғаннан кейін де тек ауызға ілігумен болдық. Бір жылы Сайдың табанына көктемде егін салып, сондағы егіннің бітігі-ай. Атты адам көміліп кететін.

Кейін малды қайта бөлгенде, бізге бір жалы тұяғын жапқан қара бие тиді. Осы күнгі жылқымыздың бәрі соның тұқымы ғой. Жарықтық құт болып кірді.

Сөйтіп жүргенде тағы бір бәлеге тап болдық.

Жаздың аяқ тұсында көлдің маңы шаң болып кеткен соң, артель жиегіне қарай көшіп барғанбыз. Мен қырманның түнгі күзетіне шыққалы отырғам. Есік алдындағы ит үрді де, ат тұяғының дыбысы естілді. Әлдекім үй сыртында түсіп жатыр, үйге кіргенде бір-ақ білдік, Дүйсен екен. Әкем мәз болып қуанып қалды. Бірақ қуаныш ұзаққа барған жоқ. Дүйсен орнынан түсіп қалыпты. Айтуына қарағанда, өзі арыз беріп түскен секілді. Енді жақында үй ішін көшіріп әкелмек екен.

– Шырағым-ау, сонда адам осылай суыт жүруге бола ма екен, – деп шошынды әкем.

Дүйсен мені оңаша шығарып алды.

– Ертең екі ат дайында, бесінші ауыл жақтағы нағашыларымызға барып қайтайық, – деді маған.

– Жарайды, – деймін ештеңеге түсінбесем де.

Ертеңінде екеуіміз сәске шамасында ауылдан шығып кеттік.

Дүйсен жол бойы маған тіс жарып ештеңе айтпады. Тек өз жағдайымызды, жалпы елдің шаруашылығын сұраумен болды.

Түсте Төлепберген үйіне түстік. Нағашымның тірі кезі. Дүйсен келді деген соң, төңіректің біразы жиналды. Бұл маңай да әжептәуір ауқаттанып қалыпты, бір-бір лақ сойып, ауыл адамдары шақыра бастады. Кешке жатарда нағашымдікіне келдік. Дүйсен шалмен қалжыңдасып ойнай беруші еді.

– Бақа жеген Ожайлардан да колхоз жасап шығарған үкіметтің құдіретіне дауа бар ма! – деді.

– Е-е, сенің ел басқарғаныңның арқасында талай дәмнен ауыз тидік қой, – деді нағашым.

Дүйсен қарқылдап күліп жіберді.

– Әй, шалым-ай, баяғы тілің қарап тұр екен ғой. Рас, рас, талай дәмнен ауыз тидік... Бақа деген түк емес қой, – деді.

Жатар алдында қымыз ішіп болып, Дүйсен домбыра тыңқылдатып отырған.

Нағашым басын көтеріп:

– Әкең Жармағамбет қой бақтырып қоюға таптырмайтын момын жан еді. Бес баланың арқасында ел сыйлайтын болды. Әкеден асып, елге аға болдың. Оқығаның бар, тоқығаның бар. Жақсы-жаманды, оң мен солды бізден гөрі жақсы айырасың. Заман болса жаңарды. Дүниеде не жақсы, не жаман?.. Қайткен озады, қайткен қалады... Біздің мына жалпақ бастарға өнеге болсын, айта отыр, – деді Дүйсенге қарап.

Дүйсен үн-түнсіз біраз отырды да:

– Дүниеде артты қысып тыныш жүргеннен жақсы ештеңе жоқ екен, – деді домбыраны жүкке сүйеп жатып.

– Е-е, бір біз тыныш жүрмеппіз бе, – дейді нағашым сақалын сипалап.

Дүйсен әлденеге ренжулі сияқты.

– Бір үйлі жаннан бір ұрпақ қала ма, қалмай ма деген де күн болған, нағашы, – деді. – Заманның жақсарғаны осы емес пе. Қой сойып, қонақ күтіп отырсың. Кешегі Қуандық байдың жындылары үйіңе келіп, отырған орныңда сабап кетсе, не берер сотың жоқ, не кек қайтарар күшің жоқ – ішіңнен тынып қалмас па ең. Қазір, құдайға шүкір, қорғайтын үкімет бар. Әлгі қақсап жатқан права, теңдік дегенің осы ғой. Анау ержеткен немереңді қалаға жіберіп, оқыт. Төрелікті аңсасаң, оқымай төрелік жоқ, ұқтың ба, нағашы.

Нағашым күліп, басын изеді.

– Ұқпай, сенің әкең дейсің бе жұрттың бәрі. Сенің өзіңді де сүйреп жүрген біз шығармыз. Болмаса Жармағамбетте жоқ әулиелік саған қайдан келеді, – деді шақшасын алып жатып.

Дүйсен мәз болып, күліп жатыр.

Таңертең жүрерде Дүйсен нағашыммен құшақтасып қоштасты.

– Көрісе алмасақ, қош болғайсың, шалым, – деді.

Нағашымдікінен шығысымен ауылға тіке тартпай, Табылдыға соқтық. Табылдыда Дүйсеннің қайнағасының үйінде шай ішіп отырғанда Мырзатай деген жас жігіт:

– Дүйсен аға, мен сіздің ауылдан әлгінде келдім. Сізді ауданнан машинамен іздеп келіпті. Неге іздеп келгенін ешкім ашып айта алмады. Бірақ сыбыс сөздерін ұнатпадым... Жақсылық емес сияқты, Дүйсен аға, – деді.

Дүйсен боп-боз болып кетті. Ішіп отырған шайын төңкере салды.

– Не боп қалды? – дедім ештеңеге түсінбей.

– Жүрейік, – деді Дүйсен.

Атқа отырдық.

– Сейсен, – деді маған былай шыққан соң. – Жағдай қазір жақсы емес. Халық жауы деген бір бәлені шығарып, азаматтардың біразын ұстап әкетіп жатыр. Арғы түбін құдай білсін, бір арандату бар секілді. Әдейі көзге түспейін деп елге келгем. Ұстап кетсе, бір құдайдың жазғаны шығар. Үйге барайық, әкеммен қоштасып қалайын. Бірақ төте жолмен жүрмейік, жүргінші аз жүретін қырмен кетейік. Сақтық керек.

– Ойбай-ау, коммунист емессің бе, үкіметті орнатысқаннан басқа не жазығың бар, – деймін ғой мен сорлы. Зәреден зәре жоқ.

Қырғы жолға түсіп, бөгеттен өте берген кезде алдымыздан сумаң етіп қара машина шыға келді.

– Болмады, жеткізбеді, – деді Дүйсен даусы дірілдеп.

Машина қатарымызға тоқтай қалды да, ішінен бір орыс, бір қазақ шықты. Түрлері адам қанын ішкендей сұп-сұр.

– Жармағамбетов, сіз тұтқындалдыңыз, – деді қазақ жігіт. Басым айналып, көзім қарауытты. Аналардың не сөйлеп жатқанын, Дүйсеннің не айтып жатқанын естіп тұрған мен жоқ. Дүйсен атынан түсіп, шылбырын маған ұстатқанда барып есімді жидым.

– Ойбай, Дүйсен-ау, не күйге түстік, – деймін жыламсырап.

Дүйсен де мықты еді-ау.

– Кел, қоштасайық, – деді күлімсіреп. – «Ат жақсысын кермеден, ер жақсысын түрмеден көр» деген ғой. Дәм жазса, қайтып келеміз. Әкеме сәлем айт...

Құшақтасып қоштастық. Содан кейін Дүйсен машинаға отырды. Мінеки, аллоақбар, содан кейін қайтіп біз Дүйсенді көрмедік.

Мен Дүйсен мінген торы атты жетектеп, үйге қайттым. Әке байғұс содан ауру болды. Уайым шіркін қоймайды ғой. Келесі көктемнің аяқ кезінде қыстауда қайтты. Өлер алдында сөйлей алмады. Тек қолымды қысып, жалғыз саусағын шошайтты. Жалғыз қалдың дегені болу керек.

Өзінің өсиеті бойынша ескі қорымға апарып көмдік.

Дүйсеннің үйіндегі Гүлсім жеңгеміз кейін күйеуге шығып кетті. Жалғыз баланы өзімен әкетті. Кейін баланы екінші күйеуінің атына жаздыртты деп естідік. Қазір қайда жүргенін білмеймін.

Тіл-аузың тасқа тигір, көгермегір жұрт маңдайына арыстай бес ұл берген Жармағамбеттің ырысы не деген кең еді деп жүруші еді. Біздің тұқымға тіл-көз тиді. Мінеки, сол тұқымына құт дарыған Жармағамбеттен жалғыз қалдым. Менен жалғыз ұл, жалғыз шаңырақ, міне, сенсің. Сенің басың ауырып, балтырың сыздаған сайын мен қалтырамағанда, кім қалтырайды, – деп аяқтайтын әкем әңгімесін.

* * *

Таңертеңгі шайды ішіп болғаннан кейін, дәрігер Ертайды іздеп, ауруханаға келдім. Шағын болса да тап-түйнақтай таза үй екен. Ертайды дәлізде кездестірдім.

– Сізбен оңаша сөйлессем деп едім, – дедім амандықтан кейін. Ертай мені кабинетіне ертіп әкелді.

– Мен әкемнің жағдайына байланысты келіп едім, – дедім дәрігерге. – Диагноз қандай? Емдеуге бола ма, жоқ, болмай ма, маған ашып айтыңызшы.

– Сізге ашық айтуға бола ма, – деді Ертай дәрігерлерге тән жаны ашымас салқынқандылықпен бетіме тура қарап.

– Айта беріңіз.

– Диагнозы, әрине, менің анықтауымша – бауыр рагі. Емдеуге болады деп айту қиын. Тіпті рак болмай, церроз болғанның өзінде де – ең соңғы стадиясы. Оның үстіне кәрілік қосылған соң, қалай болатынын өзіңіз білесіз ғой...

– Сонда тіпті емдеуге келмей ме? – деймін дәрігердің емеурініне түсініп тұрсам да. «Емдеуге келмейді» деген сөзді естіп, ең соңғы арман-үміттен біржола айырылу өзіме бір міндет секілді.

Дәрігер ойланып қалды. Оның әлгі сөзді айтуға аузы бармай, бірақ айтқысы келіп тұрғанын да түсініп тұрмын, оған қоса еш табиғат заңына бағынбайтын бір ерекше құбылыс болып, ауру аяқ астынан оңалып жүре берсе деп тілеймін. Ондай керемет кездейсоқ құбылыстар болып жатады ғой. Неге менің өмірімде бір рет болмасқа. Қалайша дәрігер қателеспейді? Қалайша тым болмаса бір құбылыс заңның қағидаларын бұзып шықпайды?

– Өз басым емдеуге келеді деп айта алмаймын, – деді дәрігер.

«Өз басым» деген сөз тағы да менің үмітімді қоздыра түседі. «Өз басым» деп тұр ғой. Яғни тек өзінің ғана жеке пікірін айтып отыр. Өзі ғана солай ойлайды. Басқа дәрігер басқаша айтуы мүмкін. Нақа келмейтін болса, кесіп айтпас па еді.

– Ал емделуі мүмкін бе? – деймін мен сұрақты өзгертіп.

– Айта алмаймын, – дейді дәрігер басын шайқап. «Айта алмаймын». Бірақ бұл мүмкін емес деген ұғымды білдірмейді. Тек айта алмай отыр. Толық сенім білдіре алмайды. Бәрі де мүмкін ғой. Бірақ дәрігердің:

– Жалпы олай-бұлай болып кетсе, қарап отырмай дайындала бергеннің де артықтығы жоқ қой, – деген сөзі менің үміт-қиялымды біржола тас-талқан қылды.

«Дайындала беру... Жиен ағама айту керек болды. Ақиқатқа қылар не шара!.. Қашан айтамын... Бүгін реті келмес, ертең үйіне барып айтамын».

Үйге келсем, әкем ұйықтап жатыр екен. Жүзіне қарап отырып, ертең осы кісіден айырылатынымды ұғымыма сыйдыра алмай-ақ қойдым. Түс ауа азғантай шалдар келіп, біраз отырғаннан кейін: «Бүгін тәуір екенсің, жанарың жақсы боп қалыпты, балаңның қуанышымен әлі жазылып кетерсің», – деп жақсылықты жақындатып беріп, үйді-үйлеріне қайтып жатты.

Кешке әкем жиен ағам мен жаны ашиды деп жүрген жамағайын Смағұлды шақыртты. Олар келгеннен кейін, жастығын тіктетіп, көтеріліп отырды.

– Сендердің не ойларың бар, – деді жиен ағама қарап. – Құдай өзі берген жанын өзі алады. Мен ризашылығымды беріп отырған адаммын. Енді маған тек өлімнің абыройы қымбат. Дос бар, дұшпан бар. Барлық сын сендерге түседі. Е-е-е, өлімге қайда барасың десе, «бардың малын шашамын, жоқтың артын ашамын» деген ғой. Сондықтан басқаны қоя тұрып, не істеп, не қою керегін ақылдасқанның артықтығы болмас.

– Ол дұрыс қой, – деді Смағұл ілгері жылжып.

– Екі жылқы бар, – деді әкем баяу үнмен сөзін жалғай. – Біреуі – құлынды бие, екіншісі – байтал. Сосын өзім әдейі сақтап жүрген 5-6 ұсақ бар. Байтал мен ұсақтарды сойғандарың дұрыс болар. Ағайынның көңілін көре жатарсыңдар.

– Иә, оны көре жатамыз ғой, тіпті кейінге де артықтығы жоқ, – деді жиен ағам күмілжіп.

– Сүйекке салатын киімдерді бөлек салдырып қойғанмын. Былтыр Хасеннен келген саптама етік бар, оны да салыңдар. Өткен айда дүкеннен алдырып қойған екі пальто, бір плащ бар...

– Жетпесе, тағы да дүкеннен аламыз ғой, – деді жиен ағам.

– Бір айтарым – Айтыбай өлгеніндей жұрттан жылу сұраушы болмаңдар. Сандықта 600 сом ақша бар. Жетпей бара жатса, сиырды саларсыңдар.

– Жылуы құрысын, – деді Смағұл апама қарап. – Бірақ енді өзіміз қарап қалмаймыз ғой.

– Қамбардағы ұсақтарды қайтесің? – деді апам.

Әкем есіне жаңа түскендей ойланып қалды.

– Қамбарда екі қой бар екен ғой, – деді содан кейін. – Оны да алдырарсыңдар.

– Дегенмен, кейін жүгіріп жүреміз бе, ертең дүгеннен бірсыпыра киім әкеліп қойған теріс болмас, – деді Смағұл тағы да апама қарап.

– Дұрыс, дұрыс, – деді апам басын изеп.

– Мұндағы молдаң аз, бесінші ауылдағы Оспан молданы алдырыңдар, – деді әкем.

– Дұрыс айтады, – деп қоштады Смағұл. – Оспанды алдырту керек.

– Байталды кейінге қалдырған дұрыс болмас па екен, – деп жиен ағам тағы бір ұсыныстың шетін шығарды. – Ертең жетісі, жылы дейміз, қазақтың жоралғысы таусыла ма...

– Жылымды өздерің ақылдасасыңдар, – деді әкем тап бір басқа біреудің жылын өткізгелі отырғандай еш уайымсыз, салмақты үнмен. – Биенің жабағысы да келесі жылға дейін құнан шығады. Соған ана тайыншаны қосып көріңдер...

– Секең дұрыс айтып отыр, – деді Смағұл шақшасының тығынын алып жатып. – Бір құнан, бір тайынша осы төңірекке толық жетеді.

Әкем есіне тағы бірдеңе түскендей жастығының астына қол жүгіртіп, мүйізден күмістеп жасаған шақшасын алып, ойланып отырды да:

– Мә, – деді жиен ағама қарап. – Шақшаны сен алшы...

Жиен ағам шақшаны алып жатып, шыдай алмай жылап жіберді. Менің де алқымыма бір түйіншек тіреліп қалды. Қалтамнан орамалымды алып, көзімнен сорғалаған жасты сүрте бердім. Әкем қолымен ымдап, мені қасына шақырды. Жанына барып отырдым.

– Қалқам, – деді даусы дірілдеп. – Жылама, қалқам... Жылама. Жармағамбеттен үш қыз, бес ұл туып ек, содан жалғыз мен қалдым... Ел ортасында, ұрпағының алдында иманын жолдас қылып, дүниеден ризашылықпен аттануды ешқайсысының маңдайына құдай жазбады. Бәрі де көлденең ажалдан кетті... Солармен бірге кетсем, қайсысынан жаным артық еді. Шүкір, заман тыныш, ел аман... Артымда қарасын қалса, құдайдан мені шайтан қыл деп тілемесем, басқа не арман бар...

Мен басымды көтеріп, әкемнің аурудан қанша азап шексе де сабырын жоғалтпаған, байсалды жүзіне қарадым. Төніп келген өлімге осыншалық қалтырамай, қорықпай, саналы бәтуамен қалай қарауға болатындығына таң қалдым.

– Сүйегімді өзіміздің ескі қорымға қойыңдар деген сөзім бар еді... – деді әкем ауыр күрсініп. – Оған енді әуре болып қайтесіңдер... Шалғай жер... Елдің жиналуына қиын болар. Осында-ақ қоя беріңдер...

* * *

Әкем мені жалғызым деп атағанмен, тумысымда жалғыз емеспін. Әкемнің екі қызы жас кезінде сүзектен қайтыпты. Олардан кейін туған Биғайша мен ес білген кезде баладан қайтты. Түрі есімде толық қалмапты. Ақсары, шағын кісі еді. Анда-санда келсе, шешем байғұс қуанғаннан есі шығып:

– Ойбай-ау, жүгірсейші, Биғайша апаң келе жатқан жоқ па, неғып отырсың, – деп менің де есімді шығарып жібереді. Кейін олар басқа жаққа көшіп кетті де, сол жақтан қайтыс болды деген хабар келді. Апам анда-санда сырқаттанып қалғанда көңілін сұрап келгендерге: «Биғайша қайтқаннан бері төбем шаншады, оң жақ көзім бұлдырап, көрмейтін болды» немесе «Биғайша жүректі алып кетті ғой, жүрек көтерілетін болды», – деп қызының өліміне байланысты пайда болған ауруларын түгендеп, санап отыратын болды. Әкем уайымын сыртқа шығармайтын. Төрде шынтақтап жатып, Әпсаттар өлгенде шығарған жалғыз күйін дыңылдатып, қалған екі ұлдың амандығын тілер еді.

Екі ұлдың бірі – Ермек. Трактордың оқуын бітіріп келген жылы соғыс басталды да, күзде әскерге алынды. Біздің үй фермада болатын. Әкем бақташы. Ермектің әр хаты біздің үйде тұмардай сақталады. Қыс бойы апам мен әкем кезек-кезек түс көріп, бір-біріне жорытып, садақа тастап, жеті нан құдайы беріп, әбігерге түсіп жүрді.

Екі күннің бірінде апам құмалақ ашып: «Қалқамның маңдайы ашық, жұлдызы жарқырап тұр, құйысқаны берік, мына бір құмалақ кішкене көретін қиыншылығы ғой, соғыс деген оңай ма, құдай бұйырса, әлі-ақ әкесі мен апасын қуантып, жетіп келер», – деп сәуегейлік құрып отырар еді.

Бір күні үйге құмалақшы Молдабай келді. Шай ішіліп болғаннан кейін апам жердегі кілемнің оюларын қолымен сипап отырып:

– Баламыз әскерде ғой, Молдеке! Көңіліміз күпті. Қолдан келер қайран жоқ, бір құдайға ғана сыйынып отырған жайымыз бар. Хат келмегелі бір айдай болып қалды. Құмалақ ашып бер. Алла тілеуіңді берсін, – деді.

Молдабай неге екені белгісіз, табан астында тұнжырай қалып, қойнынан құмалақ салған кір-кір қалтасын алып, аузын шеше бастады. Молдабай көзі адырайған, қарасұр, бетін тыржыңдатып, балаларды күлдіріп отыратын қуша шал еді. Оның тұнжырай қалғанын көріп, мен де шошып кеттім. Молдабай құрманың сүйегінен жасалған құмалағын мұқият санап шықты да, алдымен үшке бөліп, сосын үш саусағымен шөкімдеп жылжытып, жая бастады. Содан кейін ойланып, біраз отырды. Әлден уақытта барып тісі ауырған адамдай: «М-м-м», – деп дауыстап жіберді де, бұрынғыша көзін алақ еткізіп жымиып, екі алақанын сарт еткізді.

– Той ғой, той болғалы тұр ғой, бәйбіше, – деді әлдебір құмалақты қолымен көрсетіп. – Үндеме, бәйбіше, ұлының тек маңдайы жарқырап тұр. Қабағында аздап кірбің бар секілді. Бірақ ақыры қайыр. Ақыры қайыр болған соң болды емес пе, бәйбіше, а?

– Айтқаның келсін, болғанда қандай. – Апам жаулығының шетін жасаураған көзіне апарды.

Молдабай екіленіп:

– Менің құмалағым қате сөйлеп көрген емес. Егер осы айтқаным келмесе, ту бетіңе, Молдабай де, – деп құмалағын шапшаң жинап алып, орнынан атып тұрды.

Апам асылық бола ма деп шошып кетіп:

– Тек, ойбай, – деді де, қалтасындағы шатасқан жіптер мен қиықша маталардың арасынан үш сомдықты әрең ажыратып, Молдабайға берді.

Әкем үйге жатарда бір-ақ келеді. Күні бойы қораның ішін тазалау мен көтерем сиырларды тұрғызудан қолы босамайды. Әбден титықтап келгендіктен, кешкі шайды жиып болған соң, төсекке жатуға шамасы келмей, домбырасын алып, өзінің Әпсаттар өлгенде шығарған жалғыз күйін тартып отырып, ұйықтап қалатын.

Көктем шыға су тасымай тұрып, қырға, киіз үйге шықтық. Артынан су қайтқан кезде бүкіл ауыл болып, көл жағасына қайта көшіп келдік.

Жиырма шақты үй болып дәл осылай көл жағасына қаз-қатар қону шағын ауылдың жыл сайын айнымайтын дағдысы. Күн шыға ауылдың биесі байланады, одан кейін бригадир шал жаудай жағаласып жүріп жұмысшыларды

оятады, содан кейін құрт сығып отырып дауыс қылатын Ақсары кемпірдің айқайынан мен оянамын. Ақсары кемпірдің Жорабек деген жалғыз ұлы Ермек көкемдермен бірге соғысқа кеткен. Ақсары бұрыннан өмірдің тауқыметін көп көрген, содан ашынып, айқайлап сөйлеуді, кейде өзі байқамай әлдекімді балағаттап тастап, артынан «жаңа не деп қойдым» деп қасындағы адамнан өз сөзін өзі сұрап отыруды дағды қылып кеткен, ал жеңіл ауыз жұрттың сөзімен айтқанда, шала ауысқан кемпір. Жорабектің атын атамай сөз сөйлемейді. Біреумен кездессе: «Жорабек, үй ішің аман ба», «Жорабек, бұ қай бала», – деп, кетерінде: «Ал, Жорабек, сау бол», «Ойбай, Жорабек, мен кетейін», – деп, тіпті үйге мал сүйкенсе де: «Алда, Жорабек, үйді қиратты-ау, мына жамандатқыр», – деп құрық алып, малды қуар еді. Кейде жай әңгіме айтып, аяғын дауысқа айналдырып жібереді. Өзінің сөзіне қарағанда Жорабек он екі құрсақтан қалған жалғыз ұл.

Тұрмыстың көріп азарын,
Өлгенде көрген базарым.
Қарағым аман-сау деген
Хабарын қашан алармын, –

деп сөреге құрт жайып отырып, бозала таңнан зарлайтын.

Өзінің үйіне кіріп-шығып сәлем берушілер көп болады. Өйткені Ақсары кемпірдің ашытқан қымызындай қымыз бұл төңіректе кездеспейді. «Жарықтықтың бір бал татып тұрған дәмі бар, не қосып ашытады екен» дер еді үйінен шыққан адамдар. Немесе түн салқын болып, ауыл қымызы тегіс ашымай қалған кездерде «Ақсарының қымызы қалай екен, Ақсарының?» деп бір-бірінен сұрап, егер оның да қымызы ашымапты деген хабар жетсе, «ә, онда қалған үйдің қымызын айтпай-ақ қой» деп орындарынан тұрып жүре берер еді.

Көктемнің аяқ кезінде тұңғыш қара қағаз Ақсары кемпірге келді. Бүкіл ел болып барып естірткенде, кемпір талып қалып, өлімнен қалды. Содан бері кемпір жатып қалса-ақ жұрттың бәрі: «Е-е, жүрегі ғой байғұстың, ұстап қалатыны бар ғой», – деп айтпай-ақ біліп отыратын болды.

Үйдің дәл қасында Мұқаш шалдікі бар. Әйелі шайпау кісі. Көзіне түссең болды, бірдеңеге жұмсай бастайды. Бармай қалсаң: «Жер мола болғыр, табаныңнан сапқыр, отырған орныңнан тұрмағыр, жетпей желкең үзілгір», – деп қарғап жатқанын естисің. Бір рет апам:

– Әй, Қалампыр, жағыңа жылан жұмыртқаласын сенің. Жұдырықтай ұлымды осынша қарғап, не жазығы бар. Қара басыңа келсін, қара басыңа келгір, – деген болатын.

Мұқаштың әйелі тіпті жынданып кетті.

– Түндігің ашылмай қалғыр, күлің шашылмай қалғыр! Ал, қылатыныңды қылып ал! Жалғызыңды жастанғыр, шаңырағың бос қалғыр! Қырық кесектің астында қалғыр, қырық кесектің! – деп шаптығып келіп, есік алдында тұрған шелегімізді тепті. – Шаңырағыңды ортаңа түсірейін бе, шаңырағың ортаңа түскірлер, – деп үйдің белбауын екі-үш рет жұлқып қалды.

Апам қазанда қайнап жатқан құрттың көбігін алып отыра берді. Тек анда-санда:

– Қара басыңа келсін, қара басыңа, – деп қалады.

Мұқаштың әйелі қолына түскен мүлік пен көзіне көрінген малдың бәрін қарғап-сілеумен кешке әрең басылды.

Шіркін, осы әйел аяқ астынан ауырып, не жай түсіп өле қалса, не өзін біржола соғысқа алып кетсе деп тілеймін ішімнен. Осы ауылда содан кейінгі жек көретінім – Жұмағұлдың үлкен баласы – Сайлау. Бұзықтығы жанда жоқ. Менімен аттас болған соң ба, әйтеуір мені көрсе болды, істеп жатқан ісін қоя салып, басымнан бір шертіп кетеді. Асық ойнап жатсам, асығымды тартып алады. Ол жүрген жерге жоламауға тырысамын.

Жаз ортасы болатын. Кешкілік әкем жұмыстан келіп, шайға отыра бастаған кезде ауылсовет пен Ербатыр шал, тағы бірнеше адам үйге кірді. Шайды бастап ішкенше-ақ үйге адам толып кетті. Мен апамның қасында отырғам. Апам шай құйып отырып:

– Сақтай гөр, Алла, жүрегім неғып қозғалып отыр, – деп күбірлейді. Қолдары қалтырап, шайды әрең құйды.

Әкем сүп-сүр. Анда-санда қабағының астынан ауылсовет төрағасына қарап қояды. Үйге қонақ келгенді жаным жақсы көруші еді. Апам мен әкемнің мына түрлеріне

түсінбедім. Қонақтар биылғы шөп науқанын, Бәйілда салған шығырдың жағдайын, кеше жиналыс ашып кеткен басқарманың сөзін әңгіме қылып, ұзақ отырды. Шай ішіліп болуға тақады. Апамның қолдары қалтырағанын қойып, әкемнің жүзіндегі үрей де кете бастады. Қонақтар әншейін жиналған секілді.

– Басқарманікі бір сөз ғой, айтады да кетеді, – деп әкем сөзге араласты.

Ауылсовет төрағасы Құдияр жүктегі сүйеулі домбыраны алып, ақырын дыңылдата бастады. Құдияр осы төңірекке белгілі өлеңші. Өлең тыңдамағалы не заман!

Көңілдене бастаған әкем:

– Әу деп жібермейсің бе, Құдияр, – деді кесесін төңкеріп жатып. Құдияр төмен қарап, сәл-пәл отырды да, тамағын қырнап алып:

Дүркін де, дүркін, дүркін де,
Заман да өтер бір күнде.
Үлкендер сөйле дегенде,
Қызыл бір тілім, іркілме, –

деп термелете жөнелді. Отырғандардың бәрі аңырайып Құдиярға қарады.

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Әзәзіл пысық залымның
Тіліне еріп, азбасқа...

Апам бір бәледен аман қалғандай жүрегін ұстап, терең бір күрсінді. «Желдің ызыңынан да, тышқанның сыбдырынан да зәре жоқ, құдайым-ай», – деді күбірлеп.

Оныншы тілек тілеңіз,
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күні толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен
Анаң бір аңырап қалмасқа...

Ән тыңдауға келгендер есік алдына сыймай кетті. Құдияр термесін аяқтап, домбыраны тыңқылдатып, азкем отырды. Содан кейін: «Қанжығалы Бөгенбай батыр өлгенде Абылайға келіп, былай деп естірткен екен», – деп тағы да термелей жөнелді. Апам сырты қаңылтырмен шарыған қызыл ала кесені кесекапқа сала беріп, тұрып қалды. Әкем басын көтеріп, Құдиярға тесіле қарады. Құдияр бұрынғы мақамымен термелетіп келіп, әр шумағының аяғын: «Ұмыттың ба соны, Абылай!» деп қайырады. Құдияр әнді өте әдемі айтушы еді. Бірақ бір әдеті өлеңді есік жақтағы біреуге, әсіресе балаларға тесіле қарап отырып айтатын. Үнемі қызарып жүретін, алалау қой көздері соқыр адамның қарасындай бедірейіп, таймай тұрып алады. Кейде маған қараған кезде қысылып, кірерге жер таппаймын. Осы жолы да тап бір Бөгенбайдың өлімін маған естіртіп жатқандай екі көзін менен алмай тұрып алды.

...Қайырылмас қаза келгенде,
Батырың өлді – Бөгенбай!
Батырды қолдан өткіздім,
Сәлемін, міне, жеткіздім.
Жараға жақсы қас қарар,
Ойбайлап жаман бас салар,
Көріспей айтты демеңіз,
Осы еді біздің келген жай.
Бөгенбай сынды батырың,
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай,
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шалқығай!

Құдияр термесін бітіріп, тағы айтатын адамдай жөткірініп алды. Сосын халықтың қара өлеңінің жаяулаған мақамына салып, тағы да екі көзін менен алмай:

Кімдер түспес тағдырдың қармағына,
Құрғыр тілім байланып қалмады да.
Айтайын мен, Ақжеңге, Сейсен аға,
Қол жетпейтін күн боптy ардағыңа.

Шейіт болып кетті деп келді хабар,
Енді Ермек жоқ оралып елді табар.
Сабыр тілеп құдайдан, шүкірлік қыл,
Ұрпағың бар артыңда белгі қалар, –

деп домбыраны жүкке сүйеді.

– Ойбай, не дейді? – деді апам толық түсінбей.

– А? – деді әкем естімей қалғандай.

– Сабыр қыл, Сейсен, – деді Ербатыр шал. – Қайғыға берік едің ғой, сабыр қыл. Артыңда тұяқ бар...

«Құлынымдап» зарлаған апамның ащы айқайы шыққанда барып жаманат хабардың мағынасына толық түсіндім. Жүрегім суылдап кетті. Үй іші ызы-шу. Әйелдер келіп, құшақтасып көрісіп жатыр. Әкем басы салбырап, екі қолымен жер тіреп отыр. Бір қарасам, Мұқаштың әйелі апамды құшақтап көрісіп жатыр екен. Екі көзі бұлаудай.

– Ақ ботаңнан айырылып, сорладың ба, апажан. Жүректі қайғы толтырған күнімізді итке бермесін, – деп зарлайды. Біртүрлі ішім жылып, әрі Мұқаштың әйелін аяп, апамды, әкемді және басқаларды аяп, егіліп жылап қоя бердім.

Мұқаштың әйелі апамды қоя беріп, мені құшақтай алды.

– Сүйенішіңнен айырылып, жалғыз қалдың ба, қарағым. Қолдан келер қайран жоқ, қайырын берсін, қарағым, – деп көзінің жасымен келіп, солқылдап, бетімнен сүйгенде өзім жек көретін Қалампырдың бауырмал, керемет жақсы адам екенін көріп, сай-сүйегім сырқырап, еңірей бердім. Іші-бауырым қалтырап кетті. «Шіркін-ай, – деп өкіндім ішімнен. – Осындай адамға өлім тіледім-ау. Қандай кешірілмес қателік. Осындай адамға...» Көз жасыма тұншығып, өксігімді баса алмаймын.

Әкем есі ауысқан адамдай қолымен жер тіреп, әлі отыр. Кенет осыдан жарты жыл бұрын соғысқа кеткен жалғыз баласынан қара қағаз келген Жәнібек шал кемсеңдеген күйі, өз тізесін өзі ұрып қалып:

– Ойбай-ау, ойбай, – деді айқай сап. – Жалғыз ұлдан айырылып, қу бас болып, мен қайтіп отырмын... Артында ана бір жаман бар емес пе?! Неге осынша мұқайсың?.. Тұяқ бар ғой, тұяқ...

– Жүрегі көтеріліп кетті ғой, байғұстың, қайтсін, – дейді әлдекім.

Сол күннен бастап, бүкіл ауыл біздің үйге ерекше бір аяушылықпен қарайтын болды. Қалампыр бұрынғыдай қарғамайтын болды, тіпті қас жауым Сайлау да бұрынғыдай басымнан май тоқпақ алмайды. Асық ойнап жатқанда қастарына барсам:

– Кел, ойнай ғой, мә, менің асығымды ал, сақамды да ала ғой, – деп бәйек болып қалады. Мұның бәрінің Ермектің өліміне қаншалықты қатысы барын толық ажырата алмадым, бірақ аяқ астынан өсіп кеткен беделім неге байланысты болса да өзіме ұнайтын секілді.

Ал Ермектің қазасын Құдиярдың өлеңмен естіртуі осы төңірекке аңыз болып тарады.

Бірақ әкем Ермектен күдерін үзбеді. Әсіресе, соғыстан кейін қара қағаз келгендердің ішінен тірілері табылған ғой: «Ермектайды көзімді жұмсам болды, қол созым жерде тұрғандай, тіпті сөйлесуге болатындай сезем де отырамын, түсімнен бір кетпейді, жарығым бір жерде аман-сау жүрген болар», – деп емекси береді.

Біздің ауылда қара қағаз шыққаннан аман-сау келгені – Жорабек. Жорабектің келуі ауылға қуаныш әкелгенімен екінші бір өкінішті жағы болды. Шешесі Ақсары алдында төсек тартып жатып қалған болатын. Бірақ үйреншікті ауруы ғой, үш-төрт күн жатып, сүйретіліп қайтадан тұрып кете беретін.

Түс кезі еді. Орталықтан қасқыр қуғандай шапқылап жынды Мәнтай келді.

– Ақсары кемпір қайда, Ақсары, – дейді ауылдың ортасында тұрып.

– Ойбай, шырағым-ау, есіңнен айырылып қалғансың ба, қайда болушы еді, үйінде, – деді әйелдердің бірі.

– Неғып жатыр ол! – деп айғайлап Мәнтай атынан қарғып түсті.

– Мына байғұс жынданған шығар, – деді Мұқаштың әйелі. – Неғып жатыры несі, ауырып жатыр.

Түскі шайын ішіп болған әкем үйден шығып, қасымызға келді.

– Шырағым Мәнтай, деміңді алып, есіңді жишы, – деді. – Сосын асықпай түсіндірерсің...

– Жоқ, түсіндіретін ештеңесі жоқ, – деп өзеуреді Мәнтай. – Қазір мен ол кемпірді төрт аяғынан тік тұрғызам.

Соны айтып Мәнтай Ақсарының үйіне тұра жүгірді. Шұбап біз де келдік. Ақсары оң жаққа салған төсекте қызыл көрпе жамылып, теріс қарап жатыр екен.

– Әй, кемпір, – деді Мәнтай жанына барып.

Ақсары бұрылып, бері қарады. Бет-ауызы аурудан, әлде ұйқыдан ісіп кетіпті.

– Сығырайтпай, көзіңді аш, – деді Мәнтай екіленіп. – Орныңнан тік тұр да, сүйіншіңді бер, Жорабек келді.

Кемпір селк ете қалды.

– Тек, ойбай, – деді қолын сілтеп.

Мәнтайдың екі көзі ежірейіп кетті.

– Тегің не? Денің сау ма? Сенбесең, мінеки. Көлік табылмай қалған соң, суретін алып, сүйіншіге тартып кеттім.

Мәнтай қойнынан әскери формамен түскен Жорабектің суретін жарқ еткізіп суырып алып, дәл бетіне тақатқанда, бәріміз де енді қайтер екен деп қарап қалдық. Кемпір қуанудың орнына жаман үрейленіп, кеудесін ұстады. Талықсып, басы ар жағына сылқ ете қалды.

– Ойбай, өлді, – деп айқайлап жіберді бір әйел.

Мәнтай аңырайып тұрып қалды.

– Сендерге не жоқ, шығыңдар, – деп үлкендердің бірі бізді үйден айдап шықты.

Кемпірдің жүрегінің ұстамасы ұстап қалыпты. Есін жимағаннан кейін ауыл адамдары қорқып, қос атпен орталыққа Жорабекке адам жіберді. Бірақ үлгере алмады. Кемпір Жорабекті көре алмай, қайтып кетті.

Кемпірді жерлеп болған соң, келесі күні әкем Жорабекті үйге шақырып, көңілін жұбатып, басу айтты:

– Шырағым, соғыс деген тажал қанша боздақтың басын жұтты. Бірақ қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі деген рас. Алла жар болып, аман келдің. Ешкім шешесін қанжығасына байлап жүрген жоқ қой. Рас, өзіңді бір көрсем деген арманы үлкен еді. Құдай жазбаса, қайтесің. Шүкіршілік керек қашанда. Сенің шешең қуаныштан өлді. Өлімнің жақсысы жоқ. Бірақ құсадан өлгеннен сақтасын...

Дәмнен кейін әкем Жорабектен:

– Соғыста жүргенде Ермекті көрдің бе? – деп сұрады.

– Екеуіміздің отправкамыз екі бөлек болды ғой,– деді Жорабек.

– Іздестірмедің бе енді? – деді әкем.

– Аға-ау, іздестіру қайда?– деді Жорабек басын шайқап.– Ондай заман жоқ. Біреудің қайда екенін іздемек түгіл, өзіңнің қайда екеніңді білмейсің...

Әкем үндемей қалды. Жорабектің іздестіре алмағанына ренжіген сияқты.

Одан кейін соғыстан қайтқан Қалыбайдың:

– Передовойға шығардың алдында көріп қалдым. «Амансың ба, аманмыннан» басқаға үлгере алмадық,– деген сөзі әкем мен апама «келе жатыр» деген хабардан кем болған жоқ. Бірақ Ермек келмеді. Әкем мен апам қанша сарғайып күтсе де, түндер бойы бір-бірімен күбірлесіп, құдайға жалбарынып, өздерін құрбандыққа атаса да, Ермек келмеді. Айлар өтті. Жылдар өтті. Ермек келмеді. Енді оның келмейтінін мен де білдім.

Мен алтыншы оқитын жылы әкем бірыңғай бойдақ сиыр бағатын болды да, біздің үй Қойбақ қыстауына көшіп кетті. Алдында әкем: «Осы баланы алып кетсек қайтеді, бір жыл орнында қалса ештеңе етпес, қасымызда болсын» деген болатын. Бірақ апам көнбеді. Мені Қабидың үйіне қалдырып кетті.

Кісі үйінде тұрған ғұрлы, үйді сағынып біттім. Әрі Қабидың үйі маған жайсыз тиді. Қабидың өзі поштада істейтін. Кісіге қарсы келуді білмейтін, момын кісі. Үйінде 80-ге келген әкесі мен шешесі бар. Екеуі бір-біріне ит пен мысықтай. Тіпті кемпірі аяқ киімін әперсе де, шал:

– Тулақ құсатып лақтырмай, жай тастауға болмай ма осы саған. Ә, құдай құтқарғыр,– деп кейиді.

Кемпірі бірдеңе айтайын деп жатса, естімей жатып алдын ала:

– Осы сен сөйлемеші, сен. Сен аузыңды ашсаң, жыным ұстайды,– деп бетін қайырып тастайды.

Кемпірі анда-санда: «Өзіне өлім де келмейді, у беріп қатыра салар ма еді» деп шаптығады. Бір ғажабы, шал ондай кездерде түк ашуланбайды. Қабидің әйелі – мінезі нашар, ұрысқақ адам. Өзі дүниеде балажан. Екі жасар

ұлын екіленіп, айналып, ұстамасы бар адамдай бағжаңдап жақсы көрген кезде талып қала жаздайды. Сараңдығы жанда жоқ. Менің үнемі қарным ашып жүреді. Қарным ашқан сайын үй есіме түседі.

Бірақ әкем анда-санда келіп тұрады. Бір күні географиядан беретін Жаңыл апайдың сабағының үстінде кіріп келді. Есік қақпай кіргеніне қысылып, өліп барамын. Әкем басындағы бөркімен, қолындағы қамшысымен апайдың дәл қасына келіп тұрды да:

– Шырағым, басыңдағы орамалың қайда? – деді.

Жаңыл апай қып-қызыл болып кетті.

– Сыртқа шыққанда тартамыз ғой, – деді күмілжіп.

– Аяқ-қолың неге жалаңаш? – деді әкем онымен қоймай.

Апай қысылып, не дерін білмейді.

– Өзің қай баласың? – деді әкем бір кезде апайға алыстан мал қарағандай, қолын көлегейлеп қарап.

– Сапабектің жолдасымын ғой.

– Не дейді, ойбай! Сапабек дейсің бе?

– Иә.

– Мына өзіміздің жаман жырық Жақанның ба?

– Иә.

– Көксау? – деді әкем тағы бір ауруының шетін шығарып.

Жаңыл құлағына шейін қызарып, жерге қарады.

Әкем Жаңылды қойып, алдыңғы партада отырған балаға шұқшиды.

– Сен кімнің баласысың?

– Қойшығұлдың.

– Не дейді? Әкең оннан әрі сипыр білмейді. Саған қайдағы данышпандық келіп қалған?..

Балалар ду күлді.

Әкем тағы бір-екі баланың шығу тегін жамандап болғаннан кейін, менің қасыма келді.

– Ой, танауыңнан айналайын, – деді үйде отырғандай еміреніп.

Класс тағы да ду күлді.

– Қойсайшы, әке, – деймін сыбырлап.

– Биттеп кеткен жоқсың ба? – дейді әкем басымнан сипап.

Кластың іші гу-гу.

– Әке, қойшы енді, – деймін жаным шыға сыбырлап.

Қою қайда?

– Ұйықтарда шешеңнің мамасын ұстап жатушы ең, жалғыз өзің елегізіп ұйықтай алмай жүрген шығарсың. Осы оқуы құрғыр-ақ өлтіретін шығар баламды, – дейді.

Жерге кіруге шақ қалдым. Тіпті Жаңыл апай да күліп жіберді. Әкемнің жырына да кірмейді.

– Ішің ауырмай ма? Ішіңнің желі бар еді ғой, – дейді маған.

Айналып-толғанумен кластан шықты. Сол күні кешке шейін балалар мені мазақ қылумен болды.

Оқу жылының аяғында әкем қорытындыға келді.

Директор ата-аналар алдында сөз сөйлеп, нашар оқитын балаларды тұрғызып қойып ұялтып, одан кейін жақсы оқитын балаларды жеке-жеке атап шықты. Біздің кластағы жалғыз екпінді мен болатынмын. Өте жақсы деген атымен жоқ.

– Алтыншы класта Сейсенов Сайлау жақсы оқиды, – деп директор көзімен ата-аналардың ішінен әкемді тауып алды. – Сіздің балаңыз жақсы оқиды. Тәртібі де жақсы. Жалпы өз класының алды.

Әкем бірдеңе айтқысы келіп, орнынан тұрды.

– Сөйлейін деп пе едіңіз? Айтыңыз, айтыңыз... – деді директор қоштап.

– Қарағым, – деді әкем директорға қарап. – Мақтағаныңа рақмет. Бірақ біздің тұқымға тіл мен көз үйір еді. Жұрттың көзінше жақсы демей-ақ орташа дей салсаң болды ғой...

Жұрт ду күлді.

«Осы әкем-ақ жұрттың бәріне күлкі болады да жүреді екен» деп ішімнен ыза болып отырмын.

– Болмайды, ақсақал, – деді директор басын шайқап. – Біз қайта жақсы оқығандарды нашарларға үлгі етуіміз керек.

– Басқаларыңды үлгі етіп алсаңдар жарар, – деді әкем қолын сілтеп. – Немене, менің балама ғана тіреліп отырсыңдар ма? Анау Өтегеннің төрт баласы бірдей мектепте оқиды. Соларды жақсы дей салсаңдар, біреу сендерді тексере ме?

Мұғалімдерге шейін қыран-топан.

Оларды тыңдап жатқан әкем жоқ.

– О, құдауанда, – дейді отыра беріп. – Біреуді біреуге үлгі еткеннен бірдеңе шығатындай. Құдай әуелде санасына ештеңе бермесе атасының басына жақсы оқи ма?..

Қорытындыдан кейін әкем мені артына мінгестіріп, демалысқа үйге алып кетті. Апам да әбден сағынып қалған екен. Шай үстінде де, ет үстінде де мені кезек-кезек айналып-толғанып, үйірілумен болды. Қайталап келіп, қоя беретін сұрақтары – «неге жүдеусің?», «қарның аша ма?», «оқуың қиын ба?», «ауырған жоқсың ба?» т.с.с.

Ұйықтарда мені орталарына алып жатты. Түн ортасында ұйқылы-ояу күйімде сөйлеген сөздерін естіп жатырмын.

– Әрі кетші, әрі, – дейді апам әкемнің қолын менің үстімнен итеріп, – Шаруаң қанша менің баламда?

– Үйбай, жаман кемпір, – дейді әкем даусын біртүрлі жіңішкертіп жіберіп. – Мен қайда қалам сонда?

– Қайда қалсаң, онда қал.

– Дұрыс-ақ, күлге аунап тауып алған шығарсың?

Апам оған жауап бермейді.

– Апасының жарығы, апасының тобасы. Апасының әні, апасының сәні. Апасының айы, апасының тайы, – деп ұйқастырып, айналып-толғанып жөнеледі. Оған әкем қосылады.

Содан кейін әкем менің маңдайымнан, мұрнымнан жыбырлата иіскеп:

– Құдай-ау, әлі баяғы кішкентай кезіндегі иісі. Мына қарашы, кемпір, – дейді қайта иіскеп.

– Кәне, – деп апам келеді.

Сөйтіп жатып, біржола ұйықтап кетемін.

* * *

Әке мен шешенің арасында «жалғыз ұл» деген атпен бұлғақтап жүріп мектепті бітірдім. Әкем тай сойып, той істеді. Шалдардың батасын алды. Содан кейін көп кешіктірмей көрші отырған Таупықтың қызына құда түскісі келіп қопаңдап еді, жиен ағам мен апам:

– Бала оқимын деп отырса, оқыту керек. Әйел әперіп, қасыңа байлап қойғанда бірдеңе бола ма? Қазір дүниенің

бәрі оқуда қалып отыр. Қатар құрбысынан қалмасын, – деп тойтарып тастады. Мені оқуға аттандырып тұрып әкемнің айтқан ақылы:

– Шырағым, жұрттан озам деп талпынып, көзге түспей-ақ, оқуыңды да шамалап оқып, қатарға ілесіп жүрсең болды ғой. Сосын жиі-жиі хат жазып, амандығыңды білдіріп тұрсаң болды.

Астанаға келіп, университетке түстім. Ата-ананың бауырынан шықпай өскен мен секілді балаларға студенттік өмір ұлан-асыр той-думанмен бірдей болды. Сабақты әкем тапсырғандай ел қатарлы ғана оқып жүрмін. Алғашқы махаббат тәрізді бірдеңелер басталды...

Бірінші курстың жазғы емтихандарын тапсырып болғаннан кейін демалысқа елге қайтатын ауылдың балаларына ілесе алмадым. Мені студенттер арасында күрестен болатын жарысқа алып қалды. Қыста жаттығуларына қатысып жүретінмін. Тіпті екі рет факультетаралық жарысқа да қатысқанмын. Жеңіл салмақта күресетін палуан әлде ауырған, әлде кетіп қалған – тренер менен бәлендей үміт күтпесе де, команданы толтыру үшін мені шақыртып алды.

– Сені жарысқа қалдырып отырмыз. Күресе алмасаң да, қара көбейткенің керек болып отыр, – деді тренер. – Кейін спорт лагеріне путевка береміз. Жағдайың жаман болмайды. Келістік пе?

– Келістік, – дедім. («Көп болса жығылармын, нем кетіп барады» деп ойладым). Бір жетідей жаттығуға қатынасып, екі күннен кейін жарыс деп отырғанда үйден: «Әкең хал үстінде, тез жет» деген телеграмма алдым. Екі көзім алақандай болды. Тренерге телеграммамды әкеліп көрсеттім. Ешқайсысы жібермейміз деп айта алмады. Келесі күні ұшаққа отырып, ауданнан пошта ұшағына отырып, шыққан күннің кешінде үйге жеттім.

Үйге кірсем, әкем мен апам кешкі шайларына жаңа отырған екен. Мені көріп, екеуі де өре тұра келді. Бірінен соң бірі кезек-кезек айналып-толғануда. Менің бойымның өскенін, даусымның жуандағанын, тіпті түрімнің де өзгеріп кеткенін қызықтап, естері шығып кетті.

– Денсаулығың қалай, әке? – дедім отырғаннан кейін.

– Шүкір, – деді әкем жастығын шынтақтап жатып.

– Хал үстінде деген телеграмма алдым ғой.

– Оны өзіміз әдейі салдырдық... – Сосын: – Сені күреседі дейді ғой, – деді әкем менің бетіме ажырая қарап. Даусы «сені арақ ішеді дейді ғой» деп сұрағандай зілді шықты.

– Иә, онда не бар?

– Күресі құрсын! – деді әкем кейи сөйлеп. – Осында демалысқа келген балалардан сені күреске қалды деп естігенде, зәреміз зәр түбіне кетті...

– Айналайын, сен бізге батыр да, балуан да болмай-ақ қой. Аман болсаң, болар. Осы жер басып, қалқайып жүргеніміздің өзі, шетте жүрсең де, бір сенің қуатың екенін түсінесің бе өзің. Өшті бар, қасты бар. Өштескен біреу жазым қып кетсе қайтесің... Қой, шырағым, аулақ жүр, – деп апам шықты.

Мен факультетаралық жарыстарда ондай жазым қылу болмайтынын айтып түсіндіре алмадым.

– Өзге жұрт не ғып өлмей жүр, – дедім берілгім келмей.

– Өзгелер күрессе, бес-алтау шығар, – деді апам шай құйып жатып. – Жұрттың бәрі сен секілді жалғыз дейсің бе?

Шайдың орта тұсында әкем қолының білеуленген тамырларын сипап отырып:

– Жыққандарың болды ма? – деді маған.

– Әрине, болды.

Апам тағы да шошып кетті.

– Құдай сақтаған ғой, әйтеуір, – дейді үрейленіп.

– Күреске қалай шақырады, – деді әкем төмен қараған күйі. – Атыңды атай ма, әлде Сейсенов деп шақыра ма?

– Әрине, Сейсенов деп шақырады. Төрешілер қашан да фамилиямен шақырады.

Әкем төрешілердің фамилиямен шақыратынына риза болып, жымиып, жаулықтай орамалымен терін сүртті.

Таңертең жай тұрып, шайымды ішіп, үлкен кісілердің біразына сәлем беріп келейін деп киініп жатқам. Ауыз үйден:

– Кәне, кемпір, жүр, арағыңды құй, бірдеңе әкелдім, – деді әлдекім даурығып. Дауысына қарағанда пошташы Тайшық секілді.

– Не боп қалды? – деді апам.

– Жүрсейші, алдымен арағыңды құй, сосын берем.

– Ойбай, айтсаңшы.

– Балаңның хатын әкелдім. Балаңнан хат келді.

– Тайшық-ау, баламыздың өзі де келді ғой, – деді апам күліп.

Екпіндей есіктен кіріп келген Тайшық мені көріп, аңырып қалды.

– Қап! – деді сәлемдесудің орнына санын ұрып, – кешігіп қалғанымды қарашы. Шалдың арағын қайтып келіп ішемін ғой деп, өзіммен ала кетіп ем. Қап!

– Салаумағалейкүм, – дедім қолымды ұсынып.

– Әликімсалам, қап!

– Отыр енді, – деді апам шкафты ашып жатып. – Хат әкелмесең, арақ бермес дейсің бе? Бала келіп, қуанып жатырмыз. Тойдың арағын ішпейсің бе?

– Ойбай-ау, иә, той екен ғой, – деді қуанып кеткен Тайшық отыра беріп. – Балаңның келгені құтты болсын, кемпір. Айтпақшы, иә, мына хатты да беріп қояйын. Өзі де келіп қалған екен. Бізге хат кешігіп келеді ғой.

Тайшық менің Алматыдан шықпай тұрып жазған хатымды апама берді. Сосын алдына жайған дастарқанның шетінен «біссіміллә» деп, аузына бір бауырсақ салды да, маған қарап:

– Қалай? – деді.

Мен не деп жауап берерімді білмей, басымды изеген болдым.

– Дұрыс, – деді Тайшық толық қанағаттанып.

Апам орта бөтелке арақты Тайшықтың алдына қойды. Тайшық рақаттана жөткірініп, ыңғайланып отырды да:

– Сайлау ішпейтін шығар, бала ғой, – деп арақты стақанға толтырып құйып алды. – Ал, кемпір, балаң келіп, қуанып жатыр екенсіңдер. Ұзағынан сүйіндірсін...

Тайшық стақандағы арақты қағып салды да, тыжырынып отырып бауырсақ тістеді.

– Сенен хат келгенде, – деді маған бұрылып, – хатты әкеп беріп, сүйіншісіне арақ ішіп кететінім бар. Арақты қайдан ішпей жатырмыз. Шал-кемпірдің қуанғанын қызық көрем ғой.

Тайшық «аллауакбар» деп қолын жайып, ас қайырып, дастарқанды жиып, бүктеді де, орнынан тұрды.

Кешке мал сойылып, ауыл адамдары шақырылды.

Келесі күні Өмірзақтың машинасымен ауыл аралауға шықтым. Қапталдың суына шомылып, балық ауладық. Қамыстыкөлге барып, қайықпен серуендедік. №2 фермада қонақта болдық. Үш күн армансыз қыдырып, төртінші күні үйге қайтып келдім.

Әкем үйде екен. Сиырларды түбекке апарып тастапты. Баймаханның үй ішіне үйдің төбесінен көздеріңді сала отырыңдар депті.

– Неге кешіктің? – деді маған әкем.

– Қонақтан қонақ, үлгергенім осы...

Төрдегі айнаға қарап, менің альбомымды ақтарғандарын бірден білдім. Айнаның үстінде Райханның суреті ілулі тұр. Райхан екеуіміздің арамызда бір кезде достық қарымқатынастың болғаны рас еді. Сол кездерден белгі есебінде маған суретін сыйлаған. Сыртында «Сүйікті Сайлауға Райханнан» деген жазуы бар.

– Мыналарың не? – дедім суретті көрсетіп.

Әкем жаңа көргендей суретке қарап, біраз тұрды да:

– Осы баламды өзіме әкеп бер, – деді басын көтеріп. – Бізді бір қуантатын кезің болды ғой...

Сырттан самаурын көтеріп апам кірді.

– Белім шойырылып өлейін деп жүрмін. Мені бір аяйтын кезің бола ма, – дейді шоқты көсеп жатып.

Мен не дерімді білмедім. Суреттің сыртындағы жазуға қарап иемденіп, төрге іліп қойып жүрген әкем мен апамның қылығына ішегім қата күліп, суретті айнаның үстінен алып, альбомыма салып қойдым.

Менің үйленгенімді көру екеуінің арманы еді. Және бұрынғыдай құда түсіп, той жасап, қазақтың бүкіл ырым-жырымымен үйленгенімді қалайтын. Әр демалысқа келген сайын:

– Шырағым, біз қартайдық. Сенің қызығыңды көреміз бе, көрмейміз бе деген дәрежеге жеттік. Не ойлап жүрсің, – деп мазалайтын әкем.

Төртінші курста өзіммен бірге оқитын Кәмшат деген қыз екеуіміз отау құратын болып шештік те, жазғы емтиханды бітірісімен, мен үйге: «Адам алып бара жатырмын, той жасай беріңдер» деп телеграмма салдым.

Кәмшат бізге үшінші курста институттан ауысып келді. Ажары тәп-тәуір, салмақты қыз еді. Өзімде жоқ мінездерді – ұстамдылықты, сабырлылықты соның бойынан көрген соң, ойланбадым. Ауылға түс ауа жеттік. Үй бөгеттің қапталындағы қыстауда отыр екен. Машинаны көріп, төрт-бес кемпір орамал алып, алдымыздан шықты.

– Масқара, мен не істеуім керек? – деді Кәмшат құлағыма сыбырлап.

– Мен қайдан білейін. Айтқандарын орындай бересің ғой, – деп ақыл қостым.

Машинадан түстік. Кемпірлер Кәмшатты қоршап алды. Апам маңдайынан сүйіп, төбесіне орамал бүркеді. Абдырап жүр. Менің бетімнен жол-жөнекей сүйіп кетуге уақытты әрең тапты. Көп ұзамай малдан әкем келді. Төңіректегі жұрт та жинала бастады. Бөгеттің қарсы бетіне киіз үй тігілді. Мал сойылып, жерошақ басындағы қазанның төңірегіне қызмет қылған жас әйелдер қаптады. Сөйтіп әкем мен апам көптен аңсаған үлкен той басталды да кетті.

Шымылдықты киіз үйге әкеп құрды. Жастар жағы тегіс киіз үйге шықсын деген ұйғарым болды. Ойын-сауық қызып, киіз үйге адам сыймай кетті.

Таң ата той басқарып отырған Өмірзақ келіннің бетін ашамыз деп, қыстауда отырған үлкен қариялардың бәрін киіз үйге алдырды.

Шымылдық түрілген. Басына жібек шәлі бүркенген Кәмшат түрегеп тұр. Өмірзақ домбырасын безілдетіп, беташарды бастады:

Айт, келін-ау, айт, келін,
Атыңның басын тарт, келін.
Сауысқаннан сақ келін,
Жұмыртқадан ақ келін.

Үйдің іші сіресіп тұр. Сыймағандары есіктен иін тіресіп, қайсыбіреулері жабықтан сығалайды.

Өмірзақ домбырасының басын бұлғалақтатып:

Төрде отырған қайын атаң
Сейсен шалға бір сәлем, –

деген кезде Кәмшат қайтер екен деп жүрегім дүрсілдеп, қарап қалдым. Кәмшат тап бір бұрынғының қалыңдықтарындай иіліп тұрып, тізелеп сәлем бергенде, уһ деп демімді бір-ақ алдым. Төрге қарап едім, әкем жылап отыр екен.

– Құдай-ау, қаланың қыздары да сәлем қылуды біледі екен ғой, – деп, әйелдер гуілдесіп кетті.

Ырду-дырдумен тойға жиналғандар күн шыға бір-ақ тарады.

Ертеңіне кешке қарай ел аяғы басылған кезде әкем «келін балама шай құйдыртамыз» деп жиен ағамды, Смағұлды, көрші Таупықтың үй ішін шақыртты.

Шай келді. Бәріміздің көзіміз Кәмшатта. Кәмшат жібек шәлісін бүркеніп, қысылып-қымтырылып, шай құйып отыр. Апам жаңылысып кете ме деп қорыққандай, сүтін тақап беріп, самауырынды жақындатып, шайдың қалдығын төгісіп, бәйек болып отыр.

Әкем Смағұлға қарап:

– Қабиларға хабар жетпеді ме екен, келе алмады ғой, – деп әңгіме бастаған болады. Бірақ Қабиды ойлап тұрмағаны сезіліп тұр. Анда-санда Кәмшат жаққа бір көз тастап, орамалымен желпініп қояды. Өңі күлімсіреп, жөткіріне береді.

Кәмшат сыннан мүдірмей өткен секілді. Кешке жатарда Кәмшат жыламсырап, маған екі тізесін көрсетті.

– Тізем бастырмай қалды. Екі сөтке болды қисаймағаныма, тіпті жан жоқ, қарашы.

– Ештеңе етпейді, – деп жұбаттым. – Ең жақсысы, барлық сыннан сүрінген жоқсың... Тізеге иіліп сәлем беруді қайдан үйреніп жүрсің?

– Шымылдықтың ішінде отырған келіншектерден сұрап алдым, – деді Кәмшат тізесін сипап.

Мен Кәмшаттың тізесін уқалап беруге енді кіріске бергенімде есік сықыр етіп, апам кіріп келді. Қолындағы бір меске қымызды алдымызға қойды да:

– Кісілерден жырып алып едім, – деп қақпағын ашты. – Ащылау болса, сапырып ішерсіңдер.

Содан кейін есіне жаңа түскендей мені көріп:

– Апасының жұлдызы, апасының құндызы, апасының құлыны, апасының жұлыны, – деп баяғы өзінің әдетімен ұйқастыра жөнелді.

Апам шығып кеткеннен кейін Кәмшат:

– Апасының күшігі, апасының мысығы, – деп мені мазақ қыла бастады.

Біз үйде бір айдай болдық. Төңіректе шақырған туыстар көп болып еді. Бірақ әкем:

– Өздері небәрі бір-ақ ай болады екен. Қайсысына бірдей жібере берем. Онан да үйде болсын, – деп көп жерге жібермеді.

Әкем тіпті бізді қайтадан оқуға да жібергісі келетін түрі жоқ. Боз ала таңнан тұрып, жылқыларды әкеліп байлатады да, бөгеттің үстінде ерсілі-қарсылы жүреді де қояды... Анда-санда бізді оянсын дегендей жөткірініп, белгі береді. Кейде естіртіп:

– Шөлдедік қой, – дейтіні бар.

Әкемнің «шөлдедік» дегенін естісе, Кәмшат зәресі ұшып кетеді. Апыл-ғұпыл киініп, үйқылы-ояу күйінде самаурын қоюға кіріседі. Апам келген көршілерге: «Біздің Кәмшатжан» деп сөйлейтін болды. Ақыры біздің де қайтатын уақытымыз болды. Қайту сапарымыз әкем мен апамның осы уақытқа шейінгі қуанышын басып тастағандай болды. Қанша жыламауға тырысып, өздерін-өздері жұбатқан болса да, түрлерінен қимай, уайым жеп тұрғандары көрініп тұр.

Алматыға келгеннен кейін апамның бізге деген посылкасы тіпті үзілмейтін болды. Посылканың ішіндегі хатта ылғи: «Кәмшатжанның қандай тамаққа көңілі шабады, айта жазыңдар» деген сөз жүреді. Мен ұзақ уақыт бұл сөздеріне түсінбей жүрдім. (Сөйтсем, Кәмшаттың жерік асы бар ма деп сұрап жүргендері екен).

Ел жақтан біреу келсе, әкем тек біздің үйдің адресін ұстатып жіберетін болды. Жиналысқа, демалысқа, қаралуға келгендердің бәрі біздің үйге бір соқпай кетпейді. Бір күні ауылдан жиналысқа Өмірзақ келді. Таңертең шай ішіп отырып:

– Іші білінбейді ғой, – деді маған Кәмшатты көрсетіп.

– Білінбегені қалай?

– Осында келгендердің бәрін әке-шешең оңаша шақырып алып, Кәмшатжанның іші білінбей ме, байқамадыңдар ма деп сұрайды, – деп күлді Өмірзақ. – Әнеукүнгі барған Естай «келіннің іші бар секілді» деп барған екен, әке-шешең мәз болып, төңіректі шақырып жүр.

Кәмшат қызарып кетті.

– Бүкіл ауыл сондай ма, жоқ тек сенің әке-шешең ғана осындай ма? – деді кешке құлағыма сыбырлап.

Әкем мен апамның ендігі армандары – немере еді. Ақыры немере де болды. Біз де оқуды бітірдік. Әкем тағы бір тойға дайындық жасап жатты. Әкем мен менің арамдағы болмашы бір қайшылық осы тұста басталды. Олар мені елге келер деп күтіп жүрген, мен аспирантурада қалатын болдым.

Әкем мен апам тағы да: «Ғылым деген не пәле, осы оқу жетпей ме? Жұрттың баласы бітіріп, келіп жатыр. Бізді не істейсің сонда», – деп баяғы әндеріне салып көріп еді, мен көнбедім.

Өйткені мен аспирантураға бұл жолы түспесем, сірә да, түсе алмайтынымды сездім. Әке-шешем ренжиді де қояды.

Одан екінші баламыз болды. Әйтсе де екі баламыздың арасына үш жылдай уақыт түсіп кеткен. Бұл апама мүлдем ұнамады. Жазда командировканың жағдайымен үйге соққанымда, апам оңаша шақырып алып:

– Кәмшатжан неғып кешеуілдеп жүр... Қаланың әйелдері дәрі ішеді дейді, сондай бірдеңе жасап, масқара болып жүрген жоқсыңдар ма, – деп күдік айтты.

Алғашқы ұлымызды мектепке берерде тағы да дау туды. Әкем мен апам баланы «бізге бер, ауылдан оқытайық, бізге де алданыш керек» деді. Біз қаладан оқытқымыз келеді.

Әркімнің бір арманы болатыны секілді, менің де бір арманым баламды қаладан, өз қолымнан оқыту еді... Өзгелер секілді мен де баланы кішкентай кезінен тәрбиелесем деп едім. Музыка немесе спорт мектебіне немесе арнайы ғылыми бағыттағы мектепке, не шет тіл группаларының біріне берсем деп ойлап едім. Бәлкім, бір таңғажайып қабілетінің беті ашылар деген дәме де көңілімде жоқ емес-тін.

Жалпы барлық ата-аналар секілді менде де өзім жетпеген жерге балам жетсе екен деген ой болды.

Әкем тұңғыш рет маған кәдімгідей ренжіді. Сөйтіп жүргенде әкемнің бауыры ауыратын болды. Өзі хатқа жаздырмаса да, елден келгендерден екі-үш рет ауруханаға түсіп шықты дегенді естідім. «Келіп, емдел» деп хат жазып едім, «Қазір тәуірмін» деген жауап алдым.

Өмір өстіп өтіп жатты. Мен кандидаттығымды қорғадым, үш бөлмелі үй алдық. Енді әке-шешемді қолға алсам деген ой туа бастады.

Жазда балаларды алып, Кәмшат екеуіміз елге келдік. Әкем төсек тартып жатып қалыпты. Біз барған соң басын көтерді. Бірақ алып кетеміз дегенімізге көнбеді.

– Келесі жылы өзім барамын,– деді немересін иіскеп отырып. – Биыл малды ешқайда қосқан жоқпыз. Бағатын адам жоқ. Амандық болса, келесі жылы малды жанжаққа тапсырамын да, апаңды алып, Алматыға жетіп барамын.

Енді міне, келесі жылы баратын әкем хал үстінде жатыр. Жанында отырып, әкеме қатысты өткен күндерді есіме алып, ұят пен өкініштен азап шеккеннен басқа қылар қайраным жоқ. Тіпті мойнымдағы парызымды өтемек түгіл, әкеме өлшеусіз қиянат жасағандай сезінемін өзімді.

Құдай-ау, айдаладағы біреудің де жақсылығына жақсылықпен жауап қайтарасың, ал өзіңді дүниеге әкелген, сен үшін отқа да, суға да түскен әкеңе ешқандай жақсылық жасай алмау не деген қылмыс! Рас, мұның бәрін де әкем кешірер еді. Әкеме бататыны – тұқымына құт дарып, үйдің іші толған бала болып, астаң-кестеңі шығып жатса деген тілегінің орындалмай кеткені. Соңғы кезде апамды салып: «Кәмшатжан неғып тоқтатып қалды, денсаулығы қалай екен», – деп айтқыза беретін. Өз тұқымының одан әрі берік жалғасып кете алатынына кәміл сенбеген адамның бір арманын ішіне бүгіп кететінін мен кеш түсіндім.

* * *

Әкем таңертеңгілік шай үстінде басын көтеріп отырды. Шайдан кейін айна алдырып, сақалын тарап, түрін көріп, біраз жатты. Әкемнің қозғалысы күндегіден гөрі ширақтау секілді, бірақ жанары тым өткір еді. Бұрынғыдай үй ішіндегі ұсақ-түйек заттарға мән бермейді. Тіпті кірген-шыққан жұртқа да назар тоқтатпайды. Өзімен-өзі. Тек түс кезінде бұрынғы әдетімен:

– Баланың қарны ашты ғой, тамақ істеп пе едіңдер? – деді апама.

– Қуырдақ қуырып жатырмыз, – деді апам жүре сөйлеп.

Түстен кейін әкем нашарлай бастады.

– Бала қайда? – деді бір кезде әлсіз үнмен.

Жүгіріп әкемнің жанына келдім. Апам да, жиен ағам да, Смағұл, соның алдында ғана келген Өтеген шал – бәрі әкемнің қасына жиналды.

– Қалқам, – деді әкем қолымды ұстап, – шешеңді ренжітпе...

Одан кейін апамның қолын алды.

– Бақұл бол, – деді көзін айырмай. – Қош... Қайтейін...

Біздің еңіреген үніміз қаттырақ шығып кеткен соң:

– Тек, жыламаңдар. Арыздасып қою дегеннің қателігі жоқ. Неге осынша жылайсыңдар? – деп басу айтты Өтеген шал.

Әкем жиен ағаммен, Смағұлмен арыздасып қоштасты. Содан кейін Өтегенге қолын созды:

– Бір жылы туған төл едің... тіршілікте артық кеткен жерлерім болса, кеш!..

Өтеген қалтасынан орамалын алып, көзінің жасын сүртті.

– Өзің де кеш, Сейсен! Пенде болған соң артық-ауыс сөздеріміз болған шығар... Жамандыққа қиған кезім жоқ. Қош, құрбым! Мен де көп ұзамаспын. Соңыңнан жетермін...

Өтегеннің сөзіне үй ішінде жыламаған адам қалмады.

– Молдаға адам жіберіп пе едіңдер? – деді әлдекім.

Жиен ағам молданы алдыртуға кісі жібермек болып, сыртқа шығып кетті. Молданың үйі поселканың ең шетінде болатын. Ол келгенше әкем басын көтеріп, кәдімгідей тыңайып қалды. Молда кіріп келгенде, әкем сусын ішіп отыр еді.

– Оу, шалың тың ғой, – деді молда күліп.

– Жаңа бір әзірде төмендеп кеткен соң, шақыртып едік, – деді жиен ағам молдаға жастық тастап жатып.

Үй іші қайтадан көңілдене бастады.

– Біз әлгінде Сейсенмен арыздасып қойып едік, – деп Өтеген молдаға қарады.

– Мына қаз Досмағамбет былтыр ауырғанда бүкіл үй ішімен арыздасып, артынан жазылып, тұрып кетті ғой, –

деді молда қалтасынан таспиығын алып жатып. – Кездескен сайын ұятты болып жүрмін деп қояды маған.

Арыздасқаннан кейін де жазылып кетуге болады екен ғой деген бір үміт жүрегімізде тұтанып, кәдімгідей серпіліп қалдық. Әңгіметіздің бәрі өстіп аяқ астынан жазылып кеткен адамдардың төңірегінде болды. Молда айтылған әңгімелерге «бәрі де құдайдың бұйрығына байланысты, бұйрықтан артық ештеңе болмақ емес» деген тұжырым жасады.

Жиен ағам:

– Мен үйге барып келейінші, атқа шөп салынбап еді, – деп орнынан тұра бергені сол еді:

– Молдеке, бері келіңізші, – деді әкемнің қасында отырған Смағұл. – Сейсен төмендеп кеткен секілді.

Тағы да анталап, әкемді қоршап алдық.

Әкемнің көзі жұмулы, аузы ашылып, кеудесі сыр-сыр етеді. Алдында дәл осылай ұйықтап жатқанын талай рет көргенмін. Сондықтан бәлендей қауіпті жай болар деп ойлаған жоқпын.

Молда мен Өтеген қабаттасып, әкемнің тамырын ұстады. Молда күбірлеп, иман үйіруге кірісті. Мен алдында байқамаған екенмін, әкемнің көзі төңкеріліп, жартылай ашық жатыр екен. Кеудесіндегі сырыл да, демі де бәсеңдей берді.

– Шымылдық әкеліңдер, – деді молда дауыстап. – Тек жыламаңдар. Жай талып кетті. Талып кеткенде жыламас болар.

Молда мен Өтеген алып келген ақ шымылдықты әкемнің төсегіне керіп байлады да, бізді ығыстырып, өздері шымылдықтың ішіне кірді. Операция жасап жатқан дәрігердің шығуын күткендей бәріміз де керулі тұрған шымылдыққа қарап қалыппыз.

Әлден уақытта шымылдық ішінен басы селкілдеп Өтеген шықты. Мен еш нәрсеге түсінбей, аңырып қалдым. Өтегеннің:

– Аттанып кетті, – деген жарықшақ үнін естігенде барып әкемнен біржола айырылғанымды білдім.

Осы кезде көкірегімде жүрген барлық өкініш, қайғы уыты кеудеме шауып, бүкіл тірлігімнің құдайы – әкемнен мәңгі айырылғанымды түсініп, еңіреп жылаған

күйімде шымылдыққа ұмтылдым. Шымылдық ішіне молда босатпады.

– Шырағым, балалықты қой, өлікке обал болады. Алла тағала әкеңе иман берсін. Енді ол бұл дүниенің адамы емес. Сондықтан мұның қиянат болады. Сабыр қылыңдар, сабыр.

Кімдер екенін айырып болар емеспін, кезек-кезек келіп, мені құшақтап көрісіп жатыр. Тек апамды даусынан айырдым.

– Асқар таудай әкеңнен айырылдық қой, жалғызымай! Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, өсіріп еді, жалғызым-ай! – деп тас қып құшақтап, айырылмай қойды.

Бір шамада:

– Сабыр қылыңдар, жамиғат. Шалдан айырылдық. Енді жақсылап аттандырмақ парыз. Өздеріңе өздерің берік болмасаңдар болмайды, – деген молданың даусынан кейін у-шу саябырлағандай болды.

Жиен ағам мен Смағұл, Өтеген шал, тағы бір-екі адам есік жақта түрегеп тұрып, ендігі шаруашылықты ақылдаса бастады. Жан-жаққа хабар тарату керек, арғы шеті Тоқанайға дейін... Көрші ауылдағы шалдардың бәрі бір түн ішінде келе алмайды, оларды таңертең арнайы машинамен алдыртқан жөн. Малға бір естияр адамды жібермесе, жетпей қалуы мүмкін. Қырық шақырым жер оңай емес. Өтегеннің барғаны жөн шығар. Бұрынғы піскен нан жетпейді, екі жерден қазан орнатып, нан пісіру керек. Піркәншік бір жаққа кетіп қалып жүрмесін, алатын жыртысымызды ала алмай қалып, масқара боламыз. Сүйекке салатын киімдерді біреуге тапсырған жөн. Сүйекке түсуден мына көрші Қайырбек шал қалып қойып жүрмесін. Сынаушы көз ғой... Молдаға атайтын малды кемпірдің өзі айтсын... тағы сол сияқтылар.

Ақыры Өтеген малға баратын болды.

Қалған шаруашылықты тікелей өзі тындыратын болып, жиен ағам сыртқа шықты. Үйдегілерге қызмет етуге Смағұл қалды.

Төңіректегі халық естіген беттерінде көңіл айтуға топырлап келіп жатыр. Жылай-жылай екі көзім бұлаудай

болып, аштырмай қалды. Басым зырқылдап, шекем суырды. Енді шалдар келген әйелдерге:

– Сайлау шаршап қалды. Көп жылатпаңдар, қарақтарым. Байқаңдар, шамалаңдар,– деп тежеу сала бастады.

Түн ортасына қарай үй ішіндегі у-шу бір қалыпқа түскен секілді болды. Қайта-қайта шай келді. Шалдар әкем туралы әңгіме бастады. Сөздерінде ешбір реніш-күйініш жоқ. Осылай болуы заңды да, тіпті осынысы дұрыс болғандай, емін-еркін қалжыңдасып, ендігі өлімнің кезегіне дауласып, әңгіме-дүкенмен үй ішіндегі өлім елесін бірте-бірте сейілте берді.

– Апырмай, Сейсен әулие екен,– деді молда шайын ұрттай отырып.– Көз жұмардың алдында бір сағаттай бұрын ғана үй ішімен арыздасып, мені шақыртқан екен. Мен келгеннен кейін-ақ, күтіп жатқандай төмендей берді.

– Өле өлгенше ақылынан, не сөзінен жаңылмады ғой,– деді Смағұл.– Көзі жұмылғанша бәрімізді танып жатты.

– Жарықтық-ай!

– Япырай, ә! – десті шалдар бастарын шайқап.

– Қанша ауырғанда дәрмені қашып, дәреті қинап, берекені алып көрген емес қой, – деп сөзге араласты есін жия бастаған апам. – Таза кетті ғой... Жоқ, жоқ...

– Қалай болғанда да, әйтеуір кемпірдің алдында кеткені қандай жақсы. Келінге қараған күн болса, не болмақшы. Кіріп-шығудың өзі ақирет қой, – деп қауіп білдірді шалдар.

Келінге қараған күннің қиын екенін дәлелдеу үшін әрқайсысы жеке-жеке мысалдар келтіріп, сондай күйге тап болып отырған кейбір көзі тірі шалдардың халдеріне аяныш білдіріп, оған қарағанда әкемнің мынау өлімі құдайдан тілеп алатын өлім екенін айтып, тап бір әкем өлмей қалғанда жағдайымыз қиындап кететіндей, осының бәрін сәті түскен іске әкеп тіреді.

Түн ортасы ауғанда жылқыны алып, Өтеген оралды. Үсті-басы малмандай су болып Өтеген үйге кіріп келгенде, отырған жұрттың бәрі аңтарылып, таң-тамаша болды.

– Ойбай-ау, ұшып келдің бе, не істедің?

– Малың бар ма?

– Үсті-басың неге су? – деген сұрақтар қаптап кетті.

– Оралмамен жүрсем, таң ата бір-ақ келетін түрім болды, – деді Өтеген тұмағын босағадағы шегеге іліп жатып, – барып малды тапқанша не заман өтті. Қайтарда қатты жүрсем, семіз байтал барлығып, еті бұзылып кетер деп қорықтым. Сосын тәуекел деп төтелеп өзеннен өттім.

Жұрт шошып кетті.

– Ойбай, не дейді?! Түн ішінде ме?..

– Астапыралла! Жүрегің қайтып дауалап жүр.

– Тай-құлындай бірге өскен Сейсен өліп жатқанда жаннан қорқып жүрейін бе? Сейсенге қылмаған қызметті әлдеқашан сүйегі құрап қалған әкем Нұрымға жасаймын ба?.. – Өтеген су сіңген етігін шеше алмай, әуре болып жатты. – Таңертең келген мал қашан сойылады?..

Өтегеннің түн ішінде өзеннен өтуі үлкен азаматтық болғанын жұрт жаңа сезіп, тағы да жамырай бастады.

– Әй, бұрынғының адамына дауа бар ма! – деді әлдекім.

– Өтекеңнен басқа адам болғанда малдың үлгеруі де қиын екен, дегенмен дұрыс болыпты, – деді тағы біреуі.

– Өлікке осылай қызмет етпек керек, – деп ақыл айтты молда.

Өтеген бұлай қызмет ету өзінен басқа ешкімнің қолынан келмейтініне сенімді пішінмен төрде нық отыр.

Осылайша әңгіме-дүкен құрып, тойға жиналғандай бірін-бірі қағытып, қалжың айтысып, өлікті күзеткен шалдар таң атқанша бір көз ілмеді. Молда түнімен құран шығарды. Таңертең бір топ шал сүйекке түсті. Сүйекке түскен шалдарға киім бөлісерде Қайырбек шал әкемнің саптама етігін алмай, өкпелеп шығып кетті.

– Е, мейлі, – деді әлдеқалай қырсығып қалған жиен ағам. – Басқа беретін түгім жоқ. Әшейін сандалып... Әйтпесе түгі жоқ, киілмеген, жап-жаңа саптама етік...

Тамақ ішіліп, әлденеше рет құран оқылғаннан кейін, өлікті шығарарда молда дәуір айналдырды. Жұрттың бәрі топырлап, ауыз үйге сыймай кетті. Жиен ағам мені шақырып, молданың алдына отырғызды. Молда аятын айрықша бір сазды әуенмен сарната оқып, әлден уақытта:

– Сейсеннің азан шақыртып қойған аты кім? – деді дауыстап.

– Сейсен өзінің аты емес пе?..

Жұрт аңтарылып бір-біріне қарады.

– Азан шақыртып қойған аты... – деп күмілжіп қалды жиен ағам.

Апам да үнсіз отыр. Кенет:

– Сейсенбай, – деді шалдардың бірі.

– Азан шақыртып қойған аты кім? – деп қайталады молда.

– Дұрыс, сол дұрыс, – деді апам әлгі шалдың сөзін құптап.

Мен өз әкемнің шын атын жаңа естіп тұрғаныма іштей таң қалдым.

Молда әкемнің туған жылын сұрады. Сенбей тұрғандай:

– Үкіметше емес, шын жылын айтыңдар, – деп дауыстады.

Ақыры дәуір айналдыру аяқталып, кілемге оралған өлікті сыртқа шығарып, машинаға салды.

– Дұрысы арбамен апарған ғой, бірақ енді машинадан басқа көлік қалмады, әрі өзі соншама жер, – деп ақталған болды молда.

Қабірдің басына келгеннен кейін жерінің керемет жұмсақ болғанын, үйінің аузын жабатын кірпіштердің соншалықты мол келгені бірсыпыра әңгіме болды. Жиен ағама бүйірден тескен лақат ұнамай, күрегін алып өзі түсіп, әлдебірдеңелерін жөндеген болып, бір уақытта шаңшаң болып қайта шықты.

Қабірге топырақ салдық. Жұрттың бәрі өлік алдындағы ең соңғы парыздарынан құтылып қалуға асыққандай күрекке кезекке тұрды. Бірнеше адам құран оқып, қабірдің бұрыш-бұрышына қойған ақшаны бөлісіп алды. Жыртыс жыртылды. Жиналғандар ақырғы рет қолдарын жайып, әкемнің өте жақсы аттанғанын әңгіме қылып, өткен жолы Жарқымбайдың кемпірін көмгенде күрек батпаған жердің қалайша жұмсарып кеткеніне таң қалысып, орындарынан тұрды.

Төрт-бес күннен кейін әкемнің жетісін бердік. Тағы да мал сойылып, нан пісіріліп, бүкіл көрші-көлем абыр-сабыр болып жүр. Көрші ауданнан да бата қылып келіп жатқандар бар. Біз тіпті уайым-қайғыны ұмытып, бүкіл ынта-ықыласымыз жұртты шақыру, тамақты, шайды үлгерту, азаға келгендерді бөлме-бөлмеге орналастыру,

тағы да сол сияқты толып жатқан шаруашылықтарға ауып кетті.

Дәм үстінде бесінші ауылдан келген Оспан молда мен өзіміздің кіші молда айтысып қалды. Кіші молда қол сүртуге берген газетті алмай, майлық сұрады.

Осы кезде Абыл шал:

– Біздің молда осы қазитке қол сүртпейді, шариғатта сүйдеп жазылған ба? – деп Оспан молдаға қарады.

Оспан өзінің аузынан шыққан сөздің шариғат сөзінен бір кем болмайтынын жақсы білетін айрықша жауапкершілікпен маңызданып біраз отырды да:

– Қазитке сүртуге болады, – деді Абылға қарап. – Қазитке сүрту шариғатқа қайшы келмейді. Онда тұрған харам ештеңе жоқ.

Бұған кіші молда шамданып қалды. Екеуі шариғаттан әртүрлі мысалдар келтіріп, біраз айтысты. Бірақ сөздеріне қарағанда құранда дәл газетке байланысты айтылған нақтылы нұсқау жоқ екені байқалып тұр.

– Біреу аттан түсіп жатыр, – деп хабарлады есіктен балалардың бірі. «Бұл кім екен?» – деп жиен ағамның бұрыла бергені сол еді, есіктен үстінде қаудырлаған плащы бар шоқша сақалды, ақсары шал кіріп келді. Келген бетте төрге отыра қалып, құран бастады. Құран оқылып, қол жайылғаннан кейін барып, амандыққа көшті.

– Иә, қаза қайырлы болсын, бәйбіше, – деді апама қарап. – Иманын жолдас қылсын. Біз алдыңгүні ғана естідік. Болмаса қызмет қылуға кеудеде шыбын жан тұрғанда жетуге болатын еді. Қалғанға ғұмыр берсін. Танымай қалдың ба, мен Айдарханмын ғой... Көрші ауданда тұрамыз.

– А-а, – деп жалт қарады апам. Содан кейін ойланып қалғандай сәл тұрды да, дауыс қылып қоя берді. Тағы да құран оқылды. Қолға су құйылды. Шай келді.

– Сейсеннің жалғыз ұлы осы бала ма? – деп Айдархан маған қарады.

– Иә, – деді жиен ағам.

Айдархан әкеммен бірге болған күндерін әңгімелей келіп:

– Шырағым, – деді маған қарап. Сейсен екеуіміз кішкене күнімізден бірге өсіп ек. Кісінің ала жібін атта-

майтын, сыртынан сөз сөйлемейтін, кісілігі биік жан еді. Әкеңе тартсаң, жаман болмассың. Әкені жоқтаған да жақсы. Бірақ езіле беруге болмайды. Жалғызынан айырылып жатқандар да бар. Иә... Содан сақтасын деңдер.

Апам көзіне жас алды.

– Жыламаңдар, – деді Айдархан тақиясын шалқайтып. – Уәйімге берік болған жөн. Иә... Баяғыда бір ханның жалғыз ұлы өліп, көңіл айтуға Едіге би келгенде басын көтерместен: «Менің бұл қайғым қайтсе қалады?» деп сұрапты дейді. Сонда Едіге би тұрып:

– Ей, ханым, – десе керек.

– Ей, ханым, сенің бұл қайғың,
Келелі бидің кеңесінде қалады,
Биік таудың төбесінде қалады,
Өзен-судың көбесінде қалады,
Қыран құстың қиығында қалады,
Жүйрік аттың тұяғында қалады,
Сұлу жардың қойынында қалады,
Ұлы тойдың ойынында қалады,
Осы айтқанымды істемесең,
Өле-өлгенше өзіңнің мойныңда қалады, –

деген екен.

– Япыр-ай, ә! – десті отырғандар таңырқап.

– Сол айтқандай, – деді Айдархан сөзін жалғап, – өлгеннің артынан өлмек жоқ. Берік болған жөн. Мінеки, қандай қылып жөнелтіп жатыр. Елдің ортасы деген осы ғой...

Келесі күні мен ауданға баратын совхоз директорының машинасына ілесіп жүріп кеттім. Қайғы жүгі жеңілдеп, бойым сергіп қалған секілді. Өлікті қадір тұтқан осынау қыруар өлім жоралғысының ғасырлар бойы халық арасында сақталып келуінің сырына жаңа түсінгендеймін. «Япыр-ау, – деймін ішімнен таң қалып, – неге жұрт ел ортасында өлгісі келеді? Неге өмір бойы басқа жерде ғұмыр кешіп, өлу үшін туған елге оралады? Неге?..»

Оралатын елің болса, оған не жетсін... Әлдеқалай көңілім босап, көзіме ыстық жас тірелді. Бірақ әкемнің қазасына жылағам жоқ. Басқа бірдеңеге. Басқа...

ОРАЛУ

I

Шаңы бұрқылдаған, қуықтай тар көше бойымен малта тастарға шоқалақтап, ағаш көпірден өтіп, поселканың сыртына шықтық. Бұл жер таудың шөге-шөге таусылып, тегістелген етегі екен.

Көп ұзамай ойқы-шойқы дөң-төбелі баурай басталды. Жүрген сайын шатқал арасына сұңғіген бұлтақ жол кейде оң қапталдан, кейде сол қапталдан көрініп, кейде тап бір аспанға апаратын жолдай машинаның жан даусын шығарып, биік қырға шаншылып, тік өрлейді.

Жанымдағы шоферіме көз тоқтатып қарап ем – бетінің аздаған секпілі бар, етжеңді жүзінен сәбилік аңқаулық байқалатын, шіп-шикі бала екен. Біртүрлі мұңды, қалың қабағы мен онша қиюласпай тұрған дүрдек еріндері, солбырайған ауыр бас бітімі көп сөйлемей, іштей ойлауға дағдыланған адамның кейпін танытады. Рөлге сәл еңкейе түсіп, екі жағына ақ түбіт боз өскен тастақ жолға селсоқ қарап, үнсіз отыр. Зәуде:

– Мынау не нәрсе? – деп мүжіліп, құлауға айналған ескі мазарды көрсеткенімде:

– Баяғы Балта батырды естуіңіз бар ма? Соның моласы ғой, – деді шамадан тыс бір шабан үнмен.

– Е-е-е... Ол өзі қай тұста болған кісі екен?

– Кім білген... Намаз оқып отырған жерінде өлтіріп кетсе керек. Келіп қалған жауды көрсе де, намазын

бұзбапты ғой жарықтық. – Ол осыны айтып, бар білгенім сол-ақ дегендей тағы үнсіз қалды.

Баланың әңгіме сүймейтін қылығы маған ұнаған жоқ. Сөйтсе де сәті түсіп, келген бетте аудан орталығынан машинаның табыла кеткеніне қуанып, көңілді отырдым. Тіпті командировкаға шығуымның өзі сәті түскен іс еді.

Өткен жазда әлдеқалай қонағасының үстінде бейтаныс әйелден осы жақта тұратын бір танысым жайлы хабар естігем. Оның өзі сәті түскендіктен шығар, әңгімелесіп отырған екі әйелдің аузынан Бәтима деген есімді естіген соң:

– Құдай үшін айтыңызшы, – дегем әңгімелерін бөліп. – Мұныңыз кәдімгі Серікбаева Бәтима ма? Сіз оны қайдан білесіз?

– Қайдан білетіні несі? Институтта бірге оқыған подругамды ұмытып, маған бірдеңе көрініп пе?! Қайдан білуші ем? – деп әлгі әйел біртүрлі шамданып қалды. Шамданып қалғандықтан, оның кімге тигенін, балаларының санын, қазір қайда тұратынын да айтып берді.

Содан осы жаққа жол түскенде бір соғуды көңіліме түйіп жүруші ем. Кіп-кішкентай кезімізден бірге ойнап, бірге жүрген, бірге оқыған Бәтима ғой...

Қымыздық өскен боз қыратты қапталдап, жазыққа шықтық. Жер беті дөңгеленіп, алыста мұнартқан тау жотасы алдымызды орағысы келгендей жарысып, көкжиек бойымен зымырап келеді. Ашық терезеден тау қойнауының саумал иісі аңқиды. Мен шілде айының қалың ортасында көздің жауын алып, құлпырып тұрған ғажайып бір жасыл түсті тау бөктеріне тамашалай қарап, рақатқа шомдым. Бірақ көп ұзамай біркелкі гуілдеген мотор үнінен, машинаның ырғауынан көзіме ұйқы тығылды. Кісі жалықтыратын ұзақ жолда серігімнің әңгіме білмейтін мақаупес бала болғанына қынжылдым.

– Тоқтатшы, шырағым, – дедім де, сөмкемді ашып, ішінен бір бөтелке коньяк пен стақан алдым. – Әлі ұзақ жүретін болсақ, зерігіп өлерміз. Тым болмаса, ұйқы ашылсын.

Коньяктың аузын ашып, стақанға орталай құйып, шофер жігітке ұсындым.

– Атың кім сенің?

– Мұрат.

– Кәне, Мұрат, мынаны тартып жібер. Таныстық үшін...

– Ағай, маған ішуге болмайды, – деді ол басын шайқап. – Рөлде отырмын ғой.

– Неғылушы еді, тәйірі. Қалалы жер емес... Айдай жазық. Алып жібер енді.

Мұрат стақанды қағып салды да, тыжырынып, жеңімен аузын сүртті. Өйткені жейтін ештеңе жоқ еді. Өзім елу грамдай ішіп, бөтелкенің аузын жауып, қайтадан салып қойдым. «Анекдот тәрізді бірдеңе бастасам ба екен» деп ойланып, Мұратқа бұрылдым. Мұратым ішімдік көтере алмайтын бала екен. Екі шекесі, бетінің ұшы, көзінің алды демде қызарып шыға келіпті. Бірдеңеге қуанғандай өзөзінен жымың-жымың етеді.

– Ағай, – деді ақырында әлдеқалай тіліне оратылып. – Жол ұзақ қой, қарап отырғанша әңгіме болсын... – Ол бір қолымен рөлін басып, папирос тұтатты. – Мен өзім сіздердің газеттеріңізді жыл сайын алдырып тұрамын. Қазір деген газетсіз күн жоқ секілді ғой өзі. Газет оқымасаң, саңырау адам секілді, жаңалықтан құр қаласың... Өткен жылы... – Мұрат осы тұста мұрынын тартып, қопаңдап, қозғалып қойды. Мұнысы әңгімем енді басталды дегенді білдіргендей болды. – Өткен жылы сіздің газетте «Бақыт деген не?», «Махаббат деген не?» деген тақырыпта бірнеше мақала жарияланды. Есіңізде болар... есіңізде болар деймін-ау, газетті басып шығарған өзіңіз ғой. Айтайын дегенім, сол мақалада Бақыт деген қыздың Алматыға оқуға барған соң, ауылындағы жігітін тастап кеткені айтылған. Сол кезде өзімнің басымда осындай бір жағдай болып еді.

Бұдан соң шофер жігіт өзінің онжылдықты былтыр бітіргенін, Сәуле деген қызбен көптен достасып жүретінін, қыз оқуға кеткенде мұның әкесі қайтыс болып, ере алмағанын, сол кеткеннен қыздың хат жазбай қойғанын, менсінбей тастап кеткенін, сол үшін бір күні ішіп алып, суға кетіп өлмек болғанын тіліне оратылып отырып, тегіс баяндап шықты.

Мен баланың түріне қарадым. Көп болғанда 19-да. «Иә, иә, адамдар тек осындай жаста ғана – он тоғызында немесе жиырмасында ғана намыс үшін, махаббат үшін жан-

дарын қия алады. Мұндай жаста адам шындық үшін күресе алады».

– Енді ойым айтады-ау, – деді ол беті шұқырая жымиып, – осының бәрін ана жолғыдай газетке жазып жіберсе, бәлкім ол райынан қайтып, – кенет Мұрат осы мен не сандырақтап отырмын дегендей кілт тоқтап, қызарып қоя берді, – Кешіріңіз, ағай, әншейін бір ой ғой...

Біз қойнаудың етегімен қайтадан шатқалға енгенде күн көзі бұлтқа тығылып, тау іші салқын тартты. Ауадан жаңбыр иісі сезілді де, іле сексеуіл сынғандай күн шатырлап, өткінші нөсер төпелеп құйып кетті.

– Бірақ, – деді Мұрат жарқ еткен найзағай отына немкетті қарап, – ол қыз не ойласа, оны ойласын, қорласын, мазақ қылсын мейлі... Менің көңілім баяғыша... Баяғыша сүйем, айнымаймын. Ал бақыт деген не? – деді ол бұл бір әшейін зат дегендей қолын сілтеп. – Бақыт деген адамдардың рухани қанағаты. Адам дүниеге қанағаттанбайды, білімге қанағаттанбайды... Тағы немене... атаққа, шенге қанағаттанбайды, білімге қанағаттанбайды. Иә, оны айттым ғой... Сонда енді адам басқа бірдеңеге қанағаттануға тиісті ғой... – Мұрат дәлірек бірдеңе айтқысы келіп, саусақтарын жыбырлатты. – Айталық, сіз бір қасиетті іс үшін жаныңызды құрбан етуге бел байладыңыз. Сіз өліп кетесіз, бірақ көздеген мақсатыңыз орындалғаннан кейін, рухани қанағаттанасыз. Одан артықтың сізге қажеті жоқ. Сіз бақыттысыз. Түсініп отырсыз ба? Мысалы, мені алайық... Мен Сәулені ұнатамын. Егер Сәуле де мені тап өзімдей ұнатса, мен үшін бұдан артықтың керегі жоқ. Қанағат. Бақыттымын.

Мұрат, арақ ішкісі келмей, стақанның бетін жапқан адамша алақанымен енді ештеменің қажеті жоғын білдірді.

Жауын әбден басылды. Тау іші жаңарып, көк майсаға бөленді. Алыстағы шыңдар күн нұрына малынып, жарқырап тұр. Бұлт арасынан құлаған тақтайдай жалпақ сәулелер сонау зәулім аспаннан құйылып жатқан сарқырама су секілді көгілжім ақшыл түске боялған. Қақ тұрып, бұзыла бастаған жолмен машина ыңыранып, баяу жүріп келеді.

Мұрат біраз үнсіз отырды да, ішіндегі сезімін басқа бір тәсілмен сыртқа шығарғысы келгендей мұрнының асты-

нан ыңылдап «Жарқ етпес қара көңілім неғылса да» әнін бастап кетті.

Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да, –

деген тұсқа келгенде сөзін айқын айтып, операдағы баритон дауысты артистерше біртүрлі қоразданып, гүжілдеп кетті. Бірақ қайырмасындағы биік нотаға соқпай, әнді шолақ аяқтады. Осыдан кейін Мұрат қайтып әңгіме бастаған жоқ. Қайта бағанадан бергіні бекер айттым ба дегендей, қабағы түнжырап, түнеріп, үндемей қалды.

Менің де әңгімеге зауқым соқпады. Жаңбыр тамшылары айғыздаған терезеден бұралаңдаған тау жолына, одан әріде көсіліп жатқан, көсілген сайын тегістелген далаға қарап, ойға шомдым. Біздің жақ осындай жазық болатын. Бәтима екеуіміз талай қол ұстасып қыр асып, ауыл ешкісін айдап әкелетінбіз. Балалық шағыңды – мына Мұрат секілді албырт шағыңды, туған жеріңді ойлаған сондай тәтті, рақат, мұңды...

Машина біркелкі ырғап келеді...

II

Туған жерің, мейлі көкмайса болсын, мейлі кезерген шөлейт болсын, бәрібір көркем де, ал балалық шағың мейлі рақатпен өтсін, мейлі жоқтықпен өтсін, бәрібір балдан тәтті емес пе. Жаз бойы Қоңыраулы өзенінің жағасында бие байлап, қымыз ашытатын он шақты киіз үй менің көз алдымда әрқашан әсем, көрікті күйінде елестейді. Солардың күнге күйіп, қоңырайып кеткен көне туырлықтары да, түтінге ысталған түндіктері де, жел соқса сартылдап, сабалап тұратын үзік баулары да көңіліме алабөтен ыстық. Мен көкжиектен шашырап, күн көтеріле бастағанда-ақ шөпшілердің кешкі салқыннан аши қоймаған саумал қымыздың екі-үш кесесін сіміріп салып, өгізге жайдақ мінетінінен бастап, бұл ауылдың қашаған құлындарын қалай ұстап, желіге байлайтынын, жылқы қайырып жүрген балаға кемпірлердің не деп ұрсатынын, тіпті сәскеде самауырдың кернейінен шұбатылған

көкшулан, ащы түтіннің желсіз тымықта қайтіп көтерілетінін, түскі аңызақта көл жақтан қандай иістер келетінін, ақырында бақташылардың кешкі айғайы мен шыбыртқылардың сартылын, жұмыстан қайтқан шөпшілердің дабырлаған дауыстарын – бәрін қалдырмай башайлап суреттеп бере алар едім. Өйткені бұлардың бәрі менің балалық шағымда көріп, біліп өскен белгілі өмір ғой. Көзімді жұмсам болды, осылар тізбектеліп, сол бұрынғы ап-айқын, түсінікті қалпында алдыма келеді. Және көңілімді мөлдір сезімге толтырып, ғажайып мекен – бақытты дәурен болып елестейді. Әлде бұлардың бәрін тамаша етіп тұрған менің аяулы балалық шағымның бейғамдығы ма екен?

Есімде, біздің үй соғыс басталған жазда Ақсуатта отырды. Біздің үй деп отырғаным – жездемнің үйі ғой. Өзім тақыр жетіммін. «Әкең атқа мінген, билік айтқан кісі. Мәмбетейдің ішінде содан тәуірі болған жоқ. Бірақ не керек, кешегі аласапыранда бәрі кетті... Ал шешең болса, соның күйігінен өлді» дейтін маған үлкендер. Бәлкім, солардың тәуірлігінен болар, әкеммен дәмдес болған адамдар мені көрген жерде жылыұшырап, маңдайымнан сипап қалады.

Бір кезде менің де өзгелердей ата-анам болғанын, болғанда анау-мынау емес, елге сыйлы, қадірлі, жақсы адамдар болғанын шын сезінгім келіп, әлгі кісілердің мүсіркеген сөздерін мөлиіп, беріліп тыңдаушы ем. Бірақ менің көңілімде сағыныштың, я уайымның зәредей де белгісі білінбейтін. Мен ешкімді де сағынбайтынмын, іздемейтінмін. Ата-бабасының кім екенін білмей өсетін кембағал, сорлы балалардың бірі едім.

Күзде жұртты әскерге ала бастады. Ауылға колхоздың активтері келіп, бала-шаға, кемпір-шалдарға дейін жинап, митинг өткізді. Онда Отанымызға шабуыл жасаған жаулардың кім екендерін айтты. Майдандағы жауынгерлерге киім-кешек, астық жөнелту туралы қаулы қабылдады. Сол жиналыста «неміс», «герман» деген екі сөз естідім. Бірақ олардың екеуі бір-ақ адам ба, әлде қосылып жүрген одақ па, ол арасын айыра алмадым.

Шақырылғандардың бәрі ауданнан қаралып келіп, жүретін күндерін біліп, елмен қоштасып жатты. Қатын-

дар елдің зәресін алып, дауыс қылып, кейбіреулері соғысқа бірге баратындай бала-шағасымен ауданға бірге аттануда.

«Повестка» бірінен соң бірі келіп жатыр. Еркектер жүрер алдында ауыл үйді аралап, дәм татып кетеді. Тұрғынбек деген әзілқой жігіт біздің үйден дәм татып отырып:

– Осы үйдің дәмі айдап, аман-сау оралар ма екенбіз, мына бір қасықты алып кетейін, барған соң орнына немістің қасығын салып жіберермін, – деп сабы майысқан қалайы қасықты салып алғанда қайғы жұтып, тұнжырап отырған шалдар да мырс етіп:

– Апырмай, Тұрғынбек-ай, әзілің-ай сенің, әй, қалмайды-ау сүйекке сіңген мінез, – деп қайран қалып, бастарын шайқасқан.

Желтоқсанның орта шенінде еркек кіндіктен жөнді ешкім қалмады. Кәрі шалдар, сосын жездем ғана. Жездемнің ішкі сарайында өкпесі ме, әлде жүрегі ме – әйтеуір бір мүшесі көптен ауырып жүретін. Соған байланысты жарамсыз болып қайтып келді. «Дәм шығар байғұсты жібермеген, денсаулығы да жөнді емес қой» десті қатындар жағы.

Содан қаңтар өтті, ақпан өтті. Наурыздың басында келген екінші повестка ештеңеге қаратқан жоқ, жездеммен бүкіл ауыл болып, жылап қоштастық.

Өстіп ауыл тіршілігі аяқ астынан өзгерді. Жұмысқа бірыңғай қатындар қалды.

Олар боранды күндері қар көміп, жермен-жексен болған маяларды аршып, тістескен мұздақ шөпті шотаяқпен суыратын. Сосын шанаға тиейтін. Көктемде арық бөгегенде жалпақ күректерді жерге зорға сіңіріп, шым оятын. Егінді қол орақпен орып, астық толы қапшықтарды кірге жалғыз көтеріп апаратын. Өгізге еркектерше жайдақ мінетін. Уақытында тамақ ішпегендіктен, шетінен асқазандары ауыратын.

Сол кездегі ауыр хал өмірімнің ең көңілсіз көріністерінің бірі болып қалды. Кейін университетте оқып жүргенде тарих сабағынан Ұлы Отан соғысының зардаптары туралы лекция тыңдап отырғанда көз алдыма қираған үйлер, өртенген қалалар, снарядтар түтіні емес, жүздері күп-күрең болып, өлгенше титықтап, айырдың

сабы ойып тастаған алақандарына, тілім-тілім болған беттеріне тұзы жоқ сары май жағып, киіз үй ішінде таң бозындай алагеуім сәуле шашып тұрған ошақ отына аяқ-қолын жылытып, қайнап жатқан қазанға мең-зең қарап, белгісіз бір себеппен жылап отыратын ауру қатындар елестейді.

Дегенмен, тірі пенденің аты тірі пенде ғой. Бұрынғыша жер жыртылды, тұқым себілді. Мал төлдеп, ферма қырға көшті. Шілдеде орақ басталды.

Міне, осы кезде біздің ауылға сұмдық жаман хабар келе бастады. Қатарынан үш адамға қара қағаз шықты. Арасынан ай толмай Тұрғынбектен қара қағаз келіп, оны бүкіл ауыл болып естірткенде бейшара шешесі Ұлбике көзімізше жынданып кетті.

Алғашында кемпірдің жынданғанын ешкім байқаған жоқ. Шалдар естіртіп болып, қатар тұрған әйелдердің бірі бетін басып, көрісуге енді тақай бергенде, кемпір оқыс артына бұрылып, жерошақ басында бос шелекті тұмсығымен түрткілеп тұрған ешкіге «шек» деп қалды. Кемпір тағы да «шек, әй!» деп табалдырықтан сүріне аттап, ешкіні қуа жөнелгенде де жұрт біртүрлі аңтарылып қалғанмен, бәлендей бір ойға келе қоймаған. Кемпір ешкіні қуып, ұзай берді. Әлден соң ешкі бір жаққа, кемпір бір жаққа лағып бара жатқанын көрген жұрт шошынып, дүр ете қалды.

– Сақта, құдай, мынау сау емес қой?!

– Кемпір жынданып кетті, – деген біреудің айқайы шықты.

Екі әйел соңынан жүгіріп, шалдардың бірі атпен қуды. Ақыры ескі көңнің тұсынан ұстап, ауылға жетелеп алып келгенде, кемпір бірімізді танығаң жоқ. Аппақ құдай шашы жалбырап, беті қисайып, ықылық атып, есірік буып тұр екен. Ешкім тіктеп бетіне қарай алмады. Көпті көрген қарттардың өздері «Аллалап» беттерін бүркей берді.

Байғұс кемпірді жазылар деп ойлап едік, жазылмады. Жын ұрған күйінде бір айға жетпей қайтыс болды. Тек өлерінің алдында Тұрғынбектің атын айтып, кәдімгідей дені сау адамша жылаған екен десіп жүрді жұрт.

Кемпірдің жетісін бергеннен кейін «шаңырағы тым болмаса, осы жаз жығылмасын» деп ылғи өзен жағасын-

дағы қыстауларында отыратын Мағрипа киіз үйіне көшіп кірді. Өзі бір діндар, қамкөңіл, ауру әйел еді. Жұмысқа бір күн барса, бір күн жатып қалады. Жеті сайын жайсыз түс көріп, құдайы нан пісіріп, балаларға үлестіріп жүргені. Біз күйіңкіреп піскен дөңгелек, ыстық нанды алып жатып, «құдайыңыз қабыл болсын» деп бата береміз. Кейде мен ішімнен «осы кісінің-ақ не тілегені орындалса екен» деп шындап тілейтінмін.

Күйеуі Серікбай майданға бригадир болып жүргенде кетті. Қыр мұрынды, қияқтай қара мұрты бар, аздап мұрнынан сөйлейтін.

Бәтима деген жалғыз қызы менімен шамалас... Шашы жалбыраған, талдырмаш, ақсары қыз. Шашы көзіне түсе берген соң, басын әлсін-әлсін кейін серпіп, сілкіп тастай беруді әдет қып кеткен. Ауылдың қалған балалары бізден бірсыдырғы ересектеу болғандықтан, үлкендерге көмектесіп, жұмыс басында жүреді. Ең болмағанда шөпшілерге сусын, тамақ тасиды.

Бәтима екеуіміз аяқ-қолымыз жарық-жарық боп, ауыл сыртындағы құлаған ескі көңнің арасында кешке дейін жалықпай ойнаймыз.

Бұл көңдер атам заманғы ескі мекеннің қалдықтары болатын. Жел мен жаңбырдан, қар суынан, ешкі-лақтардың тұяғынан тегіс дерлік топыраққа көміліп, қайсыбіреулері молаға ұқсап, жұмыр төмпешікке айналған. Жыл сайын маңайына қара шағыр, ащы жусан өсіп, сол күйінде құрап, үгітіліп түсе бергеннен, жері қара топырақтанып, жылма-жыл әлгі төмпешіктердің өзін тегістей түседі. Кейбір берік қаланған үйлердің ғана мүжілген кесектері айқын көрініп, бір кезде осы орында да адам баласының тіршілік құрғанын білдіргендей болады.

Бәтима үйден жасаған қуыршақтарын әкеледі. Мен әлдеқандай бір алыс қиялдарға беріліп жүріп, ескі күлкөмірдің арасынан сырғаның, сақинаның, кеселердің тот басқан сынықтарын жинаймын. Сөйтіп үй болып ойнаймыз. Ол – бәйбіше, мен – отағасы. «Бәйбішем» маған:

– Қу шұнақ құдай, биені неге қайырмайсың?.. Құлынға суды кім береді?.. Осы үйдің еркегі сен бе, жоқ, мен бе? – деп шаңкілдеп ұрсып жүреді. Бәтима жалпы жайшылықта да, ойнағанда да айқайлап ұрсып жүруді ұнататын.

Үй сыртында «желіміз» бар. Бие сауға «желінің» басына барғанда, мен енді отағасылықты қойып, бие боламын, сауылып болғаннан кейін құлынға айналамын, одан соң Бәтиманың «ой, жамандатқыр, желіні үзе ме, hи-hи, шу» деп айқайлап қуалауы үшін тағы да бөтен жылқы болуыма тура келеді.

Кейде кесенің сынықтарына құйып «қымыз» береді. Берер алдында өзінің шешесіне ұқсап сапырып отырып алатыны бар. Мен жалығып кетем.

– Уа, бәйбіше, құйсаңшы, отыра береміз бе?

– Отырсаң отыр, отырмасаң жүре бер. Қымызды сапырмай адам іше ме?

– Бұл енді ондай қымыз емес қой, – деймін мен міңгірлеп.

Бәтима көзінің астымен алара бір қарап, ерегесіп сапыра түседі.

«Кеш болып», төсек салып, ұйықтауға кірісеміз. Көзімізді жұмамыз. Ал ол қисаяр-қисаймастан:

– Тұр, таң атты, – дейді.

– Түк те таң атқан жоқ, әлі жата тұру керек, – деймін мен ойынның билігін Бәтиманың бір өзі алғанына көнгім келмей.

Сөйтіп ауыл адамдарынан естіген, көргендерімізді қайталап, ұзақ ойнаймыз.

Бір күні ымырт жабылып, биелер ағытылып, ел жұмыстан қайтқанда да ойын қызығынан босамай жатқанбыз.

Бәтима кесектерді қаластырып бөлме жасап, оның ішіне «ыдыс-аяқтарымызды», қуыршақ балаларымызды қойды. Кісі келген сыңай білдіріп, қазанға ет салған болды.

– Қонақтарға қыстан қалған сүрімді салайын. Бір мал жейтін жөндері бар. Еркегіміз әлі жұмыста. Қой соятын адам жоқ, – деп өзімен-өзі сөйлесіп жүр.

Мен шыбық атты борбайлап, үйдің тұсына шауып келіп:

– Повеске келді, соғысқа кетем, – дедім ентігіп. Асығып, тез сөйлегеннен шашалып қалдым. – Кетем, – дедім әңгірлеп.

Бәтима менің тағы қандай ойынды шығарып тұрғанына түсініңкіремей, сәл ойланып қалды.

– Ә, ә, соғысқа жүресің бе? Повеске ме... – деді артынша. – Дұрыс, барсаң бар.

«Балаларымның» бетінен сүйіп, «бәйбішеммен» қоштасып, соғысқа аттандым. Құлаған ескі үйді айнала бере, төмпешік қорданың үстіне жата қалып, «немістермен» атыстым. «Немістерді» тауысып бітіріп, соңынан оқ тиіп, өзім құладым. Одан соң мына қайғылы хабарды естірту үшін ауыл Советтің бір адамы болып, «қара қағаз алып» Бәтимаға қайтып келдім. Бұл жолы қабағым тұнжырап, аузым қомпиып:

– Шырағым Бәтима, қатын өлсе, қамшының сабы сынды, азамат өлсе, асқар тауым құлады деген, – деп өзім жаттап алған үлкендердің сөзіне салып алыстан орағыттым. – Соғыс аты соғыс. Күн сайын жаманат хабар күтіп, бәріміз де құдайға мінажат қыламыз. Сен де бір атаның шаңырағы ең. Бәленшекең Мәскеу түбінде ерлікпен қаза бопты! Құдай...

Бәтима менің сөзімді аяқтатпай, тап бір майданда күйеуі өлген әйелше дауыс қылған боп зарлап ала жөнелді. Дәл осы кезде (әлі күнге есімнен кетпейді) аза бойды қаза қылып, ауыл жақтан аңырап, дауыс қылған әйел үні қабат шықпасы бар ма?!

Зәреміз ұшып, үй жаққа тұра жүгірдік. Келсек, удашу. Әйелдер көрісіп, жылап жатыр. Ат тырма жүргізетін Бағила деген келіншек бетін шиедей етіп тырнап тастапты.

«Ұстадан көптен хабар жоқ. Жақсылыққа жазғай, жүрегім қобалжи береді», – деп жүрген соның алдында. Күйеуі колхоздың жалғыз ұстасы болғандықтан жұрттың бәрі, әйелі де атын атамай, «Ұста» дейтін.

– Ұстекең шәйіт боп кетіпті, – деген сөзді естігенде жүрегім қысылып, қорыққанымнан жылай алмай, алақтап, төрде отырған шалдарға қарадым. Олар ұстаның өліміне тікелей кінәлі жандардай жүздерін көрсете алмай, тұғжиып, қарабет боп, жер шұқып отыр екен,

Біраздан соң Таласбай молда ыңыранып, аят бастаған болды. Бірақ әйелдердің дауыс қылған үндері басылмаған соң, аятын доғарып, тағы да төмен тұқиып отырып қалды. Күмістей аппақ сақалына сорғалаған жасты саусағымен қалай қағып қалып отырғанын байқап қалдым.

– Ей, шырақтарым, тәңірге құлдық, – деді төменірек отырған Сүйіндік шал басын әрең көтеріп. Екі көзі қып-қызыл екен. – Тәңірі деңдер, – деді тағы онсыз да тарғыл даусы шоқалақ жолмен жүріп өткен арбадай іркіс-тіркіс шығып. – Жаратқанның жазуы солай болса, біз қайтушы ек...

Таласбай күңірентіп аятты қайта бастағанда, әйелдердің жылауы басылғандай болды. Тек қайсыбірінің лықсыған өксікті баса алмай, ықылық атып, қорс-қорс еткен үндері естіліп тұр.

Молданың күңіренген, сазды даусы мен құранның түсініксіз құпия сөздері дүниеден ырыздық-несібелері таусылып біткен жандардың соңғы тілек-талабындай қасиетті сезіліп, киіз үйдің ішінде лық толы адамның арасынан бұл үнді бұзуға ешкімнің батылы бармады. Таласбай аятты бітіріп, «Сұбыханға» түскенде, құранға жетік шалдар ауыздары жыбырлап, кеуделерін көтеріп, қол жаюға қамданды.

Құран біткенде әйелдердің арасынан тағы бір қарлық-қан зарлы дауыс шықты. Бұл бағанадан жылай алмай есеңгіреп, құран оқыла бастағанда барып есін жиып, жылауға шамасы келген Бағила еді. Керегеге бетін беріп, аңырап, толғақ қысқан әйелдей теңселе берген Бағила-ның бетін тырнатпай, екі қолын қайыра ұстаған екі әйел де жаулықтарының ұшымен беттерін басып, сай-сүйектері сырқырап, егіліп тұр.

Бағила әбден әлсіреп, жылауға шамасы жетпей, оның жанында тұрған Ырысбибі апай өзінің де екі бетінен жас сорғалап: «Бағилажан, жаным, есіңді жишы, сабыр етші, аз ғана сабыр етші... Мұнша не қылғаның», – деп жалы-нып, бетін бері бұрғанда Таласбай екінші аятын бастап кетті.

Бағила жылауын доғарды. Бірақ жүрегі қысылып, есінен танған адамша әлсін-әлсін ауып кетіп отырды. Жүзіне қарап едім, екі көзі жұмылып, еріндері көнтиіп, беті қаракүреңденіп, барлығып, ісіп кеткен екен. Тұла бойым дір ете қалғандай болды. Алқымыма тіреліп тұрған бір түйіншек еріген мұздай жасқа айналып, екі бетіме тоқтаусыз парлай берді. Адам баласын осынша қинағандай не жазығы бар екен деп ойлайтын секілдімін. Өкпе,

бауырымды тамырымен жиырып, біреу бүріп тұрғандай ішектерім солқылдап, қатты қиналып жыладым. Осы кезде жұрттың нақтылы не затқа жылағанын мен білмеймін, ал өзім неге екені белгісіз ұста ағайдың қазасына емес, тек Бағиланың қасіретіне ғана жыладым.

Ұстаның жетісін бергенше Бағила дауыс қылып, үйде отырды. Жетісін берген соң, ертеңіне күн шыға ауылға жылқы келгенде, қолына жүген алып, үй сыртына шықты.

– Бар, Бағиланың атын әкеп беріңдер, – деді шелек ұстап тұрған әйелдердің бірі.

Мен басына қара орамалды бүркей жамылған келіншектің жанына тақап барып:

– Апа, атыңызды мен әкеп берейін, – дедім ақырын ғана. Біртүрлі нұры сөніп, өлі көздей мелшиіп қалған жанарына көзім түскенде, лықсып келіп қалған көз жасыма әрең ие болып тұрдым. Енді бір қарасам, жылап жіберерімді анық біліп, төмен қарап тұғжия бердім. Сонда да көзім жасқа толып, алдыма ұсынған жүген мен Бағиланың қолы су шайғандай бұлдырап көрінді.

Жылқыларды иіріп жүрген Сүйіндік атайға Бағиланың тырмаға жегетін Ағашкерін жүгендетіп алып, жетектеп, үйінің сыртына алып келдім. Бағиланың тізгінді алып жатып, үн-түнсіз шашымнан сипағаны жүйкемді біржола босатып жіберді. Келіп қалған өксігімді тоқтата алмай, біртүрлі ерсі дыбыспен шиқ ете қалдым да, бір жағынан осыныма қатты ұялып, түк шаруам болмаса да жылқы жаққа қарай тұра жүгірдім. Жүгіріп келе жатып, армансыз жылап алдым.

«Бәлкім, тіпті ол өлмеген шығар, – деймін, бір жағынан сенгім келмей. – Бәлкім, келер. Қалайша ол мүлдем өліп қалды екен?.. Шіркін-ай, бәрі де бекер болып, бір күні аман-сау жетіп келсе! Шіркін-ай, сондағы Бағиланың қалай қуанғанын көрсем!» – деп ойлаймын. Және маған сөйтетін секілді болып көрінді.

– Жаратушы Алла тағала, бар екенің рас болса, сөйтші, тірі қылшы! – деймін жалбарынып. – Тірі қылшы!!!

Бағила атын тырмаға жегіп, орындыққа жайғаса отырды да, шыбыртқыдан еті өліп кеткен мәстек керді божымен жасқап, шөпшілердің соңынан жүріп кетті.

Осы оқиғадан кейін Бәтима екеуіміз «қара қағаз» ойынын ойнамайтын болдық. Тіпті биік төмпешікке шыққанда қырдан бауырлай құлаған аттылы, арбалы жолаушылар, жайылымға шыққан ауыл жылқылары, кешкілік жұмыстан қайтып келе жатқан шөпшілер анық көрініп тұратын ескі орынға баруды сиретіп кеттік.

Қатарласа көтерген бөрененің салмағы үлкендердің иығын қанша езгенмен, бойы кішкене балалардың иығына жетпей тұратыны секілді, соғыс тауқыметі ел еңсесін еңкейтіп жібергенмен, балаларға зақым салмайды. Балалар сол бөрене жаншып, тер тамшылаған ағалардың жүзіне, түсіп кетсе, өздерін де басып қалатынын сезіп, қалай үрейлене қараса, соғыс тудырып жатқан аласапыран әрекетке де солай үрейленіп қарайды. Бірақ бала үшін соның өзі жетіп жатыр емес пе?!

Немістер шегініп, біздің әскерлер жау қолында қалған қалаларды бірінен соң бірін азат етіп жатты.

Майдан жақтан хат-хабар үзілген жоқ. Бүктеліп, мыжырайған хатты ашып жатып:

– Ал, кәне, оқышы, – дейтін бізге кемпірлер. Біз алақандай бір бет қағазға асығыс сүйкелген айбақ-сайбақ жазуды тани алмай, ежіктей бастасақ:

– Осы немелерге мұғалім ай қаратып жүр ме? Қаріп танымағаны несі-ей, – деп шалдар кейіп, алғашқы буыннан-ақ сөздің нобайын танып, өздері жетелеп, айтып отырады.

Солдаттардың жазған хаттарына қарап, соғыстың барысын аңғару қиын еді. Қай жерде жүргендерін өздері де білмейтін секілді, әйтеуір аманбыз, бетіміз ілгері дейді.

– Сонда мұның ілгерісі қай жақ болды екен, – дейтін шалдар ойланып. – Сірә, әрі кетіп бара жатқаны болар.

– Е, әрі кетпегенде, бері келе жатыр дейсің бе?

– Тек қайдағыны...

– Бұ да бір Алла тағаланың жазуы шығар, – деп шалдар әңгімеге ауып кетеді. – Есіңде ме, Тәке, дәл соғыс басталар жазда осы ит біткен ұлып, ауылды басына көтеретіні?..

– Итті айтасың-ау, мына патшағарлар (бізді көрсетіп) қу таяқты мылтық қылып, осы ауыл үйдің арасында атысты ғой. Содан басқа ойын құрып қалғандай. Ә, бұл ырым

дегеннің өзі бастамай қоймайды ғой. Жарықтық баяғының баласы кетпеуші ме еді ақсүйек ойнап, алтыбақан теуіп... Марқұм Қаратемірдің Қисықмұрыны...

– Жасаған ақырын қайырлы қылсын. Сұмдық қой әйтпесе.

Ауылдың шалдары заманның бұзылуын иттердің ұлығаны мен біздің ойынымыздан көріп, хат оқылып болған соң тап осылай әңгіме соғатын.

...Хат оқылып жатыр. Жездемнің хаты. Оқып отырған – мен.

«... Госпитальда төрт ай жаттым. Жазылып шыққан соң басқа полкқа жіберді. Құдай айдап Серікбайға жолықтым. Жылап көрістік...»

Көзімнің астымен байқап едім, Мағрипа жылап отыр екен.

«Екеуіміз қазір біргеміз. Бұ да бір медет болды. Жанымызда Бәкенеев Тасболат деген тағы бір қазақ бар. Өзі Жетіқарадан. Арғын. Жаңғабылдың қызын алып отырған Алдамжардың Кәріміне туыс екен. Мырзатайларды да танып отыр...»

– Е-е, құдай, әлгі әкесі қайтқанда келген туыстары ғой, е-е, байғұс-ай...

– Қандай және... ондай жерде... Иә, оқи бер.

«Басқа не айта берейін. Ағайын жұртқа бізден сәлем. Қайыр қош, сау тұрыңдар. Құдай амандықпен көруге жазсын. Шайқастан. 1942 жыл, 14 ноябрь.» Хаттың қарсы бетіне жауды жеңерміз, оралармыз, қауышармыз деген сөздерді шала-шарпы ұйқастырып, екі шумақ өлең жазып жіберіпті.

(Кейін осы өлеңді әнге қосып айтып жүрдік).

Соның ертеңіне үйге шолақ бригадир Ержігіт келді.

– Әй, Қатша, – деді ол айтысатын билердей қамшысын алдына қойып. – Байыңнан хат алдың. Аман екен. Құдай өзі жар болсын... Сен енді Айырқұмдағы Дәркембайдың отарына көмекші боп көшіп бар. Мына сорлы жесір-жетімдерге айтуға аузым бармайды. Білдің бе, аузым бармайды. Сенің көңілің сау. Ертең көш... Сөйт, шырағым.

Келесі күні-ақ апайым қырға көшіп кетті де, мен Сәлен кемпірдің үйінде қалдым.

Сәленнің төрт жасар қызынан басқа ешкімі жоқ. Баласы соғыста өлді, келіні төркініне кетіп қалған. Кішкене қызды ермек етіп, күн өткізген болады. Басқа бітірер түк шаруасы болмаған соң, тамақ ішісімен іңірде ерте жатып қалады.

– Қарғам, жат, шамның майы жоқ қой. Азғантай көрәсінді көршіден сұрап алдым, – дейді маған да.

Қараңғы бөлмеде кемпір мен кішкене қыздың дем алған дыбыстарына, ауыз бөлмеде жорғалаған тышқандардың тықырына құлақ түріп, әрнемені бір ойлап, секем алып жатып, ұйықтап кетем. Сәленнің: «Шырағым-ау, сабағыңа бармаушы ма ең» деген даусынан оянып кетсем, терезеден білінген болар-болмас таң бозы үй ішіне алагеуім сәуле беріп тұрады. Ұйқылы-ояу күйімде киініп, сөмкемді алып, тысқа шығамын. Сібірлеп атқан таңның мұздай ауасы беті-қолыңды шымырлата қарып, ұйқыңды шайдай ашады. Аспандағы ұсақ Үркер де, Құс жолы да ғайып болған, шоқтай жарқыраған Темірқазық пен Таң жұлдызын ғана көресің.

Мен ауылдың шет жағындағы, айналасына аққала тұрғызған оқшау үйге келіп, терезесін қағамын. Үйде жарық білінгенде тамақтың, жас төлдің, қураған шөптің қышқылтым иістері мұңкіген ауыз бөлмеге кіріп, Бәтиманың киініп болуын күтемін. Басына қоңыр бөкебай орап, көк пальто киіп, Бәтима шығады.

– Кеттік пе? – дейді ұйқыдан айықпаған, манаураған бір үнмен. Сыртқа шығып, қаракөлеңке шақта құрғақ қарды шықырлата басып, даурыға сөйлескен ауыл балаларына қосылып, қопаның желсіз, тымық ортасымен өтетін шана жолымен мектепке тартамыз. Қопадан әрі шыққанда шабындық табанында отырған түйе ферманың тұсынан өтеміз. Осы жерге келгенде алыста жайылып жүрген түйелерге сезіктене қарап, буралау біреуі жекедара бөлініп шығып, бізге қарай тұра шаппас па екен деген ойдан арыла алмай, өзен табанына түсеміз.

Өзеннен өткен соң мектеп тиіп тұр. Төбесін қамыспен жапқан қоржын үй. Оның бірінде біз оқимыз, екіншісінде Ақторта апайдың отбасы тұрады. Олар жазғы демалыс күндері салқын болады деп, класс тұрған жағына көшіп алғанда біз аядай тар, қуық бөлмеде қаламыз. Күншы-

ғысқа қараған класс терезесінен бүкіл ауыл көрінісі, бөгет жиегіндегі тоғай, арық-тоған, зираттар көрініп тұрады. Бәтиманың үйден алып шыққан бір жапырақ нанын балалар талап әкетпес үшін сабақ жүріп жатқанда бөліп жейміз. Әрине, әңгіме нанда емес қой. Бірақ өзін біртүрлі жақсы көруші ем. Тек мен ғана емес, оны бүкіл кластағы балалар өзгеше сыйлайтынын сезем ін, сезем ін де, өзімнің жақсы көруімнің толық себебі бар екен-ау деп ойлаймын.

Сол жылы қысқы демалыстан кейін өкпеме суық тиіп, қатты ауырдым. Алдында бір аптадай жөтеліп жүргем. Сабақ үстінде ыстығым көтеріліп, буындарым сырқырап, жүрегім айныды. Ауылға қайтарда сөмкемді Бәтимаға бердім. Тұла бойым қалтырап, әкетіп барады.

Жауып тұрған жылымық қар бетіме, маңдайыма тиеді де, еріп кетеді. Ауыл шетіне келгенде әлсіреп, буындарым дірілдеп, жолға отыра кеттім. Салқын қардың үстіне қисайып, ұйықтағым келеді. Қайтып оянбастай болып ұйықтағым келеді. Бәтима:

– Шыдашы, аз ғана шыдашы, – деп жалынып, бір қолымды иығына асып, сүйретіп, шеттегі өз үйіне кіргізді. Мағрипа апай мені көріп, шошып кетті.

– Көтек, не боп қалды, – деді зәресі ұшып. – Түсі бұзылып кетіпті ғой, құдайым-ау.

– Сабақ үстінде ауырған...

– Ойбай, жаным-ай! Шешіндір тезірек. Алда жаным-ай, байғұс бала-ай!

Мағрипа апай менің аяғымнан жартысы жоқ кержі етікті шешіп алып:

– Мынадан өлмегенде, несі қалушы еді, – деп босаға жаққа лақтырып жіберді.

Пеш түбіне төсек салып, мені екеулеп жатқызды да, үстіме күпі-тонды үйіп, қымтап тастады. Түнге қарай денем бұрынғыдан да күйіп-жанды. Сонда да бетімді ашпай, тұншыға терлеп жатқан едім... Әлде ұйқысырадым ба, әлде қызудан есірік буды ма, түннің бір уағында тастай қараңғы бөлмеде ыдыс-аяқ тұратын босаға жақта түрегеліп жүр екем.

– Қалқам, Әбдікәрім, кел, жата қойшы, қорықпа, шырағым, жай ұйқысырағаның ғой, – деп қолымнан тарт-

қан Мағрипа апайдың қалтыраған даусынан есімді жидым. Ол кісі мені қолымнан жетелеп, өзінің төсегіне әкелді де, жұп-жұмсақ бауырына қысып, тас қып құшақтап жатты. Сонда, менің жүрегім тарс-тарс соғып, қорқынышымды әлі баса алмай жатқанымда, өмірімде мұрным тығып көрмеген ана көкірегінің жанға жайлы, жұпар иісінен жүрегіме жан кіргендей денем балқып, рақатқа шомып, бір қиял дүниесіне еніп кеткендей болып, тек енді жылап жібермесем екен деп, тып-тыныш мауқымды басып жаттым. Әлден соң барып ту сыртымда жатқан Бәтиманы сездім. Бәріміз бір көрпенің ішінде екенбіз. Оның жып-жылы, жұқа денесі маған тиіп жатты. Демалысына қарағанда ояу секілді. Аздап сергіген тәрізді болып, бетімді ашып көріп ем, Бәтима бетімді көрпемен бүркеп қайта жапты да, төбе жағымды қымтап, өзі жақын сығылысып жатты.

Түнімен біресе ысып, біресе тоңып, әлсін-әлсін бастырылығып, тынши алмадым. Ертеңіне күндіз де тұла бойым күйіп-жанды. Кешкілік тағы да есірік буып, сандырақтай бастадым. Көзімді ашсам болды, пеш үстінде тұрған пілтелі шам жанған өрттей алаулап, төбені, керме жіпте ілулі тұрған орамал сүлгілерді қып-қызыл жалынмен жалап тұрған тәрізді. Шамды қозғаған сайын лаплап етіп, бүкіл жер-дүниені өртеп жібергелі тұрғандай көрінеді.

– Өртендік қой, шамды баспайсыңдар ма? – деймін жан ұшыра айқайлап. Мағрипа апай мен Бәтима маған үрейлене қарайды. Шамға қарай ұмтылғым келеді.

– Бәтимажан, молданы шақырып келе қойшы. Қорықсаң, шам алып шық, тезірек, – деді мені тұрғызбай басып отырған апасы.

Көз алдымнан жап-жасыл сағымдар жүзді. Бидайықша жапырылған сол сағымдармен қоса құлап, қоса тұрып, бір қимылдар жасап жүрген секілдімін. Бірақ үй ішінде жалғыз Мағрипа апайға бой бермей аласұрып, есіріктеніп жүргенімді өзім сезгем жоқ. Біраздан соң Бәтимаға еріп, қолына құран кітабын ұстаған молда атай келді. Табалдырықтан аттай бере:

– Амансыңдар ма, шырақтарым! Алла тағала бұл шаңырақтың үйдегісі мен түздегісін аман қылып, ырыздық-

несібе, бақ-дәулеттен арылтпасын! – деп, қолымен бетін сипағанда, кеудесін жапқан күмістей сақалын да ұшына дейін салалап өтті. Жайбарақат күлімсіреген күйі менің жаныма малдас құрып отырып, тамырымды ұстады. Жұмсақ, салқын алақанымен шекемді басып көрді.

– Аяқтан өткен суық бар, – деді ойланып тұрып. – Бір тамырды сөйлетпей тұр. Тәрізі бірдеңеге құлаған секілді... Мұзға құлап па ең?

– Құлағам, – дей салдым, есімде болмаса да. Молда атай сол жайбарақат, діндар, мейірбан қалпында қалтасынан сия қарындашын алып, маған бірнеше ішірткі жазды. Содан кейін құран кітабын басымнан үш айналдырып, ұшықтап алды да:

– Калимаға тіліңді келтіріп жат, айналайын, ештеңе етпейді. Жазылып кетесің, – деді сенімді үнмен.

– Иә, әумин, құдай айтқаныңызды келтірсін, жарықтық, – деп жалбарынуда Бәтиманың апасы. Молда еріткен сары май мен өлтірген алмастың бар ауруға мың да бір ем екенін айта отырып, алдына әкелген шайдан екі-үш кеседей ішті де, дастарқан шетін қайырып, бата қылып, шығып кетті. Молда кетісімен әжептәуір жақсарып қалдым. Бағанағы білтелі шамның лапылдап елестеуі басылып, маңдайымнан тер білінді. Ішірткі ездіріп, шай іштім. Аздап көңілім көтеріліп, жанымда отырған Бәтимаға қарап, жымиып күліп қойдым. Сөйтуім мұң екен, Бәтима бетін басты да, жылап қоя берді. Шешесінің неге жыладың дегеніне жауап берместен, төмен қарап, солқылдап, көп жылады. Бір кезде көз жасын алақанымен сүртіп, жас жуған көзінің астымен маған күле қарағанда, мен оның қуанғаннан жылап отырғанын түсіндім. Сонда жүрегімді жып-жылы сезім билеп, өзімнің де тамағыма бір ыстық түйіншек тіреліп қалды.

* * *

Келесі күні ұйықтарда Мағрипа апай «жарық болып тұрсын» деп сықсима шамды кір мен майдан жылтырап тұратын қоңыр жәшіктің үстіне жағып қойды да, мені тағы да орталарына алып жатты. Мағрипа апай ауыр-ауыр күрсініп, «тыныштық, бейбітшілік қыла көр» деп тәңірге

жалбарынып жатып, ұйықтап кетті. Бәтима да жастыққа басы тиісімен ұйқыға кірісті. Өзінің жатысы дүниеде жаман екен; ұйқысырап сөйлеп, ерсілі-қарсылы аунап, көрпені ашып тастады да, екі аяғын тура менің үстіме кесе-көлденең арта салды. Мен орнымнан ептеп көтеріліп, Бәтиманың басын жастыққа салдым. Бірақ ол екінші рет ашып тастады. Содан соң оны жастыққа қайта жатқызып, іргесін тіреп қымтадым да, өзін құшақтап жаттым. Мысықтың баласындай жып-жылы, жұп-жұмсақ. Бетіне қарасам, беті де, аузы да ашық жатыр екен. «Сүйгені сұлу болады» дедім ішімнен. Оның өзі де осы кезде керемет сұлу еді. Қызығып кетіп, бетінен, мойнынан иіскедім де, ақырын ғана шашынан сипадым. Соған қоса: «Шіркін Бәтима екеуіміз бір үйдің баласы болсақ қой, таң атқанша осылай құшақтап, иіскеп жатар ем», – деп те ойлап қоям. Бәтима «Жоқ, оның бола қоймас» дегендей, басын шайқап, пысылдап, мұрнын уқалап, көрпеден аунап шығып кетті. Осы кезде Мағрипа апай оянды. Басын көтеріп, қобырап кеткен шашының арасына қолын салып жіберіп, бір-екі қасыды да, көйлегін шұбалтып орнынан тұрды.

– Ант атқырдың қызы, жатысы иттің жатысындай ғой мұның, көрпені ашып тастағанын қарашы. Ауырып жатқан балаға жел тигізер ме екен, – деп Бәтиманың үстіне әкесінің ескі тұлыбын жапты. Содан кейін «Егер Бәтима тұлыптан ашылып қалса, қайтадан көрпеге кіргізіп алам да, тұлыпты ар жағына тіреп қоямын» деп ойлап жатып, өзім де ұйықтап кетіппін.

* * *

Таңертең Бәтима оқуға кетісімен, Мағрипа апай қолына күрек алып, мұз бетінен қамыс кесіп әкелуге көлге кетеді. Сыртта ақпанның шуақ күні түсіп тұрады. Үй сыртынан өткен өгіз шананың сықыры, малға кейіген бақташылардың айқайы, шөп іздеп, қора-қораны түрткілеген ауыл сиырларының мөңірегені ап-айқын естіледі. Сол жылы ақпан айы ерекше тымық болып тұрған. Әрнемеге көңілім бір бөлініп, денем де аздап жеңілдеген секілді болды.

Түнге қарай қызуым көтеріліп, тағы да шөл қысады. Денем дірілдеп, жүрегім соғып, «баяғыдай шамның лапылдағаны елестемесе екен» деп зәрем кетіп, түк ойламау үшін, аузыма түскен сөзді айтып, Мағрипа апай мен Бәтимаға түн ортасында әңгіме айтыңдаршы деп жалынамын. Олар менің бұл сөзімді сандырақ деп ұғады. Сондықтан менің айтқандарымды елең қылмай, басыма дымдап орамал басып, сусын жұтқызып: «Жат енді, қарғам, сөйлей берме, тыныш қана жата қой, бәлкім, ұйықтап қаларсың», – деп, бүркеп жауып тастайды. Түннің бір уағында булығып, жөтел қысып, дем ала алмай жанталасып жатсам, Мағрипа апай төсегінен ұшып тұрып, алдыма шылапшын қойып, басымды сүйеп, жаратқанға құлшылық етіп:

– Сақтай көр, тәңірі... жар бола гөр, – деп жалбарынып отырады.

Сол кезде Бәтима да төсегінен тұрып, құманмен су әкеліп, ішкөйлекшең күйінде жаныма тізерлей қалып, бірдеңе деп күбірлеп отырады. Құлағымды салып, тыңдап қалсам, «сақтай гөр, тәңірі, жар бола гөр, тәңірі» деп шешесінің сөзін қайталап отырғанын естуші ем. Сонда көзімнен жасым сорғалап:

– Құрбандарың болайын... – деп кемсеңдеймін. Бірақ амал қанша, олар менің бұл сөзімді де сандырақ деп ұғып:

– Әбдікәрім, жат, қалқам, сөйлей бермеші енді, жата ғой, – деп сөзімнің аяғын тыңдамай, бүркеп жауып тастар еді. Сол ауырғаннан наурыздың аяғында – далада ойдым-ойдым қара жер көрініп, өзендерде сең бұзылып, мектепке бөгет бойымен айналып баратын кезде бір-ақ тұрдым. Сәлен кемпір мен ауырып жатқанда бір күннің ішінде сырқаттанбастан қайтыс болып, кішкене қызды шешесі төркініне алып кетіпті.

Бұдан кейін 1944 жылдың ерте көктемінде, тасыған судан соң қыр бойына қызғалдақ тұнып, терістіктен соққан желмен бірге көк шалғынның, жусанның, жарқабақтағы жалбыз бен су сіңген қамыс борықтардың иісі келгенде, айналаны сар мұнарға бөктірген күзде де, күн сайын жеңіс хабарын жеткізген аққырау қыста да осылармен аралас, құралас тұрып жаттым.

* * *

Көктем айында сабаққа ерте келіп, мектеп іргесіндегі қара судың қабағында күншуақтап отырмыз. Жанымызға бізден бір класс төмен, алтыншыда оқитын Жарас келіп отырды. Өзі қаладан келген, орысша жақсы сөйлейтін, шылым шегетін. Бұзықтық жайлы әңгіме айтып, «хулиганмын» деп мақтанатын. Жарас білегін түріп, қолындағы «Прощай, Родина» деген жазуды көрсетіп, тізесін құшақтап отырды. Қызықтаған балалардың бірі түкіріктеп, сүртіп көрді. Кететін түрі жоқ.

– Дурак ты! Бұны татуировка дейді. Бұл ешқашан кетпейді. Өйткені инемен пісіп жазады. Білдің бе? – деді Жарас бұзық балалардың кейпімен көзін бажырайтып. – Керек пе, қазір-ақ жазып берейін.

– Давай, – деп қалды балалардың бірі.

Жарас класқа барып, ұшына жіп ораған ине мен тушь әкелді. Содан соң шөптесін, ыңғайлы жерге жайғасып алып:

– Ал келе беріңдер, – деді дауыстап. Балалар топырлап, үйме-жүйме болды. Біраздан кейін қолдарына Кремльдің, бес жұлдыздың суреті, «Не забуду родную мать» деген сөз жазылған балалар білектерін түрген бойы күнге қыздырынып, бет-бетіне кетіп жатты.

– Ауыра ма? – дедім біреуіне.

– Ауырып тұр, – деді мұрнын тыржитып.

– Әй, тұра тұршы, – дедім мен туштың аузын жауып, кеткелі тұрған Жарасқа. – Маған да жазып берші.

– Пожалуйста, кел. Не деп жазайын?

– Бәтима деп жаз, – дедім құлағына сыбырлап.

– «Ф» ма, «Б» ма?

– Б, б, «бақа» дегенде айтылатын «б».

Жарас инені сияға батырып алды да, білегімді қыса ұстап, піскілей бастады. Теріге кірген иненің ұшы кіршілдеп, жанымды шығарып барады. Сонда да ернімді тістеген күйі «Бәтима» деген сөздің денемде мәңгі-бақи қалып қоятынына ішімнен риза болып, көптен аңсап жүрген ерлік сезімдер денеме шымырлай құйылып, білегімнің терісін сыпырып тастаса да былқ етпестен, үнсіз шыдап бақтым.

Жарас «Бәтима» деп жазып болды да, неге екені белгісіз, соңына леп белгісін қойды. Сосын сиясының аузын жауып:

– Болды енді, – деді орнынан тұрып, – Сәл кепкесін жеңіңді түсіре бер. Соңғы сабақта білегімнің шымырлап ауырғанын сездім. Сабақтан шығып, Бәтима екеуіміз ауылға тарттық. Күн көкжиекке тақап қалған. Көктем болса да шаңы шығып үлгерген қара жол бойымен үнсіз келеміз.

– Бәтима, – дедім иық тірестіре қатарласып.

– Не? – деді ол төмен қараған күйі.

– Бірдеңе көрсетейін бе?

– Көрсетші, – Бәтима басын көтеріп, маған қарады. Мен жазу жазылған қолымды алдына апардым да, нақ бір ғажайып мүсінінің пердесін сыпырғалы тұрған мақтаншақ мүсіншідей жеңімді түріп қалдым. Түріп қалдым да, өзім таң қалдым. Білегім күп болып ісіп кеткен. Жазулары қанға араласып, сорғышқа сіңген сиядай жайылып-қырап барып бітіпті.

– Ой, бұ немене, – деп шошып кетті Бәтима. Сосын ежелеп оқып шықты:

– Б-ә-ти-и-м-а!

Бәтима қапелімде не айтарын білмегендей:

– Мұның не? – деді ақырын ғана.

«Шынында да, мұным не?» деген ой осы кезде өзімнің де басыма келіп, соған жауап таба алмай, жерге қарадым.

– Ұят емес пе? Мұның не? – деп ызадан күйіп-піскен Бәтима онсыз да солқылдап тұрған білегімді жұлқып-жұлқып жіберді.

– А-а! – деп қалдым ауырсынып.

Бәтима оныма қарайтын түрі жоқ. «Неге жаздырдың, неге жаздырдың?» деп жанымды көзіме көрсетіп, сілкілей берді.

– Сенде ұят жоқ екен, – деді амалы таусылған соң. – Мен енді сенімен сөйлеспеймін. Өзің аулақ жүрші менен. Не қылған баласың?..

Бәтима дуылдап, қызарып кеткен бетін басып, менен озып кетті. Мен әлі де өз кінәма толық түсінбей, май топыраққа аяғымды сүңгіте басып, соңынан үнсіз еріп келемін.

Ымырт жабылып, біз ауылға тақағанда, Бәтиманың ашуы тарқап, мені күтіп алды.

– Ауыра ма? – деді маған көзінің қиығымен қарап. Мен тағы үндемедім. «Ауырады» десем, намыс жібермейді, «ауырмайды» десем, әлгідей ұстап, жанымды шығара ма деп қорқып келемін.

– Кетпей ме енді?

– Кетпейді, – дедім міңгір ете түсіп. Осы кезде Бәтиманың жылы жүзбен жымиып қарағанын байқап қалдым. Басымды көтеріп, тура қарауға бата алмадым. Жәбірленіп, жылап жібергім келді.

– Жүрші енді тезірек, – деді Бәтима қолымнан ептеп ұстап, жалынғандай бір үнмен, – жүре қойшы, кеш боп кетті.

III

Біз жетінші бітірген жылы (ол кезде біздің жақта он жылдық мектеп болған емес) соғыс бітті. Біраз адам тірі қайтты. Оның ішінде менің жездем мен Бәтиманың әкесі Серікбай бар. Серікбай ауыр жараланып, 10 айдай госпитальда жатыпты. Сонда да жарасы толық жазылмай, келгеннен кейін де оқ тиген жауырынына дәрі жағып, байлап жүрді.

Бірер айдан соң тіршілік қайта басталды. Қайтып келген кісілердің қызметке тұратындары қызметке, қара жұмысқа түсетіндері қара жұмысқа түсті. Бәтиманың әкесі Серікбай есепшілікке тұрды. Жездем ферма меңгерушісі болып тағайындалды. Ал мені мектеп бітірісімен машина ораққа салды. Және мен бір машина орақтың оқуын оқып жатқандай, бригадир емтихан бітпей тұрғанда-ақ шөпті Төлек сайынан шабатынымызды келіп айтып кетті. Мен бұған дейін мектеп бітірісімен қалаға барып, мамандық алатын бір оқуға түссем деп армандаушы едім. Енді сол арманымның бос қиял екеніне көзім жетті. Біріншіден, менде оқуға баруға қаражат жоқ еді.

– Сен оқып, менің көсегемді көгертпей-ақ қойшы, әкем! Ата-бабаң оқымай да нанын тапқан. Ел есін жия алмай жатқанда қайдағы қаражат, – деп жездем қатты кейігендіктен, соғыстан пайда болған жүрегінің ұстамасы ұстап қала жаздап, әрең тоқтаған.

Екіншіден, үстімде қолдан тоқыған жүн шалбар, жүн шекпеннен басқа лыпа жоқ. Соғыс біткен жылғы керемет таршылықты кім ұмытты дейсің. Бой көтеріп, сән түзейтін жасқа келіп қалғанда осыдан қиын ештеңе жоқ екен.

Үшіншіден, колхоз да тас кенеше жабысып, айырылар емес.

– Дырдай жігіт болдыңдар. Мерт болған ағаларыңның орнын басатын сендер емессіңдер ме?! Кім істейді мына колхоздың жұмысын?! Өлмелі кемпір-шал, ауру қатындардың жегілуі жетпеді ме? Сендерді де мектеп тәрбиелеген комсомол дейді-ау. Ой, аузыңның ішін ұрайын, – деп басқарма сыпырта боқтаған. Шынында да, менің тап осындай сапырылыс кезде оқуға барам деуімнің жайлауға көш жаңа келіп, әлі үй де тігілмей жатқанда жайғасып отырып, шай ішпек болған ниет секілді ерсі жағы бары да рас еді. Төлек сайынан Жәкей екеуіміз жыл сайын шілдеде – бидайық толысып, шіркей қанаты құрай бастаған кезде шөп шабуға кірісіп кетеміз. Жәкей соғыстан қайтқан, әлі үйленбеген, әйел мінезді көңілшек, момын жігіт. Жұмысқа берекелі, бейнетқор жан.

* * *

Бұл өңірдің шөбі сол жылы өте биік, әрі қалың өсті. Бірақ көктемгі жайылған судан жердің бұрынғы жарықтары кеңейіп, кәдімгі қазаншұңқырларға айналып, ораққа үлкен қиындық туғызған.

Менің машина орағым түс кезінде осындай бір шұңқырға батып қалып, өзім доңғалақтың үстіне құлап, оған қоса орақтың жүзі қирап, тірі әбігерге түсіп жатқанымда ауыл жақтан бізге қарай екі атты құлады. Көк жорға аттың үстіндегі басқарма болды, қарагер атқа мінген қалпақты кісіні танымадым. Олар келгенде мен де өгіздерді шыбыртқылап, машина орақты жарықтан шығарып, жаңа жүз ауыстырып болып, шұңқырдың ернеуіне құйрығымды қойып, терімді басып, дем алып отырғам.

– Саламағалейкум, – деген сәлемімді де алмастан:

– Иә, бала, не отырыс бұл? – деді өктем үнмен басқарма. – Қазір демалатын уақыт па екен?! Неғып өндірмегенсіңдер өздерің?

Мен басымды көтеріп, басқармаға қарап едім, көк жорғаның үстінде қамшысын бүйіріне таянып, өзенге дейін созылған шалғынды беткейге астамси қарап тұр екен.

– Иә, сөйле, – деді қызара бөрткен жүзін маған бұрып.

– Жарыққа түсіп кеттім, – деп күмілжідім. – Шығарғаным осы жаңа ғана... Өзім орақ құлап...

– Жердің астына неғып түсіп кетпейсің, жүгермек. Неңе былжырап тұрсың? Үкіметтің шаруасынан қымбатпын деп тұрсың ба?

Мен үндегем жоқ. Ат үстінде шіреніп тұрған жуан тұлғаға жиіркене қарадым. Және басыма мынандай ой келді. «Менің сорым қайнап отырғаны мынау, ал басқарма ұйқысы қанғанша ұйықтап, тойғанынша ішіп-жеп, одан кейін дүниені бір өзі тындырып жүргендей осынша әкіреңдейді. Әркім өз хал-қадарынша үкіметке әртүрлі пайда келтіруі мүмкін, бірақ жұрттың бәрі де бірдей терлеп, бірдей қиналуға тиісті емес пе? Бұл неге маған қожалық қылады?»

– Әй, шырақ, – деді менің қарағанымды ұнатпай, – әгәр осы сайдың бойын айдың аяғына дейін бітірмесең, жон теріңнен таспа тіліп аламын, білдің бе? Сосын андағыдай отырысыңды ендігәрі көрмейтін болайын. Тұр орныңнан!

Мен орнымнан тұрдым.

– Қайқай! – деді басқарма қамшысының сабымен машина орақты көрсетіп.

– Жоқ, қайқаймаймын, – дедім тістеніп, ызадан әрең шыдап.

Басқарма атын тебіне түсіп еді, мен жерден шыбыртқымды алдым. Бірақ ол менен қорыққан жоқ.

– Тарт тіліңді! – деп қамшысының тобылғы сабымен кеудемнен нұқып жіберді.

Рас, онша қатты тиген жоқ. Бірақ әңгіме қатты тиюде ме?! Түтігіп, ашу қысып тұрғанда бәрібір, қатты тисе де сезбес ең. Ең ауыры саған қол жұмсалғаны ғой.

Мен шыбыртқының сабымен көк жорғаны бастан құлаштап тұрып салып өттім. Ат шалқалай осқырынып, үстіндегі басқарманы түсіріп кете жаздады. Шыбыртқыны төбеме үйіріп, шарт еткізгенімде жанындағы қарагер ат та үркіп, екеуі жапырыла шегінді. Осы кезде Жәкей өгіздерін тоқтатып, қасымызға келген екен.

– Өй, сен жынданып кеттің бе? – деп қолымдағы шыбыртқыға жармаса кетті.

– Әй, иттің баласы, – деді басқарма құтырына айқайлап, – мен сенің әкеңді білемін, халық жауы болған. Сен соның күшігісің. Әкеңнің аузын... сені құртуға шамам келетін шығар. Тұра тұр, бәлем... Тұра тұр...

Басқарма атын борбайға бір салып, шабындық жиегімен сиыршыларға қарай ызғыта жөнелгенде де:

– Тұра тұр, бәлем! – деп бара жатты. Мен өзімнің аузымды ашсам-ақ жылап жібергелі тұрғанымды сездім де, «Не болып қалды, жаным-ау, айтсаңшы» деп қиылған Жәкейдің сұрағына жауап берместен, өгіздерімді үстіүстіне шыбыртқылап, айдай жөнелдім.

Келесі күні таң сәріден жауған жаңбыр кешке дейін басылмады да, шөп құрғағанша жейде, дамбалымызды жудырып алмаққа ауылға тартып кеттік. Жолда келе жатып, Жәкейге мынаны айттым:

– Жәке! Мен осы таяу күндердің бірінде кетемін. Менің құрал-саймандарымды өзің түгендеп өткіз. Болмаса бір адам жіберер.

– Қай жаққа, бәтір-ау, – деді таң қалған Жәкей.

– Оны тап қазір өзім де білмеймін.

– Сен немене, басқарма ұрысты деп... елден безесің бе?

– Жоқ, жоқ! Одан емес, Жәке. («Дегенмен, бұ да себеп» деп ойладым ішімнен) Оны мен тіпті сол сағатында ұмытып кеткем. Одан емес... Оқуға жүрем. Менің қия алмай, қиналатын ата-анам жоқ, Жәке. Маған қайда болса да бәрібір емес пе? Жетім адамға бәрібір!

Жәкей тым бос кісі ғой, менің күйзелген бір ауыз сөзіме көзі жасаурап шыға келді.

– Әй, Оймауыт ағайлар данышпан еді ғой! Әй, несін айтасың! Ол кісілер тірі болса, сені алақанға салып бағар еді ғой. Әй, шіркін-ай, болмады ғой!

– Өзің ойлашы. Өстіп жүре берсем, бастық түбіме жетеді ғой. Не алып жатқан абырой жоқ. Көрінгенге түрткі болып. Мен жоғалып кетсем, ешкім іздей қоймас, ал мына қоңыр өгіз жоғалып кетсе, қым-қуыт болатыны анық! Солай емес пе! Сосын бел байладым. Амандық боп, түсіп кетсем, үш-төрт жылда бір мамандық алып шығамын.

– М-м, солай де, – деді Жәкей түсініп. – О да жөн. Сен өзің біраз білімің бар баласың. Мәгәр оқуға түсіп кетсең, құдай біледі, осы басқарманың орнын жұлып аласың.

– Екіншіден өзімдегі қаражат аздау. Сен маған қатын алмақ боп жүрген ақшаңнан біраз ақша бер. Сосын менің бүкіл еңбекақымды өзің ал.

– Өгіздерді не істейсің?

– Сиырға қосып кетем.

– Сен онда Кенжебай қасқаны маған тастап кет. Шеткі қасқа өгіз жастау мал, жарамай жүр.

– Мейлі, бәрін ал.

– Е, дұрыс онда, құдай бетіңнен жарылқасын. Азамат боп кетсең, бізге зияның тимес. Бірақ елді ұмытпа.

Кештетіп Ақсуаттағы ауылға жеттік. Жездем үйде екен. Үш-төрт күннен бері жүрегі шаншып, бүгін ғана тәуір болыпты.

– Төлек сайын ағұсқа дейін бітіресіңдер ме? Былтырғыдан қандай екен өзі? – деді де қойды.

Шайды да тып-тыныш отырып іштік. Тек жатарда мені қайран қалдырған мынандай бір жай болды. Жездем төсегінің үстінде дамбалшаң отырып, қымыз ішті де:

– Әбдікәрім, – деп үн қатты.

– Әу.

– Құлағың сал. Айтатын сөзім бар... – Жездем саусақтарын жаңа көргендей, мұқият үңіліп біраз отырды. – Әкешешеден ерте қалып ең... Адам аяды ма, құдай аяды ма, әйтеуір, тентіреп, жетімдік көрген жоқсың. Бақтым, оқыттым. Бетіңнен қаққан күнім жоқ. Мінеки, енді жігіт болдың. Оны да көрдім. Кешегі соғыста бір окоптың түбінде өліп қалсам қайтер ем. Тәубе, әрине, тәубе!

Фронтта жүргенде Серікбай екеуіміздің бораған оқ астында жатып айтқан сертіміз бар, тірі қайтсақ, сүйек жақын туыс болмаққа... Өзімнен туған ұл жоқ... Иә... Серікбайдың ұлдай қып асырап отырған жалғыз қызы Бәтиманы саған алып берем. Қолымнан енші бөліп, үй қылам. Құда түсіп қойдым...

Жездем осыны айтты да, кенет ауа жетпегендей аузын ашып, беті тыржиып, кеудесін ұстаған күйі жастыққа құлап бара жатты. Жүгіріп барып, басын сүйедік.

– Тағы да ұстады-ау, құрғыр-ай, – деп апайым күйіне сөйлеп, жастыққа басын салды. Маңдайына дымқыл орамал бастық. Жездем әлден соң көзін ашып, әлсіз үнмен:

– Ештеме де етпес, абдырамаңдар, дәрімді әперші, – деді.

Жездем тынышталып, ұйқыға кетті. Біз де шамды сөндіріп, төсегімізге қисайдық. Екі көзім бақырайып, ашық түндіктен құлаған боз сәулеге қарап жатырмын. Түндіктен жалғыз жұлдыз көрінді. Ай сәулесіне малынып, қалқып жүрген ақ бауыр бұлттың тасасына еніп, жоқ болды да, қайта көрінді. Алыстан, шексіз бір әлемнен құбылып, жымың қағады. Бұлттар көшіп барады. Сонау мәңгілік аспан әлемінде дүниенің бәрі қым-қуыт зеңіп жүр. Ғажайып дүние, шат тұрмыс алыста, қиырда, әлі де алыста деп арбап тұрғандай.

Осындай бір кең дүниені, еркіндікті, алысты аңсап жатып, ойға берілдім. Аяғын әмәнда аңдап басатын, сондықтан ешқашан да бақытсыздыққа ұшырамайтын, бірақ бақытты да болып жарымайтын, кәдімгі екі ойлы адамдар секілді, мен де белгісіз бір оқиғаның басыма төніп тұрғанын сезіп, қобалжуға айналдым. Бәтиманы ойладым.

Жездем айтқан пиғыл үш ұйықтасам түсіме кірген емес. «Үйлену, сөйтіп, кәдімгі әйелге айналдыру. О, тоба, мынау масқара қорлық емес пе?! – деген ойдан жүрегім ине сұққандай жиырылады. – Түу, ұят-ай! Ұят-ай!.. Түп-тұнық сезімді осынша лайлап...» Көрпемді тас бүркеніп, дуылдаған бетімді басып, ұзақ жаттым. Жәбірленгенім сонша, өксіп жылағым келді. Ертең күн шығысымен-ақ бәрі жабылып, аяқ-қолымды матап байлап, үйлендіре салатын секілді.

«Жоқ, жоқ, кетем, – деп бекіндім ішімнен. – Мынау ұяттан біржола өлген артық. Сонда бәрі ұмытылады. Тек осы жайында ойламасам екен».

Мен түнімен көз ілгем жоқ. Сырттан таң сәулесі білінгенде де осынау жанымдай жақсы көрген, бірге өскен Бәтиманы ар жетіп, әйелдікке алу деген сұмдық пиғылдан екі бетім ду-ду етіп, қанымды сыртқа тепкен сол ұят сезімімді баса алмай-ақ қойдым.

Кейін ойлап отырсам, мен Бәтиманы сәби күйінде сүйіппін де, сол сәби күйінде жүрегімде сақталып қалып-

ты. Және ол махаббат адамдардың періштені, пайғамбарды сүйгені тәрізді болып, пенделік қарым-қатынас, пенделік сүйіспеншілік, жер бетінде жұптасып тірлік құру, ұрпақ қалдыру заңдылығын сезіну, тағы сол сияқты өмірдің шындықтарына бірде-бір үйлеспейтін таңғажайып, түсініксіз бірдеңе болып шығыпты.

Сонда барып мен біздер үшін күйінудің де, сүйінудің де, ашудың да, махаббаттың да қуат мөлшері әу баста адамдарға табиғат бөлген шамадан аспау керек екендігін, егер одан асса, мағынасыздыққа ұшырайтынын түсіндім.

Ертеңіне Серікбайдың үйіне баруға батылым жетпеді.

Түсте Бәтима су алуға өзенге барғанда, жағада күтіп отырдым. Күнге күйіп, қоңырайып кетіпті. Асығып, тез жүргеннен үшкір мұрнының ұшы тершіп, ентігіп тұр.

– Апаң ауырмай ма? – дедім Бәтима шелек пен иінағашты тастап, жаныма отырғанда.

– Ауырмайды.

– Көкең ше?

– Ол да ауырмайды.

– Бетің неге жарылып кеткен?

– Суға түскеннен...

Бәтима бұрымына байлаған көк лентаны қайта-қайта тістелеп, ермек қып отырды.

– Тырнағыңды алмапсың ғой, – дедім қолына қарап.

– Сол қолым өте ыңғайсыз... Дұрыс ала алмаймын...

– Тұра тұр, қазір алып берейін. – Мен қалтамнан бәкімді алып, тырнағын алуға кірістім. – Бірдеңе айтайын, ренжімейсің бе?

– Жоқ.

– Мен түнде жездемнен жаман хабар естідім.

Бәтима үндеген жоқ.

– Саған айтты ма?

– Жоқ, айтқан жоқ... Бірақ мен үйде әңгімелесіп отырғандарын сыртта жүріп естіп қойғам.

– Иә, не айтты олар?

– Не айтсын. Осындай сөзіміз бар... Ы-ы, екеуімізді қосамыз деді.

– Иә, сосын?

– Сосын апам «Әлі шіп-шиқі бала емес пе екеуі де», – деп жылады.

– Сосын?

– Сосын көкем ұрысты. «Мен сені 15-іңде алғам», – деді...

– Сосын?

– Сосын, сол.

Екеуіміз де үнсіз отырдық. Жағалаудан су түбіндегі қайраң тастар, мал іздері анық көрініп тұрды.

Бәтиманың «апам жылады» деген сөзінен кейін, бұл істің кісі жәбірлейтін бір мәні болу керек деген ойға беки түстім.

– Құрысын, – дедім мен басымды жерден көтеруге ұялып, – оқуға кетіп қалам... Кетем.

– Қалай кетесің?

– Қашып кетем.

Бәтима аяғының астындағы тас кесекті жылжытып, өзенге түсіріп жіберді. Шолп етіп, үстімізге су шашырады.

– Жаңбыр, – деп күлді Бәтима маған қарап. – Қашып кетем дейсің бе?

– Иә, қашып кетем... Сен бірақ тісіңнен шығарушы болма.

– Апама да айтпайын ба?

– Апаңа ма?.. Апаңа артынан айтсаң айтарсың.

– Жаңбыр, – деді ол тағы бір тасты домалатып жіберіп. – Жолыңа ақшаны қайдан аласың?

– Ақшаны табатын болдым ғой, – дедім ересек адамдардай байсалды пішінмен. – Тек басқармамен шекісіп қалғаным шатақ болып тұр. Еңбекақымды жеп қойып жүрмесе...

Осыдан соң «қалай шекістің» деген Бәтиманың сұрауын күтіп, үндемей қалдым.

– Қалай шекістің? – деді ол айтқандай.

Мен арасына өзімнің пайдама шешілетін бірнеше оқиғалар қосып, шөп басында болған жағдайды баяндап бердім. Мәселен, басқарманың «тарт тіліңді» деп жетіп келетін жерінде, керісінше, мен жетіп барған болып шықтым. Менің кеудемнен қамшымен нұқып қалатын жерінде, мен денеме тигізбей, қамшысын жұлып алған болып шықтым. Одан кейін басқарма ат үстінде, мен жерде, жекпежек айқасып кеткен болдық. Әсіресе басқарманың «аттан

құлап, қалпағы ұшып кететін» жерінде Бәтима ішегі қата, көзінен жас аққанша күлді.

– Аздап сеніңкіремедім, бірақ қызық екен, – деді көзінің жасын сүртіп жатып.

– Кел, бәстесейік, – дедім мен өжеттеніп. – Не тігесің, тура басқарманың өзіне барып, беттесем. Өтірік болса... Кәне, бәстесесің бе?

Бәтиманың бәстеспейтінін біліп алған соң:

– Бәстесеміз бе, а? – деп қазір баратындай орнымнан тұра келдім.

Бәтима тағы бір тасты суға түсіріп жібермек болып, аяғын соза берді де, тайып кетіп, сырғанай жөнелді. Сырғанап бара жатып, менің тірсегімнен ұстай қалып еді, суға екеуіміз де ұмар-жұмар құладық. Бәтима арқасымен құлағандықтан бірден батып кетіп, қайта шықты.

– Фу! – деді алақанымен бетін сүртіп. – Арқама бір тас батып кетті. Сен қалай құладың, а?

– Мен аяғыммен түстім. Бәрібір су болдым.

– Мә-ә, мені қара, – деді де, Бәтима өз тұрқына өзі қарап, күліп жіберді. Ішін басып, ішегі қатқанша күлді.

Бәтиманың малмандай болған сары сәтең көйлегі бұлтиып қалған кеудесіне, жұп-жұмыр сандарына етімен ет болып жабысып қапты. Жалаңаш адам сияқты.

– Қарама, – деді маған көзін алартып. – Неге қарайсың?

– Кім, мен бе?.. Мен қарап тұрғам жоқ.

– Әрине, сен. – Бәтима жағаға шығып, көйлегінің етегін сықты.

– Қашан жүресің? – деді теріс қарап тұрып.

– Бүгін шөпке барамыз... Сол жақтан кетем. Енді келмеймін.

– А-а?! – Бәтима бұрылып, таңырқай қарады. – Келмейсің бе? Осы бүгін бе? – деді көзі жыпылықтап.

– Жоқ... иә, осы бүгін...

– Ендеше... – Бәтима бірдеңе айтқысы келіп, алдыма келді де, үндемей төмен қарап, көйлегінің етегін ұзақ сықты.

– Ендеше, жақсы... – Бәтима басын көтергенде су екені, әлде көзінің жасы екені белгісіз, бетінде ірі-ірі тамшылар ілініп тұрды. – Жақсы, – деді еріндері дірілдеп.

– Жақсы, – дедім. Жүрегімді біреу жұлқып қалғандай болды.

Осы кезде суға келе жатқан келіншектердің самбырлаған дауыстары, шелек қаңғыры естілді. Бәтима асығыс су алды да, иінағашты иығына салып, жағаға шықты. Бұрылып қарауға да үлгерген жоқ, екі шелекті ауырсынғандай қабырғасы майысып, тез-тез басып, жорғалай жөнелді.

Жұрт көзінен өстіп жасырынғанымыз маған қызық болып көрінді.

Сол күні ауылдан біржола шықтым. Артық көйлек-көншектерімді білдірмей салып алдым. 4-5 күннен кейін Төлек сайының маңын зерттеп жүрген геологтардың машинасына отырып, аудан орталығына жүріп кеттім.

Қоштасарда Жәкей қолымнан сүйіп:

– Сен қайтып келгенше мен де балалы-шағалы болып отырамын, амандықпен жолығайық. Жолың болсын, – деп оң сапар тіледі.

Бұдан кейін мен осынау әр кез ойлаған сайын жүрегімді шоқтай қаритын Қоңыраулы өзенінің борықты жағалауын, көкпекті, жазық беткейді қанша жыл сағынып жүрдім!..

Оқуға түсе алмаған соң, дәм айдап Алматыдан бір-ақ шықтым. Әлдекімдердің көмегімен балалар үйіне орналастым. 10-кластыбітірген жылы жездеме хат жаздым. Бірақ жездемнің маған деген өкпесі әлі тарқамаған екен, жауап қайтармады. Одан соң ауылдың амандығын сұрап, Жәкейге хат салдым. Көп ұзамай жауап келді. Елдің амандығын, баяғыша Ақсуатта отырғандарын, мен кеткен жылы үйленгенін, екі ұлы бар екенін, қазір трактор жүргізетінін жазыпты.

Жездемнің, апайымның амандығын, ақырында өткен жылы бауыр ауруынан Серікбайдың қайтыс болғанын, жылын берген соң, Мағрипа апайдың Бәтиманы алып, Шығыс Қазақстан жақтағы төркініне көшіп кеткенін баяндапты.

«Сұрастырып, адресін жібер», – деп іле тағы хат жаздым. Бірақ адресін таба алмады ма, әлде мұны пәлендей маңызды іс деп ұқпады ма, жауап келмеді.

Сөйтіп менің екінші өмірім басталды. Талай адамдармен дәмдес болдым. Әсіресе университетте жақсы-жақсы

достарым бар еді. Бәрі де ақылды, ақынжанды, албырт жігіттер-тұғын. Біз өмір жайында, халық жайында, қыз, махаббат жайында, қоғам, мемлекет жайында пікір таластыратынбыз. Шығыс ақындарының өлеңдерін жатқа соғатынбыз. Адамзат өміріне ең жауапты ұрпақ мына біздер деп гуілдейтінбіз. Керісетінбіз, келісетінбіз, әйтеуір жас адам өмірін қалай өткізуге тиіс болса, біз де солай өткіздік.

Университеттің соңғы курсында оқып жүріп біртүрлі асығыс, әрі ойламаған жерден Әлия деген қызға (қазіргі әйелім) үйлендім. Ол кезде кекілі көзіне түсіп тұратын, аздап боянатын, көрікті қыз еді. Үйлену жөнінде қыздың композитор әкесінен рұқсат сұрамадық та, олар бізге өкпелеп, бір жылдай қатынаспай қойды. Біз ол бір жылымызды шағын бір пәтерде, кәдімгі үйреншікті жоқшылықта күліп-ойнап, бақытты өткіздік. Кей түндері әйеліміз екеуіміз төсекте жатып, ұзақ сырласатынбыз. Мен оның құлағына бунақ-бунақ мұңды дауыспен жастайымнан жетім өскенімді жыр қылып айтатынмын. Ендігі бүкіл ғұмырымды өзгелердің бақытына, елімнің даңқына арнайтынымды, керек десең, бұл үшін қара басымның бақытын да құрбан ете алатынымды айтатынмын. «Мен сені өзгелердей рақатқа бөлеп, қызық көрсете алмауым да мүмкін, – дейтінмін оған. – Өйткені менің барлық күнім мен түнім тек еңбекпен, азапты ауыр еңбекпен өтуге тиісті. Мен отбасының немесе бір басымның қамын ешқашан ойламаймын. Ал сен мені шын сүйсең, осының бәріне шыдайсың», – дейтінмін. Әйелім маған ол кезде керемет сенуші еді. Қараңғы түнде менің мойнымнан құшақтап, бәріне ризамын, бәріне де даярмын дегендей үнсіз жылап алатын.

Осылай уақыт жылжып өтіп жатты. Бірақ менің жоспарлаған өмірім келе-келе бүтіндей басқаша түрге ауысты. Әлияның әке-шешесімен татуласқаннан кейін шаруашылығымыз жөнделіп, баюға айналдық. Екі баламыз болды. Ауыр, азапты еңбектің бәрі жайына қалып, бос уақытымда үй шаруасына көмектесіп немесе тек тынығатын болдым. Шыбыртқыдан еті өліп кеткен мәстек өгіздей, әйелімнің таусылып бітпейтін күнделікті ренішін үнсіз тыңдап отыратын болдым. Ақша тауып, отбасын асыраудың өзі онша оңай жұмыс болмай шықты. Оның үстіне

әйелімнің дүниеқұмарлығы менің жылпос, іскер, тәжірибелі болуымды қажет қылды.

Жастағы асау арман, үміт-дәме, сонау студент кездегі профессорлардың «талант, болашағы мол» деген қолпаштау сөздері, болмашы сәтті туындылар – бәрі-бәрі жайына қалды. Сөйтіп бір кездегі қиялымдағы ұлылықты біржола ұмытып, тек отбасының қамынан басқаны көздемейтін, кешке жұмыстан келіп, диванда жатып, балаларын еркелететін, лауазымды кісілермен преферанс ойнайтын, табыс салығын сылтау етіп, айлықтан үштөрт сомды жасырып қалатын, өзге ажарлы әйелдерге қырындайтын, жиі-жиі іссапарға шыққанды ұнататын, кәдімгі қатардағы бір журналиске айналдым да шықтым...

Менің осынау атүсті еске түсірген өткен күндеріме енді тек мынау жаңбыр тамшылары жылап аққан машина терезесінен алыста дөңгеленген тау жотасына, жазық баурайға қарап, үнсіз ойға батқан қазіргі күйімді ғана қосуға болатын шығар.

IV

Біз ағып жатқан тайыз арықтан өтіп, көшелеріне қазқатар қайың егілген шағын поселкенің шетіне ендік. Шалшық суда жүрген үй қаздары жолдан бытырай қашып, артымыздан «бұл не ғажап!» дегендей мойындарын таңырқай созып, қаңқылдап, даурығысып қалды.

– Сен бұл колхозда болып па ең? – деп сұрадым шофердан.

– Болғам, – деді ол доңғалақ қазып кеткен терең жолдан көзін алмай. – Ауданнан тым қашық демесеңіз, көбінен жақсы колхоз. Қараңызшы, ағаштары қандай?

– Жері сұлу екен. Тұрғындары бай-ау, шамасы?

– Бай болғанда қандай. Осы поселкенің өзінде төрт «Москвич» бар көрінеді. Себебі бақша отырғызады. Оның үстіне малдары бар... Баратын үйіңізді білетін бе едіңіз?

– Жоқ.

– Онда сұрайық біреуден.

Шофер машинаны есігінің алдында тақтай орындықта ұршық иіріп отырған кемпірдің қасына тоқтатты.

– Шеше, – дедім терезеден басымды шығарып. – Бәтиманың үйі қайсы?

Кемпір нұры қашқан әлсіз көзімен бізге жатырқай қарап, ұршығын тоқтатты:

– Не деп тұрсыз?

– Бәтиманың үйі қайсы? Бәти-ма-ның?

– Қай Бәтима?

– Күйеуі агроном болып істейді деп естіп ем.

– Е-е, Айтолқынның келіні ме? Анау... – Кемпір төлтіректеп әрең бұрылып, қолымен көзін көлегейлеп, – міне, мынау, бөлек албары бар үй, – деп ұршығының ұшымен көрсетті.

Терезе алдындағы гүл бағы тақтаймен қоршалған, шатырлы, биік үйге көзім түсті.

Үйдің еңсесінің биіктігі мен ауласының тазалығына, бақ ішіндегі гүлдерінің алуан түріне, тіпті оны қоршаған тақтайлардың біркелкі әрі мәнермен жасалуына қарап, бұл үйдің қожайындарының тату-тәтті тұрмысын, өз өмірлеріне ризашылығын, сол себепті де еңбексүйгіш екендерін елестетуге болғандай еді.

«Қазір Бәтиманы көрем-ау» деп ойлап үлгергенімше, машина есік алдына тоқтады. Біз ішке кіруге босағада байлаулы жатқан ақ төбеттен бата алмай, состиып-состиып тұрып қалдық. Төбет бір-екі рет жалқаулау гүр ете түсті де, өзінің көзі тірісінде бұл арадан ешкімді өткізбесіне сенген пішінде жайбарақат жата берді. Әлден соң сыртқы есік сарт етіп ашылып, іштен жеңсіз сұр халат киіп, шашын төбесіне түйген, орта бойлы әйелдің әсем тұлғасы көрінді. Әйел маңдайына түскен шаштарын самайына жүре қыстырып, табалдырықтан ептей аттап, сыртқа шыққанда оның Бәтима екенін анық таныдым.

«Өзгеріпті-ау» дедім ішімнен таңырқап. Бұрынғы балғын кейпінен із де жоқ. Сабырлы. Біртүрлі бөтен адам секілді.

Бәтима әлденеге үрейленгендей, әлде ұнатпағандай, жаттау жүзбен кіржиіп, бізге қарады. Мені көрді де, жүзінен түк қуаныш белгісін білдірмей, баспалдақтан ақырын түсіп, машинаға тақады.

Осы кезде бұған дейін өзім сезбеген бір сағыныш тасқыны еркіме қоймай, дедектетіп алып кетті.

– Айналайын, Бәтима, – дедім әңгірлеп, – амансың ба, жаным-ау?!

Бәтима болса, сол асықпаған күйі үнсіз қасыма келіп, күнде көріп жүрген адамның біріне амандасқандай жайбарақат қолын ұсынды.

Оның мұнысынан көңілімнің аптығы су сепкендей басылды. Есімді тез жиып, өзімнің дарақылығыма қатты опындым. Қолына ернімнің ұшын тигізіп:

– Халіңіз қалай, жағдайыңыз жақсы ма? – дедім сыпайы ғана.

Кенет Бәтиманың аққұба жүзінен сорғалап тұрған жасты көргенде селк ете түстім. Жүрегім тулап қоя берді. (Жалпы әйелдердің көз жасының ер адамға деген бір ерекше әсері бар ғой). Алғашқы сағыныш тасқыны бойыма қайта құйылды.

– Жыламашы, жыламашы енді, – деп жалындым құлағына, өзімнің де көңілім босап бара жатқанын сезіп, – жыламашы, бұ не қылғаның?..

Бәтима менің кеудеме басын сүйеп, дыбыс та шығармай, тіл де қатпай, анда-санда екі иығы селкілдеп, үнсіз жылады. Ұзақ жылады.

– Е, қайын жұртын көргенде қыздар өстеді, – деді жиналып қалған кемпірлердің бірі. – Ағайын ел оңай ма, сағынады да...

Бәтима көзінің жасын сүртпестен, сонау бір қымбат күндерді еске түсіріп, қуана қарағанда бұл көз жасының ұзақ жылдар өтсе де, ұмытылмай сақталған таза балалық, достық сағыныштан туған көз жасы екеніне түсініп, өзімнің осы келісімнің үлкен ақыл болғанына қандай қуандым десеңші!

– Кемпір-ау, құдаң келді ғой, – десті біреулер үйден шыққан аласа қара кемпірге.

– Е-е, шырағым, ат-көлік аман ба? – Кемпір маған ұрсайын деп тұрған адамдай, қызарып кеткен көрі көздерімен шақырая қарады. – Неғып тұрсыңдар, үйге кіріңдер.

Жан дүниемді астан-кестен қылған беймәлім сезім күшін әлі де баса алмай, көңілім босап, «әлгінде Бәтимаға қосылып неге жыламадым» деп өкініп, үйге кірдім.

Үй ішінде жиһаздар тым көп екен, сол себепті бөлмелері тар секілді көрінді. Терезеге ұсталған жұқа жасыл перде үй ішін жаңға жайлы көгілдір, жұмсақ шұғылаға бөлеп тұр.

Мен бөлмені тегіс шолып, ту сыртымдағы кітап салатын шкафтың үстінде ілулі тұрған Бәтима мен күйеуінің фотосуретін көрдім. Үйленер кезде түскен секілді. Бәтиманың үстінде тойға киетін ақ көйлек, омырауына гүл қадаған. Бір миығынан күлімдеп, сұмдық сұлу болып түсіпті.

Күйеуінің өте мұқият таралған бұйра шашы, объективке тесіле қараған өткір көздері, денесін тым тік ұстауы, жалпы түріндегі өте көркем болып түссем деген сіресу белгісі оның Бәтимамен бірге, өзінің де бой-басын қатты бағалайтынын білдіріп тұр.

Кемпір бізді өз бөлмесіне ертіп апарды. Қызыл сисадан көктелген ұзын көрпеге малдас құрып отырдық. Бәтима шай қоюға кетті.

Кемпір менің елімді, руымды сұрады. Осынша алыс жермен құда болғандарын мойындады.

– Қыз – қияға, – деп мақалдады ол. – Баяғыда келіншекті атан түйеге қалы кілем, жасау артып, құда түсіп, алып қайтатын. Қазір енді заман басқа. Балалар өздері көңіл жарастырып, сырттай қосылып жатыр... Бәтиманың еліндегі көп туысқанын біле бермейміз... Бармаған соң қайдан білейік... Жаңағы еліңді, жеріңді сұрап жатқаным сол ғой... Уһ... Құдайға шүкір! Жалғыз бала еді. Міне, екі немерем бар... Ағайын бар... Жетті деген емес пе осы!..

Бәтима бізді төргі бөлмеге шайға шақырды.

– Бара беріңдер, қарақтарым, – деді кемпір есікті қолымен көрсетіп. – Шай ішіп, тынығып алыңдар. Жол соққан шығар. Кешке Бағдат та келер... Мен кәрі кемпір мылжыңдай берем...

Бәтима шайға ақшыл түсті жеңсіз көйлек киіп келіп отырды.

– Апырау, сағындық қой, – деймін өң мен түстің ортасында отырғандай бір сезіммен. – Жаным-ай, осы тұрған өзіңсің бе?

«Иә, өзіммін ғой» дегендей Бәтима маған қарап, күліп қойды.

– Апаң қуатты отыр ма?

– Апамды қайтпас сапарға аттандырғанбыз.

Мен шай құйылған кесені көтерген қалпымда қатып қалдым.

– Иманды болсын, – дедім әрең дегенде. Басқа ештеңе дей алмадым. Өйткені не дерімді білмедім.

«Бәтима байғұс жалғыз апасынан айырылғанда не күйде болды екен» деген ойдан көңілім босап, қатты аяп, басымды көтеріп, жүзіне қарадым.

Бәтима бағанағы көңілді күйінде, еш уайымсыз табақшадағы піскен тауық етінің бір кесегін шофер жігіттің алдына, бір кесегін менің алдыма қойып, турап жеу үшін пышақ пен шанышқы ұсынды.

Өлім жарасын уақыт әлдеқашан жазып жібергені сезіліп тұр.

Дастарқан басындағы азғантай көңілсіздік ұзамай сейіліп кетті.

– Алматыда тұрасыңдар ма? – деді Бәтима әңгімені басқа жаққа бұрып.

– Иә.

– Бала-шағаң көп пе?

– Екі балам бар. Біреуі – ұл, біреуі – қыз.

– Как по заказу, – деп Бәтима дауыстап күліп жіберді.

– Өз балаларың қанша?

– Біздің екі қызымыз бар. Қайда кеткен өздері? Далада ойнап жүрген болар.

Бәтима шай ішіп отырып, мен кеткеннен бергі өмірін – көкесі бауыр ауруынан қайтыс болғанын, жылын берісімен, апасы екеуі Шығыс Қазақстандағы нағашыларына көшіп барғанын, сол жақта орта мектепті бітіріп, институтқа кеткенін айтып берді. Екеуіміз елді, ауылдың адамдарын, балалық шағымызды еске түсірдік.

Шайдан соң шофер жігіт тынықпақ болып, кемпірдің бөлмесіне кетті. Мен диванға қисайдым да, Бәтима менің басыма тағы бір жастық салды.

– Отыршы, – дедім қолын ұстап, – жүзіңе қарап қана отырайын. Отыршы...

Осы кезде тапырлата басып Бәтиманың өзінен айнымайтын екі жасар шамасындағы қызы кіріп келді.

– Әй, Шолпан, мында кел, – деді Бәтима қолын жайып. – Ағаны көрдің бе, міне. Кел, сәлем бер.

Шолпан орнынан қозғалған жоқ, қолын аузына салған күйі маған таңырқай қарады.

– Шолпан, Шолпан деймін, – деп Бәтима қызын өзіне қаратты. – Ағаны мен алып қоям, міне. Аға менікі, білдің бе, сенікі емес. – Бәтима тақап келіп менің басымнан құшақтады. Сосын ыстық демімен құлағыма сыбырлап: – қызғаншақтығы жанда жоқ, бірдеңені менікі десең, тек бас салады, – деді ақырын ғана.

Айтқандай Шолпан жүгіріп келіп, Бәтиманы итеріп тастады да, өзі менің алдыма шығып алды:

– Тайт! – деді аузын томпайта айбат шегіп. – Сенікі емес, менікі.

Бәтима ішін басып, селкілдей күліп, креслоға отыра кетті. Мен Шолпанды бауырыма қысып, іші-бауырым елжіреп, бетінен сүйдім.

Осы кезде мені қандай кісі таңқаларлық сезім биледі дейсіз ғой! Осы кезде мен өзімді дүниедегі ең бақытты жан шығармын деп ойладым. Енді қалған ғұмырымды Бәтиманың қасында болып, соның отбасымен бірге өмір сүріп, (неғылған түсініксіз мақсат десейші) өзінен айнымайтын мына кішкене қыздарын бауырыма қысып, мауқымды бассам, Бәтиманың жанашыр жақыны болсам, ол тек тап бүгінгідей мені әрқашан шексіз жақсы көрсе болғаны, тек сол үшін ғана мәңгі қызметшісі болып күн кешсем деген періште ой мені әлдебір ғажайып қиял дүниесіне алып кетті. «Иә, иә, тек осы ғана, басқа түктің де қажеті жоқ. Соған ризамын» деймін ішімнен қайталап.

Кешке күйеуі Бағдат келді. Ұзын бойлы, қараторы жігіт екен. Қайдан, қашан келгенімді сұрады. Тап бір менің отбасымды бұрыннан білетіндей, үй ішімнің, бала-шағамның амандығын сұрады.

Үстіне ескі пиджагін киіп, пышақ қайрап жатып:

– Ағаң келгенде маған қаратпай, малды өзің-ақ соя бермейсің бе? – деп әзілдеді Бәтимаға.

– Қалайша аға, Әбдікәрім менімен құрдас, – деді сөзге түсінбеген Бәтима.

Іле күйеуі де:

– Е, онда сенікі жөн екен, – деп қалды да, осы сөзі өте орынды, әрі дәл айтылған қалжыңдай болып көрініп, бәріміз жамырай күлдік. Бәтиманың қатты күлгені соншама, тіпті қызарып кетті.

Одан соң менің кішкентай кезімдегі аңқаулығымды – бірде апасы мені үй жылытатын пештің мұржасын жабуға жұмсағанда тамақ асып жатқан қазан пештің төбесін жауып тастап, үйдің ішін көк түтін қылып, бәрін далаға айдап шыққанымды айтып, тағы да қыран-топан күлдірді.

– Шығып жатқан түтінді қалайша көрмеді екен? – деп шофер сеніңкіремей қалды.

– Оны өзінен сұраңыз, – деді Бәтима мені көрсетіп.

Мен жауап ретінде бұл оқиғаға өзім де әлі күнге дейін таң қалатынымды айттым.

Бірер сағаттан кейін Бағдат шаруасын бітіріп, қайтып келді. Дәмге дейін преферанс ойнадық, альбом көрдік, шофер жігітке домбырамен ән салдырдық. Тәп-тәуір даусы бар екен.

Ас үйде шаруа істеп жүрген Бәтима да анда-санда бізге кіріп, ән тыңдап, әңгімеге араласып кетіп тұрды.

Енді бір сәтте ермек етерлік ештеңе табылмай, тағы да ала қартты қолға ала беріп ек:

– Тұра тұрыңдаршы, – деді Бәтима қолын көтеріп. – Қазір бір қызық ойын ойнаймыз. – Түпкі бөлмеге еніп кетіп, бүктетілген журнал мен қағаз, қарындаш алып шықты.

Қағазының жылтырлығына, ішіндегі фотолардың қанық боюына, әрі орыс тілінде басылғанына қарап, өзіміздің демократиялық мемлекеттердің бірінің, бәлкім, Болгарияның немесе Румынияның журналы болар деп ойладым.

Бағдат Бәтиманың қолынан журналды алып, үстелге тақай отырды. Содан кейін ойынның шарттарын түсіндіре бастады.

Бұл «Сіз қандай жансыз?» деп аталатын француздардың ойыны екен. Ойынның шарты бойынша, әркім журналда берілген әртүрлі сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріп, одан соң «иә» мен «жоқ» сұрыпталып, топқа бөлінеді. Журналдың келесі бетіндегі кестеде әлгі топ-

тарға тиісті мінездеме берілген. Яғни «Сіз осындай, осындай жан екенсіз» деп анықтама береді.

– Ал енді берілген сұраққа көп ойланбайсыздар. Өтірік айтпайсыздар. Бұл бір өте қызық ойын, – деді де Бағдат неге екені белгісіз, тергеуге бірінші мені алды.

– Сіздің достарыңыз көп пе?

– Жоқ, – дей салдым, есіме көп ойланбау керек деген ойынның шарты түсіп.

– Сіз қаржы қор жинайсыз ба?

– Жоқ.

– Сіздің бойыңызда ішкі қайшылықтар күшті ме?

– Иә, – дедім Бәтиманың қадала қарағанынан әлдеқалай ыңғайсызданып. Оның үстіне өзіме таныс емес мынау ойын адамды келеке ету үшін жасалған тәрізді болып көрінді, сақтанып жауап беру керек болар деп ойладым.

– Бір сағат бойы тым-тырыс отыру сізге қиынға түспей ме?

– Жоқ.

– Сұлу мүсіндерді ұнатасыз ба?

– Иә.

– Сіз біреуді жақтырмайтыныңызды көзінше айта аласыз ба?

– Жоқ.

– Жиналыста белсеніп сөйлейтін қасиетіңіз бар ма?

– Жоқ.

– Дәлдік пен уәдеде тұру сізге тән қасиет пе?

Мен біраз ойланып барып:

– Жоқ, – дедім және осыным дұрыс деп ойладым ішімнен.

Бұдан кейінгі сұрақтар «Жексенбі күнгі серуенге алдын ала әзірленесіз бе?», «Сауда жасағанда артық кеткен тиындарыңызды даулайсыз ба», «Той-думанды ұнатасыз ба?», «Тәтті асты ұнатасыз ба?» деген секілді ұсақтүйектер болды да, мен мұның бәріне «жоқ» деп жауап бердім.

Бағдат менен кейін Бәтима мен шофер жігіттен жауап алып, соңына өзінің жауаптарын тіркеп жазды. Одан соң «иә» мен «жоқты» іріктеп, топтай бастады. Бірдеңелерді жазып, журналмен мұқият салыстырып шықты.

– Ал енді, – деді бір кезде ойын қызығына енді кіріскен баладай көзі жайнап. – Кімнің мінезі қандай екені, міне, мына бетте... – Журналдың келесі бетін ашты да, маған қарап күліп қойды. – Та-а-ақ... Әбдікәрім жайында былай дейді... М-м-м. Иә, сіз әңгімеқұмар, көңілді жансыз... Сіз уәдені көп бересіз, бірақ аз орындайсыз... – Мінездеменің басынан оңбай бара жатқанын сезіп, отырғандар жымия бастады да, – «Аздап жеңілтектеу екеніңіз де рас», – дегенде ду ете қалған күлкі Бағдаттың даусын көміп кетті. Бәтима қоймастан ұзақ күлді. – Бірақ сіздің жаңалық атаулыға жаныңыз құштар, – деді Бағдат әрі қарай оқып. – Өміріңіздің қат-қабат қақтығысқа, оқиғаға толы болғанына жаныңыз құштар, соған құмарсыз. Әрқашан әлденені ойлап, жоспарлап, армандап жүресіз. Ол армандарыңыздың іске аспайтын қисынсыз қиял екенін білсеңіз де армандай бересіз... Сіз ішкі ойыңызды керісінше айтуға – наразы болсаңыз да ризамын деп айтуға, жек көріп тұрып, жақсы көрем деп айтуға қалыптасқан жансыз. Сізді түсіне қоятын жандар аз... Сізді көп адам өз тағдырына риза жан деп ойлайды. Ал сіз, шыныңда, көп нәрсеге риза емессіз. Тіпті өзіңізге де риза емессіз. Рас, қабілетіңіз аз емес. Бірақ оны сыртқа шығаруға сізде ынта жоқ...

Мінездеме кісі күлерлік етіп жасалған деген пікірде отырғандықтан, жұрт «ынта жоқ» деген сөзге тағы да ду ете қалды.

Мен де күлдім. Бірақ біз үшін уақыт өткізу ғана болып отырған мына ойынның астарында таңғажайып бір шындықтың жатқанына іштей қайран қалып, қалай да сыр бермеуге тырыстым.

– Сіз, – деді Бағдат Бәтимаға бұрылып. – Сіз жұртқа өте ұнайсыз.

– Қой әрі, – деп қалды Бәтима қолын сілтеп. – Өтірік оқып отырсың сен.

– Құдай біледі... Нанбасаң көр. – Бағдат Бәтимаға журнал бетінен бірдемелерді көрсетіп, жауапты салыстырып, әлденені дәлелдей бастады. – Не, мен сенен бірдеңе алайын деп отыр дейсің бе, – деді кәдімгідей өкпелеп. – Сіз жұртқа өте ұнайсыз. Сіз әрі сыпайы, салмақты, әрі жұрт пікірін қостай білетін, достарыңызды қиыншылыққа

қалдырмайтын адамсыз. Бірақ сіздің сеніміңізге ие болу аса жеңіл емес... Міне, көр нанбасаң...

– Жарайды, – деді Бәтима күле сөйлеп. – Рақмет мақтағаныңа.

Бағдат бала мінезді, қылт етпе екен.

– Фу! – деді қарындашты үстелге атып жіберіп. – Өзің жүргізші, мә! Ал...

– Болды енді, – деді Бәтима баяу, бірақ әмірлі үнмен.

Бағдат әрі қарай оқыды:

– Шофер бала, енді сен тыңда... «Сіз болмашы нәрсеге шыр-пырыңыз шығып, ашуланатын, ұрысқақ жансыз. Кейде сіз көңілді боласыз. Бірақ мұндай уақытыңыз тым аз. Сіз ренжігіш, не болса содан секем алғыш, кінәмшіл жансыз...»

Байғұс шофер жаза кескен үкімді тыңдағандай, қып-қызыл болып терлеп, жерден көзін алмай мелшиіп отыр. Біз күлген сайын кірерге тесік таппайды.

– Бірақ сізде жүрек бар. Шындықты сүйетін жүрек бар...

Бағдат өзінің мінездемесін ішінен бір оқып алды.

– Сіз, – деді өзіне-өзі, – сіз адамдармен тез араласқыш, шүйіркелескіш жансыз. Бірақ сіз олардың ортасында өзіңіз ең басты рөл атқаратындай болып араласқанды ғана жақсы көретін сияқтысыз. Сіз әрқашан жұрттың таласқанына қазы, төреші болуды жақсы көресіз. Өзіңіз сондай ойындарды ұйымдастыруға құштарсыз. Тіпті сол ойын-таластардың өзінде де өзіңіздің басты рөл атқаруға тырысатыныңызды байқатасыз... – Бағдат үндемей қалды.

– Жоқ, жоқ, – деді әбден мәз болған Бәтима ұшып тұрып. – Тегіс оқы! Неге тастайсың? Әкелші бері, – деп, Бағдаттың қолынан журналды жұлып алды. Сосын өзіне керек сөйлемді іздеп тауып алды:

– Сіз шыны керек, жанаяр адамсыз... – Бәтиманың балаша мәз болып, ішегі қата күлгені сонша, соның күлгеніне ғана қарап отырып, өзіңді бақытты санағандай едің. Тіпті Мұрат та бір қабағын көтеріп, жымиып қойды.

Осы кезде менің басымнан ток жүріп өткендей бір құбылыс болды. «О-о-о! Қанша жыл тілімнің ұшында жүрген сөз осы! Ғажап, ә! Иә, иә, жанаярмыз ғой біздер!

Бір сен емес, бауырым, біз бәріміз де жанаярмыз... Жанаярмыз! Мынау не деген сұмдық ойын еді өзі!..»

Жатарда бізге алма ағашының түбіндегі сәкіге төсек салынды. Жаздың тымық, айлы түнінде бақ ішіндегі піскен жемістің қышқыл иісін сезіп жатып, ұйықтаған қандай жақсы! Жамыраған жұлдыздарға қарап, үшеуіміз де түн ортасы ауғанша әлем, кеңістік, жаратылыс жайында, болашақ жайында әңгімелестік. Бағдат өзінің әр нәрседен хабары бар, кітапты көп оқитын адам екенін білдіріп, ғылым мен техника жаңалықтары туралы көп айтты.

– Жақында бір профессордың мақаласын оқыдым, – деді ол жастығын биіктетіп. – Марста тіршілік болған деген болжамды дәлелдеп жазыпты. Өте қызық. Мен өзім соған қосыламын. Ойлашы, мынау шексіз-шетсіз, саны жоқ галактикада тек жалғыз Жерде ғана тіршілік бар, ал басқа планеталарда жоқ және болмаған деу тіпті ақымақшылық емес пе?.. Ғылым деген қазір қиялдан да асып кетті. Марс проблемасын осы жуық арада шешетініне менің күмәнім жоқ...

Мен үндегем жоқ. «Марс проблемасы маңызды-ақ шығар, бірақ мына өзіміздің жерде де шешілмей жатқан мәселе аз ба?» деген ой тұрды көкейімде.

Шофер жігіттің дем алысынан ұйықтап кеткенін байқадым. Біраздан соң Бағдаттың да баяу қорылдаған дыбысы естілді.

Әлі толысып бітпеген ай шетінен үзген шелпектей кеміс жарқырайды. Жетіқарақшы да терістікке ауысып кеткен. Түпсіз тұңғиық бір кеңістікте жұлдыз біткен өріп жүргендей.

Беймезгіл шақырған әтеш үні естілді. Әлденеге иттер үрді. Дәл жанымыздан топ етіп, алма үзілгендей болды. Тыныштық!

Мен жұлдызды аспан әлеміне қарап жатып, өзіме де түсініксіздеу, әлдебір мәңгілікке, шексіздікке, мінсіздікке ұмтылғым келді. Жаңа туған сәбидей шексіз тазалық пен пәктікті, тән күнәсін былай қойғанда, ойлау күнәсінен де аулақ болуды, шексіз әділдікті, шексіз ақиқатты ойладым. «Мәңгі адалдық, мәңгі тазалық!.. Мәңгілік!.. Құдайау, неткен тамаша!..»

Тап осы сәтте мен адамдар қауымынан бөлек, өзі де, тәні де жоқ, ауаға сіңіп кеткен рух секілді едім. Қазірден бастап өзге тірлікті талақ етіп, бүтіндей басқа бағытта өмір сүретіндей сезіндім.

Төбеден ұшып өткен түн құсы қанатының сусылынан кейін, тағы да жым-жырт тыныштық басты. Түн де менің осынау қиялымды құптап, мәңгі тыныштықты уағыздайтын секілді. «Мәңгі тыныштық! Қандай ғажап! Жұлдыздар да шексіз... Шексіз ақиқат, шексіз әділдік...»

Таңертеңгі шайдан соң мен кідірмей, жүріп кетуге жиналдым. Өйткені басқаша аялдаудың еш жөні жоқ еді. Қоштасарда Бәтиманың қолынан сүйдім, хат жазып, хабарласып тұруға уәде бердім.

Бағдат шын достық пейілмен қолымды қысты:

– Біздің үйдің төрі әрқашан өзіңдікі. Жолың түскенде соқпай кетсең, өкпелейміз, – деді. Содан кейін «міне, біз қандаймыз» дегендей Бәтима екеуі қол ұстасып, біздің артымыздан қарап тұрды.

Қазылып қалған терең жолмен ырғалып-шайқалып, поселкеден ұзадық. Тау бөктеріне келгенде, тастақ жол басталды.

Кешегідей емес, көңіл күйім орнығып, аптығым басылып, сабама түсіппін. Ұмытып кеткен бала-шағамды, әйелімді, дос-жарандарымды еске алдым. Түндегі ойлаған «мәңгілік» пен «мінсіздік», «басқаша өмір сүру», «адамдарды айыптау» тірліктің шындығына сыймайтын бірдеңелер секілді.

«Күтпеген бір іс болды бұл өзі, – деп ойладым. – Бәтима мен үшін осыншалық жақын адам болар деп ойламаған едім. Есіме де келмеген...»

Кенет «япыр-ау, мен Бәтимамен қосыла қалғанда қандай бақытты болатын едім» деген өкінішті ой жүрегімді қысып, ауыртқандай болды. «Мен сонда қандай бақытты болатын едім... Мен неге сөйтпедім... У-у-у! Тағдырдың өзі Бәтиманы менің бауырыма қанша әкеліп, итерсе де, өз жұмыртқасын танымай, безген тауықтай ұямнан шығарып тастай берген екем. Сонда мен қайда асықтым? Не үшін асықтым? Биік мақсат үшін бе? Қоғам үшін бе? Шындық үшін бе? Әлде үміт күйінде қалып қойған ақылой қабілетінің жарқын болашағы үшін бе?.. Жо-жо-жоқ!

Әлдебір қасиетті, үлкен іске басымды байласам-ау деген ойға менің дәтім шыдамайды. Біз сонау алғашқы махаббатқа да жанпидалық көрсете алмағанбыз, енді тіпті де жанпидалық көрсете алмаймыз.

Бүкіл ақыл-ойыңды, ерік-қабілетіңді, рақат-қызығыңды өзіңді қоршаған қауым ырқы билеп кеткен шағыңда сенің еншіңе бір ғана зат – жүрегіңде бақилыққа ұйып қалған жастық сүйіспеншілік қана қалады. Сен оны қанша жыл қатыгездікпен ұмытсаң да, өзіңді одан да гөрі маңыздырақ, мәндірек бір іске лайықтымын деп тапсаң да, басқа жерден байыз таппай, өз ошағына қайта оралған бейбақтай түбі оралатының хақ; бірақ ол қай кезде болады, мақсатыңа жете алмай шаршаған кезіңде ме, санаң марқайып, ақиқаттың не екеніне көзің жеткен кезде ме, әлде тіпті өлер шағыңда ма, оны кім білсін...»

Мен осы бір көңілсіз ойдан арыла алмай, жақындап қалған тау шатқалына үнсіз қарап, ұзақ отырдым.

АҚИҚАТ

Әркім жәрмеңкені өзінің тапқан
затына қарап бағалайды.
Испан мақалы

I

Роберт сіңірі тартылғандай құрыстанып, қабағын кіржитті. Бұршақтап аққан тер құсеттеніп кеткен бөртпе қызыл мойнына құйылды. Қарт профессор ащы тер иісінен тіксініп, басын шалқайтты да, оның неге үндемей қалғанына түсінбей, таңданып, сұқтана қарады. «Япыр-ау, бұған не болған?! Әлде науқастанып қалды ма? – деп ойлады. – Әлде сеансты тым ұзаққа созып жібердік пе?..» Профессор сағатына қарады да: «Жоқ, – деді ойын жалғастырып, – әлгінде ғана бастадық. Мүмкін емес...»

– Неге үндемейді? – деді жуан генерал профессорға бұрылып.

Профессор жауап қатқан жоқ, Роберттің дымқыл білегін ұстап, тамыр соғысын тексерді.

Роберт сөйлейтін адамдай жұтынып қалды. Содан соң тісінің арасынан ысылдап:

– Не үшін керек? – деді естілер-естілмес. – Не үшін керек осы сұмдық...

Профессор анығырақ есту үшін құлағын тақай бергені сол еді, Роберт өзінде жоқ бір мінезбен шаңқ ете қалды:

– Құрып кетсін! Керегі жоқ, көргім келмейді! Көргім келмейді...

Жынданып кетпеді ме деп зәресі ұшқан профессор:

– Тек, тек... – дей берді даусы қалтырап.

Роберт шынында да жынданған адамдай көзі аларып, қыр-қыр етті.

– Жоқ! Жоқ! Бұл сұмдық! Жоқ! Жоқ!

Магнитофонның жанында тұрған профессордың көмекшісі де, телепаттың әр сөзін қалт жібермей қағазға түсіріп отырған стенографист әйел де әрі қарай не деп жазарын білмей, дағдарып қалған.

– Тоқтат! – деген генералдың жарықшақ даусы Роберттің айғайын үзіп кетті. – Бұл – мемлекеттік іс. Сеансты жалғастырыңыз. Тез!

Телепат тағы да бажалақтап: «Жоқ, құрысын», – дей беріп еді:

– Роберт мырза! – деді генерал долдана айғайлап. – Сіз мемлекеттік қылмыскерді көрсетуден бас тартып тұрсыз. Сіз сот алдында жауап бересіз, сот алдында.

Роберт есі кіріп, жуасып, қалтасынан тор көз орамалын алып, мойнын сүртті. Содан кейін басының сақинасы ұстағандай маңдайын тыржитып, сеансқа қайта кірісті.

– Көріп тұрмын.

Генерал да, профессор да жымың ете қалды.

– Көріп тұрмын...

Профессордың көмекшісі магнитофон тетігін басып қалды да, микрофонның бауын шұбалтып, ілгері аттап, телепаттың қасына тақалды. Стенографист әйел жазуға дайындалды. Бұл оқиға да бұрын полицейлер қанша іздеп, ізіне түсе алмай, телепаттың көмегімен ғана таппақ болған қыруар қылмысты әрекеттердің бірі еді.

– Гангстерлер машинаға отырды... – Роберт денесінің құрысы тарқағандай қозғалақтап, жөткірініп алды да, көз алдында өтіп жатқан оқиғаны баяндауға кірісті.

Оның осынау кісі ақылы жетпейтін құпия қабілетіне, тіпті телепаттың аза бойын қаза қылып жатқан жан түршігерлік оқиғаларға мұндағылардың еттері үйренгені соншалық, осыған пәлендей таңырқап, болмаса сыры неде деп бастарын қатырып, қиялдап жатпайтын. Ең маңызды мәселе тек баяндалып жатқан қылмысты оқиғаның өзінде

ғана деп ұққандықтан, телепат суреттеген көшелердің, үйлердің белгілеріне, люстра, еден, терезе жақтауларының, машиналардың бояуына, есіктердің оюына, адамдардың киімдері мен түр-сипаттарына ғана көңіл бөлетін.

– Біреуінің желкесінде тыртығы бар. Басында... мыжырайған қалпақ... Екіншісінің үстінде... жағасын көтерген сұр плащ, қолы қалтасында... мұрты бар... орта жаста... көзі қысыңқы.

Генерал өзінің танитын адамына дәл келгендей, көзі бажырайып, одырая қалды.

Тек профессор аяғын айқастыра салып, көзілдірігінің үстінен сүзіле қарап, сабырлы отыр. Ол басқа бір затқа – он жыл бойына жүргізілген тәжірибеден бері телепаттың ақылға сыймайтын дәрежеде өскендігіне таң қалды. «Бәлкім, парапсихологияның адамдары да өз арасында данышпан немесе жай телепат болып бөлінетін шығар, – деп ойлады ол. – Болмаса мынау Роберттің әрі елесті көру, әрі ой қабылдау секілді екі қабілетті қатар меңгеруін немен дәлелдеуге болады?» Ол Роберттің алғаш суға кеткен баланы, ұрланған құпия құжаттарды қалай тапқанын, одан кейін арнаулы комиссияның көзінше жабық пакеттің ішіндегі хатты оқығанын есіне алды.

Профессордың он жыл бойына жинаған материалдары аз емес еді. Оның таңғажайып фактілерді көп жинағандығы сонша, осыдан бір жүйелі заңдылық тауып, игере алмай қалармын-ау деп те қорқатын. Сол қорқыныш пайда болған сәттерде өзі мен телепаттың арасында тұрған көзге көрінбейтін бір берік қамалды сезеді. Сол қамалға тірелген кезде ар жағы бір құпия, беймәлім, бас сұғуға болмайтын мүлде жат дүние екенін аңғарады. Ол тек бір затқа – санадан тыс құдіретпен адамдар дүниесін байланыстыра алатын көріпкелдердің бар екеніне ғана қуанатын. Сол байланыстың біреуі қазір өз уысында отырғанына одан да бетер қуанды. Ол андасанда Робертті аяйтын да еді. Адам баласының табиғатында өте сирек кездесетін көріпкелдік қасиеттің бірөңкей қылмысты істердің ізін бағуға қызмет етуі, шынында да, кісі аярлық жайт еді. Алайда профессор Робертті дүние жүзіндегі ең бақытты адам деп есептейді. Тіпті ол жайындағы ғылыми еңбегінің бір тарауы тек

осыны дәлелдеуге арналған. Амал қанша, бұл күнде қоғамнан, мемлекеттен тыс мүдде жоқ. Бәрі де – адамгершілік, ар-ұждан да, мақсат, мұрат та, еңбек те мемлекет мүддесіне қызмет етуге тиісті. Тіпті сол мемлекеттік мүдде дегеннің өзін байыбына жетіп түсінбей-ақ қой, өйткені оның өзі тым салыстырмалы түрдегі әрқилы ұғым. Бірақ қалай болғанда да мемлекеттен, қоғамнан тыс өмір жоқ. Адам өзімен-өзі немесе таза табиғатпен бетпе-бет қала алмайды. Осылардың бәрін профессор жақсы білетін. Сондықтан анда-санда Роберттің жағдайына іштей аяушылық білдіргенмен, иесінің қанша аяса да, көлігіне жүк артуын қоймайтыны секілді, ғылыми зерттеу жұмыстарын полицейлік криминалистік істермен біріктіріп жүргізуін қойған жоқ.

Сеанс біткеннен кейін тағы да анализ алу жұмысы басталды: медиумның қызуы, тамыр соғысы өлшенді, кардиограммалар тексерілді, тіпті күлімсі сасыған тер тамшылары да кішкене шөлмекке құйылып, лабораторияға жіберілді. Содан кейін барып профессор Робертті қолтықтап, өз кабинетіне әкелді.

– Осымен бүгінгі шаруамыз тамамдалсын, – деді Робертті диван-креслоға отырғызып жатып. – Мен тек... – соны айтып, есіне әлдене жаңа түскендей кнопканы басып қалды да, есіктен басы ғана көрінген хатшы әйелге: – Бізге бір ішімдік жағын қарастырыңыз, – деді көңілді үнмен.

Хатшы әйел таңырқағаны, әлде жақтырмағаны белгісіз, қабағын сәл керіп, үнсіз жоқ болып кетті де, іле бір бөтелке шарап пен екі рюмка әкелді. Содан кейін әбден бейімделген қызметшілік машықпен бөтелкені оп-оңай ашып, рюмкаларға еппен құйды да, беймәлім жымиған күйі шығып кетті.

Профессор тырнаның сирағындай рюмка-бокалдан қылқ еткізіп бір жұтты да, үстелге қойды.

– Тамаша! – деді ол әлдеқалай, сосын ұзақ отыратын адамның сыңайымен креслоға нығыздалып, шалқая түсті. – Тамаша! Тіпті ғылым үшін бұдан артық тәжірибенің қажеті де шамалы. Қарғыс атқыр мына бір қосалқы міндет болмаса, мен сіздің демалғаныңызды, тіпті ұзақ уақыт демалғаныңызды қалар едім.

Роберт үндеген жоқ.

– Данышпан туындылар... құстың ұя тұрғызғаны секілді соқыр түйсікпен жасалады деп Вольтер айтқандай, мына сеанстардың бәрі сіз үшін бірер сағаттық бос қиналыс болғанмен, ғылым үшін, тарих үшін аса мәнді оқиға екенін түсінуге тиістісіз, Роберт мырза.

Роберт тағы да үндеген жоқ.

Профессор орта рюмканы шүпілдете толтырды да, сыздықтатып отырып, түбіне дейін ішті.

– Мен секілді профессорлар көп, – деді кенет ашыла сөйлеп. – Ал сіз жалғызсыз. Сіз тарихта мәңгі қаласыз, егер тарихтың өзі мәңгілік бола алса...

– Түк емес! – деді Роберт күтпеген жерден.

Профессор бөлме ішінде өзінен басқа тағы бір адамның барын жаңа сезгендей селк ете түсті. Бірақ бұрылып қараған жоқ, тағы не айтар екен деп төмен тұқырған күйі үнсіз қалды.

– Қалайша? – деді әлден соң баяу ғана. – Тарих адамзат өмірінің ізін өшірмей, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Уақыттың әр тұсында кеткен қателік пен кемшілікті, әділдік пен зорлықты, қылмыс пен жазаны таразыға салады. Тіршіліктің мәні ашылады...

Роберттен тағы бір қарсылық күткендей профессор кідіріп қалды да, ештеңе демесіне көзі жеткен соң:

– Тіршіліктің мәні ашылады, – деді өз сөзін өзі қайталап. – Дегенмен, тарихқа кейіпкер болу әркімнің маңдайына жазылмаған...

– Түк емес, – деді Роберт тағы да.

Профессор оған таңырқай қарады. Бірақ пәлен деп сөз жарыстырып жатуды жөн көрген жоқ. Өз рюмкасына толтыра құйды да, бөтелкені Робертке қарай ысырып қойды.

– Тарихта қалуда ешқандай мән жоқ, – деді Роберт бөтелкеге әлдеқалай үрейлене қарап. – Өйткені тарихта ең қажетсіз заттар дәріптеледі... – Кенет: – Құндыз... – деді ол бас-аяғы белгісіз.

Профессор Робертке шошына қарады.

– Құндыздың даңқын шығарған оның түгі болғанмен, – деді Роберт әлі де бөтелкеден көзін алмай. – сол түктер құндыздың өзі үшін қымбат зат емес. Ол тіпті өзіне аса мәнді болып есептелмейтін заттың қалайша даңқын шы-

ғарып жүргеніне таң қалған болар еді. Тарих та сол. Оған адамдардың ізгі арманы, мәнді мақсаты, махаббаттары қажет емес. Ол адамдардың бойынан өзіне керегін ғана алады. Егер сан мыңдаған адамдардың аруақтарын тірілтіп алса, олар да өздері үшін соншалық маңызды емес заттардың тарихта дәріптелгеніне қарап, әлгі құндыз секілді қатты таң қалған болар еді.

Профессор келтірген дәлелдерге әлі де қанағаттанбағандай қабағын тыржитты. Роберт тап бір бөтелкемен сөйлесіп отырғандай, профессорға көңіл аудармастан:

– Тіпті қайдағы бір, – деді сөзін жалғап, – мағынасыз, жаңсақ мақсаттармен салынған әуре пирамидалар тарихта қалады, ал ең маңызды зат – осыны салған адамдардың ауыр азабы, қайғы-қасіреті, көз жасы қалмайды... Тарихшылар тарихи оқиғаларға адамдық қасиет, әділет тұрғысынан келудің орнына оқиғаның сыртқы нәтижесі мен хронологиялық есебін шығарудан басқаны білмейді. Олар үшін тарихи оқиғаларда кім жеңсе, солардікі жөн, солардікі қажеттілік, солардікі әділ... Яғни Македонскийдің қанды жорықтары қажеттілік, Цезарьдың, Шыңғысханның, Наполеонның қанды жорықтары тарихи қажеттілік... Бірақ сол тұста төгілген қан мен көз жасының, жан азабының не екенін бұлар түсіне ме? Егер сол тұста құрбан болған бір адамның рухын қайта тірілтіп әкеліп, лабораторияда тексерер болса (егер сондай бір мүмкіндік болып), сол жалғыз адамның жүректі қалжыратар ащы үнінен осынау тоғышар тарихшылар қанша затты түсінер еді. Ал сол ащы қарғысты мың-миллион есе, миллиард есе көбейтсеңіз, осы сұмдықты бес секунд естіп, төзуге кімнің жүрегі шыдар еді. Жоқ, біздер өз туысқанын өлген бетте біржола ұмытып, оның өмірін «бәленінші жылы туып, түгенінші жылы өлді» деген хабар күйінде ғана есінде қалдыратын жатжүрек, тасбауыр жандар секілдіміз. Өлгендердің, жеңілгендердің мүддесін ұмытамыз. Оларды өлдіге санаймыз. Яғни тарихтағы бүкіл рухани өмірді жоққа шығарамыз. Сосын келіп жер бетінде тірі қалғандар мен жеңгендердің ғана мүддесін, мейлі ол зұлымдық болсын, әділетсіздік болсын, ақылға сыйымды, ақиқат, әлемдік дамудың қозғаушы күші деп танимыз. (Профессор түйілген қабағын жазып жіберді). Айты-

ңызшы, құдіреттен жаралған мына өзіміздей адам баласына Наполеонның, я Македонскийдің пәленбай мың шаршы шақырым жерді жаулап алғанынан келіп-кетер не бар? Бірақ сол қателік болса да, мағынасыз болса да, тарихта қалды ғой... Тарих солардың даңқын дәріптейді...

– Бірақ тарих бұнымен бітпейді, – деді профессор мойындаған тәрізді бір үнмен. – Алда да тарих бар ғой. Неге түзетпеске?

– Алдағы тарих?!. Ол бұдан да сорақы. Өркениет атаулы табиғаттан бастап, адам бойындағы табиғи қасиеттердің бәрін жояды. Генетика мен адам психикасы әбден меңгерілгеннен кейін данышпанды колбада қолдан жасайды, санаға берілетін сенім-бұйрық арқылы бір адамды қорқақ та, батыр да, адал да, арамза да етуге болады. Адамның басын қолдан орнатамыз, жүректі қолдан жасаймыз. Дуалау арқылы махаббатты да қолдан жасауға болады. Тіпті таяуда ғана банкіге түскен ұрының ұры емес, «банкіге түсесің» деген бұйрықпен гипноздалған жай бір адам екенін өзіңіз де көрдіңіз ғой. Тіпті тұтас бір ұрпақты да гипноздауға болады. Болашақ тұнып тұрған фальсификация. Шындық пен жалғанның шекарасын таба алмаймыз. Өйткені бәрін қолдан жасаймыз.

– Бұл сұмдық қой, – деді профессор сыбырлап. – Адамзаттың санасымен жасалған осыншама заттың бәрін жоққа шығаруға бола ма?..

– Мынау өмірдегі мән-мағына, қасиет, әділет деп жүргендеріміздің бәрі адамдардың өздері ойлап тауып жүрген дүниелері. Әйтпесе олардың жаратылыс заңының негізін құруға еш қатынастары жоқ... Тіпті ақиқатқа қатысы жоқ...

Профессор әлдебір жақын адамның қазасын естігендей тұнжырап, үндемей қалды.

– Солай-ақ делік, – деді әлден соң даусы қарлығып. – Бәрі де ойдан шығарылсын, ақиқатқа қатысы болмасын, бірақ ақыры ойлап тапқан соң, дені дұрыс бірдеңені ойлап табуға болмай ма?..

Роберт орнынан тұрып, терезе алдына барды. Теріс қараған күйі жұқа пердені саусағымен түртіп тұрып:

– Ойлап табуға болар еді, – деді, – бірақ сол тапқаның қанша әдемі болса да, күндердің күнінде әйтеуір

ойдан шыққан дүние екені ашылып қалады да, бәрі де бір-ақ сәттің ішінде тас-талқан болады. Және одан кейін ештеңені де ойлап шығара алмайсыз...

– Тіпті қалай болғанның өзінде де адам өмір сүруге тиісті. Өмір сүру үшін рухани дәлел керек... Ал сіз, Роберт мырза, тағдыры қарапайым біздей емес, айрықша жаралған мына сіз қандай кеңес бересіз? – Профессордың даусы барлық зұлымдық атаулыны Роберттен көріп тұрғандай біртүрлі зілді шықты. – Не істеу керек? Мен сізден осыны сұраймын!

Роберт ұзақ үнсіз қалды. Кенет профессор оның әлдекалай селкілдеп тұрғанын көріп, таң қалды. Ол оның мұнысын мінездегі парықтың аздығына немесе сыпайыгершіліктің төмендігіне, тіпті солай болмаған күннің өзінде де осыған ұқсас бірдеңелерге балап, ренжіп, үндемей қалды. Әлден соң барып басын көтергенде, Роберттің әлі селкілдеп тұрғанын көріп, одан бетер таң қалды. Әйтсе де сабыр сақтауға тырысып:

– Мен сізден жауап күтіп отырмын, – деді ереже оқығандай бөліп-бөліп.

Роберт сол селкілдеген күйі бұрыла түсіп, басын изегендей болды. Профессор қалай түсінерін білмей ойланыңқырап қалды да:

– Сіз Күлкіні айтып тұрсыз ба? – деді әлденеден секем алып тұрса да, белгілі бір шешімге келе алмай.

Осы кезде Роберт бар денесімен бұрылып, профессор ешқашан естіп көрмеген бір жат үнмен лекілдетіп, бар даусымен қарқылдай күлді. Профессор абдырап, Роберттің жүзіне қарағанда оның қисайып кеткен аузын, бүкіл ақылой нышанын жоғалтып, есірік буған көздерін көріп, кнопканы қалай басып қалғанын өзі де білмей қалды. Есіктен басын қылтитқан қызметші әйелдің құлағына:

– Тез телефон соқ, – деді жан даусы шыға. – Роберт жынданып кетті... Тез...

Осының бәріне, тіпті бүкіл тіршілік атаулыға ішегі қатып күлгендей қарқ-қарқ еткен Роберттің тарғыл дауысы қашан ақ халат киген дәрігерлер келгенге дейін бөлме ішін тоқтаусыз жаңғырықтырып тұрды.

II

Роберт ұйқы терапиясынан кейін кәдімгідей қалыпқа келіп, дәлізге шығып, қабырғаға ілінген суреттерге, түпкі фойедегі қолдан егілген пальма ағашына, өзіне көз тастап, өтіп жатқан сестраларға қарап, бұрыштағы креслода бүктетіле отырып, күндізгі уақытын тып-тыныш өткізетін болды. Сестраларға терезедегі гүлге су құю керек екенін ескертті. Тамақ әкелген сестраға жылы шыраймен рақмет айтып, тіпті бір рет кезекші дәрігерден ауруханаңың бас дәрігерінің аты-жөнін сұрап, одан кейін палатаға күнделікті газет-журналдарды уақытымен әкеп тұруды талап етті.

Таңертеңгі астан кейін Роберт бас дәрігердің қабылдауында болды. Дәрігердің бақылау сұрақтарына Роберттің байсалды жауап бергені соншалық, кабинет ішінде отырған әлдекандай практикант студент қыздың: «Мына кісі сап-сау ғой», – деген сыбырын жұрттың бәрі естіп қалды.

Роберттің дәрігерден шығып, дәліздегі орындыққа отыра бергені сол еді, дәл қасынан кішкене баланың күлкісі естілді. Бірақ Роберт жалт қараған кезде, алдында тұрған бала емес, екі шекесінің шашы еп-ерсі тікірейіп тұрған қасқа бас, аласа кісі екенін көрді.

– Хе-хе-хе... – Қасқабас Роберттің бетіне беті тигенше үңілді. Содан кейін:

– Мен автомат адаммын, – деді сыбырлап. – Мен автомат адаммын. Мен автоматпын. – Қолымен кеудесін түртті. – Ішінде ток жүретін катушка бар, жіп-жіңішке сары сыммен қапталған. – Қолын көрсетіп, бірнеше рет ашып-жұмды. – Бәрі механизм. Рычагпен ашылып-жабылады. Тұрған бойы механизм, – деп қолының механизм екеніне қуанғандай, тағы да бірнеше рет ашып-жұмды. – Ана жақта, – деді әлдекайда қолын сермеп, – басқаратын пульт бар. Сол жерден тетікті басады, сонда мен жүремін... Aha, жүремін. Мінеки, – Қасқабас қаздаң-қаздаң басып, басын Робертке ыңғайсыз бұрған күйі дәліз бойымен кетіп бара жатты.

Ұзын бойлы, бұйра шашты біреу есіктің жақтауына тығылып, өткен-кеткен сестраларды қорқытпақ болып әуреге түсуде.

Кенет қарсы бөлмеден дәрігермен жағаласа ап-арық шал шықты.

– Свифттен қалған он мың стерлингті қайда жібердіңдер? – дейді жөтелге булығып.

Дәрігер тыңдамастан кете берді.

– Қайда? – деді шал орнынан қозғалмай. – Свифттен қалған он мың стерлингті қайда жібердіңдер, қайда?

Роберт Свифттің кім екенін есіне түсіре алмай, ұзақ ойланды. Ол тіпті ойлана алмай қиналды. Бастырылықкан адамның қолын қанша қозғағысы келгенімен қозғай алмайтыны секілді, ол қанша қадалып, ойланғысы келгенімен ойлана алмады. Ақырында Свифттің ағылшын жазушысы екенін тапқан кезде Свифттің ұзақ жыл жындыханада жатқанын, өлерінде ақыл-есінен айырылғандарға он мың стерлинг ақшаны мұраға қалдырғаны есіне түсті.

Түскі тамақтан кейін ұйқы сағаты басталды. Кешке бәрі де далаға шықты. Роберт аулада өзін күтіп тұрған профессор мен әйелін көрді. Жақын адамды көрген бетте адам бойында әлдебір сезімнің болуы керек екенін Роберт еміс-еміс есіне түсірді, бірақ мынау тұрған профессор мен өзінің әйеліне бұрын-соңды қандай ықыласы болғанын, өзінің оларға қаншалықты қатысы бар екенін мүлде түйсіне алмады. Сондықтан оларға қандай көңіл білдіру керек екеніне мүлде миы жетпеді.

– Жағдайыңыз жақсы ма, Роберт мырза, – деді профессор қолын ұсынып.

Роберт қолын берген жоқ. Өйткені қол беру қажет екенін есіне түсіре алмады. Әйелі қарсы алдына келіп, қадалып, ұзақ қарады. Әйелінің үрейге толы көзқарасы Роберттің санасын оятқандай болды. Ол өзінің әйеліне маусым айында туған күніне арнап үнемі раушан гүлін сыйлайтынын есіне түсірді. Содан кейін барып жымиып, әйеліне көз тоқтатты.

– Таныды, – деді әйелі ентіге сыбырлап. Роберттің кеудесіне басын қойып өксіп қоя берді. Роберт өзін тас қып құшақтап, жылаған әйелінің әлдебір беймәлім жаманаттың ызғарын сездіргендей, өксікке тұншығып, қалшқалш еткен денесінен өн бойына қорқыныш тарап, аздап ес тоқтатқандай болды. Есі кірген сайын қорқыныш ұлғая берді. Әлдебір санаға сыймайтын бір сұмдық өзінің алып

денесімен дәл қасынан сүйкене жанап өткендей болды. Роберттің түрінен қатты қиналған нышан байқалды. Бір түрлі жат дыбыспен қыңсылап, кемсеңдегендей болды.

– Ханым, сіз сабыр етіңіз. Робертке тыныштық керек, демалыс керек. Сіз егер оны аясаңыз, сабыр етуге тиістісіз, – деді профессор әйелдің қолынан ұстап.

Роберт денесі дір-дір еткен әйелінің құшағынан босанған кезде әлгі алып денелі сұмдықтан қашықтап, бірте-бірте ойсыз, түйсіксіз, сезімсіз бір боп-бос кеңістікке сіңіп бара жатқандай әсер алды. Содан кейін Роберт әйелі мен профессорға өзінің қаншалықты қатысы бар екенін тағы да есіне түсіре алмай, әуре болды. Есіне түсіре алмағаннан кейін, дуалға арқасымен сүйеніп, ауладағы жүрген науқастарға қарады. Үстіне кең халат киген әйел бұларға тақап келіп, саусағын безеп, сес білдірді. Әйел жақындай түскенде, Роберт әлденеге қайран қалды. Әйелдің сақалы бар еді. Роберт бұрын болмашы, сирек мұрты бар әйелдерді бірнеше рет көрген болатын. Бірақ сақалы бар әйелді көруі бірінші рет. Әйел мүлде жақын келді. Содан кейін Роберттің әйеліне төне түсіп, бейбіт, баяу дауыспен әңгіме айта бастады.

– Көрсет, – деді ол иығын қиқаң еткізіп, – көрсет... Мен-ақ жеп берейін... Құймақ пісірген жөн еді... Білмеймін... Мұны мен де тоқи аламын... – Әйелге ешкім қараған жоқ. Бірақ ол әңгімесін жалғастыра берді.

– Құймақ, – деді ол тағы да. – Ешкімнің де, жо-жоқ... Көрсет... Жасаймын... пластмасса... Қолға тыныштық беріңіз.

Әйел өзіне қарап тұрған Робертті көрді де, бұрылып келіп, әңгімесін тағы да жалғастырды:

– Мінеки, кнопканы бас... Неге, неге?.. Балық көп... Жо-жоқ... Сіз қорқыныштысыз. Не, жынданғанбысыз? – деді селкілдей күліп. – Ой, қажеті жоқ...

– Алып кетіңіз, – деді профессор сестраға Робертті көрсетіп.

Әйелі Роберттің қолынан қайта-қайта сүйіп, тұншыға жылады. Тек өксіген үнді естігенде ғана санадан туатын сезіну құдіреті жанын қинап, бағанағы алып үрейдің лебін тағы да аңғаратын секілді. Роберт сестраның ымдауымен бұрылып, ішке кірді. Ол әйелін де, профессорды да сол

сәтте-ақ есінен шығарып жіберді. Бөлмесіне келіп, төсегінің үстінде үн-түнсіз ұзақ отырды. «Мен не көрдім», – деді сыбырлап. «Мен не көрдім», – деді тағы да дәлізге шығып. Ешкім мұның сөзіне құлақ асқан жоқ. «Мен не көрдім?..»

Осы кезде Робертке: «Мынау жындыхана ғой. Мен жындыханаға түсіппін ғой», – деген ой найзағай соққандай әсер етті. Өне бойын үрей биледі. Көздері ұясынан шыға алақтап, орнынан қалай атып тұрғанын сезген жоқ. Қазір барып, өзінің жынды емес екенін, өзін мұндай жерде ұстауға болмайтынын айтқысы келді.

– Мені бас дәрігерге апарыңыз, қазір апарыңыз, – деп жалынды бірінші кездескен сестраға.

– Бас дәрігер қажет болса, өзі шақыртып алады, – деді сестра мұның сөзіне пәлендей мән бермей.

– Мені неге мұнда ұстап отырсыздар, – деді Роберт жыламсырай, шарасыз күймен. – Менің мұнда отыратын жөнім жоқ қой. Мен саумын ғой... Мен саумын.

Сестра үн-түнсіз Робертті айналып өтіп кетті. Роберт креслоға отырды. «Бұл – білместік, я қастандық», – деп күбірледі өзіне-өзі. «Бұл – білместік... білместік...» Кенет тағы да бір ой Роберттің ішкі дүниесін дүр сілкіндірді. «Қашу керек! – деді алқына сыбырлап. Асыққаннан жүрегі алқымына тірелді. – Қашу керек... Бүгін... осы қазір... Тез қашу керек...»

Роберт маңайға күдік туғызбау үшін үн-түнсіз кереуетіне келіп жатты. «Қазір болмайды, – деді денесіндегі дірілді басуға тырысып. – Кешке... Түнге қарай...»

Сестралардың да көзіне түскісі келмеді. Санасында «қашу керек, қашу керек» деген бір ғана мақсат тұрды. Осы бір мақсаттың бүкіл табиғатын билеп алғаны соншалық, ауруханадан аман-сау қашып шыға алса, одан әрі өліп кетсе де арманы жоқ секілді. Әлден уақытта ол өзінің бұл жатысын уақытты босқа өткізу деп тапты. «Ең алдымен, қалай қашу керек? – деп сұрақ қойды ол өзіне. – Қай уақытта қашу керек? Қай есіктен шықпақ?.. Жоқ, жоқ, маңайға барлау жасау қажет. Және өте сақ болу керек».

Роберт осы оймен дәлізге шықты. Әрі-бері қыдырып жүріп, төменгі қабатқа түсетін баспалдаққа көз жіберді. Және мұнымды ешкім байқап қалған жоқ па деп маңа-

йына жалтақтап қараумен болды. Ақыры ешкімнің аңдып тұрмағанына көзі жеткеннен кейін, баспалдақ бойымен төмен қарай түсе бастады. Есік алдында тұрған вахтер әйелді көрді. «Үстімдегі ауруханаңың киімімен мені өлсе жібермейді, – деп ойлады. – Басқа бір амалын табу керек... Табу керек» ... Асыға басып, жоғары көтерілді. Ең жоғарғы – төртінші қабатқа көтерілгенде:

– Сіз мұнда неғып жүрсіз? – деді ақ халат киген еңгезердей жас жігіт. Роберт дір ете қалды.

– Мен бас дәрігерді іздеп жүр едім.

– Бас дәрігерді?.. – Жігіт бұған күдіктене қарады.

– Иә, бас дәрігерді, – деді Роберт дегбірсізденген күйін сездірмеуге тырысып. – Сыртта алыстан келген бір адам бар еді. Сонымен жүздесуге рұқсат сұрайын деп едім. Таба алмай жүргенім.

Жас жігіт бұған тағы күдіктене бір қарады да:

– Жоқ, мұнда келген жоқ. Келетін жөні де жоқ, – деп төмен түсіп кетті.

Роберт пижамасының жеңімен маңдайының терін сүртті. Маңайына аз-кем қарап тұрды да, тағы да баспалдақпен көтеріле жөнелді. Қойма, я лаборатория екені белгісіз, қарама-қарсы екі есік бекітулі тұр. Роберт дағдарып тұрып қалды. Жүрегі дүрсілдеп, үрейлене бастады. Кенет көзі темір сатыға, одан әрі дәл төбедегі төрт бұрышты тақтай қақпаққа түсті. Темір сатымен қалай өрмелегені есінде жоқ, қақпақтың дәл түбіне мұрнымен тіреліп тұрғанын бір-ақ білді. Көтеріп көріп еді, бос тұр екен. Үміт сәулесі көңіл түбінен жылт ете қалды. Бірақ одан әрі барлауға мүмкіндік болмады. Төменнен дабырлаған дауыстар естілді де, Роберт сатыдан шапшаң жерге түсті.

– Сіз неғып жүрсіз? – деді көзілдірікті әйел.

Роберт жауап бермей түсе берді.

– Тоқтаңыз! Сіз қайдан келесіз? Қай палатадансыз?

Роберт жауап бермеді.

– Мен сізге айтып тұрмын. Тоқтаңыз!

Роберт екіұшты күйде ақырын жылжи берді. Төзімі жетпей, артына жалт қарады... Ешкім жоқ. Әйел кетіп қалыпты. Мұны я саңырау, я есту галлюцинациясына ұшыраған біреу деп ойлаған болар. Роберт тағы да жеңімен маңдайының терін сүртті.

«Енді кешке дейін шыдау керек, – деді өзіне-өзі, төсегіне қисайып жатып. – Кешке дейін... Одан әрі тысқа бір шықса...» Жүрегі тарсылдап, кеудесіне сыймай кетті. «Кешке дейін... Кешке дейін... Шыда! Шыда!..»

Кешкі тамақ Робертке батпады. Қанша сыр бермеуге тырысса да, өңешінен өтпей қойды. «Ауырып отырмын» деп сылтауратты тамақ тасушы қызға. Тамақтан келіп, төсегіне жатқанда жүрегі онан жаман дүрсілдеп, дегбірін қашырды. Қобалжыған көңілін басу үшін біреумен әңгімелескісі келді. Сол ниетпен қарсы кереуетте кітап оқып отырған адамға көз тоқтатты. Ер тұлғалы, ірі, сымбатты кісі екен. Маңдай шашы сирей бастапты.

– Сіз мұнда көптен жатырсыз ба? – деді Роберт жұмсақ үнмен.

Көрші басын изеді.

– Дәрігерлер не дейді?

Көрші бұған кең, өткір жанарымен маңдайынан сүзіле қарап біраз отырды. Содан кейін соншалық сенімді, сабырлы үнмен:

– Мен жынды емеспін, – деді. – Менің денім сау, мен священникпін. Мені мұның ішіне әдейі салып қойып отыр. Кім жасап жүргенін де білемін. Френц! Сол маған қастандық жасап жүрген. Өмір бойы соңыма түсіп келеді. Мені өлтірмек те болған. Енді дәрігерлердің бәрін сатып алып, мына жындыхананың ішіне жатқызып қойды. Бірақ (ол біреу естіп қоймасын дегендей аузын қалқалап, дауысын ақырындатты) оның бүкіл әрекеті таяуда әшкере болады. Білдіңіз бе. Мен хат жазып, осында келген біреулердің қалтасына салып жібердім. Ол хат, сөз жоқ, үкімет басшыларының қолына тиюге тиісті. Содан кейін... (Ол Френцтің қалай әшкере болатынын көз алдына елестеткен болу керек, қарқылдап күліп жіберді). Бітті... – Ол екі алақанын құшырлана уқалады.

Роберт тіксініп қалды. «Мұның да сау болғаны ма? Әлде мұндағылардың бәрі сау ма?.. Бәлкім, – деді ол ішінен тағы бір ойдың ұштығын тауып. – Серік болып, бірге қашар. Бірігіп әрекет жасармыз». Бірақ ол бұл ойынан тез қайтты. Екі адам қолға тез түсуі мүмкін. Басына сор болып, құтыла алмай жүрсе ше? Мейлі, өз күнін өзі көрер. Тірі жанға тіс жаруға болмайды.

Сағат онды соқты. Аурулардың алды ұйқыға кетті. Роберттің көршісі де басын көрпесімен тұмшалап, тұншыға қорылдайды. Сағат он бір болғанда Роберт орнынан тұрып, аяғын еппен басып, дәлізге шықты. Ешкім көрінбейді. Сестра отыратын орындық бос тұр. Ырғып, үшінші қабаттан бір-ақ шықты. Төртіншіге көтерілуге мүмкіндік болмады. Дәл қарсыда кезекші сестра тапжылмай отырып алды. Әлден уақытта телефон шырылдап, әйел әрі бұрылғанда Роберт көтеріле беріп еді, ол мұны байқап қалды. Енді тура жүргеннен басқа амал қалмады. Роберт тақап барып:

– Сізде ұйықтататын дәрі жоқ па? – дей салды, не айтып тұрғанын өзі де толық аңғармай.

– Оны қайтесіз? Өзіңіз қайдан жүрсіз? Палатаңыз қандай?

Роберт қолымен жоғарыны көрсетті. Сестра күлімсіреп, балаға түсіндіргендей әр сөзін ежелеп:

– Ұйықтататын дәріні рецептпен ғана береді. Оның үстіне сіздің өзіңіздің сестраңыз бар. Содан сұраңыз. Түсінікті ме? – деді.

– Түсінікті.

Сестра сөзінің түсінікті болғанына қатты риза болып, Робертті төртінші қабатқа дейін жылы көзқараспен шығарып салды. Төртінші қабат қаракөлеңке екен. Ешқандай сестра көрінбейді. Есіктердің бәрі ашық. Роберт аяғының ұшымен басып, темір сатыға жетті. Қатар тұрған екі есік бұрынғысынша жабық тұр. Сатымен көтеріліп, тақтайды көтерді. Содан кейін түрпідей қап-қатты бір нәрсенің үстіне қарғып шықты. Маңай көрінбей кететін болғандықтан, қақпақты ашық күйінде қалдырды. Роберт басын әлдебірдеңеге ұрып аламын ба деп қорыққандай бұға жүріп, шатырдың есігін тапты. Есікті ашып қалды да, қаракөк аспанды, қала шамдарын, төменде ағылып жатқан машиналарды, адамдарды көріп, тіршілік атаулының, әсіресе, анау митың жүріспен кіп-кішкентай болып бара жатқан адамдардың бейшара халіне құмырсқаның илеуіне қарағандай бір сезіммен қарап тұрып қалды. Одан әрі ойлауға уақыт жоқ деп тапты да, жақтау темірлерге сүйене төбені айналып жүріп, төмен түсетін дәл манағы сатыдан айнымайтын темір сатыны тапты. Аздап басы

айналған секілді. Барынша ұқыптылықпен саусақтары қарысқанша нық ұстап, аяғын сатыға тіреп, төмен түсе бастады. Құлап қалмай, аман-сау жерге түссем деген қорқыныш бұған дейінгі қорқыныштың бәрін басып кетті. Сатының ең соңғы ұшынан ұстап тұрып, жерге секіріп түскенде бір мұратына жеткендей бойы жеңілдеп, терең күрсіне дем алды. Енді ауруханадан аулақ кетуді жөн көрді де, қарсы алдындағы көшеге түсіп алып, жүріп кетті. «Қайда барамын?» деп ойлады жүріп келе жатып. Кенет ол осы уақытқа шейін негізгі мақсатының басын ашып алмағанына қатты қайран қалды.

«Шынында да, қайда барамын? Үйге ме? Жоқ, үйден оп-оңай ұстап алып, қайта әкеліп жатқызады. Қонақ үйге ме?.. Мына күйіммен қай жерге қабылдайды. Жындыхананың киімін көрген бетте-ақ бүкіл жұрт үркіп шыға келер...» Роберт көшедегі халықтың өзіне көңіл аудара бастағанын сезіп, қараңғы бұрышқа қарай ығысты. Бұрыштан бұрышқа тығылумен уақыттың да қалай өткенін білмей қалды. Анда-санда бір өткен некен-саяқ машинадан басқа көшеде тірі жанның қалмағанын сезгенде барып, үй іргесіндегі басқышқа сылқ етіп отыра кетті. Шаршағаннан аяғы дір-дір етеді. Сүйектеріне дейін шаншитын сияқты. «Қайда? Қайда бару керек? Паналайтын жер бар ма?» Роберт терезелері араның ұясындай быжынаған зәулім үйлерге көз жіберді. «Үй көп, – деді ішінен күбірлеп. – Бірақ осынша кең дүниеден бас сұғатын пананың табылмауы мүмкін бе?..»

– Ей! – деген қатқыл дауыс Робертті селк еткізді. – Неғып отырсың? Кәнеки, бері кел.

Өзіне бұрылып келе жатқан полицейді көріп, Роберт орнынан тұрды.

– Бері кел! – деді полицей. – Тез!

Роберт бір сәт сигнал күткен спортшыдай қатып қалды да, кілт бұрылып, асфальт көшені тарсылдатып қаша жөнелді. Тарс етіп мылтық атылды. Айғай-ұйғай, шырылдаған ысқырық...

Үрей буып, қатты ышқынған Роберт өзін қалқып ұшып келе жатқандай сезінді. Ескі шіркеуді айналып өтіп, із тастап, кері қашпаққа бекінді. Аяғының тарсылы түнгі тыныштыққа жаңғырығып, алысқа естілетін болған соң,

бәтеңкесін шешіп алды. Аяғының ауырғанына, өкпесінің шаншығанына да қарамады. «Құтылу керек. Өлсем де құтылуым керек». Қатты жүгіргеннен Роберттің көзі қарауытты.

Ол ұзақ жүгірді. Алдынан қарауытқан ағашты көргенде барып, қаланың батыс жиегіндегі қолдан өсірген тоғайға тірелгенін бір-ақ білді. Екі өкпесі кеудесіне сыймай, ағаш арасына ене бере етпетінен құлады. Жантәсілім қылып жүргендей көк шөптің үстіне домаланып, аунай берді. Әлден уақытта барып сәл саябырсығандай болды да, екі қолымен жер тіреп, ішегі үзілердей қиналып, құса бастады. Сосын өне бойын әлсіздік билеп, сүмектей болған терін сүртуге шамасы жетпей, қисая кетті. Бір сәт ұйқысы келді. Мына жанын қинаған тіршіліктен ұйқы арқылы болса да бір сәтке құтылғысы келді. Бірақ өзін полицейлердің іздеп жүргені есіне түскен кезде ұйқысы шайдай ашылды. Құлағын тосып, тың тыңдады. Жымжырт.

Роберт көк шөпке шалқасынан түсіп, табиғат құбыжықтың жалғыз көзіндей болып жарқырап тұрған дөңгелек айға қарады. Шексіз, шетсіз кеңістікте зеңіп жүрген өлі, тірі денелер. Ажалдай қатал, мейірімсіз әлем. Мәңгілік деп аталатын уақыт кеңістігінде тіршілік атаулы қараңғы түнекте анда-санда бір жалт еткен нәзік сәуле секілді. Ал жеке адамның ғұмыры ше?.. Мәңгілікпен салыстырғанда осынша қып-қысқа ғұмырының ішінде осынша үлкен азапты арқалап кететіндей адам сорлының не жазығы бар?

Роберт өзінің азғантай өмірін есіне алды.

Балалық шағы деревняда өткен еді. Әкесі жүзім егетін. Іскерлігі аз, бостау шаруа болды. Мінезіндегі ең басты ерекшелік – өлердей балажандығы. Шешесі әлдебір діни ұйымдарға қатысатын. Жеті сайын шіркеуден қалмайды. Аурушаң, уайым-қайғыдан бір арылмайтын, қамкөңіл, діндар кісі.

Кешкілік ұйықтарда Роберттің шашынан сипап жатып, ертегі айтатын. Әсіресе шығыстың небір ғажайып ертегілерін көп білуші еді. Шешесінің айтқандары Роберттің көз алдында тура болған оқиғадай елестейді.

– Содан әлгі адам, – дейтін шешесі баяу үнмен ертегісін жалғастырып, – жолаушыны жер астындағы алтын

күмбезді патша сарайына әкеліп кіргізеді де: «Қалаған шарабың мен тамағыңды іш, сұлу кәнизактармен ойна, серуен құр, барлық есікке кіріп, алтын сарайды тамашала. Тек мына тұрған бір есікті ғана ашуға болмайды. Мұны ашсаң, бақытсыз боласың», – дейді...

– Неге? – дейді Роберт шыдай алмай.

– Өйткені ол есікті ашуға болмайды. Оны ашсаң, бақытсыз боласың дейді, – деп қайталайтын шешесі.

Шешесі ертегіні бір қалыпты мұңды дауыспен, өзінің басынан кешкен оқиғадай етіп, өте әсерлі айтатын. Және ертегі айтудан бірде-бір жалықпайтын. Роберттің өміріндегі ең бір ойсыз, қамсыз өткен, сондықтан да соншалықты өзіне бақытты болып елестейтін кезеңі осы балалық шағы. Тек осы үшін ғана өмір сүруге келісуге болар еді. Роберттің бала кезінде науқастанып, ауруханаға түскені есінде. Дәрігерлер әлденеден үрейленген, қатты тітіркенген, содан жүйке саласына зақым келген деп тапты. Одан мектеп өмірі басталды. Ақылы кірді. Өмірдегі қиыншылықтарға, бақытсыз жайттерға түсініп, уайым жеуге, іштей азап шегуге қалыптасты.

Тағы да науқастанды. Роберт ауруханада үш ай жатты. Телепаттық қасиеті маңайға сезіле бастады. Достар арасындағы алғашқы сеанстар... арнаулы комиссияның көзінше жасалған тұңғыш атақты сеансы... Роберт полицейлердің жоғалған құжаттарын тапты. Цирк бастығы Робертке гастрольге бірге шығуға өтініш жасады. Жігіттік дәурен... Жоғарғы оқу орыны. Роберт күні-түні кітап оқудан жалықпайтын. Оған бүкіл табиғат сырына, өмір сырына үңілу соншалық қызық болып көрінетін. Бірақ ақыл-ойы толыққан сайын, өмір сырына үңілген сайын табиғатында жұмсақ, көңілшек жанын әлдебір қаттылық пен мейірімсіздік түрпідей батып, қинайтынын сезетін.

Робертті арнаулы есепке алды. Бірнеше жыл бойына медицина ғылымының профессоры Бейкер мырзаның бақылауымен полицейлік криминалистік жұмыстарға арналған сеанстар жүргізді.

«Ақылдан азап!» – не деген сәтті табылған тіркес! Адам баласы өмір бойы ақылды болғысы келіп, ақыл тапқысы келіп, ал өзі өмір бойы сол ақылдан азап шегіп өтетінін

түсінбейді. Санадан туатын азапты санап тауысу мүмкін емес. Тіршіліктің өзінде қанша зұлымдық, қанша апат, қанша өлім бар, қанша әділетсіздік, қанша опасыздық, екіжүзділік бар. Санаң марқайған кезде алдымен соларды түсінесің. Адамдардың өз бойындағы, өз табиғатындағы зұлымдығын, өзімшілдігін танудың өзі қанша ғұмырды қысқартатын бақытсыздық. Сол бір торлаған түнектің ішінде болмашы жылтыраған сирек сәулелер сенің түңілген көңіліңді, құлаған үмітіңді тұрғыза ала ма?

Иә, Роберт өмірден ешқандай бақыт айықтыра алмас азап көрді. Ол азап тіршіліктегі мағынасыздықты көруден басталды. Адамдардың мән-мағынасы бар деп тауып жүрген категорияларының бәрі абсолюттік тұрғыдан, мәңгілік тұрғысынан қарағанда – Нөл! Адамдар әділ болғысы келеді. Өз істеріне әділдік деп ат қойып, айдар тағып, әрекет қылады. Жалпы адамзат қауымында әділдік деген ұғымның бары рас. Ал осыны жалпы абсолюттік тұрғыдан алып, бір сәт қарасақ, жалпы адамдардың тіршілікке жаратылуының өзі әділдік болып шыға ма? Адам жыртқыш қой. Ең қатерлі жыртқыш. Жер бетіндегі парасат-санасы төменгі дәрежедегі хайуандарды өзіне кіріптар етіп, торда ұстайды, бұғаулайды, көлік етіп жегеді, өлтіріп, еттерін жейді. (Адамдардың бір-біріне жасайтын қиянатын былай қойғанда.) Жылқының, сиырдың, қойдың етін жеу сол хайуандардың тұрғысынан қарағанда әділдік пе? «Сендер бізді неге жейсіңдер? Біздің сана дәрежеміздің төмендігінен бе? Кімнің сана дәрежесі биік болса, төмендегілерін талап, жей беруге болатынын қандай әділетке сыйғызуға болады. Неге адамға бәріне рұқсат берілген. Біз бұған қарсымыз», – дер еді олар құдай алдында. Ал егер осылай болуы тіршіліктің негізгі заңын құраса, онда жер бетіндегі бұлжымайтын Күштілер заңы ғана болуға керек. Яғни бүкіл дүниені күштілер басқарады. Оларға не істеймін десе де рұқсат. Ендеше бүкіл әділетсіздік атаулының қайнар бұлағы дәл осы күштінің зорлығы емес пе?

Адамның өз өміріндегі бақытсыздық қаншама? Бірінші қайғы – өмірде бақыт атаулының болмайтынын сезу. Бақыт сағым секілді. Алыстан көзді арбайды. Жан-тәніңді өшпес мұратқа бөлейтін бақыттың тіршілікте бар екеніне

қаяусыз сеніп, үміт қыласың... Адамдар тіршілік деп аталатын алас-күлес мұхитта бір батып, бір шығып, жанталасып жүрген сорлы жәндік тәрізді. Ал үміт болса, сол арпалыс кезінде алдыңнан қарауытқан арал. Құтылдым деп ойлайсың. Жаныңды да, тәніңді де азапқа салған қатерден, кеудеңе бір түйір шыбын жан беріп, сол үшін бүкіл күнә мен қылмысқа, арамдық пен арсыздық атаулыға қор қылып қойған жаратушының мазағынан құтқаратын жарылқаушым табылды деп ойлайсың. Бірақ арал уақытша ғана тыныстау болып шығады. Теңіз суы көтерілген кезде арал суға бөгіп, тағы да бір батып, бір шығып, басқа арал іздеуге тура келеді. Мінеки, бақыт дегеніңіз дәл сондай... Көп аялдауға болмайды. Өйткені ол қолың жетісімен-ақ өзінің бүкіл мәнін жоғалтады. Осыған жетсем бақыттымын деп ойлайсың, ол орындалған кезде сенің өміріңе мәңгі мазмұн болар қасиетінен айырылып, енді басқа арман табылады. Осылай кете береді... Олай болса тіршілікте бақыт жоқ. Бәрі де сағым. Ал қанағатсыздықты сана тудырады... Сана тудырады... Сана...

Осылардың бәрін біліп, азапқа түсу ауру емей немене. Жаратушы адамға ақыл-есті, басқа тіршілік иелері бақытсыз болып жатқанда, одан бәлен есе бақытсыз болсын деп, азапты бәлен есе көп шексін деп, өлім алдында есінен танғанша зәресі ұшып, қиналсын деп берген секілді. Бейшара пенделер өздерінің тіршілікке келгенін бақыт деп санайды. Өлгілері келмейді. Ал мұнысы – бір жерге көшіп келіп, ұзақ тұрған адамның әлгі жер ит байласа тұрмайтын қу тақыр болса да, әбден бауыр басқаннан кейін, енді сол жерден кеткісі келмейтіні секілді, әшейін қимастық екенін өздері сезбейді...

Ақыл-парасат – ауру. Адамдар туады да сол аурумен ауырады. 60–70 жылдай азаппен ауырады. Содан кейін бүкіл азап каторгінің кесімді жылы таусылғандай аяқталып, адам мәңгі тыныштыққа кетеді. Тіршілік – үлкен ауруханa!.. Сұмдық!

Роберт басын ұстады. Қашатын адамдай алақтап, жанжағына қарады. Қайтіп? Қайда? Қайда қашып құтылу керек?

Роберт жүрегінің тарсылдап соққанын сезе бастады. Қайтіп? Орнынан тұрып, беті ауған жаққа қарай жүрді.

Қайда? Ақыл-ес ауруынан қалай құтылу керек? Ақыл-естен қалай айырылу керек? Ақыл-естен құтылу керек... Жындану керек... Ақыл-естен айырылсаң ғана бақытты бола аласың... Қайтсе жынданууға болады?.. Есімнен айырылғым келеді, есімнен... Роберттің есіне жындыхана түсті.

Сібірлеп таң атты. Роберт қайда келе жатқанын өзі сезбей, ұзақ сенделді. Кенет ол түнде ғана өзі қашқан жындыхананың дәл қасында тұрғанын сезді. Түндегі өзі түскен темір саты көрініп тұр. Роберт ойланбастан темір сатыға аяғын салып, көтеріле бастады. Келген ізімен қайтадан ішке түсті. Содан кейін бүкіл ұйқы құшағындағы бөлімшелерді аралап өтіп, өзінің бөлмесіне келді. Шешінді. Жатты. Тірі жан сезген жоқ.

«Құтылдым... Өңкей аурулар қаптаған тіршілік әлемінен бір сәтке болса да... Ақыл-естен құтылсам... Есімнен тансам... Біржола... Мәңгіге... Япырай, қандай керемет болар еді!»

III

Роберт енді ауруханадан жазылдың деп шығарып жібермесе болар еді деп қорықты. Сондықтан ол барынша науқас адам болып көрінуге тырысты. Дәрігерлердің көп сөздеріне түсінбегендей сыңай танытты. Не естіп тұрып жауап бермейді. Әйеліне де, анда-санда келген профессорға да ашылып ештеңе айтпайды. Бірақ бас дәрігер, ауруханада көп жұмыс істеген, тәжірибесі мол, аурулармен әңгімені өте шебер өткізетін және соның аурулар үшін қаншалықты мәні барын жақсы түсінетін адам еді. Робертті өз кабинетіне алдырып, бүкіл өмірбаянын, отбасы жағдайын, әке-шешесінің қандай адам болғанын сұрады.

– Біз сізді жазып шығарамыз, – деді сөздің ортасында. – Сіз тек шаршағансыз. Сізді науқас деп айтуға да болмайды.

Дәрігер бірдеңені біліп қойды ма дегендей Роберт сескеніп қалды.

– Неге? – деді шошынып.

Дәрігер бұған әлдеқалай таңырқай қарады.

– Сіздің науқасыңыз жоқ, – деді күлімсіреп. – Сізге тыныққан жөн. Көріпкелдік қасиетіңізді көп сынай беруге болмайды. Өйткені адамға денсаулық қажет.

– Сіздіңше дені сау адамдар кімдер? – деді Роберт шыдай алмай.

Дәрігер аңтарылып қалды.

– Қалайша кімдер? – деді алақанын жайып. – Осы төңіректе жүргендердің бәрі... яғни қоғамға қызмет етушілердің бәрі сау адамдар.

– Жоқ, – деді Роберт сәл ойланып. – Ол тек – мынаны ауру деп айтайық, ал мыналарды сау деп айтайық деп кесілген қағида ғана.

Роберт өзінің ішкі сырының ақтарылып бара жатқанын сезіп, осы жерден доғаруым керек деп ойлады. Бірақ сол сәтте-ақ өзінің тоқтай алмайтынын білді.

– Тіршіліктің негізгі алғы шарты – тілек пен әрекет,– деді ақыры тоқтай алмадым ғой деген тәуекел сезіммен. – Тілек пен әрекетті тынымсыз қуалайтын күш – қанағатсыздық. Ал қанағатсыздық өзінен-өзі беймазалықты, жан азабын тудырады. Бұл – ешқашан да тоқтамайтын құбылыс. Себебі адам тілегі орындалған бетте-ақ өзінің қажеттілігін жоғалтады, әрекетсіздікке тіреледі. Сондықтан тағы да басқа тілек, басқа мұрат пайда болмақ. Әлгі процесс басынан қайта басталады. Осылайша тілек – әрекет, тілек – әрекет болып, мәңгі қанағатсыздық тұңғиығына сүңгі бермек, сүңгі бермек. Олай болса, жан азабын тудырушы не? Ол – тіршілікке тырмысу, бақытқа ұмтылу. Біз қанағатсыздық ауруымен ауырамыз. Және ол ауру – ешқашан да жазылмайтын, туа біткен ауру.

Дәрігер Робертке білдірмей магнитофонның тетігін басып қалып, әңгімені жазуға кірісті.

– Тіршіліктің табиғи заңындағы қаталдықты былай қойғанда, адамдардың өз қолдарымен жасаған зұлымдықтарын түгендеп бітіре алмайсыз. Бір сәт қана тарихқа қараңызшы. Алғашқы қауымнан күні бүгінге дейінгі аралық қылмыс пен қырғынға, қиянат пен бәсекеге толы. Адам баласы бір-біріне бір сәт тыныш ғұмыр берген емес. Сұлулар өздерінің келбетімен, таланттар өздерінің қабілеттерімен өзгелерді қорлайды. Ең болмағанда ойынмен қорлайды. Бүкіл спорт ойындары: ат жарыс, жаяу

жарыс, күрес, бокс, футбол тағы сол сияқтылар – мұның бәрі тек бірін-бірі мұқату ғана. Ойын дейді, қайдағы ойын? Ұтылған спортшылардың түрлеріне қараңызшы. Дүниедегі ең бақытсыз жандар солар. Үп-үлкен адамдар балаша жылайды. Адам ойынға жылай ма? Ойын дейді? Ол ойын емес. Адам табиғатынан арылмай қойған бірін-бірі қорлау, мұқату. Эгоизм! Яғни бұлардың бәрі «тіршілік күштілер үшін жаралған» деген жан түршігерлік қағиданы құрайды. Адамдық ықтиярға үстемдік, қиянат, зорлық, қысқасы, бүкіл-бүкіл бақытсыздық атаулы жаңағы күштілер заңының жемісі. Әлгі айтқан спортымыз да, бұл да – бәрі бір-ақ құбылыс. Өмірге жарқын, сәби санамен келіп, төңіректе шат-шадыман тіршілік барына, адами бақыттың, шынайы махаббаттың барына, ғаріпке көмек, қиянатқа тыйым секілді әділдік барына, бірі үшін бірі от пен суға түсетін, бір-бірінің көңіліне қаяу түсірмейтін адамгершілік барына сеніп келген мына бейшара пенделер үшін жаңағы бір сорақы, жабайы «күштілер заңының» үстемдігін түсіну қаншалықты ауыр екенін білесіз бе? Тек осы бір ащы ақиқат үшін атылып өлуге болар еді. Осыларды біліп, бақытты болу мүмкін бе? Бақыт деген жарықтықты өмірдің түпкі мәнінен табуымыз керек қой. Ондай мән жоқ. Ендеше біз де мәңгі бақытсызбыз...

– Ал енді мәңгі бақытсыздықтан адамдарды құтқару үшін не істеу керек? – деді дәрігер Робертті әңгімеге тарта түсіп.

– Құтқару мүмкін емес. Бірақ жеңілдету үшін мынандай ұсыныстар айтар едім. **Бірінші:** ет жеуді доғару керек. Ет жеу, яғни тіршілік иесін жеу – адамдардың бірін-бірі жеуінің басы. Ет жеуді доғару табиғат заңына енгізілген үлкен түзету болар еді. **Екінші:** бүкіл спорт ойындары мен құмар ойындарын доғару керек. **Үшінші:** адамға рухани бостандық керек. Ертедегі құлдар заманында адамдардың аяқ-қолы кісенделсе, қазір ақыл-ойы кісендеулі... **Төртінші:** үлкен аурухана ашып, оған өзімшілдерді, мансапқұмарларды, атаққұмарларды, ұятсыздарды, қаскүнемдерді, қатыгездерді, опасыздарды, өсекшілерді, зиянқорларды, жағымпаздарды, күншілдерді жатқызу керек... Өмірдегі ең қатерлі дерттер осылар. **Бесінші:** дүниенің сұмдық құпиясын ашуға тақап қалған бүкіл ғылым атау-

лыны доғару керек. Адамға өзіне-өзі көр қазуға болмайды...

Бас дәрігер осы жетер дегендей шырт еткізіп, магнитофонды сөндіріп тастады.

– Осымен айтысымыз бітсін, Роберт мырза, – деді орнынан тұрып. – Кез келген құбылысты әрқалай талдауға бола береді. Ол тек көрушіге байланысты. Өмір сіз көргендей мәңгі трагедия сахнасы болмауы мүмкін... – Дәрігер сәл ойланып қалды. – Мына тұрған кітап біздің көзімізге қызыл түсті болып көрінеді, ал мысықтың көзіне әшейін қоңыр түсті болып көрінеді екен. Бәрі де өмірді қалай көруге байланысты...

– О-о! – деп Роберт дәрігердің сөзін бөліп кетті. – Тамаша! Яғни кітаптың түсі қандай екені бір құдайға ғана аян. Тіпті ешқандай түсі болмауы мүмкін. Қызыл, қоңыр деген түс көрушілердің, яғни мысық пен мына біздердің ойлап тауып жүргеніміз ғой. Солай емес пе? Ендеше, бүкіл өмірдің мәні, өмірдің дәмі, өмірдің түсі деп жүргендеріміз өзіміздің ойлап тапқан нәрселеріміз ғой. Бәрі де ойдан жасалған. Келе ме менің теорияма? – Роберт балаша қуанды. – Дұрыс па екен?!

– Демалыңыз, – деді дәрігер Робертке қолын ұсынып.

Роберт сәл дағдарып, дәрігердің қолын алды.

– Сау болыңыз, – деді күбір етіп.

Бөлмесіне келген соң Роберт көрпесін бүркеніп, ұзақ жатты. Сестра әйел әкеліп берген дәрісін жорта ішкен болып, жастығының астына тыға салды. Кешкі тамақтан келісімен, сыртқа да шықпастан, қайтып кеп, төсегіне қисайды.

Ол, шынында да, тыныққысы келді. Бірақ әртүрлі ойлар – әлем, тіршілік, адам туралы ойлар жан-жақтан анталап, тыныштық бермеді. Егер олар дәл осылай қаумалай берсе, бұдан кейінгі жағдайының жақсы болмасын іштей сезе бастады. Ойлар... Адам баласының жерден алтын іздегендей, ұмырларын сарп етіп іздейтін ойлары... Қандай қатерлі! Бойға жайылған удай бүкіл санаңды, жүрегіңді толық жайлап, бірін-бірі шақырып, ойдан ой туындатып, меңдей береді. Организмге осынша қатерлі затты адамдардың неге арамтер болып іздейтініне Роберт қатты таңғалды.

Роберт шыдай алмай, көрпесін серпіп тастап, атып тұрды да, дәл қарсы алдында қатып қалған ескерткіштей болып, қыбыр етпей кітап оқып отырған священникті көрді.

– Сіз өз өміріңізге разымысыз? – деді Роберт төбеден ұрғандай.

Священник естімеген адамдай кітабын оқып отыра берді.

Әлден уақытта кітабын бүктеп, жастығының астына қойды да, жаңа көргендей Робертке маңдайынан сүзе қарап, біраз отырды.

– Жаратушы өзінің пендесінен ризашылықты талап етеді, – деді бір кезде аят оқығандай әндете сөйлеп. – Тіршілік – жаратқанның пенде баласына тартқан сыйы. Құдай қаламаса, сіз тіршілікке келмеген де болар едіңіз. Алдымен, – Священник сұқ қолымен көкті нұсқады, – жаратушы құдіретіне борыштысыз.

– Тұра тұрыңыз, – деді Роберт, священник әлгі сөзді айта салып, кетіп қала ма деп қорыққандай. – Мен сіздің...

– Құдайды сүйіңіз, – деді священник сөзін жалғап. – Соның көрсеткен жолымен іс қылыңыз, сонда тозақ отына күймейсіз.

– Құдайдың құдіреті адамға тек қорқыныш тудырады. Ал қорқыныш бар жерде шын махаббат бар болуы мүмкін емес.

– Олай деу күнә. Күнәға батқан адам тозақ отына күймек.

Роберт мырс етті:

– Адам сорлыны бір тозақтан шығарып алып, екінші тозаққа салғанда тәңірі шіркінге бірдеңе түсе ме?..

– Олай демеңіз! – деді священник шошынып. – Тәңірі жаратқан тіршілікті тозақ деуге хақыңыз жоқ. Егер жаныңызды күнәдан аулақ ұстай білсеңіз, тіршілік адамға тек бақыт әкелмек.

Роберт священникті менсінбей, тағы да мырс етті.

– Мен осы үшін өмір сүріп жүрмін деп айтарлықтай қасиетті ештеңе бар ма өмірде? Жоқ. Қасиеттілік қасиетсіздікпен, жақсылық жамандықпен қосарланған. Мейірбандықты зұлымдықтан, арамдықты адалдықтан бөліп алуға бола ма?.. Бразилияның бір провинциясында

крокодилдер адамдарға, малдарға шабуыл жасап, көп зиян әкелген соң адамдар оларды жаппай аулап, құртып жіберген. Бірақ содан кейін сол жерге індет ауруы тараған. Сөйтсе крокодил әрі адамдарға қысастық қылып, әрі суды ауру тарататын бақа-шаяндардан тазартып отырады екен. Ақыры қыруар ақшаға көрші провинциядан крокодил сатылып алынған. Бұл өз ақшаңа зұлымдық сатып алу деген сөз емес пе. Дүниенің барлығын торлаған зұлымдық. Тек біз соның сәл жеңілдеу біреуін таңдап алуымыз керек. Біржола құртуға болмайды, қалайда біреуін таңдайсың. Ал біз тіршіліктің өзіміз үшін бір мәні бар екеніне сеніп, жақсылықты жамандықтан, ақиқатты жалғаннан бөліп алғымыз келіп, ақтық деміміз біткенше тырбанамыз. Сөйтсек, бұлар бірінсіз-бірінің күні жоқ, әуелде бір анадан егіз туған ағайын екен. Біз алданыппыз. Бізді алдапты... Мінеки, мен құдайды қай жерден қолға түсірдім? Мен құдайды қолыма түсірдім! – Роберт құдайды шын ұстап тұрғандай, қолын тас қылып жұмып алды. – Мен қарсымын! – деді айғайлап. – Қарсымын! Өмірді өстіп аяусыз қатыгездікпен ойлап тапқан құдайға қарсымын...

Священниктің көзі алақтап кетті.

Есік ашылып, етжеңді сестра әйел кіріп келді.

– Ұйықтау керек, – деді ол шамды сөндіріп жатып. – Әңгімені доғарыңдар! Айғайлауға болмайды. Кәне, жатыңдар.

Бөлме ішін қараңғылық басты. Бірақ терезеден құлаған жарықтан кереуетте шоқиып отырған священник, ақшыл сырмен боялған есік айқындалып көріне бастады.

– Өмір дейді, – деді Роберт ысылдай сыбырлап, – өмір ме екен? Адамның өлу процесі ғой бұл! Неге Иисус Христос Агасферді «Тіршілік қамыты мойныңнан түспесін, басыңа өлім келсін!» деп қарғаған? Мәңгі тіршілік дәрісін бергенде, Соломон неге ішуден бас тартты? Будданың астындағы алтын тақтан, күмбезді сарайынан, сұлу жардан, бауыр еті баладан, жан қиысқан достардан безіп, бүкіл үнді жерін жалаңаяқ, жалаңбас аралап, қайыршы боп, безіп кетуіне себепші болған не? Өмірдің азабы ғой... Қай ел екені есімде жоқ, бір елде бала туғанда «бейшара, енді қашан өлгенше азап көретін болды» деп өлікті жерлеген-

дей қайғылы жоралғы жасалады екен. Ал адам өлсе, «азаптан құтылды, мәңгі тыныштыққа кетті» деп қуанып, той жасайды екен. Той жасау керек өлгенде. Мен өлгенде той жасаңдар, той!

Священник әлі қозғалмай отыр.

– Аясаңыз бүкіл адамзатты аяңыз, – деді Роберт мінберден сөйлегендей қолын сермеп. – Құдайдың бұйрығымен іс қылып, тауқыметін жеке өзі көтеретін адам тәрізді бақытсыз ойыншықты аяңыз.

Роберт қарсы дау күтіп, үндемей қалды. Бірақ священник жұмған аузын ашпай әлі отыр.

– Адамдарды сүйіп те бақыт таба алмайсыз, – деді Роберт әлден уақытта. – Өйткені бір адамды шын сүйсеңіз, өз қайғыңның үстіне әлгі адамның бүкіл азабы келіп қосылады. Өйткені оның басына түскен қиыншылықты бөліспей тұра алмайсыз. Үш адамды сүйсеңіз, үш адамның азабы, ал жүз, одан да көп адамды сүйсеңіз, тіпті бүкіл адамзатты сүйсеңіз, бүкіл жер бетінің қайғысы бір сенің басыңа келіп орнайды. Ендеше жан-тәнімен сүю қауіпті. Будда секілді безіп кеткеннен басқа ештеңе қалған жоқ.

Роберт үндемей қалды.

—Сенім керек, сенім, – деді священник осы кезде әндете сөйлеп. – Ізгілік жеңсін десеңіз, соның бар екеніне сену керек, әйтпесе қиянат жеңуі мүмкін.

—Ізгілік ешқашан да жеңе алмайды! – Роберт тағы да айғайлап тұра келді. – Кісіге қиянат қылудың мың түрі бар. – Роберт саусақтарын бүгіп, қиянаттың қаншалықты екенін санай бастады. – Алдау, арбау, зорлау, сату, ату, тонау, тағы сондай-сондайлар... Ал қиянат қылмаудың бір-ақ түрі бар. – Роберт бір-ақ саусағын бүкті. – Ол – тек қиянат қылмау. Ендеше ізгілік жолы жіңішке, ізгілік әлсіз...

Кенет тағы да есік ашылып, сестраның толық денесі көрінді.

– Мен сендерге не айттым? – деп зіркілдеді сестра. – Кәне, доғарыңдар! Енді дыбыстарыңды естісем, менен жақсылық күтпеңдер.

Роберт те, священник те қорқып қалды. Үн-түнсіз кереуеттеріне жатып, көрпелерін жамылды.

– Қарай гөр бұларды! – деді сестра әлі де өз айғайына қызылы қанбай. – Ақырын айтқанға түсінетін түрлері жоқ. Кәне!

Роберттің қорыққаны сонша, сестра кетіп қалғаннан кейін, көрпесін бүркеніп жатып, жүрегінің осынша қатты тарсылдап соққанын сезді. Ұйықтай алмай, аунақшып ұзақ жатты. Басын көтеріп, священникке қарады. Ұйықтап кеткенге ұқсайды. Пысылдап, бірқалыпты дем алады.

Роберт өзінің осынша бейшара халіне күлкісі келді. Тағдыр мазағына ұшыраған адамның халін тор ішінде боскa аласұрған тышқанның әрекетіне теңеуге болады. Тышқанды көргенде еріксіз күлкің келеді. Ендеше адамға неге күлмеске. Роберт дыбысын шығармауға тырысып, үнсіз селкілдей күлді. Кенет аузына кермек дәм келді. Селк ете түсті. Көз жасы екен.

IV

Роберттің сестра әйелден қорыққаны соншалық, бірнеше күн қатарынан священникке әңгіме айтуға батылы бармай жүрді. Кеш болса болды, көрпесін тас бүркеніп, анда-санда священниктің өзінің мүлде жынды емес екенін, бәрін бүлдіріп жүрген Френц екенін, енді оның да санаулы-ақ күні қалғанын айтып, күңкілдеген даусын естіп, үнсіз жатады. Бірі келіп, бірі кеткен, бірі үзік, бірі шексіз, шым-шытырық ой әлемінде салмақсыздыққа ұшыраған адамдай бағыт-бағдарсыз зеңіп жүргенін сезеді. Оның ішкі дүниесі мүлкі көп, бірақ жиналмай, ыбырсып жатқан үй секілді еді. Сондықтан оның ойында белгілі бір жүйе, рет болмайтын.

Тек күндіз әйелі, анда-санда профессор келгенде ғана сүлікше жабысқан ойлардан бір сәт арылғандай болады. Әйелі кеше балаларының мектептен кеш келгенін, машина басып кетті ме деп қорыққанын, мектепке телефон соққанын, сөйтсе әлдеқандай мектепаралық жарыс болғанын айтады. Немесе үйге өзімен бірге істейтін жолдас әйелінің келгенін, оның Робертке кіріп шығуға уәде бергенін баяндайды.

Профессор Роберттің ақыл-ойы пікір алысуға келмейтін дәрежеде деп ұққандықтан, пәлендей сөз шы-

ғындап, әңгіме айтпайды. Қайта Роберттің жүріс-тұрысынан, сөзінен, көзқарасынан науқастың белгілерін іздеп, қалай да соны табуға тырысатын. Роберт бұрынғыша тек анда-санда бас дәрігермен әңгімелеседі. Соңғы кезде бас дәрігер мен медсестра әйелдің арасында өзара келіскен құпия әрекеттер жоқ па екен деген күдік пайда болып, оған да ашылып әңгіме айтпайтын болды.

Бүгін бас дәрігер ауруларды жинап алып, қазіргі медицинаның құдіреті туралы, ғылым мен техниканың табыстары туралы әңгіме өткізді. Өркениет қарқыны туралы айта бастағанда-ақ Роберт орнынан ұшып тұрып, өз пікірін айтқысы келді. Бірақ әлгі тажал сестра әйел кіріп келе ме деп қорықты. Амалсыз бармағын тістеп отырып қалды.

Кешкілік көрпесін бүркеніп жатып, бас дәрігердің манағы сөздерін есіне түсірді де, көрпесін серпіп тастады.

– Ғылым, өркениет... – деді Роберт священникке кекеткен үнмен. – Сандық ұғымнан мағыналық ұғымға қашан көшесіңдер? Өркениеттің дамуы адам айтқысыз шапшаңдап бара жатқаны рас. Оны адамдардың өздері онан сайын жындандыра түсуде. Өз жылдамдығын өзі қызықтап, педальді баса түскен шоферлар секілді. Машинаға апат қаупі төнуде. Бірақ оның алдынан шығып, тоқта дейтін бір пенде жоқ. Жылдамдықты асырып жіберу – тәртіпті бұзу. Ол үшін штраф салынады. Штраф! Кім төлейді, кәне?..

Священник радио тыңдағандай үнсіз отыр.

– Қарғыс атқыр заттық мүдде біздің тіршілігімізді әбден билеп алған. Сол себепті біз адамдарды, қауымдарды, әрекет, құбылыстарды ең алдымен Күшті және Әлсіз деп бөлеміз. Ең алдымен Қасиетті және Қасиетсіз немесе Адал және Арам деп бөлуіміз керек. Табиғат, қоғам заңдарын объективті шындық немесе қажеттілік деп емес, әділдік және әділетсіздік деп саралаған жөн. Құдай заңына қарсы келуге болмайды дегенді ойлап тапқан кім? Неге қарсы келуге болмайды? Адам жанын қорлаған заттың бәріне қарсы шығу керек. Егер біз осы күнге дейінгі ақыл-ойымызды, күш-қуатымызды адамның ар-ожданымен бағаланатын Әділдікке ғана жұмсайтын болсақ, тіршілік заңын «Әлсізді әлдінің құртуы» деген масқара қатал қағидадан тайдырып, басқаша ритмге, өзгеше гармонияға

түсіруге болар еді. Және оны адамдардың өздері көз жазбай қадағалап отырар еді... – Роберт есік жаққа қауіптене қарады. Ешкім жоқ. – Ал, шын мәнінде, қазіргі қоғам заңдары табиғат заңдарының көшірмесі секілді. Мәселен, құмырсқалардың ең қас жауы болып есептелетін бір қоңыз бар. Қоңыз құмырсқалардың илеуіне келгенде, құмырсқалар әлгінің денесіндегі улы сілекейді жалайды. Және өшігіп, жібермей, рақаттана жалайды. Ақыры бәрі қирай мас болғанда қоңыз шетінен түсіп алып, жей береді. Ал адам өмірі ше?... Ол да соған ұқсас. Тарихтан белгілі, XVI ғасырға дейін Перуде инкілер империясы дәуірлеп тұрды. Оған дейін бұл өлкеде әртүрлі бейбіт тайпалар мекен еткен. Азғантай ғана инкілер осынша халықты оп-оңай басып алды да, өз әмірлерін жүргізді. Жергілікті халық таң атқаннан кеш батқанға дейін титықтап жұмыс істеп, қоректік азық ала алмайды. Әміршілері тұр десе тұрады, отыр десе отырады, тіпті өл десе, өлуге барған. Алайда осынша құлаққесті бағыныштың басқа сыры бар еді. Бүкіл ел кока жапырағын шайнайтын. Жапырақты жуып, күлге араластырып шайнаса адамның бойына алдамшы күш-қуат еніп, көңілі тасып, шаттыққа кенеледі. Маңайдағы сыртқы өмірге енжарлық билейді. Ол адам тамаққа да, ұйқыға да қарамастан, есірік күймен зорыққанша жұмыс істеуді біледі. Ал үстемдік етуші инкілер кока жапырағын шайнамаған. Олар жапырақтың сырын жақсы білген. Кока жапырағының кәдімгі наркотик екені кейін анықталды. Яғни бүкіл халық наркоман болған. Ал бүгін ше? Тап бүгін халық наркоман емес деп ойлайсыз ба? Бұлар да жапырақ шайнайды. Бірақ кока жапырағын емес, жалған идеялар жапырағын шайнайды. Билеушілер ойлап тапқан – жалған демократия, жалған патриотизм, жалған қоғам мүддесі, жалған бейбітшілік, жалған ғылым мүддесі, тағы сол сияқтылар – бұлар да өз алдына наркотика. Бүкіл халық – наркоман. Әйтпесе осынша халық Наполеонға, Гитлерге еріп, екінші бір елдің жеріне келіп, жазықсыз, бөтен халықты аяусыз атып-асып, тонамас еді. Наркоман ғой бәрі де...

Есік сықыр ете қалды. Роберт сөзін кілт доғарып, ұйықтаған адам болып көріну үшін қисайып жата кетті. Священниктің де жанталасып, көрпесін бүркеп жатқанын

байқап қалды. Сестра әйел бөлмеге кіріп, қайта-қайта шұқшиып, ақыры шамды сөндіріп, шығып кетті.

Роберт басын бірінші көтерді. Тың тыңдап тұрып:

– Кетті, – деді бір кезде қуанышты үнмен.

Священник діни адамдарға тән биязылықпен көрпесін жайлап ысырып, кереуетіне отырды.

– Жер бетіндегі зұлымдықтың бәрі адамның өзінен. Егер олар шын ниетімен құдай жолына түссе, күнәнің саны дәл мұнша көп болмас еді.

– Жоқ! – деп айғайлап жіберді Роберт. (Священник қорқып кетіп, есікке қарады). – Мен келіспеймін оған. Адам сорлыны бұдан әрі қинай берудің реті жоқ. Жер бетіндегі зұлымдық атаулыны – соғысты, адам қанауды, теңсіздікті жоймақ болып, адам баласы арамтер болғалы не заман. Бірін-бірі күреске шақырып, қан төгісіп, жан берісіп, ғұмыр бойына тағдырын қатерге тігіп келе жатқан адамзаттың ісінен не өнді? Көзіңді ашып қалсаң, бәрі де бәз қалпында. Өзгерген ештеңе жоқ. Кесілген ғұмырлар, төгілген қан, аққан тер – бәрі де зая екенін, айналмалы дөңгелекке тиінді бір орында жүгіртіп қойған секілді, қанша әрекет етсең де бір орнынан қозғалмайтын тағдыр ойыншығында мазақ болған адамзат ғұмырының соншалықты аянышты екенін сезесің. Мәселен, соғыстың жеке өзін мысалға алайық. Бәлкім, адам бойындағы асыл қасиеттер – ерлік пен патриотизм үшін де соғыс керек шығар. Соғыс адам бойындағы шынайы асыл қасиеттерді тудырушы, қозғаушы күш болар. Бәлкім, тарихта болған бүкіл жаугершілік, басқыншылық, қанқұмарлық адам баласының тұқымын аздырмай, Отан үшін, жақыны үшін, ар үшін, махаббат үшін өле білуді ұмыттырмау үшін қажет шығар. Немесе жеке өлімді алайық. Адам өлімге кездескенде ғана өз өмірінің сырына үңіледі. Өзімен дәмдес, істес досы бар, дос емесі бар, әртүрлі жандарды көз алдына елестетеді. Қаншасы жер бетіндегі тіршіліктен бақи дүниеге ауып кеткен, сүйектері жер астында. Олар енді қайтып ғұмыр бақи жүздеспейді. Енді олар достаспайды да, қастаспайды да. Осыны ойлағанда пенде сорлыға «Апырмай, солармен бұдан да гөрі тәттірек тіршілік дәмін татысып қалуға болатын еді ғой» деген өкінішті ой келеді. Сонда ажал шіркін адамдардың қайырсыздығын,

қатыгездігін, көрбілте, меңіреу көңілін оятып, әлгінің бәрін есіне түсіріп, тіршілікте сыйыспаған адамдардың тоғышарлықтарын беттеріне басу үшін төтенше киліккен ұлы күш тәрізді. Ажал араны сиреткенде барып: «Ah, осынау итыржын, бәсеке, құнсыз тірліктің не қажеті бар еді, бекер бопты-ау, апырау, олай емес, бүйтуге де болатын еді-ау» деген удай өкініш жүректі тырнайды. Егер құдірет ажалды жібермесе, күнәкар пенденің көкірегіне осы ой келер ме еді, келмес пе еді... Яғни ажал табиғи заңдылықтың сыртында, рухани тазартушы... не деген сұмдық! Ендеше осынша ғасыр бойына ажалға, зұлымдыққа қарсы күресіп келе жатқан адамзаттың осынша ғаламат еңбегі түгел зая кеткені ме? Кінәлі кім?

Священник басын шайқады.

– Кінәлі кім? – деді Роберт өршеленіп. – Қасқырды қой жегені үшін кінәлаймыз. Қанқұйлы жыртқыш деп ат қойып, айдар тағамыз. Бірақ қасқыр қой жегені үшін кінәлі ме? Егер құдай оның қорегін қой жеу қылып жаратса, енді ол қой жемегенде не істейді? Немесе жаралғаны үшін кінәлі ме? Жаралғаны үшін ешкім де жауап бермейді. Яғни бұл арада басқа бірдеңе бар. Егер адамдардың тағдыры құдайдың өз қолында болса, өз тағдырына адам жауап беруге тиісті емес. Адамды жаман қылып, жақсы қылып, зорлық қылғызып, қиянат шектіріп те отырған соның өзі.

Священниктің көзі алақандай болды.

– Тек, – деді Робертке қарай сүйетін адамдай қолын созып. – Күнәға батпа...

– Жоқ! – Роберт көңілдене күлді. – Прокурорлар жер бетіндегі қылмыстарды тексере-тексере істің үкімет басына қарай кеткенін көріп, қоя қойса, мен істің құдайдың өзіне қарай кетіп бара жатқанын көріп, қоя қоям. Бәрін істеп отырған құдайдың өзі. Барлық қылмыс соның мойнында.

– Сіз жынданған шығарсыз! – деді зәресі ұшқан священник.

– Шіркін, жындансам жақсырақ болар еді, – деді Роберт тағы да кекеткен үнмен. – Онда мен мұнша азаптың бірін де көрмес едім... Мен көп қиналдым. Өмірдегі жаманшылық атаулыны тудырып отырған негізгі күшті,

негізгі айыпкерді ұзақ іздедім. Ақыры таптым. Ол – құдайдың өзі. Адамды мазақ етуші де, қорлаушы да, азапқа түсіруші де, зұлымдықты қолдаушы да соның өзі. Жазықсызды жауызға жем қылған, адал махаббатты арам қылған, арды аяққа таптатқан, сан миллион халықтың қанын судай шашқызған опасызды, қаныпезерді, тирандарды жаратып, солардың зорлығына баршамызды қор ғып қойған кім? Соның өзі. Біз жаманшылықты бір-бірімізден, жауларымыздан көріп дағдыланғанбыз. Сізге айтар өсиетім – жауыңызды құрметтеңіз. Өйткені ол да өзіңіз секілді жаратушының заңымен іс қылады. Сіздердің жауластықтарыңыздың түпкі мәні екеуіңізде емес, басқада. Сіздер өз рөлдеріңізді орындап жүрген актер секілдісіздер. Оны орындамасқа мүмкіндіктерің жоқ. Сіздің жауыңыз да өзіңіз секілді еріктен тыс, өзге бір ықпалмен әрекет ететінін ұғыңыз. Ұқсаңыз болды, оған деген тіпті аяушылық сезіміңіз тууы мүмкін.

– Жоқ, сіз жынданғансыз! – деді священник үрейлене сыбырлап. – Мен сізді бұдан әрі тыңдай алмаймын. Сіз бүгін-ертең құдайдың кәріне ұшырайсыз. – Священник құдайдың кәріне қоса ұшырап кетпеу үшін, екі қолымен құлағын бітеп, көрпесін тас бүркеніп, жатып қалды.

Роберт оған ренжіген жоқ. Әлдебір мол қазынаның үстінен шыққандай қуана күлімдеп, темір кереуетті сықырлатып, ұзақ керілді.

– Ақыры таптым! – деді рақаттана сыбырлап. – Таптым, таптым!

Келесі күні Роберт әйеліне қағаз, қарындаш алдырып, күні бойы жазудан бас көтермеді. Түс кезінде ғана орнынан тұрып, священникке танымай тұрғандай ұзақ қарады.

– Шындықты тек осы жерде ғана айтуға болады, – деді содан кейін. Шындықты басқа жерде айта алмайсыз. Шындықты бала мен жындылар айтуға тиісті. Біз жындылармыз. – Роберт өзінің жынды екеніне риза адамдай басын қуана шұлғыды.

Священник «жынды» деген сөзге мүлде төзбеуші еді, теріс қарап бүркеніп алды.

Түн ортасы шамасында Роберт қағаз-қаламын шкафтың үстіне қойып, әлдебір іске бел буған тәуекел шыра-

йымен орнынан тұрды. Содан кейін священникті ырғап, оята бастады.

– Немене? – деді священник көзін сығырайта ашып.

– Тұрыңыз, әңгіме бар.

Священник көзін кеңірек ашты.

– Не әңгіме?

– Дүние төңкерілгелі тұр.

Священниктің көзі бақырайып кетті. Робертке сескене қарап, кереуетінен басын көтерді.

– Бір ұсыныс айтам, – деді Роберт сыбырлай сөйлеп. Көзі священникті тесіп барады. – Қосыл деп зорламаймын... Өзіңіз білесіз.

Священник өң мен түсін айыра алмай тұрғандай, жалтақтап, маңайына қарай берді.

– Мен құдайға қарсы ұйым аштым, – деді Роберт сұпсұр болып. – Адамзат тарихында құдайға қарсы ұйым құрған мен-ақ болайын... Біз бұл ұйымға мүшелікке өзгелерді тартуымыз керек. Қосыласыз ба? Қосылатын болсаңыз, мен фамилияңызды жазып қоямын. Аяғына қол қоясыз.

Священник бір жерін шоққа басып алғандай, баж ете түсті.

– Сіз сұмдық қорқыныштысыз, – деді дір-дір етіп. – Қарамаңыз... Маған... Кірмеймін... Өлтірсе де кірмеймін... Қарамаңыз... Қарамаңыз...

Есік сарт етіп ашылып, бөлмеге тажалдай қорқынышты, қатыгез сестра әйел кіріп келді. Священник қолдары қалт-қалт етіп, көрпесін бүркеп алды. Роберт сестра әйелдің айғайын күтіп, көзін жұмды. Көзін ашып алғанда, сестраның орнында тұрған кезекші дәрігерді көрді. Түрі ажарлы, бірақ айрықша сұсты жас жігіт екеуінің тамырларын ұстап, күнде қойып, мезі қылған сұрақтарын қайталап, біршама отырды да, кетіп қалды. Артынан сестра әйел екеуіне ұйықтататын дәрі әкеліп ішкізді.

Роберт сәскеде бір-ақ оянды. Священниктің төсегі мұнтаздай болып жинаулы тұр. Терезеден түскен күн сәулесі бөлме ішін айрықша нұрға толтырып, жадыратып жіберген секілді. Терезеге тақап келіп, сыртта серуендеп жүрген ауруларды көрді. Қайсыбірі отырғыштың үстінде

кітап оқып, қайсыбірі аула ішінде қыдырып, бір-бірімен, келген туысқандарымен әңгімелесіп, кейбіреулері тіпті көлеңкелі үстелде теннис ойнап жатыр. Көптен бері жанын жегідей жеген ауыр ойлардан кейін мынадай бейбіт, тыныш көрініс, жерасты үңгіріндей қап-қараңғы көңіліне сәуле түсіргендей болды.Тіршілікпен табыссам ба деген болмашы үміт қайтадан елес беретін тәрізді. Осынау жүрген бейшара пенделердің бойларынан өмір сүруге тұрарлық бір иненің жасуындай жақсы бірдеңе тапсам, қалған ғұмырыма, бәлкім, сол жетіп қалар деп ойлады.

Беті-қолын жуып, тамаққа барды. Даяшы қыздың «тәтті тағам болсын» деген тілегі де жүрегіне жылы тиді. Тамақ ішіп болып, сыртқа шықты. Есік алдындағы орындықта әңгімелесіп отырған сестра әйелдермен сәлемдесті. Осынау өзімен-өзі жүрген момақан жандардың бір қалыпты тіршілік әрекеттері сырттан қарағанда, шынында да, аяушылық сезімін тудырады. Роберт осы көріністі әлі де қызықтай түскісі келіп, ауланың түкпіріндегі оңаша орындыққа келіп отырды. Кенет ол қатардағы орындықта Інжіл оқып отырған священникті көрді. Қырынан қарағанда священник өте сұлу еді. Кең шаралы көздері, түзу мұрны, келтелеу қалың сақалы оны грек құдайларына ұқсатып тұрады. Әр қимылынан жұмсақтық, мейірбандылық, діндарлық сезіледі.

Роберттің бойын әлдебір тәуекел желік биледі. Ол священниктің ішкі дүниесіне енгісі келді. Мынау келбеті көз тойдырған священниктің не ойлайтынын білгісі келді. Содан кейін көп ойланбастан, баяғы сеанс өткізіп жүрген кездегідей көзін сығырайта тесіліп, бүкіл ынта-ықыласын священниктің жүзіне аударды. Алғашында мұнысы ешбір нәтиже бермеді. Роберт мұны священниктің басқа бір оймен шұғылданып отырғанынан деп білді. Бірақ кенеттен Роберт осынша сірескен жүйке тамырларының босап, әлдебір еркіндік, сенімділік билеген санасында адамның ұмытып қалған затының есіне түскені секілді бір құбылыспен бірте-бірте айқындала бастаған священниктің рухын сезді.

Роберт дәл осы күйінде бір сағат тапжылмай отырды. Сол бір сағаттың ішінде священниктің бүкіл өмірін көз алдынан өткізіп үлгерді.

Ол священниктің бала кезінде өгей шеше қолында өскенін, өгей шешесі хал үстінде жатқанда оның өлімін тілегенін, діни оқуда жүргенде монах қыздың абыройын төккенін, өкпесіне салқын тиіп, ауруханаға түскенде медсестра қыздардың бұған қалай қызыққанын, ақырында солардың бірімен жазылып шыққанша ашына болғанын, одан шіркеуге келіп орналасқанын, шіркеудегі лауазым таластарын, ондағылардың бір-біріне өшпенділігін, священниктің де, екінші священник Френцтің де шіркеу иесі Қасиетті әкенің өлгенін осы күнге шейін тілейтінін білді.

Роберт сүп-сүйкімді, әдемі жануардың байқаусызда ішін жарып, ішек-қарнын, қан-жынын, нәжісін ақтарып алғандай жиіркеніп, бетін басты. Көзін ашқысы келмей, ұзақ отырды.

– Сәлеметсіз бе, Роберт мырза? – деген дауыстан көзін ашып алғанда қарсы алдында тұрған қарт профессорды көрді. Профессор күлімсіреп келіп, қол беріп амандасты. – Мен кеше келмек болып едім, жұмыстан бас көтеруге мүршам келмеді, – деді профессор ыңырана сөйлеп, орындыққа отырып жатып.

Роберт оның көзінен кеше күні бойы бос болғанын, мұнда келсем деген ойдың мүлде қаперіне кірмегенін білді. Ол өзінің бұрынғы сеанстағыдай қатты қиналмай, адамдардың ішкі ойларын оп-оңай ұстап алып отырғанына қайран қалды.

– Енді осыдан шыққаннан кейін қосалқы полицейлік тапсырмаларды доғаратын шығармыз, – деді профессор.

Роберт профессордың кеше генералға ауруханадан телепат шығысымен іске кіріспек ойын мәлімдегенін білді.

– Осынша жыл бойына сарыла зерттеп, сізбен бірге көп қиыншылықты бастан кешірдім. Бірақ қара басымның қамы емес... – деді профессор көзілдірігін торкөз орамалмен сүртіп жатып.

Роберт «осының бәрі бір қара басымның қамы» деген ойды ұстады.

– Шынымды айтсам, негізгі мақсатым – табиғаттың тартқан сыйы – мына сізді қалдыру тарихта.

Роберт оның «өзімді, тек өзімді қалдыру» деген ойын ұқты.

– Сіз туралы мынау ғылыми еңбегімді тамамдап барып өлсем, содан басқа тілегім жоқ, – деді профессор күш-қуатының соңын білдіргісі келгендей үнілей сөйлеп.

Роберт «соңғы тілегім – саған басқа профессорлардың идеяларын, ойларын ұрлатсам» деген тілекті ұқты.

Роберт мең-зең болып ұзақ отырды. Ол тіпті профессордың орнынан тұрғанын, бірдеме айтып, күлімсіреп, қолын ұсынғанын, сосын таяғына сүйеніп, жасанды қарттықпен шайқала басып бара жатқанын түсінде көріп отырғандай аңғарды.

Маңайына көз салды. Таңертеңгі тамылжыған ауа райы мысқал өзгермепті. Өзді-өзі әртүрлі әрекет қылып жүрген аурулардың да сырт көрінісінде ешқандай өзгеріс жоқ. Роберт тұрғысы келді. Шаршағанын сезді. Кенет қолына шағын сөмке ұстап келе жатқан әйелін көрді. Әйел үнтүнсіз қасына келіп отырды.

– Неге жабырқаусың? – деді қолынан ұстап.

Роберттің еңіреп жылағысы келді. Тістеніп, қабағын түйді.

– Әншейін.

Әйелі елжірей қарап, күйеуінің шашынан сипады. Денесіне тиген нәзік саусақтан Роберттің мұздап бара жатқан жүрегі жылынып, денесіне қан жүгіргендей болды. Өне бойын осалдық биледі.

Әйелі әкелген жемістерін бөлмесіне беріп жібергенін айтты. Роберт риза болып, басын изеді.

– Сақалыңды алсайшы, – деді әйелі күйеуінің жағына қолын тигізіп.

Роберт жұп-жұмсақ, нәзік саусақтан бойына тараған жылы толқынды тағы сезді. Әйелінің бетіне қарады. Оның сүйкімді жүзінен құтқарушысын тапқандай болды. Әлдеқалай ең соңғы қаражатын ұтысқа тіккелі отырған ойыншыдай көңілінің түбінен соңғы үміт, соңғы тәуекел бас көтерді. Роберт қазіргі сәтте ақырғы сүйеніш болып отырған әйелінің тұңғыш рет ішкі сырына үңілгісі келді. Санасының түкпірінен елес берген қорқынышты да елеместен әлдебір еріктен тыс әуесқой сезімнің жетегіне ілесіп, әйелінің көзіне тесіле қарады. Ең соңғы қайратын жинап, бүкіл ықылас-назарын соған аударды.

Ол әйелінің санасындағы естеліктерді қайта ақтарып, бір киноны екінші рет көріп отырғандай өзіне таныс көріністерді қызықтап, езу тартты. Әйелінің өзіне деген шынайы көңілін сезді. Кенет ол күдікті бір адамның бейнесін көрді. Ұзын бойлы, шашы желкесіне түскен, сұлу жігіт... Бір жерден көрген секілді. Қайдан көрді? Иә, иә... әйелі екеуі курортқа барғанда бұларға келіп, ыңғай карта ойнайтын жас жігіт. Бір рет әйелі екеуі қалаға барып қайтқан. Сол, дәл өзі... Роберттің көз алды тұмандана бастады. Ол әйелінің әлгі жігітпен қалай құшақтасқанын... сүйіскенін көрді. Аң терісіне ұқсаған алабажақ төсеніштің (диван әлде кереует екенін Роберт айыра алмады) үстіне қалай... жатқанын... көрді...

Әйелі үрейленіп, Роберттің қолынан ұстады.

– Жібер! – деді Роберт қырылдап. Тер басқан маңдайын жеңімен сүрте беріп, есінен танды.

Роберт бөлмесінде есін жиды. Священник кітабын тастап, бұған жылы шыраймен күлімсірей қарады.

– Жаңа дәрігерлер укол жасады, енді бәрі де жақсы болады, – деді уколды өзі жасағандай сенімді үнмен.

Роберт орнынан тұрып, алдымен сақалын алды. Содан кейін душқа барып, суға түсті. Кешкі астан соң төсегіне келіп қисайды да, қабырғаға қараған күйі тым-тырыс жатып қалды. Жып-жылы тамшы сорғалап, самайына құйылды. «Бұл не? Жылап жатқаным ба?» – деді ол іштей таңырқап. Әлдеқалай балалық шағын есіне алды. Көз алдына шешесі келді. Баяғыдай жанына қисайып, ертек айтып жатқанға ұқсайды. Шығыстың таңғажайып бір ертегісі. Даусы да ап-айқын: «... Содан әлгі адам жолаушыны жер астындағы алтын күмбезді патша сарайына әкеліп кіргізеді де: «Қалаған шарабың мен тамағыңды іш, сұлу кәнизактармен ойна, серуен құр, барлық есікке кіріп, алтын сарайды тамашала. Тек мынау тұрған бір есікті ғана ашуға болмайды. Оны ашсаң, бақытсыз боласың», – дейді...»

Роберт дәл жанында шешесі жатқандай қолын созды.

«Мен ол есікті аштым ба?» – деді өзіне-өзі күбірлеп.

Ол тағы да қолын созды, бірақ шешесі көз алдынан алыстай берді.

«Егер мен осынау жат құпиялардың ешқайсысын білмесем, ел қатарлы, тып-тыныш, бақытты ғұмыр ке-

шер ем ғой... Мен ашуға болмайтын есікке басымды сұқтым... Сол себепті бақытсызбын. Енді мен білмейтін құпия, мен білмейтін шындық жоқ. Енді мен бәрін де білемін. Ағайын, мен бәрін де білемін... бәрін де... бәрін де...»

* * *

... Таңғы сағат алты шамасында сестра әйел мен кезекші дәрігер священниктің шыңғырған даусын естіп, бөлмеге жүгіріп кіргенде, кереуетке асылып, өліп жатқан Робертті көрді.

Мойнындағы жіпті көрпеқаптан жыртып алып, базарға сататындай біркелкі етіп, әдемілеп ескен екен.

ТОЗАҚ ОТТАРЫ ЖЫМЫҢДАЙДЫ

I

Ұзын бойлы, көзілдірікті кісі өзінің сабырлы, тәкаппар кейпі мен саркідір тартқан жас шамасына қарамай, жеңілтек асығыстықпен есікті лақтырып ашып, ішке кірді.

– Эдуард Бейкер мырзаның операциясы бітіп кетті ме? – деді басқа елдік акцентпен ентіге сөйлеп. Содан кейін зиялы адамдарға тән инабатты жөн-жобаны бұзып алғанына өкінгендей:

– Ғафу өтінем, – деді қолын кеудесіне апарып. – Саламатсыз ба?

Швейцар шал талай шетелдік қонақтарды өз қолымен қабылдаған, шен-шекпенді көп көрген, оның үстіне аса лауазымды мекеменің қызметшісі болғандықтан түк абдырамай, сырттан балаша жүгіріп енудің әбестік екенін көзімен білдіріп, әлі ырғалып тұрған айналмалы әйнек есікке безбүйректене біраз қарады.

– Бітіп кетті, – деді содан кейін. – Әрине, бітіп кетті. Кеш қалдыңыз. Енді мырза ешкімді де қабылдамайды. Өзіңіз ойлаңызшы, төрт сағаттық операциядан соң дұрыстап бір тыныңу қажет қой... Солай емес пе?.. Жоқ, өзіңіз айтыңызшы? Солай емес пе?!. – Осыны ол тап Бейкер мырза емес, өзі тыныңатындай аса бір кейістікпен айтты.

– Ендеше мынаны білгім келеді: ол кісі қазір осында ма, жоқ, үйінде ме?

Швейцарға бұл сұрақ ұнамай қалды.

– Қабылдамайтын болған соң бәрібір емес пе?! – деді қабағын шытып. Бірақ осы тұста-ақ өзінің тым артық кеткенін сезе қойды да:

– Дегенмен, сізге қажет болып тұрса, айтуға болады. Ол кісі қазір кабинетінде, – деп түсін жылытты.

Бейтаныс кісі қалтасынан сигарет алып, «тартсам ба, тартпасам ба» дегендей саусағының арасында жүгіртіп ұзақ тұрды.

– Асығыс болмасаңыз, күтуіңізге болады... Шығып қалар... Тегі, қателессем ғафу өтінем, французсыз ба? – деді швейцар әңгіме туып кетер деген үмітпен. Өйткені ол таңертеңнен кешке дейін жалғыз отыратын да, зерігіп, сөйлесетін адам іздейтін.

– Италияданмын, – деді шет елдік кісі сұраққа мән бермей, – сонда қанша күтер екем?

– Жиырма минут, – деді швейцар да бұл сұраққа мән бермей. – Бейкер мырзада істегеніме қазір аттай бес жыл. Шетелдіктерді түсінен ажыратуға машықтанып алғам. Сол әдетпен жобалап едім, сәл-пәл қателескен екем... Кешіріңіз, иә!

– Оқа емес. Отыруға бола ма?

– О, әрине, мырза! Отырыңыз, отырыңыз! – Швейцар серік табылғанына қуанып кеткендей, қалтасынан қоңыр шыт орамалын алып, айқынырақ көру үшін жіппен байлап құрастырылған ескі көзілдірігінің әйнегін ыса бастады.

Кескіні салқын көрінгенмен шетелдік қонақ кішіпейіл, ашық мінезді адам болып шықты.

– Сіз, бәлкім, естіген шығарсыз, операция қалай аяқталды екен? – деді әңгімені өзі бастап.

– Қалай аяқталушы еді, – деді швейцар осынау жер-жердің бәрін шулатып жатқан ұлы оқиғаға бойы үйренген бейтарап пішінмен. – Әдеттегідей өте сәтті аяқталды... Несін айтасыз, Бейкер мырза топырақтан адам жаратқан жоқ, қалғанының бәрін жасап жатыр емес пе!.. Керемет қой, керемет! – Швейцар сол «керемет» өзінің де қатысы бардай мүжілген ескі тістерін көрсетіп, мақтанышпен ыржия күлді. Бірақ ол мұнымен тоқтап қала алмады, өйткені бұл тақырып оның ең жақсы білетін,

негізгі тақырыбы еді. Сондықтан: – Мәселен, – деді сөзін жалғап. – Мәселен, мен өзім өткен күздегі операцияның куәсі болдым. Жер-жерден дәрігер дегендерің қаптап кетті. Киноға түсіретіндер сыймай кеткен соң, маған «енді ешкімді босатпа» деп тапсырған. Есікті бекіттім де, бер жағынан мен де бардым. Барған соң, құлақ салып тыңдаймын ғой баяғы. Түрлі-түрлі сөз... «Науқастың өмірін сақтап қалуға ешқандай мүмкіншілік жоқ, ақылға сыймайды» десті біреулер. Біреулер тіпті: «Өлетінін доктор Бейкердің өзі де біледі, операцияны әшейін жарнама үшін жасап жатыр» десті. Ақыры не болды?.. Өзіңіз оқыған шығарсыз? Операция сәтті шықты. Ол үшін тек уақыттан ұту керек екен. Эдуард Бейкер 11 сағаттық операцияны төрт-ақ сағатта аяқтаған... Феномен!.. Медицинадағы феномен!!! Моргтен неше адамды тірілткенін естіп пе едіңіз?.. Инфарктан өлген адамды 30 минуттың ішінде жеткізсе, құтқаруға болады дейді доктор Бейкер... Ол пікірді, шындығында, мен де қолдаймын... Себебі... мен өзім де медик болдым ғой... Рас... тастап кеттім... Күнкөріс... тіршілік...

Швейцар әңгімені өзіне қарай сәтті бұрып алғаннан кейін, өзі туралы да рақаттана баяндағысы келіп бір тұрды да, алдында тұрған адамның шетелдік екенін ықылассыз мойындап, мүдіріп қалды. – Төніп келген ажалдан кімді құтқармады бұл. Шын мәнінде, «Медицина тәңірісі» ғой. Осындай бір мақсатына жеткен армансыз адам болатын болуы керек дүниеде...

– Доктордың бала-шағасы бар шығар? – деді шетелдік кісі оның сөзін бөліп...

– Баласы жоқ, әйелі де жоқ. Неге екенін бір тәңірім білсін. Ғылымға беріліп кеткеннен деп те айтады. Кім білген?.. Өзіңіз де медицина жағынан шығарсыз?

– Жоқ, журналиспін.

– А-а-а, солай ма еді?.. Сіз маған мынаны айтыңызшы, журналист мырза, доктор Бейкер адам жасын ұзартатын дәрі жасап жатқан көрінеді. Сонда біз қайда барамыз? Ауру өлмейді, кәрі өлмейді. Жер бетіне қалай сыямыз, а? – Адамдардың жер бетіне сыймай қалатыны швейцарға біртүрлі қызық боп көрінді де, жөтелген секілді булыға күліп, көзінің астымен журналиске сығырая қарады.

Әзіл журналиске әсер еткен жоқ. Швейцарға суретке қарағандай тесіле қадалып, ойланып қалды.

– Доктор келе жатыр, – деп сыбырлады швейцар дәліз түкпірінен дабырлай сөйлескен бір топ адамды көрсетіп. – Ортадағысы доктор Бейкер... Оның оң жағында академик Клейтман... Сол жақ шеттегі доктор Холл...

Жалпақ, күңгірт көзілдірік киген, ұзын бойлы, ерекше тіп-тік доктор Бейкер бейтаныс қонаққа жақындап келіп:

– Сіз мені күтіп тұрсыз ба? – деді тәкаппарлықтан туатын батыл үнмен.

– Дәл солай, доктор Бейкер. Операцияңызға үлгіре алмадым.

– Қайдансыз?

– Италиядан келдім. Ливино Палетелли, журналиспін.

– Қуаныштымын. Не қалайсыз?

– Доктор Бейкер! Мен сізді операция үстелінің жанынан көрмек боп келіп ем. Әлбетте, шешенді мінбеден көрген абзал ғой. (Доктор Бейкер «әрине ғой» дегендей басын изеді). Бірақ ол тілегім орындалмады. Ендігі тілегім – қабыл көрсеңіз, Сізбен тілдесу. Рұқсат етіңіз, доктор Бейкер! Сізбен жолығысудың мен үшін қаншалық қуаныш екенін айтып жатудың қажеті болмас.

Доктор Бейкер мұндай сөздің талайын естігем дегендей паркет еденге қарап, тағы да басын изеді.

– Журналистердің көп мазалайтыны рас. Оның үстіне қазір менің тынығатын уақытым... – Доктор журналистің бетіне сынай қарады да, ұнатқан пішінмен, – егер тым ауыр сұрақтар қойып, қинамасаңыз, – деді балаға жымиғандай жымиып, – бір сағат уақытымды үйдегі кабинетімде сізбен әңгімелесіп өткізуге ризамын.

Журналист мұндай бақытты тіпті күтпеген екен:

– О-о! – дей берді қайталап. – О, сізге үлкен рақмет, доктор Бейкер.

Сыртқа шыққан соң доктор жанындағылармен қол алысып қоштасты да, журналиске бұрылып, машинаны иегімен көрсетті.

– Отырыңыз!

Доктор жол бойы тіс жарып, үн қатпады. Тіпті машинадан түсіп, жақтаулары алтындай жарқыраған сұр басқышпен жоғары өрлеп, кең дәліз бойында алжапқыш бай-

лаған қызметші әйелдердің кейбірімен амандасып, қаңқа сүйекке, қан тамырлары адырайған жалаңаш мүсіндерге толы бірнеше бөлмелі зәулім кабинетке енгенде де үн қатпады. Терезесі күншығысқа қараған түпкі бөлмеге кіргенде барып:

– Синьор Палетелли, отырыңыз, – деді креслоны нұсқап.

Журналист осынша байлық пен сән-салтанаттың ғылым адамына қанша қажеті болғанына түсінбей, қабырғадағы алтын рамаларға салынған Рубенстің «Арыстан аулауы» мен Брюлловтың «Помпейдің ақырғы күніне» т.б. толып жатқан портреттерге, сувенирлерге, асыл тастармен әшекейленген парсы кілемдеріне, доктор Бейкердің мәрмәр тұғыр үстіндегі от сәулесіндей жарқыраған алтын бюстіне таңырқай қарады. «Шамасы, сыйлықтар тұратын бөлме болды ғой» деп ойлады ішінен.

Доктор Бейкер креслоға шалқая отырып, галстугін кеңейтті.

– Синьор Палетелли, – дей берді де, әлдене есіне түскендей, – тоқтай тұрыңызшы, – деді ойланып. – Сіз осы «Юнескоға» жазып тұратын Ливино Палетелли емессіз бе?

– Дұрыс айтасыз, соның өзімін.

– Иә, иә!.. Сіздің саяси тақырыпқа жазған бірнеше мақалаңызды көргенмін... Рас... толық оқып шығуға мүмкіншілік болған жоқ. Дәлірек айтсам, уақытым болмады. Уақыт дегеніңіз алтыннан қымбат болып тұрған заман ғой қазір. Ал енді құлағым сізде.

– Доктор! Сіздің медицина саласындағы ұлы жеңістеріңіз сізге дейінгі тарихтағы ғалымдардың ешбірінде болып көрген жоқ. Осы бір әлдеқашан мойындалған ақиқатты әркім өзінше дәлелдейді. Біреулер сіздің басыңызға қонған ерекше бақыт десе, біреулер уақыт тудырған құбылыс деп қарайды. Енді біреулер дәлелдеуге сыймайтын мистицизмге тірейді. Мұның бәрі де сайып келгенде бірыңғай біржақты пікірлер деп ойлаймын. Дегенмен, осы жайында өзіңіз не айтар екенсіз?

– Тегінде, адамның өзі жайлы сөйлегенінен қиын нәрсе жоқ... Әлгі айтылған «біржақты» пікірлер жайлы да ештеңе айтқым келмейді, – деді доктор солқылдақ креслода тербелген күйі асықпай сигарын тұтатып. – Шындығын-

да, белгілі бір құбылыстың бір ғана себебі болуы мүмкін емес. Тарихи себеп, әлеуметтік себеп, биологиялық себеп, физикалық себеп... м-м-м, философиялық себеп, тағы сол сияқты дегендей, толып жатыр ғой. Ал шығармашылық адамын биікке шырқататын құдіретті күштер – білім, еңбек, ерік күші және интуиция. Ұлы жаңалықтарда осының ең соңғысы басым болады... Ал маған келетін болсақ, менің шығармашылық әдісімде бір ғана өзгешелік бар. Ол – шектелу. Яғни... Қалай деп айтсам екен... өз бойыңдағы барлық күш-қуатыңды бір нүктеге қадау. Медицинада мыңдаған нүкте бар. Мен қалған нүктелерге көңіл аудармаймын. Сіз сенесіз бе? – деді кенет доктор күлімсіреп. – Мен медицинаның кейбір қарапайым мәселелерінен түк сезбеймін. Иә, иә, бір өтірігі жоқ. Есесіне, мен маңызды нүктелерді жақсы айырамын. Сондықтан да осы уақытқа дейін менің алдымнан о дүниеге аттанған ешкім жоқ.

– Азаматтық борыш пен ғылыми мақсат жайлы не айтасыз?

– Бұл екеуінің арасында қайшылық бар дегенге мен түсінбеймін. Борышым – жалпы адамзат мүддесіне қызмет ету. Сондықтан да менің объектілерім – бұған дейін медицинаға берілмей келген ең басты, қатерлі кеселдер. Менімен 10 жыл бойына жекпе-жекке түскен сол дертке барша адамзат дауа күткелі қай заман! Альберт Нобель бәйге тіккеннен бері де осы дертке шипа іздеп, басын байлаған қанша ғалым өтті! Қанша уақыт өтті! Қаншама ұлы адам құрбан болды. Бірақ мен жүрексінгенім жоқ. Жауласпаққа дәл осы қатерлі дертті, «ақиқат ажалды» таңдап алдым. Гете шал айтқандай, орындалған ұсақ мақсаттан орындалмаса да биік мақсат артық қой қашанда. Ақыры, мен жеңдім... Мақсатыма жеттім!.. Рас... – Доктор аузына дәмсіз бірдеңе түсіп кеткендей бетін тыжырайтып, үндемей қалды да: – Рас, – деді тағы да. – Адамзаттың бір маған тіреліп тұрған ештеңесі жоқ. Мен болмағаннан ештеңесі әдіре қалып, құрымас та еді. Сөйтсе де... – Доктор Бейкер сөзін аяқтаған жоқ. Сигарын сорып отыра берді.

Журналист доктордың қызылкүрең, ашаң жүзіне қарап отырып, швейцар шалдың «...араб дейді, еврей деп біреу айтады» деген сөзін есіне түсірді.

Доктор Бейкер креслосын тағы да тербеп жіберді де:

– Сосын не айтуға болады? – деді қолын жайып. – Мақала жазсаңыз осыларды толықтырып, бірдеңе дей саларсыз.

– Сізге тағы бір сұрақ. Өз мемлекетіңіздің өзге халықтармен қарым-қатынаста ұстап отырған саясатына қалай қарайсыз?

– Синьор Палетелли! – деді доктор қатқыл үнмен. – Мен саясатпен айналыспаймын!

Журналист төмен қарап, үндемей қалды да:

– Саясат Оппенгеймердің даңқына зиянын тигізген жоқ қой, – деді ақырын ғана.

– Ал сіз маған Оппенгеймердің саяси қайраткерлігінен адамзатқа тиген игілікті айтып беріңізші. Иә, иә, айтып беріңізші. Ол бөгемек болған зұлымдықтың дәмін халық бәрібір татты. Нәтиже бермеген әрекеттің бәрі әурешілік деп қана аталады. Тарихтың өз заңы, өз стихиясы бар. Оны бұзуға сіз бен біздің шамамыз жетпейді. Тіршіліктің даму заңы үнемі адамдардың пайдасына шешілетін шығынсыз сәттіліктен ғана тұрса деп тілеудің өзі қандай аңқаулық десеңізші! Тарихтың мына тұсында бәленше бүйтіп қателеспегенде жағдай басқаша болатын еді деу, алғашқы дәуірдегі динозаврлар табиғат кенет суытып кетпегенде құрып кетпей, тірі қалатын еді деген секілді қиял ғой. Болмаса, сол мұз дәуірінің басталуының өзі белгілі бір қажеттіліктен туып отырған табиғи жайт емес пе! – Доктор сағатына қарады да: – Қарсы болмасаңыз, осымен әңгімемізді доғарайық, – деді. – Менімен бір партия шахмат ойнауға қалайсыз?

Ол осыны айтып, өзіне ешкім қарсы келіп көрмеген дағдымен жауап күтпей, кнопканы басып, шахмат әкеп тігуге қызметшісін шақырды.

Доктордың тастан қашалған әлпеттей, жадырап, я түнеріп, құбылыс білдірмейтін, бедірейген көсе жүзі мен қатқыл жанары, пенде баласына оғаштау, өктем мінезі, ақырында ақ-адал еңбекпен емес, әлдеқалай құпия қарақшылықпен қолға түскен қисапсыз қазынаға ұқсас, бір адам бойына сыйғызуға келмейтін ғылыми табыстар – өңкей бір сәттілік – осының бәрі ұғымды ауырлатып, әлдебір ақылдан тыс тылсым күшке, түсініксіздікке әкеп

тірейтін. Журналист өзінің болашақ мақаласында доктордың характерін ашу үшін осы түсініксіздік пен қаталдықты негізгі штрих етіп алсам да жарап жатыр-ау деп ойлады. Содан кейін ұсақ детальдар үшін қажет болар деп, үй ішіндегі бұйымдарды, олардың орналасу тәртібін мұқият қайта қарап шықты.

– Жүріңіз, – деді доктор «корольдің» алдындағы пешкасын екі орынға жылжытып.

Журналист те пешкасын екі орынға жылжытты. Доктор f2-ні f4-ке жүргенде, журналист d7-ні d5-ке жылжытты. Одан кейін бір пешкасын құрбан етіп, d5-ті тағы ілгері басты.

– h-м-м-м! – деді доктор ойнақы, көңілді үнмен. – Фалькбеердің контргамбиті! Өте жақсы!

Доктор Бейкердің шахматты сөйлеп отырып ойнайтын әдеті бар екен. Тегінде, ұтуды мақсат қылмайтын секілді. Сол әдетімен:

– Синьор Палетелли, – деді бір тұста шанышқысымен дәмді бірдеңені түйреп алғысы келіп отырған адамдай ферзасын бұлғақтатып, – құдай үшін бірдеңе айта отырыңыз. Дүние жүзінің чемпиондығына таласып отырмаған болармыз.

Синьор Палетелли күліп жіберді.

– Оныңыз рас. Бірақ не айтқанды қалайсыз?

– Өте жақсы, біз онда былай қорғанайық, – деді доктор С2-ні С3-ке қойып. – Дүниеде болып жатқан жаңалықтарды көп білесіздер. Көп көресіздер. Соның бәрі әңгіме.

– Оныңыз рас, – деді журналист тағы да. – Мен өте көп жүремін. Әртүрлі оқиғаларға кезігем. Бірақ оның бәрі сізге ұнамауы мүмкін.

– Ештеңе етпейді. – Доктор ферзасын корольдің алдына жүрді.

– Ұнамауы мүмкін, – деді журналист сөзінің аяғын қайталап. Соны айтты да «атын» пешканың алдына шығарды. – Себебі менің саяхат сайын көріп қайтатындарымның бәрі көңіл жабықтыратын, аянышты уақиғалар.

– А-а, солай ма?

– Иә, доктор, дәл солай.

Доктор Бейкер қарқылдап күліп жіберді де, оң қанаттан ракировка жасады.

– Қайтеміз енді. Анда-санда жабығып алған да дұрыс шығар. Табиғат берген құбылыстың бәрін адам баласы аңсауға тиісті. Мейлі ол қуаныш болсын, мейлі уайым болсын. Өйткені адам үшін ең жаманы – зерігу. Зерігуден басқаның бәрі салыстырмалы түрде айтқанда түгел жақсы.

– Сонымен сізге көңіл жабықтыратын әңгіме керек қой?

Доктор ұзақ ойланып отырып қалды да, кенет қуанып кетіп:

– Шах!.. – деді. – Иә, көңіл жабықтыратын бір әңгіме айтыңыз...

Журналист корольдің алдын пілмен бекітті.

– Біздер үшін ел аралаудың ең алдымен саяси мәні қымбат. Әртүрлі халықтардың тарихымен, әлеуметтік жағдайымен, дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен танысамыз. Соңғы сапардан жинаған материалдарымды жинақтап отырып, мен жақында мынандай бір пікірге келдім. Жалпы болашақ атаулы бәрімізге бірдей және бірдей қажет десек те, жеке адамдардың тілек-мақсаты, мұң-мұқтажы бір-біріне ұқсамайды ғой. Айталық біреу – аш, екіншісі – жалаңаш, үшіншісі – ауру. Аш адамға тамақ керек, жалаңашқа киім, ал ауруға тек дәрі керек. Олардың қажеттерін шатастырып үлестіруге болмайды. Халықтар да сол сияқты... Біреудің мұқтажы біреуге игілік боп жарымайды. Әлгі өзіміз баспа беттерінде өркениетті ту етіп, адамзат мүддесі деп даурығып жүргеніміз – үстемдік құрып отырған төрт-бес ұлы халықтың ғана мұқтажы тәрізді.

– Сіз жүрмей қойдыңыз ғой.

– Кешіріңіз! – Журналист бір сәт шахмат тақтасына аңтарыла қарады да, қолайлы ештеңе таппағандай шеткі пешканы ысыра салды. – Болмаса мемлекеттер өмірінің негізгі жүгінері – экономика емес, мораль болатын кез жетті емес пе?! Айтыңызшы!

– Шах! – деді доктор.

– Әлбетте солай болуға тиісті, – деді журналист корольді асығыс атпен жаба салып. – Бірақ іс жүзінде олай емес. Бір халықтың ар-намысынан бір доллардың ықпалы күшті. Біздер халық үшін деп әуелі тамаша бір

идеяларды тауып аламыз да, артынан сол идея үшін халықтың өзін құрбан еткіміз келеді.

– Мұның бәрі рас болуы мүмкін, бірақ сіз айтқандай көңіл жабықтыратындай аянышты әңгіме емес...

– Рас, – деді журналист келісіп. – Аянышты халді мен тек соңынан көрдім. Тіпті соғу ойымда жоқ еді. Аяқ асты шешілді... Біз түнгі сағат 5-те келдік... Одан тағы да ұшаққа отырып, үш сағат ұштық. Мен осы ғұмырымның ішінде мұндай керемет табиғат көркін кездестірген емеспін... Жер беті көз тұнған көк жасыл бірдеңе. Сан салаға бөлінген өзендер дененің құжынаған қан тамырындай жүз тарам болып айқасып жатыр. Енді оны тілмен айтып...

– Сіз осы қай жерді айтып отырсыз?

Журналист «сонда мен бағанадан не айтып отырғанмын» дегендей докторға көзілдірігін алып, таңырқай қарады.

– Амазонка ғой. Бразилияға барғанымды айтам.

– А-а? – Доктордың көзілдірік жақтауынан асып тұрған биік қабағы дір ете қалды. – А-а, иә, айта беріңіз.

– Біз ньямбикуара тайпасының территориясына қондық. Олардың біразы сондағы американдық миссионерге жалданып жұмыс істейді екен. Мынаны қараңызшы, миссионерге Нью-Йорктан немере інісі келген. Жолай суық тиіп, тұмау болыпты. Соның әкелген тұмауынан бір күнде 50 үндіс өлген. «Менің балаларымның ыстығы көтерілсе, бүкіл тайпаның қыл үстінде тұрғаны» дейді миссионер. Үндістер үшін тұмау ең қауіпті жұқпалы аурулармен бірдей көрінеді. Мен сол арада тұратын дәрігер жігіттің көмегімен Мату-Гроссу штатындағы бірнеше тайпаның мекенін араладым. Үндістер отанын қазір «Жасыл тозақ» деп атайды. Бірақ Амазонканы тозаққа айналдырған улы жыландар мен ауру тарататын масалар емес, түпсіз құрдым батпақтар мен ажал көлдері де емес, адам жегіш балықтар мен каймандар да емес... кәдімгі өркенитет пен мәдениет апармақ болған «ақ ниетті» ақ адамдар. Мына сіздің...

– А-а! – деді доктор тағы да естімей қалғандай.

– Мен алғашқыда жергілікті тайпалардың этнографиясы, әдет-ғұрпы, салт-жоралары туралы жолжазба стилінде көлемді мақала жазбақ болғам. Бірақ мен кеш қалып-

пын. Тайпалардың көбісі жер бетінен мүлде құрып кеткен. Мәселен Арипуана өзенінің бойындағы цинта ларга тайпасын пулеметпен қырыпты. Кейін ұшақпен жүріп тексергенде, бірде-бір үндістің тірі қалмағаны айқындалған. Әрине, оның бәрін жасап отырған – сол жердегі каучук фабрикасының қожасы. Оның қаруланған бес бандитті 800 долларға жалдағаны да айқындалған. Бірақ бұл қылмысты айыптауға ешкімнің шамасы жетпейді. Өйткені ол жоғарғы үкімет орындарымен байланысып жатқан құпия әрекет. Ал тапаюна тайпасына не істеген дейсіз ғой?.. Тапаюнаға мышьяк қосылған бірнеше жәшік қант сыйлаған. Кейбір деревняларда лашықтарға кіріп, барлық отбасына үлестіріпті. Бір жетінің ішінде тапаюна да жоқ болған. Содан кейін кезек паташоға келеді. Деревняға жалған дәрігерлер келіп, әр адамға екі-екіден укол салған. Шприцтің ішінде кісі өлтіретін шешек вакцинасы бар. «Паташо шешектен өлді» деп жазыпты кейін кейбір этнографтар. Бәрі рас: паташо індеттен қырылды. Бірақ індет қолдан жасалды ғой... Нәсіл құрып барады. Ақ адамдар джунгли ішінде ең соңғы үндістерді аулап жүр.

– А-а? – деді доктор Бейкер үшінші рет қайталап. Сөйтті де қолы қалтырап, ұстап тұрған «атын» тақтаға қарамастан жылжыта салды.

– До-ок-тор! Ат бұл араға келе алмайды ғой!

– О, не... Ах, кешіріңіз... Мен тіпті қате жүріппін ғой. – Доктор атты екінші рет жүрді.

– Бұл араға да келе алмайды.

Доктор Бейкер есінен жаңылған адамша не істерін білмей, шахмат тақтасына мелшие үңіліп, отырып қалды. Журналист докторға таңырқай қарады да:

– Бәлкім, мында жүргіңіз келген болар, – деп қолынан атты алып, I4-ке қойды.

– Рақмет... синьор Палетелли!.. Мен... дәл сол жерге жүргім келген... Айта беріңіз.

– Қазір ғалымдар тек өлген тайпалардың этнографиясын жазуда. Тек естігендерін жазуда, әрине. Өйткені растайтын бірде-бір куә жоқ. Жақында тағы бір араку тайпасының құрып біткені айқындалды...

– Немене? – деді шүберектей боп-боз болған доктор орнынан тұра беріп.

Журналист докторға үрейлене қарады.

– Араку тайпасы...

– Сосын, – деді доктор қырылдап.

– Араку тайпасынан да бірде-бір адам қалмаған. «Неден қырылғаны белгісіз, мекенжайлары қаңырап бос қалды» деп жазды.

Доктор соқыр адамша креслоның жақтауларын сипалап, біртүрлі меңіреуленген күйі қайта отырды.

– Сонда олардың жазығы не? – деді журналист әңгімесін сабақтай. – Бразилия орманында жаратылып, өсіп-өнгендігі ме? Әлде қисапсыз байлығы ма? Иә, иә, дәл солай. Бұл күнде жердің кеңдігі мен байлығы да халықтың сорына айналған. Болмаса XVII ғ. темірден зат жасап, мәдениет құрған, Пастерге дейін жыланның уына ем ойлап тапқан, Еуропаға картоп пен қызанақ егуді, қызыл бұрыш пен темекі егуді үйреткен 2 миллион үндістен бірнеше жүзі қалғанына кім жауап береді? Ғалымдардың айтуынша, енді он жылдан кейін бірде-бір үндіс қалмайды. Қалса, тек зоопаркке қоюға бірді-екісі қалуы мүмкін. Менімен айтысқан бір миссионер: «Олар қолдарына түскен тұтқындарын жейтін көрінеді ғой» деп жазғырды. Бүкіл Бразилияда адам етін жейтін бірде-бір тайпа жоқ. Ол – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Сонда шын мәніндегі адам жегіштер кімдер болып шықты?! – Журналист қалтасынан сигарет алып тұтатты да, көкшіл түтін арасынан сығырайып, кінәлаған адамдай докторға қарады. – Мен осылардың бәрін құлағыммен естіп, көзіммен көрдім. Көрдім де, бұл бүкіл адамзаттың арына басылған өшпес қара дақ деп түсіндім. Біз жұмсақ диванда жатып, қосыла алмаған екі жас туралы романдар оқып немесе фильмдер көріп, көзімізге жас аламыз. Біз бір адамның тағдыры үшін жер жүзінің прессаларын шулатып, ұрандар ұстап, көшеге шығамыз, қылмыстының жазалануын талап етеміз. Өлім жазасына бұйырамыз. Ал тұтас бір нәсілдің, бірнеше халықтың құрып кетуін қай тілде суреттеп беруге болады. Халықты өлтірушілерге адамға біткен санамен қандай жаза ойлап табуға болады, доктор Бейкер!

Доктордың бұдан әрі тыңдауға шамасы жетпеді. Тағы да соқыр адамша сипалап жүріп кнопканы басты да, қызметшісіне:

– Синьор Палетеллиді шығарып салыңыз, – деді кекештеніп.

Содан кейін ол журналистің қалай қол беріп қоштасқанын, жайсыз әңгіме айтып, көңіл-күйін бұзғанына кешірім сұрағанын, шығып бара жатып қалпағын түсіріп алғанын аңғарған жоқ.

Есік баяу сықырлап, сыртынан жабылғанда доктор есінен танды.

Доктор Бейкер құрысқан саусақтарын қызметшісі сындыра жазып жатқан кезде есін жиды.

– Мырза, мен дәрігер шақырттым, қазір жетуге тиісті, – деді абыржыған қызметші доктордың жүзіне үрейлене қарап.

Доктор Бейкер қалтасынан орамалын алып, тер бұршақтаған маңдайына басты. Басын салбыратып, ойланып отырды да:

– Дәрігердің қажеті жоқ, қайтара сал, – деп қызметшісін шығарып жіберді.

Доктор мелшиіп ұзақ отырды. Талма ауруына ұшыраған адамдар есінен айырылып, оянғанда мидың қайсыбір бөліктерінде жаңғыру процесі пайда болып, әлдеқашан ұмыт болған оқиғалар, ұсақ детальдар, тіпті айы, күні, сағаты, минутына дейін айқындалатынын ол бұрыннан білетін. Тап қазіргі ақыл-ойындағы әлдебір жаңарған айқын елестерді де сондай сәтке ұқсатты.

Ол қалың том кітаптың арасынан жабылып кеткен бір парақты іздеген адамдай, уақытты кері санап, түгендеп жатып, кенет кілт тоқтады.

Өркениет әлемінің – Нью-Йорктегі 100 қабат үйлер мен жарқылдаған жасау бұйымдардың өлшеусіз салтанаты мен дабыра қошеметтің, әлемге әйгілі болған даңқ пен ғылыми табыстардың, талантына бас ұрған сансыз тобырдың ah ұрған даурықпасының тағы сол сияқты өмірдің ойлануға мұрша бермеген әртүрлі алданыштарының астында әлдеқашан ұмыт болып, өлдіге саналған бір тіршілік әлдеқалай жан бітіп, қыбыр еткендей болды. Және ол – о дүние мен бұ дүниенің арақашықтығындай алыста, тым алыста қалған тіршілік еді. Доктор Бейкер сол сәтте адам

баласының ұзақ ғұмырында бір-ақ рет кездесетін, болмаса кездеспей де кете беретін айрықша тағдыр қалтарысына тап болғанын және ендігі ғұмыры осы қалтарысқа байланысты екенін түсінді.

II

Анасынан шыр етіп жерге түскенде әкесі оған Кияку деп ат қойды. Әкесі Чоро осы төңірекке әйгілі бақсы болатын. Бірақ көп ойланып жатпастан әшейін «Кияку» дей салды. Өйткені атта тұрған түк жоқ деп ойлайтын.

Үш жасқа дейін қалай өмір сүргені Киякудың есінде жоқ. Әйтеуір осы мекендегі көп баланың бірі болғандықтан, ол туралы жобалап былай деуге болар еді.

Кияку атам заманнан араку тайпасы мекен еткен ағысты, лай өзеннің жағасында, төбесі банан, пальма жапырақтарымен жабылған қаракөлеңке лашықтың ішінде қызылшақа күйінде дүниеге келді. Үй ішіне қосылған екінші баланың қуаныш тойы, ырым-салты әсіре-дабырасыз, әдеттегідей біркелкі салтанатпен өтті. Одан кейін Кияку өзге сәбилер секілді емшек іздеп, жылайтын болды, шықылықтап күлетін болды. Барлық сәбилер секілді ол да сүйкімді болды. Оны көбіне естияр ағасы арқалап жүретін. Арқалап жүріп, ұзақ жолдан оралған балықшылардың алдынан шығатын, егістікте жеміс теріп жүрген әйелдерге баратын. Шешесі Киякудың өзін танып ұмтылғанына қуанып, мәз болатын.

Екі жасында оны көрші үйдің өзімен жасты бұйра бас қызымен атастырып, аймақтағы лашықтарды шақырып, жоралғы жасады. Өстіп Кияку есін білді. Үш жастан былайғы өмірі оның жадында үзік-үзік елес күйінде, үрейлі я қуанышты, болмаса түсініксіз, келте сәт күйінде, одан кейін біркелкі, жүйелі тіршілік, ұзын сонар оқиға, қатқабат қақтығыс, қарекет, уайым, бақ-дәулет күйінде тұтас сақталыпты.

Киякудың туған жері – ақпа өзеннен қол созым жердегі қалың ағаш төбесінен сүмбідей шаншылған күн сәулесінің арасымен сүрлеу қуалап, ашық алаңға шыққанда бір-ақ көрінетін лашықтар тізбегі-тін. Өзеннің бұл қабаты қалыңға кеулеп енген шығанақ тәрізді жайылма тұс. Иірімге

ересек балалар ау құрады, тасбақа аулайды. Ағыс айдап шыққан ұсақ балықтар, кейде жалпақ тұмсық тукунарестер, күлгін пинтадастар да балдыр арасынан жондары жылтырап көрініп тұрады. Бірақ неге екені белгісіз, үлкен кісілер балық аулауға екі-үш күндік алысқа кететін. Кейде одан да көп, бірнеше күн жоғалады. Ақырында ағыс бастауынан көңілді қиқу естіліп, балалармен бірге жарыса жүгіріп, (найза, қорап ауға оралған балық арқалаған, ұзындығы кісі бойынан астам қызғылт таңбалы зілдей пиракуруды төрт-бесеуі әрең көтеріп келе жатқан балықшыларды көргенде, таңғажайып бір шат сезім бойға тарап, бақытты қылушы еді. Балалар маймылдарша шу-шу етіп, секіріп, бір-бірімен алысып, лашықтарға жеткенше мейрам күнгідей думандатып келетін.

Бұл кезде алаңға жұрттың бәрі жиналады. Шалдар да, кемпірлер де, бала көтерген әйелдер де, найза лақтырып, күресіп жатқан жастар да, іңір түспей отты қоршап, темекі түтінін бұрқыратып, күндізгі жақсылық рухын шығарып салып тұрған бақсылар да шаруаларын тастап, балықшыларды қарсы алады.

Ымырт меңдеп, қараңғы түседі. Жын-перілер жайлаған түн баласында лашықтан шығып, қам ойлайтын тірі жан некен-саяқ.

Кияқу аспалы төсегінің үстінде етпетінен жатып:

– Әкем қашан келеді? – дейді оттың түбінде жеміс тазалап отырған шешесіне. Содан кейін «ертең» дейтін жауабын күтіп, үндемей қалады.

– Ертең, – дейді шешесі.

Кияқу бір бүйіріне аунап түсіп, «ертең» дейді ішінен. Көз алдына темекі түтінін бұрқыратып, шөп қайнатып отырған әкесін елестетеді.

Әкесі – басына бақ қонған көріпкел, тәуіп адам. Қаршадайынан әлдебір сиқыршылар тайпасының арасында өсіп, бақсы-балгерліктің сырын ұғыпты деседі. Сондықтан оған бүкіл аймақтағы жараланған аңшылар, дертке шалдыққан, қарғыс дұғасы атқан ғаріптер, тіпті күйеуін қызғанған әйелдерге дейін келіп, шипа тілейді. Бірақ әкесі тәңірі жолына берілген тақуа адам болғандықтан, от басында отыруы аз. Жаңбыр тасқыны басылысымен арқасына дорбасын асып, ағаш жапырағынан жасалған қайы-

ғына отырып, ұзақ сапарға аттанады. Қалың орман, таутасты аралап, дуалы дәрі жасайтын шөп, жапырақ, тамыр іздейді. Тек толық ай мейрамына бір күн қалғанда тойды елмен бірге өткізу үшін қайтып оралатын. Одан тағы кетеді.

– Кияку! – дейді шешесі мұның ұйықтамай жатқанын сезіп. Кияку ұйықтап жатқан боп көріну үшін дыбыс бермейді. Шешесі жанына келіп, шашынан сипайды. Кияку басын көтеріп, шешесінің таңғажайып рақат сезіміне бөлейтін мейірбан, мұңды көздерін көреді.

– Ұйықта! – дейді шешесі шашынан еркелете жұлқып. Кияку екінші бүйіріне аунап түседі. «Қашан келеді?» – дейді ішінен. – «Ертең»... «Ертең, ертең»...

* * *

Толық ай мейрамының қарсаңы қашан да қарбалас. Күн көтеріле тайпа көсемі Айруа бақсылар мен кәрі шалдарды жиып алып, бөренелер қойылған алаңда кеңес өткізді. Сайыс, жарысқа дайындалып жүрген жастардан басқа еркек атаулы, тіпті балаларға дейін, денелерін бояп, маска жасап, әйелдер нан пісіріп, жеміс шырынынан сусын дайындап, той жабдығына кірісуде. Аңда-санда лашықтар ішінен сыбызғы үні естіледі.

– Кияку! Кияку! Сариді шақыр. Тамақ ішсін.

Бір топ баланың ортасында үюлі құммен ойнап отырған Кияку үн-түнсіз орнынан тұрып, кішкене қолдарын баяу сермеп, жалғыз аяқ жолмен жағалауға қарай жүрді. Ағасы Сари сонау айғай-шу шығып жатқан тұста, ойын-сауықтың ішінде жүр. Қазір бұлардан бөлек, шеткі, үлкен лашықта бойдақ еркектермен бірге тұрады. Өзіне айттырған қызды менсінбей, басқа қызға үйленем деп, бұрын да бірнеше рет бағын сынаған. Бірақ көрер көзге елден үздік шығар ештеңесі жоқ, қарапайым, талдырмаш жігіт аңға, балыққа барғанда ешбір ерлік көрсете алмағасын, тайпа көсемі үйленуге рұқсат бермей қойды. Енді ертеңгі бәсекеге түсіп, тағы бір рет бағын сынамақшы. Кияку қазықатар тұрып, кезекпен найза лақтырып жатқан жігіттердің қасына келді де, келген шаруасын ұмытып кетіп, біраз тұрды. «Ақ шағала» белгісімен боянған ұзын бойлы жігіт: «Саған не керек?» – дегенде барып, есіне түсіп:

– Ағамды шақыршы, – деді.

– Сари-и-и! – деп айғайлады ұзын жігіт. Қауырсын қалпақ киіп, белдігін қызылмен бояған Сари найзасын көтеріп, оңтайланған күйі Киякуге бұрылды.

– Не?

– Тамақ іш.

Сари жүгіре түсіп, найзасын жіберіп қалды да, жерге қонған құстай қолын жайып, жалғыз аяғымен секектей, найза түскенше қадала қарады. Содан кейін жалт бұрылып, лашық жаққа жүгіре жөнелді. «Шіркін, Сари үйленуге рұқсат алса» деп ойлады жолай Кияку. Өйткені ол үйленсе, әкесінің де, шешесінің де қуанатынын, олар қуанса, өзінің де қуанатынын жақсы білетін. Кияку лашыққа кіргенде шешесі мен Сари ертеңгі тойдың басы қылып, отқа пісірген балықпен, нанмен тәтті сусын ішіп отыр екен.

– Балам, – деді шешесі Сариге қарап. – Өзіңді-өзің қинамай, осы азабыңды қойсаң қайтеді?..

Сари наннан екі-үш рет қауып асады да, түйіліп қалмас үшін сусыннан қылқ еткізіп бір жұтты.

– Сари Томуэні жақсы көреді, – деді. Содан кейін сусыннан тағы бір жұтты.

– Саған бәрібір рұқсат етпейді.

– Сари Томуэні жақсы көреді... – Сосын ұмытып қалмайын дегендей тағы да «Сари Томуэні жақсы көреді», – деді шығып бара жатып.

Түс ауа бес күндік сапардан оралған балықшыларды қабылдау салтанаты болды. Сыбызғы үні күшейіп, тойдың асынан дәм тату үшін еркектер далаға шыққанда, салт бойынша оларды көрмеу үшін әйел атаулы бірі қалмай лашықтарына енді. Еркектер асықпай тамақтарын ішіп болып, маскаларын бітіріп, оларды кәде лашығына апарғаннан кейін ғана әйелдер сыртқа шықты. Осы кезде тайпа көсемі Айруа бастаған топ – көсемнің әйелі, бала-шағасы, жақын-жұрағаттары сарнаған сыбызғы үніне әндете қосылып, лашықтарды айналуға кірісті.

– ...Қасиетті періштелер рухы,
Бәрімізді желеп-жебей гөр.
Бәрімізді, бәрімізді, –

деп гүрілдеді ерлер дауысы. «Жебей гө-ө-р», – деді көсемнің ұл-қыздары жіңішке дауыспен тым-тырақай қосылып.

– Сыбағамызға бөлген
Аңға толы нуың үшін,
Балық толы суың үшін,
Мың да бір рақмет, жаратқан ием!..

– Мың да бір рақмет, жаратқан ием! – деп шулады жұрттың бәрі.

У-шу боп, қуанған балалар жүгіріп, көсем бастаған топқа қосылып кетті. Кияку қосылған бетте біреуінің қолынан ұстай алып еді – көсемнің кіші қызы Кумба екен. Жымиып Киякудың саусақтарын ақырын қысып қойды.

– Қасиетті күннің нұры,
Жұртымызға пана болған,
Сенен асқан құдіретті ешкім жоқ...

– Ешкім жоқ! – деп әндетті Кумба Киякуге қарап. Содан кейін күліп жіберді де, шешесі мен Киякудың қолын ұстата салып, өзі топ ішіне еніп кетті.

– Аңға толы нуың үшін,
Балық толы суың үшін...
Мың да бір рақмет!..

Көсемнің әйелі әлден соң қолында келе жатқан қызы емес, Кияку екенін көргенде керемет таңқалды.

– Қызым қайда, жаратқан-ау?!

– Мың да бір рақмет! – деп әндетті Кияку жауап ретінде.

Сыбызғы үндері көбейіп, күшейіп кетті. Соңғы лашықты айнала бергенде, біреу Киякудың қолынан ұстай алды. Қолы өзінің қолындай кішкентай екен. Жалт қарағанда күліп тұрған Кумбаны көрді. Екеуі түк себепсіз сықылықтай күліп, кәде лашығына жеткенше қол ұстасып бірге келді.

– Кумба, – деді Кияку.

– Кияку, – деді Кумба. Сосын Киякудың жалбыраған шашынан ақырын ғана жұлқып қалды.

Ұзамай ымырт жабылып, әйелдер мен балалар лашықтарына кірді. Бірақ ән мен әуен тоқтаған жоқ, сыбызғы даусы ертеңгі нағыз ұлы мерекенің таяп қалғанын сездіргендей тынымсыз безілдей түсті.

Кияку аспалы төсегінің үстінде көзін жұмып, ойланып жатыр. Ұйықтап қалмас үшін анда-санда көзін ашып, қозғалып қояды. Бүгін әкесі келуге тиісті. Ұзақ жолдан қайтқанда қалай да толық ай мейрамына ілігуші еді. «Неге жоқ, неге?... Қайда жүр? Ә? Әлде бір жерде...» Кияку қабағын қатты тыржитып, әрі қарай ойламауға тырысты. Бар бәле ойлағаннан дейтін әкесі. Ойламасаң түк те болмайды. Ендеше тек жақсылыққа жорып ойлау керек.

Жердегі тері төсеніш үстінде жатқан шешесі басын көтеріп, таяқпен қоламтаның шоқтарын ашып, лашық ішіне күңгірт жарық түсірді.

Бір сарынды сыбызғы әуені басылар емес. Анда-санда бірнешеуі жаппай қосылып, ырғақтарын жиілетіп, құтырта ойнайды. «Билеп жатыр», – дейді ішінен Кияку. Біраздан кейін құлағы үйреніп, сыбызғы даусын сезбей кетті. «Қолы қалай жұмсақ!... – деді есіне Кумба түсіп. – Көзі қандай әдемі!.. Ә! Өзі неге күле береді?.. Аты неге Кумба?...»

Шешесі көсеуді жарқыраған қоламта жиегіне жатқызып, жылжып төсегіне барды. Қисайған жоқ, басын тізесіне қойып, мүлгіп отыр.

«Қолы жұмсақ... Неге күледі?.. Көзі... неге?...»

Кияку ұйықтап кететінін сезген жоқ. Әлдеқандай жағымсыз естілген сыбырдан оянды.

Лашық іші қап-қараңғы. Сыбызғы үні естілмейді.

–... Неге жылайсың?.. Жақсылық рухы мені тастаған жоқ. Аман қалдым... Рух қашқан күні бәріміз де өлеміз...

Кияку әкесінің дауысын танып, жүрегі тулап қоя берді. Қуанғаннан қысылып, алақандары терлеп кетті. Сөйтіп жатып шешесінің жылағанына таң қалды. «Онысы несі?! Неге жылап жатыр?».

– Мың да бір рақмет!.. – деді шешесі тұншыға сыбырлап. – Мың да бір рақмет!

– Ақырын, баланы оятарсың... Егер осы жолда өліп қалсам, әкемнің аруағы о дүниеде жолыққанда кешірмес еді...

Шешесі үндеген жоқ. Әкесі де тіл қатпады. Енді не айтар екен деп тыңдап жатып, Киякудың өзі де ұйықтап кетті.

Кияку таңертең барабан мен ышқынған сыбызғы үнінен оянды. Лашықта өзінен басқа ешкім қалмапты. Далаға жүгіре шықты да, есік алдында құрғақ жапырақтар толтырған тоқыма қапшық үстінде отырған әкесін көріп, селк ете түсті. Денесінде сау-тамтық жоқ. Жарақат. Бір қолы сынған секілді, кендір жіппен мойнына асып алған. Кеңірдегін тіліп кеткен тырнақ ізі талаурай қызарып, қанды оқиғаның жақында ғана болғанын білдіріп тұр.

Әкесі әрең бұрылып, Киякуды көрді де, тақа деп ишарат білдірді. Бірақ үндеген жоқ, қасына келген Киякудың арқасынан қағып, бара ғой дегендей ым қақты.

Бұл кезде нағыз той басталып та кеткен еді. Еліктің, қабыланның, шошқаның, түрлі құстардың бейнесінде маска киіп алған еркектер сатыр-гүтір билей жөнелді. Қым-қиғаш, айғай-шу, ән, гүмпілдеген барабандар, безілдеген сыбызғы үні... Алаңға әйелдер мен балалар да жиналды. Еркектер қызынып, «ягуар аулау» биіне кірісті. Қара терге түсіп ентігіп, лашық тұсына келгенде әйелдерден балық пен сусын сұрайды. Әйелдер мәз болып күліп жүріп, еркектерге балық, сусын және той нанын әкеп беруде.

Кәде лашығының қасына барғаннан кейін жаппай би басталды. Қызылды-жасылды қауырсын қалпақтары көздің жауын алған көсем бастаған шалдар тобы мен көрші тайпадан келген қонақтар алаңның ортасында мерекелік тамақтарды алдарына жайып салып, әңгіме-дүкен құруда. Екі жас жігіт Киякудың жаралы әкесін көтеріп әкеліп, көсемнің қасына отырғызды. Киякудың көңілін мақтаныш сезімі биледі. Шыдай алмай, балалардың біреуін түртіп қалып:

– Көрдің бе, менің әкем жаралы! – деді. Екіншісіне де, үшіншісіне де соны айтты.

– Көрдің бе, менің әкем жаралы! Көрдің бе?

Балалар қызығып, бөрене үстінде отырған топқа қарады. «Шіркін, қандай бақытты» деп ойлады бәрі де. Жарақат – ерліктің белгісі. Жарақаты көп жауынгердің жаны-

на ешкім батып бара алмайды. Өйткені ол – жүрекжұтқан, әрі тісқаққы, айлакер. Өйткені ол ажалдың түр-түсін бетпе-бет келіп бір рет көрген, екінші көруден қорықпайды. Денесіне жарақат түспеген адам – бұқпа, әлсіз, қорқақ. Ол шын күресті көрмеген, көргісі де келмеген.

Мақтаныш сезімі мен той қызығынан есі шыға қуанған Кияку билеп жүріп, көсем лашығының алдына қалай келіп қалғанын білмей қалды. Кенет есік алдында күліп тұрған Кумбаны көрді де, одан сайын еліріп:

– Балық бер, сусын бер. Бер маған тойдың нанын, – деді айғайлап.

Үлкендерше зіркілдеп, той нанын сұрап тұрған кіпкішкентай баланы көруге лашықтағылар сыртқа шықты. Әбден шаршаған Кияку бір мезетте аяғы шалынып, етпетінен құлағанда жұрттың бәрі, тіпті, билеп жүрген еркектер де ду күлді. Кумба ішке кіріп, бір балық, жарты шелпек, ұлу бақалшағына құйылған тәтті сусын әкеп берді.

Күн еңкейіп, ағаш бастарына, лашық төбесіндегі сабанға қызғылт сәулесін түсірді. Бақсылар алаңға от жағып, темекі түтінін бұрқыратып, жын-перілерді қуалап, зікір салды. Күн батысымен сыбызғы үні күшейіп, жұрт улап-шулап, оттың қасына жиналды. Көкжиектен кісі бойы көтерілген толық ай алыс ойпаттардан көрінген орман төбесін, жазық беткейді боп-боз қылып, әлгінде ғана қымтап тұрған қою қараңғылықты әдемі ақ түнге айналдырып жіберді.

– Үйлену кәдесі, – деп хабарлады бақсы. Тағы да би басталды. Көсем бастаған топ шатырлай жанған отты қоршай, қабылан терісінен жасалған төсеніш-бөстектерге келіп отырды. Ел көбейіп, айналаға сыймай кеткендіктен, бірнеше жерден от жағылды.

– Канато! – деп шақырды бақсы.

Ортаға ягуар таңбасымен боянған, бұлшық еттері білеуленген, санында, арқасында тыртықтары бар, қауырсын қалпақты, ұзын бойлы, жас жігіт шықты.

– Күннен жаралған адам баласына жұптасып өмір кешу – бұйрықты іс, – деді бақсы мінажат қылғандай әндете дауыстап. – Әйгілі қызыл қабыланның бел ұрпағы Канато, сенің қалаған адамың кім?

Канато оттың қарсы бетіндегі мойнына бірөңкей қызыл түсті қауырсыннан алқа таққан, күнге тотыққан, қанкүрең жұмыр денесі от сәулесімен жылтырап көрінген әдемі қызды көрсетті.

– Ендеше көрсет бізге жігіт екеніңді.

Канато жерде жатқан дәу тоқыма қолғапты қолына кие бастағанда-ақ Киякудың іші қалтырап қоя берді. Өйткені ол қолғап ішіндегі үлкендігі бармақтай улы құмырсқалардың қалай шағатынын жақсы білетін. Бір тістегеннің өзінде... «Ыбы-бы-бы-ы!». Киякудың тістері сақылдап, тітіркеніп кетті.

Бақсы қолғапты түбінен бірнеше айналдыра мықтап байлағаннан кейін:

– Отқа тақа, – деді жігітті қолынан тартып.

Канато қолғап киген қолын отқа тақады. Содан кейін сүйген қызына тура қарап: – Мен... – дей берді де, кілт тоқтады.

«Шақты, шақты», – деп сыбырласты отырғандар. Бірақ жігіт сыр берген жоқ. Қызға қарап, аппақ тістерін көрсетіп, күліп қойды.

– Мен, – деді сөзін жалғап, – он үш жасымнан аңға шықтым. Бес ягуарды өлтірдім. Тикандармен соғыста арқамнан оқ тиді. Бірақ мен құлағам жоқ, жауырынымнан қадалған садақ оғын жұлып алып, атқан адамды сайысқа шақырдым. Ол қорқып, шыға алмады... – Канато жұрттың бәрін таң қалдырып, тағы да жымиды. – Мен жылан тайпасының ең атақты батыры – Сикуриді жеңіп шықтым... Ұрыс кезінде бірде-бір рет қорқақтық жасап көрген емеспін. Мен Тамали қызды жақсы көремін. Сондықтан үйленуге рұқсат етіңіздер!

Жұрттың бәрі жас жігіттің төзімділігіне, айтқан әңгімесіне қатты риза болды. Бақсы қолғапты шешіп алды да, баланың басындай болып ісіп кеткен Канатоның қолын көрсетті.

– Канато! Канато! – деп шулады халық бір ауыздан.

Бақсы Тамали мен Канатоны қатар тұрғызып, бір ыдыстан балық жегізді. Содан кейін үйлену тойын жасауға рұқсат берді.

Ортаға Сари шыққанда той басталғаннан-ақ қорқып жүрген Кияку жүрек тоқтатып, бойын еркін билеген.

Және осынысын өзі жақсылыққа жорыды. Сари қолғап киісімен бақсының бүйрығын күтпестен отқа қолын өзі тақап ұстады.

– Мен не айтамын сіздерге... Менің елден асқан ерлігім жоқ... – Саридің бетіне қан құйылып, күре тамырлары адырайып кетті. Мойын еттері жыбырлап, самайынан тер білінді.

– Мен не айтамын сіздерге, – деді Сари алғашқы сөзін қайталап. – Мен батыр емеспін. Мен ягуар өлтірген атақты аңшы да емеспін. Сайыста да жеңбедім. Мен әшейін ел қатарлы балықшымын. Бірақ Томуэні жанымдай жақсы көремін... – Саридің даусы қалтырап кетті. – Маған... рұқсат етіңіздер... Мен тек осы қызға үйленем... Мен тек...

Саридің даусы жалынышты шыққаны сонша, ілкіде жұрт қалай деп қабылдарын білмей, аңтарылып қалды. Содан кейін топтың арт жағында отырған біреу мырс ете түсті. Екіншісі де мырс етті. Содан кейін әлдекім лекіте күліп жіберді де, іле жұрттың бәрі араның ұясындай гу ете қалды.

Бақсы да селкілдей күліп, Саридің қолғабын шешуге кірісті. Сари тағы да жалынышты үнмен бірдеңе деп еді, бақсы онан сайын күліп, басын шайқады.

Тағы да би басталды. Бірақ Кияку билегісі келмеді. Бақсының Сариге рұқсат бермегені оған көрінеу көзге жасаған зорлық секілді. Ол күлген адамдардың бәріне ренжіді. Тіпті жылағысы келді. Сосын орнынан атып тұрып, лашық жаққа жүгіре жөнелді. Ішке кірген бойда төсегіне құлай кетті. Кияку күндізгі биден әбден шаршаған болатын. Сондықтан бақсыға да, Сариді келеке қылып, күлген адамдарға да өкпелеп жатып, ұйықтап кетті.

Түсінде үйлену кәдесі қайта басталыпты. Жұрт улап-шулап, Сариге тағы да қолғап кигізіп жатыр. Кигізіп жатып бақсы: «Кисең болды, ештеңе демесең де рұқсат етеміз», – деп сыбырлап жатқанға ұқсайды. Осы кезде жұрт оттың басынан тұра қашады. Қолғап ішіндегі құмырсқалар Сариді шағып өлтіріпті. Шешесі шашын жайып, оттың басында жылап жатыр. Енді бірде қаптаған құмырсқалар бүкіл елді қуып жүр екен. Кенет Кумбаны талап жатқан құмырсқаларды көреді. Жүгіріп келіп, қолын ұсынады. Құмырсқалар Кумбаны тастай салып, оның қолына жабылады. Талап жатыр. Қолы ауырмайтын секілді. Тек домбығып, мұздап,

үлкейіп барады. Кумбаға қарап, күліп қояды. «Ештеңе жоқ, күлуге болады екен ғой» деп ойлайды ішінен. «Жоқ, болмайды, саған болмайды» дейді бақсы бұған жүгіріп келіп. «Неге болмайды?» дейді Кияку кемсеңдеп. Кияку кемсеңдеп жатып оянып кетті. От сәулесі лашық ішін жап-жарық қылып жіберген. Әкесі темекі түтінін бұрқыратып шөп қайнатып отыр. Шешесі ыдыстағы дәрілерді ауыстырып құйып жатыр. Кияку аунап түсті. Қолы астына түсіп, ұйып қалыпты. Тызылдап, қан жүгіре бастады.

– Сари әлжуаз ғой, – дейді шешесі. – Кішкентайынан ауру болды. Тегі, ешқашан да үйлене алмас.

– Біздің тұқымда үйленбей кеткен ешкім жоқ, – дейді әкесі қатуланып. – Біздің тұқым ажалынан өлмейді, кек жолында жаудан өледі. Жау қолынан өлмеген еркек еркек емес!..

* * *

– У-у-у! У-у-у!!! – Өзеннің арғы бетінен шыққан дауысты кешкі тымық ауа қақпақылдап, мазақ қылғандай бірнеше рет қайталады.

– У-у-у!!! У-у-у!!!

Бөрене үстінде отырған шалдар да, күнделікті күш сынасуға дайындалып, билеп жүрген палуандар да аңтарылып тұрып қалды. Садақ асынған үш жігіт жылдам қайыққа отырып, арғы бетке жүзе жөнелді. Көп ұзамай олар қайтып оралды.

– Ваура тайпасының адамдары қонаққа келеді, – деді көсемге келіп. – Жандарында ақ адам бар.

Көсем лашығына кіріп, қауырсын қалпағын киіп, асыл тасты моншақтарын, қару-жарағын асынып, қайта шықты. Содан кейін жиын өтетін алаңдағы, көсемге арналған биік орынға отырды.

Көп ұзамай қонақтар да келді.

Бұл Киякудың ақ адамды өмірінде бірінші рет көруі еді. Күннің ыстығына қарамастан тұла бойын орап қаптап алған, көзінің алдына таңғажайып жылтыр бірдеңе киген (Кияку оның көзілдірік екенін кейін білді) ақ адам жайдары жүзбен қаруы жоқ, құр қолын жоғары көтеріп, достық, бейбіт ниет білдірді.

– Атың кім? – деді оған көсем.

– Пауло, – деді ақ адам.

– Түсінеді екен ғой, – деді көсем ваура тайпасының адамдарына қарап. – Бұл араку тілін қайдан біледі?

– Мейірбан ақ адам көптен бізбен бірге аң аулайды. Наукуа, трумаи, маинаку тайпаларында да болған.

– Әкең бар ма? – Көсем ақ адамға қайта бұрылды.

– Жоқ, – деді ақ адам ваура тілінде.

– Аты кім?

– Рикардо.

– Шешең бар ма?

– Бар.

– Қай тайпадансың?

Ақ адам өзінің қай тайпадан екенін ұмытып қалғандай саусақтарын жыбырлатып, ойланып қалды.

– Қай тайпадан дейсіз бе? – деп қайта сұрады. – Мен ешқандай тайпадан емеспін.

Оның мұнысы өте ерсі жауап болғандықтан, көсем таңырқап, маңайына ажырая қарады. Жұрттың бәрі де бірбіріне ажырайысып, таң-тамаша кейіп білдірді.

– Мен... Мен... – деді абыржыған ақ адам. – ғафу өтінем, дұрыс айтпадым... Мен испан тайпасынанмын.

– Испан?!..

– Иә, иә, Испания!

Көсем ондай да тайпа бар ма еді дегендей сұраулы пішінмен тағы да маңайына көз тастады. Олардың жүздерінен де «ондай тайпа бар ма еді?» деген күмәнді кейіп білінді.

– Қай жерді мекендейсіңдер? – деді көсем.

– Испания ма? Испания бұл жерден қашық, – деді ақ адам қолымен күншығыс жақты сілтеп, – Атлант мұхитының ар жағында.

– Атлант?! Ол қандай теңіз?

Көсем ұзақ сұрады. Бірақ ешкім ештеңеге түсінген жоқ. «Испан» деген не қылған тайпа? Ол қай жақта? Неге ешкім білмейді? Қадалып сұраған сайын жер, су аттары тым бөгде, жаттанып, қонақтың бір сөзінен бір сөзі қиындай берді. Ақыры сұрақ тоқталып, от басында отырғандар қонақпен сәлемдесуге кезекке тұрды. «Пауло» деп, бәрі де қонақтың атын атады. Ақ адам қолын кеудесіне апарып, жылы жүзбен иіліп, тағзым етті.

Келесі күні бірнеше жігіт ағаш кесіп, жапырақ жинап, ақ адамға лашық тұрғызды. Сырттан садақ асынған бірнеше жауынгер күзетке қойылды. «Ақ адамға ешқашан да сенуге болмайды, – деді ең кәрі шал Янумака. – Ақ адамда жын-перінің рухы бар. Сондықтан оған ешқашан да сенуге болмайды».

Бірақ ақ адам өте мейірбан, ақкөңіл, жомарт жан болып шықты. Еркектерге қағазға оралған темекі, балық аулайтын қармақ, әйелдерге шыны моншақ, бояулы жұқа мата, балаларға тәтті үлестірді. Ал көсемге мылтығын сыйлады.

Пауло аз күннің ішінде тайпа тіршілігіне етене араласып, сіңісіп кетті. Жүртпен бірдей ерте тұрып, өзеннен су әкеледі, киімдерін жуады, балықшылар әкелген олжадан үлес алып, тамақ пісіреді. Кейін балықшылармен бірге балыққа да барды. Тіпті киімдерін шешіп, аракуларға ұсап жалаңаш жүретін болды.

Паулоны қаны сүймеген жалғыз адам Янумака шал. Янумака Паулоның сыйға ұсынған темекісін де алмады. Маңына да жолатпады. Паулоның опа бермейтіні туралы түс көріпті.

– Кесірі тиеді, – деп кейіді ол лашығында отырып. – Ақ адамнан періште қашады... Періште қашса, бақ та қашады. Аруақтар да желеп-жебемейді.

Янумаканың айтуынша, өте ертеде араку тайпасы күнгей беттегі алтын өзеннің қожасы болыпты-мыс. Өзеннің жағалауы да, суы да сап-сары алтын екен. Ауа да жын-сайтандар рухынан ада, өлім-жітімді білмейтін, бейбіт ел болыпты. Бірақ күндердің күнінде бой-басын қаптап алған, жүзі адам шошығандай сұп-сұр, қаңғыбас жанның кесірі тиеді. Сұп-сұр бәле күнгей беттің бәрін кезіп, тыныстайтын ауаны арамдаған соң, сайтандар елінен от шашатын әскер жинап, қалың елді қырып салған. Содан араку елі шегіне-шегіне өзеннің бергі бетіне өтіп, қалың орманды паналап қалыпты. Енді тағы да ақ адамның осы өлкеден балық жеп, су ішуі жақсы ырым емес...

– У-у-у!!! У-у-у-у!!! – Тағы да кешкі ауаға жаңғырығып қайталанған қиқу шықты. Арғы беттен дәл сондай жауап қиқу естілді. Көп ұзамай ағысты өзеннің өрінен

вауранық қайығы көрінді де, ақ адамды біржола шығарып салу үшін, екі жігіт қайыққа отырды.

– Қош болыңдар, достарым! – деп айқайлады Пауло аракуларға. Сосын өткен жолғыдай жайраңдай күліп, достық ниетпен қолын көкке көтерді.

* * *

Кияку бұдан кейін ақ адамды екінші рет көрді. Бетаузын жүн қаптап кеткен, тақыр бас, жуан кісі бірнеше серіктерімен келіп, достасу белгісі ретінде көп адамға балыққа құратын ау, кіп-кішкентай, ашып-жабылатын пышақ үлестірді. Көсемнің әйеліне иіссу сыйлады. Жиын алаңында отырып, тайпа басшыларымен әңгімелесті. Қайтарында уақытша жолбасшылық қызметке балықшы шал Тукамоны өздерімен бірге ала кетті. Кейін олар жиі келетін болды. Ұн, тұз, қант, сабын әкеліп, аңның терісіне, моншақ тастарға айырбастады.

Олардың әкелген заттары, шынында да, кісі таңқалғандай, өте әдемі болатын. Сондықтан ақ адамдардың қайықтары көрінісімен еркектер де, әйелдер де қолда бар бұйымдарын көтеріп, у-шу болып, жағалауға жиналатын.

Жағалауға бармайтын тек Янумака. Янумака – өте қорқақ шал. Сондықтан ақ адамдар келе жатыр деген хабарды естісімен лашық сыртындағы қалың ағашқа кіріп, тығылып қалады немесе лашығының есігін бекітіп, шықпай қояды.

Янумака жас күнінде өте қайратты, айлакер аңшы болған деседі. Бұл күнде әбден қартайған. Күн сайын кешкілік ересек балаларды алаңға жинап алып, араку тарихындағы ұлы көсемдер туралы, тайпалар арасындағы қырғын соғыстар туралы аңыз-әңгімелер, ертегілер айтқаннан басқа қолынан келері жоқ. Ертегі тыңдауға Кияку қатарлас кішкентай балаларға дейін жиналады. Кияку шалдың әңгімесін жан-тәнімен беріліп тыңдайтын. Алдында отырған Кумбаның иығына иегін сүйеп қойып, көзі жыпылықтап, әр сөзін қалт жібермеуге тырысады. Кумба әлденеге жалт бұрылғанда екеуі мұрындарымен сүзісіп қалады да, бұлары өздеріне ең бір қызық оқиға болып көрініп, үн шығармай, булығып, ұзақ күледі. Көсемнің

ерке қызы шыдай алмай, дауыстап күліп жібергенде бүкіл балалар, тіпті құлағы шала еститін Янумаканың өзі бұларға таңырқай қарайды да, содан кейін ғана екеуі тыныштalып, қайтадан ертек тыңдауға көшеді.

– Ертеде, – дейді Янумака тамақ шайнағандай иегін қисаңдатып, – елік пен адам дос болыпты. Елік адамдардың ізгі ниетті, мейірбан екенін білген соң, қашпай, олардың маңайында жүрген. Олар елікке жем беріп, су беріп, асырайды екен. Осылайша әлгі елік өзге еліктерден оқшау, бақытты тұрмыс кешіпті. Бірақ күндердің күнінде қалың орман ішінде адасып, қарны ашқан бір адам әлгі елікті сойып жемек болып, садақпен атады. Қатты жараланған елік, әйтеуір, қолға түспей, қашып шыққан. «Бұл қалай болды, – деп ойлапты елік, – адамдар ізгі тілекті, мейірбан еді ғой. Олар өлтіруге тиісті емес еді ғой. Бұл қалай?» Сонда періштелер аян беріп: «Ей, сорлы елік, сен ағаттық жасап, адам баласымен дос болдың. Олардың ізгі тілекті, мейірбан екені рас, бірақ сенің жарық дүниемен қош айтысуың үшін жүз мейірбан адамның ішінен бір зұлымы болса, сол жетіп жатыр емес пе?!» – деген екен. Елік өз үйіріне жетіп барып жан тапсырыпты. Өлер алдында: «Адамдарды маңдарыңа жолатпаңдар. Өйткені олардың ішінде бір қанішер жүр», – деп өсиет қалдырыпты.

Янумака өзімен-өзі болып, ойланып отырады да, ертегіні неге айтқанын түсіндіру үшін қорытынды жасайды.

– Біздер сол елік секілді ақ адамдармен дос болдық. Ал олардың ішіндегі бір зұлым біздің түбімізге жетуі мүмкін.

Кейде Янумака балаларды топырлатып, қалың ағаш арасындағы ұшар басына жалғыз банан өскен, биік төбеге әкелетін. Төбеден көз жетер жердің бәрі айқын көрінеді. Таяғына сүйеніп, әрең көтерілген Янумака құмға қисайып, демін алады.

– Бұл, – дейді ентігіп отырып, – бұрын қарауыл төбе болған. Анау жасыл тауды көрдіңдер ме? Соның етегінде қасиетті көл бар. Бес күндік жер. Сол көлдің жағасында өте ертеде Күн атты адам тұрыпты. Қазір күн құдіретті күшке айналған. Бірақ адам болып тұрған кездегі сол орында араку үшін қасиетті бір зат бар. Ол – аң мен балықтың жаны. Су тартылып, ауға балық түспеген кездер-

де, елік басқа жаққа ауып, жер ескірген кезде араку тайпасы шапағат тілеп, сонда барады...

Бұдан кейін Янумака ормандағы рухтар, о дүниедегі өмір туралы әңгімеге көшеді. Кеш түсіп, ымырт жабылады. Орман алқабы қарауытып, кенет жоғарғы жақтағы ақ адамдардың мекен-тұрағы тұсынан қаз-қатар жылтыраған ғажайып оттар көрінеді. Олар жанған отқа ұқсамайтын, жұлдыздар секілді жымың қаққан, ерекше бір сәулелі, сиқыр оттар еді.

– Тозақ оттары!.. – дейді Янумака күбірлеп, – Тозақ оттары жымыңдайды... Көріп тұрсыңдар ма?.. Тозақтың оты!!! А-а-а!!!

Янумака көздері бақырайып, қырылдаған қорқынышты үнмен: «Әне, әне, әне!!!» деп қолын шошайтып, сүрінемүріне тұра қашады. Зәрелері ұшқан балалар да тым-тырақай жүгіріп, лашықтарына жеткенде бір-ақ тоқтайды.

Янумака шал сол үрейден ақыры арыла алмады. «Азаның ақыры» мейрамынан кейін, көп ұзамай жынданып өлді. Жан тапсырар алдында: «Тозақ оттары жымыңдайды», – деп сандырақтапты.

* * *

Атам заманнан өстіп өзді-өзі біркелкі тұрмыс кешкен араку тайпасының тіршілігі, міне, дәл осы тұста аяқ асты тас-талқан болды.

Өзен сулары жаңбыр тасқынынан кейін сабасына түсіп, егістікке тұқым себіліп, келесі мейрамға дайындалып жатқан кез еді. Көсемнің үлкен қызы көрші тайпа көсемінің ортаншы ұлына ұзатылатын болып, бұл өлкеде бұрын-соңды болып көрмеген бір қызық думан басталғалы тұрған. Ай толысуға екі күн қалғанда таңғы елең-алаңда ұйқыдағы қалың лашық найзағай шатырындай бір үннен шошып оянысты.

Кияку қаракөлеңкеде лашықтан жүгіре шыққан әкесін байқап қалды. Біртүрлі күннің шатырына ұқсаңқырамайтын үннің үсті-үстіне жиілеп бара жатқанын, әлдекімнің атын атап, қатты шыңғырған әйел дауысын естігенде барып, мылтық тарсылын ажыратты. Әлі санаға жетіп болмаған үрей мен таңырқау қабат билеп, сыртқа қалай атып

шыққанын да сезген жоқ. Ол тіпті пальма, банан ағаштарының ар жағынан дүркін-дүркін бұрқылдаған от-жалын, түтінге де, «қабылан аулау» биін билегісі келгендей, бір қолын көкке көтеріп, шалқая құлап бара жатқан еңгезердей жауынгерге де бейжай қарап, тұрып қалған-ды. Кенет әлдекімнің:

– Қашыңдар! Атып жатыр! – деген ащы айғайынан есін жиып, қорыққаннан қалтырап қоя берді.

Ол енді адамдардың неге құлап жатқанын, Кәрі Қабан атанған көрші шалдың омырауын неге қан жуып кеткенін біршама түсінгендей болды.

У-шудың арасынан: «Өзенге қашыңдар, өзенге!» – деген айғай естіледі. Екі лашықтың ортасында сілейіп тұрып қалған Кияку қолынан жұлқып, сүйрей жөнелген адамға қарап үлгірмесе де, шешесі екенін бірден танығаң. Артына тағы бір қарағанда Айруа көсемнің сап-сау адамдай жерге тізерлеп шөккенін, сонан кейін тым ыңғайсыз, дәл бетімен гүрс етіп құлағанын көрді.

– Өзенге, өзенге! – деп тынбай айғайлайды әлдекім.

Шешесі орманға кіргеннен кейін де ұзақ жүгірді. Мылтық даусы саябырлаған кезде барып, Киякуді бауырына басқан күйі қалың шырмауықтың арасына құлай кетті. Қолындағы ортасынан сынған шолақ найзасын оңтайлап, айналасына ашынған аңның жүзіндей жабайы қызғанышпен жауыға қарайды. Кияку алғашқыда шешесі екеуінен басқа ешкім де аман қалмаған шығар деп ойлаған. Бірақ олай болмады. Күн көтеріле-ақ тым-тырақай босып кеткен халық бір-бірлеп бас құрап, қару асынған еркектер бірөңкейленіп, шоғырлана бастады. Кияку бұтақ жырып кеткен тізесіне жапырақ жапсырды.

– Көсем оққа ұшты, – деді әкесі жандарына келіп. – Денесін алып шығуға Сари жалғыз кетті.

Кияку шешесінің жүзіне қараған жоқ. Бірақ қолының терлеп қоя бергенінен жағдайының жақсы емес екенін сезіп тұр.

Әлден уақытта мылтық даусы гүрс ете қалды. Бүкіл аракулар «ah» дегендей болды. Кияку шешесінің сыбырлап сыйынған дыбысын естіді. Әкесін де көрді. Әкесі найзасын жерге шаншып, қолын артына ұстап, сабыр сақтап тұр екен. Түрінен қорқыныш емес, мақтаныш тәрізді

бірдеңе байқалады. Кияку әмәнда әкесінің осы бір тайматын, сабырлы пішінін көргенде өзінің қорқақтығына ұялып, қорықпауға да болады екен ғой деп ойлап және осынысымен қауіп-қатерден құтылып кететін бір амал тауып тұрғандай қуанып қалатын.

Мылтық даусы тағы да гүрс етті. Кияку көзін жұмды. Көзін жұмып, мылтық даусын естіп тұра берді. Гүрс ете қалғанда «тірі» деп ойлады. «Атып жатқаны – тірі келе жатқаны. Тірі, сосын атып жатыр...»

Мылтық даусы біресе әлденеге тіреліп қалғандай, келте тық ете қалады да, біресе қызған тасты суға батырғандай бір дыбыспен ұзақ зыңылдайды. Таңғы орман ішінен үріккен құстардың шуылы естілді. Кенет тасыр-тұсыр құлаққа ұрғандай сап тыйылды. Киякудын жүрегі зу ете қалды. «Өлді» деген ой санасын қарып өтті. Сөйтсе де тағы бір рет атылмас па екен деген дүдәмал үмітпен демін ішіне тартып, тұра берген. Жұрттың әлденеге гуілдеп кеткенін естіп, көзін ашып қалғанда қарсы алдында екі тізесіне сүйеніп, тері бұршақтап, ентігіп тұрған Сариді көрді. Көсем денесін жерге жатқызыпты. Жанында әкесі тұр. Сари әкелгені, басқа әкелгені белгісіз, дәрі салған дорбаларын, зікір салғанда киетін қауырсын киімдерін, барабан, сылдырмақтарын қолтығына қысып алыпты.

Киякудің әкесі дереу көсемді емдеуге кірісті. Көсемнің оң жақ қабырғасының астынан саулаған қан әрең тоқтады. Бақсы дәрі-дәрмектерін жаққаннан кейін, сыртынан орап, таңып тастады. Бірақ көсем көзін ашқан жоқ. Өліктей сазарып, сұлқ жатыр. Бақсы ортаға от жақтырып, темекі тұтатты. Жаралы көсемнің алдына тізерлей отырып, ағаштың бұтағын аузына тигізіп, будақтатып түтін шығарды. Содан кейін екі қолын айқастырып, күңіренген дауыспен әндетіп дұға бастады. Көмекші бақсылар дұғаның соңғы тармағына қосылғанда Киякудің әкесі асқабақ қабығынан жасалған зікір кеуегін қаңғырлатып, көсемді айналып, билей жөнелді. Кеуек қаңғырығы күшейген сайын бақсының қимылы да шапшаңдап, біраздан кейін тіпті көз ілеспей кетті. Жағалай қоршаған аракулар көсем жүзіне телміріп қарап қалған.

Көсем көзін ашты. Таң бозынан арылып, шығар күннің сәулесімен шыңылтырлана бастаған көкшіл аспанға қарап,

ұзақ жатты. Басын бұрды, ешкімді танымаған секілді. Тұрғысы келіп, ұмтыла түсті де, бетін тыржитып, қайтадан көкшіл аспанға қарағаң күйі жатып қалды.

– Өртеп жатыр! – деді кенет әлдекім қырылдаған үнмен. Ел шошынып, көкке қарады. Аспанға лашықтар тұсынан будақ-будақ қою түтін көтерілді.

Кияқудің сонан кейін есінде қалғаны – көсемді зембілге салып, ұбап-шұбап, өзен бойымен күнбатысқа – қалың орман түкпіріне үдере көшкен қалың топ. Арттан ізге түскен ақ адамдардың атқан мылтықтары алыстан андасанда бір шаңқ етіп, төңіректі дүр сілкіндіреді. Орман іші қалыңдап, зәулім ағаштардың басынан күн сәулесі көрінбей, біртүрлі, у-шусыз, қорқынышты, қаракөлеңке шаққа ауысты. Кәрі табиғат: «Ау, адамдар, менің еркімнен бөлініп, өз беттеріңше ой ойлап, заң шығарып, тіршілік құрып кеткенде бір-біріңе көрсеткендерің осы ма, ендеше өзіме қайта кел, еркіңді өзіме бер», – дегендей тылсым құшағына қымтай түсті.

Дүниеде зұлымдық үшін жаратылған қасақана мақұлықтар бар. Олардың зұлымдықтарына ешкім «бұл не үшін» деп сұрақ қоя алмайды. Олар өз міндетін атқарушылар секілді; жылан шағуға, пираньялар талап жеуге, масалар ауру таратуға міндетті. Кияқу ақ адамдардың шабуылын да осындай себебін анықтауды қажет етпейтін оқиғалардың бірі деп санады. Оның тек бар анықтағаны – бүкіл елге түскен мынау қатерлі жайт, зембілде жатқан ұлы көсем Айруаның да, аруақты бақсылардың да, жүрекжұтқан жас батыр Канатоның да шамасынан тыс. Бел тірейтін сүйеніш жоқ, үміт жоқ, тұңғиық бір түпсіз үрей.

Шалдар да, әйелдер де үн-түнсіз жылап келеді. Көсем әлсін-әлсін тала берді. Қалың жұрт қайда кетіп барады? Қай жерге барып тоқтайды? Ешкім білмейді. Сонау ойынсауық, той, бейбіт күндер, туып-өскен мекен-жұрт осыншалық ғапыл, ғайыптан-ғайып көзден бір-бір ұшты.

Күн еңкейе аракулар өзен жағасына тоқтап, көсемді зембілден түсіріп, тайпа басшылары кеңес өткізуге жиналғанда арттан Канато бастаған жауынгерлер де қуып жеткен. Қалай ұстағандары белгісіз, шашы тікірейген, жағында тыртығы бар, еңгезердей ақ адамның қолын ар-

тына қайырып байлап тастапты. Ақ адам қанталаған көздерімен алақ-жұлақ етіп, маңайына үрейлене қарайды. Канато тұтқынды өзен жақтағы ағаш арасына әкеліп, қолын шешті. Содан кейін шырамытқан адамдай тұтқынның бой-басына көз жүгіртіп қарап алды да, шеткі жауынгердің балтасын сұрады.

Бұлшық еттері дір-дір етіп, қолындағы айбалтасын қыса ұстап, тұтқынға тақай түскен Канатоны көрген жұрт не істегелі тұрғанына түсінбей, тым-тырыс қадалып, бағып қалған.

– Қанішер!! – деді Канато құпия бірдеңе айтып тұрғандай сыбырлап.

Тұтқын қолымен басын қорғады. Бірақ Канато шапқан жоқ.

– Ұста! – деді балтаны ұсынып. Тұтқын түсінген жоқ.

– Ұста деймін!

Тұтқын алақ-жұлақ етіп, есі шығып, қорыққанынан балтаны ұстады.

– Таңда! – деді Канато жауынгерлерді қолымен көрсетіп. Біздің заңымыз – жекпе-жек. Үш рет жеңіп шықсаң, басыңа – бостандық!

Бірақ тұтқын мұның біріне түсінген жоқ. Өз тілінде бірдеңе деп былдырап, «артымнан ұра ма» деп қауіптенгендей ту сыртына бұрылып қарай берді.

Канато ымдап түсіндірді. Тұтқынға қолындағы балтаны көрсетіп, одан кейін жауынгерлерді көрсетіп, жекпе-жектің қимылдарын жасады.

– Таңда! – деді тағы да. – Таңда біреуімізді!

Тұтқын түсіне қалды. Үрей билеген бет-әлпеті қалпына түсіп, шүңірек көздерінде зұлымдық ойдың нышаны жылт ете қалғандай болды. Бірақ әлде де сенбей, Канатоға жалтақтай берді.

– Таңда!

Тұтқын біреуді оятып алмайын дегендей аяғының ұшынан басып жауынгерлер тобын аралай бастады. Тағы да Канатоға бұрылды. Канато басын изеді. Тұтқын содан кейін бойын билеп, нық басып барды да, шетте тұрған қайықшы, ақсақ шалды нұсқады.

Жауынгерлер абыржып, бір-біріне қарады. Канато да үн-түнсіз аңырайып тұрып қалыпты. Алпамсадай қайратты

жігіттің қалайша кемтар шалды таңдағанына бәрі де түсінбей тұрған секілді.

– Мен дайынмын...

Шал беліндегі садағы мен қорамсағын шешіп, жерге қойды да, қабағын түйіп, қолындағы балтаның жүзіне қарады. Ол бір кезде мақтаулы жауынгер, әрі аңшы болған, бірақ бұл күнде сол атақ-дақпырттан басқа басында ештеңе қалмаған кемтар шал ғана. Ұрыстың басталғанын білдіріп, барабандар дүңк ете қалғанда, жауынгерлер серпіліп, шегініп кетті.

Тұтқын мен шал бір-біріне тесіле қарап, жақындай берді. Тұтқын бұрын ұмтылып, балтасын сермеп қалғанда, шал қағып үлгірді. Бірақ әлуетті қолдың екінші соққысына шамасы жеткен жоқ, мойнын қиып түскен балта ізінен қан шапшып, томардың үстіне құлап түсті де, аса қиналмай, аз-кем тыпыршып жатып, жан тапсырды.

Тұтқын айқастың тым тез біткеніне қуанғандай сөлекет ыржия күліп, маңайына қарады. Содан кейін тағы бір әлсізді таңдап алғысы келіп, қоршаған топты көзімен алақжұлақ тінтіп, жағалай бастады.

– Тоқта! – деді Канато қолын көтеріп. – Қанға қан!

Ортаға шыбықтай майысқан талдырмаш жас жігіт шықты. Сазарған жүзінен я үрейдің, я қайғының белгісі білінбейді. Үн-түнсіз балтасын кезеп тұра қалды. Барабан дүңк етті.

Тұтқын қанға құныққандай, құтырына тап берді. Жас жігіт жалт бұрылды. Және жаттығу жасап жүргендей, алдын ала болжап, асықпай, емін-еркін жалтарды. Екінші, үшінші соққыларды да дарытпады.

Тұтқын енді есі шыға үрейленіп, оңды-солды сермей түсті. Бірақ жас жігіт қару жұмсаған жоқ, тұтқынның зәресін алып, соққыларын дарытпай, оң-оңай жалтарып кете берді.

Тұтқын өлетінін шын сезді. Жылағаны, я күлгені екені белгісіз – кеңк-кеңк етіп, жан ұшырған қимылмен құр ауаны тілгілеп жүр. Екі-үш рет етпетінен құлады.

Кенет амалы таусылып, қалшылдап тұрып қалды да, балтаны тастай салып, өзенге қарай тұра қашты. Ешкім қуған жоқ. Тұтқын өзенге қойып кетті. Сол мезетте-ақ

жантүршіктіре шыңғырып, жағаға қайта ұмтылды. Шығып үлгірмеді, жанталасып, қарманып жатып, әлден уақытта үні өшті.

Аракулар жағаға келгенде, қан жайылған су арасынан тұтқынның ағараңдаған сүйегін ғана көрді. Бір-екілі пираньялар (жыртқыш балықтар) желке тұсында жалбыраған қызыл етін жұлып кетіп жатты.

Аракулар кейін қайтты. Жас жігіт томар үстінде жатқан әкесінің өлігіне үн-түнсіз үңіліп, ұзақ тұрды.

Аракулар көп қырылғандықтан, әрі өліктердің бәрі далада қалғандықтан, бұрынғыша қасиеттеп, қаралы бимен жоралғы жасап, жерлеуге мұрша болған жоқ. Өлімнің бәрі де жанға бататын ғапыл өлім. Бірақ солардың бәрінен де Киякуге, Киякудің шешесі мен әкесіне қатты батқаны – Саридың өлімі. Жалғыз өзі көсем денесін алып шыққанда жауған оқтың бірі дарымай, аман шыққан Саридың әлдеқалай қаңғыған оқтан қаза табуы ешқашанда орны толмас өкініш болды.

Қараңғы, сыз орманда түнеп шыққан қалың ел таң саз бере тағы да жолға шықты.

Әлдеқандай жалпақ өзеннің арғы бетіне өткеннен кейін, ұзақ жолдан титықтаған аракулар қоныс тебу мақсатымен лашықтар тұрғыза бастаған. Бірақ адам баласы аяғын баспаған бұл өлкеде ішектей шұбатылған айдahар мен аллигаторлардан басқа мақұлық кездескен жоқ. Үш адамды келген күні жылан шағып өлтірді. Балыққа, аңға кеткен еркектер бірнеше күн қатарынан құрқол қайтты. Аштық басталды. Шөптің тамырын талшық еткен аракулар шеттерінен күп болып ісініп кетті.

Ақыры уайымнан құса болған жаралы көсем ай толысқан күні у ішіп өлді де, тайпаның қалған басшылары кеңес өткізіп, тіршілікке қолайсыз, қайырсыз жерден көшу керек деген байламға келді. Келесі күні лашықтарын өртеп, көсемнің сүйегін зембілге салып, қалың ел тағы да үдере көшті. Бұл бір тірі жанды тіршіліктен түңілдірген, дүшпанның басына тілемейтін, өмірі естен кетпес, бейнетті күндер еді.

Бала-шағасымен ұбап-шұбап, азып-тозған аракулар тағы да бірнеше күн жол жүріп, әлдеқандай бейтаныс таудың етегіне тоқтады да, сол араға біржола қоныс тепті.

Баспаналар тұрғызылды. Қаралы билер бірнеше күнге созылып, көсемнің сүйегі жерленді.

Күндер өтті. Күн өткен сайын жаңа қоныстың жайлы орын екені сезіле бастады. Ел есін жиып, күнделікті әдетғұрып, діни жоралғылар қалыпқа түсті. Жүрек жұтқан Канато көсем болып сайланды. Бақсылар бұрынғыша күн батар алдында отты қоршап, темекі түтінін бұрқыратып жын-перілер рухын қуалап, періштелерден шапағат тілейтін болды. Еркектер маска жасап, әйелдер той нанын пісіріп, тәтті сусын дайындап, толық ай мейрамына әзірлене бастады. Тек Киякудың әкесі ғана әдеттен тайып, екі-үш рет орман тауды аралап қайтқаннан кейін, қайтып алыс сапарға аттанған жоқ. Күн сайын зікір салып, ауруларды емдейді. Түні бойы лашық ішін көк түтін қылып, шөп қайнатып, дәрі жасайды.

Әкесінің лашық ішінде тәуіптік құрып, қанша уақыт сарғайғаны есінде жоқ. Ұзаққа созылған жаңбыр тасқыны аяқталып, балықшылар сүңгі, ауларын қайыққа тиеп, жолға дайындалып жатқанда әкесі өзінің көмекшілері болып саналатын алты бақсыны лашығына жинап алды.

– Аракудың атақты алты бақсысы, – деді ол түрегеп тұрып, асықпай темекі түтінін бұрқыратып. – Жаратушы куә, аракулар өмір бойы өзгеге қиянат қылып көрген жоқ, бірақ өзінің көргені өмір-бақи қиянат.

Араку әділдікпен бірге жаралған. Әділдік өлген күні қоса өлмек... Ендеше дүниеде әділдік жоқ, сол себепті біз де өлмекпіз!.. (Алты бақсы отқа телмірген жүздерін көтеріп, үлкен бақсыға таңырқай қарады). Ақ адамдар атамекен жұртымыздан қуып шығып, жан баспаған меңіреу, батпақты орманға тықты. Батыр ұлдарымызды өлтірді. Араку тайпасының атам заманғы асыл қоймасы жау қолында. Бірақ менің айтарым – ол емес... Араку жұртына кеселді дерт жабысты... Жұқпалы дерт!!! (Зәрелері ұшқан бақсылар орындарынан атып-атып тұрды). Ол лашықтарды өртеп, қоныс аударып құтылатын дерт емес... Мен көсем өлген батпақты орманның неғылған жер екенін енді білдім. Ол – жын-перілер рухы жайлаған індет ордасы. Бізге індет тарады. Бұл – өте баяу тарайтын, ұрпақтан ұрпаққа жұғатын, қатерлі індет. Араку үшін бұдан қатерлі жау қалған жоқ... Араку тайпасын осы күнге дейін көсем-

дер мен батырлар ғана жан берісіп, жау қолынан аман алып келіп еді. Енді мына жаудан қалың елді сақтап қалу ешқандай көсемнің де, батырдың да қолынан келмейді. Олардың ешқайсысы да сақтап қала алмайды. Тек біз ғана, мына біз ғана сақтап қала алуымыз мүмкін. Ей, атақты алты бақсы! Ендігі бар үміт біздің мойнымызда... Мен барлық орманды, тау-тасты кезіп, киелі шөп іздедім. Осы індетке шипа болар өзім білетін бір шөпті таба алмадым. Ол шөптің Күн мекені – қасиетті жасыл көлдің маңайында, тау етегінде өсетінін жақсы білем. Ендігі шешім сол ескі мекен жұрттан шөп дәрі әкелу. Жаратушыдан жақсылық болып, тірі оралсақ, араку елінің бағы ашылар. Өзімнің кішкене ұлымды ала барам... Дәрі жасауды осыған үйретем... Киелі құпия балаға ғана қалатын мұра... Әйтпесе дуа қашады. Араку үшін жан пида!

– Жан пида! – деді бақсылар бір ауыздан. Әкесі Кияқуды қасына шақырып, отқа қаратып отырғызды.

– Бір үмітім – осы ұлым. Мендегі барлық қасиет, кие осыған қалмақ... Бүгіннен бастап менің жалғыз ұлым Кияқуды аракудың сегізінші бақсысы деп біліңдер.

Бақсылар отты қоршап, тізерлеп отырды. Әкесі оттан жанып жатқан бұтақты көтерді де:

– Ант бер! – деді Кияқудың қолына ұстатып жатып.

Кияқу не дерін білмей, жалтақтап әкесіне қарады.

– Мен, араку тайпасынан шыққан Ұлы бақсы Чоро баласы – Кияқу... – деді әкесі айбарлы, биік үнмен аузына сөз салып.

– Мен араку тайпасынан шыққан Ұлы бақсы Чоро баласы Кияқу, – деп қайталады Кияқу.

– Араку жұрты үшін құрбандыққа әзірмін!

– Араку жұрты үшін құрбандыққа әзірмін!

– Бүкіл бақсылық ғұмырымды...

– Бүкіл бақсылық ғұмырымды...

– Аракуларға арнаймын.

– Аракуларға арнаймын!

Әкесі екінші қолындағы темекі толған қамыс кеуегіне от салды да, Кияқудың аузына тақап:

– Бір сор! – деді.

Кияқу сорып қалды да, қақалып-шашалып, шегініп кетті. Қалған бақсылар да темекі түтінінен бір-бір сорып,

отты қоршап, жақсылық рухына мінәжат қылып, дұға оқыды. Бәрі де Чоро ұлы Киякуды араку тайпасының сегіз бақсысының бірі деп мойындады.

Сол түні әкесі Киякуге киелі шөптен дәрі алудың жолын үйретті. (Әрине, елу жыл өткен аралықта осынау құпия өсиетті қанша тырысса да еске түсіре алмас еді. Бірақ әкесінің құлағына сыбырлап:

– Ұмытпа, шипа дәріні жасауды дүниеде екі-ақ адам біледі. Бірі – Ұлы бақсы Чоро. Екіншісі – оның кіші ұлы Кияку, – деген сөзі әлі есінде). Таң ата сегіз бақсы мойындарына дорбаларын байлап, қару-жарақтарын асынып, аруақтардан медет сұрап, жолға аттанды.

Өзеннің ағысымен төмен жүзіп, сәске шамасында жағаға тоқтап, бұлар қайықты жапырақтармен жауып, жасырғаннан кейін, жабайы шошқалар салған жолмен кешке дейін жүріп, аласа тауға шықты.

Күн әуедегі бұлттарды қызыл ала нұрға бояп, батып барады. Алыстан мұнартқан көкшіл тұман бірте-бірте ымырт құшағына сіңіп, күңгірт тартты.

Кенет аяқ астынан нөсер төпеп құйып кетті де, жолаушылар тау іргесіндегі үңгірге тығылды.

– Өткінші жаңбыр, – деді бақсылардың бірі, – жел айдап барады.

Бірақ жаңбыр басылған жоқ. Тынымсыз шақырған бақалардың шырылы мен аллигаторлардың күркіреген қорқынышты үндерін, алыстан талып жеткен құлама судың сарылын естіп, түні бойы отыруға тура келді. Елең-алаңда тұрған бақсылар жалғыз аяқ жолмен күн шыға өзен жиегіне жетті. Одан кейін әлдекім тығып кеткен қайыққа отырып, құлама суға дейін жүзді. Келесі күні тасқа өрмелеп, таудың арғы бетіне өтіп, өзен жағасына түнеді.

Таң ата қалың орман ішіндегі әлдеқандай, аң жүрмеген ескі сүрлеуге түсіп, еш жерге аялдамастан түс ауғанда араку тайпасы жайлаған өлкенің шекарасына кірді.

Өмірі жарық көрмеген түнек жыныс сетінеп, күн сәулесі нұрын төккен ашық аспанды, жеміс ағаштары самсаған мәуелі, көгілдір, көңілді бір өлке басталды. Аяқ басқан сайын піскен банан, жаңғақ, папай, манго жемістері көзге ұрады. Шуылдаған құстар үні, тотықұстардың бар-

қылдаған тұрпайы дауыстары ерекше қуанышты бірдеңені білдіріп тұрғандай, той болардағы дабыра-шуға ұқсап тұр. Ағаш бастарында отырған ұзын жүнді бақырауық маймылдар жолаушыларға біртүрлі ұнатпаған әрі мұңды пішінмен бейжай қарап, жандарына тақай түскенде жылан шағып алғандай оқыс ырғып, орманды бастарына көтере шулап, тым-тырақай қашады. Ал одан әрі тым биікте отырған кішкентай, ұзын құйрық, тықыр маймылдар бұтақтан бұтаққа секіріп, бұлардың соңдарынан еріп, ысқырып, жаңғақ, жеміс лақтырып, өздерінше қуалаған болады. Адамдар ұзап кеткенде өз істерінің нәтижесіне қуаныш білдіргендей күлкіге ұқсас шиқылдаған бір дыбыстар шығарады.

Жолаушылар сақтық үшін сүрлеуден бұрылып, қараңғы түскенше жолсызбен жүрді. Түннің бір уағында олар жолай терген жеміс-жидектермен тамақтанып, көз шырымдарын алу үшін көк шөпке қаз-қатар жайғасты.

Келесі сәске түсте бұлар межелі жерге жетіп тоқтады. Бұл таудың тегістелген қырат тәрізді дөңес іргесі екен. Кияку Күн мекені болған киелі көлі қайсы екен деп маңайына қанша қараса да ештеңе көре алмады.

Бақсылар орманның қақ ортасындағы алып молаға ұқсаған дөңес қыраттың тасты беткейінен шөп қазуға кірісіп кетті. Кияку әкесінің бұрын-соңды дәл бүйтіп жанталасып жұмыс істегенін көрген жоқ еді. Жарқанат шағып, есірік буған адамша балтасын аласұра сілтеп, селдір жапырақтары сарғая бастаған, тырбық құрайға ұқсас, тікенекке, шырмауыққа, гүлге ұқсас бірнеше шөптердің тамырларын тынбай қазды.

Ақыры күн қызуы қайта тамырлар топырақтардан тазартылып, әркімнің дорбасына тең бөліп салынды. Содан кейін бақсылар ақырғы рет жүрек жалғап, жаратушы ұлы күшке сыйынып, дұға оқыды.

– Қозғалайық, – деді Киякудің әкесі балтасын белдігіне қыстырып жатып.

Кияку орнынан тұрды. Әлденеге көзінің алды қарауытып, жүрегі шымырлап, сыздағандай болды. Ол мұнысын ешқандай жақсылыққа жорымайтын еді. Сылдыр еткен дыбыстан сезіктеніп, артына жалт қарағанда бұта ара-

сынан мылтығын кезеп, аспай-саспай жақындап келе жатқан ақ адамды көрді. Әкесі:

– Қашу керек, – деді ақырын ғана.

Ол осыны айтып, мүлде жайбарақат тұрды да, көз ілеспес шапшаңдықпен беліндегі балтасын суырып алып, жіберіп қалды.

Мылтық даусы да гүрс етті. Киякудың соңғы көргені – қалпағы ұшып, құлап бара жатқан ақ адам мен кеудесін ұстап, бір бүйірлеп шөккен әкесі.

Бақсылар Киякуды сүйрей-мүйрей қалыңға кіріп үлгірді. Киякудың көзі қарауытып, басы айналды. Құлағы шыңылдап, басқа дыбысты естіген жоқ. Біреулер аузын басып, тұншықтырып жатқан секілді. Талықсып барып, көзін ашқанда өзін дырылдата сүйретіп, жүгіріп келе жатқан жалғыз көз бақсы Кураренi көрді. Қайдан екені белгісіз, тарсылдатып атып жатыр. Кесілген ағаштардың тұсына келгенде, Кураре Киякуды емшектегі бала құсатып, қолтығына қысып алды. Өстіп қанша жүгіргені белгісіз, Кураре әлденеге сүрініп, етпетінен құлады да, Кияку бірнеше қадам жерге ұшып кетті.

– Бері... Бері!..

Кияку томарға қатты соғылған басын ұстап, мәңгіріп, Кураренің не айтқанына түсінбей, алақтап қарай берді.

– Бері кел деймін, тез...

Кияку мен Кураре қалың тікенек ағаштың арасымен денелерін қан-жоса қылып, шөп басқан терең сайға құлай кетті.

Тым жақыннан дабырлаған дыбыстар естілді. Әлден уақытта мылтықтарын кезей ұстаған үш ақ адам бұлар тығылған сайдың дәл жанына келіп, өз тілдерінде ұзақ дауласты. Арт жақтан тағы бір тобы қосылды. Олар бір-бірлеріне әр тұсты қолдарымен көрсетіп, у-шу болып, дағдарысып, содан кейін мылтықтарын кезеп ұстаған күйлері жан-жаққа бет-беттерімен тарап кетті.

Аспанның тең жартысын қып-қызыл етіп, күн батты. Орман ішіне ымырт тұнып, әлден соң тас қараңғы меңіреу түнге айналды. Кураре дорбасын Киякуге қалдырып, сайдан еңбектеп шықты. Қараңдап біраз жерге дейін барып, одан әрі көмескі елеске айналып, ақыры түн құшағына сіңіп, жоқ болды.

Жел тұрып, ағаш бастарының шуылы естілді. Нөсер төпелеп құйып кетті. Әлдеқайдан сарқыраған сарыл естілді.

– Кияку, – деп сыбырлады әлдекім. Кияку селк ете түсті де, сайға еңбектеп түсіп келе жатқан Кураренi көрді.

– Бәрі де... – деді ол ентігін баса алмай. – Бәрі де... Тірі қалған ешкім жоқ... Бәрі де...

Жарқ ете қалған найзағай отынан малмандай болған Кураренің секпіл жүзі, адырайған жалғыз көзі, арқасындағы дәрі шөптер салынған бірнеше дорба көрінді.

Кураре мен Кияку сайдан еңбектеп жылжып, ашық алаңға, одан әрі жалғыз аяқ жолдың жиегінен басталатын қалың ағашқа кіргенше бастарын көтерген жоқ. Одан кейін найзағай жарығымен бағдар жасап, өзеннің өткел беретін етегіне қарай жүрді. Нөсер үсті-үстіне төпелеп, әлден соң қатты жел көтерілді. Ағаштар суылдап, әлдеқандай беймаза шаңқылдаған құстар үні мен сарқыраған сарыл қосылып, азан-қазан, үрейлі шуылға айналды.

Түн ортасы ауа нөсер басылып, жөңкілген бұлт арасынан ай сығалап, алдан ағараңдаған боз мұнар шың көрінді.

– Бұл – біздің бұрынғы аңшылар тұрағы, – деді Кураре арқасындағы дорбасын түзеп жатып. – Лашық тұратын... от жағатын шақпақ та болатын...

Мұнар сейіліп, ай сәулесімен жарқыраған сұр жартас, төменде қап-қара боп тулап аққан асау өзен арнасы айқын көрінді. Кураре төбесін пальма жапырақтарымен жапқан, іші құрғақ, аласа лашықты оп-оңай тапты. Кияку дайын тұрған аспалы гамаққа қисая кетті де, әкесінің өлімі жанына жаңа батқандай, солқылдап жылап қоя берді.

– Ұлы бақсы Чороның өлімі ең ауыр өлім. – Кураре іргедегі құрғақ бұтақтарды жинап, от тұтатты. – Бірақ сен тірі қалдың. Әкең өзінің бар құпиясын саған қалдырған. Қазір сенен қымбат ешкім жоқ. Сондықтан жарылқаушы рухтың жақсылығына рақмет айтпау күпірлік болады.

Одан кейін Кураре Көкшіл Мұнар тауына қабылан аулауға барғандағы көрген қызықтарын, жаралы қабыланды қанша күн қуғандарын, (сол жолы Чапу батырды ормандағы әйел перісі арбап, жынұртып жібергенін) өзіне атылған жаралы қабыланды қалай шаншып өлтіргенін

айтты. Осыдан барысымен Киякуді өзімен бірге аңға алып шығатын болып келісті.

Кураре, сөзіне қарағанда, бүгінгі үлкен апатқа онша қабырғасы қайысып отырмаған секілді. Бірақ табиғатында зерек туған кішкене бала Куранің даусындағы дірілден, «осының бәрі бірдеңе үшін, ол бірдеңе біздің бәрімізден биік, біздің қазамыздан да, Ұлы бақсы Чороның қазасынан да биік, сен кішкентай болғанмен аракудың сегіз бақсысының бірі болып саналғансың, сондықтан түсінуге тиістісің ғой» деген ойды аңғармай қала алмады. Екі жолаушы күн шыға жолға түсіп, Жыланбас тауын бетке алған. Кешке қарай әбден қалжыраған Киякуды Кураре арқалап алды. Күн батты. Кураре от жағып, таңертеңгі ұстаған балықтарды пісірді. Оның жорамалы бойынша ертең қалайда өзен жиегінен қайық кездесуге тиісті.

Келесі күні бұлар өздері меже тұтқан Жыланбас тауының етегіндегі өзеннің өткелді тұсына сәске түсте келіп жетті.

Айналасына қолмен отырғызғандай қаз-қатар пальма ағаштары өскен сарғыш түсті өзеннің жағасында төңкерулі қайық жатыр. Алдыңғы күнгі жаңбырдан өзен суы көтерілгенге ұқсайды. Ағысы қатайып, сарылы күшейе түскен.

Кураре қайықты қолымен көрсетіп, қуанғаннан ыржия күліп, әлдене айтқысы келіп Киякуге бұрыла бергені сол еді, дәл жақыннан мылтық даусы гүрс ете қалды. Кураре етпеттей құлады.

– Қаш! – деді жер тырнап жатып.

Кияку қашып үлгірген жоқ. Алдынан да, артынан да мылтық кезенген бірнеше ақ адам лезде қоршап алды. Сақал-мұрты өсіп кеткен, ұзын бойлы біреуі маңындағыларға өз тілінде бірдеңе айтты да, аяғымен Курарені шалқасынан аударып:

– Алтын қайда? – деді араку тіліне ұқсас бір тілде. – Алтын таба аласың ба? А? Қай жерде алтын?..

Кураренің құлағынан қан кетті.

Сақалды ұзын жерге бір түкірді де, мылтығын тіреп тұрып Курарені дәл бастан атты. Бұрылып Киякуге қарады. «Мұны қайтсем екен» дегендей сәл ойланып тұрды

да, құс атқандай емін-еркін, бейжай сезіммен мылтығын көтеріп, көздей бастады.

Кияку дір ете қалды. Әлдеқалай қорқыныш сезімі жоғалып, әлденеге түсінбеушілік, «енді қайтер екен» деп, асыға күткендей тынышсыз, есірік күй биледі. Ол сақалды ұзынның жанында тұрған ересек баланың әлдене деп жалынғанын, сақалды ұзынның күліп, басын изеп, оған қолындағы мылтығын бергенін, енді мұны баланың көздей бастағанын көріп тұрды. Бала дәл жанында сілейіп тұрған, осынау адамға ұқсас «мақұлыққа» тигізе салуды мін көрді ме, қолымен қаш дегендей белгі берді. Кияку меңірейіп тұра беріп еді, тағы да қолын сілтеп, «қаш» деді. Әлдебіреу жерден тас алып лақтырды. Кияку баланың сілтеген жағына қарай жүгіре жөнелгенде мылтық гүрс ете қалды. Кияку кілт тоқтай қалды да, өзіне ешқандай оқтың тимегенін сезді. Бұрылып, өзін атқан топқа қарады. Бала «неге тоқтайсың» дегендей қолын сілтеп, ызалана айғайлап тұр екен. Тағы жүгірді. Тағы да гүрс ете қалды. Тиген жоқ. Шала есті күйде бұрылып, тағы қарады. Қалпақ киген, жуп-жуан біреуі «енді былай жүгір» деп қол сілтеп тұр екен. Кияку жел құлатқан банан ағашына қарай жүгірді. Тұла бойы өзіне ырық бермей қалшылдап, санасында әлдеқалай бейберекет, аласапыран бір түйсік, ақырғы демді бітіріп, мәңгі азап шекпейтін тыншығуды асыға тілегендей, «қазір, міне, міне, қазір бәрі де бітеді, тек тезірек, тезірек» дейтін секілді. Болмашы ойлар, елестер, үрей, түйсіктер дәл қазіргі жанай өтіп жатқан мылтық оғындай зу-зу елес беріп, жоқ болып жатыр.

Баланың бұрын мылтықпен көп әуес болмағаны байқалды. Тигізе алмағанына ыза болып, қызарып, жылерман халге келді. «Енді былай қаш» деп өзенді сілтеп, тағы да сығалап, көздей бастады. Ерсілі-қарсылы жүгіру мен үрейден қатты алқынған Кияку қарсы алдында бұрқанып ағып жатқан өзенді көрді. Әлдеқалай есі кіріп, «құтылу керек, өлмеу керек» деген түйсік ап-анық елес берді.

Енді гүрс ете қалған мылтыққа да, арттағы топтың айғайына да мән бермей, зымыраған бойы жартас үстінен өзенге бір-ақ секірді. Құлап келе жатып ештеңе ойлап үлгіре алмады. Тек биіктен жүрегі өрекпіп, жел екпіні

тынысын бітеп, үрей буды... Мұздай суға күмп бергенде, сіңірі тартылып қала жаздап барып, жазылып кетті. «Басымды шығарсам, атып тастайды» деген қорқынышты ойдан біржола су астында қалуға ризалық тәрізді соқыр сезім шектеп, ағыс екпінімен әрекетсіз, бата берген ол әлден соң демі азайып, булығып (әлгінде ғана санасында ап-айқын елес берген ой-сезімдер ғайып болып), ессіз жантәсілім күйде су бетіне шығуға, ауа жұтуға аласұрды. Ағыс екпіні бағытын өзгертіп жіберген секілді, бір бүйірге үйіріп, зымыратып әкетті. Үздігіп, демі бітіп, су астында көзі шарасынан шыға айналып кеткен Киякудың ішіне су кеткенде «өлдім» деген аса қорқынышсыз, ақырғы ой санасын шарпып өтті. Содан кейінгі сезгені – қолына іліккен жылтыр тас, көкірегін жарып енген ащы дем. Кияку ішек-тамырлары қақырап, өзегі үзілердей үстіүстіне шашалды, артынша лақылдатып құса бастады.

Біраздан соң бойы бейжайланып, денелері босап, тынығуды аңсап, сәл жатты да, өзінің қараңғы үңгір ішінде жатқанын көріп, сарқыраған ағыс дыбысын естіп, қалтырап қоя берді. Үңгір жартас астымен ағысты бұрып әкететін бір иірім сала тәрізді. Бозамық сәуле беріп, жоғары өрлеген үңгір түбінен дем секілді бір леп келеді. Жаға тұстан ақ адамдардың дабырлаған дауыстары еміс-еміс естіліп тұр.

Кияку жіп-жіңішке қолдарымен тасқа сүйеніп біраз тұрды да, суды кешіп, үңгірдің түбіне қарай енді. «Қайда барамын, не істеймін» дегенді ойлап жатпады. Білеуленген, жықпыл сұр тастарға алақ-жұлақ қарап, тың тыңдап, үңгір бойлап, жылжи берді. Бірыңғай дымқыл ауадан тас бедерін бүркеген көк қыналар аттаған сайын аяғын жұп-жұмсақ жанды денеге тигендей түршіктірді. Ол ұзақ жүрді. Жүрген сайын үңгір іші кеңейіп, қаңырауған қаракөлеңке жерасты кеңістігіне айналды. Кияку сәуленің қайдан келіп тұрғанын аңғара алмады. Алыстап кеткен зәулім тас қабырғалардың етегінен үңірейген қап-қараңғы тесіктерді көрді. Жоғарыдан суылдаған дыбыстар естіліп тұр. Кияку бағдар айқындау үшін тоқтап, жан-жағына қарады.

Кенет жал-жал болып үйіліп қалған құлама, кесек тастар арасынан таңғажайып бір құбыжық бас көрінді. Жансыз бейнедей, қыбырсыз қатып қалды да, лып етіп ілгері

жылжып, тағы да тасқа ұқсап, қата қалды. Кияку құбыжық бастың қайда қарап тұрғаны белгісіз бақырайған көздерін, бүлкілдеген қатпарлы жемсауын, мүйіз жалын, ақырында адам саусағына ұқсаған тас бұжыр аяқтарын көрді. Бас ілгері тағы бір жылжығанда ес-түссіз сілейіп қалған Кияку құбыжық дененің кәдімгі дәу кесіртке екенін таныды. Жалма-жан жерден тас алып, жіберіп қалды. Шақ ете қалған дыбыспен бірге үңгір іші салдыр-гүлдір күңіреніп, төбеден гүрс-гүрс құлаған тастар айналаны қап-қара тозаңға көмді. Етпеттеп құлаған Кияку інге кіруге тырмысқан тышқандай құлама, жайпақ тастың іргесіне басын тіреп, тыпырлай берді. Ойран басылып, шаң сейілгеннен кейін де дірілдеп, есін жия алмады. Үңгір іші біржола тынышталып, жоғарыдан суылдаған дыбыстар қайта естілді. Кияку өзінің тірі екеніне сенгісі келмегендей, басын күмәнмен ақырын көтеріп, маңайына көз тастады. Орнынан тұрып, жел соғып тұрған бағытпен қозғала бастады. Аяғын тілген қиыршық тастарға да, жіберіп қойған кіші дәретіне де көңіл аударған жоқ. Үңгір жоғарылаған сайын тастан тасқа өрмелеп, жанталаса ұмтылды. Өстіп қанша уақыт жүргені белгісіз, құлақ кескен жым-жырт тыныштықтан есін жиды. Ештеңе көрінбейді, көрдің ішіне түсіп кеткендей тастай қараңғы. Кияку өзінің тарсылдаған жүрегі мен ентіккен дыбысын ғана естіп тұр. Жел де білінбейді. Таңқаларлық меңіреу күй. Жүрегі онан сайын тарсылдап, тіршіліктің ақырғы шегіне жеткендей сезімге тірелген ол енді бір оқыс дыбыстан жынданып кетерін кәміл сезінді. Алдын сипап, төрт аяқтап жылжыды... Леп біліңді. Үңгір қабырғалары кілт оңға көтерілгенде бозамық сәуле, одан кейін ақша бұлт қалқыған көгілдір аспанның алақандай бөлігі көрінді. Кияку денесін тасқа соға-моға үңгірден шығып, жарқыраған кең дүниені, көкке өрлеген Жыланбас тауының шыңдарын, етектегі тұтасқан қалың орманды көрді. Ол бұдан әріге шыдаған жоқ. Жұмсақ құмдауытқа отыра беріп, есінен танды...

Есін жиғанда зәулім аспанда ұлпа бұлттар үйіріліп, қызуы қайтып, қызғылт тартқан күн көкжиекке еңкейіп қалған екен. Өне бойы салдырап, көзіне құйылған терді сүртуге шамасы жетпей, қимылсыз жатты да, өзінің қай-

дан келіп, қайдан шыққанына, неғып жатқанына түсінбей, дел-сал күйге енді. Бүкіл санасын меңдеген бір әлсіздік одан әрі ойлатпай, тек сол түсініксіз күйге дейін ғана сезінуге мұрша беріп, «өстіп жата бер, ештеңеге түсінудің қажеті жоқ, түсінбей-ақ қой, жата бер... жат... жат!.. » деп тұрған секілді. Әрең дегенде жартас басынан өзенге зымырап келе жатқан сәті мен құбыжық кесірткені және үңгір аузынан көрінген алақандай ақ шарбы бұлтты есіне түсірді. Содан кейін әлгі көріністердің арасын байланыстыратын ештеңе таба алмай, ұзақ жатты. Ақыры Кураренің өлімінен бастап, басынан кешірген оқиғалар есіне түскенде қайтадан жүрегі қозғалып, өне бойын үрей биледі. Тәлтіректеп орнынан тұрып, Жыланбас тауының шыңына қарады. Сонда барып, өзінің тау асты үңгірімен шыңның екінші қабатына шыққанын және сәске түстен күн еңкейгенше жерасты жолының азабын шеккенін түсінді. Дірілдеп, басы айналып, көзі қарауытты. Бірақ ол көп ұзамай-ақ мұның бәрі еске түсіргеннен туған қорқыныш дірілі емес, кәдімгі безгек ауруы екенін анық сезінді. Денесінің қызуы көтеріліп, діріл онан сайын күшейіп барады. Кияку әкесінің тәуіптік өсиеттері есіне түсіп, дорбасынан жапырақ алып шайнады.

Күн батып, бұлт арасында қалып қойған соңғы қызғылт рең шапақтар да сөніп, қас қарайды. Төңірек тұтас түнеріп, түнге айналды. Етектегі орманнан құстар шулап, аллигаторлар күркіреп, бақалар шырылдады. Көкжиектен ай көтеріліп, ала бұлттардың арасымен асыға жүзіп барады. Әрегідік адамның жылаған даусына ұқсайтын, таңғажайып, қорқынышты бір дыбыс сұңқылдайды.

Кияку құрғақ жапырақтарға тас қашап, от тұтатып, үстіне бұтақ үйді. Оттың сар жалқын жалынына мең-зең қараған күйі қалтырап-дірілдеп, ұзақ отырды. «Енді не істеуім керек» деп ойлап көріп еді, бірақ ақыл-санасы оған жауап бермеді. Ақыры бойды билеген әлсіздік еркін алып, жылы құмның үстінде қалай ұйықтап кеткенін сезген жоқ.

Ертеңіне түске тақағанда бір-ақ оянды. Шақырайған күннен көзін аша алмай, зырқ-зырқ еткен ып-ыстық басын қолымен қысып, «енді не істеуім керек» дегенді ойлап біраз тұрды. Кенет әкесінің өлімі, бүкіл бақсылар-

дың өлімі, өзінің араку тайпасынан алыста, меңіреу қалың орман ішінде жападан-жалғыз, тіршіліктен үмітсіз күйде қаңғып қалғаны есіне түскенде торыққаннан жүрегі шаншып, көзі қарауытты. Жылағысы келді, жылай алмады. Жерге басын ұрып, тұрып-жығылып, кемсеңдей берді. Бірақ ол қанша жыласа да, қанша жалбарынса да, аяушылық білдіріп, көмек көрсететін ешкімнің жоқ екенін жақсы білді. Білгендіктен орнынан тұрып, кешеден бері шеше алмай қойған «енді не істеуім керек» деген сұрақты іштей тағы қайталады. Арт жақтан әлдене сыбдыр ете қалғандай болды. Кияку селк ете түсті. «Ақ адамдар! Ақ адамдар іздеп жүр!» Киякудың денесі мұздап жүре берді. Жалт қарағанда бұта-бұтадан қарғып, қашып бара жатқан елікті көрді, бірақ «ақ адамдар жүр, бұл жерді солар мекендейді, қазір кездеседі» деген үрейлі ойдан жүрегі қайтып орнына түспеді.

Жалма-жан дорбасын беліне байлап, сүрініп-қабынып, етекке түсті. Күн сәулесі көрінбейтін қалың жыныстың ішіне кіргенде аздап есін жиды. Өзегі талып, ашыққанын, әрі шөлдегенін сезді. Күн батарда жапырақтар бүркеп, көзге көрінбей, сылдырап ағып жатқан, жалғыз аяқ жол секілді жіп-жіңішке бұлақтан су ішті. Ал жейтін ештеңе жоқ еді. Маймылдар мен құстардың, жарқанаттардың көздерінен тасада қалған жемістер тым биікте. Жерге түскен бірер жаңғақпен жүрек жалғаған болды.

Қайда келе жатқанын өзі де білмейді. Орман іші қалыңдап, аяқ алып жүрудің өзі қиынға түсті. Тұтасқан қалың шырмауықтар мен жапырақтарды жолынан тазартып отыруға Киякудың шамасы жетпейтін. Сондықтан әлсін-әлсін кері шегініп, мағынасыз жүрісті қайтадан басынан бастауға тура келді. Қас қарайғанда қабаттаса өскен пальма ағашының ортасынан ұйықтайтын құрғақ жер тапты. Түнге қарай орман іші қорқынышты шуға толды. Аллигаторлардың күркіреген дауыстары, бақалардың тынымсыз шырылы, түн құстарының шақырғаны және тағы да сол адамның өксіп, жылағанына ұқсайтын сұмдық үрейлі дыбыс таң атқанша бір басылған жоқ. Күн шыға жеуге жарайтын тамыр, жапырақтар іздеді. Аласұрып, құстарға, маймылдарға жүгірді. Жаңбырдан іркілген қақтан бұзылған су ішті. Сыбдыр еткен дыбыстан шошып, бүкіл

уақытын мағынасыз қашумен өткізді. Ол бәрінен де қорықты. Қорқау аллигаторлардан да, жыландардан да, өрмекші, бүйелерден де, жарқанат пен қарақұрттан да, құмырсқаның илеуінен де, қабылан мен ілбісіннен де қорықты. Бірақ оған осылардын бәрінен де ең қорқыныштысы адам еді. Жаратушы құдіретке мың мәртебе табынып, «тек адам баласына кездестіре көрме» деп жалынды. Өйткені ол жер бетінде адамнан өткен қатерлі, мейірімсіз мақұлықтың жоқ екенін жақсы білді.

Төртінші күні аштық азабы адам төзгісіз жағдайға жетті. Не істеп келе жатқанын өзі білмей, көз алдына әлденелер елестеп, сандырақтай бастады. Ол көңірсітіп балық пісіріп жатқан шешесін көрді. Шешесі бір қолымен ұлу қабығына шүпілдете құйылған тәтті сусынды көтере ұстап, иегімен балықты көрсетеді.

«Алдымен балықты жеп ал деп жатқаны-ау, – деп ойлайды Кияку ішінен, – сусынды содан кейін ішкенім дұрыс қой... Сонда бұл не? Толық ай мейрамының басталып кеткені ме?.. Иісі қалай көңірсиді өзінің! Шіркін!..» Тезірек бер енді! – дейді Кияку күбірлеп – Кәне...

Кияку өзінен бес қадамдай жерде иретіліп жатқан анаконданы (айдahар жыланды) көріп, есін жиды. Анаконда ұйықтап жатқаны, әлде аңдып жатқаны белгісіз, көк теңбіл, алабажақ жондары күнге шағылыса жылтырап, басын көрсетпей, от орнындай аумақта қимылсыз жатыр. Кияку шегіне беріп, шалқасынан құлады да, әрі қарай не болғанын білмей қалды... Әлден уақытта бір ескі сүрлеудің бойында жүгіріп келе жатқан күйінде есін жиды. Енді ол есінен айырылып, шалықтап жүріп, аллигаторлардың аузына өзі түсуі мүмкін екенін біліп, үрейі ұшты.

Үрей оны есінен тандырды, әрі есін жидырды. Кешкілік селдетіп нөсер құйды. Кияку сезінуден қалған бір доғал түйсікпен осы кезде жаңбыр маусымы басталып, сел жүретінін, өзендегі сулар арнасынан асып, буырқанып, үлкен кісілердің балыққа шыға алмай, лашықта отырып қалатынын есіне алды. Нөсер таң атқанша басылған жоқ. Найзағай оты жарқ ете қалғанда түнгі орман бейнесінен жаны түршіккен Кияку қорқыныш пен тоңудан, аурудан тісі тісіне тимей сақылдап, есірік шекарасында отырып таңды атырды.

Келесі күні ол түс кезінде өлген ақ адамның үстінен шықты. Алғашқыда зәресі ұшып, қаша жөнелді де, артынан өлік екеніне көзі жеткен соң қайтып оралды. Іріп, қарайып кеткен еттеріне сескене қарап тұрды да, аузынан сілекейі шұбырып, өліктің қалталарын ақтара бастады. «Аштан өлген екен» деп ойлады жартысы желінген қайыс белбеуді көргенде. Кенет белінде байлаулы тұрған зілдей дорбаны жұлып алды. Қолдары қалтырап, тісімен жұлқылап, әрең дегенде дорбаның аузын ашып қалды да, жарқыраған сап-сары алтын кесектерді көрді. Ол алтынның қымбат тас екенін бұрыннан білетін. Бірақ мынау ақ адамның аштан өлгенше зілдей қылып жанынан неге тастамағанын түсінбеді. Дорбаны итеріп, ақтара салды да, мүңкіген сасық иіске шыдай алмай, шегініп кетті.

Ақыл-есінен ада қылған аштық азабында ажал көлеңкесінің соңынан еріп, қанша күн, қанша түн жүргенін ол сезген жоқ. Бір есін жиғанда тағы да өткен жолғыдай жуық арада аң баспаған ескі сүрлеумен келе жатқанын көрді. «Бұл жол өзенге апаруы мүмкін» деп ойлады. Ол есі түзуінде тезірек ойлап қалуға тырысты. Өйткені осыдан кейін қандай күйге түсері өзіне белгісіз.

«Өзенге... су...»

Ол әр есін жиған сайын, сүрлеуден көп ұзамағанын сезіп, қайта оралып отырды. Әлсіреп, етпетінен құлады. Тұра алмады... Еңбектеп жылжыды... «Өзен...»

Тағы да ақ адамдар елестеді. Иықтарына асынған мылтықтары бар. Қоршап алыпты. Біреуі өлтіргісі келіп, жақындай түседі... «Мейлі елестей берсін, – деп ойлады Кияку, – Өңімде де көргем... Мейлі... Қазір аллигаторлар келіп елестейді. Сосын... айдаһар, онан соң... жоқ, ақ адамның керегі жоқ... енді аллигатор келсін... Кел!»

* * *

Кияку таңғажайып бір тастан қалаған «лашықтың» ішінде көзін ашты. Өңі я түсі екенін айыра алмай ұзақ жатты. Тіпті өзінің тірі екеніне де толық сенген жоқ. Теп-тегіс, аппақ қабырғалар, әртүрлі түсініксіз бұйым-

дар, үстінде жатқан жұп-жұмсақ жамылғы. Бір қызық ертегі тыңдап жатқандай ұйқылы-ояу сезімде біраз жатты да, бірте-бірте есі кірген сайын қиялға сыймайтын жұмбақ күйде екенін аңғарып, таңырқау әсерінен басқа түк жоқ, ешқандай түйсікке әсер етпейтін сәулесіз, түссіз, жылусыз, беймәлім кеңістікте қалқып қалғандай бір күйге енді. «Жоқ, әлде Янумака қарт айтатын о дүние осы ма екен» деп ойлады ол маңайына бағдарлай қарап.

Кенет қайдан шыққаны белгісіз, өзіне жақындап келе жатқан киімді, еңгезердей қара кісіні көрді. Қорыққаннан денесі өз еркіне бағынбай, жылан арбаған бақаша сіресіп, қозғалмай қалды. (Қорыққаным – тірі болғаным ғой деп ойлап үлгерді осы арада). Көзінің алды қарауытып, бір тұңғиыққа шым батып бара жатқандай сезінді. Әлден уақытта сейіле бастаған тұман арасынан өзіне ерекше мейірімін төгіп, жылы жүзбен, аяушылық білдіре қараған әлгі адамды көрді. Өз тілінде бірдеңе айтып, ымммен «қорықпа, жата бер» дегенді білдіріп тұр. Жанына келіп, әлдеқандай жылтыр ыдысты Киякудың аузына тосып, «іш» деп ишарат жасады. Кияку жеміс шырынынан жасалған сусын екенін білгенде айырылып қалатындай жанталасып, ыдысқа бассалды. Мейірбан кісі аузына жылы-жұмсақ, дәмді бірдеңені салғандай болды, оны да шайнамастан, қомағайлана қылқ еткізді...

Көп күндер өтті. Кияку бірте-бірте әл жинап, оңала бастады. Күтуші негр күніне үш рет тамақ беріп, асырайды. Киякудың түсінбейтінін біле тұра, кешкілік өзінен-өзі мәз болып ұзақ әңгімелер айтады. Үй ішіндегі заттарды қолымен көрсетіп, атын атап, Кияку оны бұлжытпай қайталап айтса, одан сайын мәз болып, рақатқа батады.

Кияку кейін негрден бәрін естіді. Мұны орман ішінде ес-түссіз жатқан жерінен каучук фабрикасының жұмысшылары тауып алыпты. 5–6 жасар шамасындағы кіпкішкентай, ап-арық үндіс баланың әлі тірі екенін көрген соң, олар плащқа орап, деревняға алып келеді. «Ит тұмсығы батпайтын қалың орманда жападан-жалғыз неғып жүр және қайдан жүр» деп бәрі де таң қалысады. Ақыры фабрика директоры оқыған, мәдениетті әрі ер көңілді кісі

болғандықтан, қызметші негріне үндіс баланы емдеп, асырап алуына рұқсат етіпті.

Күтуші негр Киякуге Эдуард деп ат қойды. Сынаптай қалқыған сәби санада Кияку деген ат бірте-бірте ұмытылып, Эдуард есімі біржола орнығып қала берді.

Негр ешқашан да үйленбеген, жалғызбасты адам болатын. Жас шамасына сай келмейтін ерекше ақылды, кіп-кішкентай үндіс баланы бауыр басып, жақсы көріп кетті. Кейін тіпті сырттан келгендердің бәріне Эдуардтың орманнан табылғанын жасырып, қайтыс болған әйелімнен қалды, әйелім баладан өліп еді деп өтірік соғып жүрді.

Эду екі жыл өткен соң мектепке барды. Оның ересек адамнан бетер орнықты ақылына, ұғымталдығына мұғалімдер де қайран қалып, бастарын шайқайтын. Ал кішкентай Эду болса, ақыл-ойлары жұмбақ боп көрінген ақ адамдардың балаларының өзінен неге артық емес екеніне түсінбей, әрі өзінің барлығынан зерек болып шыққанына біртүрлі ыңғайсызданатын секілді еді.

Бірте-бірте Эдуардтың орманнан табылғаны туралы лақап та ұмытылды. Тағдыр айдап, өз тайпасынан көз жазған жас бала жаңбырдан кейінгі бұрқанған ағысқа лақтырған құм кесектей, мүлде басқа, о дүниедей бейтаныс өмір тасқынына біржола ыдырап, сіңіп кете барды.

Адам баласы бүкіл ғұмырының өн бойында ғана кешуге тиісті сыбағалы қайғы-қасірет, қорқыныш, түңіліс, қиыншылық тақсіретін алты жасының ішінде басынан өткеріп біткенін, әрине, оның өзінен басқа ешкім де білген жоқ. Және білгілері де келмеді. Эду тоғызға толғанда фабрика қожасы әлдеқандай қылмысты іске араласқаны үшін жауапқа тартылып, каучук фабрикасының жұмысы тоқтап қалды. Жұмысшылар тарап кетті. Ең соңынан есеп айырысқан негр Перри Эдуардты алып, Мату-Гроссу штатының астанасы Куяба қаласына келді. Мұнда бір жыл тұрғаннан кейін, тағы да жұмыс іздеп, Бразилия қаласына, одан Сан-Паулуға келді. Одан Рио-де-Жанейроға көшіп, жарты жыл қайыршылық тұрмыс кешкен соң, Эдуды ертіп, Америка Құрама Штаттарына келді. Ақыры Нью-Йоркке өкше тіреп, біржола тұрақтап қалды.

Перри Эдудың оқуға деген алабөтен зейінділігін жақсы білетін. Сондықтан ертең мектепті бітіріп шыққан соң, колледждердің біріне оқуға түсіруді армандайтын. Өмірі отау құрып, бала сүйіп, аталық сезімді басынан өткеріп көрмеген бейнетқор негр Эдуардқа жасаған бүкіл қайырынан кішкентай балалардың «отбасы» болып ойын ойнағанда өздерін кәдімгідей үлкен адамдарша сезініп, рақаттанып қалатыны секілді ләззат алатын.

Перриді көшеде өлтіріп кетті. Оны кім өлтіргенін, неге өлтіргенін Эдуард білген жоқ. Тек өзінің енді жалғыз қалғанын, үлкен бақытсыздыққа ұшырағанын анық білді. Көшедегі қайыршыларға қосылып, аштан-аш, бос сандалған күндерінде ол «жоқ, бұлардың бәрі мен көрген азаптың жанында түк емес, мен бұдан да зорды көргем» деген ойды ғана медет қылды. Ол дүкенге күзетші болып та, газет таратушы болып та, жүк тасушы болып та, аяқ киім тазартушы болып та көрді. Екі жыл өткен соң қаланың шет жағындағы түнгі шағын ресторанда даяшы болып істеп жүріп, колледжге түсті. Күндіз сабаққа барып, түнде жұмыс істейді. Күніне бес-ақ сағат ұйықтап, тамағына жетер-жетпес қаражатпен тағы екі жылдай жоқшылық зардабын тартуға тура келді.

Міне, дәл осы тұста каторганың кесімді жылының аяқталғаны секілді, тағдыр тауқыметі мойнынан біржола сыпырылып, басқа бір сәулелі, жарқын өмірдің кіріспесі басталды.

Университеттің профессоры Джорж Бейкер сырдаң, өзімшіл, ақсүйек адам еді. Бірақ ғылымға жан-тәнімен берілген және ғылым алдында оқымыстылық ар-ұжданын биік ұстауды бірінші мақсатым деп білетін. Профессор Эдуардтың бойында жасырынып жатқан талантты бірінші болып байқады. Ол Эдуардқа көңілі құлап, жақсы көргендіктен көмектесті ме, әлде өзінің ішкі ұстанымдарын орындау үшін – ғылым алдындағы азаматтық борыштарының бірін өтеу үшін көмектесті ме, ол арасы беймәлім. Джорж Бейкер Эдуардты өз қолымен жетелеп, ғылым әлеміне енгізді. Шәкірт оған жауап ретінде өзінің тұңғыш ғылыми еңбегін Бейкер деген фамилиямен жариялап, кейін сол фамилияда біржола қалып қойды.

* * *

Эдуард ғылым дүниесіне ессіз құштарлықпен берілді. Оның осынау оңаша, тынымсыз тіршілігі әлдебір қанына қатқан өшпенділіктің кегін алуға өршеленген жанның өлермендігіндей немесе кісі өлтіріп жатқан қарақшының «әлі жаны шыққан жоқ» деген күдіктен құтырына түсетін сойқан ісіндей ессіз, шапшаң, толассыз бір қарекет еді. Осы бір қарекеттің сыртында рақат, тыныштық, тыныстық өмір болары Эдуардтың есіне келіп көрген емес. Қайта осының бәрі көңіліне еміс-еміс елес беретін, сәби күнінде көзімен айқын көрген Ажал елесі, Мәңгілік үрей азабымен салыстырғанда әлдеқайда жеңіл, арзан боп көрінеді.

Сол үрей мұны өмір бойы өкшелеп қуып келеді. Жабайы аюдан қашқан адамның жүгірістен рекорд жасасам деп ойламайтыны секілді, Эдуард та ол кезде ұлы жаңалық ашып, даңққа бөленсем деп ойлаған жоқ. Бірақ даңқ өз аяғымен келді. Және өзімшіл, сұлу әйелдей өзінен басқаның бәрін ұмытуды, өзінен басқа ештеңені сүймеуді талап етті. Ал Эдуардтың бұған дейін қастерлеп, жүрегіне жақын тұтатын ештеңесі қалмағандықтан, даңқпен оңай табысқан. Жалғыздық дерті жайлаған жан дүниесіне бір сәуле енгендей болып, еңсесін көтерді. Сонда ол тауға көтеріліп келе жатқан адамның кенет төменге қарап, өзінің қалай биіктеп кеткеніне таң қалатыны, әрі аздап үрейленетіні секілді бір сезімге келген.

Даңқ мұны Мәңгілік үрей азабынан құтқарды. Енді ол өзінің осынау құдіретті күш-жігерін үлкен, мәнді мақсатқа арнау керек екендігін түсінді. Арнамаған күннің өзінде сол қыруар еңбегінің ішінен ақылға сыйымды, мәнді бірдеңе тапсам деп ойлады. Ол бір затқа – жеке бастың мансапшыл өзімшілдігі мен халықтық, азаматтық игі мақсаттардың кереғарлық қылмай, қабысып кете беретініне қайран қалды. «Ендеше, – деп ойлады ол, – менің міндетім ғылымға ғажайып жаңалықтарды ашып беру ғана емес пе... Ал одан әрі мақсат та, борыш та, мәнмағына да өзінен-өзі сол нәтижеден тарай беруге тиісті...» Ақыры міне, медицина ғылымындағы әлемді дүркіреткен Эдуард Бейкер дәуірі басталды.

Эдуард Бейкер адамдарды қайран қалдырудан, аһ ұрғызудан жалыққан жоқ. Өйткені ол сондай жанға жайлы, жағымды. Мынау өмірді бәсеке-күреспен теңестіріп тұрған заманда сол бәсекенің жеңісінен артық ләззат, содан артық абырой, содан артық мән-мағына бола ма?..

Доктор Бейкердің есін жиып, қызметшісін шығарып жібергеннен кейін есіне түсіргендері осылар еді. Ол енді өзінің сонау ағысты, лай өзен жағасында қалған араку тайпасынан жеті бақсымен бірге не мақсатпен шыққанын және не деп ант бергенін есіне алды. Осы тұста көкірегін қақыратқан бір дертті сағыныштан көзінің алды тұманытып, есінен тануға шақ қалды.

– О-о-о-о! – деді кенет ұлыған тәрізді бір үнмен күйініп. – О-о-о!!! У-у-у!!!

Шынында да, ол хайуанша, көкке қарап ұлығысы келді. Адамдық белгімен жеткізе алмастай дәрежеге жеткен күйініш даусы аузын ашқанда жабайы, хайуани үнге ұласты.

– О-о-о-у-у-у!!! – Доктор Бейкер кемсеңдеп, көкірегін тырнады. Ол мынау дүниенің құны сертті сәтте өзі үшін түк емес екенін осы уақытқа дейін қалай ажыратпағанына өзегі өртеніп, бұдан да қайыршы болып, не жынданып кетсем әлдеқайда жеңілдер едім деп ойлады.

Тағы да есіне көкпен таласқан қалың джунгли, қазқатар тігілген лашықтар, кешкі отты қоршап, жарылқаушы рухты шығарып салып тұрған бақсылар, толық ай мейрамындағы ойын-күлкі, шешесінің таңғажайып, мұңды жанары елестеді...

Торығып, белін ұстады.

– О-о-о-о-у-у-у!!!

Тау басында сірескен қарлы мұз ерісе, сел боларына ұқсас қатал жанның ішіндегі беріш қайғы жібігенде оқыс шешілген бір қауырт әрекеттің болары сөзсіз.

Таң алдында доктор есін жиып, сабырға келді. Түнімен адасқан адамның жарық түсе қай жерге келіп тоқтағанын жобалағанындай, түндегі еске түскен өмір тарихы мен журналистен естіген әңгімесін салғастырып, қазір өзінің қандай жайға душар болып тұрғанын және оның өз өмірі үшін қаншалықты маңызы бар екенін ақылға салды.

III

Доктор Бейкердің аяқ астынан Бразилияға жүріп кетуі бәлендей дабыра-шуға ұласқан жоқ. Жандайшап қалалық газеттердің беттерінде «Бүгін доктор Эдуард Бейкер ресми сапармен Бразилияға жүріп кетті» деген хабардан басқа ештеңе жарияланбады. Доктордың ішкі жан-дүниесіне бірде-бір рет бас сұғып көрмегендіктен айналасын қоршаған қошеметшілері де, қызметкерлері де, жанашыр көңілдестері де бұл сапардың мәнісіне түсінген жоқ. Және қай күні жүретінін де ешкім жобалай алмады. Тек үйіндегі қызметшісі ғана доктордың жан-дүниесіндегі әлдебір аяқасты өзгерісті іші сезіп, «тегі, әйел, махаббат төңірегіндегі бір құпия сыр болмады ма екен» деп өзінше топшылады.

Доктор өзін шығарып салып тұрған ешкімнің жоқ екенін жақсы білсе де, ұшақ басқышында тұрып, артына бұрылды. Киноаппараттардың тызылы мен фотоаппараттардың тырсылына, бірін-бірі кимелеген журналистер мен лауазымды адамдардың қошемет белгілеріне, салтанатты дабырға дағдыланған докторға ың-жыңсыз ұшақ басқышымен көтеріліп бара жатқаны біртүрлі ыңғайсыз көрініс секілді еді. Бірақ осылай болғанына іштей қуанып қалды. Өзімен-өзі болып, көңіл күйінің бұрауын бұзбай, көз алдына сол бір суреттерді қайта-қайта елестетіп отырып, өзінің осы уақытқа дейін жалғыз болғанын, енді тіпті, мәңгі-бақи жалғыз қалғанын айқынырақ сезінгісі келді. «Аракулардың қираған лашықтарын өз көзіммен көрейін, – деп ойлады ол. – Олардың қолдары тиген, ұстаған құралсаймандарының бір сынығын тапсам, қалған ғұмырыма, бәлкім, алданыш болар». Ол жол бойы осыдан басқаны ойлаған жоқ. Рио-де-Жанейроға түсісімен, аэропорттан билет алып, Бразилия қаласына ұшты. Бразилиядан әлдекалай жолаушы тасып жүрген әскери ұшаққа отырып, түс кезінде Куяба қаласына келіп қонды.

Көзінің алды күлтілдеген, бадырақ көз губернатор докторды қабылдап отырып, қалаға әдейі арнап келгеніне қуанышты екенін, бірақ сапарды ресми түрде хабарламағандықтан, лайықты сый-құрметтің жасалынбай қалғанына қатты қынжылатынын айтты.

– Бұл жақта бұрын болмаған шығарсыз? – деді ол хатшы қыз әкелген ыстық кофені аузына апара беріп.

– Жоқ, – дей салды доктор.

– Сырттан келген адамға табиғаты аса жағымды емес. Күн ыстық. Ыстықты ыстық қана қайырады. Кофе ішіңіз.

Губернатор әрнеден хабары бар, мінезі әкімге ұқсамайтын жұмсақ, ақжарқын кісі екен. Доктордың келу мақсатын үйреншікті әңгімедей сабырмен тыңдап отырды да, Мату-Гроссу штатында кезінде үндістер өміріне үлкен қатер төнгенін, оның бәрі авантюристер мен бандиттердің ісі екенін, қазір Шингу ұлттық паркінде жағдайдың біршама жақсы болғанын және сөз арасында өзінде де үндіс қаны бар екенін, үлкен әжесінің тупи тайпасынан шыққанын, әрі өзі соны мақтаныш тұтатынын айтып кетті.

– Губернатор мырза...

– Білем, – деді губернатор елгезек қызметшілердей әрі айтқызбай, – сізге жеңіл ұшақ және жолсерік бірнеше адам керек.

– Біреу. Жол бастайтын бір адам болса да болды.

– Бәрі де болады...

– Айтпақшы, – деді ол шығып бара жатқан докторды тоқтатып, – безгек, сүзек, іш ауруларына қарсы егілуді ұмытпаңыз...

Үш күннен кейін доктор Бейкер мен үндістерді қорғау қызметінің бөлім командирі, полковник Мауро Мартинс күн шыға ұшаққа отырды.

Ұшақ көтерілген сайын тұтасқан жасыл орман ұшықиырсыз жазылып, тарам-тарам өзендер жалғыз аяқ жол секілді жіп-жіңішке болып көрінеді. Күн батар тұстан көтерілген қара бұлт лезде төбеге көтерілді. Оң қанаттан соққан желден ұшақ жүрісі бұзылып, шайқалып келеді.

– Жаңбыр маусымы да басталып қалды ғой, – деді полковник ұшақ гүрілін баса айқайлап.

Көп ұзамай жел бағыты өзгеріп, жарқ-жұрқ еткен қара бұлт қапталда қалды.

– Тәубе! – деді сағыз шайнаған ұшқыш ыржия күліп. Сонан соң айқайлауға ерініп, найзағайлы бұлттың ауып кеткенінің жақсы болғанын ыммен көрсетті.

Доктордың тас мүсіндей көсе жүзі бозарып, қуқыл тартты. Ұшқыш шайнаңдап отырып, жалғыз қолымен картасын жазды.

– Кеп қалдық, – деді көңілді үнмен. Ұшақ төмен құлдилап, солқ ете түсті де, шоқалақ жер бетімен зіркілдеп біраз барып, тоқтады.

– Бұл арада американдық миссионер тұрады. – Полковник ағаш арасынан көрінген ақ шатырды көрсетті.

Ат жақты, ұзын бойлы, сыртқы пішіні ковбойларды еске түсіретін, орта жастағы американдық миссионер жолаушыларды жылы жүзбен қарсы алды. Кофе үстінде полковник докторды таныстырды.

– Ал мен осындағы этнограф ғалымдардың бірі ме деп едім, – деді миссионер кешірім өтінген жүзбен күле қарап. – Онда келу мақсатыңыз бірыңғай туристік болды ғой...

Доктор Бейкер кіржиіп, біразға дейін жауап бермей отырды да:

– Мату Гроссу штатындағы ең соңғы, тірі үндістерді көріп қалғым келеді, – деді самарқау. – Сіз бізге осы маңайды аралата аласыз ба?

– О, не дегеніңіз!.. Сөз бар ма... – Миссионердің үнінен аса құлап түскен пейіл байқалмады. – Аралатуға болады ғой.

– Алайда, – деді ол сыртқа шыққанда, – үндістер мәселесі әбден ескірген тақырып, доктор мырза. Ол туралы үндістер жайын білмейтіндер ғана сөз қылады. Ал біздер үшін... Бері қарай жүріңіздер, қашық емес... Ал біздер үшін өзінен өзі белгілі, әлдеқашан шешілген, әрі ешкімнің көмегі жүрмейтін табиғи процесс...

Доктор Бейкердің басына қан шапшып, тізелері қалтырап кетті. «Шошқа!» дегісі келді айқайлап. Ол тіпті бұдан да зор, жанға бататын бірдеңелерді айтқысы келді. «Бейбіт тайпаларды динамитпен, умен, уколмен қыру табиғи процесс пе?! – дегісі келді долданып. – Сеніңше осы табиғи процесс пе, сұмырай! Таң алдында ұйқыда жатқан деревняға гранаталар лақтырып, опат қылу табиғи процесс пе?! Табиғаттан жаралған өзіңдей адам баласын екі ғасыр аулап, жер бетінен жойып жіберу табиғи процесс пе, сұмырай! Қарақшы!!!» Бірақ доктор мұны айтқан жоқ.

– Бұрын бұл тұста қанша үндіс тұрған? – деді сигарет ұстаған саусақтары қалтырап.

– Қанша болғанын дәл айту қиын. Осыдан 100 жылдай бұрын шамамен осы жердегі тайпада 150–200 мыңдай адам болған... .

– Қазір қанша?

– 20 адам.

Доктор Бейкер сигаретін аузына апара алмады.

– Қалғаны қайда? – деді меңірейіп, не сұрап тұрғанына өзі де түсінбей.

Миссионер докторға таңырқай қарады.

– Індеттен қырылып қалды ғой.

– Сосын.

Миссионер докторға тағы қарады.

– Сосын... Рас, ақ адамдардың қолынан да аз қырылған жоқ. Ақ адамдар қарудың күшімен оларды қалың орман түкпіріне ығыстырды. Бірақ үндістер де қарап қалған жоқ қой. Олар да талай рет бірнеше тұтас отрядтарды қырып салған. Сондықтан бұл соғыста әрқайсысы да кінәлі.

– Сізге үндістердің өз жерлерін қорғағысы келгені соншалықты таңқаларлық нәрсе ме?

– Неге?.. – Миссионер иығын қозғап, жымиған болды. – Әне, – деді содан кейін қолын шошайтып.

Он қадамдай жерден екі үндіс баланың шашы жалбыраған бастары көрінді. Одан кейін қарындары тасырайып, ағаш тасасынан өздері шықты. Доктор Бейкердің жүрегі шымырлап, ауырғандай болды. Жанына соншалық жақын, ыстық көрінген қап-қара, тыр жалаңаш екі баладан көзін ала алмады.

«Мінекей, келдік» деген миссионердің қарлыққан даусын естігенде барып, қарсы алдында тұрған таңғажайып, кіп-кішкентай лашықтарды көрді.

Миссионер қолындағы таяғымен лашықтың төбесін қақты:

– Ей, тезірек шығыңдар! Сендерге қонақ келіп тұр.

Лашықтан қабырғалары ырсиған, жүдеу үш кішкентай бала шықты. Іштен әлдекімнің күңкілдеген, жөтелген дыбысы естіледі.

– Ей, тезірек! – деді миссионер тағы да айқайлап. – Тезірек. Сендерді суретке түсіреміз.

Көп ұзамай деревня тұрғындары түгел жиналды. Үйретілген цирк хайуандарындай үн-түнсіз, бір-бірімен де тіл қатыспастан қатарласып тұрып жатыр. Белі бүгіліп, қаусаған шал-кемпірлер, таяққа сүйенген ақсақ еркектер, бір тісі жоқ, қызыл иек әйелдер, соқырлар, бүкірлер, ши борбай балалар... Қатарласып тұрып жатыр.

Полковник Мауро Мартинс фотоаппаратын алып, бірнеше дүркін суретке түсірді. Содан кейін доктордың жүзіне қарап, ұнатпай тұр ма деген оймен:

– Доктор, бұлар осы өлкедегі ең намысқой, жауынгер тайпалардың бірі болған, – деді кепілдікке көзімен миссионерді нұсқап.

Миссионер басын изеп, қолындағы таяғымен етігінің қонышын сарт еткізді де:

– Отыз жыл соғысты, – деді докторға қарап.

Доктор миссионердің сөзін тыңдаған жоқ, торкөз орамалымен қайта-қайта сіңбірініп, әлдене деп сыбырлағандай болды.

Миссионер үндістерге таяғымен жайқап, тараңдар деген белгі берді. Содан кейін қонақтарды бастап, тайпа көсемі тұратын лашыққа кірді. Қақ төрде, жапырақ үйіндісінің үстінде жерге үңіліп отырған кәрі шал келгендерге нұры қашқан ақжем көздерін бір аударды да, ештеңе көре алмағандай, жерге қайта тұқжиды.

– Сексенде, – деді миссионер тізесін бүгіп. – Тұра алмайды.

Лашық ішіндегі сынған найза, ескі қауырсын қалпақ, шоқпыт шүберек, шашылған жаңғақ қалдықтары, жағымсыз сасық иіс – тіршілік мәнінің мүлде жойылғанын, ал мына шалдың әлдебір себептермен бір күннен бір күнге жылжыған уақытша ғана көрініс екенін дәлелдеп тұрған секілді.

Шал басы қалтылдап, миссионерге баяу бұрылды да, әрең дегенде қырылдаған үнмен бір сөз айтты.

– Қайыр сұрайды, – деді миссионер.

Доктор шалға қалтасынан бес доллар алып, ұсынды. Шал ақшаны астындағы жапырақтың астына тықты да үн-түнсіз, әуелгі күйіне түсіп, қозғалмай қалды.

Миссионер түрегеліп, тізесінің шаңын қақты. Сыртқа шыққан соң доктор тағы да қаз-қатар қолдарын созған кемтар-қайыршыларға тегіс ақша үлестіріп шықты.

Доктор Бейкер миссионердің бұрынғы үндістер туралы, олардың әдет-ғұрпы, ойын-сауықтары, әкімшілік-басқару жүйелері туралы айтқан әңгімелерін тыңдай алмады. Тағы да сол жалғыздық дерті жанын күйзелтіп, «тым болмаса, басыма түскен қайғы-қасіретімді бөлісетін адам бар ма?» деп ойлады ішінен «Кім бар?! Әлде әділет жоқшысы, журналист синьор Палетелли ме? Әлде құрып жатқан тайпалардың тұрмыс-тіршілігін тарихқа енгізу үшін жан аямай еңбек етіп жүрген ұжданы биік ғалымдар ма? Әлде үндістерді қорғау қызметінің негізін салған атақты, мейірбан генерал Кандидо Мариано Родон ба?.. Жоқ! Синьор Палетелли бөлісе алмайды! Өйткені оған араку да, ваура да, бороро да, шаванте де, каражо да бәрібір. Ол тек дүниедегі әділет заңының принциптері бұзылмауы үшін күресіп жүр. Жоқ! Ұжданы биік ғалымдар да бөлісе алмайды. Олар тек тарих пен ғылымның ақиқаттығы үшін, шындық үшін күресіп жүр. Жоқ! Мейірбан генерал Родон да бөлісе алмайды. Ол тек өз нәсілі үшін жанын кемірген ар-ұяттың әмірімен қызмет қылды. Өзін тарих алдында ақтау үшін күресті. Сонда араку тайпасының рухы оятып, түндер бойы ұйқы көрмей, азап кешетін, жаны ауырып, көзіне жас келетін, сағынатын, іздейтін кім? Ол – мен. Мен – Эдуард Бейкер. Басқа ешкім де емес. Мен! Мен! Мен!..»

Келесі күні тағы күн шыға ұшқан ұшақ тірі қалған үндістердің мекені – ұлттық парк орналасқан жерге сәскеде қонды. Мейманханаға түсісімен полковник үндістер постының басқармасына телефон соғып, машина шақыртты.

Жарты сағат өткенде бұлар отырған машина шаңы бұрқылдаған, ойқы-шойқы, қисық жолмен өзен бойлап келе жатты. Пальма ағаштары жиілеп, зәулімденіп, жол да жіңішкеріп, жалғызаяқ соқпаққа тірелгенде полковник машинаны тоқтатты.

– Бұдан әрі жол жоқ, доктор. Жаяу барамыз... Әне, естіп тұрсыз ба?

Әлсіз гүмпілдеген барабандар үні естілді.

– Қазір бұл жер туристер орталығына айналған. Әсіресе, маусым, шілде айларында киноға түсірушілер қаптап кетеді.

Барабандар үні күшейе түсті. Ширек сағат шамасында доктор Бейкер мен полковник Мартинс джунгли ішінде ерсілі-қарсылы сапырылысып жүрген туристер тобына қосылды. Зоопарктегі секілді аралайтын маршруттарды тақтай стрелкалармен белгілепті. Тек тақтайларда тайпалардың аттары жазылған. Әр тұстан дабырласқан көңілді шу, кинорепортерлардың «ал, кәне, бастаймыз, бастаймыз!» деген даңғой айқайлары естіледі.

Доктор полковник Мартинстен көз жазып қалды. Қалай қарай жүрерін білмей, аңтарылып, аз-кем тұрды да, «леопард аулауға болмайды» деген тақтай афишаны айналып өтіп, жалғызаяқ жолға түсті. Шу бірте-бірте алыстай берді. Әлден уақытта сүрлеу де із-түзсіз жоғалып, доктор қауырсын жапырақты папоротниктер мен тұтасқан шырмауықтардың қамауында қалды. Ол енді келген ізімен кері қайтпақ ойда еді. Кенет алдан бір қалыппен барабандар үні естілді. Доктор жолын бөгеген шырмауықтарды қолымен үзіп, аяғымен аршып, ілгері жылжыды. Барабан үні, дабырлаған дауыстар бірте-бірте жақындап келеді. Әлдебір жерде жасырын, құпия әрекет жасалып жатқандай аса жаңғырығып, қатты шуламайды.

Доктор ағаш арасынан үндістердің қызылкүрең жоталарын, түрлі-түсті қауырсын қалпақтарын көріп қалды да, жүгіре басып, ентігіп алаңның жиегіне тоқтады. Айналдыра бөренелер қойылған, оңаша шағын алаңда үндістер билеп жүр. Бұлшық еттері білеуленген 40 шақты жас жігіттің қолдарындағы жуан таяқтар барабан екпінімен ілесіп, сарт-сұрт соғысады. «Бум! Бум!»

– Жорық биі! – деді доктор Бейкер қалтырана күбірлеп. – О, тәңірім, мынау жорық биі ғой!..

Сайыпкерлер бір шегініп, бір қосылып, ырғақтан жаңылмай, таяқ қағыстырып, көңілді үнмен гу ете қалады.

– Ha!

Бірақ жүздерінде күлкі. Қимылдары жеңіл. Әлі терлемеген. Аяқтарын ұштарынан басып, бір-бірінен шегініп кетеді де, жалт бұрылады. Таяғы да бетпе-бет келіп, сарт-сұрт қақтығысып өтті. Бірте-бірте қимылдары тездей түсті. Барабандар сартылы да жиілеп, күшейіп барады. «Бум-бум-бум-бум!!!»

Әлден уақытта қимылдарына мүлде көз ілеспей кетті. Бірақ ешкім ырғақтан жаңылған жоқ.

– ha-a!

Бишілердің жүздерінен күлкі ізі жойылып, көздерінде ашу-ыза, қанды кектің жарқылдаған ұшқыны ойнады. «Бум!»

«Жорық! Қанды жорыққа шақырады. Бум! Қасиетті ата-баба құны үшін, қатын-бала қаны үшін ақырғы жорыққа, қырғын айқасқа шығыңдар! Жорық! Дүниенің соңғы тынысын ерлікке арнайық! Бум! Ең соңғы рет қасиетті жорыққа!! Ең соңғы рет! Бум! Кәне, баста!»

– ha-ha!!

Доктор шамырқанып, көзін жұмды. «Шіркін, мына дүниені талқан қылып қиратар ма еді!» – деген кекті дәме өн бойына шымырлай тарап, би ырғағымен теңселе берді. «Бум! Қайда біздің даңқты күндеріміз?!!.. Оралмайтын күндер үшін! Бум! Өлгендер үшін!.. Жер үшін!.. Ақырғы рет... Бум!»

Үндістердің қызылқоңыр жоталары термен жалтылдап, етек жапқыш етіп байлаған жіңішке, ұзын жапырақтары қатерлі ұрысқа шақырғандай беймаза, тынымсыз суылдайды.

Доктор тынысы тарылып, галстугін ағытты. Дәл осы сәтті ол сонау ес білген күннен бастап тағатсыз күткен тәрізді. «Жорық биі, – дей берді күбірлеп. – Дәл осылай билейтін...»

«Бум!.. » Соңғы барабан үні дүңк ете қалды да, тынып қалды. Би аяқталды. Терге малшынып, ауыр ентіккен үндістер көздерінің оты сөніп, бастары салбырап, қажыған, таусылған түрмен бір-біріне үн-түнсіз мөлие қарайды. Әлдекім туристерден ақша жинай бастады.

Доктор дір ете қалды. Теріс айналып, ағашқа сүйенді. Кедір-бұдыр, тастай қатты қабықтар шынтағына батты. Ауырған сайын батыра түсті. Батырған сайын басқа біреуді қинап жатқандай жаны кіріп, айызы қана түсті. «Әлді де қинар ма еді, жанын көзіне көрсетер ме еді» деген, өзіне өзі өшіккен бір сезім тұрған секілді көкейінде.

– Доктор, – деген жұмсақ үн естілді ту сыртынан. Доктор Бейкер полковникті даусынан таныса да қозғалмай тұра берді.

– Доктор, мен сізді іздеп, шарқ ұрмаған жерім жоқ. Бұл араға қалай тап болдыңыз?

Доктор жалт бұрылды.

– Араку тайпасының мекенін білесіз бе?

– Араку... дейсіз бе? Араку тайпасының мекені Рибейро селосынан аса қашық емес.

– Рибейро?..

– Иә, Рибейро. Сондай фабрикант болған. Этнографтардың айтуынша араку осыдан 60–70 жылдай бұрын сол село тұрған төңіректі жайлаған екен. Рибейроның бандиттерінен тас-талқан болып жеңілгеннен кейін ығысып, тіршілікке қолайсыз аудандарға шығып қалған.

Доктор Бейкер қалтасынан орамалын алып, тер бұршақтаған маңдайын сүртті.

– Жүріңіз, – деді содан кейін шаршаған үнмен. – Аралайық. Бәрін де аралайық.

* * *

Жетінші күні доктор Бейкер мен полковник Мартинс Шингу өлкесіндегі үндістердің қалдық тайпаларын түгелге жуық аралап, Рибейро селосына екі күнде жетіп қалармыз деген ниетпен жағасына маникола, аварра, кокорита, тісті жапырақты зәулім пальмалар өскен жалпақ өзеннің бойымен баяу жүзіп келе жатты. Полковник қайықты жағаға бұрып, қайраңға тіреді. Содан кейін үстін жапырақтармен көміп, тұсына ағаш шаншып, белгі қойды.

Доктор орман ішіне бойлап енген сайын күніге көзіне жүз елестетіп жүрген баяғы бала кезіндегі оқиғалар жан біткендей тіріліп, сол кезең, енді міне, жылжып, қасына келгендей, тіпті қол созым жерде тұрғандай бір қызық әсерге қалдырып, айналасына таңырқаған күйі алақ-жұлақ қарай берді.

Бұтақтан бұтаққа секірген қызғылт-сары бақырауық маймылдар қос жолаушыға әлдеқандай өшпенділікпен жапырақтар арасынан жауыға сығалап, тістерін шақырлатты.

Шымқай қызыл, жасыл-сары түсті алтын қанат тоты құстар ұшып-қонып, қарлыққан тәрізді дауыспен тынымсыз барқылдайды.

Бойы алты футтық, қызғылт мойынды, аппақ, алып құтандар жайылма, тайыз суға төнген бұтақ үстінде әлдекандай аянышты дыбыс шығарып және өз даусынан өзі сескенгендей маңайына сақтана қарайды.

Ағаштар бірте-бірте жиілеп, орман іші қараңғылана түсті. Орасан биік гринхарттар, қызғылт-қоңыр уллабтар, пупурея, суари, кастанья ағаштары тіресіп, бұдан әрі өтуге болмайды дегендей сұстанып, түнере түседі.

– Қате келдік, – деді кенет полковник қалың жынысқа шалқая қарап. – Өтіп кетіппіз...

Ағаш төбесінен жел тұрғаны байқалды. Солтүстік-шығыстан көтерілген қара бұлт аспанды тұтас торлап, саңылаусыз қымтап алды.

– Жаңбыр жауғалы тұр. – Полковник тағы да бағдарлай қарап, басын шайқады.

Осы кезде найзағай оты жарқ ете қалды да, орасан үлкен шелек жерге құлағандай, күн қаңғыр-күңгір етіп, күркірей жөнелді. Алда келе жатқан полковник тоқтап, артына бұрылды.

– Доктор, біз енді алдағы үндістер қонысына жете алмаймыз... Онан да...

Тағы да гүрс ете қалған найзағай полковниктің даусын естіртпей жіберді. Полковник қолын ербеңдетіп, сөзін жалғамақ болғанда күн үшінші рет гүрс етті де, жаңбыр төпелеп құйып кетті.

– Әрі жүріңіз, – деді полковник тұншыға айқайлап. – Әрі қарай... Кері қайтайық...

Ағаш бастары қатты шуылдап, шаңқылдаған құстар даусы естілді.

– Түскен жеріміздің қашық емес, – деді полковник етектей пальма жапырағын доктордың төбесіне бүркеп жатып. – Бір миссионер тұрады... Екі жыл болды, осы арадан өнеркәсіп орнын ашқан... Өз қаражатына үндістерге арнап ауруха салдырды...

Бұрқанған өзен жиегінен жалғызаяқ жол кезікті. Бұлттың ортасы жыртылып, жаңбыр бағанағыдай еңіленбей, ақ жауынға ұқсап, біркелкі сіркіреп тұр.

Алдан село оттары жылтырады.

Бұлар селоға кіргенде күн де ашылып, көкжиектегі саңылаудан батып бара жатқан алқызыл күннің сынығы көрінді.

Миссионер қонақтарды жылы жүзбен қабылдады. Полковник Мартинстің жанындағы атақты доктор Эдуард Бейкер екенін естігенде, ол ақсүйектерге тән ашық мінезбен бұл кездесуді өз өмірінің ең бақытты сәттерінің біріне балайтынын сол минутта-ақ айтып салды. Одан кейін «Осындай қауіп-қатері мол орман ішінде жаяулап-жалпылап, жауындатып, жол жүрудің өзі не деген таңғажайып қарапайымдылық десеңші!» – деп сыбырлады полковниктің құлағына.

Миссионердің әйелі кезінде өте ажарлы болғанға ұқсайтын, инабатты, кеңпейіл, ақылды адам екен. Балалары да сүп-сүйкімді. Кешкі қонақасы бірыңғай доктор Бейкердің құрметіне арналды.

Кеште жиналғандардың бәрі әр басқан қадамы тарихта қалуға тиісті осынау ұлы адаммен бірге отырғандықтан, өздерінің болмашы, оғаш қылықтары да тарихта қоса қалып қоя ма деп қорыққандай, өте сақ, сыпайы, жинақы отырды.

– Сіздің өз қаражатыңызға үндістер үшін аурухана салдырғаныңызды естідім, – деді доктор бір тұста.

Миссионердің етженді жүзінен қуаныш нұры жарқ етті. Ол тіпті қуанғаннан не айтарын білмей, үнсіз қалды.

– Жақсы істегенсіз, – деді тағы да доктор.

– Жоқ, құрметті доктор... Қалай дегенмен де, мен бұлай істемесем, прогресшіл қауым алдында басқа ешқандай қылығыммен өзімді өзім ақтай алмас ем... Сондықтан бәлендей ерлік тындырдым деп айта алмаймын.

Қонақасы у-шусыз, ресми жиналыстай тыныш, біркелкі өтті. Бәрі де доктор Бейкердің аузынан бір ерекше, ешкім білмейтін, ешкім естіп көрмеген бірдеңелер тыңдағысы келді. Бірақ доктор ештеңе де айтқан жоқ.

– Рибейро селосы қанша жер? – деді жатарда.

– Тура жүргенде 30 шақырымдай...

Таңертеңгі астан кейін доктор ауруханаға көргісі келетінін айтты.

Аурухана қызыл кірпіштен салынған, шатырлы, ұзын үй екен. Жапырақтар көмкерген көлеңкелі ауласында қолын таңған, басын таңған, таяққа сүйенген, қайсыбірі жалаңаш, қайсыбірі арзан, көк матадан тігілген халат киген, ала-құла боянған үндістер жүр.

Ұзын бойлы, көзілдірікті жас дәрігер қабырғалары кісі бойы тұсқа дейін жасыл түспен боялған, жіңішке, ұзын дәлізге бастап кіріп, қапталдағы бірінші бөлменің есігін ашты.

Дәрі иісі мұңқ ете қалды. Иін тірескен, керуеттер арасынан өтіп жүрудің өзі қиын секілді. Аурулардың ешқайсысы да кіргендерге көңіл бөлген жоқ.

– Кереуеттер жетіспейді, – деп түсіндірді жас дәрігер. – Алғашқыда жақын тайпалардан ауыр жарақаттанғандарды өзіміз барып, әкеле алмаған едік, қазір... көріп тұрсыз ғой.

Доктор жағалап, шеткі кереуетке келді. Жасы қырықтарға келген, бет пішіні іргіл, мосқал үндіс асырауға көнбейтін аңның жанарындай жабайы, жат жүзбен докторға әрқилы қарады.

– Сары безгек, – деді жас дәрігер көзілдірігін қозғап. – Алтауы түскен еді, тірі қалғаны осы ғана. Ал мынау жатқан... – Дәрігер үрген шардың қабығындай жұп-жұқа терілерінің арасынан аппақ сүйектері айқын көрінген екінші үндісті көрсетті. Үндістің әлсіз ғана көтеріліп-басылған кеудесі болмаса, бет-жүзінен тіршіліктің белгісі білінбейді. – Менкос тайпасынан... Түскеніне бір ай болды. Бери-бери. Осы өлкедегілердің тең жартысына жуығы бери-бери дертіне шалдыққандар... Ал мынау жатқан бүгіннен қалмауға тиісті... Гангрен... Мына жігітті бізге паралич соққан күйінде әкелді... Тәрізі жарқанат шаққан болуы керек. Бірте-бірте жазылып келеді...

Екінші палатада жатқан үндістердің жағдайлары біріншілерге қарағанда әлдеқайда жақсы екен.

Кейбіреулері бастарын көтеріп, түрегеп отыр. Бірақ бәрі үнсіз. Бір-біріне бейтаныс, әр тайпадан қосылғандарға ұқсайды. Дәрігер бет-аузын алапестендіріп, қызылмен бояп алған еңгезердей, жалпақтанау үндістің жанына барды да:

– Аяғыңды ертең шығарамыз гипстен, бүгін болмайды, ертең, ертең, – деді испаншалап. Ертең дегенді қолымен белгісіз бір бағытты асыра сілтеп көрсетті.

Үндіс басын изеді.

– Тикандардың көсемі, – деді дәрігер енді докторға қарап. – Аса ержүрек адам... Азғантай тайпалардың басын қосып, ақ адамдарға қарсы әлі де соғыс ашпақ ойы бар. Жарақаттанып, бірнеше рет түсті, жазылып шыққаннан кейін тайып тұрады. Ал басқалары қалып жатыр. 12 үндіс осында фабрикада жұмыс істейді... Ал мына жатқандар – тегіс ваура тайпасынан...

Кенет доктор шеткі кереуетке тақай берді де, мелшиіп тұрып қалды... Кереует үстінде мойны мен иығын қызылмен бояған, маңдайына, жағына, иегіне жасыл бояумен қос сызық ноқат жүргізген, елулер шамасындағы үндіс жатыр. Өлі, тірі екені белгісіз, көзі жұмулы.

– Екі күн болды түскеніне, – деді жас дәрігер доктордың тоқтап қалғанын байқап. – Үндістер әкеп тастады... Ана палатада орын болмаған соң, осында жатқыздық.

Дәрігер жүре түскісі келді де, доктор Бейкердің қозғалмай тұрғанын көріп, кідіріп қалды.

– Бұл өзі мүлде белгісіз, тропикалық ауру. Және тұқым қуалайды екен. Этнографтар бұл тайпаны осы уақытқа дейін аштан қырылды деп келген. Олай емес, дәл осы аурудан қырылып бітіпті.

Дәрігер болған шығар дегендей, ілгері озып, бірнеше қадамдай жерге барды да, доктордың сол орында әлі қимылсыз тұрғанын көріп, таңырқап, кері бұрылды.

– Айтпақшы, – деді есіне әлдене түскендей. – Бұл жатқан үндіс араку тайпасынан қалған ең соңғы адам...

Доктор теңселіп барып, кереуеттің басына сүйенді. Ол үндістің араку тайпасынан екенін бетіндегі таңба бояудан танығанды. Қапелімде өң мен түстің арасындай бір халде қалды да, санасына «бұл қуанышты жағдай, өте қуанышты жағдай» деген хабар жеткенде барып, бүкіл ұмырында түйсініп көрмеген алапат сезім тасқыны дем алуға мұрша бермей, тұншықтырып, беймәлім тұңғиыққа шым батырып жібергендей болды... Есін жиғанда түймелерін ағытып, қолдан дем салып жатқан дәрігерді

көрді. «Доктордың жүрегі нашар екен ғой» деп күбірлейді әлдекімдер.

– Терезені ашыңдар! Сәл кейінірек, кейін...

Доктор Бейкер көмейіне тірелген ыстық жасты сезінді. Жаңа босанған әйелдің өзі әлсіреп жатса да, баласының түрін көргісі келіп, тырмысқан әрекетіндей бір қимылмен мойнын қалт-құлт созып, шеткі кереуетке қарады.

Араку үндіс манағы күйінде, аласа жастықта басы шалқайып, қимылсыз жатыр. Жақ еттері анда-санда жыбыржыбыр етеді. «Тірі!»

Қарекет-тіршілігінде өмір бойы сәттілікке дағдыланып келсе де, тап осындай бақытты сәт жарық дүниеде бар деп ойламаған еді. Есін жиып, буындарын бекітті. Орнынан тұрып, аракулық үндіс жатқан кереуетке келді.

– Жол соғып, қажығандықтан болар, – деді дәрігер доктордың шынтағынан демеген күйі ілесе жүріп. – Жатып, тыныққаныңыз жөн.

Доктор оның сөзін естімегендей, аурудың дымқыл білегін ұстап, көздерін ашып, қабысқан ішін сипап, өте баяу соққан жүрегін тыңдап, үнсіз тұрды да:

– Маған кабинетіңізді беріңізші, – деді дәрігерге.

Доктордың ауру үндісті жеке кабинетке алдыруы тұрған жұртты қайран қалдырды. Жердің сілкінгенін немесе күннің тұтылғанын тамашалағандай бір соқыр сезіммен ентелесіп, істің ақырын күтісті. Аты аңызға айналған доктор Бейкердің мейірімі түсіп, уақытын бөлгені өлгелі жатқан бейшара үндістің бағы шығар деп жорамалдасты.

Бірақ күтпеген бір оқиға болды. Арада бірнеше сағат уақыт өткенде:

– Көмектес, құдай үшін, көмектес, – деді доктор жас дәрігердің жағасынан сілкілеп. – Іздеген мұратыңа жеткізейін... Көмектес қазір...

– Доктор мырза, – деді дәрігер шарасыз үнмен. – Сабыр етіңізші. Сіз ең алдымен бұл дерттің осы маңайдан басқа жерде кездеспейтініне назар аударыңыз... Джунглидің ішінде екі-үш жерде ғана көзі бар. Араку тайпасы ақ адамдардың әскерінен жеңіліп, мекендерін тастап көшкенде сол ауданға тап болыпты. Тайпаның атақты бір бақсысының айтуымен бұлар басқа жерге қоныс

аударған. (Бұршақтап аққан тер доктор Бейкердің мойнына құйылды). Бірақ бақсы ақтардың қолынан қаза тапқаннан кейін жұқпалы дерт тайпаға біржола орныгып қалған. Ақыры 50–60 жылдың ішінде бәрі құрып бітіпті. Мынау жатқан жалғыз тірі қалған көсемнің баласы екен. Сүйретіліп вауралардың арасында жүрген жерінен бізге әкеп тастады... Мұның бәрін де өзі айтты. Кешелер сөйлеп жатқан. Бүгін қатты төмендеп кетті. Ал менің қолымнан келер еш қайран жоқ, доктор! Бұл ауруды сақтап қалатын бір-ақ адам бар. Ол дәрігер – Рауль Радригес. Осы дертті мақсат етіп, ұзақ жыл зерттеген.

– Қайда? – деді доктор жұлып алғандай.

– Бұрын Гояс штатында істеген, қазір Ресифиде қалалық ауруханада көрінеді. Бірақ оған хабар жетіп, келгенше кемінде он шақты күн уақыт керек.

– Тез хабар беріңіз!

– Доктор, ол мүмкін емес. Көріп отырсыз, ауру бүгіннен, әрі кеткенде ертеңнен қалмайды...

«Бұл қалай?..» – дей берді доктор қолдары қалтырап.

Бағанағы өлшеусіз бақыт, үміт, қуаныш су сепкендей басылып, арқанмен құзға салбыраған адамның қолынан соңғы түйін шығып бара жатқан сәтіндей қатерлі үрей өне бойын билеп барады. Ол тіпті әлдеқашан ұмыт болған, сонау балалық шағында алғаш тәуіптік сапарға аттанардағы әкесінің үйреткен емін де есіне түсірмек болып тырысты. Ақыры өзі ешқашан да көңіл аударып көрмеген, өзін одан гөрі мәндірек, күрделірек кеселге лайық көргендіктен, қажет қылмаған мынау беймәлім дертке әлемді дүркіреткен ғажайып данышпандығының да, атақ-даңқының да қажеті жоғын, бұған так Ресифиде тұратын қатардағы дәрігердің ғана қажет екенін анық түсінді. Ол өзінің хал үстінде жатқан ауру шешесіне дәріханадан тиісті дәрінің орнына мүлде қажеті жоқ, басқа, қымбат дәрілер алып келіп тұрған ақылсыз баланың күйіндей бір күйге түсті.

– Әрине, докторға кінә жоқ, – деген дауыс естілді дәліз жақтан. – Ол кісі үлкен істің адамы ғой...

Доктор әкесінің, ағасының өлімін есіне алды. «Біздің тұқымда өз ажалынан өлген ешкім жоқ, бәрі жорықта, араку үшін кек жолында құрбан болған» деп мақтанатын әкесі.

«Қазір аракуді сақтап қалу бірде-бір көсемнің, бірде-бір батырдың қолынан келмейді. Тек біздің қолымыздан келеді. Тек біз ғана сақтап қала алуымыз мүмкін», – деп еді әкесі.

Доктор жан-тәнімен беріліп, сол суреттерді тірілтіп, көз алдына әкелгісі келді. Әкесінің бет-пішіні бұлдырап, тақап келіп: «Ант бер, ант бер деймін!» – деп тұрған секілді.

– Мен араку тайпасынан шыққан ұлы Чоро баласы Кияку... – Доктор ақылынан алжасқандай өз-өзінен күбірлеп сөйлей берді.

Түн ортасы ауа араку тайпасынан қалған жалғыз үндіс доктор Бейкердің алдында біржола көз жұмды.

– Бітті, бәрі де бітті... – дей берді доктор өліктің мұздай қолын тас қып ұстаған күйі. – Енді ешқандай мағына қалған жоқ... Түк қалған жоқ... Ең соңғы араку өлді... Бітті... Бәрі де бітті... бітті...

Бірақ ол араку тайпасының ең соңғы адамы өзі екенін аңғармады. Ол тіпті өзін адам қатарына санаған жоқ.

Бұл жайт медицинаға тұтас бір дәуір әкелген данышпан доктор Эдуард Бейкердің дәрігерлік қызметіндегі жалғыз ғана сәтсіздік болып тарихта қалды.

ҚЫЗ БӘТІШ ПЕН ЕРСЕЙІТ

Япыр-ай, тағдыр шіркіннің пенде баласына деген мыс-қалдай бір мейірімі болсайшы. Қара басың қанша әулие болса да, төтеден киліккен бәлеге қылар лажың бар ма? Мынау отырған Қожабек өз күнінде кімнен кем еді? Досы түгіл қасы да кісілігін аттап кете алмайтын. Белі бүгілмес-ақ, басы иілмес-ақ деген, қу тірліктен бір мойын биік азамат емес пе! Кәрі қойдың жасындай жасы қалғанда жалғыз ұлдан айырылып, қираған бәйтеректей отырған отырысы мынау ғой. Бейшара. Құдай аясын!

Киіз үй ішінде қазаға көңіл айта жиналған қалың жұрттың осыдан басқа ойларға ойы болмай, Қожабектің жалғыз ұлын өз қолдарынан өлтіріп алғаннан бетер бастары салбырап, жер шұқып отыр. Жұбатарға сөз жоқ. Қу тілмен кісі тірілткен небір бетсіз шешендер тілдері байланып, қарабет боп, үнсіз қалған.

Тек Есеней қарт «я, алла» деп, беймәлім сыйынып алды да, есікке қарап отырып:

– Сабыр ет, Қожеке! Жаратқанның ықтиярына не шара? Құдай бала бермесе қайтер едің? Өзі берген жанды өзі алды. Бір керегі болған шығар, – деген болды.

Әйтеуір бірдеңе деу керек болған соң айтты, әйтпесе Қожабек түгіл өзінің де көңіліне ешбір сенім тудыра алмады.

Қожабек бір қолымен жер тіреп, қиықша көрпешенің үстінде әрең отыр. Әжім жүзінде енді қайтып қуанбастай, енді қайтып күлместей айықпас уайымның табы бар.

Әлдекім артына жастық қойды. Қожабек жастыққа белін тіреп, басын көтергенде бір тамшы жас қалмай, суалып біткен жанарынан қу тіршіліктен енді ештеңені қаламайтын, өзін тіпті мына дүниенің адамы деп санамайтын бір түңіліс байқалды. Көзінің асты күйдіргі шыққандай күлтілдеп, талаурап тұр.

Төр жақтан әлдекім:

– Е-е, жігіттің төресі еді-ау, не керек! Жасағанның назары жақсыға, я жалғызға түсерін қайтерсің, – деп Алла тағаланың дәл осы ісіне өзінің риза емесін білдіріп, кейи сөйледі.

– Құдайға да жақсы керек, – деп дәлелдеді тағы біреуі.

Қожабек қиналып, жерге қарады.

Баласының бойындағы жақсылықты еске алудың тап қазір пайда бермесін, қайта қимастықты күшейтіп, қайғыны ауырлата түсерін бәрі де біліп отыр. «Қайырлы болсыннан» басқа тілге тиек қылар дым жоқ.

Шынында да, Алланың жақсыны әкетеді дегені рас шығар. Осы бала институтқа түскеннен елді шулатты. «Қожабектің баласы Болат оқуға алғыр екен, мұғалімдердің өздері қаймығатын көрінеді», – деуші еді. Айтса айтқандай, институтты айрықша дипломмен бітіріп келді. Бір жыл өтісімен аудандық басшы қызметіне көтерілді. Жуықта облысқа әкететін көрінеді деген сыбыс тараған. Әйтеуір барып жүздескендердің бәрі «тек болғалы тұрған бала екен, тірі болсын» деп, тіл-ауыздарын тасқа сілтеп, тфалап қайтатын. Ел-жұртқа жастайынан аты шыққан сол Болат енді үйленгелі жатқанда аяқ астынан қайтыс болып кетті. Артта тұяқ қалмады. Бір әулеттің тұқымын бір өзімен біржола тоқтатты да кете барды.

Осы бір тұқымның тоқтап қалуы жазықсыз жасалған қиянаттай, әлдебір жаңылыстықтан, я түсінбестіктен болып отырған нәрседей бүкіл жұрттың ақыл-ойын байлап отыр.

Төрге таман отырған мұртты қара Қожабектің қазіргі халін тілдесуге жарамайды деп шешкендей, қызмет қылып жүрген жігітке қарап:

– Көктасқа зәкез беріп пе еңдер, Ауданбек? – деді.

Көктас туралы сөздің шығуы жұртты әлдебір ыңғайсыздықтан құтқарғандай болды.

– Көктасқа заказ берілген, – деді Ауданбек. – Алматыдағы Тышқанбайға жібергенбіз телеграмма мен ақшаны. Бірақ облыс орталығынан машинамен барып әкелу қажет екен. Жарты тоннадан ауыр дей ме?.. Бірнеше адам бармаса, жалғыз-жарым түк істей алмайтын шығар...

Бірте-бірте әңгіме жүре бастады. Қожекеңнің көңіліне бір тетік бола ма деген үмітпен жұрт енді Тышқанбайдың үлкен адамгершілігін, марқұм әкесінің де ақ көңіл, жақсы адам болғанын, ал енді жарты тонна дегенің әжептәуір салмақ екенін, қалайда мәңгілік ескерткіш болатынын айтып, әлі келмей жатқан құлпытасты жер-көкке түсірмей мақтап, бірсыпыра серпіліп қалды.

– Оны арнайы кранмен көтермесе қанша адам болсаң да, сенің көтергеніңе болмайды, – деп қиындатты алғашқы мұртты қара.

Бірақ сөзінің аяғында көрші аудандардың бірінде осындай құлпытасты әлдекімдердің ұрлап кеткенін, одан әрі бір жерде қолдан көл жасаймыз деп, зираттарды су алып, сүйектердің суға қалқып шыққанын айтып, айдалаға лағып кетті.

– Кесегін бітірдік, енді ертең үйіне кірісеміз, – деді Ауданбек.

Мұртты қара өзінің артық сөйлеп қойғанын сезіп, жағдайын түзеп алу үшін жаңа сұраққа көшті.

– Кесекті совхоз берді ме, жоқ...

– Жоқ, өзіміз құйдық.

– Ә, ол дұрыс. Тегінде, сатып алған сауап болмайды дейді ғой.

– Ол рас, – деп құптады отырғандар.

Мұртты қара айыбынан ақталып шығып, алғашқы абыройын қайтып алғандай көтеріліңкіреп отырып, баяғыда бір патшаның әкесіне тамды құлдарына салдырғанын, бірақ о дүниеде әкесінің тамы мойнына қарыз боп мінгенін, біреудің қолымен салынған топырақ топырақ салдыға есептелмейтінін айтты. Бірақ тағы да Сағидолла деген біреудің әкесінің тамына құйған бүкіл кесегін араққа сатып жібергенін айтып, елді қайта шошытты.

Есеней қарт мына әңгімеден қатты қысылып, қипақтап, әйтеуір жұрт назарын басқа бірдеңеге аудару үшін:

– Мынау қай бала? – дей салды сол жағындағы өзі танымай отырған көзілдірікті жігітке қарап.

– Жарасбай, – деді есік жақтан біреу. – Болаттың бірге оқыған жолдасы ғой. Соноу Қызылордадан келді. Біржола тамын салысып кетем деп жатыр.

– Е, айналайын-ай, – деді Есеней риза болып. – Бірге оқыған достар ғой, қайтсін-ай! Кісі болатын бала екенсің, қарағым-ай! Ғұмырлы бол!

Шай келді. Тым-тырыс отырып, екі кесе ішкеннен кейін, бәрі келісіп қойғандай, бір-бірлеп кеселерін төңкерді. Дастарқан шеті бүгілген сәтте құран оқылатынын сезген жұрт жапырлап, бас киімдерін іздестіре бастады.

Есеней қарт жалаңбас отырған жастар жағына ұнатпай бір қарады да, құран оқуға кірісті. Қол жайылды. Дастарқан жиылды. Енді төрде отырғандар бір-біріне алма-кезек қарап, «қайтпаймыз ба» дегенді көздерімен білдірді.

– Ал, Қожабек, – деді Есеней іргедегі қамшысын алдына қойып. – Жер аяғы шалғай, жеткеніміз осы болды. Тудырған сен де, бала халықтікі еді. Жыламаған адам жоқ. Оның орнына біздің кететін жөніміз бар ғой. Бірақ Алланың ісіне не шара? Құдай басқа салды, көндік дейміз. Баяғыда Дәрменжаным қайтқанда, бүкіл ел боп... аяғынан тік тұрып... аттандырып... Сонда «япырау, күнде болмашыға жүз шайысып, бірде араз, бірде тату боп жүрген осы бір жаман ағайын болмаса қайтіп жер басып, күн көреміз деп ойлап ем... Ағайын ортаны медет қыл. Басқа не айтайын... – Есеней үнсіз қалып, орамалымен көзін сүртті, бешпентінің түймесін салды. Сосын қамшысын тағы бір қозғап қойып: – Біз енді қозғаламыз, – деді нық дауыспен. – Малға адам қалмап еді. Тіпті бар ғой ешқайда бұрыла алмайсың... Ал енді бір құдайға тапсырдық. Рұқсат ет, Қожеке.

Қожабек бірдеңе деп аузын жыбырлатқан болды, бірақ не дегенін ешкім естіген жоқ.

Жұрт орындарынан тұрып, бір-бірлеп шыға бастады.

Қожабек жалғыз қалғаннан кейін де, төмен қарап ұзақ отырды.

Баласының өліміне тағдырдың жазуы деп, лажсыз көнсе де, көңіл түкпірінде өмірден осы күйімше қу бас боп

өткенім бе деген ой пайда болғанда үрей дауылы аяқ-қолын жерге тигізбей, жүрегі қысылды. «Алла-ау, Алла-ау! – дей берді тынысы тарылып. – Кісіге жасаған бір түйір қиянатым жоқ ғой... Не жазығым бар, жасаған-ау. Не жаздым?!»

Айналуға келмейтін аядай шыңның төбесінде қалт-құлт етіп, құлағалы тұрғандай. Табан тірер бұдыр жоқ, бәрі тайғанақ.

Қожабек шын құлап кетпейін дегендей қолымен жер тіреп, жылжып төсегіне қисайды. Осы бір қиямет-қайым болған аласапыран оқиғаны бір жерінен қате кеткендей басынан бастап қайта еске алды.

Баласының оқу бітіріп келгені, ұлан-асыр той жасағаны кеше ғана секілді еді. Кезінде атқа мінген аздаған сауаты бар, көзі ашық Қожекең баласын ырым-жырыммен үйлендірем деп қопаңдаған жоқ. Сол жақтан өзіне тең біреуді ала келер деп ойлаған. Олай болмады. Сөйтсе де баланы қыстамады, ақылы бар бала ғой, бір ойлағаны бар шығар деген. Одан жоғарылап, қызметі өсті.

Ауданда да, облыста да жиналыс болса, Болатты мақтады. Газетке де шықты. Әне бір хатшы жігіт (япырай, тіл мен көз деген рас па екен) «Қожабеков – біздің мақтанышымыз. Өте іскер, білімді. Өзінің адамгершілігімен, инабаттылығымен, рухани тазалығымен жұртқа үлгі бола алады», – деп тақылдап еді. Сонда Қожекең: «Іскерлігі мен білімді екенін білсін. Ал андасанда жұмыс бабында болмаса, басқа уақытта олармен араласпайтын Болаттың кісілігін қайдан біле қойды екен. Әлде іскерлігін де кісілігі деп бағалай ма екен» деп ойлаған. Бәрін де қойшы. Қожекеңнің көкейін тесіп жүрген нәрсе – баласының үйленуі еді. Ақыры оған да қолы жеткендей болып, той жабдығы басталды. Бірақ қу тағдыр үлгертпеді. Төтеден бір дауасыз кесел жабысты. Бас-аяғы бір-ақ ай. Ауруханадан үйге қайта әкелгенде-ақ Қожекең бір сұмдықты сезген. Бала тілге келмеді. Мына тіршіліктен бөлек, өзге бір арманына жете алмағандай немесе әлдебірдеңеге өкінгендей басын әлсіз шайқай берді. Сөйтіп жатып біржола аттанып кетті. Қожекең әлсін-әлсін талумен болды. Қабір басында ғана біршама есін жиды. Әлдекім қолтығынан демеп тұр.

Біреулер «сабыр ет» деп жұбататын секілді. «Неғылған сабыр, құдай-ау?! Қайдағы сабыр?! Неге керек?» Жұрт бұрқылдатып топырақ сала бастағанда ұлын тірідей көміп жатқандай жан даусы шықты.

– Қожеке, өз қолыңызбен топырақ салыңыз, – дейді біреу.

Қожекең жерден бір уыс топырақ алып, қабірге тастай берді де, тізерлеп отыра кетті.

Аудан басшыларының бірі болуы керек, бұйра шашты жас жігіт сөз сөйледі.

Абзал дос дейді, азамат дейді... Іскерлігің, білімділігің дей ме-ау... Өмірің баршамызға үлгі дей ме-ау... Мақтап жатыр, мақтап жатыр. О, пендешілік, қу жаны қайғыдан қаусап, біткелі тұрса да, «менен туған бала жаман болмаған екен ғой» деген бір болмашы, арсыз мақтаныш көңіл түкпірінде бойдағы баланың қимылдағанындай арагідік бір бүлк етіп қалады.

Ағайын-ел топырлап келіп, көңіл айтуда. Өлікті жөнелту салтанатынан бірдеңе түссе, ауданы бар, туған-туысы бар, жандарын салып-ақ жатыр, Жетісі берілді. Кесегі құйылды. Ертеңнен бастап тамын салуға кіріспек. Енді құр уайымнан ештеңе өнбесі, өліктен адамның суйтыны, тағдырдың құрығынан пенденің қашып құтылмайтыны, өйткені пенденің өзі әу баста осылай құрық салу үшін жаратылғаны – бәрі-бәрі түсінікті-ақ секілді. Бірақ Қожекеңнің көңілі бекімеді.

– Әттеген-ай, – деді даусын шығара күбірлеп. – Әттеген-ай!

Қожекең көзін ашып алды. Үй іші қап-қараңғы, тыптыныш. Елдің жатып қалғаны ма?.. Жүрегі шанышқандай болды. Оң бүйіріне аунап түсті. Кемпірі күрсініп қояды. Әлі ұйықтамаған секілді. Шалының өз халі әлдеқалай боп бара жатқанын көрген соң, байғұс ширығып кетті. Жұрттың бәрі: «Кемпірі мықты екен, берік екен», – деп қояды. Қайбір жетіскеннен мықты боп жүр...

Түннің бір уағына дейін Қожекеңнің көзі ілінбеді. Дүниенің алдамшылығы, өткіншілігі жайшылықта сан айтылып жүрген сөз болса да, тап қазіргідей ап-айқын, түсінікті болып көрген емес. Жұртқа айтып жүрген өз ақылына өзінің қалай байыбына жетіп түсінбей

келгеніне таң қалды. Құдай-ау, кеше ғана емес пе... (Қожекеңнің тағы да жүрегі шанышты). Кеше ғана емес пе, елмен бірдей тіршілік қызығын тең бөлісіп жүргені. Енді қазір тобынан бөлінген ақсақ қойдай, өз уайымынан артыла алмай жатқан жатысы мынау. Шынында да, адамның барар сапарда ұлы дүрмекке араласып, қайтарында жалғыз қайтатыны секілді, орта жастан әрі асып, қайтар сапар басталғанда ғұмырының шығар есігіне жалғыз ораларың айнымас ақиқаттай... Жұбанарың – ұрпақ болса... (Қожекеңнің жүрегі үшінші рет шанышты).

Ұлының қабірі қазылып болғанда Қожабектің: «Жоқ, бұл маған қазылған, босатыңдар», – деп қабірге тап-тап бергенде, осыдан басқа не күйігі бар.

Ой ұшына жете алмай, ұзақ жатқан Қожекең таң алдында көз шырымын алды. Бірақ көп ұйықтай алмады. Күн шыға орнынан тұрып, киініп, сыртқа шықты. Кәнігі көліктей аяқ шіркін өзінен-өзі зират жаққа бастай берді. Қожекең ауыл сыртындағы қорымға қалай келгенін білмей қалды.

Шөп басқан қос емшек моланың тұсына келгенде кідіріп, көз тоқтатты. Жарықтық! Қыз Бәтіш пен Ерсейіттің моласы ғой... Бұлар жайлы аңыз осы төңірекке кең тараған. Қозы Көрпеш пен Баяндай бір молада өлген ғашықтар екен. Жұмба жарықтық жырын келістіріп айтушы еді. Тыңдаған адамның бәрін жылататын.

Қожекең баласының зиратына келгенде, Жарасбайлар тамның алғашқы кесектерін қалап үлгерген екен. Бұл жолы көңілі бұрынғыдай босаған жоқ.

– Жатқан жерің жайлы болсын, жарығым, – деді бешпентін шешіп жатып. Содан түс ауғанша дем алмастан өз қолымен кірпіш қалады. Елмен бірге лайдың, кірпіштің сапасын, 20 қатардан барып күмбез көтеру керегін, еш жерден құлақ шығармай-ақ, киіз үйше көмкергеннің дұрыс екенін т.с.с. әңгіме қылды.

Бесін шамасында жұрт дем алуға отырғанда, Қожекең Жарасбайды жанына шақырып алды.

– Балам-ау, осы сенің уақытыңды текке алып жүрген жоқпыз ба? Уақытың бітсе, қысылма. Сенің осы келісіңе де мен ризамын.

– Уақытым бар, аға, – деді Жарасбай шылымын тұтатып жатып. Қысылып жүргем жоқ. Бітіріп, біржола-ақ қайтамын.

Қожекең төмен қарап, үндемей қалды.

– Тым бекерге нали бермеңіз, аға, – деді Жарасбай жерге шынтақтай беріп. – Түнімен ұйықтамай шықтыңыз. Сабыр етсеңізші...

– Қарғам-ау... – Қожекең көзі жасаурап, тамға қарады. – Қарғам-ау, жұбатқаның дұрыс қой. Дүниеден өтпейтін пенде бар ма?.. Бірақ Болатжанның артында алданыш қылар бала қалса, мен бүйтіп қажымас ем ғой. Аяқ астынан... арманда кетті... Тұяқ қалса, құдай-ау, көзі соқыр, құлағы саңырау бір боқмұрын қалса, мен бүйтіп шаршамас ем ғой...

Кенет әлдене есіне түскендей Жарасбай басын көтеріп алды да:

– Аға, – деді, – мен сізге бір қызық айтайын, Болаттан бала бар.

Қожекең селк ете қалды.

– Тек, не дейді? – деді оқыс бұрылып.

– Болаттан бала бар, – деді Жарасбай қайталап. – Оны маған өзі айтқан.

– Иә?

– Университетте оқып жүрген кезімізде... Әйтеуір, атын ұмыттым, Сәуле ме, Гүлсім бе, біреуден балам бар деген.

Қожекеңе мына сөз баласы тіріліп келгеннен кем әсер еткен жоқ. Көзіне келген жасты көрсеткісі келмей, төмен қарап орамалын алып, сіңбіріне берді.

– Иә? – деді содан кейін кемсеңдеп.

– Ол өзі қаланың қызы болатын. Алматыда болуға тиісті.

– Апыр-ау, оны табуға бола ма өзі?

– Неге болмасын.

– Иә? – деді тағы да аузына басқа сөз түспей.

– Алматыда бізбен бірге оқыған жігіттер бар. Солар арқылы табуға болады.

– Тоқташы, шырағым, – деді Қожекең Жарасбайдың иығына қолын тигізіп. – Апырмай, қарағым-ай,.. апырмай... кішкене сабыр қылшы... – Қожекең өзіне-өзі келе алмай, біраз отырды.

– Иә? – деді әлден соң не сұрап тұрғанына өзі де түсінбей.

– Алматыда бірге оқыған жігіттер бар... – деді Жарасбай сөзін қайталап.

– Сонда өзі баланың қалғаны анық па? – деп Қожекең сенбегендей Жарасбайға тура қарады.

– Баланың бары анық.

– Иә?

– Өз басым ол қыздың қайда істейтінін білмеймін. Асылбек деген жолдасымыз сонда институтта қалған. Ол бәрін де біледі.

– Иә?

– Соған бару керек. Мен адресін берейін.

– Иә, сөйтші, қарағым. Үйге барған соң, ұмытпай берші.

Бұдан кейін Қожекеңнің жұмысқа берекесі болмады... «Ертең де күн бар ғой» деп, елді асықтырып, күн батпай таратып жіберді.

Үйге жетісімен брезенті күн көзінен ағарып кеткен жемжем әскери сөмкесін ашып, ішінен торкөз дәптер алды.

– Мынаған әлгі адресіңді жазшы, қарғам, – деді Жарасбайға.

Жарасбай қалтасынан қаламын алып, үлкен әріптермен баттитып адресті жазып шықты. Қожекең адресті алып, бұрын бір көрген жеріндей, ойланып, ұзақ отырды.

– Тауып бара аласыз ба?

– Табатын шығармын, – деді Қожекең әлі де дәптердегі жазуға шұқшиған күйі. – Тышқанбай бар. Соған берсем болды емес пе?

– Әрине, қаланың адамы болса, түк қиындығы жоқ.

Қожекең жүрегі лүпілдеп, кешкі шайды да жөнді іше алмады. Жатарда дәптерін алып, тағы да адреске шұқшиды. Баданадай етіп жазылған осы бір жазу өне бойын жылытып барады. Осы жерге жетсе болды, алдынан бейтаныс, кішкентай немересі «аталап» қарсы шығатындай көрінеді.

Бірақ Қожекең бұл сырын тірі жанға айтпауға бекінді. Үн-түнсіз кетіп қалып, көктен түскендей немересін алып келіп, «Қожабекті құдай жылатты» деген жұрттың тілін желбезегінен тізген балықтай бір сымға шаншып, бүкіл елді айран-асыр қылатын сол сәтті арман етті.

Келесі күні зират басында жұрттың әңгімесі тек Қожабек болды.

– Япыр-ай, – десті олар кесек қалап жатқан Қожекеңе ту сыртынан қарап. – Сүйегі асыл шіркін ғой. Адам болмай қала ма деп қорқып ек. Сынбаған екен...

– Қайратын айтсайшы, таңертеңнен әлі тізе бүккен жоқ.

– Қайтсін, құдай басқа салғасын, – десті біреулер амалсыздыққа жорып.

Қожекеңнің қабағы күндегіден ашық еді. Амандасқан елдің бәрінен үй ішінің, ауыл-аймағының амандығын сұрады.

Жұрттың «отырып, демалыңыз» дегеніне де құлақ асқан жоқ. Цементтің қатып бара жатқанын көріп, су құйғызды, жоғарыда кірпіш қалап жатқан Жарасбайға:

– Кесектерді байлап қала, айналайын, мінеки былай, лайыңды молырақ сал, – деп кеңес берді.

Қожекеңнің көңіліндегі өзгерісті Жарасбайдан басқа тірі жан білмеді, баяғы бір еңкеймес ірілігіне, мықтылығына жорыды.

Қожекең кешке үйге келісімен тағы да Жарасбайды сыртқа шығарып алып, кешегі мәселені ақылдасумен болды.

– Қырқын беріп, бата оқыр ағайынның аяғы саябырлағасын жүріп кетемін, – деді барар жерін шамалағандай алысқа қарап. – Денсаулық төмендеп барады, жүрек шаншиды... Дәрігер бала анада бәлнеске жату керек деген еді... Алматыға көрінгеннің бөтендігі болмас.

Жарасбай біраз ойланып тұрып:

– Мен онда Асылбекке хат жазып берейін, – деді, – түсінбей қалып жүрмесін.

– Сөйте қойшы, қарағым!

Үйге кірген соң, Жарасбай хат жазуға кірісті. Шай келіп, дастарқан жайылған кезде Қожекең хатты төрт бүктеп, төс қалтасына салды. Кішкене немересі енді ешқайда қашып құтылмайтындай көрінді.

...Үш күннен кейін күмбез салынып бітті. Жұрттың бәрі оны бүкіл аудан көлеміндегі ең сәулетті күмбез болды деп шешті.

Қожекең туғалы зират атаулыны жаны түршігіп, ұнатпайтын. Бірақ сәулетті күмбездің тек тіршілікке емес,

өлімге де жарасатынына іштей қайран қалды. Тап енді мұның баласы өзге өліктерден мерейі үстем боп, ұялмай жататын секілді.

Өлім бәрін де теңестіреді дейді. Қайдан теңестірсін. Зираттағы тамдардың өзі әртүрлі. Анау шеттегі баяғы аштықта шала-пұла жабылған қабірлер жермен-жексен болып, астында кім жатқаны беймәлім, болар-болмас төмпешікке айналған. Иә, қайдан теңестірсін. Өліктер де өздерінше бақытты, бақытсыз болып бөлінетін болғаны да.

* * *

Болаттың қырқы берілді. Қожекеңнің көңілін көтеріп, күні-түні қасында отырған ет жақын ағайындар да өз қамдарымен шаруаларын күйттеп кетті. Қашанғы отырсын. Тірі адамның тіршілігі көз жұмбай бітпейді екен. Қожекең де қыс қамын ойластыра бастады. Совхоз директорының орынбасарына кіріп, азғантай көмір түсіртіп алды. Екінші ферманың меңгерушісі өзі келіп:

– Азғантай малдарың қыста қарап қалмасын. Қарсақбайға айтып, бір машина шөп түсіртіп берейін. Биыл шөп аз. Ешкімге рұқсат бермей жатыр. Қиын, қиын, – деп жасайтын жақсылығының салмағын ауырлатып кетті.

Қожекең енді әрі кешігуге болмайды деген оймен кешке кемпірімен ақылдасты.

– Баланың көктасы келетін түрі жоқ, – деді Қожекең шай үстінде. – Тышқанбай бір жаққа кетіп қалды ма, әлде басқа бір қиындықтары бар ма... Соған өзім барғым келіп отыр.

Кемпірі түсінбей, шалына бұрыла қарап, аққұманды көтерген қалпы тұрып қалды.

– Өзім бармасам, қайдан бітсін, – деді Қожекең көк жыртыс орамалымен білегінің терін сүртіп.

– Үйбай-ау, сен не бітіре аласың. Қаңғып қаларсың айдалада.

– Неге қаңғимын? Тышқанбайдікіне телграм жібереміз. Қарсы алатын шығар.

– Құдай, не дейді?..

Қожекең кемпіріне не деп түсіндірерін білмей, желпініп ұзақ отырды. Бір заманда: «Жә, болар», – деп кесесін

төңкерді. Сосын қалтасынан шыны шақшасын алып, насыбай атты. Қалған насыбайдың мөлшерін білгісі келіп, шақшаның аузына сығырая қарап кішкене отырды да, кенет аузына су толтырып алғандай, сөйлей алмай:

– М-м-м, – деді ымдап кемпіріне.

Кемпірі онысына бірден түсініп, аяқ жақтан түкіргішін алып берді. Қожекең түкіргішті алып, шегініп отырды.

– Оның бір себебі болып тұр, – деді ақырын ғана.

Кемпірі жақсырақ есту үшін кимешегін ысырып, құлағын ашты.

– Болатжаннан бала қалған екен... (Кемпірінде үн жоқ). Оны Жарасбай айтты... (Кемпірі салдырлатып шыны-аяқтарды жуа бастады). Әдірісін де алдым... Алматыда көрінеді.

Қожекең мына сөзінің неге әсер етпегеніне түсінбей, басын көтергенде, селкілдеп жылап отырған кемпірін көрді.

– Тәуекел, барып көрем...

– Жасаған, – деп сыбырлады кемпірі жасқа тұншығып. – Жасаған, жаппар ием...

– Жарасбай өздерімен бірге оқыған жолдасына хат жазып берді. Сол көмектеседі деп отыр.

Кемпірі одан әрі тыңдауға шамасы жетпей, қолындағы кесесін салдыр еткізіп тастап жіберіп, қалтасынан көлдей ақ орамалын алып көзіне басты да, со күйі дауыс қылып қоя берді.

– Жасаған-ай... жалғызымды алдың деп, тілім тиіп кетіп еді... Енді жылата көрме, жасаған... Құдіреті күшті жаратқан... тілегімді бере гөр!.. Өшкенімді жандыра гөр! Мейіріміңді бере гөр... Алла тағала...

Қожекеңнің қой деуге шамасы келмеді. Кемпірінің жалбарынған тілегін іштей өзі де қайталап, бетіне сорғалаған жасты саусағымен қағып қап отырды.

Шүйкедей кемпірінің қара тасты жібітердей зарлы үні қабырғасын қайыстырды.

– Жаман ырым қылма, кемпірім-ау, – деді өзіне де бейтаныс, мейірбан, жұмсақ үнмен. – Мені қажытпашы, жарқыным. Құдайдан тілек етейік. Жасаймын десе жақсылығы аз ба?..

Төсекке жатқаннан кейін де екеуі жаратушы құдайға, бүкіл әулие-әмбиелерге жалынып, жалбарынумен болды.

...Келесі күні Қожекең жиналысқа жүргелі жатқан парторгтың машинасымен ауданға жүріп кетті. «Алматыға барып емделіп келем, жүрек шыдатпай барады», – деп түсіндірді сұраған жұрттың бәріне. Парторг совхозға жақында келген жас жігіт еді. Мың жасағыр жақсы бала екен. Қожекеңді аэропортқа дейін апарып, билетін алып беріп, оған қоса Тышқанбайдың адресіне телеграмма салмақ болып уәде беріп қалды.

* * *

Қожекең Алматының аэропортына түн ортасында келіп түсті. Самаладай жарқыраған электр шамдарына, қаздай тізілген шамадан тыс үлкен ұшақтарға таңырқай қараған күйі «япырмай, Тышқанбайы түскір келмей қалса қайттім», – деп іштей қобалжып келе жатты.

Кірер есікте жұрт у-шу болып құшақтасып, қырық жылдан бері көріспегендей бір-бірінің беттерінен сүйіп, мәре-сәре болуда. Қожекең жан-жағына алақтап, үрей мен дағдарыстың ортасында әрі-сәрі тұрып қалған. Осы кезде:

– Қожеке, ассалаумағалайкүм! – деген дауысты естіп, қуанғаннан не істерін білмей, қалбалақтап қалды.

Тышқанбай келе чемоданға жармасып:

– Мен сізді ана жүк беріп жатқан жерден іздеп жүрсем... – деп құрақ ұшып жүр.

– Әликісәләм, – деді әлден соң Қожекең есін жиып.

Тышқанбай да баяғы бала кезіндегі қаңғалақ мінезінен өзгермеген екен.

– Ұшақтан қашан түстіңіз? – дейді апалақтап. – Ә, иә, айтпақшы осы екен ғой... е, тәйірі... менде не ес бар, – деп кеңкілдеп, өзінен-өзі мәз болады.

– О, құдауанда, аумаған әкесі, – деді Қожекең күбірлеп. – Марқұм үнемі өстіп дабдырап жүруші еді.

Кенет Тышқанбай есіне әлдене түскендей тұнжырай қалды.

– Ойбай-ау, Қожеке, ғапу етіңіз... ес шығып... Болаттың қазасы қайырлы болсын... Апырай...

Қожекең не айтқаны белгісіз, аузын жыбырлатты.

– Апыр-ай, жөндеп те ести алмадық, неден болды?

– Ауырып қайтты ғой.

– Не ауру?

– Білмеймін, шырағым. Әйтеуір бір төтеден киліккен кесел болды. Рак дей ме? Уһ!

Тышқанбай өз-өзінен үрейленіп, қырыққа жетпеген жап-жас жігіттің қалайша рак болатынына түсінбей, әлде бір жоғарғы жаққа арыз етуге болатындай-ақ, мұның ешқандай ақылға да, заңға да сыймайтынын дәлелдеп тұрып алды.

– Үй ішің аман ба, шырағым? – деді Қожекең біртүрлі қамыққан үнмен.

– Аман, аман, аман, – деп асып-састы Тышқанбай.

Көше жақ бетте машина да күтіп тұр екен, бұлар көп ұзамай-ақ екі бетін ағаш көмкерген оқтай түзу, кең көшелермен жүріп, Тышқанбайдың үйіне жетті.

Бәленбай қабат зәулім үйді көргенде Қожекең алғашында «құдай-ау, осынша үлкен үйді не істейді», – деп шошып кеткен. Сөйтсе, үйі соның екі-ақ бөлмесі екен. Ағаш шкафтар мен үстелдер, диван, сосын тек кітап жинай беріпті... Орыс екені, қазақ екені белгісіз, еркекше шалбар киіп алған әп-әдемі, талдырмаш келіншек шүлдіршүлдір етеді. Дәмін жасап, арақ-шарабына дейін самсатып, үстел үстін әзірлеп қойыпты.

Тышқанбайдың ақылы болар, бір рет амандасып, кетіп қалғаннан кейін қайтып келіп:

– Ата, сізге көңіл айтамын, балаңыздың өліміне біз де уайымдымыз, – деді біртүрлі жаттықпаған тілмен.

– Рақмет, шырағым, – деді Қожекең кәдімгідей риза болып. – Құдайдың бұйрығы шығар. Шығарға жан бөлек болған соң, амал жоқ. Қайтейік...

Қожекең жұмсақ диванға отырғанда, өзінің әбден шаршағанын бір-ақ сезді. Жастыққа жантайып, ұйыған белін жазып, жан шақырды. Аздап дем алғаннан кейін, киімін жұқартып, жуынып-шайынып алды. Содан кейін барлығы дастарқанға отырды.

– Мына келін балаңыздың аты – Гуля, то есть Гүлнар, – деді Тышқанбай зат көрсеткендей әйелін саусағымен нұсқап. – Ана бөлмеде кішкентайымыз ұйықтап жатыр. Оның аты – Абылай...

– Бәрі де қайырлы болсын, қарақтарым. Бақытты болыңдар.

Етке бір-екі рет қол салғаннан кейін-ақ Тышқанбай бөтелкелердің біріне жармасты.

– Айналайын, мен ішпеймін ғой, қайтесің соны, – деді Қожекең.

Тышқанбай оған көңіл аудармай, әлденеге асып-сасып, бөтелкенің тығынын тартып қалғанда, қаңылтыр тығын қолын кесіп кетті.

– Ойбай, Гуля, марля, – деді саусағын ұстай алып.

Қожекең Тышқанбайдың жаңғалақтығына қарап, оның әкесін есіне алып отыр. Жарықтық ұшып-қонып, көрінген жерде көзін шығарып ала жаздап, жайдақ шанадан аударылып, жүз адам сау жүргенде ортасында жалғыз өзі аттан құлап, ыңғай бірдеңеге ұрынып жүретін. Бірақ кісіге арамдығы жоқ, аққөңіл еді.

Тышқанбай саусағын дәкемен байлап алғаннан кейін, рюмкелерге арақ құйды. Құйып жатып:

– Сіз енді ішпей-ақ қойыңыз, бірақ құюлы тұра берсін. Ішпей-ақ қойыңыз, ішпей-ақ қойыңыз... бірақ құюлы тұрсын, – дейді бір сөзін мың қайталап.

Әйелі бірдеңе деп орысшалайды, ішпе деп жатқаны болар. Тышқанбай қипақтап, ішпейтін адамдай рюмкесін ысырып қойды.

Қожекең ет жеп болып, қағазға қолын сүртті. Осы кезде Гүлнар сорпа әкелуге ас үйге шығып кеткен еді. Тышқанбай жалма-жан рюмкесін қолына алып:

– Ал, Қожеке, сіздің аман-есен келгеніңіз... – деп сөзінің аяғын айтуға үлгіре алмай, қағып салды. Әйелі қайтып келгенде біртүрлі жылайтын адамдай тыжырынып, Қожекеңе қарап:

– Ал енді... сонда... сонда... – дей берді не айтып тұрғанына өзі түсінбей.

Әйелі бос рюмканы көрді де, Тышқанбайға көзінің астымен бір қарап, үндемей отыра берді.

Дәмнен кейін Тышқанбай өзінің бір айлық іссапарда болғанын, көк тасты келе салысымен заказ беріп, осы жуырда ғана салып жібергенін, ендігі жетіп те қалғанын, ал енді Қожекеңді кез келген дәрігерге көрсетіп алуға құдіретінің жетіп жатқанын айтты.

Гүлнар ыдыс-аяқ жууға ас үйге кетті.

– Менің келген шаруам одан бөлек, – деді Қожекең осы кезде.

– Иә, иә? – деді Тышқанбай естігенше шыдамай.

– Менің шаруам бөлек, – деді тағы да Қожекең күрсініп. – Е-е, өлер бала өлді... Құдайдың жазғанына не істейміз. Бәрінен де жанға батқаны бір немере сүйдірмей кеткені. Той жабдығына кірісіп жатқан кезіміз еді ғой. Сөйтіп тірліктен түңіліп отырғанда бір хабар естідік.

– Иә, иә, – деді Тышқанбай Қожекеңнің аузына кіріп кетердей ентелеп.

– Оны Болаттың бірге оқыған жолдасы Жарасбай айтты. Әдейі келіп, тамын салысып кеткен. Болаттан осында бала бар көрінеді. Соны іздеп келдім. Мынау... – Қожекең төс қалтасынан Жарасбай берген адресті алды, – осындағы бір жолдасының әдірісі... Сол білетін көрінеді.

Тышқанбай адресті оқып шықты да:

– Е, микрорайонда тұрады екен ғой, – деді беймәлім бір жақты басымен нұсқап.

– Оның қай жақ?

– Қаланың шет жағы. Табамыз ғой. Мында қызмет телефоны да бар. Мен таңертең жұмыстан звандармын. Қайда істейді екен?

– Жадымнан шығыңқырап кетіпті... Институтта мұғалім... деді ме? Әйтеуір оқитын жақтың төңірегі болар.

– Сонда қалай, Болат осында үйленген бе екен?

– Айналайын-ау, ол жағында менің шаруам қанша. Маған кімнен туса, одан тусын. Болаттың белінен қалған бала керек. Мен қазір жетпістің екеуінде тұрмын, шырағым. Ертең кемпір екеуіміз өлгенде шаңырағым... бос қала ма деп қорқамын ғой... – Қожекең әлдеқалай босап, орамалын алып, көзін сүртті...

– Қойыңыз, Қожеке, болмайды, – деді Тышқанбай, адамның өзі көнбесе өлмей қоюға болатындай. – Неге өлесіз? Болмайды оныңыз.

– Шайтан емеспін ғой енді. Бұйрықтан қашып қайда барам.

– Ол дұрыс емес, – деді Тышқанбай тағы келіспей.

Қожекеңе отырған диванға төсек салынды. Тышқанбай Қожекеңнің өлуіне келіспеген күйі ұйықтайтын бөлмесіне кетті.

...Қожекең таңертең дабырлаған дауыстан оянып кетті. Балабақшаға бармаймын деп, қиғылық салып жатқан кішкентай Абылай екен.

Тышқанбай әйелі екеуі жалынып-жалпайып, ойыншық сатып алып беретін болып келісіп, әрең дегенде алып кетті.

Қожекеңе бейтаныс кішкентай немересі де осындай ерке, үй ішін өзінің құртақандай алақанында ұстайтын, сүйкімді тентек болып елестеді.

Көп ұзамай Гүлнар қайтып оралды. Төсек-орынды жинап, Қожекеңе шай беріп, түсте тағы келетінін айтып, жұмысына кетті.

Қожекең енді Тышқанбайдың келуін асыға күтті. «Не хабар әкелер екен, әлгі Асылбегі бір жаққа кетіп қалмаса жарар ед» деген ой мазасын алды.

Түскі шайдан кейін үйде тағы жалғыз қалған Қожекең көзін іліндіргісі келіп, диванға қисайды. Бірақ көзі ілінбеді. Әрі-бері аунақшып жатты да, орнынан тұрды. Галошын киіп, есікті ашып, дәлізге шықты да, басқышпен жайлап төмен түсті. Аула толған бала, у-шу. Қожекең есік алдында орындықта отырған көзілдірікті кемпірдің қасына келіп отырды.

– Әй, Құралай, антұрған-ау, қайда кеттің, бері ойна деймін бері, – деді кемпір Қожекеңе көңіл аудармай.

Қожекең жөткірініп алып:

– Есенсіз бе? – деді.

– Бері ойна дедім ғой мен саған.

– Есенсіз бе? – деді Қожекең қаттырақ.

– Немене?

– Ойбай-ау, есенсіз бе деймін, – деді Қожекең айқайлап. Кемпір сәл-пәл ойланып:

– Жақсымысыз? – деді ақырын ғана.

Кемпірдің құлағы ауыр екенін түсінген Қожекең тақалып отырды.

– Нешедесіз, бәйбіше? – деді әлден соң әңгіме қозғап.

– Шүкір, шүкір, – деді кемпір бетімен лағып.

– Нешедесіз, деймін, бәтір-ау.

– А... иә... алпыстың сегізіндемін. Жылым тышқан ғой.

– Неше балаң бар?

– Елде үлкен ұлым бар, қыздарым бар. Мына бір кенжем қолыма кел деп болмаған соң, – кемпір қолымен үйдің жоғарғы қабатын көрсетті. – Келе қалып ем, құдай сақтасын, мына бір балалары жер-көкке тұрмайды.

– Е-е, не болғанда да, өзіңдікі ғой.

– Құдай-ау, өлер болдым, – деді кемпір самбырлап. – Ойбай, апа, өзім асыраймын, сүтіңді ақтаймын, әлгі немене... Қарызыңды өтеймін, иә... менен қашан қарыз алып жүргенін... сөйтемін де, бүйтемін деп қояр да қоймай алып келгенге... Мен қайдан білейін бүйтіп бала бақтырып қоятынын...

– Бар болған соң шалқаясың ғой, бәйбіше-е?

– Жоғалсын әрі, енді қалған ғұмырымда осылардың баласын бағып, басымды қатырар жайым жоқ. Етегім елпі, жеңім желпі болып өздерін өсіргенім жетер. Енді миымды ашытпа, құдай шебер, аулақ, аулақ, – деп кемпір тап бір миын Қожекең ашытып отырғандай қолын сілтеп, кейін ысырылып отырды.

Төрт-бестер шамасындағы сары шашты қыз жүгіріп, кемпірдің қасына келді, еркелеп, сүйкене бастады.

– Жоғалшы-ей әрі!!

– Әже, әже...

– Кет дедім ғой, тартып жіберейін бе жақтан.

Кемпірдің зілсіз ашуынан ығатын бала жоқ, өрмелеп мойнынан құшақтап, тамағынан тілімен қытықтай бастады.

– Әжетай...

– Көгермегір, адамның іші-бауырынан өтеді ғой, – деді кемпір қарсылығын доғарып.

Әлден кейін кішкене қыздың қытығы келіп, шықылықтай күлгеніне қарамастан мойнынан сүйді де, өзі де күліп жіберіп:

– Шірік немелерді жақсы көрейін демейсің, шыдатпайды, – деді Қожекеңе қарап. Содан кейін немересін ұратын адамдай-ақ қолын көтеріп, қорқытқан болды. – И, зәлім неме, жоғал!

Кішкене қыз кемпірдің қалтасын ақтарып жүріп, бір кәмпит тауып алды да, қайтадан ойнауға кетті.

Қожекең кемпірдің қасына қайта жақындай отырды.

– Құлақтан ерте қалыпсыз ғой, бәйбіше.

– Е-е, қайбір жетіскеннен дейсің. Жалаңаш-жалпы болдық, жесір болдық... Осыларды жеткіземін деп, көрмеген қорлық жоқ. – Кемпір Қожекеңе көзілдірігінің үстінен қарады. – Өзіңіз осында тұрушы ма едіңіз, әлде... сіз де балаңызға келдіңіз бе?

– Иә, балама келдім...

– Е, е, шыдау қайда, іштен шыққан соң... алаңдайсың да отырасың.

Қожекең бәрін айтып, ақтарылғысы келіп бір тұрды да, тілін тістеп, үндемей қалды. Әлдеқалай көңілі босап, енді кемпірмен әңгімелесіп қарық қылмасын білді де:

– Ал, бәйбіше, мен үйге барайын, – дегенді үзіп-үзіп әрең айтып, орнынан тұрды.

Кеш түсе алдымен кішкентай Абылайды ертіп Гүлнар, одан кейін Тышқанбай келді, қасында көзілдірікті бір жігіт бар.

– Ассалаумағаләйкум, – деп амандасты көзілдірікті жігіт.

– Әликісәлем! – Қожекең бұл қай бала дегендей Тышқанбайға қарады.

– Асылбек деген жігітіңіз осы, – деді ол галстугін ағытып жатып.

– Е, айналайын, амансыңдар ма?

Жөн білетін бала екен, алдымен көңіл айтты. Қожекең өзінің әдетімен не айтқаны белгісіз, аузын жыбырлатты.

Асылбек Болаттың неден қайтыс болғанын, қанша ауырғанын сұрады, өзінің хабарсыз қалғанын, естіген болса, барып келетінін айтты.

Шай ішілді. Гүлнар баланы ұйықтатуға төргі бөлмеге әкетті. Осы кезде Қожекең Асылбекке Жарасбайдың хатын берді. Асылбек хатты үнсіз оқып шықты да, ойланып отырып қалды.

– Немене, шырағым? – деді Қожекең әлденеге күдіктеніп.

– Не, не, бекер ме баланың қалғаны? – деп асықты Тышқанбай.

– Жоқ, баланың бары рас, – деді Асылбек көзілдірігін қозғап. – Тек екеуі...

– Не дейді, – деп Қожекең шошып кетті.

– Қанша? – деді Тышқанбай ентелеп.

Асылбек күліп жіберді.

– Екеуі де осында ма екен деймін. Қыздарды айтамын да... Ақсақал кешірер. Жас кезде жігітшілік кімде болмайды. Болат сұлу жігіт еді. Қыздар соңынан еріп жүретін. Солардан бала бар деп естігем... Дәлелдеп айта алмаймын...

– Шырағым-ай, он бала қалса да, көпсінейін деп отырғаным жоқ, – деді Қожекең алғашқы күдіктен кейін түсі жылып.

Әлдебір шаруаға алданып, сөзді шала естіген Тышқанбай даурығып:

– Немене, немене, он болды ма? – деп киіп кетті.

«Түу, мынаның жаңғалағын-ай», – деді іштей Қожекең еріксіз жымиып.

– Жоға, – деді Асылбек күліп.

– Ал енді, қарғам, сөздің тоқ етері – мені қалайда жүздестір, – деді Қожекең қалтасынан шақшасын алып жатып.

– Жарайды, ертең хабарласайын. Біреуі ресторанда істеуші еді. Болса өзім келіп, сізді алып кетермін.

– Сөйте ғой, айналайын.

* * *

Келесі күні Асылбек түс кезінде келді.

– Аға, киініңіз, – деді ол келе салып. – Тезірек барайық. Кім біледі, бір жаққа кетіп қала ма...

Қожекеңнің жүрегі дүрсілдеп кетті. Ұшып тұрып, киіне бастады. Сыртта машина күтіп тұр екен. «Е, Алла, жақсылығыңды бере гөр!» – деп сыйынды отырып жатып.

Машина жоғарыдан төмен шынылап тастаған үлкен ресторанның алдына тез-ақ әкеп тастады. Асылбек Қожекеңді үшінші қабаттағы оңаша бөлмеге ертіп кірді.

– Қазір келеді, – деді Асылбек үстелге отырғаннан кейін. – Осы жерден тамақ ішейік. Тамақ үстінде әңгімелесе береміз ғой.

Алдына аппақ алжапқыш байлаған, шашын қарқарадай қоқырайтып қойған жап-жас орыс қызы келді. Асыл-

бек үстел үстінде жатқан екі бет қағазды алып, тамаққа заказ бере бастады. Даяшы қыз айтқанның бәрін қағазға жазып алып, кетіп қалды.

– Осы ғой, – деді Асылбек қыз кеткен жақты иегімен нұсқап.

Қожекең түсінбей, Асылбектің бетіне қарады.

– Аты Валя. Болаттың маған айтып жүрген адамының бірі осы. Сөйлесіп көреміз ғой.

Қожекең не дерін білмей қалды. Ол бейтаныс келінім орыс болар деп ойламаған еді. Әрі-сәрі біраз отырғаннан кейін: «Е, мейлі ғой, – деп бекіткен болды көңілін. – Осы заманда орыс әйел алғандар аз ба? Ауылдағы Тырқайдың жаман ұлы да орыстан алды. Түгі де жоқ. Балалары қандай сүйкімді!»

Тамақ үстінде Асылбек Валяны қастарына шақырды.

Валя алдында Асылбектің айтқан сөздерін түрегеп тұрып тыңдады, артынан жүзі әлдеқалай өзгеріп, таңырқағандай бір түрмен үстелге отырды.

Қожекең олардың сөздеріне түсінбей, бет қимылдарына, көзқарастарына жалтақтап қараумен болды. Алдымен Асылбек ұзақ сөйледі. Содан кейін «енді сен не айтасың?» дегендей, Валяның бетіне қарады. Анау көз шарасы кеңейіп, әлденеге үрейленгендей, жүзі сұрланып, үнсіз қалды. Кенет басын көтеріп, Асылбекке тура қарап, басын шайқады. «Тек!..» Қожекеңнің санасын әлдене қарып өткендей болды. Жүрегі өрекпіп, көмек сұрағандай Асылбекке қарады. Оның түрінде де жақсылықтың нышаны жоқ секілді. Валясы құрғыр безеріп, бас шайқауын қояр емес. Асылбек қолының арасында айналдырып отырған сіріңкесін үстелге лақтырып тастап, шегініп отырғанда Қожекең істің енді оңға баспайтынын сезді.

– Не дейді? – деді даусы дірілдеп.

– Көнбей тұр. Бала түгіл, тіпті ешқандай байланысымыз да болған емес деп мойындамайды.

– Апырмай, қарағым-ай, – деп күңіренді Қожекең қыздың қазақшаға түсінбейтінімен шаруасы болмай, – біздей ғаріптің көз жасына қарасаң болмады ма? Алла тілеуіңді бергір-ай, жасым жетпістен асқанда ит өлген жерден ит жанымды сүйретіп келіп ем, жібімедің-ау, шырағым-ай!

Асылбек тамақтың ақшасын төледі. Қожекеңді сүйемелдеп, орнынан тұрғызды. Қожекең сыртқа қалай шыққанын, үйге қайтіп жеткенін сезген жоқ. Жүрегін аузына тыққан сол бір үрей тағы да тынысын тарылтты.

Түні бойы көз ілген жоқ.

* * *

Өстіп бәрінен де түңіліп отырғанда әлгі Асылбек апақ-сапақ екі кештің арасында тағы жетіп келді. Қожекең әлдеқалай абдырап:

– Ал, балам, төрге шық, төрге шық, – дей берді Асылбектен көзін алмай.

– Аға, киініңіз, – деді Асылбек ентігіп. – Шыққан соң айтармын...

Қожекеңнің шықпаған жаны қалды. Апыл-ғұпыл киініп, галошын сірісінен баса киіп, сыртқа шықты.

Асылбек тағы да машинаны ресторанның алдына тоқтатты. «Ресторанна басқа жерде әңгімелесуге болмай ма бұларға» деп ойлады Қожекең.

Асылбек есік алдында тұрған көк көйлекті әйелге қолын беріп амандасты.

– Ғапу ет, кешігіп қалдық.

– Оқасы жоқ енді, ішке кірмей-ақ қояйық...

Асылбек ойланып қалды.

– Ал, жарайды, онда анау орындыққа отырайық.

Қожекең келіншектің жүзіне қарады. Бетінде кішігірім түймедей меңі бар, қараторы, әдемі келіншек екен. Қазақша тәрбиеленген бала секілді, тілі жатық, ибалы.

– Сәуле, – деді Асылбек жақындай отырып, – біздің келген шаруамыз мынадай. Мына кісі Болаттың әкесі. Болаттың өзі қайтыс болып кетті. (Келіншектің «ah» деген даусы шығып кетті). Енді ол о дүниелік адам, оған деген ренішіңді ұмыт. Өлім бәрін жуады...

Келіншектің қуарып кеткен жүзін көріп, Асылбек үндемей қалды. Сәуле бетін басып, ұзақ отырды. Әлден соң басын көтеріп, Қожекеңе қарап:

– Қазасы қайырлы болсын, – деді ақырын ғана.

Қожекеңнің жүрегі шым ете қалды. Көзіне тірелген жасты білдіртпей, өзіне тән әдетпен аузын жыбырлатты.

– Бір шаңырақтың астында шал мен кемпірден басқа ешкім қалмады. Болат үйленбей кетті... – Асылбек келіншектің бетіне қарады. – Сенің Болаттан балаң бар екенін мен жақсы білемін... Арадағы болған істің ақ, қарасын талқылап жатудың мүлде реті жоқ. Болаттан бір тұяқ қалды дегенді естіп, сонау елден келіп, қаңғып жүр мына кісі. Не айтасың?

Сәуле әңгіменің бұлай оралып, өзіне соғарын күтпеген тәрізді, сұп-сұр жүзі күреңітіп сала берді.

– Сен дұрыс түсін, – деді Асылбек. – Үлкен кісінің бұл арада жазығы жоқ. Саған баланың керегі жоқ деп айта алмаймын. Бірақ сенің өмірің алда. Ал мына кісінің ендігі ғұмыры тек соған тіреліп отыр... Түсінемісің?.. Тіпті...

– Мен бәрін де түсініп тұрмын, – деді Сәуле даусы дірілдеп. – Мен түсініп тұрмын, Асылбек... Өткен күндер өтті ғой... Бәрі де ұмытылған... Менің Болатқа деген өкпем де жоқ. Бірақ... мен баланы сақтап қала алмадым... жастан асқанда қайтыс болды... Өсіргім келіп еді, қолымнан келмеді. Жападан-жалғыз, не жұмысқа тұрарымды, не балаға қарарымды білмей, көп азап шектім. Дені дұрыс пәтер де табылмады. Балаға да, өзіме де суық тиді... Сөйтіп...

Үшеуі де үнсіз қалды. Қожекең қалтасынан орамалын алып, сіңбірген болды. Аузындағы кермек дәмнің көз жасы екенін түсінген кезде барып, орамалын көзіне апарды. Өлімнің орнын толтырамын деп жүріп, екінші өлімді естірмін деп ол тіпті ойламаған еді.

– Аты кім еді? – деді бір кезде даусы қарлығып.

– Кімнің? – Сәуле түсінбей Қожекеңе қарады.

– Баланың аты кім еді деймін?

– Атын... Болат деп қойған ем... Бәрінен де батқаны... – Сәуле көңілі босап, кішкене сөмкесінен орамал алды... – Жерлесетін бір адамның болмағаны... Көрші әйелге жалынып... екеулеп әрең дегенде көміп қайттық. Бар болғаны сол, – деді кенет келіншек нық дауыспен. – Содан кейін басқа адаммен дәм-тұзымыз жарасып, тұрмыс құрып жатырмыз...

Тағы да үнсіздік. Асылбек оқиғаның мән-жайына толық түсінгендіктен үндемеді.

Қожекең жүрегін сырқыратқан жаңа уайымнан әлдебір ризашылықтан, аяныштан іші толып, бірдеңе айтқысы келіп еді, бірақ соның бәрі соншалықты күрделі болғандықтан аузына лайықты сөз түспеді. Ал келіншек айтатын сөзінің бәрін айтып болған еді.

– Ғапу етіңіздер, – деді Сәуле бір кезде, – менің қайтатын уақытым болды.

Үшеуі де орындарынан тұрды.

– Айыпқа бұйырма, айналайын, – деді Қожекең ақырында. – Жетіскеннен келгем жоқ. Қайтейін, бұ да бір құдайдың ісі шығар... Қош, шырағым!

* * *

Уайымға уайым жалғаған Қожекең түнімен жүрегі шаншып, көрер таңды көзімен атқызғаннан кейін, енді кешігудің реті жоғын сезді. «Айдалада өліп қалсам, сүйегімнің қайда қалғанын адам білмес. Одан да елге жетейін. Ағайын ортасында өлгеннен артық абырой болмас маған». Көңілдегі уайым бірте-бірте берішке айналған кеселдей, бұрынғыдай жанға батып ауырмайды, қинамайды, тек өзінің енді ешқашан да жазылмайтынын ұқтырып, бір көнбіс, бейжай, мең-зең сезімге итермелейді.

Асылбектің үйі қонаққа шақырған күні Қожекең Тышқанбай барып алып келген ұшақтың билетін төрт бүктеп бешпентінің қалтасына салып, аузы қайта-қайта ашылып кете берген чемоданының белінен жіппен шандып байлап, қазір жүріп кететіндей диван үстінде қаздиып отырған да қойған.

Екінді шамасында Асылбек келді. Қожекең де апылғұпыл киіне бастады. Асылбек жұмыстан әлі келмеген Тышқанбайларға қағаз жазып қалдырды да, Қожекеңді тысқа алып шықты.

Машинаға отырған кезде:

– Алдымен бір жерге соғайық, – деді Қожекеңе бұрылып.

– Е-е, шырағым...

Машина әлдеқандай есік алды сапырылысқан адамға толы биік үйдің алдына тоқтады. Асылбек есік алдына барып, біреулермен ұзақ сөйлесіп, ақыры Қожекеңді ішке кіргізіп алды.

– Мынауың тағы да ресторан ба, шырағым-ау, – деді Қожекең қанбазардағыдай сеңдей соғылысқан халықты көріп.

– Ие, сол ресторан секілді. Бірақ мұны «Бар» дейді. Ішімдік ішетін жер ғой. Осы жерде қазір біреумен сөйлесіп көреміз. Тағы бір бағымызды сынап көрейік... Сәтін салса...

Қожекеңнің жүрегі дүрсілдеп ала жөнелді. «Я, алла, я, алла...» Бұлар бұрыштағы үстелге отырды. Тағы да даяшы қыз келді, заказ берілді. Біраздан соң Асылбек орнынан тұрып, сымға қонған қарлығаштардай сатушының төңірегінде қаз-қатар тізіліп отырған жұрттың арасына барды. Әлдекіммен шұқшиып, ұзақ сөйлесті. Арақ иісі, темекі түтіні, у-шу болған радио үні Қожекеңнің басын айналдырды. Әлден соң би басталды. Қыз екені, ұл екені белгісіз, ұзын шашты біреулер ортаға шығып алып, ұстамасы бар адамдай селкілдеп, аяқ-қолдарын сермеп, өздерін өздері жұлып жеп, тайраңдап жүр.

– Ойбай, мынау не пәле? – деді шошып кеткен Қожекең.

– Би ғой, – деді Асылбек отырып жатып.

– О, әмірі күшті құдай... – Қожекең әлдекімдердің сүйісіп жатқанын көріп, көзін тайдырып әкетті.

– Жастардың көңіл көтеретін жері ғой.

– Е, бәрекелде, шырағым, көңіл көтергенге не жетсін.

Даяшы үстелге бір бөтелке шампан қойды.

– Қарғам-ау, мынауың не? – деді Қожекең Асылбекке таңырқай қарап.

– Қазір іздеген адамымыз келеді, соған алдым...

Би біткен кезде жын ойнақтың ішінде айрықша көзге түсіп, аласұрып жүрген ақ шалбарлы қыз Қожекеңдердің үстеліне қарай жүрді. Өзі мастау секілді, аяғын ырғалып басады...

«Мына пәле қайтеді», – деп тіксініп қалды Қожекең.

Асылбек орнынан ұшып тұрды.

– О, Гүлсім, кәне, төрге шық. Күтіп отырмыз.

Гүлсім екі ортадағы орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Мұның кім екеніне түсінген Қожекең басын көтеріп, оның бетіне тура қарады. Тура қарады да, қыздың сұлулығына қайран қалды. «Апырмай, ажары келіскен бала екен, осынша қор болғанын қарашы».

– Гүлсім, – деді Асылбек қызға көзімен Қожекеңді көрсетіп. – Мына кісі Болаттың әкесі...

– О, о, – деді Гүлсім кісі сыйлаудан қалған мастарға тән дөрекі үнмен. – Привет, старик... Очень рада вас видеть...

– Гүлсім, – деді Асылбек реніште үнмен. – Үлкен кісімен бұлай сөйлесуге болмайды ғой...

– Үлкен кісіге мені емес, баласын жөндеп алғаны пайдалырақ болатын еді...

– Гүлсім...

– Ладно, ладно...

Қожекең қыздың мына мінезін көңіліне ауыр алды. «Япырмай, осынша шектен шығуға бола ма екен?..»

Асылбек бокалдарға шампан құйды. Содан кейін қызбен соғыстырып, өзі бір жұтты да, бокалын жылытқысы келгендей қос қолдап ұстап тұрып:

– Гүлсім, – деді тағы да. – Сен бұлай сөйлесуге тиісті емессің. Біріншіден, Болат пен екеуіңнің араңдағы оқиғаға бұл кісі жауап бермейді. Екіншіден, бұл кісі жалғызынан айырылған, жарымкөңіл адам. Болат қайтыс болды.

Гүлсім сәл ойланып қалды да:

– Сол үшін, – деді бокалын көтеріп.

Қожекеңнің төбе шашы тік тұрды. Тізелері дірілдеп кетті...

– Қой, шырағым, мен кетейін, – деді даусы қалтырай.

Асылбек Қожекеңді әрең тоқтатты.

– Сабыр етіңіз, Қожеке, не болғанда да шаруамызды бітіріп кетейік.

Қыз бокалын түбіне дейін сіміріп ішті де, үстелде жатқан сигаретін алып, асықпай тұтатып, аузынан сақиналап түтін шығарды.

Қожекең басын көтеріп, оның осыншалық сұлу жүзін көргенде тағы таң қалды. «Жасаған, адам баласын мінсіз

ғып тудыра береді екен-ау... Неге бірақ осынша қаражүрек болды екен?»

– Біздің сөзіміз мынау. Гүлсім... – Асылбек те сигарет алып тұтатты. – Болат үйленбей қайтыс болды. Өзі бір шаңырақтағы жалғыз бала екен. Мына кісі Болаттан бала бар екен дегенді естіп келіп отыр. Бұл кісінің уайымын сен екеуіміз түсінбейміз...

– Ал менің уайымымды түсінетін адам бар ма? – деді Гүлсім тілі күрмеле.

– Неге жоқ...

– Сен түсінесің бе Мына кісі түсіне ме? Жоқ... Ешқайсың да?

– Жұрттың бәрі бірдей қатыгез емес қой.

– Болмай-ақ қойсын. Мені бақытсыз етуге бір адамның қатыгездігі жетіп жатыр. – Гүлсім шайқалақтап орындыққа шегініп отырды да қайталап: – Қайтыс болды, – деді кекеткен үнмен. – Подумаешь... Мен де қайтыс болғам... – Мастықтан буалдырлана бастаған таңғажайып көздерін шектен тыс бажырайтып Қожекеңе тесіле қарады. – Сенбей тұрсыз ба? Баяғыда қайтыс болғам. Ал мынау (саусағымен кеудесін түртті) басқа адам... Мені өлтірген сіздің балаңыз...

– Гүлсім, – Асылбек қолынан ұстап оны өзіне қаратты. – Сен тым болмаса бізді тыңдасаңшы.

Гүлсім тыңдауға келіскенін білдіріп, ілгері жылжып отырды.

– Ақылға сал, Гүлсім, – деді Асылбек сөзін жалғап. – Сенің де ата-анаң бар. Мына отырған шалдың ағарған шашын сыйла. Болаттан қалған сәби үшін өздерін құрбандыққа атауға әзір. Ол сәби шаңырақ иесі ғой. Бір әулеттің жалғасы ғой, түсінсеңші. Бәріңе де ортақ болмай ма? Қожекеңнің келген мақсаты – сәбиді алып кету.

Гүлсім әңгімеге жаңа түсінгендей елең ете қалды да, кенет мүлде өз бойына үйлеспейтін дөрекі үнмен селкілдей күлді.

– Енді ойнастан қалған баланы жинап...

– Тек, шырағым, – деді шошып кеткен Қожекең.

Өтірік-шыны белгісіз, Гүлсім күлкісін тыяр емес.

– Қызық екен, – дейді ішін басып. – Ойпырай, ә?!..

Күлкісінің аяқ кезінен өтірік күліп тұрғаны байқалды.

Асылбек тағы шампан құйды. Гүлсім кідіртпестен қағып салды да, иегіне аққан шарап тамшыларын сүртпестен бұрынғыдан да масаңдау үнмен:

– ...Келген мақсаты-ы-ы – сәбиді алып кету-у-у, – деп кекетті.

– Шырағым, не айтсаң да қорлығыңа көндім. Тілегімді орындасаң болғаны, – деді Қожекең біртүрлі азалы үнмен.

– Гүлсім...

– Жоқ, – деп шаңқ ете қалды Гүлсім... – Әлдеқалай мастығы айығып, түрінен тарқамас долылық пен кешірілмес қатыгездіктің ұшқыны ойнады. – Ешқашан да! – деді қолын сілтеп. – Бәрі біткенде, бәрі түзелместей бүлінгенде енді кешірім сұрамақшы. Ұяттарың бар ма?..

Асылбек «Гүлсім» деп тоқтатпақ болып еді, ол одан жаман долданып кетті. Шаңқылдаған дауысқа жұрттың бәрі бұрылды.

– Тыңдамаймын ештеңені, – деді Гүлсім біреуді тырнайтын адамдай ашына айғайлап. – Сендердің көкейлеріңді тесіп бара жатқан өз қамдарың... Шаңырақ керек, бала керек сендерге... Ал мен сендерге... Ал мен сендерге адам емеспін бе?.. Неткен қатыгезсіңдер! Мейлі данышпан-ақ болыңдар, неге менің өмірім сендердің өмірлеріңнен кем болуға тиісті. Неге сендердің қайғыларыңды бүкіл ел болып бөлісуге тиісті, мен неге жалғыз көтеремін? Неге? Сен, – деді Асылбекті көзін шұқып алардай саусағымен нұсқап, – мына кісіге көмек керек болғанда жаныңды саласың, ал маған керек кезінде неге қол ұшыңды бермедің? Неге осылай шабылмадың? Болат менің өмірімді улады. Бірақ сендер оның сол қылмысын серілік деп ат қойып, мақтаныш қыласыңдар. Не деген қатыгезсіңдер?

Гүлсім үстелді тарс еткізді де, ауырсынып, қолын ұстай алды. «Бермеймін баланы! Өлсем де бермеймін», – деген күйі жүгіре басып, есіктен шығып кетті.

Қожекең терезеге бұрылғанда дауыс қылған әйелдей бетін басып, солқылдап, шайқала басып бара жатқан Гүлсімді көрді.

* * *

Қожекең келесі күні таңғы ұшақпен облыс орталығына түсті. Ауданға ұшатын ұшақ екі күннен бері болмаған ба, әйтеуір билет алып, аэропортты кезіп жүргендер көп екен. Қожекеңнің тура алған билеті кейінге қалды. Бірақ іле-шала келген пошта ұшағы қалған жұртты тегіс отырғызды. Тіпті соның өзі дұрыс болыпты, ұшқыш жігіт Қожекеңді поштамен бірге дәл ауылының үстіне тастап кетті. Пошта алуға келген жас бала – Қайырбектің ұлы Қожекеңнің қайдан пайда болғанына түсінбей, бумаларын жинап жүріп, көзіне түскен кепкасының астынан қайта-қайта қарай береді.

– Әй, неге сәлем бермейсің? – деді Қожекең баланы таяғымен түртіп, – менімен бірге түнеп шығып па ең?

– Ассалаумағалайкум!

– Әликісәлем. Әке-шешең күйлі ме?

– Күйлі.

– Елде бөтен жаңалық жоқ па? – деді Қожекең арбаға отырғаннан кейін.

– Жоқ.

Зираттың тұсына келгенде, Қожекең арбаны тоқтатып, жерге түсті:

– Жүре бер, айналайын, жақын жер ғой, енді жаяу да барамын. Болатжанның басына соғып кетейін. Мына менің шемоданымды үйге тастай кетерсің.

Қожекең аяңдап, зират басына келді. Аузынан насыбайын алып, түкірініп, маңдайының терін сүртті.

Баласының күмбезіне тақап келіп, тізерлеп отырды да, әлдебір ұзын сонар аят бастады. Қабір басын күңірентіп, аятты ұзақ оқыды. Ақыры қолын жайып, бетін сипады да, орнынан тұрды. Күмбездің сыртын айнала беріп, селк ете қалды. Болаттың суреті салынған көк тасты өзі жоқта орнатып қойыпты. Болаттың суретін көріп, Қожекең босап сала берді. Көк тасты құшақтап:

– Жарығым-ау, – деді даусы тарғылданып. – Жатырмысың, жарық дүниеге келгенде көрген жалғызым-ау. Таянышым-ау!..

Қожекеңнің көңіліне жиналған әлдебір реніш запырандай жүрегін қыжылдатып, соның бәрін ақтарып, әлдекімге шағынғысы келді. Есіне қайтыс болған белгісіз немересі мен сол немересінің анасы, жарымкөңіл Сәуле түскенде ащы уайым өзегін өртеді.

– Мұ не қылғаның, жарығым-ау. Бәрі қолыңнан келгенде қиянат қылмау қолыңнан келмегені ме, жарығым-ау. Құдайдан көрген зәбір тірліктің заңы шығар, адамнан көрген зәбір қымбат, жарығым-ау. Соны неге түсінбедің? – Қожекең сақалына сорғалаған жасын сезбей, құлпытасты сипай берді. – Қалайша түсінбедің, құлыным-ау! Хайуанның да обалы жібермейді деуші еді, адам обалы қайтіп жіберсін... – Қожекең көріскен адамдай құлпытасты құшақтап алды. – Құлыным-ау, – деді кемсеңдеп, – қара тырнағыңнан садаға кетейін, құлыным-ау...

Қожекең қалтасынан орамалын алып, көзін сүртіп, көңілін бекітті. Сосын ұлының суретіне қадала қарады. Көрік десең көрік, білім десең білім бар. Ел сыйлаған азамат. Бәрі де бар, құдай-ау, бәрі де... Сонда не жетпейді?

Қожекең етегінің шаңын қағып, орнынан тұрды. «Бұл дүниеде ешкім ештеңені өзімен бірге алып кетпейді екен-ау, – деп ойлады ол. – Жаманшылық істесең де, жақсылық істесең де – бәрі осы дүниеде қалады. Біреулер соның не азабын, не рақатын көреді».

Қожекең зират шетіндегі баяғы Қыз Бәтіш пен Ерсейіттің қос емшек моласының жанынан өтті. Жарықтық! Өздері өлсе де, арттарында аңыз қалды. Ерсейітті қыздың ағалары өлтіргенде Қыз Бәтіш түн ішінде мола басына келіп, өзіне-өзі пышақ салып өліпті. Елдің игі жақсылары кеңесіп, жігіттің қасына көмсе керек. Қыз Бәтіш керемет сұлу боптыдесетін қариялар. Қожекең Қыз Бәтішті көз алдына елестетіп көріп еді, көрмеген адамның бейнесі кешегі талшыбықтай Гүлсім болып елестеді. Және әнебір «Бар» деген бәленің ішінде отырған секілді. Қожекең жын-ойнақтың ішінде отырған Гүлсім екенін, я Қыз Бәтіш екенін айыра алмағандай, шошыныңқырап қабағын шытты. Екеуі бір

адамға айналып кеткенге ұқсайды. Қожекең артында қалған молаға бұрылып қайта қарады да, әлдене есіне түскендей:

– Апырай, қасиеттім-ай, қор қылған екенбіз-ау өзіңді! Қор қылған екенбіз-ау... – дей берді даусы қалтырап. – Қор қылыппыз ғой...

Қожекең бір сөзін әлденеше рет қайталып, біразға дейін өзіне-өзі келе алмады. Кенет қараңғы түнек түкпірінен көрінген жарықтай бір ой жылт ете қалды. «Апыр-ау, – дейді әлгі ой, – немереңнің бар екені анық қой. Өзге ортада, өзге отбасында өмір сүрсе де, әйтеуір бұл дүниеде бар ғой. Сол бейтаныс сәбидің көкірегінде сенің де жаныңның бір бөлшегі лүпіл қағып тұрған жоқ па? Ендеше, сен де өлген жоқсың». Қожекең әлдеқалай аңырып, ойланып қалды. «Бар немереден тірі айырылу да бір өлім емес пе?» – дейтін секілді тағы бір ой. Бірақ тірі айырылу өлім бе екен? Әйтеуір бар ғой. Дәм таусылып, дүниеден озған күні артында бір тіршіліктің қалғанын сезер болсаң, ол да жоқтан бар жұбаныш емес пе? Осы тұста ойына ой қосылды. «Ол сәби ержетпей ме? – деп одан әрі қиялдады. – Ержеткен соң, анасынан ататегін сұрамас па! Сұрап білгеннен кейін, іздеп келмес пе! Азамат болса, өз орнын таппас па!» Қожекең әлдеқалай ширап сала бергендей болды. Мына қиялы өзіне қисынды көрінді. Тіпті солай болмаған күннің өзінде де, сәтті аяқталатын ертегідей үміт отын жағып тұрған секілді. «Я, Алла, – деді бір кезде көкірегі қарс айырыла қолын жайып, – ғұмырын ұзақ қыла гөр! Мың бір пәледен, жүз бір қатерден сақтай гөр! Қатарының алды қыла гөр! Өмірін өксітпе! Ауыртпалықтың бәрі менімен кетсін, жаратқан ием! Мені жылатсаң да, оны жылата көрме!» Қожекең «әумин» деп бетін сипады. Немересінің атыжөнін білмеген соң, батасы да далаға айтылғандай болып, қоңылтақсып тұрды да, «ол баланы мен білмесем, Алла біледі» деп өзін өзі жұбатқандай болды. «Аллаға бәрі аян».

Қожекең әлдебір кінәлі іске қатысы барын амалсыз мойнына алып, кесімді жазаға ризашылық білдірген айыпталушыдай басы салбырап аз-кем тұрды да, неге болса

да көнген, төзген адамның кейпінде терең күрсініп алып: «Қайда жүрсе де, аман жүрсін», – деді күбірлеп.

Содан кейін басын көтерді. Қиял да болса, әйтеуір, өз өмірінен бір мағына тапқанына көңілі көншігендей, аяғын ширақ басып бара жатты...

Пьесалар

БІЗ ҮШЕУ ЕДІК

Екі актылы пьеса

Сейтбек Нұрхановқа
арнаймын

Қатынасушылар: Мұрат, Дариға, Өмірбек.

Бірінші көрініс

Қалалық пәтердің ішкі көрінісі. Зал. Ортада үстел, орындықтар. Стенка-жиһаз. Диван. Теледидар. Қабырғада панно. Бұрыштағы электр-шырақ бөлмеге жарық түсіріп, түннің бір уағы болғанын білдіріп тұр. Үйдің қоңырауы безілдеп әкетіп барады, сыртта – беймезгіл қонақ. Бүйірдегі есіктен халатын жүре киіп, Дариға шығады да, есік ашады. Сырттан басында қалпағы бар, жұқа плащ киген, қолында іссапарға алып жүретін сөмке – Мұрат кіреді. Бір сәт аңырып қалған Дариға қуанып: «Мұратпысың!» – деп құшақтай алады.

Мұрат Дариғаның арқасынан қағып: «Дәл өзімін ғой, қорқып кеттің бе?» – дейді күліп.

Д а р и ғ а (*жадырап*). Түнделетіп қайдан жүрсің?

М ұ р а т (*сөмкесін жерге қойып, бас киімін алып*). Келген бетім, әлгінде түстім ұшақтан. Амансыңдар ма?

Д а р и ғ а. Шүкір. Өзің ше?

М ұ р а т. Аманшылық. Ұлың қалай, өсіп жатыр ма?

Д а р и ғ а. Биыл мектеп бітіреді.

М ұ р а т (*таңырқап*). Қойшы?

Д а р и ғ а. Қоятын түгі жоқ, сен мұнда ат ізін салмағалы неше жыл?

М ұ р а т. Апырай! Уақыт қалай зымырайды?

Д а р и ғ а. Ал төрге шық.

(*Мұрат плащын іліп, бәтеңкесін шешіп, диванға отырады*).

М ұ р а т. Денсаулық қалай?

Д а р и ғ а. Жаман емес.

М ұ р а т. Қызметің бұрынғыша ма?

Д а р и ғ а. Бұрынғыша... Аздап өзгеріс те бар, диссертация қорғадым. Мәскеуден бекіп келді.

М ұ р а т. «Аздабы» несі-ей? Бұдан артық қандай өзгеріс керек? Кәнеки, құтты болсын! (*Орнынан тұрып, Дариғаның қолын алып, бетінен сүйеді*). Шақырмадың ба тойыңа? (*Қайта отырады*).

Д а р и ғ а. Сенің ондай дүниеуи нәрселерге мән бермейтініңді білген соң, шақырмадым. (*Күледі*).

М ұ р а т. Ғылыми диссертация дүниеуи нәрсе ме екен?

Д а р и ғ а. Әкетіп бара жатқан ештеңе жоқ. Керемет жаңалық ашты дейсің бе? Тырбанып еңбек еткен соң, ел қатарлы бірдеңе жасаған боласың... Қазір мен шай қояйын, сосын әңгімелесеміз.

М ұ р а т. Жоқ, қоймай-ақ қой, жаңа аэропорттың ресторанынан тамақтанып алдым. Онанда кел, отыр... (*Жанынан орын көрсетеді*).

Д а р и ғ а (*Мұраттың қасына отырып жатып*). Соған қарағанда, бұл үйге келу тіпті ойыңда болмаған ғой.

М ұ р а т. Түн болып кеткен соң, мазаламайын деп едім...

Д а р и ғ а. Ай, әулием-ай, бір өзгермейтін адам сен шығар деуші ем, сен де өзгерейін деген екенсің-ау...

М ұ р а т (*күлімсіреп*). Өзгерген түгім жоқ, тек түн болған соң...

Д а р и ғ а. Онда неге келдің?

М ұ р а т. Тұсыңнан өтіп бара жатып, шыдай алмадым, қонақ үйге жаяу барармын деп, таксиді де қоя бердім.

Д а р и ғ а (*Мұраттың иығына қолын қойып*). Рақмет ұмытпағаныңа. Біз де сені сағындық. Осы күні дұрыстап

шер тарқатып, әңгімелесетін адам да жоқ, адам болса, уақыт жоқ. Қалың жұрттың ортасында жүріп, жалғыздық деген ауруға ұшырадық.

М ұ р а т (*ойланып*). Бұрынғы достардан ешкім қатынамай ма?

Д а р и ғ а (*басын шайқап*). Жоқ.

М ұ р а т. Неге?

Д а р и ғ а. Қазіргі адамдар қызмет ыңғайымен ғана араласатын болды. Қызмет ауысқанда дос та ауысады.

М ұ р а т (*күліп*). Қойшы, сен де, әйтеуір, дүниеге қара аспанды төңдіресің де отырасың.

Д а р и ғ а. Ал қойдық, мен қойғаннан бәрі жақсарып кете қойса.

М ұ р а т. Жақсарғанда қандай. Өмір деген өзің жақсы десең – жақсы, жаман десең – жаман. Бәрі де сенімге байланысты.

Д а р и ғ а (*сәл ойланып*). Қандай бақытты адамсың?!

М ұ р а т (*таңырқап*). Неге?

Д а р и ғ а. Бәрін де көріп, біліп жүріп, жақсылыққа деген сеніміңді жоғалтпау – бақыт емей не?

М ұ р а т (*күліп*). Жоғалтпау үшін, алдымен ол бар болу керек. Қазір жұрттың көбі әуелде жоқ затын жоғалттым деп ақталуға құмар. Сосын... бәріне де «қатыгез өмір» кінәлі болып шыға келеді. Сенімін де жоғалтқан – сол, жақсы қасиеттерін де тонаған – сол. Ал өзі түкке де кінәлі емес. (*Тағы да күледі*).

Д а р и ғ а. Сонда қалай? Сыртқы ортаның адамға еш әсері жоқ, бәріне де адамның қарақан басы кінәлі ме? Онда жаманшылық жөндеуге келмейтін, туа біткен қасиет болды ғой.

М ұ р а т. Жоқ, мүлде олай емес. Сыртқы ортаның, сөз жоқ, әсері болады. Бірақ соның залалды ықпалына қарсы тұра білу – кісіліктің белгісі.

Д а р и ғ а. Ал сыртқы жағдайдың қуаты адамнан асып түссе ше?

М ұ р а т. Бәрібір.

Д а р и ғ а (*ерегісіп*). Жоқ, бәрібір емес.

М ұ р а т (*сабыр ет дегендей, қолын сәл көтеріп*). Мен былай ойлаймын: дүние жақсылық және жамандық деп аталатын екі лагерьге бөлінеді. Мысалы, менің қалаға-

ным – Жақсылық, екінші біреудің қалағаны – Жамандық. Жамандықты қалаушы – дүниеде шешуші рөлді жамандық атқарады және ол – тіршіліктің негізгі күші деп сенеді. Айталық, ұры ұрлық арқылы баюға, байыған соң, бақытты болуға болады деп ойлайды. Дүкеннің қасында қойнына тығып кофта сатып жүрген алыпсатар сол жолмен бақытты болуға болады деп ойлайды. Немесе, рецидивист қылмыскер кезекті қылмысын жасағанда өз ісінің мәні бар екеніне, содан нәтиже шығатынына сенеді. Ал мен неге оп-оңай өз сенімімнен ажырауға тиістімін. (*Басын шайқап*). Жо-о-оқ. Мен кері мағынасындағы рецидивиспін, сондықтан сыртқы жағдай менен жүз есе мықты болса да, мен алған бетімнен қайтпаймын.

Д а р и ғ а. Тұу, құдайым-ай! Тура баяғы қалпың. Бірдеңені дәлелдеуге келгенде сенен шебер адам жоқ... Бірақ сен менің сөзімді бұрмалап отырсың. Егер адамның өмір жайлы ой-пікірі қатал шындықпен бетпе-бет келгенде сәл-пәл өзгеріске ұшыраса, ол адамды бірден Жаманшылық лагеріне өткізіп жіберу әділдік болар ма екен? Онда сіздің лагерьде өзіңізден басқа ешкім қалмайды. Тіпті жер бетінде әлгі екі лагерьдің екеуіне де жатпайтын қанша адамдар бар. Сондықтан сен дүниені ақыр бөлгің келсе, үшке бөл, сонда шындыққа жақындайсың.

М ұ р а т. Екі лагерьдің екеуіне де жатпау мүмкін емес. Егер біреу біреуді жазықсыз зәбірлеп жатса, жанында үнсіз тұрған адам – ол үшінші лагерь емес, бұзақыға көмектесуші, өйткені ол ана бейшараға қосылса, екеулеп бұзақының бетін қайтарар еді. Ол өзінің үнсіздігімен зорлыққа қарсы еместігін, жапа шеккенге жаны ашымайтынын білдіріп тұр. Ал жаны ашымау – үлкен қатыгездік.

Д а р и ғ а (*күліп*). Ал мені қай лагерьге қабылдайсың?

М ұ р а т (*бұл да күліп*). Әрине, жақсылық лагеріне.

Д а р и ғ а. Ура! Лагерьге қабылдандым.

(*Екеуі де күледі*).

Д а р и ғ а. Құдай-ау, мен саған түк те бермеппін ғой...

М ұ р а т (*Дариғаны иығынан басып*). Түктің де керегі жоқ, отыра бер.

Д а р и ғ а. Қой, аздап та болса, бірдеңе ішейік. (*Орнынан тұрып, стенканың барынан екі рюмкаға коньяк құйып*

әкеледі). Менің лагерьге өткенімді жумаймыз ба? (*Рюмканың біреуін Мұратқа ұсынады*).

М ұ р а т (*рюмканы алып*). Жарайды онда... жусақ, жуайық.

(*Екеуі қағыстырып, бір-екі ұрттап, рюмкаларын қолдарына ұстап отырады*).

Д а р и ғ а (*қолындағы рюмкасына қарап отырып*). Баяғыда, есіңде ме, үшінші курста 7 қарашаны тойлағанымыз...

М ұ р а т. Есімде.

Д а р и ғ а. Қалтамыздағы ең соңғы тиынымызды жинап, Мұқанды дүкенге шарап әкелуге жібергеніміз есіңде ме?

М ұ р а т. Есімде. Мұқан жолда бәрін сындырып алған.

Д а р и ғ а (*ішегі қата күліп*). Мұны көргенше асылып өлейін деп Құдайбергеннің арқан іздегені есіңде ме?

(*Мұрат басын изеп, мәз болып, селкілдей күледі*).

Д а р и ғ а (*күлкісін әрең тыйып*). Енді қайтейік, өліп-талып, жан шықты дегенде әрең жинаған азғантай ақша еді... (*Тағы күліп*). Бүкіл үй-орманы өртеніп кеткен адам дәл сол жолғы біздей күйінбес.

М ұ р а т. Өзін де бір-ақ арадай таладық-ау...

Д а р и ғ а (*тағы да ішегі қата күліп*). Марат қолын теріс жайып, қарғады ғой...

М ұ р а т (*жымиып*). Мұқан кейін өзі айтып жүретін, сол жолы бәрің жабылғаннан мінезім өзгеріп кетті деп.

Д а р и ғ а (*таңырқай дауыстап*). Ой, шіркін-ай. Өзгере қалғаны. Қайта өзімізге шаптығып: «Жерге сіңген жоқ, асфальтқа төгілді, барып ішіңдер», — деген кім екен?

(*Екеуі де күледі*).

М ұ р а т. Қазір қайда істейді екен өзі? Облыстық газетте деп бір естіген секілді едім.

Д а р и ғ а. Тіпті хабарым жоқ.

М ұ р а т. Шынында да, бірге оқыған солардың қайда кеткенін білмейміз. Біреулер отыз-қырық жылдан кейін де бас қосып жатады. Біздер неге сөйтпейміз?

Д а р и ғ а. Себебі, бас қосу — бұрынғы жастық шақпен қайта кездесу деген сөз. Ал жастық шақтың жүзіне тура қарауға көбінің беті жоқ.

М ұ р а т. Мәселен, кімдердің?

Д а р и ғ а (*күліп*). Мәселен, мына менің. Баяғыда қандай едім, қазір қандаймын? «Университетте бәріміз ғашық болған қызымыз, тәйірі, мынау ма?» – десе, қайтемін.

М ұ р а т (*Дариғаның жүзіне көз тоқтата қарап*). Құдайға шүкір, әлі талай адам ғашық болғандай мүмкіндігің бар.

Д а р и ғ а (*сықылықтай күліп*). Ой, рақмет, көңіліңді құдай көтерсін. Маған ыңғай комплимент айтып жүретін бір адам бар осында. Баяғы Сәлмен есіңде ме? Қазір үлкен бастық. Әбден семіріп алған, әрең жүреді шайқақтап. Сол мені көрген сайын: (*даусын құбылтып*) «Дариғажан, осы сені көргенде көктемді көргендей боламын, баяғы жастық шағыңнан, апырмай, бір өзгермейсің», –(*даусын қайтадан қалпына келтіріп*) деп мәймөңкелеп, жынымды ұстатады. Албасты. Баяғы Гүлжамалды төрт баласымен тастап, басқа әйел алған жоқ па...

М ұ р а т. Солай ма?

Д а р и ғ а. Білмеуші ме едің? Бір дөкейдің қызын алған. Басқа әйел тастағандар карьерасынан айырылып жатқанда, бұл оңбағанның түгі де кеткен жоқ... (*Кідіріп*). Әңгіме неден шығып еді... иә, комплимент дегеннен екен ғой. Содан кейінгі комплимент айтушы сен болып отырсың.

М ұ р а т. Өте бір жақсы адамның қатарына апарып қойғаныңа рақмет.

Д а р и ғ а (*күліп*). Комплиментші небары екеу болса, екеуін қатар қоймағанда, не істеймін. (*Мұратқа қарап қылық көрсете*). Ал, жарайды, екеуіңді екі жаққа қояйын. (*Көзге көрінбейтін бірдеңені екі жаққа қойып жатқандай бір қимыл жасайды*). Мына жақта – сен, ал мына жақта – Сәлмен.

М ұ р а т. Өте тамаша. Енді бер жағына мен тектес, ар жағына Сәлмен тектес адамдарды қой. Тағы кімдер бар?

Д а р и ғ а (*ойланып*). Онда сен мына жақта жалғыз қалуың мүмкін. Жалғыз қалудан қорықпайсың ба?

М ұ р а т. Дүниедегі ең жақсы серік – шындық. Содан басқасынан айырылудан қорықпаймын.

Д а р и ғ а (*ойланған күйі*). Онда мейлің... Тағы кімдер дейсің бе? Анда-санда Дәрменді көріп тұрамын. Сауда қызметіне ауысқан болатын. Мұндай паң көрсем, не

дейсің? Көшеде кездессе, амандаспайды, сонымен бірге оқығанына қазір өзім күмәнданамын.

М ұ р а т. Бопты, онда әрі қарай жібер.

Д а р и ғ а (*көзге көрінбейтін бірдеңені әрі қойып жатады*). Сосын ба? Қайдар баяғыша өзімен-өзі, сол қалпы, бірақ... КГБ-да істейді.

М ұ р а т. Амандаса ма?

Д а р и ғ а (*басын изеп*). Амандасқанда қандай.

М ұ р а т. Ендеше бері, менің қасыма жібер.

Д а р и ғ а (*бері қойғысы келмей*). КГБ-да істейді деп отырмын ғой.

М ұ р а т. КГБ-да істеу жамандықтың белгісі деп кім айтты саған?

Д а р и ғ а (*иығын қиқаң еткізіп*). Пожалуйста. (*Көзге көрінбейтін «Қайдарды» бергі жағына қояды*). Сосын... Айтпақшы, Мырзекен байғұс ішіп кетті. Қандай тамаша жігіт еді.

М ұ р а т (*таңырқап*). Қойшы, рас па?

Д а р и ғ а. Қоятын түгі жоқ, кәдімгі маскүнем.

М ұ р а т. Маскүнемдік көбіне рухани жалғыздықтан туады ғой, жан сырын бөлісетін досы болса, өйтпес еді. Жалғыз адам арақпен де, басқамен де жолдас болып кете береді...

Д а р и ғ а. Құдай үшін, басқаны қорғасаң да, маскүнемді қорғамашы. Оған адамның қарақан басынан басқа тағы бірдеңе кінәлі дегенге өлтірсең, сенбеймін.

М ұ р а т. Жанашыры болмау деген жаман нәрсе.

Д а р и ғ а. Ну и что? Егер өзін-өзі қорғауға шамасы келмесе, кім көмектеседі оған. Өзгелердің де жетісіп жүргені шамалы, оған көмектеспек түгіл.

М ұ р а т (*сеніммен*). Көмектесуге болады.

Д а р и ғ а. Ол сонда осының бәрін білмегеннен, түсінбегеннен істеп жүр деп ойлайсың ба? Бала емес қой ол, айналайын-ау, ақыл айтатын. Қазір бала да алмайды айтқан тіліңді.

М ұ р а т. Көмектесуге болады. Ол үшін тек адамдар бір-бірімен жақын болу керек. Алғашқы қауымның адамдарын сақтап қалған – жақындық. Он адам бас қосып, жақын болса, күш, қауым, ал біз онымыз он жалғыз болып жүреміз. Жалғыз адамда күш те, сенім де болмайды.

Жақындық пен араласу жоқ жерде махаббат та, ғадауат та болмайды. (*Дариға орнынан тұрып, барды ашып, басталған коньяктың шынысын алып, қайта отырады. Мұраттың рюмкасына коньяк құяды. Мұрат сөзін жалғастырады*). Содан барып неше түрлі құбыжықтар пайда болады. Есіңде ме, баяғы бала кезде оқыған ертегіміз: көпес бір сапардан көңілсіз оралады, сөйтсе бақтағы гүлін жұлғаны үшін әлдекандай бір құбыжыққа қызын беретін болып келісіп келіпті. Қалған қыздары ат-тонын ала қашқанда, кіші қызы әкесі үшін құрбандыққа баруға келіседі; ал құбыжық деп жүргеніміз денесіне жақсы көрген адамның көз жасы тамған кезде адам қалпына келетін шартпен сиқырланған көрікті де, ақылды жас байбатша екен.

Д а р и ғ а (*Мұраттың үнімен ертегіні жалғастырып*). Ақырында өліп жатқан құбыжық әлгі қыздың көзінен тамған жастан тіріліп, адам қалпына келеді. Солай ғой?

М ұ р а т. Дәл солай. Өзің ойлашы, біздің арамызда да сүйген адамының көз жасы жанына тамбағасын, жіби алмай жүрген талай рухани құбыжықтар жүрген жоқ па? Соларға шын сүйген адамның жан еріткен көз жасы тамса, жүректері жұмсарып, мейірбан жанның қалпына түспес пе еді?

Д а р и ғ а. Жоқ, келіспеймін. Онда баяғы Сағынтайды қайда қоясың? Оны сүймеген, оның соңынан жылап-еңіреп, ермеген қыз қалды ма? Тіпті жүрегіне тамған көз жасынан оның тұншығып өлетін кезі болды. Бірақ ол одан түк те өзгерген жоқ.

М ұ р а т. Кез келген көз жасына ери берсе, не болады?.. Сәйкестік деген бар... Мәселен, халсыз жатқан адамды аман алып қалу үшін қаныңды бересің, бірақ сенің қаның оған сәйкес келмеуі мүмкін. Ықыласың адал, бірақ қаныңды құюға болмайды. Сол сияқты, группасы сәйкес келмесе, көз жасы қанша тамғанмен, әрине, жанға тарамайды.

Д а р и ғ а (*қолын сілтеп*). Әй, қойшы. Қазақтар баяғыда жастарды құда түсіп, қолдан қосып жатқанда да группасы сәйкес келмей, өліп қапты дегенді естіген жоқпын.

М ұ р а т. Неге естіген жоқсың? Махаббат үшін жанын қиғандар тарихта аз ба?

Д а р и ғ а. Сенің бір ғасырда бір-ақ рет кездесетін ондай махаббатыңмен адамзаттың ұрпағын жалғастыру мүмкін емес.

М ұ р а т. Ұрпақ қалдыру жануарларда да бар. Бірақ ол махаббат емес.

Д а р и ғ а. Ұрпақты алып тастасаң, сенің махаббатыңда не әлеуметтік, не философиялық ешқандай мағына қалмайды.

М ұ р а т. Ал от басында бір-бірімен күнде ұрсысып, күнде соттасып жүргендер махаббатқа қорғаныш бола алады деп ойлайсың ба?

Д а р и ғ а. Болғанда қандай.

М ұ р а т (*таңырқап*). Не дейді?

Д а р и ғ а. Махаббат – адамның рухани мұраты. Әр адамның өзінің мұраты бар, яғни әркім өзінше сүйеді. Мәселен, жарына опасыздық жасаған адамның бойында махаббат қалмады деп айта алмайсың. Ол өзінің жарын бұрынғыша сүюі мүмкін.

М ұ р а т. Бір адамның сүюі – толық махаббат емес. Махаббат екі адамның ортасында тұрған таңғажайып шыны ыдыс секілді. Егер біреуі қате қимыл жасап, ыдысты сындырып алса, бітті, енді ыдыс жоқ.

Д а р и ғ а (*жерге қарап ойланып*). Иә, бір сынған ыдысты қайтып құрастыра алмайсың... (*Пауза*). Менде де сондай ғажайып ыдыс болған еді... Қалай деуші еді Мұқағали... (*Ойланып*).

«Махаббат па?
Махаббат болған менде
Жиі барғам аққулар қонған көлге,
Ал қазір тоңған жүрек, солған кеуде...»

М ұ р а т (*жалғастырып*).

«Ғашықтық па?
Ғашық та бола білгем
Бір-ақ жанға ғашықпын бала күннен
Жанымменен сүйемін, жанарыммен...»

(*Рюмкадан ұрттап, көзін бір нүктеге қадап*). Е-е-е, шіркін... бәрі де жақсы басталған болатын. Керемет жақсы басталып еді. Бірақ абайсызда шыны ыдысты өзің сын-

дырдың... Сен оны ержүректікпен мойындауың керек... Қиын екенін білемін, бірақ қатені қате деп толық мойынға алмаса, оның өкініші көңілден кетпейді.

Д а р и ғ а (*кенет ашумен жалт қарап*). Ал сен... Өз қатеңді мойныңа алдың ба?

М ұ р а т (*таңырқап*). Менің қандай қатем болды?

Д а р и ғ а (*басын қос қолымен ұстап, үнсіз тұрғаннан кейін*). Қатеңнің не екенін ұмытып қалсаң, есіңе салайын... Сен, мен, Өмірбек — үшеуіміз университетте бірге оқыдық, бірге жүрдік...

М ұ р а т. Оның не керегі бар? Онсыз да білемін.

Д а р и ғ а. Жоқ, тыңда. Өмірбек сенің ең жақын досың болатын. Мен оған күйеуге шықтым, рас қой?

М ұ р а т. Ал, шықтың.

Д а р и ғ а. Біз қатардағы көп бақытты отбасының бірі болдық. Өйткені бір-бірімізді шын ұнататынбыз.

М ұ р а т. Ал.

Д а р и ғ а. Міне, осы тұста сен бәрін бүлдірдің.

М ұ р а т. Кім? Мен бе? Жоқ, сен бе?

Д а р и ғ а. Сен.

М ұ р а т. Қа-лайша?

Д а р и ғ а (*кекете қайталап*) «Қалайша?..» Кәдімгідей. Мен күйеуімнің көзіне шөп салдым. Сен оны менің күйеуіме жеткіздің. Сөйтіп біздің отбасымыздың тас-талқанын шығардың. Өтірік пе?

М ұ р а т. Дариға...

Д а р и ғ а (*сөзін бөле*). Жоқ. Сен алдымен мені тыңдап ал. Сені біз баяғыда Әулие деп атайтынбыз, есіңде бар шығар. Сенің турашылдығыңды, әділдігіңді, жомарттығыңды бір-бірімізге ертегі құсатып айтушы ек. Ал қазір соның бәрі әншейін балалық секілді маған. Шынымды айтайын, сен мені алғаш сатқаныңда сені онша кінәлағам жоқ, өйткені сенің әулиелігіңе шын сендім. Сен маған одан кейін де көп жақсылық жасадың. Өмірімнің ең қиын сәттерінде қол ұшын беруді ұмытпадың. Қарыздармын. Бірақ... өмір өткен сайын шындықтың беті ашыла береді екен. Сен маған кәдімгі жаны ашымас пенделер секілді орны толмас опасыздық жасапсың. Сенікі шын сатқындық болып шықты... (*Жыламсырап*). Сен тым болмаса, ертең әкесіз өсетін баланың тағдырын неге ойламадың?

Сенің азамат басыңа лайық па еді, біреудің жеке басындағы құпиясын екінші біреуге жеткізу?

М ұ р а т (*өңі бұзыла*). Мұның енді қиянат қой, Дариға. Өлтірсең де, құдай үшін, бұлай күйдірме... Мен сен екеуіңді бірге туған бауырымнан кем көргем жоқ. Егер туған бауырымның әйелі, не өзі ондай опасыздық жасаса, мен қарап отыра алмас едім. Өйткені ол менің өз басымның трагедиясымен бірдей. Сен Өмірбектің көзіне шөп салдың, мен оған Өмірбектен кем қайғырғам жоқ. Өмірде тазалық бар, адал жар, айнымас сүйіспеншілік бар деп кеңірдегімді жыртып, таласқанда жұрт мені күлкі қылып, «көрсоқыр», «ақымақ», «қияли» деп қорлайтын. Сонда мен ормандағы жүзжылдық еменді тірек қылғандай, іштей сені медет қылып: «оттапсыңдар, менің өмірден келтіретін мысалым бар» деп зәредей де алған бетімнен қайтпаушы ем. Ал сен... Өмірбектен бұрын мені өлтірдің... Сен менің арманымды талқандадың, ал ол соққыдан түзеліп, қайта адам болу маған оңайға түскен жоқ. (*Мұрат толқып, төмен қарап, үнсіз қалады. Дариға Мұраттан көзін алмай, оның қолындағы рюмкаға коньяк құяды. Мұрат рюмканы қағып салады. Дариға орнынан тұрып, бөлме ішін кезіп кетеді*).

Д а р и ғ а (*біраздан кейін*). Сен бәрібір мені кешіруге тиісті едің.

М ұ р а т. Егер мен олай істемесем, өз арымның алдында, досымның алдында арылмас күнәға батар едім. Онда мен өмірден жиған-тергенімнен түгел айырылар едім... Үйі құлап, шаңырағы ортасына түскен адам қандай болады, мен де дәл сондай болар едім.

Д а р и ғ а. Ал біздің шаңырақ ортасына түскенде ештеңең кеткен жоқ қой.

М ұ р а т. Мен сендердің шаңырақтарыңды құлатқам жоқ. Оны құлатқан өзіңсің.

Д а р и ғ а (*айғайлап*). Жоқ! Мен емес, сенсің! Мен өз шаңырағымды құлатқым келген жоқ. Ал сен оның құлайтынын біле тұрып, әдейі жасадың.

М ұ р а т. Жоқ, Дариға, не десең, о де, бірақ сен көзіне шөп салды екен деп, мен досымның көзіне шөп сала алмаймын.

Д а р и ғ а (*долданып*). Ақымақ! Сенің шөп салғансалмағаның кімге керек? Кімге керек?... (*Күйініп*). Апы-

рау, қырыққа келгенше өмір дегеннің не екеніне бір түсінбеген не қылған кещесің? Сенің бүйткен әулиелігің құрып кетсін! Сен өмір бойы ештеңеге түсінбей өтетін әпендісің. Сен басқа біреудің рухани дүниесіне басакөктеп кіресің де, өз әміріңді жүргізе бастайсың. Дүниенің түбіне жететін мына сендейлер. Сен секілді әулиелер құрыса екен, сонда жер бетінде тыныштық орнар еді. (*Бөлме ішін әрі-бері кезіп, долдана*). Рас, рас, рас! Мен қателестім, ақымақ болдым, білемін, бәрін де білемін. Бірақ сол жалғыз қате үшін, неге менің бүкіл өмірім өксуге тиісті? Осы әділдік пе? Керек десең, күйеуімнің өзі де дәл сондай жайды бастан кешкен болуы керек. Келбетті, ақылды, тілді жігіт. Мүмкін емес ондай сәтті бастан кешпеуі. Ондай сәтті бастан кешпеу үшін, өмір сүрмей, тек тірі боп жүру керек. Ал мен оның ондай ісін білмеймін. Білмегеннен кейін – бақытты болдым. Оны білудің маған қажеті де жоқ еді. Оған да солай. Біз ештеңені білмегенде сөзсіз бақытты болатын едік. Кенет... ешкімге де керегі жоқ, құдай-ау, өмірде болмайтын Тазалық, Әділдік, Шындық деген қияли қағидаларыңмен біздің тасталқанымызды шығардың. Сенің шындығыңнан гөрі, төбемізден бомба түссе, бұдан әлдеқайда жақсы болар еді... Құдай біледі, сен тек адамдарға бақытсыздық тарату үшін жаралған жансың. (*Ентігіп, шаршап, диванға келіп отырады*). Жұрттың шаңырағын құлатып, болашағын құртып тынғаннан кейін, соның бәрін өзіңнің тазалығың мен өзгенің таза еместігінен деп дәлелдегің келеді. Ал, жарайды, жалғыз сен тап-таза бол, қалған адам тегіс күнәкар. Сонда сенің тазалығың кімге керек?

М ұ р а т (*ойланып*). Менің өмірімде өкінішпен еске алатын ағат іс, артық сөздерім бір басыма жетерлік, Дариға. Оларды енді ешқашан да түзей алмайтыным есіме түскенде одан жаман жерге кірердей болып қысыламын. Бірақ дәл сол кезде сендерге: «Махаббатты аяққа баспаңдар, бір-біріңе қиянат жасамаңдар», – деп алдарыңда тізерлеп тұрып, жалынған кезім мені қызартпайды да, күйзелтпейді. Мен оны өмірімнің бетіме шіркей болар масқара сәті деп ойламаймын. Егер сол кезде әлгі опасыздықты сен емес, Өмірбек саған жасаса, мен бәрібір осы ісімді қайталаған болар ем. Мен сенің жүрегіңнің

алданғанын, намысының қорланғанын көріп, біліп тұрып, бейтарап қала алмас едім. Неге мен сол үшін кінәлі болуым керек? Сендерді өз басымнан бетер қадірлегенім үшін бе? Сендерге сенгенім үшін бе? Әлде өтірікпен, сатқындықпен сыбайлас болмағаным үшін бе?

Д а р и ғ а. Сыбайлас болмай-ақ қой. Оны сенен ешкім де талап етпейді. Тек өзгенің тағдырына, өзгенің отбасына үстемдік жүргізбе. Отбасы – кішкентай, дербес мемлекет, оның ішкі, сыртқы саясаты, дипломатиясы болады. Ол қандай мәселені болса да өзі шешуге тиісті. Сырттан ешкімнің қол сұғуға хақысы жоқ. Түсінемісің осыған? Ал сен басқа мемлекетті өз қолыңмен қиратып салып және сол үшін әлгі қирап жатқан мемлекеттің өзін кінәлі қылғың келеді.

М ұ р а т. Жарайды, солай-ақ болсын. Бірақ ол кішкентай мемлекет тек бір сенен тұрмайды ғой. Оның тағы бір мүшесі бар. Сен айтасың: «Менің тағдырымда не шаруаң бар?» – деп. Ол айтар еді: «Менің тағдырыма сонда неге араласпадың?» – деп. Егер мен сол жолы үндемей қалып, кейін бәрі де белгілі болған кезде ол маған: «Сен бәрін де біліпсің ғой, мен бақытсыздықтың шыңырауына құлап бара жатқанда қол ұшын бермегенің қалай, жан досым?» – десе, менің адамгершілік құнымнан не қалар еді? (*Пауза*). Жо-оқ. Менен басқа керегіңнің бәрін ал, бірақ өзім таңдаған бұл жолдан өлсем де, қайтпаймын. Мейлің күл, мейлің табала, бәрібір жан қиюға тұратын мәңгі тазалық, мәңгі адалдық, мәңгі махаббат өмірде бар.

Д а р и ғ а (*ызаланып*). Қайдағы мәңгі махаббат? Қайдағы шексіз адалдық сендегі?.. Өмірде ащы шындық дегеннің болатынына сенен басқа жұрттың бәрінің көзі жетті. Ал сен баяғы бір әніңді қайталай бересің, қайталай бересің. Ол сенің керемет тазалығың емес, сенің өмірді білмейтіндігің, Мұрат. Әйтпесе, қарамайсың ба төңірекке, көзіңді ашып. Қайда сол махаббатың? (*Залды көрсетіп*). Бар ма мынау өмірде?

М ұ р а т. Бар! Бар!

Д а р и ғ а. Кәне? (*Жан-жағына қарап*). Кәне?

М ұ р а т (*өзімен-өзі, сеніммен*). Бар болғанда қандай! Қозы мен Баян ше? Ләйлі мен Мәжнүн, Ромео мен Джульетта ше?!

Д а р и ғ а (*Мұратқа таңырқай қарап, басын шайқап).* Осы өмірден келтіріп отырған мысалың ба?

М ұ р а т (*Дариғаға қарап*). Мен ойдан алып отырғам жоқ. Бұлардың бәрі де өмірден алынған. Жер бетіндегі халықтар мәңгі махаббаттың бар екенін сендерге дәлелдеу үшін, әдейі солардың атағын аңызға айналдырып, тарихта қалдырған. (*Дариғаны кекеткен үнмен*). Бір халық айтса, сенбеуге болар еді, бірнеше халық айтқанда, сену керек, жолдас Скептик.

Д а р и ғ а (*сәл дағдарып*). Жарайды, айтқаныңның бәрін шындық екен деп қабылдайық. Топырағы торқа болғырлар, махаббат жолында құрбан болып кетіпті. Ал егер олар өлмей, бір-бірімен қосыла қалғанда, не болар еді? Қарапайым ғана бір отбасына айналар еді, ештеңе төтеп бере алмайтын күйкі тірліктің қажауынан ұлы сезімдер коррозияға ұшырап, баяғы жай оғындай жарқ еткен ғажайып махаббаттан түк қалмас еді, қалса да, бізге жетпес еді. Өлімнің арқасында ғана әлгі махаббат ауа кірмейтін вакуумға сақталғандай, уақыттан, кеңістіктен, тіршіліктен тыс мәңгілік ғұмыр кешетін жағдайға тап болды. Егер Өмірбек екеуіміз қосылмай тұрып, өліп кетсек, біз де сендердің саналарыңда сүйіспеншіліктің үлгісі болып сақталар едік. Біздің бақытсыздығымыз — тірі жүргеніміз.

М ұ р а т (*күйініп*). Апыр-ай, сендерді өмірдің қарапайым шындығына сендіру қиын болды-ау! Осыдан бәленбай миллион жыл бұрын құрып кеткен таңғажайып құбыжық бір көлден табылыпты десе, немесе ғалымдар топырақтан адам жасапты, әлде о дүниенің бар екенін дәлелдепті десе, сенер едің. Қиял жетпес не бір сұмдыққа сенер едің. Зұлымдықтың небір жан түршігер түрін айтса, сенер едің. Ал адам бойындағы ізгілікке, тазалыққа сену соншалықты қиын. Апыр-ау... (*Күйініп, сөз таба алмай, орнынан тұрып кетеді*).

Д а р и ғ а. Әрине, қиын болады. Себебі абсолюттік мағынадағы тазалық өмірде жоқ. Тіршілік шаңын үстіне тигізбей ешкім де жүре алмайды. Мәселен, мен де өз басымда болған жайтты тозақ отына күйетін қылмыс деп есептемеймін. Тіпті мына жүрген (*залды көрсетіп*) жұрттың бәрінің басында өзімен бірге ала кететін бір-бір құпиясы

бар. (*Кекетіп*). Тек солардың бәрін сенің білмейтінің қандай жақсы, әйтпесе, дені сау бір шаңырақ қалдырмас едің.

М ұ р а т (*әлденеге түсінбей, таңырқап*). Сонда не болды өзі? Дүниеде жасалып жатқан жаманшылықтың бәріне (*саусағымен өзін көрсетіп*) мен кінәлі болып шықтым ба?..

Д а р и ғ а. Сен кінәлі болып шықтың.

М ұ р а т. Кешірерсің, ондай кінәні мен мойныма ала алмаймын.

Д а р и ғ а (*ойланып*). Қазір дәлелдеуге тырысайын... Менің бір көршім бар. Белгілі дәрігер. Әйелін бала кезінен білемін. Нағыз бақытты отбасы деуге болады. Үш баласы бар, алды 9-класта. Біреуі математикадан, біреуі суреттен, тағы біреуі бірдеңеден, әйтеуір, жыл сайын жүлде алады да жатады. Дәулеттері жеткілікті, дос-жарандары көп. Өздері айрықша бір тәрбиелі жандар. Құдай-ау, екеуінің тым болмаса, бір рет қатты сөзге келгенін көрген емеспін. Әзілдері қандай ғажап! Сол үйге барған сайын, көңілім өсіп, әлденеге мәз боп қайтамын. Әйтеуір өзім білетін ортада дәл сондай жарасты отбасын көрген емеспін. Ал сол шаңырақты тас-талқан қылу мен үшін оп-оңай. Өйткені әлгі жігіттің бір қылмысын мен жақсы білемін. Бұлтартпайтын фактым бар. Егер оны әйеліне жеткізер болсам, екеуі сол күні ажырасады... Ал сонда не болады? Әрқайсымыз білген затымызды айта берсек, жер бетінде қанша адамның өмірі асты-үстіне түсер еді?

М ұ р а т. Мен ешкімге өсек тасымаймын. Осы уақытқа дейін ешқандай көршім менен ондай қиянат көрген жоқ. Ал сендер мен үшін көрші емессіңдер... оны өзің де жақсы білесің.

Д а р и ғ а. Жарайды, жанашырлықпен мені әшкере қылдың дейік. Бірақ осының арты мен үшін неге соғатынын неге білмедің?

М ұ р а т. Екеуіміз сот залында бірін-бірі кезек-кезек кінәлаған айыптасушылар секілдіміз... Мен ойлаймын: әркімнің ары – өзінің Отаны. Отанды сатпау керек деймін. Ал сен осы бір ең негізгі мәселені аттап өтіп, «сатылар Отан сатылды, енді маған әрі қарай не істеу керек, соны айт», – дейсің. Әрі қарай не істеуге болады, жаным-ау? Әрі қарай тиісті жазаңды аласың. Бұл жерде саған ешкім де көмектесе алмайды.

Д а р и ғ а (*жыламсырап*). Сендей қатал жанды көрсем, көзім шықсын! Сонда менен не қалайсың, менің асылып өлгенім керек пе саған? Содан басқаның бәрін де басымнан кештім ғой. Сен менің көрген қиыншылығымның бірін де білмейсің... Жесір әйелдің ғұмырын құдай дұшпанның басына бермесін. (*Үстел үстінен сигарет алып тартады*). Қалай шыдағаныма қазір өзім таң қаламын. Басқа жағың бүтін болса, жалғыз кедейлік ештеңе емес қой. Тірі жесірлік, жоқшылық, уайым-қайғы, бала тауқыметі – бәрі-бәрі келіп қосылғанда одан асқан азаптың бұл дүниеде болуы мүмкін емес секілді. Көрген күніңді біреуге айта да алмайсың, намысы құрғыр қу жаныңды қыл бұрау салғандай қинайды. Қысқа жіп күрмеуге келмей, әбден тарыққан соң, үш жерде қатарынан жұмыс істедім... (*Өзіне таңырқай қараған Мұратқа «иә, иә, қате естіген жоқсың, дәл солай» дегенді білдіріп, басын изейді*). Таңертең ерте тұрып, аула сыпырамын, сосын жұмысқа барамын, арасында бір кәрі кемпірдің үйіне барып, тамағын істеп, еденін жуып кетемін. Кешке үйге келіп, қорланып жылағанда, түн ортасына дейін өзімді-өзім тоқтата алмаймын... (*Дариға халатының қалтасынан орамал алып, көзінен аққан жасты сүртеді*). (*Басын шайқап*). Саған оны түсіну қайда!.. Бәрінен бұрын аула сыпырып жүргенде таныс біреу кездеспесе екен деп жаның қысылады. Бір күні өзімізде істейтін Азат деген бір жігіт кездесіп қалды. Өзі мені театрға шақырып, сөз салып жүрген. Құдай-ай, жерге кіруге шақ қалдым. Содан кейін әлгі жігіттен өзім безіп кеттім... Тіпті ішуге салынып, маскүнем бола жаздаған да кезім болды... Сонда көрдім ешкімнің ешкімге жаны ашымайтынын... Содан кейін мен ештеңеге сенбейтін болдым. (*Даусын қатайтып*). Содан кейін сен сияқтылар өмір жайлы тәтті-тәтті сөздер айтса, қаным қайнап, жыным ұстайды. Сенің ол насихатыңның маған түкке де керегі жоқ. Мен өз күнәмді сенсіз де білемін. Маған қазір басқа керек, түсінемісің, басқа керек.

М ұ р а т (*шошына таңырқап*). Немене керек?..

Д а р и ғ а. Маған тыныштық керек. Өз түсінігімді, өз кісілігімді өзіме қалдыр да, тыныштық бер. Ақша берейін, тек ақыл үйретпе. Мен қажыдым.

М ұ р а т. Дариға! Бұл сенің айтатын сөзің емес. Өмірге теріс қарап, бақытты болған ешкім жоқ. Кім көрмеді дейсің ол қиындықты, бәріміз де кештік басымыздан. Бірақ сенің жесірлігің, жарлылығың немесе көрген қиыншылығың – бақытсыздық емес. Өзің алғаш үй болған кезіңде бай ма едің? Кешкілік нанға тиын таба алмай, жатақханадағы бізге талай келмеп пе ең? Бірақ сол кезіңді сен бақытсыз деп айта аласың ба? Жоқ! Ол сенің ең бақытты кезің болатын. Бақытсыздық деген жанның жарасы. Отбасы бұзылмай, дәулеті шайқалмай, жаралы жанын сүйретіп, қанша мың бақытсыздар ғұмыр кешуде... Ал сен...

Д а р и ғ а (*сөзін бөле*). Жоқ! Жоқ! Мен жалғыздықтан шаршадым. Менің жүйкем темір емес. Мен – әйелмін. Еркектің қолтығының астында бүтіннің жартысы боп күн көретін бейшара, әлсіз әйелмін. Маған серік керек, мұз боп қатқан жүрегімді ерітетін жылу керек. (*Долданып, үстіндегі киімін лақтырып, айғайлап*). Мені бақытымнан айырған сен едің, ал енді өзің бақытты қыл. (*Дариға плавки, бюстгалтерімен қалады*). Кәне. Мен жаңағы өзің айтқан рухани құбыжықпын, ал жібіт менің тас жүрегімді... Түсір мені адам қалпына... Түсірсеңші...

(*Мұрат бюстгалтерін сыпыра бастаған Дариғаның қолынан ұстай алады*).

М ұ р а т. Дариға!

(*Екеуі алысып диванға құлайды*). (*Айғайлап*). Дариға! Сен жынданғаннан саумысың? Есіңді жи, Дариға! Дариға дедім ғой!

Д а р и ғ а (*Мұраттың түймелерін ағыта, үздіге сыбырлай*). Ештеңе етпейді. Ұмытайық барлығын да... Бұл дүниеде екеуіміз ғана бармыз! Ештеңе де ойлама! Бір сәт құмарыңа ерік бер! Мұрат...

(*Мұрат еркінен айырылған адамдай қарсылықсыз тұра беріп, шошып кеткендей, қайта арпалысып, Дариғаны қимылдатпай, ту сыртынан құшақтай алады*).

М ұ р а т. Есіңді жи! Болды енді!

(*Дариға аласұрғанын қояды. Мұрат жерде жатқан халатты әйелдің жартылай жалаңаш денесіне жабады. Дариға бетін басып жылап жібереді. Мұрат не деп жұбатарын білмей, дағдарып диванға келіп отырады*).

М ұ р а т. Жарайды, сабыр ет енді. (*Рюмкаға коньяк құйып, Дариғаға ұсынады*).

(*Дариға рюмканы ұстап, біраз отырғаннан кейін, бір ұрттап үстелге қояды да, орнынан тұрып, айна алдына барып, шашын жөндейді, көзін сүртеді, сигарет алып тартады, әрі-бері бөлмені кезеді, содан кейін сабасына түсіп, қайтадан диванға отырады*).

Д а р и ғ а (*сабырмен*). Мен енді түсіндім. Сен феноменсің. Кәдімгі ЭВМ-нің есептерін ауызша шығаратын, бірақ ең қарапайым сұраққа жауап бере алмайтын, темір жеп, пышақ жұтатын, отты қолымен ұстайтын, туа сап сөйлейтін тағы немене бар еді... Әйтеуір соған ұқсас табиғаттың заңына қайшы, кембағал, күпір құбылыстардың бірісің. Басқаша түсіну мүмкін емес. Ал қоғамға феномендер емес, өзіміз секілді әдет пен дәстүрден жаралған, жан-дүниесі түсінікті, елмен бірге қателесе алатын, қатесін жөндей алатын, бірін-бірі кешіре алатын қарапайым адамдар керек. Өмір қашанда өзінің гармониясымен қымбат. Гармония – өмірдің тірегі. Ал феномен – сол заңдылыққа қайшы құбылыс.

Өзің табиғаттың болмысына қарашы: құзғынды да, жыланды да, қарақұртты да құртуға болмайды, себебі гармония бұзылады. Экологиялық апат болады. Сол сияқты адам бойындағы эгоизм, нәпсі, қызғаныш, қатыгездік т.с.с. сүйкімсіз қасиеттер де рухани өмірдегі жаңағы құзғын, жылан, қарақұрттар секілді – оларды да құртуға болмайды. Олар да белгілі бір заңдылықтан, қажеттіліктен туып отыр. Оларды құртсақ, рухани өмірде де экологиялық апат болады. Ал сен мұның біріне де түсінбейсің. Сеніңше өмірде мұндай қайшылықтар болуға тиісті емес.

М ұ р а т. Сенің әлгі айтып отырғаның – таза табиғат аясындағы қайшылықтар. Онда әлімжеттік заңы ғана үстемдік құрады. Бұл тұрғыдан сенің айтып отырғандарыңның бәрі де рас. Бірақ адамның құдіреті табиғаттың сыртында рухани өмір ашып, сол өмірдің заңын өз қолымен жасауында емес пе?! Ал ол заң бойынша опасызды, алаяқты, сатқынды, тағы сол сияқтыларды құртқаннан ешқандай экологиялық апат болмайды.

Сенің философияңа көніп, «рухани қарақұрттарды» да қорғауға алатын болсақ, зұлымдық өзін қоғамның некелі

баласындай сезінеді де, онымен күресу тіпті бұрынғыдан да ауырға түседі. Келісесің бе осыған?.. Мен феномен де, құбыжық та емеспін, көптің бірі ғанамын. Бар айыбым – өмірде ұлы махаббат бар дегенім. Сол үшін қарақұртты қалдырып, мені құртқың келеді.

Д а р и ғ а. Екеуің де құрымай-ақ қой. Мен сен секілді төңірекке үкім жүргізуге құмар емеспін. Мен сен секілді өз ойымды, өз ниетімді жұрттың қанжығасына зорлап байламаймын. Ал сен... шынында да, мені құртсам деп тілейсің. Өйткені сен дүниені екі-ақ лагерьге бөлесің. Сенің лагеріңе кірмеген адамның бәрі – сенің жауың, оларды, яғни басқаша ойлайтындарды, тегіс жою керек... – мінеки сенің мұратың... Бұл – рухани зорлық. Адамды құдай бар деп зорлағаннан, ол адам өзінің көзі жетпесе, жүрегі сенбесе, қалайша құдай бар деп ойлай алады? Жалпы адамды олай емес, былай ойла деп зорлауға бола ма екен?..

М ұ р а т. Қылмыскерді қылмыс жасама деп зорлауға болады.

Д а р и ғ а. Мұрат! Мен қылмыскер емеспін. Мен сен ойлағандай ардан, намыстан, адамгершіліктен жұрдай болған жан емеспін. Сен өзіңнің ортағасырлық ұғымыңды таста да, логиканың заңына салып ойлап көрші. Қалайша адамның бүкіл ақылы, парасаты, кісілігі, мінезі бір түнгі жаңылыс төсектен кейін түк қалмай жоқ боп кетеді? Мен өзімнің тәнімнен, я жанымнан үлкен зақым байқамаймын... Шын айтамын, баяғы қалпым, баяғы Дариғамын... Егер жүйкем аздап жұқарған болса, оған сен кінәлісің.

М ұ р а т (*кекете*). Баяғы қалпым... Сенің баяғы қалпың болуы мүмкін, бірақ бүкіл арманы быт-шыт болып, жан дүниесін өрт шалған бейшара Өмірбек қайтіп баяғы қалпында болады?

Д а р и ғ а. Керек десең, ол өзінің ағат ісіне әлі күнге дейін опынып жүрген болуға керек. Өйткені ол бәріне түсінеді, сен секілді кеще емес.

М ұ р а т. Қателесесің, Дариға, мен оның сол кезде қалай қиналғанын көзіммен көрдім. Ол тіпті сені өлтірмек болған. Мен болмағанда, бірдеңеге ұрынуы мүмкін еді. Екі түн күзетіп жанында отырғам... Жо-оқ, ол сені ешқашан да кешірмейді. Мен оның мінезін жақсы білемін.

Д а р и ғ а. Жоқ, кешіреді.

М ұ р а т (*өңештеп*). Кешірмейді, Дариға! Түсінсеңші! Жан қимақ болса да, жар қимақ жоқ, кешіргісі келсе де, кешіре алмайды.

Д а р и ғ а. Өзің ойлашы, одан бері қаншама жыл өтті. Өмірдің сипаты өзгерді. Өзгермеген тек сенсің. Сен баяғы біздің жастық шағымызда кездейсоқ қалып қойған адам секілдісің. Сондықтан біздің ойлаған ойымыз, істеген ісіміз ерсі болып көрініп отыр. Шын мәнінде, оның түк ерсілігі жоқ. Ол мені баяғыда кешірген. Ол тек сені кешіре алмай жүр.

М ұ р а т (*шошына таңырқап*). Не дейді? Мені ме?

Д а р и ғ а (*табалап*). Иә, иә, мына сені!

М ұ р а т. Сен өзің не айтып отырғаныңа түсінемісің? Сен мен құсап өмір бойы оның қайғы-мұңын бірдей бөлісе алдың ба? Мен құсап ол күйген отқа бірге күйдің бе? Қосылып жылап көріп пе ең? Оған атылған оққа өз кеудеңді тосқан күнің бар ма? Қалайша батылың барып маған бұл сөзді айта аласың?!

Д а р и ғ а. Ауыр тисе, сөзімді қайтып алдым, бірақ сенің оған жасаған қиянатың тарихи ақиқат.

М ұ р а т (*тағы да өңештеп*). Мен оны жан азабынан құтқардым. Ол маған өмір бойы қарыздар болуға тиісті.

Д а р и ғ а. Түк те қарыздар емес. Қайта сен әкелген азапты екеулеп, екеулеп емес, үшеулеп әлі көтеріп келеміз. Қысқасы, үш адамның обал-сауабы сенің мойнында.

М ұ р а т (*қинала дауыстап*). Дариға! Егер сен осының бәрін менің жанымды қинау үшін әдейі айтып жатсаң, оқа емес. Ал егер өмірден пайымдаған, көрген-түйген бар шының осы болса, онда сенің жағдайың өте ауыр. Сен жаман ойдан жан-дүниеңді тазартуың керек. Сенің көңілің қатты кірлеген.

Д а р и ғ а. Кірлемесе құрып кетсін! Құр бос сөз оның бәрі. Сенің ақылың маған бай да, байлық та болмайды.

М ұ р а т (*ашынып*). Саған байдың керегі не? Байға сенің керегің не? Кандидат болдың, ақшаң жетеді. Махаббат деген сеніңше, болған емес, болмайды да, адамдардың бәрі — күнәкар. Уақытша біреуді тауып ал да, мақсатыңа жете бер. Бәрібір емес пе саған?

Д а р и ғ а. Мен жезөкше емеспін.

М ұ р а т (*бөлмені кезе, айқайлап*). Жезөкше сендерден әлдеқайда артық. Ол күнкөріс үшін ғана жезөкше болып жүр. Ал іштей өз кәсібін иттің етінен жек көреді, тағдырына лағнат айтады. Ал сендер...

Д а р и ғ а (*қамыға*). Сен мені қорлауға айналдың...

М ұ р а т (*пауза. Есін жиып*). Кешір, Дариғаш! Мен артық кеттім... (*Мұрат теріс қарап, қабырғаға сүйеніп, тебірене*). Мен бір затты жақсы білемін. Махаббат пен опасыздық бір ыдысқа сыймайды. Тіршілікте махаббаттан ғажап ештеңе жоқ. Ол сезімге бөленген адам шын мәнінде әулиеге айналады. Жан дүниесі жаңбырдан кейінгі табиғаттай шаң-тозаңнан тазарып, құлпырып сала береді. Біреуді жан-тәніңмен сүйгенде ғана санаңа ғажайып көріпкелдік қасиет бітіп, ешбір ақыл қайраты ала алмайтын асудан өтіп, адам жанының құпия дүниесіне сапар шегесің. Сол әлемнің бүкіл қозғалыс заңын ашасың. Және ол заңды ашу сүйіспеншілік шұғыласына бөленіп, жаныңа нұр біткен сенен басқа еш данышпанның қолынан келмейді. Мен осының бәрін өз басымнан кештім. Өйткені мен... (*Пауза*). Сені жан-тәніммен сүйіп едім... (*Дариға селк етіп, Мұратқа қарайды*). Бірақ тағдыр солай болды, сен менің досымды қаладың. Мен оған өкінбеймін. Екеуіміздің біреуіміз қалайда ат басын тартуға тиісті едік. Имандай шыным... Өзіммен бірге қабірге ала кететін сыр еді... Жанымды күйдірдің, амалсыз айтып отырмын... Әлгі сөздердің бәрін сенің аузыңнан есту мен үшін қаншалықты қиянат екенін білмейсің!.. (*Дауысы құбылып, тістене*). Сен менің бүкіл үмітімді кесіп отырсың ғой... (*Ұзақ үнсіздік. Мұрат теріс қарап әлі тұр. Дариға басын ұстап, диванда отырып қалған. Дағдарыс*). Егер мен шайтан азғырып, опасыздық жасай қалсам, сүйген жарымның мені ешқашан да кешпегенін тілер едім. Өйткені оның кешкені – махаббаттың өлгені. Егер кешпесе – ұмытпағаны, ұмытпағаны – сүйгені. Сен одан үнемі қаймығып, айылыңды жинап жүресің. Ал ардан да, жардан да қаймықпаған тірлік – оңған тірлік болмайды. Онда бәріміз де туған үйінен қашып, ата-ананың бақылауынан босап, ойына келгенді істейтін бұзылған жасөспірім балалар секілді боламыз да шығамыз... Бітті... (*Мұрат қарсы жа-*

уап күтіп, Дариғаға қарайды. Дариға мелшиіп үнсіз отыр). Біз жаман әрекет жасаудан қорқамыз, өйткені оған заң бар. Ал жаман ойлаудан қорықпаймыз, өйткені ол ішімізде, сыртқа шықпаса болды деп есептейміз. Сонда жаман әрекет қайдан шығады?.. Жаман ойдан шығады... Ендеше неге өмір жайлы, адам жайлы жақсы ойлауға тырыспаймыз. Қорықсақ, жаман ойдан қорқайық... Оның несі қиын. Түк те қиын емес. Тек сенсең болды... (*Жауап күтіп, тағы да Дариғаға қарайды. Дариға әлі үнсіз. Дағдарып біршама тұрғаннан кейін, сағатына қарап*). Қой, мен кетейін, уақыт та біраз болып қапты ғой.

Д а р и ғ а (*салқын*). Кеш болса, қонып кет.

М ұ р а т. Жоқ, рақмет. Қонақүй – мынау тұрған жер. Қазір-ақ барамын. (*Кідіріп*). Артық сөзімді кешір...

Д а р и ғ а. Сен де кешір. Мен тіпті ұяттың бәрін тастап, өмірімде көрсетпеген бір мінез көрсеттім...

М ұ р а т. Оқасы жоқ, әшейін байқамай айтылған сөз секілді нәрсе ғой...

Д а р и ғ а (*ойланып*). Жоқ, олай емес, Мұрат. Мен саған өтірік айта алмаймын. Ойымда шын арамдық болды. Бірақ нәпсіқұмарлықтан емес, сенен өш алу үшін... Сенің кіршіксіз тазалығың өзгенің арына, намысына тиеді. Сондықтан сенің арыңа күйе жағу үшін, өз арымды аямасқа бекіндім... Есіңде ме, грек аңызындағы Медея күйеуінің жүрегін жаралау үшін, өзінің туған балаларын өлтіріп, өз жүрегін одан арман паршалайтын... Тегінде, әр әйелдің бойында бір-бір Медея жататын болу керек.

М ұ р а т (*орнынан тұрып, есік алдына келіп, плащын киеді, қолына сөмкесін алады*). Қош бол, Дариға! (*Дариға үнсіз. Мұрат «бірдеңе айтар ма екен» дегендей, тағы бір қарайды да, бұрылып шығып кетеді. Ол кеткен соң, Дариға да орнынан баяу көтеріліп, бүйірдегі есікке кіреді*).

Екінші көрініс

Қонақүй нөмірі. Бөлмеге Мұрат пен Өмірбек кіреді. Мұрат қызулау, ыңылдап ән салып жүр – қонақтан келгені көрініп тұр. Өмірбек әлденеге жабырқау.

М ұ р а т (*кірген бетте қалтасынан құжаттары мен билетін алып, өзін-өзі тексеріп*). Билет қалтада, паспорты-

ңыз мінеки. (*Сағатына қарап*). Та-ак. Енді такси шақырту керек. (*Телефон соғады*). Алло. Алло. Саламатсыз ба, бикеш. Такси керек боп тұр. Немене? Ұзақ күту керек дейсіз бе?.. Мен аэропортқа барушы едім... Иә, тілеуіңізді берсін... Сөйтіңізші... «Қазақстан» қонақүйі... Фамилиям ба?... Жылқайдаров... Жоқ, жоқ, Жылқай-дар-ов... Ешқандай «Д» жоқ, Жылқайдаров деймін. Бірінші әрпі «Ж» – Жуковский, Екіншісі «Ы» (*қайталап*) «Ы»... (*өзіне-өзі*) ойбай, мұны қайтіп түсіндірдім?.. Кәдімгі «Ы» ғой... (*қуанып*). Иә, иә. Ой, бәрекелді, дұп-дұрыс, дәл өзі, «ықылық» дегенде келетін «Ы». Оны қайдан білесіз? Әрі қарай: Лариса, Қайрат, Александр, йог... ну, йог... Йогты білмейсіз бе? Кәдімгі үнділік йогтар ше? Өзін-өзі бір айға көміп тастайтын? Есіңізге түсті ме? Тамаша. (*шошынып, басын шайқап*). Жо-оқ, «Тамашаны» жазбаңыз. Оны жай әншейін... (*сөзінің аяғын қол қимылымен аяқтайды*). Әрі қарай: Дмитрий, тағы да Александр, Райкин және фамилия соңындағы «ов»... Сонымен Жылқайдаров. Телефон (*аппаратқа үңіліп*) 61-97-22. Жақсы. Күтемін. (*Трубканы қойып, ысқырып, айна алдына барып, өзін жаңа көргендей, біресе қабағын түйіп, біресе бетін тыржитып, шашын жөндеп, еріккен балаға ұқсап тұрады*).

Ө м і р б е к (*Мұратқа қарап, әлдебір шарасыз күймен басын шайқайды. Сосын телефонның дискісін айналдырып жатып*). Заттарыңды жинастырып па едің? Бірдеңең қалып қойып жүрмесін. (*Мұрат билеп жүрген адамдай бір қимылмен «О'кей» деп, келесі есікке кіріп кеткен кезде басқа дауыспен*). Алло! Алло! Гуля!.. Мен ғой. Мен кісілерді жөнелткен соң, Мұратпен бірге қонақүйге келдім. Немене?... (*Пауза*). Жарайды енді, қайтесің, бұның мінезі қашаннан сондай ғой. Бастарын бекер қосыппыз. Әбден ұят болды. Aha! Қазір телефон соғып, кешірім сұраймын. (*Осы кезде тіс щеткесі мен пастасын, сақал алатын құралжабдығын алып, Мұрат шығады. Өмірбек даусын өзгертіп*). Ал жақсы енді, алаңдамай-ақ қой, көп кешікпеймін. Жарайды. (*Трубканы қояды*).

М ұ р а т. Өмірбек.

Ө м і р б е к. Ау!

М ұ р а т. Ол кім? Гуля емес пе?

Ө м і р б е к. Соның өзі ғой.

М ұ р а т (*сәл ойланып*). Маған ренжіп жатқан шығар, үйіме қонаққа келіп ап, шатақ шығарғаны несі деп. Оқа емес. Әйел адам дастарқанның берекесін көбірек ойлайды. Дұрыс қой онікі де. Сен оған мені кешірім сұрап жатыр деп айта сал, жарай ма?

Ө м і р б е к (*көңілсіз*). Жарайды, жарайды.

М ұ р а т (*қайтадан көңілденіп*). Әй, дұрыс болды-ау, несін айтасың. Екі дүниеде оңбағыр зымиянды қашан қолыма түсер екен деп жүруші ем... (*Күледі*). Сол керек өзіне, алаяқ, атаңа нәлет! Өлексе құсаған немеден өшіңді бір алып бердім-ау деймін.

(*Өмірбек күрсініп, басын шайқап Мұратқа қарайды*).

Оған ба, оған ол аз. Одан жаман ит терісін басына қаптау керек еді. Қайта сенің әйеліңнен ұялдым.

Ө м і р б е к (*күңк етіп*). Ұялғаның сол болса...

М ұ р а т. Жоқ, енді ол біздің бұрынғы тарихымызды білмейді ғой. Сондықтан оның алдында қайтіп мен...

Ө м і р б е к (*ызалана*). Ау, дастарқан үстінде біреуді балағаттап, бетіне рөмке лақтырғаның – ұялған түрің бе? (*Не айтарын білмей, тұтыға*). Сонда өзің ұялмағанда не істейін деп едің, соны айтшы?

М ұ р а т. Мен оған қолымнан келгеннің бәрін істер едім.

Ө м і р б е к. Бәрекелді, арманыңа бұзақылықпен жетсең, жетіскен екенсің.

М ұ р а т. Шындық үшін бәріне бару керек. Қару алып, соғысуға да болады.

Ө м і р б е к. Сол үшін дәл менің дастарқанымнан басқа қолайлы жер табылмай қалды ма? (*Күрсініп*). Мен содан өшімді алып бере ғой деп қашан сұрадым? Жоқ, сұрадым ба? (*Мұрат басын шайқаған кезде*). Ендеше ондағы шаруаң қанша?

М ұ р а т. Кісіге қиянат жасаушылардың бәрінде де шаруам бар.

Ө м і р б е к (*ызаланып*). Қиянат жасаса, саған емес, маған жасады ғой!

М ұ р а т (*басын шайқап*). Қызулыққа салынып, артық сөйлеме. Егер өйтіп, бір-бірімізден іргемізді аулақ салсақ, ешқашан да көздеген мақсатқа жетпейміз. (*Пауза*). Өзің ойлашы, неше қабат күзетпен қоршалған банктерді

де тонап кетіп жатады. Неге? Өйткені бандиттер жақсы ұйымдасқан. (*Ереже оқығандай ежелеп*). Жақ-сы ұй-ымдас-қан. Сол себепті жасап отырған әрекеттері қиянат, зорлық болса, да, әділетсіздік болса да мақсаттарына жете алады. Ал бізге неге осылай ұйымдаспасқа?

Ө м і р б е к (*кекетіп*). Қалай ұйымдасамыз? Түнге қарай подвалға жиналайық па?

М ұ р а т. Қажет болса, жиналайық.

Ө м і р б е к (*ызаланып*). Тьфу! (*Орнынан атып тұрып, бөлме ішін ерсілі-қарсылы кезіп*). Онда екеуімізге психбольницадан екі орын алып, бұл мәселені асықпай ақылдасуға тура келетін шығар.

М ұ р а т. Менің айтып отырғаным жындының сөзі емес. Бекерге күйіп-пісесің.

Ө м і р б е к. Бұдан артық не нәрсеге күйіп-пісуім керек? (*Тағы да ерсілі-қарсылы жүріп келіп*). Оның бір кезде менің әйеліммен ашына болғанын, менің отбасымнан ажырасып, екінші рет үйленгенімді бүкіл жұрттың көзінше бүге-шігесіне дейін баяндап бере ғой деген біреу бар ма саған?..

М ұ р а т. Мен қалайда оның абыройын төккім келді. Өйткені мен оны иттің етінен жек көремін. (*Телефон шылдырлайды. Мұрат трубканы көтереді*). Иә, тыңдап тұрмын... Қазір ұшамын, такси шақыртып қойдым... Мен бәрін төлеп едім ғой... А... кешіріңіз. Қазір, қазір... (*Трубканы қояды*). Мен кезекшіге барып, квитанциямды алып келе қояйын. (*Мұрат шығып кетеді*).

Ө м і р б е к (*бірауық үнсіз отырып, кенет жалма-жан қалтасынан блокнотын алып, әлдебір нөмірді тауып алып, асығыс телефон соға бастайды*). Алло! Алло! Бұл мен, Өмірбек қой. Иә, қалай жеттіңіздер?.. Апырай, мен сіздің алдыңызда үлкен ұятқа қалдым-ау!.. Бұлай боларын қайдан білейін. Бас қосып, бір өзімізше әңгімелесіп отырайық деп едім. Аяқ астынан мына жігіт (*есікке жалтақтай қарап*) әбден масқарамызды шығарды. Бәріне өзім кінәлімін... Иә, иә... Әрине ғой... Дұрыс айтасыз... Бұл енді біздің арамызға ешқандай кірбің түсіруге тиісті емес. Солай емес пе? (*Осы кезде Мұрат кіреді. Өмірбек оны байқамайды*). Жоқ, жоқ! Ол жағын айтпаңыз. Қашанғы нәрсе ол?! Құдай сақтасын!.. Менің енді сізге деген көңілімде титтей де бөтендік жоқ, өзіңіз де байқап жүрген шығарсыз... Иә... Иә... Гуля

да қатты қысылып отыр. Сосын әдейі телефон соғып, ол жігіт үшін сізден мен кешірім сұр... (*Мұрат жетіп келіп, телефонның рычагын басып қалады. Өмірбек шошынып*). Ой, мынауың не, денің дұрыс па?!

М ұ р а т. Менің денім дұрыс, ал сенің ше? Не бетіңмен одан кешірім сұрап отырсың?

Ө м і р б е к. Ол – менің үйіме келген қонағым. Сондықтан қалайда кешірім сұрауға міндеттімін. (*Телефонға жармасып*). Жібер!

М ұ р а т (*қасарысып*). Жоқ, жібермеймін!

Ө м і р б е к (*телефонға таласып*). Жоқ, жібересің!.. Жібер деймін!

М ұ р а т (*телефоннан айырылмай*). Жоқ!

Ө м і р б е к (*күшпен тартып алмақ болып, таласады*). Ау, сен өзің маған тірі пәле болып жабыстың ғой. (*Трубканы лақтырып тастап, қатты ызаланып*). Осынша жерге қаратқандай не істедім мен саған? Жауымнан көргем жоқ мына қорлықты.. (*Қалтасынан темекі алып тұтатып, шегініп отырады. Екеуі де үнсіз. Мұрат залға ту сыртын беріп отыр*).

М ұ р а т (*әлден уақытта жалт бұрылып, үстелді салып қалып, ызалана айқайлап*). Сендегі намыс қай намыс?! Сендегі қорлық қай қорлық – айтшы маған? Қатынының қойнынан шыққан адамнан кешірім сұрау қорлық емес пе сен үшін?

Ө м і р б е к. Біріншіден, кешірім сұрау қорлық емес – әдеп. Екіншіден, сен айтып отырған оқиғаға ең алдымен Дариғаның өзі кінәлі. Оны ешкім зорлаған жоқ. Үшіншіден, одан бері талай заман өтті. Қазір менің басқа отбасым бар. Өткеннің бәрі ұмытылған. Бір кездегі достар қастасып, қастар достасып кетті...

М ұ р а т. Бәрін ұмытып, тапқан досың жаңағы жексұрын ба?

Ө м і р б е к. Ол сен ойлағандай, соншалықты жексұрын адам емес. Оның қоғамға түсіретін пайдасы екеуіміздің көп. Ол үлкен қызмет атқарады. Абырой, беделі биік, білдің бе? Білім десең – білімі, қабілет десең – қабілеті бар. Жұмысынан қате жібермейді. Қайтіп ол сонда жексұрын болады. Мұның бәрін сен жоққа шығаруға тиісті емессің... (*Пауза*). Кезінде... рас, маған қиянаты болған

шығар, бірақ жақсы-жаманды бір менімен ғана өлшеуге болмайды ғой.

М ұ р а т (*таңырқай, әрі дағдарып*). Бұл не?.. Сен өзің не деп тұрсың? Сен енді соны маған жүрегі таза, аяулы азамат еді дегің келіп тұр ма?

Ө м і р б е к (*ойланып*). Олай да айта алмаймын, әрине. Оның эгоистігі де, карьеристігі де бар. Бірақ... бәрібір ол – іскер, жұмыскер адам, яғни қажет адам. Ал оның ішкі дүниесінің қараңғы түкпірінде қандай ой жатқанын ештеңемен дәлелдей алмайсың. Көңіліндегі арамдығын жасыруға оның ақылы да, қулығы да (*тамағын орып*) былай жетеді.

М ұ р а т (*Өмірбекке танымай тұрғандай қарап*). Сонда сенің ойыңша, арам болу айып емес, тек жасыра білсең, болды екен ғой.

Ө м і р б е к (*сабырлы, қатқыл үнмен*). Сен өмірдің бетіне тура қарағың келмейді. Егер тура қарасаң, көп нәрсеге басқаша баға берген болар едің... (*Кідіріп*). Адам деген бар болғаны пенде ғана. Сен алдымен осыны мойында. Есіңде ме, баяғыда екеуіміз әулие тұтатын кісілер? Солардың жүрген жүрісі мен киген киіміне дейін еліктеуші едік қой. Кейін сол кісілердің бойынан мен талай кемшілікті көрдім... «Жолында жаным пида» деп жүрген періштеңнің әншейін көп күнәкар әйелдің бірі екенін білу қаншалықты өмірді қысқартатынын түсінемісің? Өмір баяғы біз ойлағандай емес, достым. Жақсы мен жаман бірбірімен аралас, егіз туған бала секілді – ажырамайды. Ал біз оларды бір табаққа сыймайтын екі бөлек қошқардың басындай көруші едік. Айдалада «Жамандық» деп аталатын бөлек қамал бардай, соған әскер жиып, қасиетті соғысқа аттанып кеткіміз кеп тұратындай болушы едік. Айдалада ондай қамал жоқ. Жақсылық та, жамандық та мына өзіміздің ішімізде, миымызда. Оған ашық соғыс жариялай алмайсың...

М ұ р а т. Ашық соғыс жарияламай-ақ қой, бірақ жаныңа жара салған адаммен ауыз жаласудың қажеті қанша?

Ө м і р б е к. Бұл – ауыз жаласу емес.

М ұ р а т. Енді не?

Ө м і р б е к. Бұл – қарым-қатынастың бір түрі. Соның арқасында мен бұрынғы бірбеткей албырттықтан арылып, адамды жақсы-жаманымен, кір-қоңымен, кемшілігімен

қабылдауды үйрендім. Көп заттың бағасын қайта тағайындап, әу бастағы өз аттарын анықтадым.

М ұ р а т (*кекетіп*). Көп жұмыс бітіріпсің ғой.

Ө м і р б е к. Көп болар, аз болар, тірліктің түрпідей шындығын танып білу оңай шаруа емес. Жамандықты құр жек көре бергеннен жақсылыққа келер түк пайда жоқ... Әрекет керек. Ал әрекет жасау үшін, жауыңды зертте.

М ұ р а т (*қарқылдап күліп*). Бәсе, бәсе...

Ө м і р б е к (*түсінбей*). Немене «Бәсе»?

М ұ р а т (*тағы да күліп*). Қонаққа неге шақырды десем, (*мазақ қыла, даусын құбылтып*) зерттеп жүр екенсің ғой.

Ө м і р б е к. Мен оны әлдеқашан зерттегем. Біле білсең, біздің арамыздағы қарым-қатынас – нағыз күрестің өзі.

М ұ р а т. Түсінгем жоқ.

Ө м і р б е к. Иә, иә, күресу деген осы болады... (*Пауза*). Айталық, мен онымен ашық жауластым. Дәлелім жеткілікті – әйелімді аздырды, отбасымды бұзды. Бірақ, өзің ойлашы, мен оған не істей алған болар едім. Мәселені дуэльмен шешетін заман емес. Дуэль болған күннің өзінде кімнің жеңері белгісіз: менің мылтық ата алмайтынымды өзің де білесің. Айтысып жеңе алмайсың: егер ол маған, «айналайын, алдымен әйеліңді тыйып алмайсың ба» десе, аузыма бірден құм құйылып, жым болар ем. Мен әлдеқашан өмірден шығып қалған, түкке керегі жоқ ритуалды жасап жүрген адам құсап, тулап-тулап қойған болар едім. (*Өмірбек сөзім дәлелді болып шықты ма дегендей, Мұратқа қарайды*). Білдің бе?.. Ал мен өз бойымдағы соқыр сезімді жеңіп, онымен жақсы қарым-қатынаста болуды қаладым. Әрине, ол менен мұны күткен жоқ. Көпке дейін сенбей жүрді. Әбден көзі жеткен кезде қысылды. Қаншалықты қысылғанын қайдам, әйтеуір сондай бір құбылыстың болғаны анық. Содан кейін ол маған көптеген жақсылықтар жасады, тек маған емес, біздің мекемеге, яғни қоғамға деген сөз. Мәселе оның жақсылықты маған жасауында тұрған жоқ, кімге жасаса да, бәрібір. Мәселе – жексұрынның қолымен Жақсылық деп аталатын қасиетті идеяның іске асуы. Егер жақсылықты сен жасасаң, оған мен таңқалмаймын, ол заңды нәрсе. Ал жақсылықтың кәдімгі жексұрынның

бойынан көрінуі – нәзік гүлдің мейірімсіз қара тасты жарып шыққаны секілді ғажап құбылыс емес пе? Яғни жеңіс менікі деген сөз, мен оның қақпасына бір гол салдым. Түсінемісің өзің, бір де нөл...

М ұ р а т (*кекетіп*). Осы отырғанда өзіңді гол салдым деп ойлап отырсың ба?

Ө м і р б е к (*нық*). Күмәнім жоқ.

М ұ р а т (*басын шайқап*). Өз қақпасына соғылған он голды көрмей, өзі соққан бір голға мәз болады.

Ө м і р б е к. Біреу де болса, бар жақсы. Ал сенде ол да жоқ.

М ұ р а т. Ештеңе шешпейтін голдың барынан жоғы...

Ө м і р б е к. Егер олай қарасақ, бір гол түгілі мың гол да ештеңе шешпейді, тіпті бірнеше ұрпақ та ештеңе шешпейді, себебі бұл мәңгілік шайқас, тіршілік бар жерде ешқашан тоқтамайтын күрес. Сондықтан әркім өз борышын, өз міндетін ғана білуге тиісті. Ал менің айтып отырғаным екі адамның ғана қақтығысы. Мен оны жақсылық жасауға мәжбүр еттім, ал ол маған әзірге жамандық жасата алған жоқ.

М ұ р а т. Жамандық жасамауың мүмкін, бірақ жақсылық та жасай алмайсың.

Ө м і р б е к. Неге?

М ұ р а т. Себебі сен ештеңені жек көре алмайсың. Жек көре алмаған соң, жақсы да көре алмайсың. Ал жақсы көрмеген соң, жақсылықты қайтіп жасайсың?

Ө м і р б е к. Сонда мен не істеуім керек?

М ұ р а т. Не істейтініңді өзің білесің, менің білетінім – біз бәріміз де идея үшін күресіп жүрген жандармыз. Ол күресте туды міндетті түрде биік ұстау қажет. Бұл – шарт. Бұлтақтауға, бұқпалауға болмайды.

Ө м і р б е к. Енді сен мені тыңда. Сенің кемшілігің – сен уақыт пен жағдайға мүлде түсінбейсің. Жағдайды білмеген адам туды қанша көтергенмен, жеңіске жетпейді.

М ұ р а т (*қолын сілтеп*). Сендердің осы бір дәлелдеріңнен-ақ шаршадым. Тегінде, Отанын сатқан опасыз да ойлайтын болуы керек «осының бәрін жағдайға байланысты жасадым» деп.

Ө м і р б е к. Жоқ, сен ол ұғымға кеңірек қара. Жағдай дегеніміз кәдімгі жаратушы құдіреттің өзі. Жер бетіндегі

тіршілік жағдайға байланысты пайда болған. Құстың қанаты, пілдің тұмсығы, жирафтың мойыны – бәрі-бәрі жағдайдан пайда болған. Адамның да ақыл-ойы, іс-әрекеті жағдайға байланысты. (*Сөйлей бергісі келген Мұратты қолымен тоқтатып*). Сен оны түсінуің керек. Өмір, өлім, ерлік, ездік – бәрі жағдай. Тіпті ұлы махаббат та – жағдай. Асықпа, мысал келтірейін. Қозы мен Баян сүйіспеншіліктің ұлылығын дәлелдеп, тарихта қалды. Бірақ қоғамдық-әлеуметтік жағдай басқаша болғанда, олар тарихта қалмауы да мүмкін еді. Жағдайдың қаталдығына байланысты олар өз махаббаттары үшін ұлы ерлік жасауға мәжбүр болды. Ұлы ерліктің арқасында олардың сүйіспеншілігі де бүкіл адамзаттық сипатқа ие болды. Міне, жағдай деген осы.

М ұ р а т. Сондағы айтпағың не? Еліңді, ата-анаңды, бауыр етің баланды сыртқы жағдайға, ситуацияға қарап жақсы көр дейсің бе?

Ө м і р б е к. Мен саған махаббатты жағдайға баспа-бас айырбаста деп отырған жоқпын, тек жағдайдың адам өміріндегі рөлін ғана айтып отырмын. (*Орнынан тұрып, лекция оқитын профессор құсап, әрлі-берлі жүреді*). Сенің бойыңдағы жек көру сезімі қайдан туды? Себебі өмірде нашар мінез, жаман пиғыл – опасыздық, өзімшілдік, күншілдік, дүниеқоңыздық т.б. толып жатқан жек көруге тұратын қасиеттер бар. Соларды көріп, жек көруді үйрендің, осының бәрі тіршілікте жамандық деген бір ұлы күштің бар екенін және оның осал жау емес екенін дәлелдейді. Сенің қатең – осы ақиқатты мойындағың келмейді. Мойындаған күннің өзінде, олар әншейін қадағалау мен тәртіптің осалдығынан ғана туған, егер жұрт ұйымдасып біріге қалса, өзінен-өзі жойылып кететін нәрседей көресің. Жо-оқ. Оның тамыры өте тереңде. Мен саған айтайын, зұлымдық – тіршіліктің қозғаушы күштерінің бірі. Иә, иә, тарихи тұрғыдан қарасаң, тура солай. Ал жамандық деп аталатын осы күштің мықты тегеурінін біз күн сайын – көшеге шыққанда, жұмыста, дүкенде, автобуста – барлық жерде көріп, біліп, сезіп жүреміз, мойындаймыз, кейде бағынамыз. Айталық, сатушы бір затты бергісі келген адамына береді, ал саған «жоқ» дейді. Оған түк істей алмайсың, бұрыласың да,

жүре бересің, яғни жаңағы күшке бағынасың. Кассир 10 тиыныңды жеп қойса, дауласып тұрмайсың, кете бересің, өйткені оған кеткен уақытың 10 тиыннан әлдеқайда қымбат.

М ұ р а т (*шыдамай*). Ау, мәселе 10 тиында ма екен? Мәселе кассирдің оңбағандығында емес пе? Ал оңбағандық 10 тиын тұра ма, 10 сом тұра ма – бәрібір оңбағандық...

Ө м і р б е к (*сөзін бөле*). Тұра тұр, сөз тыңда. Тыңдасаңшы енді аяғына дейін. Мен саған бір мысал келтірейін. Баяғыда менің бір тәуір жиһаз ала алмай, ұзақ жыл сандалғаным бар. Ал менімен бірге істейтін бір жас жігіт, өзі қалаға соның алдында ғана көшіп келген, келе сала тамаша жиһаз алды. Бір күні үйіне барғанда: «Қалай алдың?» – деп сұрасам, «Ой, аға, сіз андағы жүрісіңізбен ешқашан да дүние ала алмайсыз ғой», – деп күледі. Не істеу керек? Әрине, ұстанымды бұзбау үшін, әлі де бірнеше жыл жүре беруге болар еді. Бірақ одан не қоғамға, не өзіме келіп жатқан пайданы көрмедім, шынымды айтайын. Менің де отбасым ел қатарлы өмір сүргісі келеді. Сосын келіп, басқа бір жолдарын іздеуге тура келді. Бұл да – әлгі күшке бағыну деген сөз. Айта берсең, мысал көп, әрине. Ал ол күшті жоқ дей бергеннен ол жойылып кетпейді. Онан да осындай ғадауат деген күш бар, ол біздің тіршілігімізге белгілі бір дәрежеде әсер ете алады деп ашық мойындайық, сосын онымен күресудің амалын қарастырайық.

М ұ р а т. Егер адам жақсылықтың құдіретіне сеніп тұрса, оны енді зұлымдықтың құдіретіне сендірудің қанша қажеті бар?

Ө м і р б е к. Себебі ол да шындық. Атамзаманғы перғауындар о дүниедегі тіршілікке сеніп, адамдардың қаны мен терін судай ағызып, зәулім пирамидалар салды. Сол тұста сен секілді оптимистер ойлаған болуы мүмкін: «Бұл зұлымдық текке кетпейді, мыңдаған адамдардың қарғысы мен обалы тұрғанда күнәкар перғауындардың жалған мұраты іске асуы мүмкін емес» деп. Жақсылық тұрғысынан қарасаң, солай болуы да керек секілді. Бірақ арам пиғыл іске асты ғой. Миллиондаған құлдардың төгілген қаны, шеккен азабы ұмытылды, перғауындардың даң-

қын сақтап, пирамидалар қалды. Оларды ешкімнің киесі ұрған жоқ. Ендеше күні бүгінге дейін жеткен атақ-даңқ олар үшін о дүниедегі тіршілік емей немене? Немесе тарихта қалу үшін дүние жүзіндегі ең әсем храмды өртеген Герострат алайық. Айтқаны келді ме? Келді. Герострат тарихта мәңгі қалды. Яғни бұл да шындық. Зұлымдықты жақтаушылар оның осындай күші бар екенін біледі, соған сенеді, сосын соған қызмет қылады. Егер оны мойындамасақ, біздікі – жалған.

М ұ р а т. Храмды өртеп, тарихта қалған – біреу-ақ, ал храм салып, тарихта қалғандар жүздеп, мыңдап саналады. Сонда шындық қай жағында – өртеушіде ме, жоқ, салушыда ма? (*Мұрат кідіріп, қарсы жауап болмаған соң, сөзін жалғап*). Сөз жоқ, салушы жағында. Бұл – бір. Екіншіден, оның атақ деп жүргені, атақ емес, маңдайға басылған қылмыс таңбасы. Тарихта қалдым деп қуануы ақымақшылық. Тарихтың да өзінің жұмағы мен тозағы болады. Оның баратын жері – тозақ. Соны әлгі Геростратыңа айтып, түсіндір.

Ө м і р б е к. Геростраттың сүйегі біздің дәуірімізге жетпей құрап қалған.

М ұ р а т. Құрай берсін. Экстремист Геростраттар қазір де аз емес. Егер жақсылыққа шын жаның ашыса, мойындамайық, жоққа шығарайық солардың ұғымдарын. Қанағатсыз перғауындардың көзқарасындағы қателікті паш етейік жұртқа. Даңққұмар, дүниеқұмар, асқұмар, әйелқұмар жандардың бар болғаны бір басынан аса алмайтын қиқым пенделер екенін әшкере етейік. Кісі өлтіріп, тарихта қалғандардың мәңгі-бақи сот залынан шықпайтынын, өйткені өмірге әр ұрпақ келген сайын, оларды соттау процесінің қайтадан басталып отыратынын дәлелдейік, кәне.

Ө м і р б е к. Оның бәрі әлдеқашан дәлелденген. Бірақ олар одан жойылып кеткен жоқ. Себебі біздің өзіміз белгілі бір дәрежеде Герострат пыз немесе перғауынбыз... Әйелқұмарлық, асқұмарлық бәріміздің де бойымыздан табылады.

М ұ р а т (*кідіріп*). Сен ыңғай жамандық пен жақсылықтың арасындағы шекараны өшіргің келеді де тұрады. Сен кез келген нәрседен өзіңді ақтайтын бірдеңе іздейсің. Өмірге олай қарауға болмайды ғой. Өмірге олай қараса,

кез келген қанішер өзіне лайық бірдеңе тауып алады. Өйткені өмір өте күрделі. Онда жамандық та, жақсылық та, әділдік те, әділетсіздік те, адал махаббат та, арам махаббат та – бәрі де, бәрі де бар. Бірақ сен секілді арам мен адалды араластыруға болмайды. Олардың мәні де, мағынасы да бір-бірінен бөлек.

Ө м і р б е к (*ойланып*). Физикада теория относительности деген ұғым бар...

М ұ р а т (*өтірік таңқалған болып*). Қойшы-ей! Бірінші рет естіп отырмын. Оны қайдан оқып алдың?

Ө м і р б е к (*сабырлы*). Ызаланба, мен сенімен білім таластырғалы отырғам жоқ. (*Пауза*). Ол теория бойынша, ешбір қозғалысты өзін қоршаған ортамен, яғни басқа қозғалыстармен салыстырмай анықтауға болмайды. Сол сияқты, тіршіліктегі әрекетті де уақытпен, жағдаймен, басқа әрекетпен салыстырмай анықтауға болмайды. Сенің кемшілігің – сен ақиқатты ылғи жалаңаш фактыдан ғана іздейсің.

М ұ р а т. Бәрібір бір зат ешқашан да әрі ақиқат, әрі жалған бола алмайды.

Ө м і р б е к. Ал бір адам әрі жақсы, әрі жаман бола алады. Және жер бетіндегі ең көп адамдар осылар. Сен адамгершілік жайлы шариғатыңды соларға лайықта. Сенің ат төбеліндей әулиелерге арналған, қарапайым жұрт орындай алмайтын қатал талабың кімге керек? Және оны бізден талап етуге қандай хақың бар?

М ұ р а т. Сен тазалықтың таза күйінде сақталғанын емес, кір басып, бүлінгенін тілейсің. Өйткені сенің өз арың таза емес...

Ө м і р б е к (*ренжіп*). Құдай үшін, тіліңді тартып сөйлеші...

М ұ р а т (*жаны кіріп*). Ә-ә... Жаныңа батты ма?.. Ендеше өмірдің қасиетті шартына тиіспе. Оны ойлап тапқан мен емес. «Күштінің зорлығы» деп аталатын тіршіліктің сорақы заңына адамгершілік заңының қарсы қойылуы – қара жер тарихындағы ең ұлы рухани революция. Адамгершілік заңынан ғажап не бар өмірде, ойлашы өзің? Кемтарға көмек, жақынға жан ашу, әділет үшін әкеңнен безу, ар жолында жаныңды қию – адам баласының ақыл-парасатымен жасалған кереметтердің ішіндегі ең ғажабы

емес пе?! Егер бұл қағидаға сызат түсер болса, онда адамзаттың миллион жылғы есіл еңбегі зая кетті дей бер.

Ө м і р б е к. Егер зая кетсе, оған ешкім де кінәлі емес, сол қағиданың шындыққа сыйымсыздығы ғана болуы мүмкін.

М ұ р а т (*орнынан атып тұрып*). Жоқ! Одан емес. Мына сендер – пайдасы болмаса, жолдасын жолда қалдыратын сен сияқтылар кінәлі. Сендерге билік керек, даңқ керек, табыс керек. Ол жолда ештеңеден тайынбайсыңдар. Сендер пайда үшін шайтанмен одақ құрған Фауст секілдісіңдер. Айырмашылықтарың – Фауст жанын сатса, сендер арларыңды сатасыңдар.

Ө м і р б е к (*ашуланып*). Ал сен бұтыңдағы жалғыз шалбарыңды жұртқа шешіп беретін жомарттығыңнан не таптың? Айтшы, кәне?... Жоқ, айтшы. Не таптың? Сені жұрт «әулие» дейтін. Өйткені сенің бойыңдағы бар жақсылық елдікі болды. Сенің киіміңді жұрт киетін, ақшаңды жұрт шашатын, талантыңды біреу пайдаланатын, тіпті уақытың да өзіңдікі емес-тін. Қысқасы, сенің өзіңде түк жоқ, бәрі жұрттыкі еді. Бірақ сенің сол жақсылығыңа олардың қалай қарайтынын білесің бе? Жұрт тегін дүниенің үстінен шыққанда өмір бойы жинаған тәрбиесін, кісілігін ұмытып, аш қасқырдай қырқысып, бір-бірімен таласқа түседі. Сен де оларға дәл сондай тегін дүние секілді едің. Сен олардың олжақұмар көңілін одан жаман өршіткеннен басқа түк пайда берген жоқсың. Олар сол баяғы күйінде. Әйтпесе біреуінен істеген ісіңе сай жақсылық көрдің бе? Жоқ. Қайта жаманшылық көріп жүрсің. Ендеше өтеусіз жақсылықта не мағына бар? Айтшы, кәне? Кімге нені дәлелдеймін деп жүрсің? Қорқақтың қорқақ екенін дәлелдеп бергеннен ол батыр боп шыға ма? Түк те өзгермейді. Сен бүкіл елге мазақ болып Дон-Кихоттың ерлігін қайталайсың. Дон-Кихоттың...

М ұ р а т. Жарайды, тоғышар жандар күлсін, табаласын, ал саған не жоқ? Сен неге оларды құптайсың? Өз бойыңдағы кемшілікті біле тұрып, көкке көтеріп насихаттайсың. Не үшін? Төңірегіңе неге у шашасың? Өзің тоқыраған пенделікте бүкіл кейінгі ұрпақтың қалғанын тілеймісің? Жезөкше әйел де өз тағдырын өзінің қызына

тілемейді. Ал сен қалайша... (*Мұрат ыза болып, тұтығып қалады*).

Ө м і р б е к. Сабыр ет. Әр шындықтың өзінің айтылар орны бар. Жиналыста айтатын сөзіңді бала-шағаңның ортасында отырып айта алмайсың. Театрда плавкамен жүру қандай ыңғайсыз болса, пляжда сықиып киініп, шалқаңнан жату сондай ретсіз. Сен маған ондай көркем әдебиетіңді көлденең тартпа. Себебі біз қалың жұрттың алдында отырған жоқпыз, қонақүйдің бір бөлмесінде есікті жауып алып, екеуден-екеу оңаша отырмыз. Бізді ешкім естіп отырған жоқ, солай ғой?

М ұ р а т. Ал, солай.

Ө м і р б е к. Ендеше ең жақын адамдардың арасында оңашада ғана айтылатын шындықты айтайық. Ол не шындық дейсің ғой. Айталық, аудиторияда пәленшенің есепсіз жомарттығын, түгеншенің жаннан безген өжеттігін, тағы біреудің өз басын ойламайтын әпенді әулиелігін жұртқа үлгі қылып лекция оқыған педагог үйіне келіп, өзінің баласына: «Қолыңдағыдан айырылып қалма, төбелес шыққан жерге жолама, дүниедегі ең қымбат – бастың амандығы» деп пенделік ақыл айтса, ол үшін оны кінәлауға болмайды. Себебі аудиторияда айтылған шындықтың сыртында тағы бір шындықтың бар екенін ол жақсы біледі. Өмірде қиянат пен қатыгездіктің бар екенін біледі, солардан сақтандыру үшін, баланың дүниетанымына қосымша құпия ескертулер керек. Ол адамды біржола күйіп кетуден сақтайтын предохранитель секілді... (*Пауза*). Өмір... заңның ауқымына сыймайды, сондықтан сыймаған жерін ғылымда айрықша ескерту деген пунктпен белгілейді. Ал біз көп жағдайда заңның өзімен емес, соңындағы ескертуімен өмір сүреміз.

М ұ р а т. Сонда маған не істе дейсің?

Ө м і р б е к. Сен ең алдымен өзіңді көптің бірімін деп есепте. Есепте де, бірауық өз басыңды ойла. Албырттығыңды, асаулығыңды қоя тұр. Сонда ғана осы кезге дейінгі бүкіл сәтсіздігіңнен арыласың. Жолың да болады. Көкірегіңдегі әлдебір өшпенділік запыраны тарқайды. Жайлап атақ-дәреже де, байлық та келе бастайды... Содан кейін көп затқа кешіріммен қарайтын боласың. Көңілі тоқ адам ызақор болмайды... Сен қазір бір-ақ тізгінмен

жұмыс істейсің. Ал бір тізгінмен тіршілік деген асау көлікті игеру қиын. Екінші тізгінді пенделік дейсің бе, қатыгездік дейсің бе – өз еркің. Бірақ, есіңде болсын, егер шахматшы бір пешкасын жемге берсе, ол жаңағы пешка үшін сұмдық қатыгездік болып көрінуі мүмкін, бірақ шахматшы олай істемесе, ешқашан да жеңіске жетпейді. Сондықтан мені «төңірегіңе у шашасың» деп айыптауың бекер. Мен ешқандай ұрпаққа жамандық ойламаймын. Мен де өмірге сәби санамен келіп, балалық қиялмен дүниені өзімше түсінгем. Бірақ болмыстың кейбір ащы шындығымен қақтығысқан кезде әлгі қиялдың көбі быт-шыт болды. Мен бұған да өкінбеймін, тек тірліктің сырын ұққанға дейін, бүкіл өмір өтіп кетуі мүмкін. Одан кейін саналы түрде күрес жүргізуге уақытың да, шамаң да жетпейді. Келер ұрпақ тым болмаса уақытын текке өткізбесін. Өмірдің жағымсыз иіс-қоңысы болатынын түсінсін. Мен осыны тілеймін.

М ұ р а т (*сағатына қарап алып, телефонның дискісін айналдырып*). Олар ең алдымен өмірде жағымды иістердің болатынын түсінуге тиісті. Оған да уақыт керек. Алло! Алло! Мен такси шақыртып едім... Жоғы несі? Қанша уақыт өтті манадан бері? Шырағым-ау, мен енді ұшақтан қаламын ғой... Түсініп тұрмын... Бірақ сіз де түсінсеңізші мені... (*Даусын жұмсартып*). Болғанынша қарастырыңызшы енді... (*Кейісті пішінмен трубканы қояды*).

Ө м і р б е к. Қоғам деген бір тетігін бассаң, мың тетігі жаңылыспай жұмыс істейтін техникалық механизм емес. Ол – миллиондаған адамдардан, яғни миллиондаған түсініктен, миллиондаған мінез-құлықтан тұратын ұлы организм. Оның ішінде кереғар құбылыстар көп болады. Мәселен, өзің осында көптеген шаруаларыңды бітіре алмай, қатты қиналдың. Жолдастарың сонда көмектесті ме? Көмектесті. Ұшаққа билет ала алмай, қанша сандалдың? Оған мына мен көмектестім, ал маған басқа біреу көмектесті. Не істейсің? Өмір деген осы. Мұны алаяқтық деп айта алмайсың. Өзің ойлашы, ұшаққа билет немесе қонақүйге орын жоқ екен деп қол қусырып, отыра беруге бола ма? А? Енді міне таксидің өзін шақырта алмай, қор болып отырсың... (*Күлімсіреп*). Егер мен басқа бір

нөмірді алып телефон соқсам, 10 минуттың ішінде жетіп келеді. Сенесің бе осыған?

М ұ р а т (*шошынып*). Жоқ, жоқ. (*Орнынан ұшып тұрып, долданып*). Сен жұрттың бәрін өзіңдей көресің ғой. Мені әлі білмейді екенсің. (*Қалтасынан билетті алып жатып*). Қазір көзіңше жыртамын әперген билетіңді. Маған... түктің де керегі жоқ.

Ө м і р б е к (*ұмтылып, қолына жармасады*). Өй, мынау жынды ма? Тоқта! Қой дедім ғой мен саған!

М ұ р а т (*жұлқынып*). Жоқ, жібер.

Ө м і р б е к. Қой деймін енді.

М ұ р а т. Жібер.

Ө м і р б е к (*Мұраттың қолынан билетті жұлып алады*). Мұнымен не дәлелдеймін деп отырсың. Осыныңды жаңағы үлкен мақсат жолындағы әрекет деп отырсың ба? Әдірем қал. Сен әншейін жанды жеріңе шоқ тиген соң, ашумен далбасалап отырсың. Егер сен менің көзімді бірдеңеге жеткізгің келсе, андағы балалығыңды қой да, адамша сөйлес. (*Билетті үстел үстіне тастайды*).

М ұ р а т (*орындыққа сылқ етіп отырып, өзімен-өзі сөйлесіп*). Жаныңмен сезіп отырған шындықты жұртқа жеткізе алмағаннан артық қорлық жоқ екен... (*Жылайтын адамдай бетін басып, үнсіз отыр*). Құдай-ау, шындық үшін қиындық көрмесең, жар үшін азап шекпесең, ел үшін отқа түспесең, көкірегіңде жан қияр бір асыл мұратың болмаса, ондай өмірдің не қызығы бар? Кімге керек ондай өмір? (*Дағдарып*). Мұны енді қайтып түсіндіруге болады, а?... (*Темекі алып тартады*). Сен өмірде ұлылық деген өлшемнің бар екенін ұмытқансың. Сезімдерің көрбілтеленіп, бауырыңның астындағыдан басқаны көрмеуге айналғансың. Сеніңше ұлы махаббат, ұлы мақсат деген әншейін ұран. Сеніңше соғыста амбразураның аузын кеудесімен жапқан жауынгердің ерлігі – тап-таза ақымақтық. Өйткені Отан соғысы бір соның ерлігіне қарап тұрған жоқ. Ол амбразураның аузын жапса да, жаппаса да, жеңетін едік. Сондықтан есін жоғалтып, ерлік жасамайақ, алды-артына қарап, жалғыз жанын сақтап қалғанда, бәлкім, ел қатарлы пенсиясын алып, бала-шағасының қызығын көріп, осы күнге дейін жанымызда жер басып жүре берер ме еді? Солай ғой. Әділет атымен ант етемін,

бүкіл жанбағарлар дәл осылай ойлайды. Бірақ олар әлгі ерліктің адамзат алдында жарық жұлдыздай мәңгі жарқырап, қанша ұрпақтың көкірегіне адамгершілік пен рухани биіктіктің шуағын шашатынын, жақсы мен жаманның итжығыс таласында ізгілікке өмір бойы дем беріп, қуат беріп тұратынын түсінер ме екен? Жоқ, түсінбейді.

Ө м і р б е к. Сен өмірдің ұлы ерлікті талап ететін айрықша сәттерін мысалға келтіресің, ал мен күнделікті қарапайым күйкі тірлікті айтып отырмын. Екеуі екі бөлек нәрсе. Күнделікті өмірде амбразураның аузын жабатын өлермендіктің қажеті жоқ.

М ұ р а т. Жарайды, амбразураның аузын жаппай-ақ қой, бірақ жек көретін жерде жек көруге, кектенетін жерде кектенуге болады ғой. Ал сен бәріне төзгішсің... Арыңды қорласа да, төзесің, жарыңды қорласа да, төзесің... Сенің төзімің қашан таусылады? (*Мұрат Өмірбектен жауап күткендей, тосып қалды, Өмірбек темекісін тартып, үнсіз отыр*). (*Сөзін жалғап*). Бір кезде нағыз намыс қойдың өзі сен емес пе едің? Жаңағы алаяқты өлтірем деп, пышақ алып жүгірген сен емес пе едің? Сүйген жарыңның бет-жүзіне қарамай, қиқарланып, қоштаспай ажырасқан сен емес пе едің? Қайда кетті сенің бойыңдағы сол адалдық, сол ерлік?

Ө м і р б е к (*қатқыл үнмен*). Қателесесің, Мұрат. Мен мүлде ондай адам болған емеспін. Көп пенденің бірі ғанамын. Оны мойындаудың өзі ерлік... Саған бір қызық оқиға айтайын... Баяғыда, онда сен секілді фанатик кезім, бірнеше жыл қатарынан күнделік жаздым. Ондағы ойым, өмірімдегі жақсы, жаманды таразыға салу, өзіме-өзім есеп беру. Әлқисса, содан бір күні күнделікті оқып отырып, өзімнің кәдімгі өмірдің ығынан шықпайтын, реті келсе, күнәдан да, қылмыстан да бас тартпайтын нағыз жексұрын екенімді танып, ғажап қайран қалдым. Мынау күнделік дегеніңіз өзіңді-өзің әшкерелеуден басқа түк те емес екен. (*Өмірбек шын қайран қалған түрмен Мұратқа қарайды*). Бұл мен үшін сұмдық жаңалық болды. Өзімнің кім екенімді білдім. Расында қоғамды зерттеу үшін алысқа кетудің керегі жоқ, өзіңді зерттесең, жетіп жатыр. Мінеки, түн жамылып отырмын, имандай шынымын... Мен өзімді ұлы бақытқа лайықты жанмын деп ойлаймын. Адам-

заттың қиялында ғана болатын бір таңғажайып асыл перизатты, иә, Алланың әмірімен дейікші, алып келіп, «осыны өзіңе жар ет» десе, мен ойланбастан бас тартар едім. Әрине, періште аруды жақсы көрмегендіктен емес, өзімді оған лайық емес деп білгендіктен. Оны өзіме қимағандықтан. Ол байғұс кейін мендей жабыға тап болғанын біліп, күйіктен құса болып өлмеуі үшін. Иә, иә, әркім өзінің кім екенін білуге тиісті. Өйткені бұл да прогресс. «Өзінің ақымақ екенін білген ақымақты одан кейін ақымақ деуге болмайды», – деген бір ұлы жазушы. Меніңше өз ішіне батыл үңілген адам жексұрын деген сөзге тұрарлық бірдеңе таппай қоймайды.. Мінеки, осындай адамға сен кісіліктің ең ауыр жүгін арқалатқың келеді. Сенің абсолюттік шартыңа ешкімнің ғұмыры жетпейді... Сен жұмысшыларға орындалуы мүмкін емес жоспар ұсынып отырған зауыттың өлермен директоры секілдісің.

М ұ р а т. Артық жоспарды арқалап жүрген сен емес, мына мен. Екеуіміздің жолымыз тоғысқан сәтте өмір бойы саған жол берумен келемін. Мен саған бәрін де... тіпті Дариғаны да қидым. (*Қинала*). Енді менен не тілейсің?

Ө м і р б е к (*ойланып*). Оның рас, сен менің өмірдегі ең жақын досымсың. Сенен басқа ешкімім де жоқ... Бірақ, ренжіме, мен шынымды айтып отырмын: сен маған ешқашан да бақыт әкелген жоқсың. Сен дозасы артық қымбат дәрі секілдісің. Дәрі – денсаулыққа шипа, бірақ артық доза өмірге қауіп. (*Пауза*). Сен өз бетіңше күн көре алмайсың. Өзіңнің қияли мақсаттарыңмен міндетті түрде біреуге сүйкенуің керек. Сен елге тыныштық бермейсің...

М ұ р а т (*таңырқап*). Осы сендердің тыныштық дегендерің не нәрсе? Қайдағы тыныштық ол саған қажет боп тұрған? Сен онсыз да жалғызсың. Сен қызметте қатар отырған адамның, қарсы отырған көршіңнің қайғысын да, қуанышын да білмейсің. Ешкімнің зарын естімейсің – құлағың тас керең. «Өзгеден озсам, өзгені жықсам, мұқатсам» дегеннен басқа мұратың бар ма сенің? Және сол әрекеттеріңді ақтау үшін, өмірді «бәйге» деп дәлелдегің келеді. Кім жеңсе, сонікі – әділ, сонікі – шындық. Жоо-оқ, қателесесің, өмір – бәйге емес, оны бәйге қылып жүрген мына сен секілді өзімшілдер. Ал өмірдің ұлылығы – шынайы сүйіспеншілікте. Мейлің, қызыл сөз де,

мейлің, ұран де, мен мұны қайталаудан жалықпаймын. Шын сүйген адам өзін бірінші орынға қоюға тырыспайды, қайта өзін құрбандыққа шалуға құмартады. Сен оны ешқашан да түсінбейсің... Өйткені ешкімді сүйіп көрген жоқсың... Сен Дариғаны да сүйген емессің.

Ө м і р б е к (*орнынан тұрып, қолын артына ұстай, Мұратқа теріс қарап тұрады*). Мен оны қазір де сүйемін.

М ұ р а т (*таңырқап*).Не дейді?

Ө м і р б е к. Мен оны сүйгендей енді ешкімді де сүйе алмаймын... Сен бізге үлкен обал жасадың.

М ұ р а т. Сен не деп отырсың? «Былғанған махаббаттың батпағынан алып шыққаның үшін өмір бойы қарыздармын» деп мені құшақтап жылаған сен емес пе едің?

Ө м і р б е к. Батпақтан бекер шығардың. Ол жер маған ең лайық жер еді.

М ұ р а т (*ойланып*). Рас, дәл бүгінгі көзқарас, бүгінгі мақсаттарың сол кезде болғанда ол оқиғадан кейін де сендер ажыраспай бірге тұрып қала берулерің мүмкін еді. Мүмкін емес, сөз жоқ, ажыраспас едіңдер. Бірақ ол кезде сендердің бойларында әлі де болса тазалықтың ұшқыны болатын. Сол сендерді намыс жолынан тайдырмай, қиындыққа тура бастады, арларыңды аяқасты қылудан сақтап қалды. Енді сол тазалықтың ұшқынын біржола жоғалтқан шақтарында, өздеріңнің ұлы шариғатқа, ұлы шындыққа сай емес екендеріңді сезген кезде бәріне кінәлі адам іздегілерің келеді. Ол мен емес. Ол – өз бойларыңдағы адалдық пен тазалық болатын. Бірақ оның биік талабына сендер шыдамадыңдар. Сосын келіп, ұры адамның бір жерден алмай кеткен затына «шіркін-ай, сонда неге қымқыра кетпедім, маған адалдық неге қажет еді» деп өкінгені секілді сандарыңды соғасыңдар...

Ө м і р б е к (*мырс етіп*). Ондай тазалық менде болған емес. Мен Дариғадан бұрын, әлдеқашан оның көзіне шөп салғанмын.

М ұ р а т (*сасып қалып*). Не дейсің?.. Қалай?..

Ө м і р б е к (*кекете қайталап*). «Қалай». Кәдімгідей. (*Кейісті үнмен*). Сөз бола ма екен сондай? (*Алғашқы үнмен*). Менің серілігім Дариғадан әлдеқашан бұрын басталған. Бірақ мен серілікті білдірмей жасадым. Айырмашылығы сол ғана...

М ұ р а т (*ашына айғайлап*). Оңбаған! Жауыз! Осыдан кейін, қалайша сен дәтің барып, Дариғаны қорлық пен азапқа қидың. Тас керең! Опасыз! Бұдан кейін оны бүкіл елге қарабет қылып, қаңғыртып тастауға қандай хақың бар еді? Апырай, баланы қалай көзің қиды? Жексұрын... (*Мұрат айтар сөз таппай, дағдарып қалды*).

Ө м і р б е к. Мен оны тастайын деп тастаған жоқпын. Елге жария болып кетті. Адамның әрекеті көбіне өзінің қалауымен емес, төңіректің қалауымен жасалады. Мен де солай істедім. Өйткені төңірек менен соны талап етті. Мен... сенің сөзіңмен айтқанда, (*өзін-өзі кекете*) намысым үшін, еркек болып қалуым үшін, қалайда әйеліммен ажырасуым керек болды. Көрдің бе? Өйткені ол кезде мен нағыз ақымақтың өзі едім. Ал осы жағдай басыма екінші рет келгенде мен (*басын шайқап*) бұл ақымақтығымды қайталағам жоқ.

М ұ р а т (*таңырқап*). Екінші реті несі? Тағы бір әйелден ажырасып па едің?

Ө м і р б е к (*басын изеп*). Иә. Тура осы әйелімнен.

М ұ р а т (*үрейленіп*). Ол да... сөйтті ме?

Ө м і р б е к. Жоқ. Бұл жолғы кінә менен болды. Түкке тұрмайтын жерден қолға түстім. Әлдекімдер ұйымдастырды ма деп те ойлаймын. Шынымды айтсам, нағыз шатақ мен үшін осы болды. Жайшылықта мінезі жұмсақ, ақылды деп жүрген әйелім өмірімде көрмеген жанжалдың көкесін көрсетті. Істі сотқа берді, оның сыртында арыз айтпаған жері қалмады. Араға түскен ағайынның бірін тыңдаған жоқ. Бір күні, алғашқы арыны басылды-ау деген кезде тәуекелге басып, әйеліммен ашық әңгімеге кірістім. Мен ештеңе жасырғам жоқ. Бұған дейінгі басқа қылмыстарымды да айттым. Егер жағдай тура келсе, сен де сол іске баруың мүмкін дедім өзіне. Тура осылай айттым. Адам баласының әрекетіне күні бұрын бал ашуға болмайды. Және бүкіл кісілікті тек осы бір қосалқы тірліктің төңірегінен іздеп, басқа негізгі ұмырыңды, негізгі ықылас-ниетіңді, ой-санаңды тегіс жоққа шығару барып тұрған сыңаржақтық емес пе?.. Содан кейін оған алғашқы әйелімнен ажырасқаныма әлі күнге дейін өкінетінімді айттым. Өз бойымнан соны кешіруге бір дәрмен таппағанымды, пенделік қызғаныштан аса алмағанымды айттым.

Егер сол пендешілігімді жеңгенімде осы жүрген жүздеген-мыңдаған қарапайым бақытты адамдардың бірі болып қалатын едім дедім... Әйелім біразға дейін тулауын қоймады. Сосын мен айттым: «Жарайды, бәріне де көнейін, – дедім. – Бірақ маған бататыны – сен менің сөзімнің ақиқат екенін кейін түсінесің, бірақ сенің оныңнан еш пайда жоқ. Тек мен жасаған түзелмес қателікті екінші рет қайталайсың. Сосын бір күні менің айтқан ақылымды тағы біреуге айтасың, сол кезде анау адамның кещелігіне тап қазіргі мен құсап ыза боласың... Мен осының бәрін қазір сезіп, біліп тұрмын», – дедім... Әйтеуір ақылды әйелдің аты ақылды әйел ғой. Сол күні ештеңе демегенмен, келесі күні өзі келіп табысты. Міне, соның арқасында қазір татутәтті отбасы болып тұрып жатырмыз. Кешірім деген өмірдің сәні. Адам баласын бақытты қылатын қатаң талап емес, кешірім...

М ұ р а т. Ол кешірім әркімнің өз шаруасы. Ал намысқа тиетін кешірімді мен қабылдай алмаймын. Ұлы махаббат пен ұлы кекті жанына серт қыла алмаған жаннан ешқандай ерлік күтуге болмайды. Ал ерлік жоғалғаннан кейін, (*қолын сілтеп*) өмірден үлкен мағына іздеудің қажеті жоқ... Одан кейін өмір емес, әншейін тіршілік басталады.

Ө м і р б е к. Есіңде ме, Абайдың «Масғұт» деген дастаны. Бүкіл ел жынданғанда аман қалған Масғұт пен Халиф не істеп еді?.. Құтырған жұрт өлтіретін болған соң, даладағы судан өз еріктерімен ішіп, басқалармен бірге жынұрып кетеді. Бұл – өзіңді қоршаған ортамен бірдей болу деген сөз. Әйелің көзіңе шөп салса, одан айырылысып, бақытты бола алмайсың, бәрібір жан-жарасы өлеөлгенше өзіңмен бірге болады. Ендеше одан құтылатын жалғыз-ақ амал бар. Ол – өзің де әйеліңнің көзіне шөп салу. Сонда ғана атылып, я асылып өлуден аман қаласың. Бұл да жаңағы Абайдың өлеңіндегі жынды су ішіп, елмен теңескенмен бірдей.

М ұ р а т. Теңескендеріңді көріп отырмын. Дариға екеуіңнің сөздерің бір-бірінен айнымайды. Тура келісіп қойғандай.

Ө м і р б е к. Келіскен түгіміз жоқ. Үш адамның екеуінің ойы бір жерден шықса, ақиқат та, жеңіс те солардікі де-

ген сөз. (*Мұратқа өтірік сыпайыланып, әрі табалап*). Кешірерсіз, закон демократии.

М ұ р а т (*сабырмен*). Жеңсең жеңерсің, білгеніңді істерсің. Мұның бәріне мен төздім. Менің төзімімді тауысып, жігерімді құм қылып тұрған нәрсе – сенің осы күйіңе риза екендігің... Дариға сенің көзіңе шөп салса, сен бәріміз сенген бір шындықтың көзіне шөп салдың. Дариғанікі қателік – оған өзі де қатты өкінеді, ал сен ештеңеге өкінбейсің... Сенде қазір бәрі бар. Үйің сірескен жиһаз. Табысың мол. Қолдаушың көп. Көргенің – рақат. Рас, бұл өмірде Рақат деген бір ел бар. Оған жұрттың бәрі қызығады. Ол тұсынан өткен адамның бәрінің көзінің жауын алып, көңілін арбайды. Кәдімгі Одиссейді шақырған сирена секілді... (*Осы тұста әрі қарай не айтарын ойланып алғысы келгендей, асықпай темекі алып тұтатады*). Бізді сирена арбап шақырады. Біз құлағымызды бітеудің орнына, сол үнге қарай өзіміз жүгіреміз. Келесі жолаушы осы тұсқа келгенде біздің сүйегімізді ғана көреді. Талай есті азаматтардың сүйегі «Рақат» деген елде қалып қойған. Сен де сол сирена үніне елтіген бейбақтай, алғашқы арманыңды ұмытқансың.

Ө м і р б е к. Алғашқы арман деген балалық. Әркім алдына шамасы келетін мақсат қоюға тиісті. Білек көтермейтін шоқпарды белге қыстырудың қажеті жоқ. Қолдан келгенше ел үшін қызмет етейік, бірақ шама келмейтін міндеттеме алып, текке зорықпайық. Шариғат та, арман да адамның әу бастағы табиғи болмысына лайық болсын – міне, менің ұсынысым. Менің мақсатым сенің мақсатыңнан бөлек емес, тек өмірге жақынырақ. Таңның атысы, күннің батысы бірыңғай биік мақсатпен өмір сүре алмайсың. Тамақ ішу, киім кию, отбасын асырау – ол да оңай шаруа емес. Сен оған мещандық деп мұрыныңды шүйіргенмен, оны аттап ешқайда кете алмайсың.

М ұ р а т. Мәселе мещандықта емес, мәселе азаматтық жайында. Азаматтық бергеніңнің санымен емес, шығыныңның санымен өлшенуге тиісті. Діни ұғымға салсақ, мың жылқыдан бір жылқы садақа берген байдан, қалтасындағы жалғыз он тиынын берген қайыршы құдайға бір табан жақын болуға керек. Ал сен осынша ақылмен, осынша біліммен, осынша қабілетпен не бердің? Шығының

қанша? Дәулетіңнен, мансабыңнан, беделіңнен жұрт үшін бір сабақ жіп жоғалттың ба? Ақысын бермесе, әкесінің көрін қазбайтын қайырсыздарға, дүние түлкі болса, тазы болып, тазы болса, түлкі болуға дайын тұрған бейімшілдерге, бір сәттік құмарлыққа жер шарын сатып жіберетін сайқалдарға, ел басына төнген пәледен де пайда іздейтін алаяқтарға, жалған көсемдер мен жалған жанашырларға қарсы қол ұстасып, күреске шығудың орнына өмірді қайшылығымен, кемшілігімен қабылдау керек деп бәтуа айтасың. Сенікі – бәтуа емес, күрестен бас тарту. Күрес ең алдымен өзіңді жеңуден басталады. Ал сен өзгеден емес, өзіңнен жеңіліп отырсың... Әділдік үшін сен өз басыңа сөз келмейтін жерге дейін ғана айтысасың. Өз басыңа жауапкершілік келер жерде бәрінен безіп шыға келесің. Сенің азаматтығың арқаңа ер батқанға дейін ғана.

Ө м і р б е к (*кекетіп*). Сенің бұл сөздерің спектакльде бас геройдың аузымен айтуға ғана жақсы. Ал өмірде басқашарақ.

М ұ р а т (*өршеленіп, айғайлап*). Өмірде де осы, спектакль көктен алынбайды... Сен ұрыс алаңынан қашқан қорқақ солдат секілдісің. Ал жардың опасыздығы, достың опасыздығы, солдаттың опасыздығы – бәрі бір-ақ құбылыс... Соғыста жеңілу айып емес, өйткені қашан да күші жеткен жеңеді. Ал қарсы бетке өз еркіңмен берілу – ең ауыр қылмыс. (*Зілді үнмен*). Өз еркіңмен қол көтеріп, берілуге хақың жоқ, естимісің? Хақың жоқ.

Ө м і р б е к (*даусын өзгертпей*). Бұл да жаңа бас геройдың сөзі.

М ұ р а т (*ашудан қалшылдап*). Өмірбек! Құдай үшін, тез шық! Тезірек шық! Мен қазір сүйекке кететін бір сөз айтпай тұрғанда, шық, кәне. Біржола кетісейік демесең, шық қазір! Өтінемін... (*Қалшылдап, бірдеңе айтып қоймайын дегендей өзінің аузын басады).*

Өмірбек шығып кетеді.

Мұрат біразға дейін приступ секілді қатты ашудан айыға алмайды. Графиннен бір стақан су құйып алып, өзінің бетіне өзі шашады. Есін жиған кезде, галстугін ағытып, залға қарама-қарсы орындыққа отырады. Шаршаған. Жылярман түрмен басын шайқап). Бұлар менің сенімімді құртқылары келеді... Армандары – мені де өздеріндей бақытсыз ету...

(Залға қарап, қолын жайып). Мінеки, менің майдандас достарым... игі жақсыларым... Осындай... Бәрі білімді, бәрі шешен; аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейді, бірақ көңілдері мұздай, жүректері тастай. Жылытайын десең, жібітейін десең, маңдарына жуытпайды. Өзіңді ақымақ көреді... *(Көрермендермен сөйлесе)*. Ал біз ше? Өзіміз ше? Біреуді кінәлауға бәріміз де шеберміз. Әділдікті, адалдықты өзгелерден талап етуге құмармыз. Әрине, жұрт шетінен ақкөңіл, мейірбан, әулие болса, өмір біз үшін қандай ғажап болар еді. Бірақ сол шартты әрқайсымыз ең алдымен өзімізден неге талап етпейміз? Ардың тазалығын, жардың тазалығын мансұқ етіп, махаббат әлеміндегі алаяқтарға кәрін төгетін сері ақын-жазушылар, сері режиссерлер, моралистер, сері педагогтар, тағы сол секілді данышпандар неге осыны ең алдымен өздерінен талап етпеске? Неге дәрігер темекі зияны туралы лекция оқып отырып, үзілісте дәлізге шығып темекі тартады? Әйелінен кіршіксіз адалдықты талап ететін еркек неге соны ең алдымен өзінен талап етпейді? Қарамағындағы адамның жасықтығын, қорқақтығын жер-жебіріне жете сынаған бастық өз бастығының алдында неге құрдай жорғалайды? Неге? Неге?

Ақылымыз ұшан-теңіз, бәрін де білеміз. Білмейтініміз жердің астында. Құдай-ау, енді осынша жиналған ақылды неге іске асырмаймыз? Неге соны әлгі ақыл айтушылардың өздері бастамайды? Неге?.. «Молданың айтқанын ғана емес, істегенін де орында» дейтін мақалдың туатын кезі болды ғой... (*Пауза*). Ал біз не істейміз – біз оның орнына бас пайдамызды ойлап, қарсы жақпен сепаратты келісімге отырамыз. «Бір маған тіреліп тұрған ештеңе жоқ шығар, басқалары күресе берсе де жетер» деп жұбатамыз өзімізді-өзіміз. Ал мыңдаған, миллиондаған адамдар осылай ойлағанда не болады? Сұмдық қой. (*Орнынан тұрып кетеді. Әрлі-берлі кезіп*). Бұларша ойласаң, бәрі уақытша. Уақытша ұнатасың, уақытша жек көресің. Данышпандығың да, кісілігің де бір-екі сағаттан аспайды. Жақсылығың бір-ақ рет, махаббатың бір-ақ күндік. Ал сонда... (*Көрермендерге қарап*). Осы да өмір ме? (*Мұрат орындыққа қайта отырады*). Және... өз ұғымдарына сәйкес келмейтін шындықтың бәрін «мүмкін емес» деп, оп-оңай жоққа

шығара салады. Неге мүмкін емес? Өмірдің барлық саласында ел үшін, жер үшін, жар үшін сан қилы көзсіз ерліктер жасалып жатыр. Айқындап қарасаң, осы өз төңірегімізде қанша ғажап адамдар, қанша ғажап арулар жүр. Ендеше, адал жар да, асыл махаббат та бар. Бәлкім, менде болмас, я, сенде болмас, бірақ әйтеуір біреуде бар ғой. Өз тағдырымыз сәтті болмады деп барлық жақсылыққа күйе жағу, өзіңнің де, өзгенің де сенімін жоғалту әділдік пе? Ал сенім – жер бетіндегі ең құдіретті күш. Бізді мұратқа жеткізетін де сол ізгілікке деген сенім. Бірақ... сенімге де табандылық керек. Егер спектакль жүріп жатқанда өмірді қайта бастайтындай болып егіліп жылап, сахна жабылған кезде мыжырайған бас киімін киіп алып, бұрынғы таз қалпына қайта түсетін көрермен секілді болсаң, онда сен үшін шындық өмірлік мақсат емес, анда-санда бір шарпып өтетін көңілдің серпілісі ғана. Егер олай болмай, әлгі шартты күндер бойы, түндер бойы ойлап, жанымызға серт қылсақ, онда... бәрі де біздің ойлағанымыздай болады. Ағайын... (*даусы құбылып*) тілекшің болайын... (*Сөзін аяқтай алмай, темекі алып тартады. Содан кейін сағатына қарап, асығыс телефон соғады*). Алло! Қарындасым. Мен такси шақыртып едім... Неге жоқ? Мен қалдым ғой... Қанша күтуге болады енді? (*ашумен трубканы лақтырып тастайды да, әрлі-берлі бөлме ішін кезе жөнеледі. Кенет телефон шылдырлайды*).

М ұ р а т (*жалма-жан трубканы көтеріп, ашулы үнмен*). Алло. Алло.

Ә й е л д а у с ы (*телефоннан*). Мұрат, сенбісің?

М ұ р а т (*абдырап*). Иә, иә...

Ә й е л д а у с ы (*қуанышты үнмен*). Уһ!! Қандай жақсы болды... (*Пауза*). Сенің телефоныңды әрең таптым. Кетіп қалды ғой деп күдерімді үзіп отыр едім. Рақмет. Танып тұрсың ба, Дариғамын ғой. Қашан жүресің?

М ұ р а т. Осы қазір.

Д а р и ғ а. Қоштасып қалайын деп әдейі телефон соғып отырмын. Әнеукүнгі түнгі айтысымыздан кейін, мен көп ойландым. Кеше де ұйқым келмеген соң, ескі альбомдарды ақтарып отырып, сенің қолыңмен жазылған бір қағазды тауып алдым. Көзіме оттай басылды. Баяғы сту-

дент кезімізде үшеуіміз жатқа оқитын бір үзінді екен. Тыңда: «Өзіңе сенбе, өзгеге сенбе бүгінгі. Алғаш рет жүрегіңде бүршік атып, тамыр жайған қасиетті де, парасатты ізгілікке сен...

Әлдекім мысқылдай күліп, «шырағым, өмірдің бұл сұрағына біз де жауап іздеп, шарқ ұрғанбыз, бірақ таппағанбыз, содан кейін өзгелер құсап тулап-тулап қойғанбыз» десе, оған әсте сенбе.

«Сенің бұл ниетің жастық шақтың орындалмайтын арманы ғана, бәріміз де арман қылдық, қол создық, сөйтсек өмірдің өз талабы, өз қалауы бар екен, ендеше, өмір былай болар ма еді деп бос қиялдағанша, сол өмірдің талабына сай әрекет қыл» дегендерге сене көрме.

...Ізгілік пен ақиқаттың толық үстемдік етуі мүмкін емес дейтіндерге сене көрме... (*Пауза*).

М ұ р а т (*шыдамсызданып*). Оқысаңшы.

Д а р и ғ а. «Тәңірі тектес сезім шырағы алғаш рет көкірегінде жарқ етіп тұтанған киелі шақтағы, әу бастағы адал шақтағы мына өзіңе сен.

Сол шырақты өшіре көрме, бар қуатыңды пана қылып жандыра түс, лаулай түссін». Лев Николаевич Толстой. (*Екі жақ та бір сәт үнсіз қалады*).

Д а р и ғ а (*сөзін жалғап, сезіммен*). Мұрат! Сен менің қысылғанда, тарыққанда сүйенішім едің, әулием. Көзім алды қарауытып, көңілімді күдік басқанда айнымайтын, азбайтын сені есіме түсіріп, бойыма қуат жинайтынмын. Өмірдің шырғалаң сәтіне кез болып, не істерімді білмей, басым қатқан кездерде: «Осындайда Мұрат болса, қайтер еді?» – деген сұрақ қоюшы едім өзіме-өзім. Сонда теңізде адасқан кеменің жағадағы жарықты көріп, бағыт тапқаны секілді, мен де аман-есен, адаспай, жөн табатынмын. Сен болмасаң, осы күні кім болып кетерімді өзім де білмеймін. Барлық қауіп-қатерден құтқарушым сен болдың, әулием. (*телефоннан жылағаны сезіледі*). Осының бәрін сен білсін деп әдейі телефон соғып отырмын. Анада айтқан артық сөзімді кешір.

М ұ р а т (*толқып, көзіндегі жасты білдірмеуге тырысып, үнсіз ұзақ тұрғаннан кейін, даусын бекітіп*). Міне, көрдің бе, енді сен менің сүйенішім болып отырсың. Өйткені тап қазір маған осындай көмек ауадан да артық

қажет болып тұр еді. Сенің сөзің маған өлшеусіз қуат берді, Дариға. Рақмет!

Д а р и ғ а (*күліп*). Маған несіне айтасың, саған рақмет. Ал енді жолың болсын, қайда жүрсең де, аман бол. Көріскенше.

М ұ р а т (*қайталап*). Көріскенше.

(*Дариға да, Мұрат та трубканы қояды. Мұрат ойланып отырып қалады. Түрінде үміт пен сенімнің табы бар. Тағы да телефон шылдырлайды*).

М ұ р а т (*шаршаған, бейжай*) Алло, алло. Такси? Келіп тұр ма? Рақмет. (*Чемоданын, плащын алып, көрермендерге қарап*) Менің бір ұстазым айтушы еді: «Адалдықтың бәйгесіне атыңды қос, озсаң да – олжалысың, қалсаң да – олжалысың», – деп. Бәріміз де сол бәйгеде кездесейік... (*Мұрат шығып кетеді*).

Шымылдық

АРДАГЕР

(Пьеса)

Қатысушылар:
А р д а г е р – қарт ғалым-жазушы
Ұ л ы – журналист, Ардагердің ұлы
Ш ә к і р т – Ардагердің күтуші шәкірті
Ж а р қ ы н б е к – қарт ғалым, Ардагердің құрдасы
Ұ р ы – пәтер тонаушы ұры
Ж у р н а л и с т – сұхбат алушы
О п е р а т о р – теледидар қызметкері
Қ а р а ж а м ы л ғ а н ә й е л – шешенің аруағы
1-дәрігер – «Жедел жәрдем» дәрігері
2-дәрігер – «Жедел жәрдем» дәрігері

Бірінші көрініс

Түн кезген ұры пәтер тонау үстінде. Қалтасынан сымға ұқсаған әлдебір құрал-саймандарын алып, есіктің кілт салатын тесігіне сұғып, еппен есікті ашады. Үй іші әжептәуір қараңғы. Сипалап жүріп шам жағады. Дәліз бойымен әрі қарай жүріп, бүйірдегі есікті ашады. Тағы да сипалап, шам жағатын тетікті ұзақ іздейді. Ақыры тетікті тауып, басып қалғанда, бөлменің шамы жанып, сахнаға жарық түседі. Қаптаған кітап. ұры бұрыла беріп, үстел басында көрпеге оранып, ескерткіштей қатып қалған,

қимылсыз отырған кісіні көріп, селк ете қалады. Жалмажан қалтасынан пышағын суырып алып кезенеді. Көзілдірікті қарт кісіде үн жоқ. Тіпті бұрылып та қарамайды. Ұры алдындағы адамның тірі екеніне күмән келтіргендей, аңтарылып тұрып қалған.

Әлден уақытта қарт кісі асықпай жүзін бұрып, шақырусыз келген қонақтың түріне қарайды.

А р д а г е р (*болмашы мырс етіп*). Ақымақ болма! (*Үйде ешкім жоқ деп ойлаған ұры тағы басқа біреулер бар екен деп ойлап, секіріп түспек болып, балконға қарай жүгіреді. Ардагер шошына айқайлап).* Ей, сорлы, тоқта! Балконнан құлап, өлемісің?

Ұ р ы. Рақмет жаның ашығанына. (*Тоқтамайды).*

А р д а г е р. Тоқта деймін! Әй, жарқыным, осы үйден керек затыңды ал. Тек тоқташы өзің!

Ұ р ы (*бұрылып*). Иә, сене қоярмын саған. (*Қайтадан секіруге оңтайланады*).

А р д а г е р (*Жамылған көрпесін сыпырып тастап, орнынан тұрады*). Ау, шырағым! Мен өтірік айтатын жастан кеткен адаммын. Осы үйдегі дүние-мүліктің ешқайсысының да маған қазір қажеті жоқ. Алсаң – ал, алмасаң – қой, тек менің көзімше мерт болып, өзім әрең отырғанда, жүрегімді үшырма. Шын айтамын, шырағым... Ант етейін, ешкімге тигізбеймін. Тек қарғи көрме...

Ұ р ы (*ойланып, артына бұрылып*). Немене, мені аяп тұрсың ба?

А р д а г е р. Өзімді аяп тұрмын... Көрмейсің бе түрімді? Сені ұстап бергенде, қимайтындай нем бар менің? Ниетің бұзық болса, құдай кешірсін. Бері кел.

Ұ р ы (*әлі де екі ұшты*). Ал жақсы... (*Балконнан бері шығады*).

А р д а г е р (*орнына отырып*). Уһ! (*Көзін жұмып, қинала күрсініп*). Отыр.

Ұ р ы (*Бірдеңе сезілсе, тұра қашатындай түрмен ақырын келіп орындыққа отырады*). Ал отырдық...

Ар д а г е р *(үнсіздіктен кейін*). Дәурені озған, дәулеті тозған көрі ғалымның үйінен не табам деп ойладың? Ұрласаң, байлығы бар біреудің үйіне түсіп ұрламайсың ба?

Ұ р ы (*не айтарын білмегендей, аңырая қарап тұрып*). Байлығы бардың күзеті де мықты. (*Жалтақтап есік жаққа қарайды*).

А р д а г е р. Солай ма? Сонда сорлайтын сен екеуіміз екен ғой.

Ұ р ы (*мырс етіп*). Немене, менің қатарыма тұруға сонша құмар болып тұрсың ба? Екеуіміздің жолымыз, сірә да, қосыла қоймас.

А р д а г е р. Неге?

Ұры (*кекете қайталап*). Неге?.. Сен де ұры бол мен секілді, сонда қосыламыз.

А р д а г е р. Кім біледі? Біздің ұрлығымыз сенікінен кем болмаған да шығар.

Ұ р ы (*таңырқай қарап*). Рас айтамысың?

А р д а г е р. Сен секілді үйге түскем жоқ, әрине, бірақ ұрлық тек үй тонаудан тұра ма екен?

Ұ р ы *(қызыққандай түрмен*). Иә?..

А р д а г е р. Біреудің айтқан ой-пікірін, тіпті тұтас бір шығармасын пайдалану, біреуге тиесілі ырыздық-несібені қағып кету, өзгенің сөзін өзімдікі деп айту – осының бәрі ұрлық емей не?

Ұ р ы (*басын шайқап*). Түсінбедім.

А р д а г е р. Айталық, сен ән шығаратын композиторсың. Мен сенің әндеріңнің бір әуенін аламын да, әрі қарай сәл-пәл дамытып, өзімдікі қылып аламын. Түсіндің бе?

Ұ р ы (*таңырқап*). Сонда не, сен ән шығарасың ба?

А р д а г е р. Жоқ. Мен тек өзімді айтып отырған жоқпын ғой. Жалпы рухани ұрлық туралы айтып отырмын. (*Әлі де аңтарылып отырған ұрының түріне қарап*). Жарайды, онда басқасын айтайын. Халықтың ақшасын қалтасына басып, шетелге қашып кету, қызмет бабын пайдаланып, мемлекет қаражатын өз пайдасына оңды-солды жұмсау, жеріңді, кеніңді тонау, пара алу, пара беру, елдің есесінен баю – осының бәрі ұрлық емес пе?

Ұ р ы (*аузын аша таңырқап*). Апырай, ә! Айтып отырғаныңыз шындық қой.

А р д а г е р. Бірақ сенікі – ұрлық та, олардікі ұрлық емес болып шығады. Яғни, он теңге ұрласаң – ұрлық, он миллион ұрласаң – бизнес.

Ұ р ы (*риза түрмен кеңкілдей күліп*). Тура, тура. Қалай дәл айтып отырсыз! Рас қой.

А р д а г е р. Солай, шырағым. Ұрылармен күресетіндердің сол ұрылардан айырмашылығы шамалы.

Ұ р ы (*елігіп*). Ал өзіңіз қанша миллион ұрладыңыз?

А р д а г е р. Мен ғалыммын, жазушымын. Біз нені ұрлай алушы ек? Өзіміз күнімізді әрең көріп жүрміз. Рас, өмірдің де, қызметтің де қызығын көрдік. Бірақ Доспамбет жырау айтқандай: «Бұл дүниенің басы – сайран, түбі – ойран». Сайраны өтіп, ойранын күткен кез қалды. Үш инфаркт алған мен өлмей, мені уайымдап жүріп, кемпірім кетті. Бәленшеке деген дақпырттан басқа менде ештеңе қалмады. Осы үйді қазір көшіріп алып кетсең де, уайымдайын деп отырған мен жоқ.

Осы кезде сырттан дабырлаған дауыс естіледі. Ұры түрі бұзылып, орнынан атып тұрады.

А р д а г е р. Отыра бер, қорықпа. Маған телевидениеден журналистер келетін болған. Шәкіртім бар осы үйде мені күтіп жүрген. Сол алып келе жатқан шығар. Осы үйге келген слесарь ма, бірдеңе дермін... (*Ұры сенбей, қайтадан балконға жүгіреді*). Әй, шырағым! Балконнан құлап, қай мұратыңа жетпексің? *(қалтасынан ақша алып*). Мә, қуыс үйден құр шықпа. Мынаны ал! Мә, ал деймін.

Ұ р ы (*арбалған адамдай ақшадан көзін ала алмай тұрып қалады. Ақырын-ақырын жылжып келіп, ақшаны алып, орындыққа отырады. Әлі де сенбегендей, біресе ақшаға, біресе қартқа қарайды*). Рақмет...

А р д а г е р (*күрсініп*). Сен де бір бейшара жансың ғой, қайбір жетіскеннен үйге түсіп жүрмін дейсің. Ертең құдайдың алдына барсам, сауабың тиер... Иә. Малайсары деген би Сырым батырға айтқан екен: «Жетпіске келгенде... иесіз шөлге кез болдым», – деп. Оны Сырым батыр: «Иесіз шөлге кезіксеңіз, қатарыңыз кетіп, жалғызсырап жүр екенсіз», – деп шешіпті. Ал мен сексеннен астым. Қазір иесіз шөлде жүргендеймін. Баланың өз тірлігі өзінде. Жанымды жалғыз түсінетін жан серігім – кемпірім еді... Ол да... (*Кемсеңдеп, қалтасынан орамалын алып, көзін сүртеді*).

Ұр ы (*қипақтап, ақша алғаннан кейін үні де өзгеріп*). Ақсақал, сабыр етіңіз.

(*Осы кезде бөлмеге апалақтап шәкірт кіреді*).

Ш ә к і р т (*көзі алақтап*). Есіктің бәрі ашық жатыр ғой!..

(*Ұры тұра қашатындай, апыр-топыр орынынан тұрады*).

А р д а г е р (*сәл ойланып*). Мына слесарь жігіт шақыртумен келген екен, пәтерді шатыстырып, бізге қоңырау соққан соң, сүйретіліп барып, ашқан мен едім (*дұрыс айтып тұрмын ба дегендей, ұрыға қарайды*).

Ұ р ы (*елпілдеп*). Иә, иә, дәл солай.

А р д а г е р. Содан кейін жалғыз отырған соң, уақыт өткізіп әңгімелесіп отырғанымыз ғой. *(Ұрыға қарап*). Алғашқы адреспен барған үйің жабық тұр дедің ғой деймін.

Ұ р ы (*одан әрман елпілдіп*). Иә, иә, дәл солай.(*Тапқырлығына риза болғандай Ардагерге таңырқай қарайды).*

А р д а г е р (*шәкіртіне қарап*). Теледидардың адамдары келген жоқ па?

Ш ә к і р т. Соларды күтіп тұрғанмын. Сыртқы есік ашық тұрған соң, шошып кеттім... (*пауза*) Жарайды әлгілер де келіп қалар. Сырттан күтейін.*(Шығып кетеді).*

А р д а г е р *(ұрыға*). Отыра бер. Асығып тұрмаған шығарсың. (*Кенет бет-аузы тыржиып, қинала жүрегін ұстайды).* Мына құрғыр тағы да шаныштыау... *(Қолын созып бірдеңе сұраған болады).*

Ұ р ы. *(түсінбей).* Ақсақал, не керек?

А р д а г е р *(қолымен дәрі-дәрмектер, графин тұрған үстелді көрсетіп).* Дәрімді...

Ұ р ы *(үстелдің қасына келіп, әлдебір дәріні алып, Ардагерге береді. Одан кейін қайтып келіп, тағы екі дәріні таңдап алып, графиннен стақанға су құйып, Ардагердің қасына қайта келіп).* Мынаны да ішіп жіберіңіз, жақсы болады. *(Ардагер дәрілерді ішіп болғаннан кейін).* Енді сәл креслоға шалқайып, ыңғайланып отырыңыз, мен саусақтарыңызды уқалап берейін.

Ардагер ұрыға таңырқай қарап, шалқайып отырады. Ұры Ардагердің саусақтарын бір-бірлеп жайлап сипай бастайды. Ардагер рақаттанғандай түрмен терең күрсініп, көзін жұмып, шалқая түседі.

Ұ р ы *(сипап отырып).* Менің марқұм шешемнің жүрегі ауырған еді. Сол кісіні өзім күттім. Жас кезінде медсестра болып істеген, медицинадан хабары бар. Саусаққа мас-

саж жасауды өзі үйретті. Мына бармақ мен сұқ саусақтың түйісер жеріндегі бір нүктені қаттырақ бассаңыз, жүректің шанышқаны басылады. *(Ардагердің қолындағы әлгі нүктені басады да, әсерін білгісі келгендей оның жүзіне қарап)* Қалай? *(Ардагер ауырсынғандай қабағын шытып, артынан ұнағандай басын изейді. Содан кейін Ардагердің шынашағын сипап)* Әр саусақтың өзінің ішкі ағзамен тікелей байланысы бар. Мәселен, шыншақты уқаласаң, жүректің жұмысына жақсы әсер береді. Бірақ оны үнемі жасап тұру керек. Оның сыртында, уқалаған кезде, әр қолдың өзінің биоэнергиясы болатын көрінеді. Шешем марқұм «сенің қолыңның шипасы бар» дейтін маған. *(Ардагердің екінші қолын алып, сипай бастайды)* Қалайсыз? *(Ардагер ризашылықпен басын изейді)*. Кезінде оқуға түсіп, жолын қуғанда, кім біледі, мен де дәрігер болып шығатын ба едім. *(Өзі күледі)*.

Ардагер көзін ашып, жағдайының жақсарғанын білдіріп, тіктеліп отырады. Ұры орнынан тұрып, үстел үстіндегі токшәйнектен стақанға қайнаған су құйып, оған пакеттегі шай, қант салып, Ардагерге алып келеді.

Ұ р ы. Ал енді мына бір ыстық шайды ішіп көріңізші.

Ардагер ыстық шайды ептеп үрлеп ішуге кіріседі. Жіпсіп, майдайын орамалмен сүртіп, күлімдеп көңілдене бастайды.

А р д а г е р. Алда разы болсын! *(Әзілдеп)* Сенің біздің үйге түскенің қандай жақсы болды, адам боп қалдым ғой.

Ұ р ы *(ыңғайсызданғандай)*. Ақсақал, қойыңызшы енді, оны айтып қайтесіз... *(Содан кейін кеңкілдей күліп)* Жаңағы өзіңіз айтқан үлкен ұрлықтардың қасында біздікі не, тәйірі. *(Тағы да күледі)*.

Бөлмеге шәкіртпен бірге у-шу болып, құрал-жабдық, аппараттарын көтеріп, теледидар қызметкерлері кіреді. Бәрі ақсақалға да, ұрыға да қол беріп амандасады. Камераларын, жарық түсіретін құралдарын орнатып, дайындала бастайды.

А р д а г е р (*Ұрыға бұрылып*). Шырағым-ай, сені маған жіберген құдайдың өзі шығар. Қолыңның шипасы бары рас қой деймін. Қала тұрсаң қайтеді. Мыналар кеткеннен кейін қолыма дұрыстап массаж жасап берсең. (*Ұры үндемейді*). Қорықпа, ақшаңды беремін. Саған керегі де сол емес пе?

Ұ р ы (*Ақшаны естігенде тағы да елпілдеп*). Бопты, бопты... (*Жымыңдап)* Ақысын берсе, боқысын шығарамыз да.

Ш ә к і р т (*Ардагердің қасына келіп*). Дәріңізді іштіңіз бе?

А р д а г е р. Иә, іштім. Мына слесарь жігіт жаңа қолымды уқалап беріп, жақсы боп қалдым.

Ш ә к і р т *(Ардагердің үстіне қарап)*. Мына бір көйлекті қайдан тауып кигенсіз. Тазасы тұр еді ғой.

А р д а г е р *(өзінің үстіне қарап, кінәлі адамдай күмілжіп)*. Қайдан білейін, кие салып едім...

Ш ә к і р т. Болмайды, андағыны шешіңіз. Ұят емес пе телевизорға мыж-мыж көйлекпен шығу. *(Таза көйлек әкелу үшін басқа бөлмеге шығып кетеді)*.

А р д а г е р *(әлі де үстін сипалаған күйі Ұрыға қарап)*. Соншалықты уқалақ па?

Ұ р ы *(иығын қиқаң еткізіп)*. Кім білген, солай шығар, біздер ондай нәрсеге мән бермейміз ғой.

Шәкірт кіріп, Ардагерге жаңа көйлек кигізеді.

Оператор Ардагердің омырауына шағын микрофон қадайды, жағасын, шашын жөндейді.

Ш ә к і р т. Мен кете беремін енді. Бір жолдасымыздың қызы тұрмысқа шығып, соның тойы басталып жатыр. Кешкі тамағыңыз холодильникте. Әлде әкеп қояйын ба?

А р д а г е р. Жоқ, тұра берсін. Өзім барармын.

Ш ә к і р т. Жайрағырақ бір соғып кетсем қайтеді?

А р д а г е р. Қайтесің әуре болып? Қажет боп бара жатса, өзім телефон соғам ғой.

Шәкірт әлдеқалай Ұрыға бір қарап, бұрылып шығып кетеді.

Ж у р н а л и с т (*Ардагердің қатарына жайғасып отырып, камера ұстаған операторға*). Бастаймыз ба? (*Оператор басын изегеннен кейін, галстугін жөндеп, камераға қарап, көтеріңкі басқа үнмен*). Құрметті көрермендер! «Адам және заман» атты хабарымызды бастаймыз. Студиямыздың бүгінгі қонағы әйгілі академик, белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты – ел ішінде Ардагер атанып кеткен қарымды қайраткер. (*Ардагерге бұрылып*). Кеш жарық, ардақты ата! Қаламгер үшін ең қымбат нәрсе – жазған кітаптары екені белгілі. Сондықтан әңгімені шығармашылығыңыздан бастайық. Қазір не жазып жатырсыз?

А р д а г е р (*жөткірініп алып, баяу үнмен*). Баяғыда қылжақбастау біреу, не жазып жүрсіз дегенде, бас жазып жүрмін деген екен. Менікі, ондай кәсіп болмағанмен, соған аздап ұқсас. Өйткені жүрек ауырады, бас ауырады, соны жазамын деп әлек болып, дәрі ішемін, дәрігер шақыртамын. Таңертеңнен приступ болып, қалқиып басымды көтергенім осы.

Ж у р н а л и с т. Онда кешірерсіз. Ал енді, ата, сіздер кешегі өткен Кеңес дәуірінде өмір сүрдіңіздер. Қазір тәуелсіз ел болдық. Заман басқа, заң басқа дегендей. Енді бұрынғы жазған шығармаларыңызға қалай қарайсыз?

А р д а г е р (*осындай сұрақтан мезі болған бір түрмен*). Біріншіден, бұрынғы жазғандарымнан бездім деп айта алмаймын. Іштен шыққан шұбар жылан. Одан қашқанмен де, құтыла алмайсың — өміріңнің бір бөлшегі. Егер мен заманның ыңғайына бірден бұрыла алмай жатсам, кім біледі, ол менің кемшілігім емес, артықшылығым да шығар. Жалпы, тез түсінгіш, тез айнығыш, тез қалыптасқыш бейімшілдерден қорқыңыздар. Кезінде де бар былық солардың әсіре белсенділігінен болған. Ал егер сол заман ғайыптан-ғайып қайтып келер болса, осы жандайшаптар қайтадан соның айқайшысы болып шыға келеді...

Ж у р н а л и с т. Тіпті қалай болғанда да, әміршіл жүйенің айқайшысы болғаннан, азаттықтың айқайшысы болған әлдеқайда артық емес пе?

А р д а г е р. Шырағым-ау, өткен іске бүгінгі күннің биігінен қарап баға беру бәрінен оңай ғой. Ол кезде жаманшылықтың айқайшысы боп жүр екем деп кім ойлады дейсің? Ешкім де ойлаған жоқ. Бірдеңені білсе, сол тұстағы Алаштың азғантай азаматтары ғана білген шығар. Бірақ олар жеңіліске ұшырады. Бізге даусы жетпеді. Ал жеңіліске үшыраған ды кім қолдайды? Халық қашанда жеңгеннің соңынан ереді. Кейін сол Алаштың қайсыбір азаматтары Кеңес үкіметінің құдіретіне бастарын иді. Партияға өтпек болды. Жаздым-жаңылдым деп хат жазды, өлең шығарды. Егер принцип керек болса, оларды да қоса айыптаңдар. (*Аңтарылып, жауап күткендей, журналистке қарайды, ол үндемейді. Сөзін жалғап*). Яғни гәп басқада. Кеңестік жүйені, тіпті ол болмағанда да, әйтеуір бір мемлекеттік тәртіпті сол кезде қалың бұқара қажет етті. Мәселен, 17

жылға дейінгі, патша өкіметінің езгісінен есінен танған қазақ халқын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Не дұрыс билік жүйесі, не дұрыс экономикасы жоқ, әйтеуір бір жұттық азғантай малымен қалт-құлт етіп, жан бағып отырған қазаққа, әрине, Кеңес үкіметі жақсырақ болып көрінді. Оның негізінде жатқан қатерді сендер, болары болып, бояуы сіңгеннен кейін ғана көріп отырсыңдар. Ол кезде көпшілік көрген жоқ. Сенді. Және оған тек бұрынғы Кеңес өкіметіне қараған елдер ғана емес, әлемдегі айтулы ұлы адамдар да сенді. Енді бүгін солардың бәрі ақымақ, тек сендер ғана данышпан болып отырсыңдар.

Ж у р н а л и с т (*жымиып*). Мен олай деген жоқпын.

А р д а г е р (*мән бермей*). Тарихты тану үшін кейде қатыгездік те керек. Онсыз ақиқат ашылмайды. Меніңше, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын керемет заман орнатамыз деу – бос сөз. Біріншіден, ондай заман ешқашанда орнамайды. Екіншіден, ондай заман орнату зиянды болуы да мүмкін. Өйткені адам – тіршілік үшін күреске жаратылған жан иесі. Егер күрес саябырлап, бәрі қол созым жерде тұрған әрекетсіз өмірге көшсе, ол енжарлыққа, еріншектікке бой ұрады. Бұл ақырында рухани азғындыққа әкелуі мүмкін. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деген Абайдың сөзі естеріңізде шығар. Мысалға хайуанаттар тіршілігін алайықшы. Олардың қалыптасқан өмір сүру шарттары бұзылса, олар құруға бет алады. Оларға қолдан тегін тамақ беріп, өмірлерін «жақсартпақ болсақ», олар өздерінің қорек табу, өмір сүру қабілетінен айырыла бастайды. Мәселен, әлемдегі ең жүйрік аң – гепартқа семіріп кетуге болмайды екен. Семірсе, жылдамдығын жоғалтады. Ал жылдамдығын жоғалту – олар үшін өліммен тең. Жылдамдық – олардың басты тіршілік көзі. Сол секілді адамдарға да күрескерлік қабілеттен айыратын семіздіктің пайдасы шамалы. Күрес – өмір сүрудің негізгі тәсілі. Одан трагедия жасаудың қажеті жоқ. Тек оны жетілдіре түсу қажет.

Ж у р н а л и с т. Тіршілік табиғатын философиялық тұрғыдан талдағаныңыз дұрыс. Бірақ бұл кешегі Кеңес үкіметінің сорақылықтарын ақтауға жетіп жатыр деп ойлайсыз ба?

А р д а г е р. Ақтамай-ақ қойсын. Бірақ ол да белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдайдан пайда болған құбылыс қой. Сол жүйе, кезінде ешкімге керек болмаса, орнамаған да болар еді... Тіпті жүйе жаман болғанда да, сол тұста еңбек еткендердің бәрі қалайша жаман болып шығады? Сонау арғы заманнан бері билікке қызмет қылмаған данышпан бар ма? Бар болса – некен-саяқ. «Қоғамнан тыс адам жоқ, егер болса, ол – не құдай, не хайуан» деген үндінің ұлы ақыны Тагор.

Ж у р н а л и с т. Онда өткен тарихқа беріліп отырған бүгінгі ресми бағаға қалай қарайсыз?

А р д а г е р (*таңырқай қарап*). Қалай қараушы ем, дұрыс қараймын. Әр заманның өзінің талабы болады. Ресми баға содан туындайды. Онсыз тағы болмайды. Өткенді жоққа шығармай, жаңаны орнықтыру, жұрттың ықыласын аудару мүмкін емес. Ал менің айтып отырғаным – оның тарихи аспектісі. Тарих тұрғысынан қарасаң, кездейсоқ құбылыс, кездейсоқ заман деген болмайды. Біздің басымыздан кешкен жетпіс жыл ғұмыр да кездейсоқ ғұмыр емес... Егер ол жүйе, балаға сыймай қалған жейде секілді, тарлық етсе, әрине, оны шешіп тастауға тура келеді. Бірақ сыймай қалған ескі көйлекті кінәлай бергеннен бірдеңе өне ме? Ал ол көйлектің кезінде бала үшін қажет болғанын қалайша жоққа шығаруға болады? Тарихқа эмоциямен қарауға әсте болмайды. Біз әлі көрген қиянатты ұмыта алмай, ашу үстінде отырған адам секілдіміз. Қытайдың мақалы бар: «Ашу үстінде шешім қабылдама» деген. Ал біз қас қылғандай шешімді тек ашу үстінде қабылдаймыз. Ондай шешімнің неге әкеліп соқтырары белгілі: бәрін таптау, қирату, не қуғын-сүргін..

Ж у р н а л и с т. Осы айтып отырғаныңыз Сіздің заманға тән нәрсе емес пе?

А р д а г е р. Ал бүкіл қалыптасқан жүйені, әлеуметтік құрылымдарды, қатынастарды талқандау – қирату емес пе? Бар дәулетті тоз-тоз қылып, не кәсіп жоқ, не жұмыс жоқ, қатын-баланы қапшық арқалатып қаңғытып жіберу – қуғын-сүргін емес пе?

Ж у р н а л и с т. Дүниеге сәби келсе де, анасына қауіп төндіре келеді. Ал жаңа заман қалай орнайды, бәрі орынында тұрса?

А р д а г е р. Онда бізді неге кінәлайсыңдар? Біз де жаңа заман орнаттық.

Ж у р н а л и с т. Жеке басқа табынтып, халықты тұмшалап ұстаған заманды орнатқандарыңыз рас қой.

А р д а г е р (*кекете*). Сендер табынбай жатқан шығарсыңдар жеке басқа? Байқаймын, осы сендердікі біздікінен де асып кеткен секілді.

Ж у р н а л и с т (*шамданып*). Сіз заманның бүкіл кемшілігін менен көріп отырған секілдісіз ғой. Мен бар болғаны журналистпін.

А р д а г е р. Сенен көріп отырғам жоқ. Бірақ сен заманның атынан сөйлеп отырғаннан кейін, айтпағанда қайтейін?

Ж у р н а л и с т (*күліп*). Сізді ана заманнан бері жылжыту оңай шаруа емес екен... Тағы бір жаттандылау сұрақ. Бүгінгі Тәуелсіздікке сенесіз бе?

Осы кезде бөлмеге Ардагердің ұлы кіреді. Жұртқа басын изеп, амандасқандай болып, шеткерірек кітап сөрелерінің қасына барып түрегеп тұрады. Ардагер баласының келісі күтпеген оқигадай аңтарылып қарап қалады.

Ж у р н а л и с т. Иә, ата, айта беріңіз.

А р д а г е р. (*Журналистке бұрылып, сұрақты есіне түсіре алмай)* Не туралы айтып жатыр едік?

Ж у р н а л и с т. Елдің тәуелсіздігін әлі күнге дейін мойындағысы келмейтіндер бар. Сіз қалай қарайсыз? Тәуелсіздікке сенесіз бе дегенім ғой.

А р д а г е р (*ойланып*). Бұл сұрағыңа бір ауыз сөзбен «сенем» дей салуға болар еді. Алайда ол сөзді кез келген алаяқ та, жандайшап та, тіпті соған шын мәнінде сенбейтіндер де ұпай жинау үшін айта береді... Тәуелсіздік жариялай салғаннан немесе жалаулатып көтере бергеннен, орнай қалмайды... Мәселе, меніңше, мынада – шын тәуелсіздік бар ма, жоқ па? Немесе, біздің тәуелсіздік деп жүргеніміз шын мәніндегі тәуелсіздік пе, әлде аты бар да заты жоқ бірдеңе ме?

Ж у р н а л и с т. Елдің бүгінгі азаттығына да күмән келтіресіз бе?

А р д а г е р. Азат ел деген атқа ие болғанымызға шүкіршілік деймін.

Ал жалпы азаттық туралы бүгінгі түсінікке күмәнім бары рас. Егер қаттырақ келсек, біз, тек біз емес, көптеген елдер құлдық дәуірден әлі шыққан жоқ дер едім. (*Көзі бақырайып таңырқаған журналистке қарап*). Иә, иә, қате естіген жоқсың. Дәл солай. Бастығының ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында жүрген, біреу үшін мақала, кітап жазып, біреу үшін ғылыми диссертация жазып, бүкіл ақыл-парасатын, жүрегін жарып шыққан соны ойлары мен пікірлерін біреуге ақы-пұлсыз сыйлап жүрген бүгінгі қызметкерлер құл болмағанда, кім болады? Баяғы Египет пирамидаларын салған құлдардан қай жері артық. Тек сипаты ғана өзгерген. Аналар – қара күштің құлдары, ал мыналар – ақыл-ойдың құлдары.

Ж у р н а л и с т. Ақсақал-ау, өркениетке өзге елдер ғасырлар бойы жүріп әрең жеткен. Соның өзінде шешілмеген шаруалары шаш-етектен. Ал оның бәрін жаңа қаз тұрып жатқан біздің елде шешіп тастау мүмкін деп ойлайсыз ба?

А р д а г е р. Егер ол проблемаларды жасап отырған өзің болсаң, шешілуі қиын. Өйткені оны шешу үшін өзіңе қарсы соғыс ашуың керек. Ұрының қолымен ұрлықты, өтірікшінің қолымен өтірікті тоқтату мүмкін емес.

Ж у р н а л и с т. Сонда не істеуіміз керек?

А р д а г е р. Соны мен өздеріңнен сұрар едім.

Ж у р н а л и с т. Сізбен сұхбат жүргізу оңай емес екен.

А р д а г е р (*кекетіп*). Шалап секілді бетінен қалқыған сылдыр-сұйық сұхбатқа әбден жаман үйренген шығарсыңдар.

Ж у р н а л и с т (*шарасыздана күліп жіберіп*). Апырай, ата, сұбхат алған құрлы екі аяғымды бір етікке тықтыңыз-ау. Өзіме де сол керек. (*Тағы күледі*).

А р д а г е р (*жұмсарып*). Сенің кінәң жоқ екені рас. Алдымда отырған соң, сөзім далаға айтылғандай болмасын дегенім ғой.

Ж у р н а л и с т. Жаңа жеке басқа табыну туралы айтып қалдыңыз. Соның түпкі себебі неде жатыр?

А р д а г е р. (*ойланып*) Дүниеде жағымпаз деп аталатын бір халық бар. Олармен күресу бар кезде де оңай болмаған. Олардың алмайтын қамалы жоқ. Тіпті диктаторлардың өздері оларға төтеп бере алмаған. Шынымды айтсам,

сөгіске де, қарғысқа да берілмегендерді көрдім, бірақ мақтауға берілмегенді әлі көргем жоқ. Жағымпаздық қазір мінезден гөрі мал табатын қызметке көбірек келеді. Өмір сүрудің нормасына айналды. (*тағы да ойланып*) Жағымпаздың үш түрі бар. Біріншісі – таза қанды жағымпаздар. Олардың одан басқа қабілеті де жоқ. Сондықтан олар өздерін мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген адамдай сезінеді. Екіншісі – амалсыз жүрген жағымпаздар. Олар мұның жақсы нәрсе емес екенін біледі. Іштей ұнатпайды. Қолынан келсе, екі жаққа да жақсы көрінгісі келеді. Өздерін заманның құрбанымыз деп түсінеді. Өз істерін жасыруға тырысады. Бірақ одан олардың күнәсі жеңілдемейді. Үшіншісі – бұлар да бәрін біледі, бірақ жағымпаздықты қысылмастан ашық жасай береді. Беттері ашылған, ештеңеден ұялмайтын жәлептер секілді. Әрине, бұлардың бәрі де «біз мұны жағымпаздықпен емес, шын көңілмен жасап отырмыз» деп деп ант-су ішері анық. Бірақ оған сену қиын. Өйткені бұл сөз жаңалық емес, тарихтың өн бойында қайталанып келе жатқан құбылыс. Жағымпаздың бар қаруы – жалған сөз. Өйткені шындықты айтып отырып, жағымпаздану мүмкін емес. Мінеки, осындай жағымпаздықтың құны көтерілген кезде жеке басқа табыну деген кезең басталады.

Ж у р н а л и с т. Осы сөзді кешегі Кеңес заманында айта алдыңыз ба?

А р д а г е р (*сәл дағдарып*). Айта алмадым. Айту мүмкін болмады. Және одан нәтиже де шықпайтын еді. (*Пауза*). Сендер бізді сол заманның сорақылықтарын көрмеген, білмеген адамдай көретін шығарсыңдар. Көргенде қандай. Аз-маз көзі ашық адамға тоталитарлық жүйенің қиянатын көрмеу мүмкін емес. Бірақ онымен қалай күресесің? Саяси амал болған жоқ. Партия біреу. Орталық комитет, Үкімет, Жоғарғы Кеңес – бәрі бір басшының, бір партияның қолында. Бұқаралық ақпарат құралдары – қолдарында. Соттың аты ғана бар, заты жоқ. Билік басындағылар әлдебір сорақылықты жасағылары келсе, жалдамалы жандайшап шешендеріне халық атынан ұсыныс айтқызып, бастаманы қалғандарына қостатқызып, өздері осының бәрін көпшіліктің зорлығымен амалсыз істеп отырғандай боп көрінер еді. Көсемді мақтап, өлең

шығаратындар, кітап жазатындар, кино түсіретіндер жыртылып айырылады. Билікпен күресем десең, алдымен жолыңды бөгейтін солар.

Ж у р н а л и с т. Ендеше неге сол кезді қызғыштай қорып отырсыз?

А р д а г е р. Қызғыштай қорып отырғам жоқ. Сендер бүгінгі келеңсіздікті сол кезбен салыстыру арқылы ақтағыларың келеді. Әлдебір ғұламаның: «Өзгелердің қателігімен ақталу – жуындыға шомылғанмен бірдей» деген сөзі бар. Жасалып жатқан сорақылықты ақтау үшін басқа бір жақта жасалған сорақылықты көлденең тартудың қажеті жоқ. Оны қайталаудың тіпті де қажеті жоқ.

Ж у р н а л и с т. Бірақ енді бәрі жаман емес шығар? Еліміздегі тыныштық пен жарасымды қалай жоққа шығаруға болады?

А р д а г е р. Тыныштығың не, шырағым-ау? Кеңес үкіметі кезінде де тыныштық болған. Егер шын ұлттық мүддені ойласаңдар, күресу керек емес пе. Тыныштық содан кейін өзі келеді. Түк істемеуді тыныштық деп ойлайсыңдар ғой деймін, шамасы?

Ж у р н а л и с т (*басын шайқап*). Ақсақал, сынағаныңыз дұрыс шығар, бірақ түк істелген жоқ деп қалай айта аласыз? Обал емес пе?

А р д а г е р. Істесеңдер, істеп жатқан шығарсыңдар, бірақ мен нәтижесін көріп отырған жоқпын. Әлде өздерің көріп отырсыңдар ма?

Ж у р н а л и с т. Әрине, көріп отырмыз.

А р д а г е р. Ә, онда мен-ақ қателескен болайын. Беттеріңнен жарылқасын.

Бөлмеге Ардагердің құрдасы Жарқынбек кіреді.

Ж а р қ ы н б е к (*дабырлап*). Оу, өлейін деп жатыр деген шалың киноға түсіп жатыр ғой. (*Келіп, Ардагердің қолын алады*).

А р д а г е р. А-а, Жарқынбек, амансың ба? (*Содан кейін журналистке қарап*) Менің құрдасым ғой. Ауырсам, келіп көңілімді сұрайтын осы ғана. Өліп қалсам, осы жалғыз қала ма деп уайымдаймын.

Ж а р қ ы н б е к (*шошына*). Тек, ойбай, өлгені несі? Жүре тұрайық та. Бізден құтыла алмай жүрген біреу бар ма?

А р д а г е р (*күлімсіреп).* Сол біреуге қажет боп тұрғаның да шамалы шығар.

Ж а р қ ы н б е к (*күмілжіп).* Енді... сонда да..

О п е р а т о р (*ренжіп*). Қап, мына кісі барлық кадрды бүлдірді-ау.

Ж у р н а л и с т. Ештеңе етпейді. Үлкен кісілерге ренжуге болмайды. Кейін монтаж жасағанда тазартамыз ғой. Түсіре бер.

Ж а р қ ы н б е к (*дабдырлаған күйі*). Сенің ауырып қалғаныңды ана шәкіртіңнен естігем. Кеше қолым тимеді. Рақымбайдың мерейтойына шақырып, сонда болдым.

А р а д а г е р (*таңырқап*). Мерейтой өткізгені – оның да жағдайы жақсарған екен-ау.

Ж а р қ ы н б е к. Ұлан-асыр той болды. Шетелден адамдар келді.

А р д а г е р (*одан бетер таңырқап*). Шетелден?.. Ол байғұс қартайғанда кандидаттықты біздің көмегімізбен әрең қорғап, қатарға қосыла алмай, арманда жүруші еді. Әлде мен ауырып жатқанда бір ғылыми жаңалық ашпаса.

Ж а р қ ы н б е к. Қайдағы жаңалық? Баяғы халтурщик деген атпен әлі жүрген жоқ па.

А р д а г е р. Онда неменеге шетелден келіп жатыр?

Ж а р қ ы н б е к. Сен үйде отырам деп, өмірден қалып қойдың. Қазір көп нәрсе өзгерген. Жақсы мен жаманның біразы орын ауыстырған. Балам министр болса, мен де ұлан-асыр той жасар едім.

А р д а г е р (*жаңа түсінгендей болып*). Солай ма еді?

Ж а р қ ы н б е к. Елбасының құттықтау хаты оқылды.

А р д а г е р. Апырай, ә?!

Ж а р қ ы н б е к. Президенттен басқа лауазымды адамдардың бәрі келді деуге болады. Қаншама адам оны көкке көтеріп сөз сөйледі десеңші. Қыза-қыза біреуі «ұлы ғалым» деп қалды. Ресейдің, Қазақстанның белгілі әртістерінің қатысуымен үлкен концерт болды.

А р д а г е р. Әбден шырқапты ғой.

Ж а р қ ы н б е к. Алдында бір сағат ол туралы фильм көрсетілді. Ол фильмді бір апта бұрын телевизордан көргенбіз.

А р д а г е р. Не дейд, жаным-ау?

Ж у р н а л и с т (*сөзге араласып*). Ол фильмді біз түсіргенбіз. Бізге жоғарыдан тапсырма берілді. Ол кісінің кім екенін біз білген де жоқпыз. Әйтеуір белгілі ғалым деген соң...

Ж а р қ ы н б е к (*сөзін жалғап*). Туған облысының атынан машина мінгізді.

А р д а г е р (*қолын жайып*). Сенің мынауың бітетін бәле ме?

Ж а р қ ы н б е к. Жоқ, әлі бар. Бір мектепке атын беріпті. Енді көшеге атын беруді сұрап жүрген көрінеді.

А р д а г е р (*қайран қалып басын шайқап*). Ғажап екен!

Ж а р қ ы н б е к. Мерейтойдың қалған бөлігі Мәскеуде өтетін көрінеді.

А р д а г е р (*аңырып*). Мәскеудің қатысы қанша бұл тойға?

Ж а р қ ы н б е к. Енді баяғы ескі дағды ғой. МГУ-де студенттермен кездесу болатын шығар. Тіпті Еуропада да кездесулер өткіземіз дейтін көрінеді. Бірақ оған өз басым сенген жоқпын. (*Сәл ойланып*). Бірақ, кім біледі, қазір ештеңеге де таң қалуға болмайды.

А р д а г е р. Апырмай, адам баласынан кішіпейілділік деген мүлде кеткен екен. Ол шіркінді дәл осындай атақ-құмар деп ойламаған едім.

Ж а р қ ы н б е к. Мынадай тойдан кейін адамның өзі де шын ұлы екенмін деп қалатын шығар.

А р д а г е р (*шаршаған түрмен қолын сілтеп*). Мейлі, не қылса, о қылсын. Бізден төрелік күтіп отырған біреу бар ма?

Ж у р н а л и с т (*Жарқынбекке қарап*). Ата, сіз де енді кадрға кіріп қалдыңыз. Мына бүгінгі халықтың күйзеліп отырған кезіндегі аста-төк тойларға қалай қарайтыныңыз туралы бір ауыз пікір айтып жібересіз бе?

Ж а р қ ы н б е к (*шошына қолын сілтеп*). Ойбай, құрысын, қалай айтам, кеше ғана тойда «осындай тойлар керек-ақ, халқымыздың рухын көтереді» деп сөйлесем? Масқара болармын! Мені кірістірмей-ақ қой, айналайын. Өркенің өссін!

А р д а г е р (*күліп*). Әй, жаңғалағым-ай! Түсінігің дұрыс болса да, тұзыңның жеңілдігінен қор боп жүрсің-ау. Сол арада көзге түспей-ақ қойсаң, болмай ма?

Ж а р қ ы н б а к (*шарасыз түрмен*). Енді қайтейін, қайта-қайта өзі телефон соғып, қолқалаған соң, қалай шыдайсың.

Ж у р н а л и с т. Онда сол тойда айтқан сөзіңізді айта беріңізші. Өзіңіздің пікіріңіз ғой.

Ж а р қ ы н б е к (*қолын сермеп*). Қой, құрысын! Қайдағы пікір? Әшейін, соны тілеп отырған соң, айта салдым. Ертең біреу сынап газетке жазып, масқарамды шығарар.

А р д а г е р (*күліп*). Ау, біреу сені «қайтсең де айтасың» деп зорлады ма?

Ж а р қ ы н б е к. Барып қалған соң, қалай айтпайсың?

А р д а г е р. Бармай-ақ қоюға болатын еді ғой?

Ж а р қ ы н б е к. Айтып отырмын ғой, бірнеше рет өзі телефон соқты деп.

А р д а г е р. Енді сені қолыңнан сүйреп апармаған шығар. Өзіңнің денсаулығың да оңып тұрғаны шамалы. Сен де мен құсап үш рет инфаркт алдың. Ең болмаса, сол күні ауырып қалуға болмады ма?

Ж а р қ ы н б е к (*сөз таба алмай, қолын сілтеп*). Әй, қойшы, сен де бір...

Ж у р н а л и с т. Жарайды, ата, ол әңгіме қалсын. Бірақ басқа сұрақ қояйын. Қазір жұртшылық арасында ұлтқа ұйытқы болған ауыл құрып барады деген әңгіме көп. Бұған қалай қарайсыз?

Ж а р қ ы н б е к (*жалынышты үнмен*). Шырағым, айналайын, өркенің өссін, мені әуре қылмашы! Ауылдың оңып тұрмағаны белгілі, бірақ ауыл құрыды десең, (*сұқ саусағын жоғары көтеріп*) аналарға ұнамайсың.

Ж у р н а л и с т. Дұрыс. Осының өзі пікір ғой. Осы жетіп жатыр.

Ж а р қ ы н б е к (*үрейленіп*). Әй-әй, қой, шырағым, сен жазып алып жатырсың ба? (*Операторға қарап, қолын сілтеп*). Әкет андағы бәленді. Қой, мыналар мені құртатын түрі бар. Кетейін. (*Ардагерге бұрылып*). Әй, шал, аман бол. Мыналар кеткен соң, кейін келермін. (*Асығыс-үсігіс шығып кетеді*).

Үйдегілер күліп мәз болуда. Ардагер селкілдеп ұзақ күледі.

А р д а г е р (*күлкісін тыйып, журналистке қарап*). Сендер оны жаман адам екен деп ойлап қалмаңдар. Айыбы

қорқақтығы. Он жеті жыл отырып келген адам ғой. Үрейдің санадан кетуі оңай ма? Баяғы заман қайтып келетіндей зәресі ұшады да отырады. Әлі күнге дейін тәуелсіздіктің өзіне сенер-сенбесін білмей, басы қатып жүр.

Ж у р н а л и с т (*Ардагерге*). Ал сіз не айтар едіңіз қазіргі жасалып жатқан ұлан-асыр тойлар туралы?

А р д а г е р (*ойланып*). Ұлылардың сөзімен айтсақ: «Атақ-құмар адам – ақылдыларға мазақ, ақымақтарға кемеңгер, жағымпаз-алаяқтарға олжа және өз бойындағы атаққұмарлықтың басыбайлы құлы». Қысқасы, бәрі – пендешілік. Адам бойында пендешілік қасиеттердің болуы, әрине, бір жағынан заңдылық. Мақтаншақтық, өзімшілдік, қызғаншақтық, атаққұмарлық – әу баста, белгілі бір дәрежеде, жұрттың бәрінде болады деп ойлаймын. Бірақ адам өзінің пендешілігімен күресуі керек қой. Пенделік кемшіліктермен күресу арқылы, соларды жеңу арқылы адам бекзаттыққа қол жеткізеді. Ұлылық – кішіпейілділікте. Сондықтан қолдан ұйымдастырылған дабыра даңқтың бәрі бекершілік. «Арсыз болмай атақ жоқ» дейді жарықтық Абай. Одан асырып ештеңе айта алмаспыз.

Ж у р н а л и с т. Жарайды, әсіре атаққұмарлық туралы жақсы айттыңыз. Бірақ сіздің атағыңыз да ешкімнен кем емес: ғалым, академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кезінде Мәскеулік ғалымдар да сіздің атыңызды жиі айтқан дейді. Отбасында да сізді бақытты жан дегенді еститінбіз. Өзіңізді, шынында да, осындай бақытты жан деп есептейсіз бе?

А р д а г е р. Қайдам, шырағым, болсақ, болған шығармыз. Қазіргі түріміз мынау ғой. Асарын асап, жасарын жасап, төрінен көрі жақын боп отырған адамның өзін бақыттымын дегеніне кім сенер дейсің. Тіпті сол атақ-даңқымыз бар дегенге де күмәнмен қараймын. Кешегі жарты әлемді өзгерткен, «күн көсем» атанған Лениннің даңқынан артық даңқ бар ма еді? Соның өзі қазір көмескі тартып, бар-жоғы белгісіз болып барады. Өткенде Мәскеулік телеарналардың біреуінде көшеде жүрген жастардан Ленин туралы пікір сұрап жатыр екен. Сөйтсе, жастардың көбі тіпті Лениннің кім екенін білмейтін боп шықты. Бір

студент қыз бала «Лениннің кім екенін білесің бе» десе, ойланып-ойланып: «ғалым шығар» деп жауап берді. (*Таңырқаған түрмен жан-жағына қарайды*). Оның жанында біздікін тіпті атақ деуге бола ма? Сондықтан адамға өлгеннен кейін ғана шын бағасын беруге болады деп ойлаймын. Қалғанының бәрі дақпырт.

Ж у р н а л и с т. Осы арада сізге ыңғайсыздау бір сұрақ қоюға рұқсат етіңізші. Ғалым, жазушы, өнер адамдарынан мен сұбхатты көп алдым. Сонда бір байқағаным – бұлар бір-бірі туралы аса жақсы пікір айтпайтын секілді, тіпті жек көре ме деп те ойладым. Біреуі той жасап, біреуі марапатталып жатса, соның бәрін ғайбаттап, ағаш атқа мінгізіп жатады. Осында қызғаныштың салқыны секілді бірдеңе бар деп ойламайсыз ба?

А р д а г е р. Мүлде жоқ деп айта алмаймын. Ол енді адамына байланысты. «Менен озыңқырап кетті» деп қатарлас, деңгейлес адамдардың ішінде қызғанатындар болатын шығар. Бірақ белгілі алаяқтың мәртебесіне қызығатын да, қызғанатын да ештеңе жоқ деп ойлаймын. (*Пауза*). «Дүниеде жақсы деген не, жаман деген не» деген қарабайыр сұрақ бар. Бірақ қанша қарабайыр болса да, жұрттың көбі осы сұрақтан сүрінеді. Оның үстіне жақсыны жақсы деуге, жаманды жаман деуге шамамыз жетпеген кез көп болды. Шын жақсы мойындалмаған кезде оның орнына жалған жақсылар келеді. Содан кейін жалған бедел, жалған құрмет, жалған тарих, жалған өмір басталады. Жалған өмірге адамның еті үйренеді. Жалғандық шындықтың орнына біржола таққа отырады. *(Ойланып)*. Ағылшын философы Роджер Бэкон: «Ақиқатты тануға төрт бөгет бар, – деген. – Біріншісі – жалған беделге бас ию, екіншісі – ескінің зиянды әдеттері, үшіншісі – топастардың пікірі, төртіншісі – жалған данышпандық пен оның мадағы». Қазіргі тілмен айтсақ, жеке басқа табынудың зардабы.

Ж у р н а л и с т. Жақсы мен жаманды айыру үшін енді не істеу керек? Жалған өмірмен қалай күресе аламыз?

А р д а г е р. Шындығына келсек, ең қиын нәрсе – жалғандықтың өзі емес, жалғандықты өзекке теппейтін, үнсіз қолдайтын, күреске жоқ, құл мінезді жақсылардың

өздері. Солардың ішінде мына отырған мен де бармын. Сондықтан жұртқа ақыл айтуға хақым жоқ. Әнеукүні телевизор көріп отырсам, біреу: «Халықтың көзін ашайық, жүрегін тазартайық» деп сөйлеп жатыр. Сол адам алдымен өзінің жүрегін тазартып алса, жақсы болар еді деп ойладым. Бүгінде әркім өзін халықты тәрбиелейтін ұстаз дәрежесінде көргісі келеді. Өзін халықтан ақылдымын деп ойлайды. Халықты өзің орындамайтын жел сөзбен тәрбиелеудің қажеті жоқ. Егер шын тәрбиелегің келсе – әділдік жолында қара қылды қақ жарған тура лығыңмен, жалғандықпен жең ұшынан жалғаспайтын тазалығыңмен, күштілерге бас ұрмайтын бекзаттығыңмен, пайда үшін жолдан таймайтын азаматтығыңмен, күрескерлігіңмен, қысқасы, ісіңмен үлгі бол. Бола алмасаң, оны да кешіруге болады, тек көлгірсімей тыныш отыр. Сондықтан менің айтарым – әркім өзін-өзі түзесін. Бар бәле өзімізде...

Ж у р н а л и с т. Жақсы. Енді тікелей өзіңізге бір сұрақ. Сіз үшін қайсысы қымбатырақ – абырой-атағыңыз ба, әлде отбасыңыз ба?

А р д а г е р. Атақты бірінші қоятын жаңағы атаққұмарлар шығар. Мен үшін отбасы қымбат. Имангершілік, адамшылық, махаббат, мейірім секілді тәңірілік ұғымдардың бәрі отбасынан басталады.

Ж у р н а л и с т (*сұбхаттың аяқталуға жақындағанын білдіре терең дем алып, күлімсірей*). Ал енді көрерменге қандай тілегіңіз бар?

А р д а г е р. Жақсылықтың екі түрі болады, шырағым: бірі – құдайдан, ал екіншісін адамның өзі жасайды. Құдай кімге жақсылық жасайтынын ешкімнен сұрамайды, өзі біледі. Сондықтан адамның өзі жасайтын жақсылықтың молырақ болғанын қалар едім. Көктен түсетін жақсылық жоқ. Өзің жаса. Өзің үшін өзің күрес. Ал күресу үшін, алдымен, құл мінезден құтылу керек. Сол – тілегім.

Ж у р н а л и с т. Рақмет, ата. *(Ардагердің қабырғаға сүйеніп тұрған ұлына қарап)* Мына жігіт сіздің балаңыз ба?

А р д а г е р *(кінәлі адамдай).* Иә, менің ұлым ғой.

Ж у р н а л и с т (*Ұлының қасына келіп*). Ғафу етіңіз, сіз бен біз әріптес болуымыз да мүмкін, әртүрлі форумдарда көріп қалып жүремін. Рұқсат болса, бір-ақ сұрақ: жаңа

әкеңіздің өткен тарих туралы пікірін тыңдадыңыз. Сіз оған қалай қарайсыз?

Ұ л ы *(ықылассыз)*. Как қалай қарайсыз? Историю каждый воспринимает по своему разумению. В моем понимании история есть сумма ошибочных поступков человечества. Еще хуже, что мы ошибочно комментируем эту историю. Создаем нелепые мифы, восхваляем тиранов. В результате – несправедливое общество и бессмысленная, безрезультатная борьба со злом. Я согласен с ним в одном: для того чтобы успешно бороться, хотя бы за себя, человек должен быть определенно свободным. А свобода придет тогда, когда убьешь в себе хозяина.

Ж у р н а л и с т (*аңырып)*. Ойбай-ау, орысша айтқаныңыз не, біздің хабарымыз қазақша ғой.

Ұ л ы. Извините. В принципе знаю казахский, но я привык выражать свои основные мысли на русском.

Ж у р н а л и с т (*не істерін білмегендей, әлі де абдырап*). Апырай!.. Мынау қызық болды ғой... Жарайды онда, осымен доғарайық. (*Операторға қарап, бітті дегенді білдіреді. Ардагерге бұрылып)*. Ал, атай, сау болыңыз, ауырмаңыз. Тағы да рақмет.

А р д а г е р. Өзіңе де рақмет!

Теледидар қызметкерлері құрал-жабдықтарын жинап, қоштасып, шығып кетеді. Бөлмеде Ардагер, Ұлы, Ұры – үшеуі қалады.

Шымылдық

Екінші көрініс

Теледидар қызметкерлері шығып кеткен кездегі көрініс қайталанады.

Бөлмеде Ардагер, Ұлы және Ұры.

А р д а г е р (*баласына қарап*). Иә, шырағым, аманесенсіңдер ме? Осы қаладамысыңдар, әлде бір жаққа көшіп кеттіңдер ме?

Ұ л ы *(төмен қараған күйі)*. Осы қаладамыз.

А р д а г е р. Ендеше неге қатынамай жүрсіңдер?

Ұ л ы. Қол тимейді, көбіне іссапарда жүремін...

А р д а г е р (*реніштi үнмен*). Рақмет онда келгеніңе. *(Пауза).*Қалай жүріп жатырсыңдар?

Ұ л ы (*жауап бермей, төмен қарап ұзақ тұрады)*

А р д а г е р (*кейіп).* Сенімен адамша сөйлесіп, амандық білуге бола ма?

Ұ л ы *(азғантай үнсіздіктен кейін, басын көтеріп).* Әйеліммен ажырасып келіп отырмын.

А р д а г е р (*шошына*). Не дейд?! Ажырасқаны қалай?

Ұ л ы (*«сондай сұрақ бола ма екен» дегендей иығын болмашы қиқаң еткізіп*). «Қалай?» Кәдімгідей. Жұрт қалай ажырасса, біз де солай ажырастық.

А р д а г е р. Ау, баланы қайттіңдер?

Ұ л ы. Бала заң бойынша шешесінде қалады.

А р д а г е р (*ұнжырғасы түсіп, сылқ етіп креслога шалқая кетеді*). Әттеген-ай!

Ұ л ы (*кейісті үнмен*). Папа! Ненадо устраивать трагедию. Он уже взрослый, ситуацию знает. Во всяком случае тебя не забудет.

А р д а г е р. Жұбатқаныңа болайын. (*Пауза*). Ал енді не істейсің?

Ұ л ы. Білмеймін.

А р д а г е р (*күрсініп*). Ата-анаңның сөзін ауыр көріп, өз бетіңмен өмір сүргендегі жеткен жерің осы болар.

Ұ л ы. Да, наверно, я не смог оправдать ваши надежды. Но от того, что теперь мне без конца будете колоть этим глаза, вряд ли что-нибудь изменится.

А р д а г е р. Өмір бойы осымен келе жатырсың. Кемшілігің туралы айта бастаса, сырғақтап сөйлескің келмейді. Сонда оны ата-анаң айтпағанда, саған кім айтады? Егер құлақ асқанда, мұның бәрі болмайтын да ма еді.

Ұ л ы (*күрсініп*). Начинается...

А р д а г е р (*ашуланып*). Немене «начинается»?.. Не отбасынан, не қоғамнан жөнді орын таба алмай отырып, кімді кінәлағандайсың? Жігіт ағасы жасынан кеттің, не бітірдің? Не оңған қызметің, не отбасың жоқ. Біздің айтқан сөзімізді керек қылмай, үйленген өзің едің. Оның не мені, не марқұм шешеңді сыйлаған жоқ. Әрі-беріден

соң өзің де келіншегіңнің жағына шығып алып, шешеңнің жүрегіне қайғы салдың. Енді отырған отырысың мынау.

Ұ л ы (*қапаланып*). Ну, не получилось, папа, семьи. В мире десятки, сотни тысяч людей разводятся. Это тоже жизнь. Кто сказал, что не разведенные семьи все живут счастливо?.. А на счет работы не беспокойся, в конце концов, заработать свой хлеб насущный я смогу. Высокие должности меня вобще не волнуют.

А р д а г е р. Сонда не, ештеңеге ұмтылмайтын, ештеңеге өкінбейтін, бүкіл мақсатына жеткен адам болып шыққаның ба?

Ұ л ы. Бүкіл мақсатына жеткен ешкім де жоқ.

А р д а г е р. Ешкім жоқ болса, отыра беру керек пе? Жеткізбесе, ұмтылмай ма екен? Анау өсіп келе жатқан балаңа да айтатын ақылың осы ма?

Ұ л ы. Пусть он будет сначала порядочным человеком. Мне кажется, очень многим, даже самым титулованным людям не хватает порядочности. К чему стремиться?

А р д а г е р. Алаяқ бол деп жатқан ешкім жоқ. Ілгері ұмтылып ел қатарына қосылсаң, биік абырой мен дәрежеге қол жеткізсең, ата-ананы сыйласаң, жақсылармен сыйлассаң, адамгершілік те, адалдық та сонымен келмей ме екен? Оның басқа бір оқуы бар ма?

Ұ р ы (*текке отырудан жалыққандай сөзге араласып*). Шырағым, әкең дұрыс айтып отыр. Ата-ананы сыйлау керек. Онсыз болмайды ғой...

А р д а г е р (*үйде тағы бір адамның отырғаны есіне жаңа түскендей, жалт қарап*). Шыны сол, бәрі де отбасынан басталады. Дүниеге келдің екен, мал тап, үй ішіңді асыра. Мынау да (*ұрыға қарап*) жетіскеннен үйге түсіп...

Ұ р ы (*сасқалақтап ардагердің сөзін бөле*). Ойбай, ақсақал, мұныңыз не?!

А р д а г е р (*абыржып*). Ойбай, кешір, шырағым. Айтпақшы, сен слесарь екенсің ғой... Иә. Отбасындағы жауапсыздық сосын басқа да үлкен жауапсыздықтарға ұласады. Бұл мен тапқан жаңалық емес, бұрыннан белгілі нәрсе.

Ұ л ы. Отбасынан да биік ұғымдар бар.

А р д а г е р. Бар болса, бар шығар, бірақ оларды отбасына қарсы қоюдың қажеті қанша? Жер бетінде жақсылық орнату жеке адамның шаруасы ма екен? Ол үшін әулет болып, қауым болып күреседі. Іргелі отбасы да сондай негізгі мұраттардың бірі. Егер бір данышпан өмірге келсе, ол да – сол әулеттің еңбегі. Ешкім көктен түспейді. Менің әкем, мен секілді белгілі ғалым болған жоқ, лауазымды қызметкер болған жоқ, қатардағы қарапайым шаруаның бірі еді. Бірақ жоқшылықта жүрсе де, осы шаңырақтың негізін салды. Тәңірі алдындағы жауапкершілікті сезінуі менен артық еді. Мен бар болғаны соның ісін жалғастырдым. Ал сен, жоғарғы білімді, әлемдік өркениеттің дамуына пікір айта алатын, заманның парқы мен нарқын сол сауаты жоқ атаңнан да, тіпті менен де артық пайымдай алатын, мына сен сол шаңырақты талқандап отырсың ғой. Осы ма шыққан биігің?

Ұ л ы. Бұл арада білімнің де, ақылдың да қатысы шамалы. Несчастье может случится с любым.

А р д а г е р. Рас. Бірақ бұл көктен түскен бақытсыздық емес қой. Екеуің қолдан жасап отырсыңдар ғой. Және бұған ең бірінші кінәлі – өзіңсің. Үйдің ішкі шаруасына қарамадың, бала тәрбиесінде шаруаң болған жоқ, ішіп жүрдің, қой деген ақылды тыңдамадың, өзімшілсің. Өзімдікі ғана дұрыс деген адам қайтіп өзгелермен тіл табыса алады? Келіншегің бізді, әсіресе, шешеңді көп ренжітті, бірақ қазір соны қорғауға тура келіп отыр. Өйткені үй иесі сен болғаннан кейін, отбасының амандығын сақтау – сенің міндетің.

Ұ л ы (*ызаланып*). Да, признаюсь, я идиот. И соответственно поступки мои по-идиотски. Так что с меня взятки гладки.

А р д а г е р (*ұлына тесіле қарап, ренішпен басын шайқап*). Жетіскен екенсің. Бар жауапкершіліктен идиот болып құтылғың кеп отырса? Сөйтіп құтылғаннан сенің отбасыңның проблемасы шешіле ме?

Ұ л ы. Папа, менің отбасымның проблемасы шешілген. Только со знаком минус. Все! Рухнуло. Уже не имеет значения – кто больше виноват? Мы просто разные люди, разного миропонимания. Она хочет, чтобы я занимал солидную должность и зарабатывал хорошо. Больше ниче-

го не надо. А как возможно в этом обществе реализовать себя, при этом сохраняя свою порядоточность? Если бы у меня не было своей жизненной позиции, если бы я был способен лгать, подхалимничать, то, наверно, можно было бы кое-чего добиться. Но ты же сам мне постоянно вдалбливал в голову, что этого нельзя делать.

А р д а г е р (*бейбіт үнмен*). Айтқаным рас. Бірақ өмір деген өте күрделі нәрсе. Бір ғана принципен өмір сүру өте қиын, бәлкім мүмкін де емес. Мәселен, өмірде «жеңіс – тек мықтылардың еншісі» деп, немесе «қоғамның төрінде шын жақсылар ғана отырады» деп айта аласың ба? Жоқ. Керісінше алаяқтар, екіжүзділер, өтірікшілер жеңіске көбірек жетеді. Ұнаса да, ұнамаса да – шындық осы. Енді осының себебін әділетсіз қоғамнан көріп отыра беру жеткілікті деп ойлайсың ба? Қай қоғамда болсаң да, күрескеннен кейін, жеңу – міндетің. Ендеше кінәнің үлкені сол жақсыларыңның өздерінде жатыр. Біреуі – икемсіз, біреуі – құлықсыз. Әйтеуір, өзімен-өзі жүрген біреулер. Неге сенен қабілеті артық емес талай жігіттердің жолы болғыш? Өйткені олардың жұртпен тіл табыса алатын қасиеттері бар. Олардың артықшылығы – өмірге, адамға кешіріммен қарай алатындығы. Ал сенде жалаң қылыштық басым – кемшілікті кешіре алмайсың, содан кейін кісікиіктеніп көпшіліктен аулақ жүресің. Ал егер сол көпшілікке сәл жоғарыдан қарап, оларды табиғи кемшіліктерімен қабылдап, тіпті сол үшін өздерін аяй білсең, кемшілігін біле тұра, олармен бірге өмір сүруге болар еді.

Менің де жалаң қылыш кездерім болған, содан азап шектім. Сол азапты сенің де бастан кешкеніңді қаламас едім. Тобыр деп көпшіліктен қашудың қажеті жоқ. Кемшілік – бүкіл адамзатқа тән нәрсе. Бауырыңның, я балаңның бойындағы кемшілігін білсең де, сен олардан безе алмайсың ғой. Басқаларға да бауырыңдай қарасаң, оларды да, қателігіне қарамай, кешіруге, жақсы көруге болады.

Ұ л ы. Ал кешірдік. Содан қоғам өзгере қала ма?

А р д а г е р. Шырағым-ау, енді қоғам ұнамады деп бүкіл өмірімізді тоқтатып қоямыз ба? Бұдан да жаман заман болған, сонда да адамдар тірлік етіп, өсіп-өнген. Әрі-

беріден соң, сенің отбасыңның шаруасы да осы қоғамның проблемасына жатпай ма? Екіншіден, үш адамнан тұратын кіп-кішкентай отбасыңа ие бола алмай отырып, бүкіл қоғамды сынаған нелеріңді алған.

Ұ л ы. Я не думаю, что для того чтобы критиковать общество, сначало надо обязательно навести порядок в собственной семье. Любой имеет право выражать свое мнение о том, что происходит вокруг, несмотря на свои личные проблемы.

А р д а г е р. Әй, айналайын, мен сенімен саяси айтыста отырған жоқпын. Кімді сынаймын десең де, өз еркің. Мен ана немеремнің тағдырын айтып отырмын. Сенің түрің мынау – өз проблемаңнан артылмай жүрген. Онда қандай бақытты балалық шақ болуы мүмкін?

Ұ л ы. Балаға бәрін айтып түсіндірдім. Ему теперь самому нужно сделать вывод и выбор из этой ситуации.

А р д а г е р. Енді өздеріңнің былықтарыңа баланы араластыру қалып еді.

Ұ л ы. Дети должны чувствоть реальность, а не жить иллюзорным, желаемым представлением. Хватит того, что мы жили в условиях сплошного вранья, с верой – жизнь прекрасна, общество идеально, родители безупречны. А что вышло из этого самообмана? Мы были не готовы к суровой правде жизни и постоянно проигрывали в борьбе за выживание. Если вот так будет продолжаться, придет еще одно безпомощное, безликое поколение, неспособное защищать ни себя, ни других.. Этого ли хотите?

А р д а г е р. Сендерді жалған сенімге тәрбиелеген ешкім жоқ. Керісінше, үйдің тәрбиесін менсінбей, көшеден үлгі алған өздерің шығар. Ата-ананың айтқанын бәледей көріп, бәрін де өзіміз шешеміз, өзіміз жасаймыз деген өзімшіл қиялмен әуейіленіп жүріп едіңдер. Сол бостандықтан не таптыңдар? Жарайды, тіпті тапқан да шығарсыңдар, бірақ адамгершілік қайда, перзенттік парыз қайда? Ол екеуінсіз сендердің ақыл-білімдеріңнен не мағына қалады? Сырт көзге мен кезінде лауазым иесі болған әйгілі ғалым, арманына жеткен адам секілді көрінуім мүмкін. Бірақ менен сорлы кім бар?.. *(Әрі қарай айтсам ба, айтпасам ба екен дегендей ойланып)* Кемпірі өлген, бала өз бетімен кет-

кен, айдаладағы бір шәкіртінің бағуында өлмешінің күнін көріп отырған шалмын десем, жұрт сенер ме екен маған? Әкені осындай жағдайға қалдыруды да мен үйреттім бе? Мен тіпті мұны да кешірер едім, бірақ сенің шешеңе жасаған қиянатыңды кешіруге шамам жоқ. Анаңды кісі ғұрлы көрмедің, сыйламадың. Әйеліңді жақтап, жүз жыртысып, бөлініп кеттіңдер. Шешең сенің уайымыңнан өлді. Сөйтіп жүріп, ренжіген кезде назарым тиіп кете ме деп: «Алла тағала, жалғызымды сақтай гөр! Қайтып алдым ренішімді», – деп құдайға жалбарынумен кетті. *(Даусы бұзылып, қалтасынан орамалын алып, көзін сүртеді).*

Ұ р ы *(Ұлға қарап, басын шайқап)*. Апырмай, шырағымай, ұят болған екен.

Оның сөзіне Ардагер де, Ұлы да мән бермейді.

А р д а г е р *(сөзін жалғап)*. Адамға шарасыздық не істетпейді. Сенің бойыңдағы жат мінезге амалы таусылған шешең әлдебір көріпкел кемпірге бал аштырды. Кемпір сені біреулер дуалаған деп тапты. Содан кейін дуаны кетірем деп бір ай бойы әлгі кемпірдің соңында жүрді. Кемпір дуаны жойдым деді, бірақ одан ештеңе өзгерген жоқ. Шешең дәрігер адам, бақсы-балгерге сенбейтін. Бірақ қолдан ештеңе келмеген соң, әйтеуір бірдеңеге сену қажет болды. Мінеки, шырағым, сырт көзге кісі қызыққандай, мейманасы тасқан шаңырақ секілді көрінген шығармыз, бірақ шын мәнінде берекесі кеткен, іргесі шайқалған отбасы болдық. Сыртымыз бүтін, ішіміз түтін еді...

Әңгіме тығырыққа тірелгендей Ардагер де, Ұлы да, тіпті ұры да төмен қарап отырып қалады.

Осы кезде бөлмеге көлеңкедей сырғи жылжып қара жамылған әйел – шешесінің аруағы кіреді.

Қ а р а ж а м ы л ғ а н ә й е л (*аса жақындамай*). Ұлым, менің саған деген өкпемнің қара қазандай болғаны рас. Бірақ қанша ренжітсең де, сенен безе алмадым. Өйткені сенен безу – өзімнен-өзім безу екені белгілі. Сен менің әрі күйінішім, әрі сүйенішім болдың. Күйініш болатының, сен салған уайымнан мен ешқашанда құтыла алмайтынмын, жазылмайтын дерт секілді; сүйеніш болатының – қалай болғанда да, сен менің өмірімнің мағынасы едің. Сенсіз мен үшін өмірдің ешқандай құны жоқ. У

мен балды кезек ұрттап, осылай өмір сүрдім. Осылай өмірден оздым. Өкінішім де, өкпем де жоқ. Өкпе мен реніш пендеге ғана тән. Ал мен аруақпын. Сендердің амандықтарыңды Алладан тілеп, желеп-жебеп жүремін. Не істесең де, өз еркіңмен істе. Тек таза жүр, күнәға батпа. Күнәға батсаң, тілегіңді тілеуім қиын болады.

Отырғандар, айтылған сөз өздеріне қатысы жоқтай, төмен қараған күйлері тым-тырыс.

Қ а р а ж а м ы л ғ а н ә й е л (*Ардагерге бұрылып).* Мені ренжітпедім деп сен де айта алмассың. Сірә, тіршілікте жәбірлену үшін жаралған жан болармын. Бірақ көңіліңнің риясыз екенін білемін. Енді менің қорғансыз күйім өзіңе көшкен секілді. Өмірден мезі болсаң, өзіме кел.

А р д а г е р (*шошына, бірақ төмен қараған күйі өзімен-өзі сөйлескендей).* Мұның не, бәйбішем-ау!? Неге шақырып тұрсың? Әлде татар дәмімнің шынымен таусылғаны ма?

Қ а р а ж а м ы л ғ а н ә й е л. Ештеңе де айта алмаймын. Бақытсыздықтың көбі өмірге уақытында келмегеннен немесе одан уақытында кете алмағаннан да болады. Ұлыңмен ашық әңгімеге кеткен екенсің. Айтыспасқа амалың да жоқ. Қазір сен оған бар сырды ақтарып, өзіңді де, мені де ыңғайсыз жағдайда қалдырарсың. Тегі, сол да дұрыс болар. Тек мені уайым қылмаңдар. Менің жағдайым сендерден жақсы.

Әйел сырғи жылжып шығып кетеді.

А р д а г е р *(есін жиғандай басын көтеріп*). Иә, шырағым, бауыр етімізден жаралып, ортамызда қағу көрмей өсіп, қалайша жат болып кеткеніңе шешең де, мен де түсіне алмай-ақ қойдық. *(Терең күрсіне дем алады).*

Ұ л ы. Мәселе менің жалғыз қара басымда емес. Бүкіл бір ұрпақ осылай өстік. Сендер, бағып-қаққандарың болмаса, бізге рухани үлгі болдыңдар деп айта алмас едім. Көшеге көбірек жүгіргеніміз рас, өйткені үйден алатын ештеңе болған жоқ. Үрей мен құлшылықтан көз ашпай отырған отбасында қандай тәрбие болуы мүмкін? Біздің бойымызда әлі де өзіміз түсініп болмаған бір наразылықтың ұшқыны болды. Сол наразылық айтқанды тыңдамаудан басталды. Қолымыздан келетін басқа ештеңе де жоқ еді.

А р д а г е р. Шырағым, қалай десең де, әркімге өзінің туған ұясы қымбат. Оны тәрк етіп, ұшпаққа жеткен ешкімді көргенім жоқ.

Ұ л ы. Жазушы Льюис Синклердің әйгілі сөзі бар: «Я люблю Америку, но она мне не нравится» деген. Сол сөз бізге де қатысты. Әлгінде ғана сұхбат бергенде іспен үлгі болу керек деп жатырсың. Ал өздерің бізге іспен үлгі болдыңдар ма? Еліңді сүй, жеріңді сүй, білім ал, адам бол деген жаттанды ақыл кімге керек? Өздеріңнен басқа ешкім соны білмейді деп ойлайсыздар ма? Жағымпаз отырып алады да, өзгелерге жағымпаз болмаңдар дейді. Немесе ұры тұрып, «ұрлық қылмаңдар» дейді. Оны кім орындайды? Және оны талап етуге әлгілердің қандай хақысы бар?

А р д а г е р. Жағымпаз да, ұры да барлық уақытта болған және бола да береді. Көргісі келген адамға сол уақытта да жақсы жандар болған. Көргісі келмеген адамға қашанда бәрі жаман.

Ұ л ы. Біздің көргеніміз – сендер. Айтқанды асыра орындап, шаш ал десе бас алу арқылы мансап жасап, мұратқа жеттіңдер. Өзің жамандап отырған саясаттың сойылын соқтыңдар. Сендердің бір кезде жақсы дегендерің қазір жаман болып шықты, керісінше жаман дегендерің жақсы болып жатыр. Сендердің сол сөздеріңе сенгенде, біз бүгін тіпті далада қалғандай екенбіз. Қайта соның бәріне сенімсіздікпен қарауға әсер еткен көшеге рақмет.

А р д а г е р. Сендердің көргендеріңнен біздің көргеніміз жақсы болып па? Біздің де алдымызда – заманнан жеңілген ұрпақ тұрды. Жеңілсе, жамандығынан емес, заман өзінен мықты болған соң, жеңілді. Оған не істей аласың? Соғыста да шегінетін кезде ілгері ұмтылудың қажеті жоқ. Наразылықты үнсіздікпен де білдіретін кез болады. Егер сендер бүгін көп затты ашық айта бастасаңдар, ол ең алдымен заманның жұмсарғаны.

Ұ л ы. Бірақ сол заманда да өзінің мансабы мен атақ-дәрежесін саналы түрде құрбан етіп, наразылығын ашық білдірген некен-саяқ адамдар болды ғой. Адам өзі күрес-песе, заман қалай түзеледі? Өзінен-өзі түзеле ме?

А р д а г е р. Некен-саяқ болды. Ол тек ерлік деген ұғымның біржола ұмытылып кетпей, санада сақталуы

үшін қажет болды. Одан ешқандай нәтиже шықпайтынын соны жасаған адамның өзі де білетін. Ал нәтиже бермейтін істі жаппай қайталай бергеннен еш мағына жоқ.

Ұ л ы. Мағына жоқ дегенше, шамамыз келмеді, қорықтық демейсіңдер ме?

А р д а г е р. Иә, қорықтық. Қорықпайтын пенде бар ма? Кеңес өкіметі кезіндегі қуғын-сүргіннің не екенін білмей тұрып, тарихқа төрелік айтқыларың келеді. 1937 жыл мен 38 жылдың аралығында Совет одағында 360 мыңдай адам атылған екен. Яғни бір жыл бойына күніне мың адамнан атылған. Осындай кезде жан сақтаудан басқа қандай әрекет болуы мүмкін?

Ұ л ы. Мен дәл сол кезде неге ерлік жасамадың деп отырғам жоқ. Мәселе – өмірлік позицияда. Біресе сол заманнан бас тарта алмаймын дейсің, біресе сынаған боласың – қай сөздеріңе сенуге болады. Определитесь, ради Бога. Если хотите идеализировать революцию, оставайтесь с революцией. Только не вводите в заблуждение других своими запутанными позициями.

А р д а г е р. Қарағым-ау, жұрттың басын қатырып жүрген біз бе, әлде кім боларын әлі білмей жүрген өздерің бе? Жұртты революциямен қорқытудың қажеті жоқ. Төңкерісті жасайтын халықтың ашу-ызасы. Тұтас бір ұлттың ашу-ызасы мұхиттың дауылы секілді, игеруі қиын дүлей күш. Сондықтан дүкендерді сындырып, машиналарды өртеп, шын мәнінде, әлеуметтік мәселені көтерген саяси демонстрацияларды қылмысты әрекеттерге ұластыртын жат пиғылды күштер секілді саяси радикалистер мен алаяқтар да революцияны өз мүдделеріне пайдаланатыны анық.

Ұ л ы. Қалай десең де, революция – қантөгіс. Сол қанттөгісті мұрат тұтқан тұтас бір ұрпақ дүниеге келді. Олар да қантөгіссіз отыра алмайтын еді. Сондықтан бірін-бірі құртуға кірісті.

А р д а г е р. Революцияға кінәлі олар емес, олар қақтығыстың құрбандары. Ал қанды көтеріліске ең бірінші кінәлі адам – сол елдің басшысы ғана. Біреудің сөзі бар, аты есімде жоқ: «Революция бір топтың ақылының артықтығынан емес, екінші топтың бүлдірген ісінің шама-

дан тыс көптігінен болады» деген. Сондықтан, мен айтар едім, екінші жақтың бүлдіргені азаймай тұрғанда, революцияның өзектілігі әлі де жойылмақ емес. Өз мүддесі үшін күресе алмайтын халық жүндеуге жақсы. Билеушілердің жұртты қорқытып, революциядан құбыжық жасайтыны да содан.

Ұ л ы. Билеушілерде менің шаруам жоқ. Олардың қай кезде де бір-бірінен айырмашылығы шамалы. Әңгіме өздерін халықтың жанашырымыз деп сендіретін зиялылар туралы. Они всегда предавали, не только свои жизненные принципы, но и интересы нации. Это можно доказать в любое время. А мы по старой привычке цепляемся за их призраки. Все хороши – и те, кто плясал под большевистскую дудку, и те, кто лизоблюдничал тирану, и те, кто боролся против режима. Вот такая всеядность. Басымыздың іші толған – қойыртпақ. Сол қойыртпақты жасап берген – сендер.

А р д а г е р. Біздің санамыз қойыртпақ болса, заманымыз сондай болды. Ал тәуелсізбіз деп жүрген сендерге не жоқ? Сол қойыртпақтан арылма деп сендерді біреу зорлады ма?

Ұ л ы. Менің өз басымда ол қойыртпақтың жоқ екені белгілі. Мен сендерден бізге жеткен мұраны айтып отырмын. Қоғамдық санадағы бүгінгі кемшілік көктен түскен жоқ. Бәріне кінәлі – өздеріңсіңдер.

А р д а г е р. Біздің кезімізде өмір сүрсеңдер, сендердің қалай сайрағандарыңды көрер едім. Белгілі бір қоғамда қызмет қылғаннан кейін, сол қоғамның тегеріші болмай жүре алмайсың. Мінберге шығып алып сайрайтын қызыл сөздің керегі не? Біз де сол жүйеде жүрген соң, тапсырманы орындауға мәжбүр болдық. Ол тапсырмалар, біз орындамасақ та, бәрібір орындалатын еді.

Ұ л ы. Адам өлтіріп жатқан жендет те тапсырманы орындап тұрмын деп ақталуы мүмкін.

А р д а г е р. Мен жендет емеспін.

Ұ л ы. Ендеше тапсырманы орындадым деп ақталма. Үстемдігі зор билік тұсында неше түрлі тапсырмалар болуы мүмкін. Соның бәрін орындай берген адам кім болып шығады?

А р д а г е р. Өзің ойлашы, мына заманда мәмілесіз өмір сүру мүмкін бе? Тіпті өзіңнің отбасыңда да мәмілесіз өмір сүре алмайсың. Мен орындасам, өзімнің қоғамдық қызметіме сай іс жасадым. Оны қай кезде болса да жасар едім. *(Ойланып)*. Адамның қоғам алдындағы борышы белгілі бір кезеңдерге байланысты. Ел тағдыры бір адамның сол сәттегі әрекетіне тіреліп тұрған болса, есті адам өзінің тарихи миссиясын сезініп, қалыптан тыс қайратпен құрбандыққа баруы мүмкін. Өйткені ол, ең алдымен, осы сәтті тәңірі өзінің алдына әдейі тосып тұрғанын аңғарады. Егер ол әрекетке бармаса, өзіне жүктелген тарихи миссияның алдында сатқандық болатынын да сезеді. Ерліктің себеп-салдарын осылай да түсіндіруге болады. Бірақ бұл идеямен басқа күндері өмір сүру мүмкін емес. Онда өз өміріңді өзің күйретуің мүмкін. Өйткені сенің әрекетіңді ақтайтын тарихи аманат жоқ. Нәтиже бермейтін, өзін өзі ақтамайтын әрекет – тағы да айтамын, мағынасыздыққа әкеледі.

Ұ л ы. Опять-таки самооправдание. Любой обыватель, живущий только своими семейными интересами, может сказать подобную тираду.

А р д а г е р. Отбасының жауапкершілігін тек пендешіліктің еншісі деп кім айтты саған? Құдай сені жарық дүниеге өмір сүрсін, өсіп-өнсін деп жаратты. Өсіп-өну үшін ұрпағыңды жеткізуің керек. Ендеше, бала-шағаңды бағып-қағу, жеткізу – тәңірінің тапсырмасын орындау болып табылады. *(Пауза)*. Сол кезде өзімнен басқаны ойламай, атаққұмарлыққа басып, пайдасы жоқ болса да, тәуекел деп, күреске шығып, көзімді құртсам, кім біледі, түк бітірмесем де, бүгінгі күнде ауызға ілігіп, көп дүрмектің ішінде жүруім де мүмкін еді. Бірақ өмірде атақтан да қымбат нәрселер бар.

Ұ л ы. Если ты действительно боролся с несправедливостью и пожертвовал своей жизнью, я бы тобой искренно гордился.

А р д а г е р. Немене менің өлгенім керек пе еді?

Ұ л ы. (*Пауза*). Не знаю...

Ұ р ы *(шошына)*. Шырағым-ау, мұның не? Мына дүниеде тірі әкеге не жетуші еді? Өлгені несі? Құдай сақтасын...

Ардагер тұнжырап ойланып отырып қалады. Ұры оның бетіне үңіле қарап, қиналып отырғанын сезгендей, дәрі-дәрмектер тұрған үстелге жүгіріп барып, әлдебір сұйық дәріні стақанға тамшылатып құя бастайды. Одан кейін үстіне болмашы су құйып, Ардагерге алып келеді.

Ұ р ы. Ақсақал, мынау жай валокордин ғой, әңгімелеріңіз ауырлау болып тұр, ішіп жіберіңізші. (*Сөйлемей тұра тұрыңыз дегендей, Үлға қарап, қолын көтеріп белгі береді*).

Ардагер дәріні ішіп, ұнатпағандай тыжырынып қарап, стақанды үстелге қояды.

А р д а г е р *(әлден уақытта*). Рас, біз жақсы қазақ бола алмадық. Заман жаман болды ма, әлде заманға күйлеп біз жаман болдық па – қалай десең де, одан біздің құнымыз артайын деп тұрған жоқ. Бірақ қандай болсақ та, қазақ екеніміз анық. Ал бізді іске алғысыз қылып отырған – мына сендер тіпті қазақ емессіңдер ғой. Түріңе неге қарамайсың? Бір сөзді қазақша айтсаң, екі сөзің орысша. Кімге кінә артқандайсыңдар?

Ұ л ы. Оған да сен кінәлісің. Мен орыс мектебіне өзім барғам жоқ. Апарған – сен.

А р д а г е р. Орыс мектебіне барғанның бәрі шүлдірлеп кеткен жоқ. Санасы барлардың бәрі өз үйірін тауып жатыр. Шын қазақ болғың келсе, сенің жолыңды бөгеген біреу бар ма?

Ұ л ы. Если я не совсем достаточно владею родным языком, эта проблема в принципе разрешима, как говориться, дело наживное. А ваши проблемы, мне кажется, намного трагичнее, чем наши.

А р д а г е р (*мырс етіп*). Қазақта мәтел бар: «Қырыққа келгенде домбыра үйреніп, ақиретке барғанда шертемісің» деген. Осы кезге дейін жарытып үйренбеген тілді енді жетістірем деп ойлайсыңдар ма? Сендер өзі неғылған ұрпақсыңдар? Өздеріңе дейінгі ешкім ұнамайды, қоғам келеңсіз, ата-ана қажетсіз. Енді кімге сонда опа бере аласыңдар? Ешкімді жақсы көрмей, отанды қалай жақсы көруге болады? Бос сөз ғой айтып отырғаның. Отан деген әшейін ғана сөз емес, ол да тірі адамдардан тұратын қауым емес пе? Өзгелерді кінәлаудан оңай зат жоқ. Егер ақылың болса, өз тағдырыңа алдымен өзіңді кінәла.

Ұ л ы *(ойланып).* Возможно, ты прав. В семейном плане я виноват перед вами. Не скрою, мое детство было счастливое. Для меня самые лучшие люди на земле, которые не подлежат обсуждению, были мои родители. Но я стал взрослеть, стал разбираться – что плохо, что хорошо, и что мои родители хороши только для меня, а не для всех. Что касается моего отторжения от дома, то... я должен признаться, что ты, как духовный наставник, мне стал неинтересным. (*Ұры бұған аңырайып, «айтып отырғаның дұрыс емес қой» дегендей басын шайқайды*).Ты внушал мне никогда не рисковать в жизни. Я под этим влиянием вырос робким, трусливым. Ты не мог ответить мне на те вопросы, которые меня волновали; не смог меня защитить от того одиночества, которое я испытывал. Я сильно переживал становление своего «Я». Меня долго не покидало чувство неуверенности. Мне показалось, что я человек Богом обиженный, ни на что неспособный. Считал себя потерянным. Но я отчаянно боролся, чтобы возместить свою бездарность хотя бы трудолюбием или знанием. Чем больше я погружался в знание, тем больше отделялся от тебя. И в один прекрасный день понял, что по мироощущению, по жизненной позиции, мы с тобой разные люди разного поколения, хотя ты мне отец. И все началось с этого. Думаю, в этом ты сам больше виноват, чем я... Уменя появилось желание убить тебя в себе (*бұған шошына қараған Ұрыға бұрылып),* не в прямом смысле, конечно, (*әкесіне қайта бұрылып*) чтобы стать самостоятельной личностью. Потому что ты постоянно подавлял мою волю своим отцовским положением. А я стремился к свободе. Разве это не естественно? Сейчас у меня такое состояние, что я не могу с тобой воссоединиться, нить, которая связывала нас, оборвана. Иногда во сне вижу свое детство, где постоянно теряю тебя и не могу найти. Когда просыпаюсь, меня одолевает страшная тоска и безысходность... Вот такова моя судьба, в которой можешь винить меня сколько угодно.

А р д а г е р. Өз жаныңның тереңіне батқан сайын, әркімнің маңдайына жазылған бір жалғыздықтың бар екенін аңғарарың анық. Ақылдан азап шексең, ол – өзіңнің талайың. Оған әкені кінәлаудың қажеті жоқ. Егер

саған рухани ұстаз болуға өрем жетпей жатса, ол да заңды нәрсе. Бірақ әкені данышпан болғаны үшін емес, әке болғаны үшін ғана қадірлейді... Рас, әкенің жақсы атағы балаға мақтаныш екені белгілі. Бірақ атақ деген күрделі ұғым. Белгілі бір уақыттан, заманнан қол үзгеннен кейін, ұғым өзгере бастайды. Өз заманында пайдасыз болған істер де, кейінгі заманның мүддесіне сәйкес келгенде, құлпырып, жаңа сипатқа, жаңа мағынаға ие болады. Кезінде Қытай қорғаны сол замандардағы атаққұмар императорлардың астамшыл жобаларымен салынып, сан ғасыр бойына елді титықтатып, қайыршылыққа жеткізгені, сан рет халықтың ашу-ызасын тудырып, қарулы көтерілістерге әкелгені тарихтан белгілі. Ең ғажабы қорған ешқашан да Қытайды сыртқы жаулардан қорғаған емес. Мүлде бекер салынған, өлшеусіз шығынға батырған пайдасыз, қайырсыз еңбек болды. Бірақ пайдасыз құрылыс болса да, кейін заман өзгеріп, ұрпақтар ауысқаннан кейін, бүкіл азап пен шығын, халықтың қасіреті бірте-бірте ұмытылып, бүгінде сол қорған бүкіл қытай елінің мақтанышына, туристік объект ретінде табыс көзіне айналып отыр. Бүгінгі халық осыны ғана мойындайды. Ал тереңірек үңілсең, ақиқаты әлгіндей. Тарихтың парадоксы деген осы. Сондықтан өмірге тереңірек қарағанның бөтендігі жоқ. Көптің әдеті белгілі – өмірді ақ және қара деген екі-ақ түспен көруге құмар. Ал шын мәнінде, өмір, ақ пен қараның сыртында, осы екі түстің арасын қосатын қыруар бояудан тұратыны белгілі.

Ұ л ы (*терең күрсінін*). Осы айтқандарыңның бәріне де қосыламын. Мен үшін де атақ-даңқ – мұрат емес. Менің жанымды жегідей жеп жүрген нәрсе басқа. (*Пауза).* Әкенің бала үшін қымбат екенін ешкім де жоққа шығара алмас. Бірақ одан әке не істесе де, тіпті қылмысқа барса да, жақсы аты өзгермейді деген ұғым тумайтын шығар. Әкенің жаманаты – бала үшін қара жердей ауыр. Өйткені ол сен үшін бүкіл ізгілік пен адамгершіліктің үлгісі болып саналады. Егер ол саған нашар қырымен көрінетін болса, жаныңа жазылмайтын жарақат түседі... Мен сені құдайдай көрдім. Сенің кітаптарыңды оқып ержеттім. Әсіресе, 37–38-жылдары атылып кеткен үзеңгілес әріптесің, өзіңнің айтуыңша, жақын досың туралы жазғандарың

шынайы достықтың, риясыз кісіліктің белгісіндей көрінетін. Осындай бір мамыражай тіршілігім бір күні тасталқан болды... (*Әрі қарай айтуға батылы бармағандай үнсіз қалады. Күрсініп*). Ол кезде репрессия тақырыбына қалам тартып жүрген кезім. КГБ-дан рұқсат қағаз алып, екі аптадай сотталған, атылған адамдарға байланысты құжаттарды ақтардым. Заманның қаталдығы мен пенденің сатқындығын көзіммен көргендей болдым. Жерді ойып жіберердей шіреніп жүрген бүгінгі көзі тірі талай жақсылардың опасыз әрекеттерін әшкерелейтін құжаттарды көріп, жүрегім айныды. Әйтсе де, бұлардың бәріне шыдамдылық таныттым. Оның үстіне, өмірдің шын бейнесін, тарихтың ақиқатын аштым деген оймен өзімді-өзім жұбатқандай болдым. Бірақ одан кейін өзімді-өзім жұбатуға шамам келмей қалды. Мен жаңағы жақын досыңды айыптаған адамдардың ішінен сенің де қолыңды көрдім. (*Ардагер селк еткендей болып Ұлына қарайды. Ұры да аңтарыла Ұлға қарап, одан кейін, рас па дегендей сұраулы жүзбен Ардагерге қарап қалған*). Шынымды айтсам, одан кейін не болғанымды білмеймін. Тіпті әрі қарай не істеп, не қойғаным есімде жоқ... Будь проклят тот день когда я зашел в архив КГБ... (*Ұлы қабырғаға бетін бұрып, теріс қарап үнсіз тұр. Ардагер де, Ұры да үнсіз*). Не знаю когда теперь буду умереть, но один раз я уже умер... Разве можно так подло поступить? Ты же посвятил ему не одно десятилетие своей жизни. Сколько книг написал о его творчестве и жизни... Неужели все это было неискренно? (*Ұлдың түрінде – қасірет, Ардагердің түрінде – абыржу, ал Ұрының түрінде – түсінбестік пен таңырқау. Ардагер қиналып қабағын шытқанда, Ұры жүгіріп телефонның қасына келіп, дискасын айналдыра бастайды).*

Ұ р ы. Алло, алло, скорая помощь па? Төлебаева, 37, 16-пәтер. Қарт кісі, жүрек приступы. Тезірек келіңіздер.(*Трубканы қойып, Ардагерге қарайды).*

А р д а г е р. Несіне шақырттың, әуре қылып?

Ұ р ы. Ойбай, ақсақал, мына әңгімелеріңізге сіз түгілі менің жүрегім шыдамай жатыр. Көп болса, қайтып кетер.

А р д а г е р *(терең дем алып, күрсініп, Ұлына қарайды*). Ақыры әңгіме басталған екен, оқиғаны аяғына дейін біл. Сенің мамаң да сол кісінің әйелі болатын... (*Теріс қарап*

тұрған Ұлы жалт бұрылып, әкесінің жүзіне тесіле қарайды). Ол кездегі басқа түскен ұлы нәубетті қазірдің өзінде толық танып білу оңай шаруа емес. Адам өз ісіне жауап бере алмайтын бір жағдайдың болғаны анық. Мен өз қателігімнен қашып құтыла алмайтынымды білемін. Бірақ қылыш үстінде серт жүрмейді деген сөз бар. Ажал төнген сәттерде кез келген адамның аман қалу үшін амал-айла қолдануға хақысы бар. Бораған оқтың ішінде сай-сайдың ішімен жан сақтай қашқан адамды кінәлау мүмкін емес... Әрине, үстірт қараған адамға бәрі оп-оңай секілді көрінуі мүмкін: оның ұсталуына себепші болдым, содан кейін әйелін алдым, артынан ол туралы кітап жазып, кінәмді жумақ болдым деген секілді... Бірақ мен бұл оқиғаға басқаша қараймын. Мен ол үшін қолымнан келетін шаруаның бәрін істедім. Жалғыз ұлымыз – саған соның атын бердік. Өзімнің шығармашылығымның басым бөлігін – жарты ғұмырымды соған арнадым. Оның мұрасының өлмеуіне себепші болдым. Ал оның өмірін сақтап қалу менің қолымда емес еді. Қағазға қол қою, ол әшейін формалды нәрсе болатын. Мәселе әлдеқашан шешілген, мен қол қоймағаннан ештеңе өзгермейтін. Тек мен де бірге кететін едім. Талай қол қоймағандардың тағдыры қалай болғанын көзімізбен көрдік. Сондықтан мен, маңдайға дақ болатын, бірақ нәтиже беретін осы жолды таңдадым. Сол тұсты жақсылап зерттесең, сүттен ақ, судан таза ешкім де жоқ. Заманның қаталдығы адами мүмкіндіктен қаншалықты жоғары болғанын содан біле бер. Халық жауларының әйелдері де тұтқынға алынатын. Сенің анаңды мен бұрыннан жақсы көруші едім. Сондықтан оны сақтап қалуға бар жанымды салғаным рас. Ресми түрде ажырасуға әрең көндірдім. Көнбейтін де еді, мен Оған түрмеге кездесуге барып, мән-жайды жайып салып, ашық әңгімеге кеткеннен кейін, осылай болуына Оның өзі көмектесті деп айтуға болады. Өлмейтін пенде жоқ. Біреудің ажалы оқтан, біреудікі – оттан. Қазақтың маңдайына біткен талай тұлғалар мерт болды, бірақ кейін тарих шындығы ашылған кезде олардың абыройлары бұрынғыдан да асқақтай түсті. Өлім кейде мәңгілік даңқ сыйлайды. Құлагер өлмесе, біз оны білмеген де болар едік. Сондықтан бар жаманатты көтеретін – аман қалған біздер.

Ендеше тарихтың шын құрбандары біздер боламыз. Аясаңдар бізді аяңдар.

Ұ л ы. Я разделяю твою боль, возможно, ты поступил разумно. Но мне кажется, ты сам не можешь отрицать, что это все равно несправедливо по отношению к пострадавшему. «Справедливость без мудрости значит много, а мудрость без справедливости ничего не значит».

А р д а г е р. Әділетсіздікті жасаушы мен емес, жүйе болатын. Біздер – соның құрбанымыз. Оны өлтірген – билік, маған да қол қойдырған – билік. Бірақ құжат бойынша мен кінәлі болып тұрмын. Оның тәні, менің арым өлді. Қайсының қасіреті басым екенін өзің пайымдай бер.

Ұ л ы. Қасіретті жағын таңдаған өзің емес пе?

А р д а г е р. Ешкім дүниеге босқа келіп, босқа кеткісі келмейді. Менің де тындыруға тиісті істерім болды. Ол үшін тірлік керек еді. Мен тірі қалуды таңдадым.

Ұ л ы. Ол қандай іс?

А р д а г е р. Өзіңмен тағдыры бір жандарға қызмет ету... Текке өлмеу. Сенің анаңа студент кезімізде ол да, мен де бірдей сөз салдық. Бірақ ол менің емес, оның маңдайына бұйырды. Енді оның өмірі ажал аузында тұрғанда, сенің анаңды құтқару менің негізгі мақсатыма айналды. Мамаңды еліне алып кетіп, бір жылдай назардан тыс ұстауға тура келді. Аты-жөнін өзгерттік. Одан кейін тұрмыс құрдық. Мамаң маған қосылғанда Ерлан атты екі жасар ұлы болатын. Оны менің атыма жаздыруға тура келді. Бұрынғы фамилияда қалуға болмайтын еді. Мамаң да, бала да көп ауырды. Ақыры бір жылдан кейін бала қайтыс болды. Шешең екеуіміздің арамызда содан бастап реніште оқиғалар жиі болып жүрді. Баланың өліміне ара түсу мүмкін болмаса да, соған мен жағдай жасамағандай, дұрыстап емдетпегендей, ал қайтыс болғаннан кейін лайықты қайғырмағандай көрінетінмін.

Есіктен көлеңкедей сырғып, тағы да қара жамылған әйел көрінеді.

Қ а р а ж а м ы л ғ а н ә й е л *(аса жақындамай)*. Сенің балаға жөндеп қарамағаның рас, отағасы. Оны әдейі істемеген де шығарсың, бәлкім, бөтен балаға деген адамның табиғи мінезі болар – айта алмаймын, бірақ менің жүрек жарамды жазу үшін сенің өз баландай от пен суға

түскеніңді қалап едім. Оған сенің шамаң жетпеді. Сен Оны ұмыта алмадың. Пенделік қызғаныш жібермеді. Сенің пенделігіңді ұмыту маған да оңай болған жоқ.

А р д а г е р (*өзімен-өзі сөйлескендей*). Періште емес, пенде екенім рас, бірақ пендешілікке барған күнім бар ма, бәйбіше? Табиғи мінезден аттап, артық ықылас, артық пейіл көрсетсем, жалған, жасанды мінез болып шығар еді. Ал қызғаныш десең, оның да болғанын жасырмаймын, бірақ сен үшін соның бәрін ішімде өлтірдім емес пе?

Қ а р а ж а м ы л ғ а н ә й е л. Бәлкім, солай да шығар, бірақ сенен бір салқындық болмаса, менің жаным неге қиналады? Мынау ұл дүниеге келмегенде, одан арғы өміріміздің қалай боларын бір Алла білер еді. (*Ұлына бұрылып*). Жалғанда көрген жарығым!.. Отбасымызды ұстап қалған осы ғой. *(Жылысып шығып кетеді*).

А р д а г е р (*Пауза. Ауыр күрсініп*, *баласына қарап*). Ерланнан кейін туған Нұрлан атты ұлымыз үш жасында үстіне кітап сөресі құлап қайтыс болды... Пенделік мақтанышпен осынша көп кітап жинағаным өзімнің сорым болып шықты. Мен сол қайғыдан енді ешқашанда оңала алмаспын деп ойлап едім. Сен туғаннан кейін есімізді жидық. Сенің сәби кезіңдегі қылықтарың біз үшін сарқылмас байлық еді. Мен іссапарға сенің кішкентай қолғабыңды ала кететінмін. Соны иіскеген кезде нашақордай бойым балқып, дүниеде менен бақытты адам жоқ шығар деп ойлаушы едім. Маған саясат та, әлеуметтік тіршіліктің қайшылықтары да бес тиынға қажет болмай қалды. Мен үшін мемлекеттік құрылымның қай формацияда тұрғаны, қандай жүйенің билік құрғаны бәрібір еді. Сенің дүниеге келуің өміріме басқаша мағына берді. Егер керемет әділ қоғамда өмір сүріп, бірақ отбасың тозақ болса, онда, басы ашық, бақытсызсың. Ал саған құдай адал жар, сүйкімді перзент беріп, шаңырағыңды шаттыққа толтырса, қылмысқа толы қоғамда өмір сүрсең де, бақыттың дәмін татпадым деп айта алмайсың. Отбасың сенің рухани панаңа, қорғаныңа айналады. Мен адамның қоғамдағы орнын осылай түсінемін. (*Ауа жетпей, алқына бастайды*).

Ұ л ы *(шошына*). Папа...

А р д а г е р *(ентіккен күйі*). Рас, біраз уақыт тұрмысымыз қиын болды. Мамаң ауырып, сен ауырып, оның үстіне жұмыс жоқ, жұмыс болмағаннан кейін, ақша жоқ, жан ұшырып, аз уақыт күзетші болып істегенім бар. Сонда мен қатты қиналдым. Бірақ мен бәрібір бақытты едім. Сендер үшін жүгіру, қиналу, сендерді қуанту менің өміріме мазмұн әкелді. Сендердің қуанғандарыңды көруден артық мен үшін бақыт жоқ еді. *(Тағы да алқына бастайды*).

Ұлы мен Ұры жүгіріп қасына келеді.

Ұ л ы. Папа, саған сөйлеуге болмайды. Тыныштық керек.

А р д а г е р (*басы селкілдеп, қолдары қалтырап, қинала*). «Мәуелі ағаш майысқақ» деген. Сен болғаннан кейін мен мәуелі ағаш едім. Майыстым, соның арқасында сынбадым. Бәрі де сен үшін. *(Қырылдай бастайды)*

Ұ л ы (*жан ұшыра айғайлап*). Папа! Папа!

Ардагер одан сайын селкілдеп, бірдеңе айтқысы келеді, бірақ айта алмайды. Ұлы өкіріп жылап әкесін құшақтайды. Ұры үстел үстінен әлдебір дәріні алып, Ардагердің аузына салады.

Ұ р ы. Шырағым, жылағаннан ештеңе өнбейді. Аузына нитреглицерин салдым. Мен қолын уқалайын, сен басын сүйеп тұр.

Ұры Ардагердің саусақтарын сипай бастайды, Ұлы басын сүйейді.

А р д а г е р (*есін жиғандай болып, қинала*). Иә, бәрі де сен үшін. Көрген қорлығым да, кіріптарлығым да... Ақталатын жөнім жоқ, айыптымын, білемін.. Бірақ мені кінәлауға, басқа болса да, сенің хақың жоқ.

Ұ л ы (*абдырап)*. Иә, хақым жоқ...

А р д а г е р (*естілер-естілмес әлсіз үнмен*). Мен сені өсірдім ғой... Менің айта алмағанымды... енді сен айт...

Ұ л ы. Мен түсіндім, папа. Кеудемді тұмшалаған күйдіргі ойларды сыртқа шығару арқылы қалайда бір тазарып, адам қалпына түсуім керек еді. Бірақ ішкі уымды сыртқа шығарам деп, сенің жүрегіңді ауыртып, одан да артық уайым таптым. Әйтсе де сенің жүрегіңнің лүпілін сездім және мені құтқаратын да сол лүпіл екенін сезіп тұрмын. Жаныма жылу кірді. Құтқарушым өзің секілдісің. Құдай осыны шындық ете көрсін.

Ардагер тағы бірдеңе айтқысы келіп аузын аша беріп, есінен танады. Ұлы өкіріп қайта құшақтайды. Осы кезде есіктің қоңырауы шылдырлап, Ұры есік ашады. Ішке «Жедел жәрдемнен» келген ақ халатты екі дәрігер кіреді.

Ұ л ы (*ышқына айғайлап*). Быстрее! Он потерял сознание.

Дәрігерлер Ардагерді еппен көтеріп, диванға жатқызады. Сосын кеудесінен солқылдата басып, дем сала бастайды. Ұлы үрейлі жүзбен әлденеге жалбарынғандай, іштей күбірлеп қарап қалған. Әлден уақытта Ардаагерге жан кіргендей болады. Дәрігер кеуде тұсынан укол салады. Тағы басқа алғашқы көмектерін көрсетеді.

Ұ р ы *(қуана сыбырлап*). Есі кірген секілді.

Ұлы тағы да булығып жылап жібереді. Әкесінің тірі екеніне қуанғаны да, өзінің әке жүрегін жаралағанына өкініші де бар көз жасы.

Ұ р ы *(жұбата сөйлеп*). Шүкір де, шырағым. Барлық бәле – түсінбестіктен. Әке мен бала, ері мен зайыбы, дос пен дос түсінісе алмай, күйзеліп жүргенін көрмей жүрміз бе? Сен ақыры түсіністің ғой. Жоғалтқан әкеңді тапқандай болдың. Әкең өзіңнің ішіңде өлмесе болды емес пе? Ішіңде өлген жаман...

Дәрігерлердің біреуі сыртқа шығып кетіп, зембіл алып келеді. Екі дәрігер, Ұлы үшеулеп Ардагерді зембілге жатқызады.

Д ә р і г е р (*Ұлына бұрылып*). Сіз баласы боласыз ба?

Ұ л ы. Иә.

Д ә р і г е р. Әкеңіздің жағдайы ауырлау. Тезірек ауруханаға жеткізу керек. Жүріңіз.

Ұлы зембілді көтерісіп, дәрігерлермен бірге сыртқа шығып кетеді. Ұры үйде жалғыз қалады.

Ұ р ы (*көрермендерге қарап аңырып*). Не боп кетті өзі? Мынау үйді ақырында маған қалдырып кетті ме? (*Жанжағына қарап, ойлана*) Қой, «бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген, өздерінің де берекелері кетіңкіреп қалған екен, құдай аясын. Мен ештеңе де алмаймын бұл үйден. (*Біреу қолқалап тұрғандай, басын шайқап)* Жоқ, жоқ! (*Қолын бір сілтеп, шығып кетеді).*

Шымылдық

Әңгімелер

ҚАЙЫРСЫЗ ЖҰМА

Әбен Ілиясович әлдебір құжатқа сүйектете қол қойды да, осының дұрыс болды ма дегендей күмәнді жүзбен қайта шолып шығып, содан кейін қағазды көмекшісіне ұсынды.

– Күтіп отырғандар бар ма? – деді есікті көзімен көрсетіп.

– Бар. – Мұнтаздай киінген сұлуша жас жігіт бастығының әр қимылын қалт жібермей бағып тұр.

Әбен көмекшісінен басқа ешкім байқамайтын бір қимылмен басын болмашы изегендей болды. Көп ұзамай кабинетке қырықтар шамасындағы қара торы, толықша кісі кірді.

– Кешіріңіз,– деп ол әлденеге абдырап, есік алдында тұрып қалды да, құлап кететіндей қалтақтап келіп, министрдің қолын алды.

– Отырыңыз,– деді Әбен жұмсақ үнмен.

– Кешіріңіз.– Келген адам шегініп, алыстау отырды. Екінші рет өтінген кезде министрдің қарсы бетіндегі орындыққа келіп жайғасты. Бірақ осы жер мен отыратын орын ба деп қысылғандай, қалтасынан орамалын алып, тершіген маңдайын сүрте береді.

– Шаруаңызды айтыңыз,– деді Әбен түсін жылыта сөйлеп.

– Мен бір өздеріңізге қарасты Ащысайдағы комбинатта істеуші едім. Сізге кіруге жазылғаныма бірнеше ай болды. Әйтеуір бүгін бір, сәлем де сәтімен дегендей...

Әбен «ықыласпен тыңдап отырмын, айта беріңіз» дегенді білдіре басын изеді.

Одан әрі келген кісінің сөзі түсініксіздеу болып кетті. Өзінің қай жақтан екенін, жетім өскенін, адал еңбегімен күн көріп келе жатқанын, тағы сол сияқты өзіне қажет болғанмен, Әбенге қажеті жоқ бір әңгімеге түсіп кетті. Ақыры өзінің комбинатта он жылдан астам істейтінін, бірақ соған қарамастан, комбинат директорының өзіне күн көрсетпей, қуғындап жүргенін айта бастаған кезде Әбен әлдебір жіптің ұштығына қолы жеткендей болып, әңгіменің не туралы екенін жобалап, енді соның шындығын білгісі келгендей, алдында отырған адамның түріне барлай қарады.

Жұқалау шашын бір жағына мұқият тараған, бұғағы мен екі шықшыты бұлтиып тұрғаннан төбе жағы шошақтау көрінеді. Шолақ мұрын, қой көз – көшеде ең көп кездесетін, сосын да есте қалмайтын елеусіз бет пішін. Адамға тура қарамайды, жасқаншақ, бірақ көзге іліне бермейтін әлдебір қимыл-қозғалысынан, сөз саптасынан министрден басқа адамға, әсіресе, қарамағында істейтіндерге бір көрсетіп қалатын мінезінің де жоқ емес екені байқалып тұр.

– Қанша өліп-тіріліп істесең де, бір өсірмейді, – деді ол айтар арызының тобықтай түйініне жақындай түсіп. – Өсу үшін пара беру керек. Жағымпаздану керек. Не туысы болуың керек. Әйтпесе, көретін күнің осы...

– Пара алатынын дәлелдей аласыз ба? – деді Әбен манадан бергі жұмсақ үнін сәл-пәл қатайтып.

– Не дәлелдейтіні бар, жұрттың бәрі біледі.

– «Жұрттың бәрі біледі» – дәлел емес.

– Енді қайтіп дәлелдеуге болады? Оның параны маған көрсетіп алмайтыны белгілі.

– Пара алу – қылмыс. Қылмыстыны соттау керек. Ал жұрттың бәрі біледі деген айыппен адам соттау заңға тура келмейді,– деді Әбен талай айтып жүрген сөзін қайталағандай селқос үнмен. Өйткені мұндай арызбен келетіндер көп болатын.

Келген адам тағы да орамалын алып, бетін сүртті.

– Мен енді, шынымды айтсам,– деді жалынышты үнмен,– оның пара алған, алмағанын дәлелдейін деп

келгенім жоқ. Соттату да ойымда жоқ. Жұрт білетін шындық болған соң, ел басқарып отырған өзіңізге айтып жатқаным ғой. Ал менің арызым – тек сол кісінің қудалауынан қорғасаңыз екен... Әп-әдемі цехтың бастығы болып істеп жүргенмін. Менің орнымды өзінің бір көңілі жақын адамына әперді де, мені мастер қылып ауыстырды...

– Жалақыдан қанша ұтылдыңыз?

– Ұтылғам жоқ,– деді ол «мәселе онда емес» дегендей маңдайын тыжырайта, басын шайқап,– қайта қазір бұрынғыдан көбірек табамын. Мәселе моральдық жағында болып тұр. Түк жазығым жоқ. Бар тапқаны: «жұмысында кемшілік бар» дейді. Ондай кемшілік кімде жоқ? Өзінде де бар.

«Түсінікті,– деді ішінен Әбен,– кішкентай да болса, бастық болғым келеді дейсіз ғой... Әйтсе де, орынбасарыма тапсырайын, обал боп жүруі де ғажап емес». Әбен соны ойлап, қолына қаламын алып, ашулы жатқан блокнотын алдына жақындатты.

– Фамилияңыз?

– Қойбағаров... Қойбағаров Аман Қойбағарович.

– Жақсы, жазып алдым.

Әбен Қойбағаровты тағы да өзі жайлы ұзын-сонар әңгімеге түсіп бара жатқан жерінен тоқтатты да, «Аман» деген аттың қазақы сыпайылыққа салғанда қалай аталатынын жөппелдемеде есіне түсіре алмай, ойланып барып:

– Әбеке, – деді даусын көтере,– мен жазып алдым. Шаруаңызды тапсырамын. Тек уақыт жағы тығыз. Басқа да адамдар күтіп отыр.

Қойбағаров бір сәт үнсіз қалды да, келген шаруасының іс болып шығатынына сенбей қалғандай, ұнжырғасы түсіңкіреп, міңгірлей қоштасып, кабинеттен көңілсіздеу шықты.

Лып етіп көмекшісі кірді.

– Орталық Комитеттен телефон соқты. Сізді отыр ма деп сұрады,– деді есік алдында тұрып.

– Кім?

– Хатшының көмекшісі.

– Маған неге телефон соқпайды? – деді Әбен «әлде осыдан болып тұр ма» дегендей қызыл телефонға таңырқай қарап.

– Білмеймін, – деді көмекші, – осымен екінші рет телефон соғып отыр. Кететін болса, бізге айт деп маған тапсырма беріп қойды.

Әбен сағатына қарады. Жеті жарым. Бүгін қысқа күн – жұма екені есіне түсті. Бірақ жұмысқа берілген адамға үйден кеңсе жақын. Үйге барса, теледидардан басқа ермек жоқ, екі қолын қайда сыйдырарын білмей, сенделіп жүретін кездері болады. Ал кеңседе өзін суда жүзген балықтай сезінеді.

Әбен әлі де бірер сағат отыра тұрмақ оймен:

– Кірсін, – деді тағы да есікті көзімен көрсетіп...

Сағат сегізде «Кремлевка» шыр ете қалды. Екінші рет шырылдағанда Әбен трубканы көтерді.

– Алло.

– Әбен Ілиясович?

– Тыңдап тұрмын, – деді Әбен хатшыны даусынан танып.

– Маған келіп кетіңізші.

– Жарайды.

Хатшы басқа сөз айтпай трубканы қоя салды.

Әбен кнопканы басып, көмекшісін шақырды да:

– Машина тұр ма? – деді алдындағы қағаздарды жинап жатып.

– Тұр.

Әбен қабылдау бөлмесіне кіргенде хатшының көмекшісі бұған әлдебір құпия түрмен:

– Отыра тұрыңыз, – деді креслоны көрсетіп. – Қазір шақырады.

Әбен хатшының мұнысына ренжіп қалды. «Тап қазір ешкім жоқ қой ішінде. Есігінің алдында екі минут болса да кідіртіп қойғаннан ләззат ала ма екен?»

Бірақ бұл ойы қате болды – іштен екінші хатшының көмекшісі шықты да, мұны көріп, керемет қуанған адамдай:

– О, Әбен Ілиясович, халіңіз қалай? – деп қолын қайта-қайта қысып, мәз болған түр көрсетті.

«Актер».

– Кіріңіз.

Әбен қабырғалары оюлы ағашпен қапталған, залға ұқсас үлкен кабинетке кірді. Тұғжиып бірдеңе жазып

отырған хатшы бұл кірген соң да жұмысын жалғастыра берді. Әлден соң қаламын жауып, креслосына шалқая отырды да:

– Жағдай қалай? – деді ойы басқа жақта отырған адамның түрімен бұған айдалаға қарағандай қарап.

– Жағдай бір ауыз сөзге сыймай тұр-ау, – деді Әбен күліп.

Хатшы сөзден тосылып қалғандай бір сәт үндемей қалды.

– Денсаулық қалай? – деді «қарап отырғанша әңгіме болсын» дегендей бір үнмен.

– Жақсы, – деді Әбен оған таңырқай қарап.

– Биыл демалысқа шығып па едіңіз?

– Жоқ.

– М-м... Ендеше былай болсын, – деді хатшы үстелге еңкейе түсіп. Соны айтып тағы да үндемей отырды да: – Министр болып істегеніңізге неше жыл? – деді.

– Алты жыл.

– М-м... Алты жыл – біраз уақыт. Көп еңбек еттіңіз. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Иә. Бірақ... өзіңіз білесіз, өмір бір орында тұрмайды. Уақыт, заман өзгеруде. Кешегі іс, кешегі ақыл бүгінге жарамай жатыр...

Алдында түкке түсінбей отырған Әбеннің жүрегі кенет су ете қалғандай болды.

– Әнеугүні өзіңізге де көрсеттім,– деді хатшы сөзін жалғап, – үстіңізден арыз көп... Сізге бұдан бұрын да ескерту жасағанбыз. Одан нәтиже болмады. Бәлкім, шаршаған да боларсыз. Адам темір емес қой. Ешкімнің маңдайына жазылып қойған қызмет жоқ. Ертең бәріміз де кетеміз кезегіміз келгенде. Сондықтан сізге ауыр да болса, айтуға тура келеді... – Хатшы «келесі айтатын сөзіме жүйкесі шыдар ма екен» дегендей Әбеннің жүзіне барлай қарады.– Сізге бұл жұмыстан құтылу керек... Алда да ғұмыр бар. Кейінірек бір қызмет тауып берерміз.

Аяқ астынан бұлай болар деп ойламаған Әбен сілейіп отырды да қалды. Бірдеңе дегісі келіп еді, тамағы құрғап, дыбысы шықпады.

– Өзіңіз білесіз, жұмыстан аянған күнім жоқ, – деді әлден соң. – Кемшілік болса, бар шығар. Бірақ ол кімде жоқ. – Әбен өзінің манағы алдына келген адамның сөзін

қайталап отырғанын сезіп, таң қалды. – Соншалықты ақсап жатқан ештеңе жоқ секілді. Оны өзіңіз де білесіз. – Дауысының жалынышты шығып, жанын қорлап жатқанын, айтып жатқан сөзіне хатшы түгілі өзінің де сенбей отырғанын байқады. Бірақ бұл сөзінің жалғандығынан емес, құты қашқаннан еді. – Басқа жұмыс дейсіз... Қалайша енді аяқ астынан... Егер сенім білдірсеңіздер, әлі де істей берер ем... – Әбен кілт тоқтады. Өйткені өзінің мүлде абдырап, сөзінен береке қашқанын анық сезді.

Хатшы:

– Тәжірибелі адамсыз, жағдайды түсінуіңіз керек, – деп еді, Әбен жеңілгенін білмейтін ақылсыз баладай жағдайды түсінгісі келмеді.

– Не жазығым бар, айтыңызшы?! – деді даусы шәңкілдеп. – Кімнің жолына бөгет болдым? Кімге керек болып қалды менің орным?

Хатшының жүрегі қылп ете қалды, өйткені Әбеннің соңғы сөзі алдын орап кеткендей болды.

Өткен жолы бір үлкен мекеменің бастығы «мені түсірмек болып, материал дайындап, соңыма түсіп жүр» деп тура бюроның үстінде екінші хатшыға бас салған. Екінші хатшы амалсыз: «Ондай материал дайындалған емес», – деп жауап беруге мәжбүр болды. Ал, шын мәнінде, дайындалып жатқаны рас еді. Оны анаған жалпы бөлімде істейтін бір жігіт жеткізіпті. Бюрода ресми түрде жауап берілгеннен кейін, іс қозғалмай, мекеменің бастығы орнында қалды. Оның орнына жалпы бөлімдегі жігіт жұмыстан шықты.

Соны ойлаған хатшы мынау істі бүлдіріп алар ма екем деп шошып қалды. «Біраз арбасуға тура келді-ау» деді ішінен министрдің оңайлықпен жан бермейтінін байқап. Енді ол ләм-мим демей, үн-түнсіз Әбеннің айтарын айтып, арыны басылуын күтті.

Өзінің сіңірген еңбегін, адалдығын, әділдігін айтып біраз шаршаған Әбен:

– Сіз шешім қабылдамай тұра тұрыңыз, – деді сабасына түскендей болып.– Мен Біріншіге өзім кіріп шығайын.

Хатшы әлі үнсіз. Алдында тұрған тетігі көп аппаратты шұқылап, Біріншінің қабылдау бөлмесімен сөйлесті.

Біріншінің қалада жоқ екенін, мына мәселені дәл осы кезде шешіп қою өзіне тапсырылғанын айдан анық біліп тұрса да:

– Үлкен кісі бар ма? – деді актерше рөл ойнауға мәжбүр болып.– Ә-ә, солай ма? Қашан? Әлгінде ме? – Тағы да біраз үнсіз отырғаннан кейін: – Кетіп қапты ғой, – деді Әбенге қарап. – Сәрсенбісіз келмейді деп отыр.

Әбен жан-жағынан қоршаған аңшылардың қатары өзіне тақап, ғұмыр шеңбері тарыла түскен аңның бейдауа күйіндей сасқалақтай бастады.

Хатшы жүйке тайталасы өзінің пайдасына шешіліп жатқанын сезіп:

– Әбен,– деді бейбіт үнмен, – өзіңіз білесіз, сіз де, біз де мина іздеген саперлар секілдіміз. Әр қателігіміз ең соңғы қателік болуға тиісті. Ал, шыны керек, сізде бір емес, бірнеше қателік болды... Өткен жылғы жұмысшылардың ереуілі. Оны жария қылмай, басып тастадық. Бірақ біз оны білеміз ғой. Ащысай комбинатындағы өрт. Асылып өлген бухгалтер. Ағылып жатқан анонимкалар. Осылардың қай-қайсысы қураған қау секілді тамызық тисе-ақ, өртке айналуы оп-оңай нәрселер. Егер бұл осылай созыла берсе, мәселе ертең мүлде басқаша қойылуы мүмкін. Қазір ең қолайлы кез. Сондықтан балалық жасамаңыз. – Хатшының үні бұрынғыдан да жұмсақ шықты. – Біз сені мүлде жүген-құрықсыз босатып жібергелі отырған жоқпыз ғой. Сәл шыдасаң, бірдеңе тауып береміз...

Хатшы осы сөзбен бүкіл әңгімені бітірмесе де, мәселе негізінен шешілер деп ойлаған еді. Бірақ Әбен әлгі екі ортада тынығып алған адамдай, ышқынып қайта көтерілді.

– Жо-оқ, тоқтай тұрыңыз, – деді алдында отырған адамның хатшы екенін ұмытып кеткендей өршелене. – Жұмысшылар ереуілі, біріншіден, қылмыстылардың ұйымдастырған шаруасы. Екіншіден, ереуілдің қойып отырған мәселесі мен шешетін нәрсе емес, мына өздеріңіз шешетін мәселе. Сонау Ащысайдағы өртке мені кінәлі қылмақсыз, менің орнымда болсаңыз, сіз не істер едіңіз? Түк те істей алмайсыз. Ал бухгалтер, кешірерсіз, өзінің отбасы жағдайымен әлгіндей болды... Енді соған да күйдіресіздер ме? – Әбен өзін қолдайтын адам іздегендей алақтап жанжағына қарады. – Ал енді анонимка дегенге қалайша мән

беретіндеріңізге тіпті де түсінбеймін. Егер ол адам шын мәнінде әділ болса, аты-жөнін неге жасырады?

– Қалай десеңіз де, анонимкалардың 75 пайызы шындық болып шығып отыр. Ал, екіншіден, сіздің участокте болып жатқан қылмысты оқиғаларға сізден басқа ешкім де жауап бере алмайды.

– Жақсы, жауап бермей-ақ қойсын. Өзім-ақ берейін. Бірақ неге мәселені міндетті түрде осылай қою керек? Жалпы жоспар орындалды ма, орындалды. Ал әлгі айтылған нәрселер басқа министрліктерде жоқ па? Айтып берейін... – деп саусағын бүге берген Әбенді хатшы тоқтатты.

– Жарайды, жарайды, оның керегі жоқ. Қазіргі әңгіме сіз туралы.

– Апыр-ау, неге тек қана мен туралы? Ашық айтыңызшы маған, кім үшін мені күйдіргелі отырсыздар? Жоқ мен мұны бұлай қалдыра алмаймын. Арыз да жазбаймын!

– Жазасыз, – деді хатшы тұңғыш рет даусын қатайтып.

– Жазбаймын! – деді қызынып алған Әбен райынан қайтпай. – Шығарсаңыз, шығарыңыз. Бірақ мен ертең Біріншінің өзіне барамын.

– Барғанда не бітіресіз?

– Ол жағын өзіме қалдырыңыз. Сізден де басқа мәселе шешетін адамдар бар.

– Слушай, – деді хатшы бөтен бір дауыспен орысша сөйлеп.– Ты не ребенок, и не первый год работаешь министром. Пора понять, что достоинство нужно не только для победы, но и для поражения. Надо уметь проигрывать, а не устраивать дурацкую сцену.

Хатшының орысша сөзі шындықтың бетін біржола ашқан, тура әңгіме болды: манадан бергі айтылған сөзге қарағанда әлдеқайда әсерлі шығып, ұрыстың ең соңына сақталған құпия қарудай Әбеннің есін бірден жиғызды.

– Ымға түсінбеген дымға түсінбейді деп... – Хатшы кеще адамға кейігендей басын шайқады.

– Үлкен кісінің тапсырмасы ма? – деді Әбен әлде таңырқағандай, әлде үрейленгендей бір үнмен.

Хатшы Әбенге үнсіз тесіле қарады. Істің мәніне Әбен сонда түсінді; күш-қуатынан айырылып, құр сүлдері қал-

ғандай, бүкшиіп, басын көтермеген күйі хатшыға қолын созды. Хатшы, күні бұрын дайындап отырғандай, бір парақ ақ қағаз бен қаламды қолына ұстата салды. Әбен есеңгіреген күйде айбақ-сайбақ жазумен өз еркімен жұмыстан босатуды өтініп, арыз жазды. Сосын әлі ұйқыдан оянбаған адамдай үн-түнсіз орнынан тұрып, хатшымен қоштаспастан, кабинеттен шығып, әлдене деп үн қатқан көмекшінің де сөзіне түсінбестен, теңселе басып сыртқа шықты.

Содан кейін-ақ бүкіл ой-сезімі өзгеріп сала берді. Әлгінде ғана мынау ғимаратқа министр болып кірген адам енді министр болмай далаға шықты. Бір өзі ғана емес, бүкіл өмір өзгеріп кеткендей. Қарапайым адам күйінде қалай қарай жүрерін білмей дағдарып тұрған секілді. Замандастарының аузынан әлдебір министр орнынан түсіп, тұңғыш рет үйіне машинасыз қайтуға тура келгенде қай транспорттың қайда баратынын білмей, «Апыр-ау, енді үйге қалай жеттік?» – деп күйзеліпті дегенді естіп еді. Әзірге астында машина болғанымен, ертең өзінің де басында осы жағдай болатыны анық. «Шынында да, біздің үйге қандай автобус барар екен» дегендей жол жиегінде қалып бара жатқан аялдамаға тұңғыш рет үңіле қарады.

Әбен тіпті өзінің машинаға қалай отырғанын сезген жоқ. Шопыры:

– Әбен Ілиясович, бір жеріңіз ауырып келе ме? – дегенде «сен қайдан шықтың» дегендей оған ажырайып, таңырқай қарады.

Әбен бір жері ауырған адамдай қинала ыңырсығанын өзі де естіді. Шопырының сұрағына не деп жауап берерін білмей, ойланып отырғанда тағы да қинала ыңырсыды. Сонда барып өмірі ауырмаған тісінің сыздап ауырғанын сезді. Неге ыңырсығанына енді түсінді.

Кенет есіне әлдене түскендей:

– Тоқташы, – деді шопырына айдалада адасып жүрген адамның көңілінде әлдебір үміт оты жарқ ете қалғандай бір үнмен.

«Мәскеуге неге телефон соқпаймын? Орталық министрлік қоя тұрыңдар десе, бұл жақтағылар не істейді?!» Бірақ ол ойы ұзаққа бармады. Машинаны тоқтатып, өзіне сұраулы жүзбен қараған шопырына бірдеңе

айтқысы келіп тұрды да, кенет көзі машинаның сағатына түсті. Түнгі он! Ешкімге телефон соғу мүмкін емес. Сол кезде барып Әбен өз мәселесін шешу үшін аптаның соңғы күні – жұманы олардың бекер таңдап алмағанын, осының бәрі әңгімеден кейін ешқайда телефон соғылмауы үшін, сырттан өздеріне де телефон соқтырмау үшін әдейі істелгенін және мұның бәрі бұрыннан жасалып келе жатқан үлкен тәсілдің бірі екенін енді түсінді.

Тісі тағы сыздады.

– Кеттік, – деді шопырына ақырын ғана.

Министрдің даусы бұрынғы қожайындық еркіндігін жоғалтып, бейтаныс жолаушының өтінгеніндей жұмсақ шыққанын шопыр да байқады.

Үйге келген соң әйеліне не дерін білмеді. Астаң-кестең болған жан-дүниесі енді үй ішіне ауысатынын, оның да осылай астаң-кестең болатынын, бұрынғы ұғым, бұрынғы көңіл-күй, бұрынғы мінез-құлықтың мүлде басқаша болып өзгеретінін сезген кезде әлдебірдеңе үзіліп кеткендей ішкі сарайы солқ етті. Ол тіпті жайшылықта «ертең министрліктен түскенде» деп жолдастарының алдында емін-еркін қалжыңдап жүрсе де, шынтуайтқа келгенде дәл мынандай бар үмітін үздіріп, бар жарықты сөндіретінін сезген жоқ еді. Және осы бір үрейлі сезім бірте-бірте басылудың орнына барған сайын, өзінің қандай жағдайға тап болғанын түсінген сайын жан-дүниесін талқандап, кесапат дауылдай үдей түсті.

Өзінің арыз жазып, хатшыға тастап кеткенін әйеліне айтпақ болып екі-үш рет оқталса да, жүрегі дауаламады. Өйткені одан кейін қайтадан басынан басталатын күйзеліс өзіне тым ауыр тиетін көрінді. Баяғыда азғантай уақыт министрдің орынбасарлығынан түсіп қалғанда әйелі түнімен ботадай боздап, орыннан түсіп қалудың қандай қасірет екенін өзі сонда барып түсінгендей болған.

«Сондықтан шыдай тұрайын, – деп ойлады ол. – Тым болмаса, өзіме-өзім келіп алайын...» Бірақ өзіне-өзі келу оңай ма екен? Уайым жайлаған өз ішіне өзі бір кіріп алғаннан кейін, інге қамалған жәндіктей қайтып сыртқа шыға алмай қалды. Егер шықса, ана әйелімен, балаларымен дұрыстап адамша сөйлессе, мына бір жарылған өттей

өзегін қыжылдатқан ащы уайымнан бір сәтке болса да босанар ма еді...

Әйелі ас үйден шығар емес. Орта үйде қызы мен балдызы теледидар көріп отыр. Өңкей бір қырғын, апат жайындағы фильмдер. Бәленбай қабат үйді өрт шалып, адамдар отқа күйіп, балконнан құлап өліп жатыр.

Әбен жан дүниесіндегі жағдайды осындай бір аласапыран апатқа ұқсатты. Кинодағы өрт сөндірушілер секілді бұл да өз ішіндегі өртті сөндірмек болып тырысып еді, оған шамасы жетпеді. Ұмытуға, ойламауға болмайтын бірдеңе. Осыдан кейін әбден шарасы таусылып, жанып жатқан үйіне үн-түнсіз қарап отырған үй иесіндей қарсыласуды доғарып, ой-сезімін күйзелістің қолына біржола ұстатып қоя берді.

Тісі сыздады. Енді байқады, тек тісі емес, бүкіл жақ сүйегі, тіпті мойын омыртқасына дейін сыздап ауыратын секілді.

Бір ғажабы, тән азабы жан азабын аздап жеңілдеткендей болды. Бірауық әлгі оқиғаны ұмытып, жақ сүйегі мен тісінің сыздағанын қайтсем қойдырам деген оймен өзін-өзі аутотренинг тәсілімен емдей бастады. «Ауырған жерім басылды, ауырғаны басылды, басылды» деп іштей тынымсыз қайталай берді. Әлден соң, шын басылды ма, әлде өзіне әшейін солай болып көрінді ме, әйтеуір, сыздаған жері сәл саябырлағандай болып, бірақ оның есесіне өз басындағы жағдай есіне қайтадан түсті. Жазықсыз зәбір көрген адамның сезіміндей бір әсермен болған істің себебін, түпкі тамырын іздеді.

Әбен тумысында жалғыз жігіт болатын. Қол ұшын беретін ықпалды ағайыны да болған жоқ. Өзінің пысықтығының арқасында ағаны да, досты да кейін тапты. Іскер де бейнетқор еді. Атқа ерте мінуіне себепкер болған да осы қасиеті. Ең алғаш комбинатқа келгенде директордың көзіне түсті. Директор баяғы 40-жылдардағы от пен суға түспесе отыра алмайтын, тесік өкпе ескі кадрлардың бірі болатын. Күн-түн демей, үйіне де, қара басына да қарамай, қызметте жүреді. Алғашқы өмір мектебі содан басталып, Әбен де өлген-тірілгеніне қарамай жұмыс істеуді үйренді. Соның арқасында жақсы атқа ілігіп, бұған жоғарғы жақ көңіл аудара бастады. Қолдаушылар, жанашыр-

лар табылды. Жиырма жеті жасында комбинатқа директор, одан министрдің орынбасары, ақыры министр болып тағайындалды. Енді міне алты жыл дегенде орнынан түсіп, елсіз қу медиен далада қаңғып қалғандай болып отырған отырысы мынау.

«Қалайша түк қызық қалмады бұл өмірде, бар шығар әлі де?» – дегендей өзінің көңіл түкпірінен бірдеңе іздегендей болады. Ештеңе таба алмайды. Бәлкім, мұның бәрі алғашқы әупірім сезім болар, артынан басылар, жалғыз мен емес шығармын қызметтен түскен деп өзін-өзі жұбатқысы келеді, бірақ осының бәрі далаға айтылып жатқан сөздей, өзіне түк қатысы жоқтай, бойына дарымайды.

Әбен сырт көзге шын бақытты адам болып көрінуге тиісті. Сүйген жары көрікті. (Әбеннің өзі де келбетті, ажарлы жігіт). Өзінен айнымайтын ұлы, әйелінен айнымайтын қызы бар. Алғаш отау көтергеннен бастап қатты мұқтаждық көрген емес. Байлықтың қызығын көріп жүр деу де қиын. Өйткені тоқшылыққа әу бастан үйренген. Сол себепті адамды дүниеқоңыз қылатын артық ашқарақтық, қиғаш пейіл бұларда бола қоймады.

Алайда «тұяғы бүтін тұлпар, қанаты бүтін сұңқар жоқ» деп қазақ айтқандай, іштен үңілген адамға бұл үйдің де өзіне жетер қайғысы баршылық. Қайғының басы – жалғыз ұл. Ол туғанда қуанышында шек болған жоқ. Отбасының базары болды. Жұмыстан шаршап келгенде соны аймалап, жаны жай табатын. Іссапарда жүргенде кішкентай шұлығын қалтасына салып, иіскеп жүретін. Сәбиінің жұпар иісі тынысын ашып, жүрегін сағыныш толы бір сезімдерге бөлеуші еді. Әлпештеген, үміт артқан сол ұлы өсе келе сабындай бұзылды. Мектепте сабағынан ақсады. Жүре-бара түзелер деп, оны көп уайым қылмаған. Көше балаларына қосылып кетіп, одан әрең айырып алды. Институтқа түсіріп еді, оны оқи алмады. Ішімдікке үйір болды. Төбелеске араласып, біреуге пышақ салып, ісі сотқа түсті. Әйтеуір бар беделін салып, одан да алып шықты. Қай ұлт екені белгісіз бір жезөкшеге үйленем деп, ең үлкен қайғы сол болды. Ақыры айтқанға көнбей, үйленіп тынды. Қазір бөлек тұрады. Осындай қасіреті бар отбасын кім айтар бақытты деп.

Әбен ұлының тағдырын көп ойлаған. Үлде мен бүлдеге бөледі. Не ішем, не жеймін деген жоқ. Рас, күнделікті тәрбиесіне араласа алмады. Мектебіне барып көрген емес. Қу қызмет босатты ма. Таңертеңгі сағат сегізде кеткеннен үйіне түнгі он-он бірде бір-ақ келеді. Бұл келгенде де, кеткенде де баласы ұйықтап жатады. «Папам іссапарда ма?» – деп сұрайтын көрінеді шешесінен.

Әбен осы тұста әлдебір шындықты мойындауға тура келгендей, басын шайқап, ауыр күрсінді. Апыр-ай, өз баламды тәрбиелеуге уақытым болмаса, онымен күнделікті өмірдің ауыр-жеңілін бөліспесем, қуаныш-қайғысына ортақ болмасам, сырласпасам, мұңдаспасам, балам шын мәнінде тірі жетім болып өскені ғой. Тәрбиені көшеден алған бала көшенің баласы болмағанда, кім болады?

Бір ойды бір ой түртіп, Әбеннің көңілі одан бетер құлазыды. Өз өміріне үңілген сайын, бұрынғы көрген қызық, сүрген дәурен мүлде басқаша елестейді. Бәрі де мәні жоқ, нәрі жоқ бірдеңелер секілді. «Сонда сен осы тірлігіңнен не таптың?» – дейді өз ішінде баяғыда ұйықтап қалған біреу жаңа оянып, басын көтергендей. Бұл оған міңгірлеп, дұрыс жауап бере алмайды. Жар қызығы... Иә, жар қызығы бар екен-ау. Бірақ әйелімен арадағы байланыстың ұлы мен екеуінің арасындағы қарым-қатынастан ұзап кеткені шамалы. Үнемі сыртта жүргендіктен, сырттың қызығы жүрегін көбірек жаулап, үйдегі қызық мойындағы бір міндет секілді көрінетін. От басының бар ырысы отағасының лауазымы арқасында келіп жатқандықтан, барлық тілек, мақсат сол лауазымға тікелей бағынышты еді. Бірдеңе болса, «папаңның қызметіне зиян болады», «папаңның жұмысына кедергі болады» деген сөздер бұл үйде құранның шариғатындай естілетін. Тіршіліктің бар жағдайын жасаған, абырой, беделге жеткізген әлгі Лауазымды әйелі кейде мұның өзінен де артығырақ көретін секілді...

Тісінің сыздағаны басылар емес. Кешкі тамақ батпаған соң, төсегіне келіп қисайды. Өзі сөйлемесе, мұның тыныштығын бұзуға үй ішінде ешкімнің дәті бармайтын. Қызмет бабында бірдеңе болған шығар. Соны ойлап отырған болар... Әйелі келесі сәрсенбіде өзіне машина керек

екенін айтты. Әбен іштей мырс етті: «Бейшара, келесі сәрсенбіде машина түгілі басыңмен қайғы болып отырарсың, амандық болса». Бір ғажабы, үй ішіндегі адамдармен арагідік тілге келсе де, олардың бойларынан тіршілік белгісін – дем алысын, жүрек жылуын сезіп отырған жоқ. Олар оқ өтпейтін шыны қабырғаның ар жағында, басқа бір әлемде тек түрі ғана көрініп жүргендей. Жақындайын десе, жақындай алмайды. Ғайыптан пайда болған беймәлім жалғыздық қасынан үйіліп шықпай жүр.

Ойлап отырса, шын сенісіп, сырласатын досы да жоқ екен. Баяғы достардың орнына қызметтес достар келді. Олар тап бір ауысып тұратын киім секілді. Ескі достармен араласып тұруға уақыт жоқ. Екіншіден, олардың көбі бұдан тек дәметкеннен басқа ештеңе білмейді. Көмек, қызмет сұрайды, бәленшеге айт, түгеншеге айт, бітпейтін бір өтініш. Туыс келеді – ол да бірдеңе сұрайды. Қол ұшын бермесе, көлеңкесіне ит жатпайтын қайырсыз дейді. Олар көп, бұл жалғыз – қайсысына жетеді? Айтқаныңды екі етпейтін, ақырып қалсаң, жаны шығып кеткелі тұрған бағынышты, жалынышты жандар бар. Оларды дос дей алмайсың. Анда-санда бір келетін, ат құйрығын біржола үзбеген бір досы бар еді, оның өзі сыртынан: «Министр болам деп жақын-жуықтың бәрінен айырылды, байғұстың менен басқа ешкімі жоқ», – дейтін көрінеді.

Ешбір қисынға, ешбір заңға сыймайтын бұл өмірдің сырына кімнің көзі жеткен? Кейбіреулер адам өз тағдырына өзі қожа деп даурығады. Күнделікті жоспармен жасалып жатқан іс-әрекетің тағдыр емес. Тағдыр – сенің қу тірлігің мен сыртқы жағдайдың шайқасынан туған бұйрықты несібең. Сенің ырқыңа бағынбағаннан кейін де ол тағдыр болып есептеледі. Бұл да ойлайтын: «Өмір табалдырығынан аттағаннан кейін, алдан сан тарам жол шығады, әр жолдың қайда баратыны белгілі, қалаған жолыңа түс те, жүре бер» деп. Сөйтсе, олай емес екен. Өмір деген ну жыныс орман секілді. Сол орманның арасынан саған қандай сүрлеу бұйырады – ол өзіңнің бақ-талайың. Әбен дәл осы жолды таңдап алсам деп ойлаған емес. Маңдайына бұйырды. Рас, оңай жол болған жоқ. Тұңғыш мойнына бұғалық түскен асаудай талай бұлқынған. Талай балалық арман, қиялдарының күлі көкке ұшқан.

Қысқасы, қоғам илеп-илеп, бұдан өзіне керек адам жасап алды. Әбен үндемеуді үйренді, өтірік құптауды, іштегі сөзін жасырып, басқаның сөзін айтуды үйренді. Жұрт мұның мінезін орнықты, сабырлы деп ойлайтын, шын мәнінде, артық сөйлеп қоюдан қорыққан бассауғадан басқа түк те емес еді. Бірақ бұл бір ғана адамның емес, бүкіл қоғамның басындағы жайт емес пе? Өзге емес, өз билігің өзіңе жетпейтін заманда кім не тындырғандай? Билік дейді-ау, кімде бар ол билік? Министр түгілі әлгі хатшыңда да жоқ. Манағы қалт-құлт етіп алдына келген Қойбағаровтан оның артық жері қайсы? Қайта хатшыға қарағанда Қойбағаровтың ұйқысы да, жүйкесі де тыныштырақ шығар. Тіпті сол билік Біріншіңнің өзінде бар ма екен? Біреуге күжірейіп, біреуге кішірейген заманда билік туы тігілген жер біздің көзіміз жететін жерде емес. Әріде, тым әріде. Осыны білсек, кінәласудың орнына бір-бірімізді аяйық...

Әлдеқалай жүрегі қызылдады. Асқазаны болар. Студенттік кезден қалған гастриті бар. «Дегенмен, дәрігер шақыртса қайтер еді» деген ой келді басына. «Апыр-ау, дәрігер бар екен ғой, оны қалай ұмытып кеткенмін» деп іштей тіпті қуанғандай болды. Бірақ дәрігерді еске алуы мұң екен, тісі де, асқазаны да бірте-бірте басыла бастағандай болды. Жалпы үйде отырғанда бір жері ауырса, дәрігердің алдына барғанда жазылып кететін әдеті барды. Дәрігер әр жер-бір жерін сипалап, «қалай, ауырып тұр ма» дегенде, «жоқ» деп амалсыз мойындауға тура келетін.

Бойы сәл-пәл тыныстап еді, кезек менікі дегендей, уайым қайта оралды. Уайымның басы – «енді не істеуім керек» деген жауабы жоқ сұрақ еді. Не шаруа күйттеп, не көрген-білгенін кітап қылып жазып, ел қатарына қосылатын бірде-бір қасиеті жоқ екен. Тіпті министр болғаннан басқа ештеңе қолынан келмейтін секілді. «Енді қайттім?» – деді ол торығып. Мұң шағатын ешкім жоқ. Бәрі де әдіре қалды. Әлдеқандай бірдеңе санасында көлбеңдеп, «мұңдасатын, сырласатын мен бар» деп, өзінің бар екенін сездіргендей болады. Әлгі «бардың» не екенін түстеп айыра алмай тұрды да, ақыры таныды. Онысы – өзін өмір бойы құл қылған, арына да, жанына да кісен

салған, бауырдан, достан айырған, елден айырған тақсыр Қызмет екен. Енді ол да жоқ. Мынау тұрған оның көлеңкесі ғана...

Ішкі әлемінде дауыл қайта басталды. Үйлерді қиратып, теңіздерді арнасынан шығарып, бөгеттерді бұзатын, елді мекенді топан суға қарық қылатын дүлей дауыл. Ол өз ішінен осындай бір апатты сезді. Қайтуы жоқ, дауасыз апат.

Әлдебір өкініш секілді жетім сезім көңіл түкпірінде адасып жүрген секілді. «Әттеген-ай! – деді ыңырсып. Оны жаны қиналып айтты ма, тәні қиналып айтты ма – өзі де айыра алмады. Тегі, екі ауру қосылып кеткенге ұқсайды.

Асқазанының қышқылы көбейді-ау – қыжыл күшейіп кетті. Сірке суын ішкендей қолқасына дейін ашытып, тесіп барады. Бұл бір тоқтамайтын, басылмайтын ұшы-қиыры жоқ күйзеліс болды.

Әбен өзінің түсетін жерінен өтіп кеткен пойыздағы жолаушының сезіміндей бір күйде: «Қап, манадан бері дәрігер шақыртуға болатын еді-ау!» – деп ойлады. Енді қазір жыланға арбалған бақадай аурудың ықпалынан шыға алмай жатыр. Қозғалғысы келеді – қозғала алмайды, сөйлегісі келеді – үні шықпайды. Әбеннің жан тері шықты. Беймәлім дерт ағаш кескен арадай төзімін жұқартып, біржола тауысуға жақындап қалған секілді.

Әйелі, бала-шағасы өзінен бөлініп, қол жетпейтін, дауыс жетпейтін жерге алыстап барады. «Әттеген-ай!» – демек болды, тағы да үні шықпады. «Өкінішті...»

Кенет әлдекім өзегін ыстық темірмен күйдіріп өткендей болды да, Әбен есінен танды. Тек осы азаптың немен бітсе де, тезірек біткенін тілеп үлгерді.

* * *

Әбеннің инфарктан қайтыс болғанын хатшы сенбі күні таңертең жұмыста отырып естіді. Кеше кешкілік өз алдынан сап-сау кеткен адамның қалай өліп қалғанына түсінбей:

– Қалайша, қалайша? – дей берді абыржып.

– Түн ортасында ұйықтап жатқан кезде болған секілді. Отбасы да бүгін таңертең бір-ақ біліпті, – деді ұйымдастыру

бөлімінің меңгерушісі мемлекеттік құпияны айтқандай сыбырлай сөйлеп.– Маған ауруханадан осы әлгінде телефон соқты. Екіншіге хабарладым. Қазір өзі де шақырып қалар.

Хатшы тым-тырыс, ұзақ отырды. Қалтасынан дәрі алып ішті. Хатшының денсаулығын өзінен кем білмейтін көмекшісі дәрігер шақыртты. Дәрігер осылай боларын біліп, дәлізде күтіп тұрғандай, лезде келді. Қан қысымын өлшеп, жүрегін тыңдап болғаннан кейін, ауруханаға жатқызбақ болды. Хатшы келіспеді.

Министрдің өліміне байланысты құрылған комиссияны өзі басқарды. Жер алу, оркестрге заказ беру, жаназа асына қаражат бөлу, мекемелерден венок әкелдіру, туған жеріндегі мектепке, қаладағы бір көшеге марқұмның атын беруді арнайы қаулыға кіргізу тағы басқа шаруалардың бәрін мұқият қадағалады.

Хатшының жалғыз бауырын жөнелтіп жатқандай мынау іске аянбай кіріскенін жұрт үлкен адамгершіліктің белгісі деп таныды.

Келесі күні өзінің көмекшісін ертіп, хатшы көңіл айтуға Әбеннің үйіне келді. Марқұмның отбасы қазаның құдіретін мойындап, оның орнын өлікке жұмсаған қызметтерімен толтырғысы келгендей кіріп-шыққан кісілерді күтіп, тыным таппай жүгіріп жүр.

Марқұмның қара жамылған әйелі көзіне жас алғаны болмаса, дауыс қылып жылаған жоқ. Әбеннің қазасын естіп, хатшы ауырып қалыпты дегенді естіген болатын.

Көңіл айту рәсімінен кейін, марқұмды жөнелту шаралары төңірегінде бірер сөз болды. Қаралы әйел хатшыға рақметін айтуды ұмытқан жақ. Бүкіл зиялы қауым, қалың ел қабырғалары қайысып, қайғыға ортақ болып жатыр екен. Әсіресе, Үлкен кісінің хабарды естісімен, іссапарын тастап, әдейі келгенін, таңертең үйге кіріп шыққанын айтқанда осыны өзіне зор бедел, мақтаныш тұтатынын жасыра алмады.

– Дәм-тұз таусылып тұрса, оған кім араша бола алады? – деді әйел тағдырдың бұйрығына келіскен бір үнмен. – Кешеден бері бұған да үйрендік. Шүкірлік еттік. Әйтеуір мынандай қызметте жүріп кеткенінің өзі жұбаныш секілді. Әйтпесе, осынша үлкен құрмет болар ма еді... – Әйел тағы да көзіне жас алды.

Қабырғада қара лентамен көмкерген Әбеннің суреті тұр. Сәл жымиып түсіпті. Кешеден бергі оқиғаның осылай болып аяқталғанына өзі риза болып тұрған секілді.

Хатшы суретке ұзақ қарады. Оның өзімен ең тағдырлас, өзіне ең жақын адам екенін қалай байқамағанына іштей қайран қалды. Сол сәтте келесі өлім кезегі өзінікі екенін сезгендей, жүрегі болар-болмас шым етті.

ҚОНАҚТАР

Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай үйге соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оянды. Алагеуімде үндемей жүріп киініп алды. Мәсісін де, шұлғауын да ешкімнен сұраған жоқ. Кенет әжептәуір қатқыл дауыспен:

– Әй, шақшам қайда? – деді ұйқылы-ояу жатқан кемпіріне.

Кемпір естіді ме, естімеді ме – міз бақпады. Ерғабыл оның үстіне сәл төне түсіп:

– Кемпір, шақша көрмедің бе? – деді жұмсарып.

– Байғұс, «қайдалайды» да жүреді екенсің! Қойған жеріңді ұмытып қаласың ба?!. Мә.

Ерекең ләм-мим демей, алдымен бір атым насыбайды ерніне тастап, шақшасын қалтасына салды. Кемпірі басын ұстап, қайтадан төсегіне жантайды.

– Басым сынып, өлейін деп жатырмын, мазалай бермеші.

– Өлсең, Бағила кемпірді алып келемін, – деді шал бағанағыдай емес, көңілденіп.

– Иә, жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта. Мына қу моладан сүйегімізді табар бір күні. Осы Қаратүбектің басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың... Бүгін келсін балалар, көрерсің, еріп кетемін. Қал жалғыз өзің, омалып.

– Кеше ноқтаның сағағын байламапсың ғой, кер құлын ағытылып кетті.

– Иә, бұған бірдеңе айтсаң, бұл бірдеңе айтады.

– Е, неғыл дейсің маған. Бала... ыһ... тартып жіберші мына шетін, көтерсейші басыңды... мықтап ұста... ешқайда кетпес, оралар... Туып-өскен жері, елі... Ұста деймін, қаттырақ ұста. Қарайған малды тастап, қайда барасың?

– Сен шал алжисың. Осы ғой міне, алжыған деген осы шығар. Екі бие сенің басыңа көктас қоя ма? А-а-а, осыны алмаған құдайдың тамағы тоқ.

Ерекең ыңырана әндетіп, таяғына сүйенді.

– Ойпыр-ау, белім шойырылып қалғаны несі?! Осы мен таң намазын оқыдым ба?

– Намазды оқитын болсаң оқы да, оқымайтын болсаң қой, не ол, бір күн тастап, бір күн оқып.

– Құдайдың өзі кешірер, мен бір әдейі істейді деймісің соны. Жүрегім басында жел тұрғанын қарашы... Қой, сен кемпір мылжыңдай бересің. Намазымды оқып, биеге кетейін.

Ерекең сыртқа шықты. Күншығыс аппақ. Ауа сәл-пәл дымқыл екен. Қолын көлегейлеп, маңайына қарады. Көкжиек шыңылтыр ашық болатын. Бірақ шалға тұманытып көрінді. «Кеше кер құлынды бостау қосақтап едім, оралып қалмады ма екен, – деп ойлады ол. – Анау Қарабидайдықтың табанында жүрген солар шығар. Тұсауымен сонша жерге кетеді. Бұл иттерді байлап қоямын ба, не істеймін?»

Бір қолымен белін ұстап, шық басқан көк шөптерді таяғымен анда-санда қағып қойып, шабылған бидайдықтың жиегімен келе жатты. Лезде белі ұйып, шаршап қалды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сытырлап, сүрлеу жиегіндегі төмпешікке келіп отырды.

– Кәрілік! Е-е, жарықтық-ай! Уһ! – Орамалын алып, терін сүртті. Күн жылынған шығар деп жұқа барқыт бешпентін шешіп, қолына алды. Уқаланған өңірін жазып жатып: «Ертең сүйегіме шапан жетпей қалса, – деді ішінен, – Бектемірден қалған жалғыз Ерғабылдың басында түк болмады деген атаққа қалармын».

Әлдеқалай шалдың көз алдына өлгеннен кейін мұны жұрттың қалай шығарып салатыны елестеді. Елестегенде

«құданың құдіретімен» өткендегі Айтыбай шалдың сүйегін шығарғандағыдан бір айнымайды. Бірақ мұның жұртқа үлестіретін киімі одан көп екен. Аққұдық пен Сарыөзек тегіс келген секілді. Бата оқырын бергеннен кейін атпен жарысып, мүше алып қашқандар да бар. Жұрттың бәрі:

– Е-е, қайран дүние кімге опа берген, бұл кісілер де кетті-ау дүниеден. Мұндай кісілер енді тумайды, тумайды, – деп аза тұтып, енді біреулер:

– Шіркін, бала деген осы ғой! Сапабек әкесін қандай қып жөнелтті, ә! Ойпырмай, мұндай ұлы дүбірмен біздің елде әлі ешбір шал аттанбаған шығар, – десіп, таң қалысып бара жатқанға ұқсайды.

Шал күлімсіреп, таяғын ұстады. «Айдалада өлген кәрі қасқырға ұқсамай, ел-жұрттың алдында абыроймен өту – осыдан артықтың енді керегі жоқ». Орнынан тұра беріп:

– Сапабекжандар кеше келмегені несі, – деді күшене сөйлеп, – телеграмда кеше еді ғой.

Әлсін-әлсін дамылдаумен Қарабидайдықтың табанына келді. Бағанағы ой бекер екен. Жылқылар әріде – Шайтанкөңнің маңында жүр.

Ерекең зираттардың тұсына келгенде, ішінен бірдеңелерді күбірлеп, көп созбай, қолымен бетін сипай салды. Көп төмпешіктердің ішінен жақында өлген Айтыбайдың қабірін көрді. Қызылкүрең, жас топырақ дымқыл күйі. Құрғамапты.

Шіміркеніп, тезірек жүрді. Салқын тер өне бойын шымырлатып, жылқыға жеткенше дем алған жоқ.

«Ғаріп пенде... Аруағы риза болсын. Жасаған қай кезде дәм-тұзды тауысамын десе өзі біледі... Өзі менен бірер жас кіші болу керек. Жылым ұлу дегендей болып еді...»

Ерекең қайтып жаяу жетпесін білді де, кер құлынды ағытып, биені тұсауымен ноқталап алды. Арықтың ішіне енгізіп, жиектен асылып мінді. Әрең дегенде түзеліп отырды.

– А-а-а, жетпіс бес, – деді дауыстап, көзге көрінбейтін тап сондай біреумен сөйлесіп тұрғандай, – сен болар ма екенсің мені алып кететін, жоқ сексен бес пе екен. Түсімде айырып ести алмағанымды қарашы. Фью-фью, әй, жетер түнімен оттағаның.

Ерекең енді байқады, күн шығыпты. Бірен-саран қарайған малдар болмаса, төңіректе қыбыр еткен пенде жоқ. Әлі үйқыдан оянбаған секілді. Кер бие дымқыл көк шөпті анда-санда бір шалып, күрт-күрт шайнап, біресе пысқырып, біресе «дұрыс қой, дұрыс қой» дегендей басын шұлғып қояды. Кер құлын шапқылап, озып кетті де, ойнақтап қайта оралып, қайта шапты.

«Баламысың деген, біз де осылай ойнақтадық-ау». Шалдың есіне өткен өмірінен бір қызық оқиға түскен болу керек, болмашы жымиып қойды. (Көбіне еске түсіретіні жігітшілік дәурені болатын).

Кер бие үйреншікті желінің басына тоқтады.

– Немене, ұзап кетіп пе? – деді кемпірі, құлынды байлап жатып. – Қажыған шығарсың, шай қояйын ба, мызғып аласың ба?

– Шөлдедік. Шайыңды қой.

Ерекең есік алдындағы бөгетке шықты. Әлдебір мұңды әнді ыңылдай айтып, таяғына сүйеніп, біраз тұрды. Өзен жиегіндегі қыстауын көріп, бағанағы кемпірінің сөзін есіне алды. «Осы Қаратүбек басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың. Балаларға еріп өзім кетем».

«Әй, кемпір, – деді ішінен, бағанағы жерде айтатын сөзі ойына жаңа түсіп, – мен саған дейін үш қатыннан айырылғанмын. Азды-көпті ғұмырымның ішінде талай бақтан айырылып, талай баққа қолым жетті. Дүние бірде алдын берсе, бірде артын береді. Бірақ әкем көрген, әкемнің әкесі көрген қара орнымнан айырылып көрген күнім жоқ. Не тантырап отырсың!» Ерекең желі басында әлі күйбеңдеп жүрген кемпіріне зекіп жібергісі кеп, уыттанып, шақшия қарады. Кенет оның түк жазығы жоқ екені есіне түсіп, сабырмен ойға шомды.

Ертеректе, осыдан алпыс жылдай бұрын сонау қыстау маңы тізілген үйлер болатын. Бектемір әулеті тегіс осы араны қыстайтын. Өмір-бақи жан-жаққа пышырап көрген емес, ағайыншыл еді ғой бәрі де. Көктемде ел қыстаудан көп ұзамай, өзен жиегіне қаз-қатар киіз үй тігеді. Жиен Қазыбайлар да малы жоқтығын сылтауратып, осында келетін. Ерекеңнің бала кезі. Ауыл жігіттеріне қосылып жылқы бағады.

– Тентек-ау, сен де адам болып, жылқы бағатын болдың-ау, – деп күлетін Қаншайым жеңгесі. Қаншайымның басында шашақталған ақ жаулық болады. Ажарлы еді пәтшағар...

Әлі есінде, бірде кешкілік қыз-келіншектердің көзінше алтыбақан сыртынан келіп, ат үстінен «Жеңеше» әніне бір салған еді-ау.

Айдап салдым жылқымды тепсең жерге, жеңеше-ау,
Сендей адам табылмас ексем жерге, жеңеше-ау...

Таяғына қаттырақ сүйенген Ерекеңнің жақ еттері жыбырлап, көздері қызарып, жасаурап кетті. Тым әріде, көз нұры, көңіл құрығы жетпейтін тым әріде қалған бейшара бір сағыныш жүрегінің түбін әлсіз түртіп, онсыз да қаусағалы тұрған әдіре қалғыр ит жанын күйзелткендей болды.

«Иә, одан бері талай аласапыран жыл өтті... Олар Сыр бойына көшіп кеткен. Содан оралған жоқ... Қайран Қаншайым тірі ме екен бұл күнде! О, пәни жалған! Ол тірі болып, жүздесе қалсақ, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей болмас па едік». Ерекеңнің алқымына ыстық жас тіреліді. «Бізден кеткен бір қора Бектемір әулетінің не күйде екенін білмес пе едік. Өзі... Ойбай-ау, тірі ме деймін, менің өзім жетпіс беске келдім. Ол менен көп үлкен еді-ау».

Ол күндердің куәсі боларлық бір пендені тірі күйінде кездестірем бе деген үмітінің шындыққа үйлеспейтінін сезген шал өзін-өзі сөгіп, қай-қайдағы ойдың қайдан келетініне кейіп, шошынып, «алжыппын» деп мойындап, бөгеттен түсті. Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқиып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап, ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшиып қарады, қолына алған жоқ.

– Бір құй, – деді тершіген ақшыл білегімен кесесін нұсқап, – шөл қанатын емес. Ішім кеуіп кетті.

– Сапашжандар неге кешікті екен? Кеше емес пе келем дегені.

– Келетін шығар бүгін.

– Сен шал осы жөніңді айтшы дұрыстап. Осы келгенде Жеңістайды алып қаламын деп тұрсың ба? Жоқ, әлде еріп өзіміз кетеміз бе?

– Бос сөз сөйлеме.

– Несі бос сөз. Менің өлейін деп отырғаным мынау. Шай қайнатып беруге де шамам келетін емес.

– Ыһ. Баяғыда қосыларда көрісініп ең, жарамауға айналдың ба?

– Жоғалшы әрі. Ұят жоқ, аят жоқ, қартайғанда не болса соны... Құдай біледі, осыны жұрттың көзінше де айтасың ғой.

Ерекең кеңкілдей күліп, орамалмен көзін сүртті.

– Қайдан білейін, қит етсе шамам жоқ, шамам жоқ деп шыға келеді. Әлде... – Ерекең сөзін аяқтамай тізесін ұстап, – екі тізем қақсайтынды шығарыпты, кемпір, – деді неге қақсайтынына түсінбегендей ақжемденіп кеткен боз көздерімен ажырая қарап.

Кемпір жауап қатпай, самауырды алып, шығып кетті. Ерекең шалқасынан жатып, ашық түндіктен аспанға қарады. Ақ шарбы бұлттар көшпей, бір орында тұр екен.

– Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар, – деп мақалдап, көзін жұмды. Ерекең ұйықтамаса да көзін жұмып отыруды ұнататын. «Уақыт шіркін зымырап өтті де шықты. Тәңірінің құдіреті күшті-ау. Енді міне, тірліктегі ырыздық-несібенің таусылуы да тақады. Әйтеуір артымызда бір жаман бар. Тұяқсыз пенде емеспіз... Жылда қолдарына шақырады. – Ерекеңнің ойына кемпірінің сөзі түсті. – Уай, ақымақ кемпір. Өлер шақта тұрмыс қуып, тентіреп жүре алмаспын. Ағайын жұрт, өз еліңдей елді табамын деп отырсың ба басқа жақтан... Айдаладағы бір қаладан».

Ерекең көзін ашып қалып еді, шаңырақта тұрған ақ шарбы бұлтты тағы көрді. «Бұл дүниенің бұлай тез өтерін кім білген. Заманымызда біз де шалқыдық. Сайрандап бақтық. Бірақ ештеңе бітірмеппіз. Е, шіркін, баяғының кісілері-ай! Осы күнгінің адамы ұсақтап кетті ғой. Әйнекібайлар тізерлеп отырғанда түрегеп тұрған адаммен бірдей еді. Пай-пай, жарықтықтар-ай! Біз күзектеміз сонда... Атты казактар үстімізден өтіп, адамдарды атып, ауылды тонап, жылқы алып кетіп жатты. Сонда Әйнекібай

екеуіміз ауыл адамдарын жиып, қол бастап, ұйықтап жатқан орыстарды байлап тастап едік».

Ерекең уақыт бойынша қуалап, өзінің ғұмырындағы бірлі-жарымды ерлік істерін көз алдынан өткізіп жатты.

«Е-е, еске түсіргенмен не пайда. Біздің қолдан келері тек осы жерде дәм-тұз бітсе, ата-баба қабірі тұсынан бір уыс топырақ бұйырса, қалғанын бір құдайға тапсырып, ризашылық білдіру». Сөйтіп жатып Ерекеңнің көзі ілініп кетті.

Машинаның гүрілінен оянды. Шаңқай түс. Іргеге созылған сол қолына күн сәулесі түсіп, қыздырып тұр.

– Ойбай, бала келіп қалды, – деп кемпір үйге жүгіріп кірді. – Әй, біліп ем ғой бүгін келерін.

Заматта гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап, өшіп қалды. Машинадан улап-шулап түсіп жатыр. Бала даусы, әйел даусы... Ерекең қапелімде тұра алмай қалды. Тырбыңдап, қолымен жер тіреп жатқанда:

– Ассалаумағалейкүм, – деген бірнеше дауыс қатарынан шықты. Ауыл жігіттерінің бірі болу керек:

– Ұйбай-ұйбай, шалды қара, тұра алмай жатыр, – деп шиқылдап күліп жіберді.

– Қуаныш қой, қуаныш. Қуанған мен қорыққан бірдей дейді ғой.

– Қуаныш құтты болсын!

Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақсары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп, маңдайынан сүйген болды.

– Әлгі жаман қайда? Әкеліп пе едіңдер?

– Әкелдік қой. Әй, Жеңіс қайда? Жеңіс!

– Жеңіс!

Жаюлы сөреден құрт алып үлгірген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

– Бар, бар, атаңа бар.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау», – деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сүртті.

– Кел, келе ғой, әй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. – Шалдың баласысың ғой, кел.

Қитар ұл енді ешкімге бармады. Тіпті шақырған Ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ.

– Келсеңші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? – деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

– Ептеп түсінеді, – деді.

– Қой, қазақша үйретіңдер.

– Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, – деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне қарады. – Тома, мынаның бет-аузы кір, жуындыршы, – деді орысшалап.

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды. Ерекең сыртқа шығып, қой-ешкілерін жинап, бір семіз тоқтысын ұстап, бауыздап, «қолыңның қаруы бар ғой» деп кепкесін теріс киген бір жігітке терісін иреттіртіп, мүше-мүшеге бөлдіріп, қалғандарын қатындарға тапсырып, үйге кіргенде бағанағыдай емес, әңгіме қыза түсіпті. Көрші ауылдан шалдар келген. Сөйлеп отырған Сапабек.

– Жалпы геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, – деді ол «мұны тыңдап алыңдар, бұл өте қажет жері» деп балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шолып. – Мынау тұрған жердің асты – тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жақұт, гауһар – не керек, бәрі бар. Гранитке байланысты пайда болатын мөлдір, қызыл, көк түсті слюда, ашық қызыл микроклин, мөлдір көк флюорит, қою жасыл турмалин, қан қызыл граниттердің өзі неге тұрады. Бұл жөнінен бар ғой, бұл жөнінен біздің Қазақстан бүкіл дүние жүзіне әйгілі.

– Шырағым-ау, – деді қатар отырған қоңқақ мұрынды Абыл қарт. – Сол тасыңнан өзі пайда бар ма? Маған біреуін әкеп берсеңші.

Тілі ащы шалдың қиқар сөзіне бұрын күліп үйреніп қалғандар қарқылдап күлісіп алды.

– Оның пайдасы деген пайда шаш-етектен, ақсақал. Мәселен, сонау Украина гранитті бізден алады. Оны өңдеу тәсілін шығарған да біздің ғалым. Жалпы мұның маңызы деген маңыз тіптен керемет.

– Қайдам, – деді Ерекең. Осының маңызына онша түсінгісі келмей, – осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзіңмен өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.

Сапабек әлденеге қынжыла күлді. № 2 ферманың санитары, жуан қара Ерментай шалдың надандығын бетіне басты.

– Шалдар бар ғой, әйтеуір кері тартасыңдар да отырасыңдар. Ал сенің қасыңда қалды, бала бақты, сені бақты. Ал сонда не бітірмек. Осынша оқып, мына колхоздың жұмысын істемек пе? Мейлі, бағы алда. Ғылым қуды... Абай айтқан емес пе: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», – деп. Сол айтқандай, осы сендер мен біз құр қалған қалпымызда қала берейік. Балаларға тыйым салуға болмайды. Солай емес пе, Бәке?

– Әрине, әрине, – десті біреулер.

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған сапарларын әңгімеледі. Бөтен, жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қиын еді. Сондықтан олар жастарға араласпай, өздеріне түсінікті басқа әңгімеге ауысты. Босағада отырған Тома мүлде жалғыз қалды. Қала қыздарына тән епсіздікпен кішкентай қиықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, бір жамбастап, жұрттың сөздеріне толық түсіне қоймай, әркімге бір қарап, үнсіз отырды. Кенет енесінің самауыр көтеріп келе жатқанын көріп, жүгіріп барып:

– Аже, бер, дайте мне, дайте, – деді елпектеп.

Бұрқырап самауыр келді. Қызыл жолақ дастарқан жайылып, майы шылқыған күрең бауырсақтар төгілді. Шайды Тома құйды. Кемпір онша сеніңкіремей, қарсы оты-

рып, қосарланып сүт құйып: «былай, былай, иә, солай, сүт құй, ақ су, шай» деп бір-біріне байланыспайтын бір сөздерді айтып отыр. Сөйтсе жақсырақ түсінеді деп ойлайтын секілді.

Сапабек жастыққа шынтақтай жатып:

– Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой. Әрине, ешбір қоғам мұнсыз күн көре алмас еді, – дегенде әзілқой шалдардың бірі Ерекеңе:

– Өлетін кезің болды. Кезек сенікі, енді неге өлмейсің, – деп қолқалап отырған кезі еді.

– Иә, иә, Қазыбай тұқымында жетпіс беске келген ешкім жоқ. Мына Бектеміс жетпіске жаңа жетті. Кезек өзіңдікі. Киімдеріңді қимай отырсың ба? Бөркіңді, есіңде болсын, өзім аламын, – деді шоқша сақалды, қара шал қулана күліп.

Ерекең көзі жұмулы, риза болғандай: «Е-е», – деп жымиып қояды.

– Ереке-ау, ішігің менікі онда, – дейді Абыл қарт.

– Е-е.

– Былтырғы бір оюланған мәсің қайда...

– Әй, шал, бешпентіңді маған берерсің.

– Е-е.

– Таяғыңды мен алам.

Ерекең көзін адырайтып ашып алды.

– Шатпа, – деді көздері қызарып, – ой, жаман Қазыбайдың тұқымы, шатпай отыр... Таяқты ешкімге де бермеймін. Баламдікі.

Шалдар насыбайдан сарғайып кеткен сойдақ тістерін көрсетіп, әрқайсысы әрқалай, қарқылдап, кеңкілдеп, қайсыбірі жөтел қысқандай булығып күлді.

Даладан жүгіріп келген қитар ұл Томаның жанына тізерлеп отыра қалды:

– Мама, мама, ребята идут к озеру...

– Ты что сума сошел! – деді Тома әрі сөйлетпей. Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді. Тома ұялғандай болып, баласының құлағына зәрін төгіп сыбырлады.

– Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, – деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.

– Әке жолын қуалайын деген ғой.

– Бос сөз сөйлемеңдер! – Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа!

Жұрттың бәрі тым-тырыс.

– Жастардың бәрі сол, Ереке, – деді Абыл күрсініп. – Менің әлгі кішкентайым, құдай-ау, немене дейді... бірдеңе боламын дейді. Мені бақпайсың ба десем, хе-хе-хе... бақпаймын дейді. Хе-хе-хе.

– Eh-eh-eh... сол-сол.

Ерекең күлген жоқ.

– Сонда бұлар кім үшін туған, – деді кейіп. – Кімге керек сонда бұлар.

Сапабек осы сөздердің тура өзіне айтылып отырғанын мойындағандай, маңайындағыларға көзін қысып, жымиып қойды.

Жұрттың бәрі шай ішіп болып, Ерекең бәле-жаланың бәрін жатқа жіберіп, бақ пен ырыс, несібені от басы, ошақ қасына қалдырып, шаңырақтың амандығын тілеп, бата қайырды. Шалдар да, жастар да, тіпті Тома да қолдарымен бетін сипады.

Күн еңкейіп, шаңырақтан құлаған ақ сәуле жоғарыға, туырлыққа шығып кетті. Шалдар құбылаға қатар тұрып, бесін намаздарын оқыды. Біраздан соң ет келді. Сапабек жастар жағына чемоданынан югославиялық коньяк алып құйды. Жұртқа бұрандалы тығынын көрсетіп, югославиялықтардың коньякты сол тығынға құйып ішетінін айтты. Жалпы еуропалықтардың ішімдік жағына жоқ халық екенін әңгімеледі. Ауыл қонақтары еттен соң тарап кетті. Кешкілік тағы да қонақтар келді. Тағы да ет асылды, югославиялық коньяк құйылды. Югославиялықтардың бұрандалы тығынға құйып ішетіні айтылды.

Ерекең еттен соң ұзын, сүйір аршасымен тісін шұқып отырғанда, Сапабек қайдағы бір қар адамы жайында, Америкадағы ұлттардың теңсіздігі жайында, қазіргі жетілген техника жайында қызық бір әңгімелерді соғып отыр еді.

– Әй, доғаршы енді, – деді Ерекең шыдай алмай. – Анау өзіміздің Аспандиярға домбыра берші, ән салсын.

– Ал ән тыңдайық, – деп, қисайып жатқан жұрт бастарын көтеріп алды.

Иегі шығыңқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене ескі домбыраның ішектерін арбиған саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады. Біраз дыңылдатып отырып, сен үшін айтып отырмын дегендей Сапабекке қарап, жуан қоңыр дауыспен жеңіл бір әнді былқылдатып бастап кетті. Әнді толық айтпай, ортасынан үзіп тастап, домбырасын қайта бұрады.

Ерекең ашық түндіктен жұлдыздарға қарап жатқан. Әлдеқалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға келмегеніне, келінінің аяқ-қолының жалаңаш отырғанына, Сапабектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстанып отырған.

– Әй, айтатын болсаң, айтсаңшы, – деді ақырып. – Кешегі әкең Дүйсенбі домбыра саусағына тиер-тиместе айғайлайтын. Неден мұнша жаман болып тудыңдар.

Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнаңқырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп, тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Одан соң алғашқы ащы айқайға түк қатысы жоқ жоғарғы ішектен күмпілдеген бір әнге ілесіп кетті:

– А-а-а-а...
Неғылып жөнге келмей тұр.
Домбырамның пернесі...

Ерекеңнің көзінен бір от жылт етіп:

– Е, осылай термеңе бас, – деді.

– Балалы арқар баурайды,
Баласыз арқар зарлайды.
Атасы жаман қандай-ды,
Бас білмейтін нардай-ды.

– О, шіркін, сөз-ақ қой!

Аспандияр термені аяқтап, домбырасын қайта тыңқылдатып аз-кем отырды. Сырттан ән тыңдауға келген қыз-келіншектерге есік жақтан орын болмай, қайсыбіреулері үйге кірмей, даладан сығалап тұр.

– Қарағым, басшы айғайға, – деді Ерекең қуана күлімсіреп.

Аспандияр іркілген жоқ. Бағанағыдан да зор, айбарлы, биік үнмен:

– Ей, қалқа-а-а, а-а, а, а, – деп толқындатып, созып әкетті. Көмекей бұғақтары қан толып, білеуленіп, күреңітіп кетті. Ерекең тұла бойы шымырлап, өтіп кеткен бір оқиғаны айқынырақ көргісі келіп, көзін жұмды. Тома осынша зор дауыстан шошып кетіп, бәрі содан болып тұр ма дегендей, Аспандиярдың көзге бірден түсетін шығыңқы, үлкен иегіне қарады. Ерекең тағы да көзін ашып қалып еді: «Ей, қалқа» деген күйінішті қаһарлы үннен түн сілкініп, түндіктегі жұлдыздар діріл қағып тұр екен.

– Айырылып сенен, сәулем, қайтқан түні
Әніне бір басайын Алтыбасар...

– Бас, – деді айғайлап. Көзіне ыстық жас тіреліп, «Ба-а-ас» дегісі келді тағы да барқырап. Бірақ олай еткен жоқ. – Е, е, жастық шіркін, – деп дірілдеген саусақтарымен сақалын салалады.

Аспандияр әннің көтерілер кезінде тұрып кеткісі келіп отырған адамдай жоғары емініп, аузын кең ашып, көкке қарап шырқады.

– Ішіңді... – деді ән біткен кезде Ерекең кімді боқтап отырғанын өзі де білмей. Ән бітті. Сапабек қайран қалып, басын шайқады.

– Тамаша, тамаша! Не істейсің қазір, Аспандияр?

– Тракторшы, – деді басқа біреу ол үшін.

– Трактористпін, – деді содан кейін Аспандиярдың өзі.

– Мынау дауысты құртуға болмайды. Мынау деген нағыз оперный баритон ғой. Так же, Тома? Тебе как, нравится?

– Мощный голос, – деді Тома басын шайқап.

Біраздан соң қонақтардың бәрі тарқап, үй іші өздерімен өздері қалды. Өз төсегінде малдасын құрып отырған Ерекең:

– Тағы бір қонып, кетесіңдер ме? Жоқ, боласыңдар ма біраз? – деді баласына тура қарап.

– Ертең жүруіміз керек. Отпускамыз бітті, көке-ау, Онсыз да кешігетін болдық. Курорттан қайтарда сіздерге соға алмай кетеміз бе деп әбден састым өзім. Жол бойын-

да ұшаққа отырудың өзі құдайдың бір азабы, халық көп...

– Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? Екеуден-екеу қашанғы отырамыз сойдиып.

– Оны өздерің білесіңдер, мазаларыңды алады демесеңдер...

Ерекең үндеген жоқ. Төсегін салдырып, жатып қалды. Бірақ ұйықтамады. Мазасы кетіп, жүрегі қатты соғып, әлдебір қолайсыз жағдайға тап болғалы тұрғандай өрекпи берді. Біресе кемпірінің баяу қорылына, біресе шымылдықтың ар жағында сыбырласып жатқан баласы мен келінінің орысша сөздеріне құлақ түріп, үнсіз жатыр. Ештеңеге түсінген жоқ. Бірақ келінінің ашынған, батыл үніне қарап, онша жағымды бірдеңе айтып жатпағанын сезген еді. Сезіп қана қойған жоқ, анық білді.

Ертеңіне тұрысымен Сапабек қайтуға жиналды. Әкешешесіне алған базарлықтарын, біраз жинаған ақшаларын қалдырды.

– Осының бәрі Томаның жинап жүргені. Сіздерге деп осы шыбын-шіркей болып жүреді. Мен болсам, қалтама түскен затты сол күні құртам ғой, – деп қойды. Осыдан барысымен посылка салатынын айтты. Одан соң:

– Ал енді мына балаларың, – деді Жеңісті көрсетіп, – бір түйір қазақша білмейді. – Чемоданының аузын жаба алмаған болып біраз қиналды, – таттанып қалған ба немене? ...Ал енді оқу уже басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсыңдар. Биыл жетіге келді.

Ерекең төмен қарап, үн-түнсіз ұзақ отырды.

– Алып кет өзіңмен бірге, – деді бір кезде даусы қарлығып. – Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.

Сапабек тағы да қынжыла күлді.

– Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...

– Бар, бар, алып кет, – деді Ерекең. – Жолдарың болсын!

Түстен кейін жалдап алған машиналарының кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, әке-шешелерімен тура өткен жылғыдай сүйісіп

қоштасып, «ренжімеңдер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті. Машина қарасы үзілген кезде ғана кемпір үнтүнсіз жаулығының шетімен көзінің жасын сүртті.

– Көзің ағарсын сенің, – деді шал ақырып, – жылама!

* * *

Келесі күні Ерекең кетпенін алып «қысқа отын жоқ, бар кезінде қи ойып алайын» деп қыстау жанындағы қораға кетті. Уайымын басу үшін тағы да жігіттік дәуренін, бұрынғының адамдарын еске түсірмек болды. Қаншайымды, баяғы Сырға көшкен ағайын жұртты ойлады. Бірақ құлазыған көңіліне ештеңе алданыш болмады. Тек төбесі шұрқ-шұрқ, ескі қораның ішіне еніп, қоңырсы иісі мұңкіген қара қошқыл, дымқыл қиға өткір жалпақ кетпенін құлаштай сермеп, жұмысқа кірісіп кеткенде ғана кәрі сіңірлері жазылып, құрыстары тарқап, көңіліндегі ащы уайымы да бірте-бірте жоғала бастағандай болды.

БАС СҮЙЕК

Мүсінші-антрополог Хамит кешкі астан соң жұмыс бөлмесіне беймезгіл кірді.

Лаборатория деп аталуға тиісті ұзынша бөлменің іші лық толы кітап болғандықтан, жазушының кабинетіне көбірек ұқсайтын.

Үстел үстінен еденге дейін шашылған күл-қоқыс, сигарет қалдықтары, қағаз қиындысы, мүсін жасайтын қоңыр қошқыл сылақтың үгінділері, сейіліп бітпейтін темекі түтіні мүсіншінің жұмыс десе, дүниенің бәрін ұмытатын жансебіл адам екенін байқатады. Беттері ашылған бірнеше кітаптың қатарында омпа түскен асықтай шықшыты жоғары қарап, өлген адамның әбден мүжіліп, опырылуға айналған бас сүйегі жатыр. Мүсінші оны әлденеге ыза болғанда домалатып атып жіберді ме, болмаса әдейі солай қойды ма, әйтеуір қасқа маңдайды қиып түскен қылыштың ізі көрініп, төңкеріліп жатыр.

Хамит босағадағы диванды солқ еткізе отыра кетіп, тісі ауырған адамдай бетін тыржитты. Күрсініп, диван арқалығына шалқая түсті де, көзін жұмып ұзақ отырды.

Ол мұнда жұмыс істеуге келген жоқ еді. Ешкімге көрінбей, оңаша отырайыншы деген.

Бір жыл бойына сарсаңға салған мына «сайтан алғыр» жұмыстың неге бір қыры келмейтініне түсінбей-ақ қойды. Бүгін бітіп тұрған мүсінді қайта бұзып, бас сүйекті аршып тастады. Және енді қолға алмаспын деп серт етті.

«Бес жыл. Бес жыл бойына бір жеміс бермеген, азабы көп, шығын еңбек болды-ау бұл. Ал осыдан бес жыл бұрын дипломға тапсырған тұңғыш еңбегін атақты Герасимовтың өзі қалай мақтап еді. «Орталық музейге экспонат етіп қойылсын» деп өз қолымен жазып берген.

Ол бір жақында өлген латыш жігітінің бас сүйегі болатын. Хамит мүсінді алты айда дайын қылды. Комиссия мүшелері мүсінді өлген жігіттің туысқандарына көрсеткенде семіріп кеткен егде латыш әйелі:

– Жаратқан-ау, мынау біздің Эмильдің дәп өзі ғой! Тіпті айнымайды. Қандай ғажап! Мұны жасап жүрген қайсыларыңыз? – деп есі шыға қуанып, тіпті сатып алмақ болып әуре болған.

Бас сүйек бойынша мүсін жасау дегеннің не екенінен хабары жоқ, қарапайым әйелдің аузынан осы сөзді естігенде, Хамит шығармашылық бақытының қандай болатынын тұңғыш рет сезініп еді. Содан бері бірнеше мүсін жасап шығарды. Бәлендей керемет болмаса да бәрі де музейлердің бір бұрышынан орын алып тұр. Ал мына бір өткен ғасырда өлген Жаубөрі батырдың кейпін қалпына келтіру тірі пәле болып жабысарын ол білмеген.

«Жоқ, жоқ. Бұдан артыққа енді шамам жоқ. Құрып кетсін. Қолымнан келмейді».

Хамит жылайтын адамдай екі қолымен бетін басып, аз-кем отырды да, қалтасынан сигарет алып тұтатты. Шала жанған сіріңке талын бейжай ырғап, амалы таусылған, шарасыз күймен үстел үстінде жатқан бас сүйекке сығырайып, ұзақ қарады.

* * *

Кіші жүз руларының бірінен шыққан атақты Жаубөрі батыр өткен ғасырдың бірінші жартысында жергілікті хандыққа және патша отаршыларына қарсы күресте ерлікпен қаза тапты дегенді Хамит бірде өзінің тарихшы досынан естіген болатын.

– Егер сен Жаубөрінің мүсінін жасап шығара алсаң, бұл еңбегің үшін саған ескерткіш орнатуға болады, – деген әлгі досы. – Сен өлі тарихты тірілтер едің. Ұғып тұрмысың, бауырым. Сен өлі тарихты тірілтер едің.

Хамит өз басы Жаубөрінің тарихта қаншалықты құны барын айырып білмесе де, айтуға қарағанда бейнеттеніп көруге тұрарлық адам ғой деген оймен өткен жылы молаcын ашуға үкімет орындарынан рұқсат қағаз алған.

Маусым айының басында Қалмаққырған жазығының қақ ортасындағы жапырайған жалғыз төбеге орналасқан қалың зиратқа Хамит бір топ адаммен сәске ауа келіп түскенде бұл араның жаз десе бір тынбайтын ыстық аңызағы аңқылдап соғып тұр еді. Кісі бойындай шоқ-шоқ шиелерден басқа пана қылар қара жоқ. Тақтайдай теп-тегіс жазық даланың қиыр шетінде сағым түтеп тұр. Сарғайып, қурап кеткен изен, адыраспан, жусандар аяқ басқан сайын күрт-күрт үгітіліп түседі. Әр жерде қазықша қақшиған саршұнақтардан басқа тірі мақұлық көрінбейді.

Өткен ғасырдың аяғында ғана қылыш сынып, қан төгілген мына беймаза төбе енді ешқандай сойқан көрмегендей, ешкімді білмейтіндей, тыныш қана, иесіз, үнсіз жатты.

– Күні құрғыр өртене ме, қайтеді. Бір қырық бес градус бар шығар, – деді аудандық партия комитетінің хатшысы Сағит Жүсіпбеков машинадан түсіп жатып. Хатшының қан таситын ауруы болатын, сондықтан бір қолымен өзінің білегін ұстап, тамыр соғысын тексеріп келе жатыр.

Топ зират жиегінде иіріліп тұрып қалды. Молалардың қайсыбірі жермен-жексен тегістеліп кеткен. Құлпытастар бетіндегі жазулар да жел мен жаңбыр суынан мүжіліп, өшуге айналған.

Иірілген топтың әлденеге жүректері дауаламай, толқып қалғанын Хамит іштей сезіп тұр.

Бағана жиналыс үстіне Сағит Жүсіпбеков:

– Қабірді ашқан дұрыс-ау, бірақ жергілікті халықтың қалай қарайтынын қайдам. Шалдар келісер ме екен, оның үстіне жылдар бойына басына ел түнеген қасиетті қабір ғой, – деп бұлтақтап көрген. Бірақ бұл істі жоғарғы орындар қолдап отырғанын естігенде райынан қайтып, тіпті өзі бастап барып, қазуға көмектеспек болған.

– Күректі әкеліңдер, – деп Хамит айғай салды машинада қалған екі жігітке.

Топ қабірді баспай, жиектей отырып, оқшау тұрған тайпақ молаға тірелді.

– Осы, – деді шоқша сақал қарт кісі. – Қабірі осы. Ал енді сендер бара тұрыңдар, мен аруақтарға арнап бірдеңе оқи қояйын.

Қабір беті қаулаған шөп. Ернеуіне сүйей салған құлпытастың үстінде күн көзінен оңа бастаған күміс ақшалар жатыр. Жазулар өшуге айналған, тек терең ойып салынған айдың суреті ғана айқын көрінеді.

Шал майда топыраққа шарта жүгініп, құранды күбірлеп, ішінен оқыды. Қолын жайып, бетін сипады да, ақырғы рет анықтап көргісі келгендей, қабірге үнсіз қарап, ұзақ отырды. Содан кейін асықпай орнынан тұрып, тізесінің шаңын қақты.

– Мейілдерің, қарақтарым, – деді жұрт күректерін ыңғайлай бастағанда. – Мен аулаққа бара тұрайын. Көрмегенім жөн. Жүрек құрғыр нашар ғой. Жарықтықтың кейпін кім көргісі келмейді дейсің. Бірақ мола ашу деген... Құдай салмасын... Айтпақшы, Жаубөрінің ұрпақтары Ошақтыда тұрады. Олар естімеген-ау, шамасы. Әйтпесе шауып келіп, шатақ жасар еді.

Шал осыны айтты да, бұрылып, машина жаққа кетті.

– Басталық, – деді Хамит құлпытасты орнынан жылжытып жатып. – Алдымен мына төмпешікті құртып, тегістеп алайық. Сосын өлшеп қазармыз.

Мәйкешең тұрған төрт кісі күректерін қабірдің шөп қаулап кеткен етегіне сүңгіте бастады.

Бір жарым сағат шамасында қабірдің орны тегістеліп болды. Хамит ұзындығын төрт метр, көлденеңін екі метр етіп өлшеп сызды да, жұмысшылар сызық бойымен тереңдетіп қазуға кірісті. Олар анда-санда әлденеден секем алып, кідіріп қалғанда Хамит:

– Қаза беріңдер, қаза беріңдер! Ой, тәйірі-ау, адамның қаңқа сүйегінен қорыққан сендерді көрдім, – деп көңілдене айғай салады.

Түс кезінде күн тіпті қайнап кетті. Жұмысшылар машинаның көлеңкесіне бір сағаттай тынығып алды.

Күн бесінге еңкейгенде қабір бір метрден астам тереңдеп, топырақтар дымқыл тартып, қазуға әжептәуір

жеңілдеп қалған. Осы кезде екі жұмысшының екеуі де шұңқырдан қарғып шықты.

– Жеттік, жеттік, – деп айғайлады біреуі Хамитқа. – Құрысын, күрегім бірдеңеге шарқ ете қалды. Түу, зәремнің ұшқаны-ай.

«Бұл қалай, – деп ойлады түсінбей қалған Хамит. – Мұндай тереңдіктен шығуға тиісті емес еді ғой. Қалай болғаны сонда?»

Қалтасынан пышағын алып, орға қарғып түсті. Сосын майда топырақты қолымен жайлап ашып, ағарып көрінген сүйектің айналасын шұқылап қаза бастады.

– Фүу, – деді ақырында кейи сөйлеп. – Айттым ғой, мүмкін емес. Мұндай тереңдіктен шығуға тиісті емес.

Хамит кеңсірігі опырылып ішіне түскен аттың басын қабірден асырып лақтырып жіберді.

Бағанадан бері машинаның көлеңкесінде аруағы басым Жаубөрінің киесінен мына тобырға бір тойтарыс болмас па екен деп тілеп отырған қария айғай шыққанда-ақ дәме күтіп, қарап қалған. Қабірден лақтырған аттың басын көргенде ұзамай өлікке де жететінін сезіп, шошынып, «кәлимаға» тілін келтірді.

Таңертеңгі жиналыста анау қазақ жігітінің:

«Өткен ата-бабаларымыздың бейнесін жасау – біздің міндетіміз. Ол кезде суретке түсіру атымен болмаған. Бабаларымыздың қандай екенін ешқайсымыз да білмейміз. Мен соларды тірілту үшін келдім. Бірақ бұл өліктің бас сүйегінсіз іске аспайды. Жаубөрінің қабірін ашуға сіздерден көмек қажет» деген сөзі толық болмаса да көкейіне ептеп ұялағандай болып еді. Бірақ мына қазіргі мінезі – қабірден қорықпағаны, қасиетті батырау деп именбегені біртүрлі қорлағандай болып отыр. «Қазақтың баласы емес пе, шіркін, тіріні сыйламаса да өлікке деген инабат болмаушы ма еді» деп ойлады ішінен.

Қазу қайта басталды. Жұмыс өнімді болу үшін жұрттың бәрі қабірге кезектесіп түсіп отырды.

Күн екіндіге құлағанда үш метр тереңдіктен өліктің сүйегі көрінді де, бұдан соң қабірге ешкім жоламай қойды. Хамит жалғыз өзі екі сағат қара тер боп, жер қазды. Күн бата сүйек қабірдің ернеуіне шығарылды.

Алқа-салқа болып үңірейген маңдайдан қылыш шапқан бас сүйекті Хамит айналдырып тұрып жұрттың бәріне көрсетті.

– Айқас үстінде өлгені көрініп тұр. Қылыштың көлденең ізіне қарағанда шалқасынан жығылғанда ұрған тәрізді. Ең тамашасы – бас сүйек бұзылмаған. Пожалуйста, көріп шығыңыздар.

Жұрт бір-бірлеп бас сүйекті қолдарына алып, көре бастады. Бәрі де аты аңызға айналған Жаубөрі батырдың қасиеті қай жерінде екенін білгісі келіп, мұқият қарады. Кескін-қияпетін көз алдарына елестеткісі келді.

– Апырай, тегі ештеңеден сескенбейсіздер, әбден еттеріңіз өліп кеткен-ау, ә? – деді Жүсіпбеков үсті-басы шаң-шаң болған Хамитке қарап.

– Бұл біздер үшін ғылыми предмет қана, – деді Хамит торкөз орамалын тершіген маңдайына басып. – Ғылыми предмет қана.

Қабір басына қария да келді. Қария қанша діндар болса да, жаңалықтан хабары бар, көзі ашық, ақылды адам болғандықтан, батырдың сүйегіне бір рет көз тоқтатып қарауға қарсы болған жоқ. Ол тіпті ақылға салып, осынау жасалып жатқан істің бір жақсылық мағынасы барына түсініп, іштей келісімге де келген. Бірақ тірісінде пенде баласын басындырмаған батырдың басын осынша асықша иіріп, қақпақылдамай, қастерлеп, қаймығып, қолдары қалтырап ұстаса екен деп тіледі.

Хамит басты арнаулы қобдишаға салды. Қалған сүйектерді тағы мұқият санап шықты.

Бұл кезде жұмысшылар да қабірді қайта жауып үлгерген еді. Батқан күннің қызыл шапағы өлеусіреп, сөніп барады. Даланың қоңыржай, тымық кеші орнап, күндізгі қапырықты сейілтіп жіберді. Ымырт үйіріле жолаушылар зират басынан қозғалып кетті.

* * *

Іссапардан оралысымен Хамит Жаубөрінің мүсінін жасауға қызу кірісті. Осы қарқынымнан таймасам, алты айда

тамамдап қалармын деп ойлаған еді ол. Бірақ мүсін төрт айда-ақ дайын болды.

Күндізгі сағат он бір жарымда еріген воскіні шымшылай жапсырып, сол кездегі мұсылмандарға лайық шоқша сақал бейнесін жасады да, Хамит шегініп барып төртбес метр жерден мүсінге сынай қарады. Бірақ қанша қараса да кесімді бағасын бере алмады. Ұзақ жұмыстан, сарыла қарағаннан титықтап, шаршағанын сезді. Осыдан соң Хамит мүсінді жәшікке салып тастаған. Екі ай өткізіп, тың көзбен қайта қарағанда ол түндер бойына терін төккен мына еңбектің мүсін емес, әшейін маска болып шыққанын айқын көрді. «Бәрі де орнында. Көздің ойығы, мұрын, ерін қалыңдығы бәрі математикалық дәлдікпен мұқият өлшенген. Бірақ қайтесің... Маска. Теп-тегіс, бұдыр жоқ, сірескен бірдеңе».

Хамит «масканы» тағы төрт ай өңдеді. Жылдар бойына мысқалдап жинаған тәжірибесін аяған жоқ. Герасимов, Петровтардың бүкіл еңбектеріне, тіпті әлдеқашан сүйегі қурап қалған тұңғыш мүсінші-антрополог неміс Шаффенгаузеннің әдісіне де тоқталып, ерінбей талдап шықты. Төрт айдан кейін ол еңбегім қанағаттанарлық деп тауып, орталық музейде Жаубөрі мүсіні қалай жасалғаны туралы лекция өткізді.

Әу баста мүсіннің жасалу кезінде басы-қасында болып, араласып жүрген әріптес мамандар Хамиттің бұл соңғы еңбегіне бәлендей кінә таға алмады. Олар мұны көркем мүсіннің өкілдері үшін таптырмайтын бағалы туынды деп тапты. Осылай деп бәрі сөз сөйледі.

Бірақ мүсінді ел көзіне – ортаға қойғанда күтпеген жағдай болды. Жиналған халық тас мүсінге аз-кем үнсіз қарап қалды да, артынша бәрі бірауыздан:

– ...Жоқ, бұл Жаубөрі емес, Жаубөрі мұндай болуға тиісті емес, – деп шу ете қалды.

Хамит алғашында бұған қысыла қоймаған.

– Мен мұны тек антропологиялық өлшемдер мен математикалық дәлдікке сүйеніп жасадым, – деп дәлелдеді ол отырған жұртқа. – Мен көркемөнер мүсіншісі емеспін. Мен мүсінші-антропологпын. Сондықтан Жаубөрінің образын емес, антропологиялық пішінін ғана сақтауды мақсат еттім.

Ұзын бойлы, көзілдірікті арық жігіт түрегеліп, Хамитқа тесіле қарады.

– Егер жирафтың мойнының ұзындығын алып тастаса, ол жираф болар ма еді? – деді көзін аудармай.

– Әрине, болмайды.

– Ендеше Жаубөрінің кескініндегі батырлықты алып тастаса, ол да Жаубөрі болмайды. Сізде солбырайған ауыз, мұрыннан басқа түк жоқ.

– Жоқ, мен антро... – деп Хамит бірдеңені дәлелдемек болса да, санасының түкпірінде өзінің бірдеңеге түсініп қалғанын сезе кетті.

Тіпті қайдағы бір студенттің:

– Батырдың қабағы төмен салбырамайды, шаншылып тік тұруға тиісті, – деген сөзінің де біртүрлі жаны бар секілді.

– Сіздің мынауыңыз маска, – деді тағы да көзілдірікті жігіт. – Маскада ешқандай кескін болмайды. Өйткені онда мағына жоқ.

Лекцияға жазушылар, ғалымдар келген. Олар Герасимовтың еңбектерін мысалға ала отырып, туындының сәттісәтсіздігі мүсіншінің ішкі рухани байлығына байланысты екенін, мәселен Жаубөріні жасау қажет болса, алдымен Жаубөрінің тарихтағы алатын орнын, халқына қадірін, өмірін жақсылап зерттеу керек екенін, сонда ғана бірдеңе шығаруға болатынын дәлелдеді.

Бірақ Хамит бұған да мойынсынған жоқ. Арнайы іссапар алып, Ошақтыда тұратын Жаубөрінің руы «серілерге» барып, батырдың жүзін көріп қалған адам жоқ па деп сұрастырды. Ақыры тоқсан жетіге келген Мұқаш шал көрген екен деген сыбыс естіп, Хамит совхоз орталығына келді. Мұқаш түрі сахарға салғандай аппақ, сақал-шашы да аппақ, қаудырап бітуге тақаған шал екен. Мүкіс құлағын қалқалап:

– Мен Жаубөріні көргенім жоқ, – дегенді айтты. – Көре алмадым, – деді басын шайқап. – Бар білетінім, Жаубөрінің Наркес деген жалғыз ұлы болатын. Бертінде тырысқақтан өлді. Жұрт сол ұлын әкесінен аумай қалған деуші еді. Отты жігіт болатын. Мұрт қойып жүрді-ау деймін сол кезде. Ал өзін көре алғам жоқ.

– Бәлкім, сол да жетер, – деді қуанып кеткен Хамит мүсін салынған қорапшаны ашып жатып. – Мен Жаубөрі

батырдың бейнесін жасап едім, ата. Ұлына қарап шамалап көріңізші. Ұқсай ма, ұқсамай ма?

Шал алдында шошып кеткендей болды да, мән-жайды тағы бір баяндап шыққаннан кейін түсінсін-түсінбесін қолын көлегейлеп, қарай бастады.

– Қайдам, шырағым, – деді тағы да тайсақтап. – Мен көрген жоқпын ғой, қайдан білейін.

Шалдың бұрын-соңды мүсінге қарап, адам ажыратпағаны көрініп тұр.

– Сонда да қарап көріңізші, ата?

Шал тағы да қабағын түйіп алып, сипалап қарай бастады. Кенет қулана жымиып:

– Мынау біздің милиция Охап секілді екен, – дегенде отырған жұрттың бәрі ду күлді.

Шалдың ұқсата алмай отырғанын Хамит анық сезді.

– Сонда енді қандай кісі болғаны, – деді соңғы үміті үзілген мүсінші.

– Осылай отырғанда адам бетіне тіктеп қарай алмайтын, жүзі суық болыпты ғой, – деп шал Жаубөрінің сұсынан қазір қорқып отырғандай, нұры қашқан көртең көзімен Хамитқа үрейлене қарады.

Хамит небір сұсты бейнені көз алдына елестетіп көрді. Бірақ Жаубөрінің қандай екенін анықтап көре алмады.

Ақыры бір жыл маңдай терін сіңірген мүсінді бүгін қиратып барып тынды.

* * *

Хамит үстел үстінде жатқан бас сүйекке сығырайып ұзақ қарады. Әлдеқашан көз байланып, үй ішін қараңғылық басқан. Сол себепті бас айқын көрінбеді. Терезеден көше шамдарының болмашы сәулесі білінеді. Бірақ тұрып, шам жағу Хамиттың есіне келген жоқ. Қалтасынан сигарет алып тұтатты да, жұмсақ диванға қисая кетті. Тағы да сол бір мезі қылған сәтсіз еңбектің анық себебін іздеді.

Музейдегі лекцияны, көзілдірікті жігітті, Мұқаш шалдың әжім жапқан аппақ жүзін елестетті.

«Жаубөрінің тарихтағы орнын, халқына қадірін, өмірін...»

«Жирафтың мойнының ұзындығын алып тастаса...»

«Түсі суық болыпты ғой...»

Жоқ, бәрі де әншейін теория. Жоба, тұспал. Айтуға ғана оңай сөздер ғой. Болмаса, таза қабілет пен ғылыми тәжірибеден тұратын осы кәсіпке қанша қажеті бар сол сөздердің. Мінберге арналған ондай ресми кеңесті мен де айта алар едім біреуге: «Талант дегеніміз махаббат», «Ұлы еңбек сезімнен ғана туады» немесе «халық алдындағы борышты сезінуден туады». Түу, қандай тәтті сөздер.

«Түсі суық болыпты ғой...»

«Жирафтың мойны...»

«Түсі суық...»

Хамит өзінің ұйықтап кеткенін сезген жоқ. Біреу тұншықтырып жатқандай тынысы тарылып, бастырылығып оянды. Үсті-басы малмандай тер. Жүрегі тарсылдап, үрейленіп, маңайына қарады. Бөлмеде шам жоқ. Дағарадай, иесіз лабораторияда жалғыз өзі диванда жатыр. Терезеден құлаған ай сәулесі үстел үстіндегі бас сүйекке жартылай жарық түсіріп тұр. Бастың үңірейген көздері біртүрлі тесіле қарайтын секілді.

«Түсі суық...»

Хамит әлгі үңірейген көздің орнынан жылт-жылт еткен нағыз суық көзді анық көргендей болды.

«Түсі суық...»

Фүу, неғылған бәле, естен шықпайды.

«Түсі суық...»

Кенет Хамиттың өне бойын бұрын болып көрмеген қорқыныш биледі. Ол тұңғыш рет өзін сезімге билетіп, мына дағарадай иесіз бөлменің ішінде қараңғылықтан, өліктің бас сүйегінен балаша қорықты. Салқын тер көмген маңдайын алақанымен басып: «Ауырып қалмасам болар еді, – деп ойлады. – Бұл не сұмдық».

«Түсі суық...»

Хамит ай сәулесі түскен басқа тағы қарады. Тағы да тереңнен жылтыраған суық көз анық көрінді. Қорқынышы бұрынғыдан да ұлғайып, тізелері қалтырай бастады.

– Бекер ұйықтап қалдым. Бәрі де әлгі бастырылықканнан ғой, – деп ойлады қорқынышын басқысы келіп, – Қалай ыңғайсыз жатқам өзім.

Хамит тұрып, шам жақты. Сағат төрт жарым. Аздан соң таң атады. «Қой, аздап көз іліндіріп алайын». Хамит шамды сөндірместен диванға тағы да құлай кетті. Өзін-өзі зорлап жатып, ақыры ұйықтап кетті. Шым-шытырық түс көрді.

Түсінде Үндістан ба, Африка ма, әйтеуір сыңсыған қалың орманның арасында жүр екен. Пальма ағаштарының басында маймылдар бір-біріне жаңғақ лақтырып ойнап жүр. Көздерінің қиығымен ымдап, Хамитті көрсетіп қояды. Хамит жіңішке соқпақпен ашық алаңға шыққанда төбесі көкке тірелген шағаладай аппақ, зәулім үйді көрді. Күн көзіне шағылысып, жалт-жұлт етеді.

«Япырау, бұл қайдағы шаһар. Бұл жыныс орманда аңдар дүниесінен басқа ештеңе жоқ дейтіні қайда?»

Үй төбесінен бір жіңішке мұнара шығады. Мұнараның ұшар басында жерге секірердей екі қолын жайған Жаубөрінің ескерткіші төніп тұр. Ол да шағаладай аппақ. Шоқша сақалы бар, орақ мұрын. Көздері жылт-жылт етеді.

Осынау ғажайып көрініске есі шыға қайран қалған Хамит өне бойын бір беймағлұм сезім билеп, өксіп жылап жатыр.

– Неге жылайсың? – деп ақырады біреу ту сыртынан.

Жалт қараса, ертедегі рим әскерлерінше киініп, қолына қалқан ұстаған Жаубөрі екен. Шауып тастардай қылышын кезеп, тақап келеді.

– Неге жылайсың, иттің күшігі?

– Мынандай қиял жетпейтін ғажайып ұлылықтың бар екеніне қуанып жылаймын, тақсыр ием. Басқа ешқандай ойым жоқ, тақсыр ием, – деп Хамит жалбарынып, аяғына жығылады.

– Сен жылама, – дейді батыр, – саған мен бір құпия сыр айтайын. Мені жұрт орыстардың қолынан өлген деп жүр. Олай емес. Мені өлтірген – өз серілерімнің біреуі. Сен соны ізде. Сөйт, – дейді арқасынан қағып.

Хамит оянып кетті. Күн сәулесі диванға жетер-жетпес қалыпты. Таңғы торғайлардың шықылықтап сайраған әсем әні мен гүрілдеген автобус үндері айқын естіледі. Хамит диванның қыры батып кеткен қарақұсын сипалап, ұзақ жатты. Түнде қорыққанына енді күлкісі келді.

– Қызық екен, – деді естірте орнынан тұрып жатып. – Шаршағаннан-ау бәрі де, шамасы.

Сосын мыжырайып қалған шалбарын бір рет қағып-қағып жіберді де, үстел жанына барып, бас сүйекті аударып, жөндеп қойды.

* * *

Хамит Жаубөрі батырдың мүсініне қайтып оралмады. Оралмайтынын білгеннен кейін сүйекті қайтадан қабіріне апарып көмбек болып, қыркүйекте іссапарға шықты.

Қыркүйек айы ерекше жауын-шашын болып тұрған бір кез еді. Таңертеңмен жауған жауын сылп-сылп етіп, кешке қарай сәл саябырласа да, басыла қойған жоқ. Құмтөбе мен Ошақтының арасындағы борбастан машина ыңыранып, әрең жылжиды.

Хамит облыс орталығынан ерте-ақ шыққан, бірақ мынау жауында ауданға жете алмайтынын сезіп отыр. Сондықтан ауданға әуре болмай, осы Ошақтыдан үш-төрт адам алып, ертең зиратқа бара салмақ оймен шоферға машинаны осылай қарай бұрғызды.

Ошақтыға ымырт үйіріле келген Хамит бірден Мұқаш шалға түсті.

Шал былтырғыдан да қартайып, шөккен екен. Аздап алжыған секілді. Кісіге сөз бермей, жалғыз өзі балпылдап сөйлеп отыр. Төрде домбыра тартып отырған жылтыр қара шалды жиенім деп таныстырды. Хамитты есіне әзер түсірді.

– Былтырғы милиция Охапты не істедің? – деп қалжыңдап қояды.

Шайдан кейін мұртты қара насыбай атып алып, күй тартуға кірісті. Әуелі жай сазды күйлерден бастады да, сосын еспе, тентек күйлерге ауысты.

– Жаубөрінің «Жауға шабарын» тарт! – деді Мұқаш шал көзі жылтырап. – Тартшы, кәне.

Мұртты қара домбыраны басқа бір бұрауға түсірді де, а дегенде-ақ сағалатып бастады. Екіленіп, сабалап, тез тартты. Анда-санда барабан ұрғандай домбыраның шанағын сарт еткізіп шертіп қояды.

Мұқаш тұғжиып, қыбыр етпей тыңдап отыр. Жөткіріліп қалған Хамитқа «тыныш отыр!» дегендей қабағын түйіп бір қарады.

Күй үсті-үстіне екіленіп, одан соң үстіңгі ішекте қадала боздап, зарлы бір үнмен аяқталған кезде Мұқаш басын тәкаппар кекжитіп, көтеріп алды.

– Мына Сатайдың жаман, боркемік шалдары осы күйді жылап отырып тыңдайды екен, – деді сатайлар тұратын жақты иегімен нұсқап. – Ал мен жыламаймын. Бұл жылайтын күй емес. Жаубөрі бұл күйді жыласын деп шығарған жоқ. Өсиет етіп қалдырып отыр.

– Ата, мынаған жауап беріңізші, – деді Хамит, әңгіме өрбіту үшін. – Жаубөріні өлтірген орыстар ма, жоқ серілердің өздері ме?

– Тек! – деп шал шошып кетті. – Ол не сұмдық! Кім оны оттап жүрген? Жаубөріні сері ешқашан да өлтірмейді, өздері Жаубөрі үшін талай өлген. Оны өлтірген орыстар да емес, мына атаңа нәлет Бекетхан, соның құйыршықтары.

Бұдан соң шал Жаубөрінің ерліктері жайында ұзақ толғады. Өзінің өлер шағында ақырғы ашуын, ақырғы уайымын сыртқа бір шығарып, біресе егіліп, көзіне жас алып, біресе Бекетхан тұқымына кәрін төкті.

Дастарқан жайылып, алдыға ет келгенде де шал ашуын баса алмады. Әкеден түсіп алып, әлдекімдерді сыпыртып боқтап отырды.

– Әке, тамағыңызды ішсеңізші, – деді баласы, орта жастағы көсе сары. – Бүгін тым сөйлеп кеттіңіз ғой.

– Неге мен сөйлемеймін, айтшы, а?! Ой, жаман шірік неме! Қауқиған басыңның ішін...

– Ойбай, қойдым. Тамағыңды ішші өзің, – деді баласы табақты көрсетіп. – Үйде қонақ отыр, тегі, жегізбей қойдың ғой.

Шал үн-түнсіз еттің нанынан екі-үш асады да, бір кесе сорпа ішті.

– Жаубөрі соңғы жорыққа шыққанда, – деп әңгімесін қайта бастады. – Соңғы жорыққа шыққанда ағайындарын жинап алып айтқан екен: «Қалың қазақ тіріде қадірімді білмеп еді, өлген соң басыма күмбез орнатпаңдар», – деп. Жарықтық, білген ғой осылай боларын. Бірақ солардың аруағын мұрат қып көтермеген адам қайда ба-

рып сұлтан болар дейсің... Әлі күнге қабірі Қалмаққырғандағы жалғыз төбеде шөп басып, иесіз жатыр. Ал былтыр өлген әкесіне бухгалтер Ермек әшекейлеп, күмбез орнатты. Көрдің бе?!

Шал әлдекімдерді тағы да сыпыртып боқтады. Жаубөрі жайында қайтып әңгіме қозғаған жоқ.

* * *

Хамит түн жарымы ауғанша көз ілмеді. Шалдың бет әжімі қырық бөлек болып, Бекетхан тұқымын нәлеттеп, қаһарланған кездерін, Жаубөрінің өлердегі сөзін айтып, кемсеңдеген кездерін көз алдына елестетумен болды. Осынша тарихтан өзінің бейхабар екеніне өкінді. Ертеңіне Ошақтыдан үш адам ертіп, сәске болмай Қалмаққырғандағы зиратқа тартты. Кешегі жауған жаңбыр сулары қосаяқ жолдың өн бойына шалшық боп тұнып қалыпты. Жаз бойы денесіне су тимей, кезерген құрғақ дала көзі жаңа ашылғандай, жан біткендей бусанып жатыр.

Бұлар қабір басына жеткенде күзгі қорғасын бұлттың арасынан күн көзі жылт етіп, төбешік басындағы қалың зиратқа сәулесін түсірді.

Қабірді аршу қиынға түскен жоқ. Жұмысшылар бір жарым метрдей тереңдікке жеткенде, Хамит өзге сүйектерді қорапқа салған күйінде қабірге түсірді де, бас сүйекті өзіне алып қалды. Өткен жолғыдай үйіріп, айналдырған жоқ. Сәби көтергендей қолы қалтырап, қаймыға ұстап, машинаға қарай жүрді. «Менің тұрғызған күмбезім енді осы болсын» деді ішінен күбірлеп. Әлдебір іске тас бекінген түрі бар.

ОҢ ҚОЛ

(Дәрігердің әңгімесі)

Біздің психиатриялық ауруханa қаланың батыс жағында, ернеуіне тас қалаған шағын өзеннің жиегінде болатын. Ғимараты ескі еді. Сылақтары түсіп қалған алабажақ кірпіш дуалының төбесінде әбден тат басып, шіруге айналған қаңылтыр шатыры бар. Маңайда машина жүретін көше болмағандықтан, төңірек ертелі-кеш құлаққа ұрғандай тып-тыныш болып тұрады. Көктем кезінде өзеннің сарқыраған дыбысын, терезені ашып тастап, түнімен естіп шығасың. Тау жақтан жел соққанда арғы беттегі бақшадан жемістердің қышқылтым иісі мұрынға келеді. Жаз шыға бала-шағаларымен күнге қыздырынуға келген қала халқы жағаға сыймай кетеді. Жалпы аурухана үйінің ескілігі болмаса, тұрған жері психика дертіне шалдыққандар үшін таптырмайтын орын.

Сенбі күндері аулада туған-туысқандарымен бірге қыдырып жүрген ауруларға ашық терезеден жалықпастан қарап отырар едім. Олардың науқастан азап шеккен жадау жүздері, былайғы жұртқа қорқынышты болып көрінетін оғаш қылықтары, сөйлеген сөздері жаныма сонша лықты ыстық. Мен оларды жанымдай жақсы көремін. Иә, иә, жақсы көремін.

Олардың ешкімге ешқандай зияны жоқ. Егер дүниедегі бар зиянкестікті тексерер болсақ, солардың бәрін жындылар емес, сау адамдар жасаған ғой.

Біз тәні ауыратындарға аяушылық білдіріп, оларды жақсы көре түсеміз, ал жанның дертіне шалдыққандарды көргенде, көкейімізде әйтеуір өзіміздің аман екенімізге шүкіршілік білдіретін қаскөй қуаныш тұрады. Ғаріпті аясаңыз – ақыл-естен айырылғандарды аяңыз, соларды сүйіңіз.

Мен сізді бір сенбіде алып барып, аурухана ішін аралатайын. Асықпай, әрқайсысымен жеке-жеке әңгімелесіп көріңіз. Сөзсіз жақсы көріп кетесіз. Мен тіпті бақылау палатасындағы ең қауіпті аурулармен бірге ұйықтауға әзірмін. Қорқыныштысыз бе? Қорқыныш деген не, тәйірі. Жақсы көру жетіспейді. Жақсы көру арқылы бәрін жеңуге болады.

Мен сонда істеген біраз жылдың ішінде неше түрлі жайттарды басымнан кешірдім. «Дерт көп, денсаулық біреу» депті ғой бір халық. Не көп – аурудың түрі көп... Бірақ солардың ішінде бір оқиға есімде айрықша қалды.

Наурыз айының аяқ кезінде бізге жасы он жетілер шамасындағы бір қыз түсті. Қабылдау үстінде ата-анасы қыздың өзін өзі бірнеше рет қылғындырып өлтірмек болғанын айтты. Маңындағылардың араласуымен аман қалған. Ал қыздың өзі мүлде басқаша баяндайды. Ол: «Маған қастандық жасаған мынау, бұл менікі емес, мүлде бөтен қол, мені өлтіргісі келіп жүр», – деп өзінің оң қолын көрсетеді. Бізде мұны ішкі тұлғаның екіге жарылуы деп атайды. Психопатологияның бір түрі. Яғни бір дененің ішінде екі түрлі «жан иесінің» кезектесіп, не қатар өмір сүруі. Мұның бәрі мидың шешілмей жатқан жұмбақтары ғой...

Шешесі қызының киімдерін ұстап тұрып, ұзақ жылады. Қызды шомылдырып, ауруханаңың халатын кигізіп, бірден бақылау палатасына жібердік. Аты Алма екен.

Қыз өте сұлу еді. Шашы иығына түскен, бұйралау кекілі бар. Қатты азап шеккеннен екі қабағының арасына жалғыз сызық – тік әжім түскен. Бірақ бой басы таза, өзін өзі күте алатын секілді.

Біздің бөлімшеге келгеннен кейін мен Алманы жеке бақылауға алдым. Тұйық. Ешкімге қосылмайды. Үнемі

қорқыныш үстінде жүретіні көрініп тұр. Бір ғажабы, қыздың жүріс-тұрысынан, сөзінен сырқат белгісі байқалмайды. Бірақ ұстамасы өте қатерлі екен. Оң қол шынында да өз бетінше ақылға сыймайтын әрекеттер жасайды. Оны ең алғаш кезекшілікте отырған түні көрдім.

Сағат түнгі үш шамасында ашық тұрған Алманың палатасынан шыңғырған дыбыс шықты. Әлдеқалай шылдырлаған телефонның трубкасын көтеруге үлгермей, тұра жүгірдім. Мен палатаға кіргенде, Алма кереуетте жатыр екен. Оң қолы кеңірдегін тас қылып қысып алған. Сол қолымен жанталасып айырмақ болды. Сестра екеуіміз оң қолға қатар жармастық. Қолын қайырып, кереуеттің астына апарғанда, түрі көкпеңбек болып кеткен Алма көзін ашты. Тұла бойы қалшылдап, көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. Мен қолынан, бетінен сипап, үрейін басуға тырыстым.

– Ештеңе етпейді, Алма, қазір бәрі де басылады, – дедім көзіне түскен шашын кейін қайырып. – Бұндай әрекеттер жүйкенің шаршауына байланысты бола беретін құбылыс. Сен қорықпа! Неге сонша дірілдейсің? Ештеңе де болмайды. Кәне, сабыр ет. Мен сенің жаныңда әлі ұзақ отырамын. (Көзімнің қырымен оң қолға қарадым. Тағы бір әрекетке дайындалып жатқандай кереует астында біз қайырып қойған жерде қимылсыз жатыр). Сабыр ет, білдің бе?.. Ертең жазылып шыққаннан кейін, бізді туған күніңе шақырасың. Туған күнің қашан? Қыркүйек! Қыркүйек айы жемістің піскен шағы. Біз сенің туған күніңде мас болғанша лимонад ішеміз. (Алманың түрінен көгерген түс кете бастады). Тұра тұр, терлеп кеттің. Сүртейін... Мінеки, осылай. Әлде мен саған ертек айтып берейін бе? (Алма болмашы жымиды). Қалайсың?

Алма басын изеді. Содан кейін үрейленіп, өзінің оң қолына қарады.

– Қорықпа, – дедім, тағы да бір қалыпты, баяу дауыспен, – бұл сенің өз қолың...

– Жоқ! – деп баж ете қалды Алма. – Жоқ, жоқ! Менікі емес... Жоқ, жоқ!.. – Алма тағы да терлеп кетті.

Мен Алманың кереует астындағы қолын ұстадым. Қол дір ете қалды.

– Мінеки, ештеңе де жоқ. Қорқатын түк те жоқ... Бұдан былай мен саған күнде жатарда әңгіме айтып беріп тұрамын. Жарай ма?

– Жарайды, – деді аздап тынышталған Алма.

– Қарашы, қандай әдемі қызсың. Ертең жазылып шыққан соң, біз сені киноға түсіруге жібереміз...

Алма ептеп көңілдене бастады. Мен оның жанында таң бозарғанша отырдым.

Сол түннен бастап Алманың науқасы туралы арнайы күнделік жүргіздім. Тіпті өзіме жеке ғылыми объектінің табылғанына қуанғанымды да жасыра алмаймын. Алайда аурудың түпкі себебін анықтау, ол үшін оның тарихына көз жеткізу, әлемдік практикада кездесетін орайлас оқиғаларды табу өте қиынға соқты. Тек итальян психиаторы Чезаре Ломброзоның «Данышпандық пен есі ауысқандық» атты әйгілі еңбегінде осыған ұқсастау бір оқиға ғана ойға ой қосқандай болады. Онда науқас қыздың сол қолы, өзі терең ұйқыда жатқанда, оның түсіп қалған көрпесін көтеріп, жетпей қалса, жанындағы шешесін оятып, көрпені көрсетіп, ақылға сыймайтын әрекеттерімен маңындағылардың зәресін ұшырады. Бірақ онікі – сол қол және қамқоршы. Ал Алманікі – оң қол, қаскөй. Мұнда қандай сыр бар екенін бір құдайдың өзі білсін.

Оң қол Алмаға тек қалың ұйқы құшағына енгенде шабуыл жасайды. Яғни өзіне қанша түсініксіз болғанмен, өзін-өзі өлтіру ниеті қыздың миында бар деген сөз. Бірақ ол ниет кімнің ниеті, қайдан келген? Алманың бүкіл өткен өмірін, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл қалайда қанмен, тұқым қуалап келген ниет. Науқастың шешесі, я әкесі, я әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. Енді олар әлдебір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін-өздері өлтіргілері келеді. Бірақ олардың өздері жоқ. Санасының иесі – қыз өлуге тиісті. Әлгі ниет қыздың организмі толық тыныштыққа енген кезде таңғажайып қатерлі рефлекс арқылы оянып, оң қолға сигнал береді. Ұстама үш-төрт күнде бір, кейде тіпті күн сайын болып тұрады. Алма үрей мен шала ұйқыдан мүлде жүдеп кетті. Біз енді оң қолды кереуетке байлап тастайтын болдық. Бұл алғашқы кезде

жақсы нәтиже берді. Алма бір аптадай тамаша ұйықтап жүрді. Бірақ оң қол басқа бір қулық ойлап тапты. Ол Алманың көзі ілінісімен байлаудан жұлқынып, дамылсыз ырғап, оята бастайды. Ұйқысыздықтан азап шеккен Алма галлюцинацияға ұшырады. Енді оң қолды байлаудан босатып, тек түнгі сағат үш пен бестің арасында бұрынғыша күзетіп отыратын болдық.

Шынымызды айтсақ, күзеткеннен басқа ештеме бітірмедік. Ешқандай дәріден де, электротерапиядан да (қайта электротерапия жағдайды қиындатып жіберді) әсер болмады.

Сенбі күні сағат тоғыздан бастап Алманың шешесі мен ағасы келеді.

– Құлыным, – дейді анадайдан шешесі, – қалайсың, құлыным?

Алма үнсіз басын изейді.

Шешесі үйден әкелген тағамдары мен жемістерін сөмкесінен шығара бастайды.

– Керегі жоқ, – дейді Алма басын шайқап. – Тамақтың керегі жоқ.

Содан кейін ораулы жемісті алып, отырғыштың үстіне қояды. Шешесі мен ағасы Алманың түріне қарап біраз отырады.

– Құлыным, – дейді шешесі орамалымен көзін сүртіп.

Сосын өткен түні үйге қонақтар келгенін, олардың Алма жататын палатаның нөмірін сұрап алғанын, алдағы сенбіде келіп қалулары мүмкін екенін әңгіме қылады. Алма үндемейді. Шешесі Алманың бір құрбысының теледидардан тақпақ оқығанын айтады. Алма қабағын шытады. Шешесі қызының түріне үнсіз барлай қарап, қабақ шытуын дерттен болып отырған құбылыс деп өзінше ұғып, жым болды. Олар үйлерінде болып жатқан әрбір қызық оқиғаның Алмаға шаншудай қадалатынын түсінбейтін.

Жандарына мен келемін. Шешесі бүкіл бәледен құтқаратын құдірет менің қолымда тұрғандай маған сұраулы, жалынышты көзбен қарай береді. Мен Алманың шашын сипаймын:

– Алма ертең-ақ жазылып шығады, – деймін сенімді, көтеріңкі дауыспен. – Сіздер бекерге қайғыра бермеңіздер.

Бізде дерті асқынып кеткен аурулар да жатыр. Оның жанында Алманікі ойыншық қой...

Қызы мүлде жазылып шыққандай, шешесі есі шығып қуанып, қайта-қайта орамалын алып, көзін сүртеді.

– Айтқаның келсін, айналайын, – дейді даусы қалтырап. – Бағың ашылсын! Бақытың жансын, айналайын!..

Содан кейін бір айтқан сөзін әлденеше қайталап, Алманың сүт кенжесі екенін, көзінің қарашығындай аялап, тәрбиелегенін, үйде де, түзде де тірі пендеге қақтырып көрмегенін, ал енді мына дерт ешқайсысының тұқымында болып көрмеген сұмдық екенін айтып, мұңын шағады. Олар Алманың көңілін қайтіп аулау керек екенін біле алмай, бір-біріне жалтақтап қараумен түске дейінгі уақытты өткізеді де, ahылай-үhілей, көздерінің жастарын сығып, үйлеріне қайтады.

Алма ештемеге селт етпеген күйі мелшиіп қала берді.

Дүниедегі ең қиын зат жалғыздық қой. Төңірегіңде іштегі қайғың мен қуанышыңды өзіңмен бөлісе алатын жан серік адамдар барда тірліктің де, өлімнің де бір мағынасы болуы хақ. Бұдан рас, өлімнің салмағы жеңілдеп кетпейді. Өлім қашан да қорқынышты. Бірақ сенің өлімнен қашып, тіршілікке ынтығуыңның өзі сол тіршіліктің мағынасы барын дәлелдейді. Ал жер бетінде бүкіл тіршілік атаулы жойылып, әлемде жалғыз қалған бір сәтіңді елестетіп көрші. Мұндайда өлім қорқынышты емес, керісінше, тірлігің қорқынышты болмақ. Алма бойындағы рухани жалғыздық та осыған ұқсас бірдеңе еді. Мен Алманың жалғыздықтан құлазыған көңіліне қалайда жалғыз қарасын болып енгім келді. Ойға алған мақсатыма берілгенім сонша, күн сайын түнгі кезекшілікті бір өзім атқарып жүрдім. Мен қатерлі ұстаманың қай мезгілде болатынын жақсы білетінмін, сондықтан дәл осы уақытта Алманың қасында болып, оң қолын бақылап, кейде тіпті тас қылып ұстап отыратынмын. Бірде ұйықтап жатқан Алманың жанында кітап оқып отырғанмын. Кенет төңіректе әлдебір қимылдың болғанын сездім де, басымды көтеріп алдым. Сол кезде мен оң қолдың кеуде бойымен алқымға қарай жылан секілді ақырын жылжып бара жатқанын көрдім. Бұл, шынында да, өте қорқынышты көрініс еді. Алманы оятып алмауға тырысып, барынша

еппен қолды қыса ұстап, кереуетке бастым. Қол бір-екі жұлқынды да, қайтып қарсыласпады. Алма оянып кетті. Маған әлдекімді ажырата алмай отырғандай, түйіле қарап біраз жатты. Сосын жұп-жұмсақ алақанымен менің қолымды сипап жатып, қайтадан көзін жұмды. Бірақ көп ұзамай шошып оянды. Үрейлене шыңғырған Алманы әрең дегенде тоқтаттым.

– Не болды? Неге шошыдың?

– Түс көрдім, – деді ол дірілдеген үнмен.

– Қандай түс?..

– Қылғындырды... – деді даусы одан сайын дірілдеп.

Мен тіксініп қалдым. Егер оң қол түсінде қылғындыра бастаса, оған менің еш қайраным жоқ еді. Тек Алманың қорқынышын басу үшін:

– Ол әншейін көп ойланғаннан болатын түстер ғой, – дей бердім. – Мен тірі болсам, сені аман сақтап қаламын. Түсінемісің?! Мен сені күзетіп, күні-түні отыруға бармын... Тек сен бүйтіп қорықпа. Маған сен...

Алма менің мойнымнан құшақтап, жылап қоя берді. Кішкентай балаша көз жасына малшынған бет-аузын бетіме үйкеді. Аузыма көз жасының кермек дәмі келді...

Жалпы менің өзім де сол кезде болмашы шалық дертіне шалдыққан болуым ғажап емес... Алмаға деген өзімнің құпия көңілімді тіпті қазір де толық дәлелдеп бере алмаймын. Бар білетінім – Алма рухани жалғыз болатын. Ал оны тұңғыш түсінген менмін. Ол жалғыздықтан қашып, маған тығылды. Бірақ оған кім болса да бәрібір еді. Әйтеуір біреуге тығылу қажет болды... Мен Алманың оң қолын алақаныма салып, сәби еріндері түріліп, ұйықтап жатқан түріне қалғып-шұлғып қарап отыруға әбден дағдыланып алдым.

Менің күн сайын өз еркіммен түнгі кезекшілікте қалып, диванға жатып, көз шырымымды алып жүргенімді жұрт өзінше ұқты. Ақыры жолдастарымның арасында мен туралы «ешкімге айтпай, кандидаттық диссертация жазып жүр» деген лақап тарап кетті. Тегінде, өзі емдеп жүрген жындылардың біреуімен құпиялас, сырлас екен деген ойға ешқайсысының батылы жетпеген болу керек.

Мен бір рет түнгі кезекшілікке бара алмай қалдым. Келесі күні Алма сол қолымен білегімнен сипап отырып:

– Сіз болмасаңыз мен әлдеқашан өліп қалар едім, – деді сыбырлап. – Сіз неге келмедіңіз, түнде қатты приступ болды.

– Кешір, келе алмадым...

– Сіз ылғи кешкілік менің жанымда боласыз... Қашан қыдырасыз?.. – Алма халатының түймесін шұқылай бастады. – Қызыңыз бар шығар... Сізге қыдыру керек қой...

Оның бұл сөзі маған мүлде ұнамады.

– Менің қызым жоқ, сондықтан кешке ешқайда қыдырмаймын, – дедім бетіне тура қарап.

Алманың жүзінен бұрынғы айықпас азап белгісі жоғалып, әлдеқалай өзімшіл шаттық, еркіндік, адамды имендіретін тергеуші көзқарас пайда болыпты. Мен дәл осы көзқарасты, кімнен екені белгісіз, бірақ дәл осы көзқарасты көптен күтіп жүргенімді сездім.

– Кеше бір ұлы ақынның кітабын оқыдым, – деді Алма бас жағындағы тумбочкаға қарап (кітап сол тумбочканың ішінде болу керек). Содан кейін жасөспірімдерге тән аңқаулықпен тебірене: – Соның ішінде «Дауыл» деген өлең бар екен, – деді кәдімгідей қатуланып. – Кеменің діңгегі қирап, рөлі сынған, желкені жыртылған. Көкжиекке батып бара жатқан күнмен бірге кеме де теңізге батып барады. Жұрттың бәрі жанталасып, өлім дұғасын оқуда. Әркім өзінің жақын көретін адамдарымен құшақтасып, қоштасып жатыр. Тек бір адам ғана өлімнен қорқуды да, қашуды да ойламайды. Ол тек: «Шіркін, осындай өлер сәтте құшақтасып қоштасатын адамның болғаны қандай бақыт», – дейді ішінен күбірлеп. (Алма өзімен бірге менің де таңқалғанымды тілеп, бетіме қарады). Қараңызшы, өлім аузында тұрған ең бақытсыз жандар да енді біреу үшін соншалық бақытты болып көрінеді. Өйткені олардың өлер сәтте қоштасатын жақындары бар. Сіз мені түсініп тұрсыз ба?..

Мен үндемедім. Алманың осынша сап-сау адамша сөйлеген сөздері менің зәремді ұшырды.

– Көмектесіңізші, – деді ол кенет жалынышты үнмен. – Сыртқа шығып, көшемен жүргім келеді. Қыдырғым келеді...

Не дерімді білмедім, өйткені ол менен дәрігерлік көмек сұрап тұрған жоқ еді. Рас, психиатриялық ауруханада

жатқан адамдарда мұндай тілектер көп болады. Бірақ оларға айтатын жауабымды Алмаға айта алмас едім.

– Бәрібір қайтып келем ғой, – деді Алма тағы да білегімді сипап.

– Жарайды, ойланайын, – деп қалдым. Осы сөзден-ақ өзімнің тұзаққа ілінуге таяп қалғанымды білдім. Алманың үмітпен, жалынышпен қараған көздеріне көзім түскенде тұзақ мойнына біржолата іліккен еді. Осы сәтте мені таңғажайып бір тәуекел сезім биледі.

– Аяғыңа нешінші размер киесің? – дедім өз сөзіме өзім онша мән бермеген болып.

– Отыз алты...

– Көйлектен?

– Қырық алты, – деді Алма таңырқай түсіп...

Мен сол күнгі жұмысты да, түнгі кезекшілікті де қалың ойдың құшағында жүріп өткіздім. Шынында да, менің бұл ойымды дені сау адамның ойы деп айту қиын еді. Алайда көз алдыма өз қиялымнан туған суреттерге құныққаным сонша, бұл пиғылымның дұрыс-бұрысын талдауға тіпті уақытым болған жоқ. Алманы түнде қалаға алып шығып қыдыртатынымды, оның қалай мәз болып қуанатынын көз алдыма елестеткенде сол қуаныш өз бойыма тарағандай жүрегім өрекпіп, басылмай қойды. Мен тірі жанға тіс жаруға болмайтын өз құпияма өзім елтіп, есім кетті. Ұйқыдан түс кезінде оянып, апыл-ғұпыл шайымды ішіп, дүкен аралауға шықтым. Бірінші барған аяқ киім дүкенінен сатушы әйелдің ақылымен 36-размерлі, үстінде доғасы бар ақ туфли алдым. Одан көйлек сататын дүкендерді жағалап, ұзақ жүрдім. Көйлектерді қараған кезде жақсысын табуға тырысып, жанымды салғаным сонша, боршаборша болып терлеп кеттім. Жақсы мен жаманды айыру тап мен ойлағандай оп-оңай нәрсе болмай шықты. Ұстаған көйлектерімді ойша қалаған адамыма кигізіп, көз алдыма елестетуге суреткерлік қабілетім жетпеді.

Ақыры шеткері дүкендердің бірінде әйелдер көйлегіне тұрған қалың кезектің үстінен түстім. Бұл бір сырмасы желкесіне салынған, етегі делдиіңкі, көкшіл түсті, жылтыраған, шетелдік көйлек екен. Тұрған елдің көптігіне қарап, жаман болмас деп ойладым. Бірақ мен жете бергенде көйлек бітіп қалды. Шашын қап-қара қылып бояп

алған, ұлты белгісіз, ажарлы сатушы әйел қанша жалынсам да, «бітіп қалдыдан» басқа сөз айтпады. Сонда да табиғатымда жоқ бір өлермендікпен сатушының қыр соңынан қалмадым. «Ертең үйлену тойым еді, тойға арнап көйлек тіктіре алмай қалдық, ендігі үмітім осы ғана», – деп зуылдатқан кезімде өзімді-өзім танымай қалдым. Өлермендіктің пайдасы тиді. Халықтың бәрі тарап біткенде үстіне 5 сом қосып, сатушыдан 46 размерлі бір көйлек алдым.

Қас қарая сатып алған заттарымды, өзімнің күнге киетін қара көзілдірігімді сөмкеме салып, ауруханаға келдім.

– Неге боп-бозсың, ауырып тұрған жоқсың ба? – деді бірінші көрген сестра.

– Жоқ... Әншейін болар... Тыныштық па? – дедім қызмет бабында сөйлеген түр білдіріп.

– Тыныштық.

Мен ауруларға рецепт жазылған кітапшаны аударып отырып, көзімнің қырымен сестраны аңдудамын. Сестра шымылдықпен қоршалған процедура кабинетіне кіргенде сөмкемді ала сала, жүгіре басып, Алманың бөлмесіне кіріп кеттім.

Алма төсегінде кітап оқып отыр екен, менің түріме үрейлене, әрі таңырқай қарады.

– Мә, тез киін, – дедім, сөмкені алдына тастай беріп. – Мен үш рет қатты жөтелгенде бөлмеңнен шық та, төмен түсе бер. Ұқтың ба? Тез!

Мен бөлмеден жылдам шығып, орныма келіп, бұрынғыша рецепт кітапшасын алып, беталды ақтара бастадым. Сағатыма қарап қоямын. «Неше минутта киініп болуы мүмкін» деймін ішімнен дегбірсізденіп. «Екі туфлиі – «бір, екі», көйлек – «үш, төрт, бес», жарайды, «алты», көзілдірік – «жеті» – бітті ғой... Киініп болды ғой... Жарайды, тағы азғантай уақыт. «Бір, екі...» Бес минут өтті. Мен процедура кабинетіне кірдім. Сестра ине қайнатып тұр екен. Барымша қатты үш рет жөтелдім. Сестра таң қалып, бетіме бажырая қарады.

– Апай, – дедім жанына тақай түсіп. – Бір үлкен шаруам болып тұр... Қызыма барушы едім... Екі-үш сағатта ораламын. Аяқ астынан ештеңе бола қоймас... Алманың есігін ашпаңыз мен келгенше... ұйықтап жатыр...

Сестра жер ортаға келсе де әлі қартая қоймаған, күлімдеген көзінен жастықтың қызығынан кезінде құр қалмаған адамның нышаны байқалатын әйел еді.

– Өз еркіңде ғой, – деді өткен бір қызығы есіне түскендей жымыңдап. – Маған несіне айтасың?..

Мен Алма шығып үлгірмеді ме екен деген күдікпен тағы да сестраны таң қалдырып, мелшиіп бостан-босқа біраз тұрдым. Сонан соң әлі де уақытты өткізе түсу үшін, сестраны таң-тамаша қалдырып:

– Рақмет, – деген сөзді (не үшін айтқанымды білсем, бұйырмасын) ежелеп, әрең айтып болдым да, бұрылып, кабинеттен шықтым. Төмен түссем, басқыштың бұрышында шашын омырауына түсіріп, қара көзілдірік киген Алма төмен түсуге бата алмай тұр екен. Мен Алманың қолтығынан ұстаған күйі басымды кекірейте ұстап, шығар есікке беттедім. Артымыздан:

– Мынаның бір өзі кірмеп пе еді, қызы қай жақтан кіріп кеткен? – деген сөзді екеуіміз де естідік.

Сыртқа шыққанда тамыз айының түнгі самалы тыныстыкеңейтіп, еркіндікке, оңашаға шақырғандай қуанышты, әуей сезім әкелді. Мен көзімнің қиығымен ұрланып, Алмаға қарай бердім.

Талдырмаш денесіне көкшіл көйлек құйып қойғандай жараса қалыпты. Бет-жүзін жабыңқырай түскен қап-қара шаштары мен көзілдірігі әйел пішініне қалыптасып үлгірмеген шыбықтай әсем тұлғасына түн ішінде ерекше бір құпия түр беріп тұр.

– Көйлегің дұрыс па? – дедім дұрыс екенін көріп келе жатсам да. Алма бетіне түскен шашын кейін қарай сілкіп тастады да, баланың мақтаныш білдіргеніндей бір түрмен бойын керіп, маған қарап жымиып қойды. Содан кейін еңкейіп, аяғының басына қарады:

– Ептеп қысады, – деді.

– Отыз алтыншы размер ғой, – деп ақталдым мен.

Троллейбусқа отырдық. Таныс біреудің көзіне түспес үшін, Алманы көлегейлеп, теріс қарап тұрдым.

– Сенің туысқандарыңның бірі көріп қалса, масқара боламыз, – дедім құлағына сыбырлап. Мен оның туысқандарын былай қойғанда, басқалардың да көргенін қаламадым.

– Жарайды, – деді Алма. Бірақ түрінен онша мән бергендік байқалмады. Тіпті осыдан бәлендей масқара ештеңе көрмей тұрғаны сезіліп тұр.

Паркке келіп түстік. Мен қараңғы бұрыштармен жүрмек болып едім, Алма ашық алаңмен өтуді қалады.

Жолдың екі жағына өскен алқызыл гүлдер кешкі сәулемен құлпырып, діріл қағады. Жазғы сахнадан шуылдаған оркестр үні келді. Алма көңілдене бастады. Менің қолымды жұп-жұмсақ алақанымен қысып-қысып қойды. Кинотеатрдың тұсынан өте бергенде:

– Киноға кірейік, – деді тоқтай қалып.

Жүрегім зырқ ете қалды. Бірақ Алманың алдында қорқынышымды сездіргім келмеді.

– Кірсек, кірейік, – дедім жан-жағыма алақтап.

Киноға билет аларда да, кірерде де, залға еніп отырғаннан кейін де менің көзім әлдебіреулер көріп отырған жоқ па деген күдіктен арыла алмай, айналаға жалтақтаумен болды.

Ақыры кино басталды. Адамның ішін пыстыратын, әрі талай рет қойылған ескі фильм екен. Адамдар да аз жиналыпты. Мен киноны көрмедім десем де болғандай. Қаракөлеңкеде экранға сүзіле қарап, қимылсыз отырған Алмадан екі көзімді ала алмадым.

Мен оның көзіне қараған сайын, бүкіл қиялымда жүрген сұлулықтан Алманың әлдеқайда артық екенін сездім.

Айтып беруге келмейтін, ең бір құпия, беймәлім әсер – сұлулық әсері. Біз өзіміздің бүкіл моралімізді адамның тән сұлулығынан жан сұлулығын жоғары қоюға негіздесек те, өмірде сол тән сұлулығымен бетпе-бет келіп қалған кезде өзіміздің әлгі қағидамызды қалай бұзып кеткенімізді білмей қаламыз. Өз еркімізбен ақылы аз болса да сұлу әйелдерге үйленуге дайынбыз, бірақ ақылға бай, көріксіз әйелдерге жолағымыз келмейді. Санамызды жабайы инстинкт секілді бір әуей күш жеңіп кетеді. Біз ең осал жерінен қолға түсіп, тырп ете алмай қалған аңға ұқсаймыз. Ендеше сұлулықтың әлі де зерттелмеген немесе біле тұрып, айтқымыз келмейтін бір сырлары болуы мүмкін...

Мен Алманың тізесінің үстінде тұрған қолынан (сол қолынан) ұстадым. Жүрексінгеннен алақаным терлеп

кетті. Алма жымиып, қолымды құп-құрғақ, жұп-жұмсақ алақанымен қысып қойды да, менің түрімде кісі таңқаларлық бірдеңе бардай баданадай көздерін кең ашып, аңтарыла қарады.

Кинодан шықтық. Алма көңілденіп, сөйлей бастады.

– Кинода неге ылғи сұлу әйелдер ойнайтынына түсінбеймін? – деді қолын жайып. – Сұлу емес әйелдер жұртқа үлгі бола алмай ма? Олардың бойынан жақсы қасиеттер табуға болмай ма?

– Жақсылықтың ең терең тамыры сұлулықта, өйткені тіршілік тәннен басталады. Ал сұлу адамдардың ақылсыз, жаман болып шығуы – диспропорция, өмірдің күрделілігінен, қиындығынан алғашқы тепе-теңдіктің жиі-жиі бұзылуы...

– Балмұздақ жегім келеді, – деді ол менің сөзімнің аяғын күтпей.

Балмұздақ кездеспеді. Екеуіміз қаракөлеңкеге қойылған, арқалығы жоқ, жайдақ орындыққа отырдық.

– Маған гүл жұлып берші, – деді кенет бетіме тесіле қарап.

Мен оның осынша қисынсыз талабын қалай ұғарымды білмей, дағдарып қалдым.

– Қазір, – дедім де, қорқып тұрғаныма қарамастан, орнымнан тұрып, гүл алаңына беттедім. Бұл біздің үлкен қателігіміз болды. Алақандай болып, қауыз ашқан қып-қызыл гүлдердің екі талын жұлып алып, жиекке шыққанымда:

– Бері, бері жүріңіз, – деп саусағымен іліп тартып тұрған, портфелі бар, қалқанқұлақ милиционерді көрдім.

Мен жалтақтап Алма отырған жаққа қарай бердім.

– Бері дедім ғой мен сізге! Әлде тағы біреулеріңіз бар ма?

– Жо-жоқ, – дедім зәрем ұшып.

– Бөлімшеге!

– Сіз неге көріп тұрып, ысқырмайсыз, – дедім мен ыза болып. – Сіз әдейі жұлсын деп тұрсыз. Өйткені сізге біреуді ұстау керек...

Милиционер бір сәт аңтарылып, жауап бере алмай қалды. Содан кейін мені әдейі сайқымазақтықпен айтып тұр деп ойлаған болуы керек, тақай бере жеңімнен ұстады да, дөрекілеу жұлқып қалып, бөлімше тұрған жақты

иегімен көрсетті. Бөлімше ішіне кіргенде, аздап есімді жидым. «Көп болса штрафын төлеп құтылармын» дедім ішімнен, юстициядан білетін азғантай заңдарымды есіме түсіріп.

– Кәне, құжатыңыз, – деді телефонның құлағында отырған егделеуі мені көргенге қуанышты жандай көңілдене дауыстап.

Осы кезде бөлмеге Алма кіріп келді. Мен инфаркт болуға сәл қалдым. «Бітті енді» дедім ішімнен үміт атаулыдан күдерімді үзіп. Бір сәттің ішінде өзімнің дәрігерлік атқа сай емес, қылмысты әрекеттеріммен бүкіл ауруханаға, дәрігерлерге, қыздың ата-анасына, қала берді бүкіл қала халқына әйгілі болған масқара күйімді елестетіп үлгердім.

Бірақ Алманың келуі жағдайды мүлде өзгертіп жіберді. Алманың сұлулығы отырғандардың бәріне бірден апиын сорғандай әсер етті. Телефон құлағында отырған егде милиционер де, мені ертіп келген қалқанқұлақ та, формасыз, жай киінген жас жігіт те ызғарлы жүздерін жылытып, мүлде өзіміз секілді қас-қабағы түсінікті, ет-сүйектен жаралған, кәдімгі адам қалпына келді. Бәрінің көздерінен «иә, отырыңыз, шаруаңызды айтыңыз, көмекке біз дайын» деген секілді құп ниет сезілді.

Алма өз үстемдігін жақсы сезінетін, кәдімгі тәжірибелі сұлу бикештердей маңайына жымия көз тастап, менің қасыма келді де, қолымен шашымнан сипай ұстап:

– Мен кінәлімін, ағай, – деді милиционерге. – Мен әдейі жұмсап едім, гүл жұлып бер деп...

– Неге? – деді қалқанқұлақ қатаң дауыспен, бірақ түрі жымиып, әшейін әзіл екенін білдіріп тұр.

– Әдейі, – деді Алма қайталап, – әдейі, мені сүйе ме екен деп...

Менің бойымды ток соғып өткендей болды.

– Oho, – деді телефон құлағында отырған егделеу милиционер, – мінеки, қазіргі жастар... Қандай ашық мінез!..

– Жігітті солай сынауға бола ма? – деді формасыз жігіт. – Бұл қоғамдық тәртіпті бұзу... Жігітті басқа жерде сынау қажет.

– Кешіріңіз, – деді Алма мені сол қолымен қапсыра құшақтап. – Бір жолға кешіріңіздер... Әйтпесе, жарайды, мені-ақ айыптаңыздар...

– Жарайды. Қыздың алдында жігіттің беделін түсірмей-ақ қояйық. Милиционерлер де тасбауыр жандар емес, айналайын. Бәріміз де жігіт болып көргенбіз. Мә! – Егде милиционер маған паспортымды ұсынды.

– Рақмет!

Сыртқа шыққаннан кейін парктің қақпасына жеткенше бір-бірімізге тіл қатысқан жоқпыз.

– Гүл жұлып берейін бе? – дедім тоқтай қалып, ыза болып тұрғанымды жасыра алмай.

Алма қолымды алып, жұп-жұмсақ қолтығына қысты.

– Болады енді, – деді ілгері тартып, – маған ештеңенің қажеті жоқ.

Таксимен қайттық. Әлдеқалай көше шамдары сөніп қалды. Ай ақ бұлттардың ар жағымен зымырап барады. Ауруханаңың ауласындағы отырғыштардың тұсына келгенде Алма алға оза берген мені тоқтатып, өзіне бұрды да, мойнымнан құшақтай алды. Мен ерніме жұп-жұмсақ, дымқыл еріннің тигенін сездім. Құдай-ау, не деген жұп-жұмсақ, нәзік ерін. Мен Алманың талдырмаш денесін құшақтап, бауырыма бастым. Содан кейін сәбиді иіскегендей, жұп-жұмсақ бет-аузына бетімді үйкеп, демін жұттым. Әлдебір жан қиюға болғандай рухани тазалықты сезетін секілдімін. Бірақ ол Алманың бойынан тапқан тазалығым ба, өз бойымның тазаруын сезгенім бе – ол арасын толық айырмадым.

Ішке кірдік. Алма тең жартысын қара көзілдірік жапқан бетін шашымен бүркей түсіп, мені қолтықтап алды. Екінші қабатқа кірер есіктің алдында Алманы тоқтаттым да, өзім ішке ендім. Сестра процедура кабинетінде жоқ екен.

– Тез бөлмеңе бар, – деп сыбырладым Алмаға есікті қайта ашып.

Алма бөлмесіне кіріп кетті. Іле сестра да келді.

– Сен бе едің, – деді маған жымиып.

– Өзгеріс жоқ па?

– Жоқ.

– Мен Алманың палатасында отырамын, – дедім халатымды киіп жатып, – бүгін приступ болуы мүмкін.

Сосын ғылыми күнделігімді алдым да, сестраға көз қылып, түк байланысы жоқ, түсініксіз сөздермен толтыра бастадым. Сестра дәрігерлік жұмысқа жан-тәнімен берілген менің қазіргі түріме сүйсіне қарады.

Мен палатаға кіргенде Алма киімін ауыстырып, төсегіне жатып үлгерген екен. Ортақ құпиялары бар балалардың бір-біріне көз ым жасап, күле беретіні секілді, мені көрген бетте Алма көзімен әлгі есіңде ме дегендей мойнын ішіне тыға жымиып, күліп жібермес үшін қолымен аузын басты.

Күнделікті әдетіммен кереуетінің жиегіне отырып, қолынан ұстадым. Ол да күндегі әдетінше құп-құрғақ, жұмсақ алақанымен қолымды қысты. Мүлде емін-еркін. Мен оның көзқарасынан, бүкіл болмысынан ескен ғажайып жылы ағынды жаныммен сезіп, балқып тұрдым.

– Ұйықта.

– Сен ше?

– Мен сені күзетіп отырамын... таң атқанша... Өмір бойы...

Алма көзін жұмды. Дем алысының жиілігіне қарап, көңіліндегі толқуды сездім.

Менің ойларым сан-саққа бөлінді. Маған мынау өзім күнде көріп, көзқашты болған күнделікті тіршілік аяқ астынан өзгеріп кеткен секілді немесе осы тіршілікке өзім тұңғыш тап болып тұрған тәріздімін. Бірақ мен өмірге мән беретін, сән беретін біздің өзіміздің жеке бақытымыз екенін, бізге сырттан ешқандай сәуле келмейтінін, тіршілікке, маңайға сәуле төгіп, жылу шашатын адамдардың өздері екенін кейінірек түсіндім. Өзімнің ішкі жан дүнием әдемі сәулелер шығара бастап еді, мені қоршаған бүкіл қауым, орта, тіршілік құлпырып сала берді.

Алманың науқасын есіме алдым. Оны емдеу мәселесі дәрігерлік міндет қалпынан табан астында өзгеріп, енді тек өзім үшін жанын сақтап қалу деген төтенше шешімге ұласып кетті.

Бір қызығы, сол түн оң қол ешқандай әрекет жасаған жоқ.

Алма менің көз алдымда жорта ұйықтап жатқандай, көзі сәл ашылған күйі таң атқанша тырп етпеді.

Түстен кейін жұмысқа меңгеруші келді. Жасы қырықтарға келген, мінезі шадырлау, арық, көсе кісі болатын. Менің ұйқыдан қажыған түрімді көріп:

– Немене, әлі түнгі кезекшілікті ешкімге бермей жүрсің бе? – деді. Оның сөзі сұрақтан гөрі менің ісімді құптайтын ризашылық секілді бірденеге ұқсайды. Сондықтан мен:

– Саламатсыз ба? – дегеннен басқа ештеңе айтпадым.

– Фанатизм жоқ жерде ұлылық та жоқ, – деп көсемсіді ол.

– Сізбен сөйлесетін маңызды бір шаруа болып тұр.

– Қандай шаруа?

– Айрықша бақылаудағы Бірімжанова Алманың жағдайы өте ауыр. Тезірек амал жасау керек.

– Қалай, қалай? – деді меңгеруші көздерін жыпылықтатып орындыққа отыра беріп.

– Қазір ауру кризис үстінде. Қызды қатерлі приступтан құтқару үшін, оң қолдың саусақтарын, болмаса тіпті тұтастай өзін операциямен алып тастау қажет...

Мен өзімнің бұл пікірімді меңгерушіге бұдан бұрын да айтқан болатынмын. Сондықтан ол бұл ойдың өзіне жаңалық емес екенін білдіріп, кіржиіп жауап бермей, біраз отырып:

– Ол былай ғой... – дей бергенде:

– Жоқ! – дедім тағы да сол өзіме беймәлім өлермендікпен.

Ол менің бетіме таңырқай қарады. Содан кейін жүзімнен әлдебір маңызды бірдеңе ұққандай болып, үндемей қалды.

– Мен, мінеки, бірнеше ай бойы қатарынан көз жазбай бақылап келемін, – дедім жүрегім дүрсілдеп, дегбірімнің қашып тұрғанын сездірмеуге тырысып. – Басқа ешқандай амал қалған жоқ... Егер олай жасамасақ, осы екі-үш күннің ішінде қыздың өзін-өзі өлтіріп тынатынына кепіл боламын... (Меңгерушіге әсер ету үшін, осы сөзді айтуын айтсам да, бойымның әлденеге дір ете қалғанын, әлгі сөзді бекер айтқанымды түсіндім. Кейде адам тағдырына кездейсоқ, қапияда санаңнан тыс айтылған сөздердің әміршілік ететіні бар ғой). Түсінемісіз, басқа ешқандай амал жоқ... – Меңгерушінің үндемей қалғанынан сөзімнің құлаққа кіре бастағанын сездім.

– Сіз операциядан кейін қызды құлан-таза жазылып кетеді деп ойлайсыз ба? – деді маған көзінің қиығымен қарап.

– Мен олай деп үзілді-кесілді айта алмаймын. Бірақ біз ең алдымен адамды бүгінгі ажалдан алып қалуымыз керек. Ертеңгісін содан кейін көреміз. Сіз маған сеніңіз. Мен аурудың қасында күні-түні болып, азабын қатар көріп келе жатқан адаммын...

Меңгерушінің кіржиген жүзі жұмсара бастады.

– Ата-анасының келісімінсіз бәрібір ештеңе істей алмаймыз, – деді сонда да келісе қоймай.

– Ата-анасы емес, алдымен өзінің келісімі керек. Әрі-беріден соң қалай болса да жасау қажет. Өйткені аурудың жағдайын олардан гөрі біз, оның ішінде мен жақсы білемін.

– Жарайды, – деді меңгеруші маған тура қарап. – Бірақ ертең обходта өзім қарап шығамын. Содан кейін кеңесейік...

Менің жүрегім лүпілдеп қоя берді. Мен сол сәтте-ақ ертеңгі обходқа дейін операцияға Алманы қалай көндірерімді, меңгерушінің алдында қалай болып көрініп, сұрақтарға қалай жауап беру керек екенін үйретететінімді елестетіп шықтым.

Бірақ оған бұл жайды қазір айтқым келмеді. Түнгі ұйқысына кесел болар деп ойладым. Ертең ертерек кіріп, бәрін түсіндірем...

Аурулар тыныш мезгілден кейін, сағат 5 шамасында сыртқа серуенге шықты. Мен Алманы беседканың ішінде кітап оқып отырған жерінен таптым. Бетіме қарап күлді.

– Көзің қызарып кетіпті ғой.

– Әшейін ғой...

– Бар да ұйықта.

– Ештеңе етпейді...

– Ештеңе етпейді емес, ұйықтайсың! Сен не, менің тілімді алмайсың ба?

Мен Алманың бетіне қарадым. Тағы да оның жанарынан ескен жанға жайлы, ғажайып, жылы ағынды сезіп тұрмын.

– Неге алмайын, – дедім маңайдағыларға естірте күліп. – Қашан алмадым.

– Ендеше бар да ұйықта, – деді Алма түсін қайтарып. – Бүгін жақсымын, ештеңе етпейді. Үйіңе бар. Таңертең келесің ғой...

– Таңертең айтатын бір маңызды шаруа бар.

– Иә, таңертең айтарсың.

Мен Алманың бөлмесіне барып, киім салынған сөмкемді алдым.

Кешкілік ұзақ уақыт ұйықтай алмадым. Меңгерушінің көне қалғанына таң қалдым. «Өзін-өзі өлтіріп тынатынына кепіл боламын» деген сөз есіме түсті. Бәлкім, осы сөз әсер еткен болар. Әйтпесе кесіп алса, қан шықпайтын кесір адам ғой...

Алманы алдымен оң қолының саусақтары жоқ күйінде, одан кейін тұтас бір қолы жоқ күйінде көз алдыма елестеттім. Түк те жоқ. Керемет сұлу. Қыстыгүні пальтосымен жүргенде тіпті білінбейді. Протез салдырамыз. Сол қолымен жазып үйренеді... Жоқ-жоқ! Тіпті ешқандай протез салдырмаймыз. Сол жалғыз қолымен-ақ бүкіл халықтың көзінше көшеде жүруге болады. Оны жасыруға болмайды... Соңғы шешім өзіме қатты ұнады. Дәл солай жүру менің жүрегімді шынайы таза сезімге, жылылыққа бөлейтін секілді.

Өмірдегі сәттілік өте сирек нәрсе. Ол жұрттың бәріне бірдей жете бермейді. Бірақ ең үлкен жалғыз сәттіліктен кейін, қалған сәтсіздіктің бәріне де төзуге болады. Қиыншылықты жеңудің ең бір үлкен құралы – төзім. Төзе білсең, барлық азап атаулының жүзі мұқалып, майырылып, өтпей қалады. Мәселен, біреу мойныңа 10 кг тас байлап қойса, 20 кг тас байланбағанына шүкіршілік қылып, жаңағы күйіңді бақытты халге айналдырып жіберуге болар ма еді. Әрине, болады. Сондықтан қазір қандай ауыр жағдайдан да әлгі жолмен құтылып кетуге болады. Ол үшін тек тіршілік керек. Тірлік керек... Қол деген немене?.. Қол деген түк емес...

Рас, дүниенің бәрі адамның қолымен жасалады... Бірақ зұлымдық та адамның қолымен жасалмай ма?.. Зұлымдық жасайтын қолды тез кесіп тастамаса, болмайды... Тез... кесіп тастау керек... Тез...

Мен таңертең ерте ояндым. Кешегі оқиғаны, түнгі ойларымды еске алғанда ұйқым бірден шайдай ашылды.

Таңертеңгі асымды шала-пұла ішіп, ауруханаға келдім. Сыртқы қақпаның күзетшісі әлі ұйықтап жатқан болар деп ойлап, қағуға оқталып едім, бірақ ашық екен. Есік алдында әлдекандай машина тұр. Ішке кіріп, екінші қабатқа көтерілгенде қызметке менен де бұрын келген әлдекімдердің дабырласқан дауыстарын естідім. Мен шкафтан халатымды алып кидім. Әлдеқайдан меңгерушінің қарлыққан даусы шығады. Бұл неге ерте келген?! Шошып қалдым. Жоқ, түк те жоқ. Обходқа дейін бәрібір араламайды... Оған дейін үлгеремін ғой... Пердемен бөлінген кабинеттен сестра әйел шығып, телефонға жармасты. Мені көріп, басын изеді.

– Анда бардың ба? – деді телефон нөмірін айналдырып жатып.

– Қайда?

Сестра менің бетіме таңырқай қарады да, трубкасын қоя салып:

– Ана қыз өліп қалды ғой,– деді ақырын ғана.

Жүрегім аузыма тығылды. Демім бітіп, жағамды ағыттым. Әлгі сөзді естіген сәтте көңілімнің түкпірінде осы жаманатты білгендей, осылай боларын сезгендей бір түйсік пайда болды. «Біліп ем ғой, осылай боларын сездім ғой... Сездім ғой...» «Өзін-өзі (япыр-ау) өлтіріп тынатынына (ұйып қалған шекемді ұстадым) кепіл боламын...» (Мен екем ғой өлтірген... Мен ғой...) Бөлменің ішіне қалай кіргенім есімде жоқ. Үш-төрт дәрігер бар екен.

Төсекте шалқасынан жатқан Алманы көрдім. Аузынан тілі шығып, көзінің қарашығы төңкеріліп кеткен. Түрінен қатты қиналғаны көрініп тұр.

Жақындап келіп, білегін ұстадым. Суып кетіпті. Тамағында көкпеңбек қолдың ізі. Оң қолы кеудесінде жатыр. Өлгеннен кейін ажыратқан болу керек.

«... Кепіл боламын... кепіл боламын... өлтіріп тынатыны...»

«Айттым ба? – дейді біреу ішімнен. – Айтқаным келді ме?..» Мен жыламауға тырыстым. Есірік күйде:

– Болды енді, холодильникке апару керек, – дедім дауыстап, не айтып тұрғаныма өзім түсінбей.

Кешке өлікті ата-анасы алып кетті. Келесі күні жерлеуге қатынастым...

* * *

Ол әңгімесін аяқтап, сигарет тұтатты.

– Сыра ішіңіз, – дедім ұзақ үнсіздіктен кейін. Сөзді басқа бірдемеге аударғым келді. Бірақ ауа райының ыстығынан да, газет бетіндегі саяси хабардан да, қарсы бетте отырған бикештердің түр-сипатынан да әңгіме өрбімеді.

– Сырасы ескілеу екен, – дедім, түсіп қалған этикетканың жазуына үңіліп.

Ол үндеген жоқ.

Ашық кафе ішінде сыра іздеушілер қаптап кетті.

– Рұқсат етіңіз, – деді даяшы қыз лангет пен шанышқы, пышақтарды алдымызға қойып жатып. Содан кейін сыралардың аузын ашты.

Мен өзімнің пышақ ұстап тұрған оң қолыма үрейлене қарадым.

ЖАТ ПЕРЗЕНТ

Мен өте кекшіл адаммын, дұшпандарымды кешіре алмаймын. Бұл мінезімнің дұрыс, бұрысын таразылап көргенім жоқ. Әйтеуір кісіден көрген қысастық әлдебір табиғи кері қысастыққа, есе қайыруға итермелейді.

Өзіммен бір мекемеде істейтін Рүстемнің маған жасаған қиянатынан кейін, үнемі осы бір өшпенділік сезімнің жетегінде жүрдім. Рүстем бізге жақында ауысқанмен, өзін бұрыннан білетінмін. Сәлеміміз түзу болатын. Бірақ сол Рүстем біздің бөлімнің жұмысын жиналыс үстінде қатты сынап, қызметінің артықшылығын пайдаланып, маған сөгіс бергізді де, содан кейін барып, оның бітіспейтін жау екенін және ашық жау емес, ең мерез, іштен кірген жасырын жау екенін ұқтым. Қайтып екеуіміз амандаспайтын болдық. Бір-бірімізді байқамағансып, үн-түнсіз өтіп бара жатқанда мені «сенің жасаған оңбағандығыңнан ештеңем кетпес, бірақ ит екеніңді білдім, енді сенің бар, жоғың маған бәрібір» деген шарасыз кекесін билейтін. Ал оның жүзінен «қағып құлаттым, бір де нөл – менің пайдамда» деген тоқмейіл тоят нышан сезіледі. Сол себепті оның бүкіл болмысы – сіңір денесі, сызданған жұқа, әдеміше бет-пішіні (әдемішелерді жаным жек көреді), киген киімі, іші тар, қытымыр адамдарға тән тұғжиған жүрісі – бәрі-бәрі жүйкемді тырыстырып, шайтанымды ұстатады. Және көрген сайын әзәзіл сезім өршеленіп, өзімдей адамға қарсы ештеңе жасай алмай жүргеніме қор-

ланып, намыстана түстім. Мен іштей кек алудың әртүрлі жолдарын іздестірдім. Оңдырмай сөзден жығу, иттігін бетіне басу немесе бастық болып жоғарылап, қарамағымда істейтін кіріптар қызметші қылу, содан кейін біржола жұмыстан қуып жіберу немесе өзімнің ақыл-ойыммен, мәдениетіммен, парасатыммен оны таң қалдыру, артықшылығымды мойындаттыру т.с. мақсаттармен бірге, амандасқанда қолын қысып жіберіп, бақырту, төбелеске шақырып, ұрып жығу секілді ақылға сыймайтын шалағай бала қиялдар да жүрді көңілімде. Оған қоса менің кегім осының бәрі орындалғанда емес, ол тек маған жасаған қысастығы үшін бармағын шайнап, өкінгенде ғана қайтатынын сезем. Әйтпесе басын кесіп алсаң да, көңіліңде қайтпаған кектің ұшқыны қалып қоятын секілді.

Бірақ кек алудың реті келмеді. Ол үнемі менің жанымнан «бір де нөл» деп, мұқатқан, тоят нышанымен өтуін қойған жоқ. Мен де көрген сайын тісімді қайрамай тұра алмадым. Және ішке түйген мақсатымнан қайтпадым.

Жұрт дұшпаннан кек алуды кассир әйел жеген ақшаңды қайтарып алғандай есе қайыру деп түсінеді. Мәселе еседе емес, ләззатта. Кек алудың ләззаты, бәсеке жеңістің ләззатынан да тәтті. Өзіңнің бар екеніңді, рухани өмір сүріп тұрғаныңды дәлелдеу ғой – бұл. Сондықтан мен Санжардың әйелінің аман-есен босануын ынтызар болып, асыға күттім. Әрине, ол әйелдің босанғанынан маған келіп-кетер түк те жоқ. Ең маңыздысы – біздің ұжым шілдеханаға тегіс күні бұрын шақырылған болатын. Ендеше Рүстеммен үстел басында кездесетін күн туды. Шілдехана біздің ұрыс алаңымыз болмақ. Мен жекпежектің әртүрлі варианттарын ойластырдым. Мен бұлай дегенде, ол олай дейді, ол олай дегенде, мен солай деймін, ол тағы да олай дейді, сол кезде былай деймін де, ол мойнына су кетіп, жағын ашпай отырып қалмақ т.с.с.

Әйелдерімізді қолтықтап, сенбі күні кешкі сағат жеті жарым шамасында Санжардың үйіне келдік. Санжар іс жүргізу бөлімінде істейтін ақжарқын, ашық жігіт. Құрақ ұшып, әйелдердің сырт киімдерін іліп, орысша әзіл-мақтау айтып, кешіккенімізге өкпелеп, бәйек болып жүр.

Әйелдер күйеулерінің қолтығынан ораулы туфлилерін алып киді. Айнаның алдында ұзақ тұрып, шаштарын

жөндеді. Коляскада құндақтаулы жатқан қызыл шақа баланы қаумалап, кімге тартқанын айтып, таласты. Одан кейін босанған әйелдің жанына барып, жағдайын сұрап, өздерінің қай балада қалай болғандықтарын естеріне түсірді.

– Дастарқанға отырыңыздар, – деді Санжар қонақтарға қарап. – Кісілер келіп болды, енді отырайық.

«Барынша салқынқанды, сонымен бірге көңілді болуым керек, – деп пысықтадым өзімді. – Оны тіпті адам екен деп есептемейтіндігімді білдіруім керек».

Орындықтарды дүбірлетіп, қайда отырарымызды нақты айыра алмай, әркім кішіпейіл көрінгісі келіп, бірінбірі жоғары ұсынып, ырғасып аз-кем тұрып, ақыры реттесіп, үстелге жайғастық. Бірақ осы тұста ойластырған жоспарымның бәрі де тас-талқан болды. Рүстем келмей қалыпты.

– Рүстем бір тығыз шаруамен ел жағына жүріп кетіпті, – деп түсіндірді Санжар. – Ал мынау отырған – сол кісінің жұбайы Зәуреш.

Мен тоқыма қызыл көйлек киген, жанары кең, әлденеге қабағын түйіп алған аққұба келіншекке қарадым. «Иә, – деп ойладым – безбүйрек болғанмен, аузының салымы мол жігіт. Өзіне ыңғай сәті келе кетеді. Тіпті, әйелі де сұлу, көрдің бе...»

Осыдан кейін мен Рүстем туралы біржолата ұмытып, қарсыда әйелдерге естіртпей, сыбырлап анекдот айтып отырған Сайлауға құлағымды тостым. Сайлау анекдотты өте шебер айтады. Сондықтан қанша тыңдасаң да жалықпайсың. Біз гу ете қалғанда әйелдер де ынтығып, «бізге де айтшы, о не?» десіп, Сайлау құлақтарына сыбырлағанда жалаңаш біреуді көріп қойғандай беттерін басып, қысыла күліп, әйтсе де естігендеріне өздері өкінбейтін раймен ашық-жарқын қымыңдасып, мәз болып қалады.

Нәрестенің бауы берік болуы үшін әлденеше тост көтерілді. Кеш қыза түсті. Осы кезде белгілі әдетімен:

– Қайтамыз, – деп сыбырлады әйелім. – Басым ауырып тұр. Мана келмей-ақ қояйық деп едім. Сен ғой болмаған.

Мен үндегем жоқ. Рюмканы қағып салдым да, айрықша ықыласпен қияр шайнауға кірістім.

– Саған бәрібір менің не болғаным, – деді дәл құлағымның тұсынан. – Өзің сау болсаң болды, өзіңнен басқа ешкімнің керегі жоқ.

Мен тыжырынып отырып, келесі рюмканы қағып салдым да, минералды су ішіп, жан шақырдым.

– Ешқашан да маған жаның ашып көрген емес, – деген зәрлі сыбыр келді құлағыма.

Тамада үзіліс жариялап, үстелден тұрдық.

– Кәрім, – деді Сайлау жаныма келіп, – жұрт тараған соң, қаласың ба?

– Неменеге?

– Картаға.

– Біз қайтатын шығармыз, – дедім мен әйеліме қарап. – Бәйбішенің басы ауырып тұр.

– Тоқта, ей, – деді қуанып кеткен Сайлау. – Біздің Томаның да басы ауырып, қайтам деп отыр. Біздікі мына жерде – келесі үй. Сонда барсын. Апарып салайық, а?

Мен сұраулы жүзбен әйеліме қарадым. Әйелім «мейілдерің» дегендей ықылассыз қабағын керді. Біз киініп шығып... әйелдерімізді шығарып салдық.

– Қашан келесіңдер? – деді Сайлаудың әйелі.

– Кешікпеспіз. Әлі біраз уақыт бар ғой, алаңдамаңдар.

Қайтып келгеннен кейін, карта ұйымдастырудың қамына кірісіп ек, Санжар «тойдың шырқы бұзылады» деп рұқсат бермеді.

Амалсыздан үй ішіндегі жиһазға, әйелдердің киіміне, аядай жерде билеп жүрген бірлі-жарымды жұптарға қарап, отырып қалдық.

– Алып жіберейік, – деді Сайлау рюмкаларға тездете құйып. – Бол!

– Ішу үшін...

– Құп!

Рюмканы орталай ішіп, сигарет тұтаттым. Көкшіл түтін арасынан Рүстемнің сұлу әйелін көргенде, жыным қайта қозды. «Подлец! – дедім ішімнен Рүстемнің бет-жүзін елестетіп. – Карьерист! Мелочник! Сен кімсің! Ақымақсың! Жаманшылықтан басқа ойлайтының жоқ. Бүгін болғаныңда көрсететін едім. Сен аяқтан шалып құлатуың мүмкін, бірақ аяқпен істес болған соң, үнемі аяқтың ас-

тында жүресің. Ұқтың ба?! Ұсақсың! Сорлысың! Вот, кто ты такой!... Иттің жолы болғышын қарашы! Әйелі де сұлу...»

Кенет менің басыма бір таңғажайып, зұлым ой келді. Бірақ әлі толық өсіп, еркімді билеген жоқ. Көңіл түкпірінен жасырын оянып, өзінің бар екенін ғана білдіріп жатыр. Рүстемнің әйеліне жайлап тағы қарадым. Төбесіне қадаған шиньены да өзіне жарасып тұр. Ұшы сүйірлеу келген мұрнының қыры ерекше түп-түзу. Ашық қоңыр көздерінің қиығымен қабағын түйіп қарайды. Қабағын неге түйетініне түсінбедім. Жанарымыз түйісіп қалып еді, көзі тым өткір екен. Ештеңеге қызықпайтын бір салмақтылық бар. Онысы маған ұнаған жоқ.

– Дастарқанға! – деді тамада.

Ет келді. Рюмкаларға арақ-шарап қайта құйылды. Кенжебек сөз алып, әңгімені Санжар екеуінің танысқан күнінен бастап, одан әрі оның мінезіне, жүріс-тұрысына, ұжым арасындағы беделіне тоқталып, баяғыда алған үйіне құтты қоныс айтуды да ұмытпай, одан баланың адам өміріндегі маңызына қадалып, Санжардың әйеліне келгенде «Салиқа» деудің орнына қайта-қайта «Сағила» деп жаңылысып, ақыры «баланың өмір жасы ұзақ болсын» дегенді аузынан әрең шығарып, тост көтертті.

Әлден уақытта әлдекім ән айтайық деген ұсыныс жасады. Көршілердің біреуінен домбыра әкелінді. Әуелі шеттен жағалауға ұйыған келісім тым ретсіз қыстау болып табылған соң, домбыра өнері бар адамдарға таңдап беріле бастады. Мен танымайтын бір әйел майда жұмсақ үнмен «Мақпалды» айтты. Сайлау үнін құбылтып, әртүрлі әртістердің даусына салып, бірнеше ән орындады. Одан кейінгі кезек маған келді. Мен де айтатынымды алдын ала ойластырып қойғам. Жұрттың дабырын пайдаланып, ішімнен ыңылдап, ең жоғары даусымды белгілеп алдым да, операдағы әртістерше құшырланып, «Алтыбасарды» бастадым. Бұл ән менің ішкі көңілімнің ешбір әуен дарымайтын түкпірлеріне бойлаушы еді. Сондықтан мен әлде жан ашуы, әлде күйініш айқайы – ашынған ащы үннен басталатын «Ей, қалқаны» созғанда дирижерлық еткелі тұрғандай, қолымды жайып орнымнан тұрдым.

Шынында да, мен бұл әннің көп жерлерін өзімше орындаушы едім. Мұңды сазбен астасып келетін, жұлқынған айбат сезімді... «сенен, сәулем, қайтқан түні» деген жерде одан сайын ширықтырып, «әніне бір басайын Алтыбасар» тұсында екпінді азайтып, зарға ауысамын. «О-о-о» деген ырғақта өзек өртеген өкінішті әбден шыңына шығару үшін, итальяндық арияларды орындап тұрғандай дауысыма әдейі мұңды жарықшақ енгізіп, қайырмасынан бұрынғы «хала-ла-ны» ашынған күйде шапшаңдатып әкетемін. Өйткені әннің мінезін беруді бірінші мақсат тұтамын. Әдемілік содан кейін. Ал қайырма тұсында менің отырған жұртты өзіме қосып алатын әдетім бар-тын. Бірінші шумағының қалай шыққанын толық айта алмаймын, ал екінші шумағы басталғанда өзімнің әнді тәп-тәуір айтып тұрғанымды сездім. Сездім де мүлде еркінсіп кеттім. Өйткені бұдан кейін көзіңді қалай ашып-жұмсаң да, өзіңе жарасары хақ.

Қайырмасына келгенде қосылыңдар деген ишаратпен басымды изеп, қарсыда отырған Рүстемнің әйеліне қарадым. Қарадым да... Рүстемнің сұлу келіншегі әлде таңыркау, әлде ризашылық – мүлде мен көрмеген бір жаңа жұмсақ жылы шыраймен аңтарыла қарап қапты. Әннен жаңыла жаздап барып, аяқтап шықтым. Шуылдап кеткен қошеметшілер алда-жалда күн туа қалса, менің әншілікпен-ақ күн көретін шамам барын, қайсыбір әншімін деп жүргендерден көш артық екенімді жыр қылып, артынан мені ұмытып, тек әннің құдіретін айтып, таңдайларын қағып, гуілдесіп, тоқтай алмай жатты.

Көп ұзамай өзімнің қызып қалғанымды білдім. Бірақ санам айқын. Жаңға жайлы еркіндік пен батылдық, біртүрлі беймәлім қуаныш бойымды билейді. Енді қызулыққа арқа сүйеп, Рүстемнің әйелін көзбен тінте бастадым. Әбден арсызданып алғаным сонша, ойша шешіндіруге кірістім. Көңілімнің түбінен әзәзіл сезім бас көтеріп: «Міне, кегің қайтты, жеңу деген осы, осы» деп тұрған секілді. Егер менің осы бір зұлымдық ойым іске асып, оны Рүстем білмей кеткеннің өзінде де, енді мен оның жанынан ешқашан да шарасыз халде өтпейтінімді, ішкі қорлықтан, өз көңілімнен азап шекпейтінімді сездім.

Кенет:

– Менің ән тыңдағым келеді, – деді Рүстемнің әйелі.

– Қай әнді айтасыз, – дедім жұлқынып.

– Маған бәрібір.

Мен кідірмей «Қорланды» бастадым...

Жалпы әрбір ірілі-ұсақты оқиғалар – той, қонағасы, кездесу, тағы-тағылар өз алдына бөлек-бөлек кішкентай өмірлер. Әр өмірдің өзінің басталуы мен аяқталуы, қайшылығы мен бәтуасы, басты және қосалқы кейіпкерлері болады. Аяқ астынан бүгінгі қонағасының басты кейіпкері мен болып шықтым. Әркім сөйлеген сайын ретін тауып, менің әншілігіме тоқталмай кетпеді. Біреулер мені өмірде де теңі жоқ, жайсаң етіп шығарды. Менің түкке тұрмайтын қалжыңым отырған жұртқа терең де өткір болып көрінді.

Зәурештің де жүзіндегі бағанағы паң мінезден ештеңе қалмапты. Мен қарасам, өзімнің айнадағы бейнем секілді бетіме қоса қарайды. «Аһа, – деймін ішімнен, Рүстемді ойша алдыма әкеліп, – қалай екен!?»

Рүстемнің жүзі маған аянышты болып елестейді.

Әлдекім пластинка қойды. Мен тағы да еркінсіп, әйелдерді кезек-кезек биге шақырып, иықтарына білегімді қойып, шаштарынан сипап, қылжақтай бастадым. Менің дөрекі қимылымның бәрі өзгелерге әйел затына үстемдігі бар, жырынды еркектің жалпыға ортақ еркелігі болып қабылданды.

– Мен жайырақ сізді шығарып саламын, басқа біреуге еріп кетіп жүрмейсіз, – дедім Зәурешке би үстінде.

– Мен өзім де бара аламын, жанымда...

– Қарсы сөз айтқанды суқаным сүймейді, – дедім сөзін аяқтатпай.

Зәуреш бетіме таңырқай қарады.

Биден кейін қызып алған Санжар ұйықтап қалған кішкентай қызын оятып алып, пианино тартқызды. Сайлау студент кезіндегі бір «қожанасыр» құрбысының әңгімесін айтып, ішегімізді қатырды. Ақыры өстіп отырған әп-әдемі тойдың шырқын Санжардың өзі бұзды.

Алдымен ол Сайлауға:

– Осы әңгіменің бәрінде мені мазақ қылып отырсың, – деп күдіктенді. Одан кейін ішпей отырғандарға:

– Менің үйімде кекіреймей, кісімсімей отырыңдар, әйтпесе кетіңдер, – деп ұсыныс жасады. Әйелінің айтқан басу сөзіне шамданып, өзінен басқа тірі жанды тыңдамайтынын, әйелінің сөзіне түкіргенін, тіпті туып жатқан баланы да керек қылмайтынын, өзімен қалжыңдасудың қауіпті екенін айтып, дәлелдеді. Қонақтар бұдан кейінгі отырыстың мәні жоғын түсініп, киіне бастады. Санжардың мың мәртебе кешірім сұрап, қиылған әйеліне ондай-ондайдың бола беретінін әрең түсіндіріп, сыртқа шықтық. Мен бірден Зәурешті қолтықтап алдым.

– Транспорт тоқтап қалды, – дедім маңайдағыларға естірте дауыстап, – жалғыз жүру қауіпті. Мен сізге серік болайын.

Зәуреш үндеген жоқ. Қараңғы бұрышқа келгенде айшайға қарамастан, құшақтай алып, ерніне сүлікше қадалдым. Менен тап мұны күтпеген Зәуреш алғашқыда тыпыр ете алмай қалды. Артынша жұлқынып, құшағымнан босанды да, жағымнан тартып жіберді. Мен Зәурешті тағы да құшақтай алдым.

– Ұра бер жағымнан, бәрібір мен сені жібермеймін. Сен маған ұнайсың, – дедім ентігіп. – Егер ұнатқаным үшін кінәлі болсам, ұнағаның үшін сен де кінәлісің...

– Жіберіңіз, – деді ол тағы сүйе ме деп қорыққандай басын төмен тұқыртып. Жібердім. Екеуіміз де үнсіз келеміз. Көшеден анда-санда өткен түнгі таксилерден басқа тіршілік белгісі білінбейді. Зәурештің қолынан ұстадым. Ол қарсылық білдірмеді, тек бетін бөкебаймен бүркеп алды.

Бөтен біреудің әйелінің осылай қолынан емін-еркін ұстатып қойып келе жатқаны маған әрқилы әсер етті. Әлдекімнің қылмысының үстінен шыққандай немесе жалпы адам баласының табиғатындағы осы уақытқа дейін бір-бірінен жасырып келген бір құпиясының бетін ашқандай таңырқау әрі шошыну секілді бір сезімдер биледі. Мен енді қолайлы орынды да таңдамастан, көшенің қақ ортасында тұрып, Зәурешті құшақтай алдым. Ол жабыса түсті. Осыдан кейін-ақ арамыздағы қатынас мүлде өзгеріп сала берді. Оның жүзіндегі бүкіл кеш бойына мызғымай қойған сабыр мен тәкаппарлық желге ұшқандай жоқ бо-

лып, оның орнында жеңіле, мойынсына қараған ынтызар тілек қана қалыпты.

– Біздің үй мынау, – деді ол бес қатарлы қоңыр үйді көрсетіп.

Беседкаға келіп отырдық.

– Ұнайсың, – дедім бетіне бетімді тигізіп.

– Мен сені сұмдық сүйем ғой, – деді ол бетіме күлімдей қарап. Кекетіп айтып тұрғанын сездім.

– Адам қандай қызық, – дедім оның сөзіне мән бермеген болып. – Мен сені өмірімде көрген жоқпын, не атыңды естіген емеспін. Тек бүгін көріп отырмын. Бір сүйістен кейін-ақ, мінеки, мен сені баяғыдан білетін секілдімін. Көзқарасың да, тілегің де, ойың да – бәрі-бәрі түсінікті.

– Дүние тану құралың сүйіс болды ғой...

Мен қарқылдап күліп жібердім.

– Т-с-с-с... – деді ол қолын аузына апарып. – Біреулер байқап қалып жүрер.

Жоғарыдан терезенің салдырлаған дыбысы естілді.

– Жүр, ішке кірейік, – деді Зәуреш сыбырлап. Қараңғы дәлізге кірдік. Ол қалтасынан кілтін алып, есік ашты.

– Кірмейсің, – деді маған бұрылып. – Қызым бар. Ертең кешке сағат 10-ға қарай кел.

Ішке кіре берген оны дәл табалдырықта тұрып, құшақтап сүйдім.

Келесі күні түнгі сағат 10-да Зәурештің үйіне келдім. Зәуреш мені есік алдында күтіп алды.

Екеуіміз қараңғы көшеде сенделіп ұзақ жүрдік. Кенет:

– Жүр, бір жерге барайық, – деді Зәуреш есіне әлдене түскендей.

Таксиге отырдық. Зәуреш машинаны қаланың шетіндегі бір жеке меншік үйдің алдына тіреді. Таксиден түсіп алып, ағаштың тасасында әрі-сәрі тұрып қалдық.

– Жолдас қыздың үйі, – деді ол менің түймемді шұқылап. – Ұялып тұрмын... Не дейміз?

– Күйеуім де.

– Біздің отбасын біледі ғой.

– Онда...

– Рүстемнің інісі дейін бе?..

– Мейлің...

– Жоқ, болмайды, – деді ол қобалжып. – Құрысыншы кетейік...

Ақыры тағы да такси ұстап, қайтадан Зәурештің үйіне келдік. Зәуреш тағы да табалдырығында тұрып:

– Ертең сағат 10-да, – дейді сыбырлап.

– Сүйесің бе? – деймін сыбырлап.

– Сүйгенде қандай! – дейді кекетіп.

Ертеңіне жұмыстан кейін, кафеде отырып сағат 9.30 болуын күттім. Бұл жолы да Зәуреш есік алдында қарсы алды.

– Бүгін кіруге болады, – деді құпия жымиып.

Үйге кірген соң, әлгінде сатып алған коньягімді шығарып, үстелге қойдым.

– Керегі жоқ, – деді Зәуреш қабағын тыржитып. – Күнәні бәрібір арақпен жуа алмайсың. Керегі жоқ... Менің басым ауырады. Жүр, ас үйден шай ішейік.

Шай ішіп отырғанда менің көңіліме әлдеқалай үйге Рүстем кіріп келмес пе екен деген үрей келді. Бәлкім, кіріп келер. Кім білген, әдейі әйелін сынау үшін, не басқа бір жұмыспен аяқ астынан іссапарын тастап, жетіп келуі мүмкін ғой.

Шай ішіп болып, сигарет тұтаттым.

– Отыра тұр, мен қазір... – Зәуреш орта үйге кіріп кетті.

«Коньяктан бір рюмка тартып алғанда жақсы болатын еді, – деп ойладым, – сонда жеңіл болар еді».

Әлден уақытта орта үйден Зәуреш шықты.

– Жүр, – деді қолымнан ұстап.

Бөлмеге кірдік. Шамын сөндіріп тастапты. Ас үйдің жарығынан еденге салған төсек аппақ болып көрініп тұр.

Мен Зәурешті құшақтап тұрып, бір қолыммен халатының түймелерін ағыта бастадым. Былайша талдырмаш көрінгенмен денесі тығыз екен.

– Енді келме, Рүстем біліп қалса, екеуімізді де өлтіреді, – деп алқына сыбырлаған Зәурештің үнінен есімді жиып алдым. Осы сөз менің бағана шай ішіп отырған кездегі үрейімді қайта әкелді. Маған, шынында да, оның біліп қалуы әбден мүмкін көрінді. Егер біз осы ісімізді бұдан әрі жалғастыра берсек, ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір күні біліп қоюы айдан анық қой. Содан кейін

осы кезге дейінгі ақыл-санаң мен маңдай теріңді сарп етіп келген бүкіл өміріңнің тұнығы бір-ақ сәтте тас-талқан болады. Ал оны сонау ту бастан ерінбей-жалықпай қайта құруға төзімің жете ме, төзімің жетсе, ғұмырың жете ме? Бір сәтте бәрін бүлдіру... Қандай қорқынышты!

Құмарлық сезімі лапылдаған менің бойымды үрей лезде салқындатты. Телефон шалдыр ете түскенде, мен селк ете қалдым. «Түн ортасында неғылған телефон?!.»

Зәуреш халатын жамылып, телефонға барды. Нөмірді шатастырып, қате түскен біреу екен. Зәуреш қайтып келіп, көрпеге кірді.

– Жүрегің тарсылдап тұр ғой, – деді басын кеудеме салып. Рүстемді айтып, менің үрейімді ұшырғанымен, өзі әлі сабырлы секілді.

Мен кетуге асықтым. «Осымен тоқтату керек! Тоқтату керек!» Үн-түнсіз киіне бастадым. Зәуреш жаққа қарамауға тырыстым. Киініп болып, дәлізге шықтым. Зәуреш халатын жамылған күйі алдыма келіп, бетіме қарады. Жайпақ тәпішкемен тұрғандікі ме, маған ап-аласа секілді көрінді. Зауқым болмаса да, ренжіткім келмей, құшақтап, ернінен сүйдім.

– Сау бол!

Зәуреш пойызға шығарып тұрғандай қолын бұлғады. Сыртқа шығып, Зәурештің үйінен екі-үш көше ұзаған кезде бағанағы үрей басылды. Енді ешкім әлгінің бәрін мойныма қиып сала алмайтындай көрінді. Оның орнына әу бастағы «Рүстемнен кек алу» туралы ой қайта оралып, сол ойдың күні бұрын болжап білгендей, мүлтіксіз орындалуы мені қайран қалдырды. «Осымен тоқтату керек...». Бір сәтке әйеліме деген аяныш сезімім оянды. Тезірек жетуге, кешіккеніме кешірім өтініп, әңгімелесуге, еркелетуге асықтым.

Мен Зәурешке енді қайтып бармасқа бекіндім. «Енді келме, Рүстем біліп қойса, екеуімізді де өлтіреді», – деген сөз магнитофонға жазып алып, қайталатқандай ішімде сайрап тұрады. Екі күннен кейін Зәуреш телефон соқты. Мен оның тағы да кездескенімізді қалайтынын естіп, қайран қалдым. Баяғы үрей көңіліме қайта оралды.

– Жоқ! – дедім үзілді-кесілді. – Енді бара алмаймын. Ұмыт. (Сөзімнің соншалықты дөрекі шыққанын сезіп

түрмын). Маған да оңай емес. Бірақ бәріміз де жағдайға бағынамыз.

Арада айдан астам уақыт өткенде Рүстем тағы бір шаруамен іссапарға кетті де, аяқ астынан көңілімнің түкпіріндегі Зәурешке деген сезімім (қандай арсыздық) қауіптің жоғын біліп, қайтадан ояна бастады. Ең болмағанда хабарласуға болады ғой деген шешімге келдім де, түс шамасында үйіне телефон соқтым.

Зәурештің даусы маған ашулы көрінді.

– Бұл кім?

– Мен ғой, – деймін құпия, жұмсақ үнмен.

– Мені кім?

– Мен ше? Қалайша ұмытып қалдың?

Зәуреш таныды. Үндемей қалды.

– Халің қалай? – дедім үнсіздікті бұзып.

– Жаман емес...

– Түнде түсімде көрдім. (Өтірік айттым.)

– Сосын екен ғой телефон соғып тұрғаның.

– Тек ол емес... Сенімен жолыққым келеді...

– Жоқ! – деп кесіп тастады.

– Мен сені ұмыта алмадым, – дедім лирик актерлерше қамыққан, әлсіз үнмен.

Үндеген жоқ.

– Ұмытуға тырысқан едім... Сені, өзімді аяғандықтан... Сенің арыңа, абыройыңа кір жұқтырып алам ба деп қорыққандықтан. (Соңғы сөз менің өзіме де әсер еткен секілді.)

Үндеген жоқ.

– Неге үндемейсің? Әлде бәрі бекер болғаны ма?.. Қалайша?.. Әлде менің айтқаныма сенбейсің бе?

– Бәрі де өтірік, – деді ол ап-айқын етіп.

Мен бөтен біреудің атын жамылып сөйлеп отырып, шын аты ашылып қалған алаяқ секілді сасқанымнан жауап қайтаруға сөз таба алмай қалдым.

– Бәрі де өтірік, – деді ол бұрынғыдан да нығыздап.

Ұялған тек түрмас:

– Неге, неге? – дей бердім.

Телефонда ол да үнсіз, мен де үнсіз – екі минуттай тұрдық.

– Мен он күн бойына... – деп айтқысы келмей тұрғандай кідіріп қалды. – Сенің кірген, шыққаныңды күзеттім.

Он күн бойына сенің сыртқа кіммен шығып, кіммен кіргеніңді, қай асханадан түскі тамақ ішкеніңді сағатына шейін қалдырмай айтып бере алам. Мен ылғи аялдамада тұрған адам болып көрінуге тырысатынмын. Күттім... Рас... Қасыңа баруға арландым... Енді осы қорлық та жетеді... Қайтып мазамды алма!

Ойда жоқта бейтаныс табиғаттың үстінен шыққан жолаушыдай аңырып қаппын.

– А-а?! – деген беймағына дыбысымның қалай шыққанын сезбей қалдым.

Құлағымда үзік-үзік ызыңдаған телефонның үні қалды. Бұдан кейін де мен көшеде, автобус ішінде Зәурешпен кездесіп қалып жүрдім. Ол мені көргенде өзінің қуанып тұрғанын жасырмайтын. Шын ықыласпен сәлемдесіп, ақылды әйелдерге тән бір ұстамдылықпен жағдайымды сұрайтын. Ақыры бірте-бірте уақыт өткен сайын еш ілтипатсыз бас изесумен ғана өтетін болдық. Кейін олар қаланың басқа ауданынан үй алды ма, мүлде көрмей кеттім. Арадағы азғантай оқиға осымен біржола бітті. Мен анда-санда ішіп алып, бозбалашылық дәуренді ортаға салғанда есіме алып, жақын жолдастарыма атын атамай, мақтанышпен әңгімелеп беретінмін.

* * *

Әлдебір себеппен жол түсіп, мектеп алдынан өтіп бара жатқан бетім еді. Күннің ыстығынан таңдайым құрғап, шөлдеген соң, бұрыштағы су сатып жатқан жерге әдейі бұрылдым.

– Соңы кім екен? – дедім де, кезекте тұрған халықтың көптігін көріп, күтер-күтпесімді білмей, екі ойлы болдым.

– Мен боламын, – деді әлдекімнің сәл күшеніп шыққан қоңыр даусы. – Саламатпысыз?

Бұрылып, бетіне қарадым. Таныдым. Рүстем екен. Шашына кәдімгідей ақ кіріпті. Жылтыраған әдеміше бетіне бәлендей әжім енбесе де, көзілдірігінен, даусынан, қимылынан бойға ауру секілді сынаптап кіретін үлкендіктің нышаны сезіледі. Өкпе, реніш ұмытылғалы не заман.

– Рүстембісіз! Аман, есенсіз бе? – дедім қолын қысып.

– Қанша жылдан бері көрісіп отырмыз, – деді ол бетіме барлай қарап.

– Иә, біраз болған шығар. Қайда істеп жүрсіз?

– Тресте...

– Е-е-е! – Бұрын әңгімелесіп, бас түйістіріп көрмегендіктен бе, әрі қарай не айтарымды білмей қалдым да: – Су ішкелі тұрсыз ғой? – дедім су үшін тұрғанын айдан анық біліп тұрсам да.

– Ә, иә, – деді ол басын изеп. – Мына бір бала шөлдеген соң... Жаңа мектепке әкеліп едім. Бірінші класқа барады. Соған тіркетіп алып барам... Дайындалады дей ме, құдай-ау, оқу басталмай жатып сабақ жүреді екен ғой өздеріне.

Содан барып Рүстемнің қолынан ұстап тұрған жетілер шамасындағы ұл балаға көзім түсті. Әлде мінезі, әлде мектепке келген соң, өзін осылай болу керек деп тапқан шешімі – монтиып, тып-тыныш тұр. Кетік тісін көрсетіп, маған сығырая қарады... Мен әлдене айтқым кеп, аузымды аша бердім де, тұрып қалдым. Бала быршып терлеген маңдайын жеңімен сүртті. Жүрегім шым ете қалғандай болды. Өрекпіп, аузыма тығылды. Өзі жасаған қылмысының бір куәсін көріп қалған қарақшыдай қыпылықтай бастадым. Бірақ баланың жүзінен көзімді ала алмадым.

Бала менен айнымайды екен... Астапыралла! Көзі, мұрны, сиректеу шашы, бас бітісі, желкесіндегі орайы, тіпті құлағының қатпарына шейін... Сойып қаптап қойғандай...

Ішімнен Зәурешпен кездескеннен бергі уақытты жанталасып санай бастадым, санай бастадым... Сегіз жыл... Қалайша? Дұрыс, сегіз жыл! Шындықтан қашып құтылу мүмкін емес. Бала жетіде. Биыл мектепке бармақ...

Бала терлеп-тепшіп, бір стақан суды әрең бітірді де, «әкесіне» қарап, ішін көрсетіп (тырсиып кетті деген болу керек), жымиып қойды. Сүп-сүйкімді.

– Ал жақсы, – деді Рүстем маған кететінін білдіріп. Мен басымды изедім. Баланың аяғының басын ішіне алып, маймақтау басып бара жатқанын көргенде көзім қарауытып, жүрегім шанышты. Баланың әкеге осынша ұқсауын мен бұрын байқаған емеспін.

Суды ішкен, ішпегенім есімде жоқ, қара үзбей, әлгілердің артынан жынды адамдай біраз жерге дейін еріп отырдым. Олар көп ұзамай алдағы аялдамадан автобусқа мінді.

Күтпеген жағдай мені мүлде есеңгіретіп жіберді. Әлгі балаға деген әкелік ықыласымның бір көргенде-ақ бойымнан лап етіп сыртқа тепкені өзіме таң көрінді. Әлде әйелімнің «қазіргі отбасы» деген беймәлім қағиданы желеу етіп, жалғыз қыздан кейін үй ішіне жаңалық енгізбей қойған шағын тірлігімізге басылмай қалған мауқымның әсері ме, әлде тек баланың өзімнен соншалық айнымай қалған түрі ме, әйтеуір, бала автобусқа мініп бара жатқанда жүрегімді біреу қоса суырып бара жатқандай көрінді.

Содан кейін түні бойы көз ілмей, өзімнен тағдыры бөтен, түтіні бөлек жаралған, туған ұлымды ойладым. Туысымда балажан едім. Ұлымның өмір бойы мені танымай өтетіні, танығысы да келмейтіні, мәңгі жаттығы жаныма батты.

Мен өмірімнің ұзын-ырғасына көз жібердім. Бұл өмірде қатеміз қайсы, дұрысымыз қайсы – адам біліп болған ба?! Осыдан біраз жыл бұрын Зәурешпен арамыздағы жастықтың желігінен туған бұра жүрісті таразының бір басына, қалған ғұмырымды екінші басына шығарып, салғастырғым келеді. Анықтауға зердем жетпейді. Бар білгенім – Зәурешті шын көңілмен ұнатыппын. Бірақ мен алғашында мұны мойындағым келмеді. Өйткені мұның бәрі өзімді қоршаған ортаның қағидасына мүлде қайшы еді. Сондықтан мен де көңілімдегі шынайы сезімді жалған деп тануға мәжбүр болдым. Сонда менің жіберген ең үлкен қатем қайсы? Зәуреш пе? Жоқ, бүкіл қалған ғұмырым ба?

Соңғы кезде балам ылғи түсіме кіреді.

БІР КҮНДІК АШУ

Қайсыбірде ойлап отырсаң, адам өмірінде бір-ақ рет оңбай қатты ашуланатын тәрізді. Өйткені өмір бойғы қуаныштар мен реніштердің ішінде қайткенде де біреуінің шоқтығы биік болып қалатыны анық қой.

Совхоз құрылысына машинамен су тасып жүрген Ордабек бұдан бұрын талай ыстық-суықты басынан өткерсе де, бүгінгі ашуын осындай бір-ақ рет болатын оқиға деп ұққан еді. Бүкіл көңілін жанашыр аяныш сезімі мен өшпенділік сезімі қатар билеп, іштей бір күйзеліске енген.

Нәрестедей уылжыған аңқау, үндемейтін Айгүлді мәңгілік сәбидей көретін. Баланың өсуі деген мүлде көзге көрінбейтін дүние ғой. Әйтпесе, онжылдықты былтыр бітірген, қазір кітапханада істейтін Айгүлді тап Ордабектің пікіріндегі Айгүлмен теңестіруге ешкімнің келіспейтіні сөзсіз. Шынында, ол соқтауылдай қыз. Бірақ мұны айтқан адамды Ордабек барынша ұятсыз, ардан безген біреу деп білер еді. Ордабек қарындасымен көп сөйлеспейтін. Өмірінде жақсы көретінін айтып, еркелетіп көрген жан емес. Алайда, өзі үндемеген сайын, қарындасын іштей аялай түсетін.

Ал бүгін төбесінен жай түскендей:

– Жұмысқа келген студенттердің біреуі Айгүлге сөз салып жүр екен, – деген хабарды естігенде табиғатында жоқ бір долылықпен түтігіп, тіпті жылырман халге келді.

«Бұл масқара ғой! Кішкентай баланы...» деді әрі ойлауға батылы жетпей.

Осыны ол шүпілдеген құдықтан кеңірдек секілді жуан шлангамен су сорғызып тұрып та, рөлде отырып та, құрылыс іргесіндегі үлкен астауға су құйып тұрып та басынан екі елі шығара алмады. Адамдар мұнша арсыз болады деп ешқашан да ойламаған-ды. «Оның ойында не бар әлі? Түк жоқ... бала... Соған сөз айту деген...» «Сөз айту» деген тұсқа келгенде Ордабек өз ойынан өзі ұялып, қызарып кетті, іле-шала ол қып-қызыл ашуға айналды. Шланганы көтеріп алып, машинаның белінен асыра бар күшімен лақтырып жіберді.

Күн шыжып тұр еді. Көлеңке ұзара бастаған кез. Кеудесіне дейін жалаңаштанған майысқақ жас жігіт жотасы жылтырап, көлбей қойылған тақтай бойымен шелектеп лай тасып барады. Балшық араластырып тұрған толық әйел кетпенін құрғақ жерге сұлата салып, көлеңкедегі шелектің ернеуінен тізерлей отырып су ішті. Түрегеліп, шолақ қамзолының астарымен аузын сүртті де, қайтып келіп, кетпенін алды.

– Әй, Ордабек, – деді айғайлап, – астау толды, кідіре тұр енді.

Ордабек машинасының көлеңкесіне отырып, қалтасынан папирос алды. Ыстықтан жіпсіген маңдайын жеңімен ыса салды да, кіржиіп, жұмыс істеп жатқандарға қарады. Шылымын тұтатып, бір жамбастап, қолымен жер тірей отырды, кішкенеден соң көкпектің ескі түбірін жұлып тастап, сол орынға шынтақтап қисая кетті. Тұла бойын құрыстатқан бір жын әлі тарқар емес. «Сендерді ме, – деді кенет ызадан сұп-сұр болып. – Көрсетермін мен сендерге, тұра тұр!» Қолдары қалтырап, қазір төбелесетіндей, басын көтеріп алды.

Кірпіш үйдің тасасынан шыға келген жуан қарын диспетчер:

– Ордабек-ай, – деді қырылдай сөйлеп. – Мені үшінші фермаға апарып келесің бе?

Ордабек үндеген жоқ.

– Жоқ, кешке қарай, саған қазір апар деп тұрғам жоқ қой.

Ордабек бұған да жауап қайтармады.

– Ей, тілің байланып қалды ма, кімге айтып тұрмын? – деді енді ол кейіп.

Ордабек басын шайқады.

– Уақытым жоқ, – деді диспетчер кетіп қалғаннан кейін.

Алдындағы селдір шағырдың бір талын сындырып, өзі де байқамастан, аузына салып тістелей бастады да, ащы дәмін сезініп, лақтырып тастады. Жарты сағаттан кейін самарқау орнынан тұрды. Шаң-шаң болған шалбарын екі қолымен кезек-кезек қағып, маңдайына түскен кепкасын шалқайта нығыздап киіп, рөлге отырды. Бұрын да көп сөйлемейтін Ордабек кешке дейін осылай ешкімге бір ауыз тіл қатқан жоқ.

Кешкілік жұмыстан шығысымен, түнделетіп совхоз орталығындағы үйіне келді.

– Айгүл қайда? – деді келе әйеліне.

– Айгүл клубқа кеткен. Ертең әлгі жұмысқа келген студенттер кетейін деп жатыр ғой. Солар концерт қояды дей ме, кеткен әйтеуір бірдеңе деп.

– Жалғыз ба?

– Енді кіммен барушы еді?

Ордабек әйеліне ала көзімен бір қарады. Жолдағы шылапшынды салдыр еткізіп, шыға жөнелді.

Қараңғы көше бойымен клубқа қарай тура жүрді. Алыстан тоқылдаған мотор үні естіледі. Клубтың есігінің алдында бейтаныс студент жігіттер тұр. Ордабек «Бүгін – концерт» деген жарнама жапсырылған есікті жартылай ашып, ішке кірді. Дәліз ішінде әлденеге сыбырласып тұрған ауылдың екі жігітіне тақап келіп амандасты да:

– Біздің Айгүлді көрдіңдер ме? – деді бұл сыбырлап.

– Отырған, – деді біреуі залдың есігін көрсетіп. – Бағана отырған.

Ордабек шағын, қапырық залға кірді. Залда ине шаншар жер жоқ. Түрегеп тұрғандар бірін-бірі кимелеп, сахна жаққа мойындарын өлгенше созады. Ордабек те өкшесін көтеріп, сахнаға қарап еді, галстук таққан, ұзын бойлы, бұйрабас жігітті көрді. Концерт жүргізіп тұрғаны, тақпақ айтып тұрғаны белгісіз, әйтеуір ыржия күліп, бірдеңе деп сөйлеп тұр. Одан соң сығалап залға қарады,

жуық маңнан Айгүл көрінер емес. Алқынып, қатты жүргендіктен терлеп те кетті.

«Мына залдың іші не деген ыстық». Тағы да өкшесін көтеріп, сахнаға қарады. Кекжие-кекжие мойны да ауырып қалды. Ақыры түк көре алмаған соң, сыртқа шықты. Концерттің аяқталуын күтіп, есік алдында әрі-бері жүрді де:

– Жарқыным, ойындарың қашан бітуші еді? – деді бағанағы студенттердің қасына келіп.

– Әлі біраз бар, ағай. Басталғанына көп болған жоқ.

– Е, солай ма еді.

«Жоқ, бәрібір күтемін, – деп ойлады тағы да, – отырамын осы арада қашан аяқталғанша». Сағатына қарап, естірте:

«Әлі біраз бар» деді де, клубтың іргесіндегі ағаш арасына қойылған орындыққа келіп отырды. Қараңғы болғандықтан орындықтың өзін сипалап жүріп, әрең тауып алды. «Отырамын осы арада қашан аяқталғанша».

Қараңғыда әр жерден шылым оттары жылтырап, аллея бойымен қыдырған адамдардың қараңдаған бейнелері көрініп қалады. Көрші орындықтардың бірінен біреулердің баяу сөйлескен дауыстары, әлдеқайдан гитара үні естіліп тұр.

Ордабек көз алдына қазір концерттің аяқталатынын, адамдардың сыртқа шығатынын, қарындасының да шығатынын, бір кезде әлдеқандай бейбастақ жігіт Айгүлдің соңынан қалмай, бірдеңелерді айтып, жұрт көзінше жәбірлейтінін, осы кезде өзінің әлгі жігітті бүре ұстап, құлақ-шекеден аямай бір соғатынын елестетті. «Екіншілей кімге соқтығарын біліп жүрсін көргенсіз!»

Көрші орындықтан:

– Менің не айтпақ болғанымды білесіз бе?– деп сыбырлады әйел үні.

– Жоқ, – деді еркек үні.

– Шынымен, осы уақытқа дейін түсінбедіңіз бе?

– Жоқ.

– Биге шақырғанда да... – әйел үні дірілдеп. – Осы араға келсін деп кісі жібергенде де... Сонда да түсінбедіңіз бе?

– Мен қайдан білейін, – деді еркек үні тұншыға сыбырлап. – Кел дедіңіз – келдім...

– Қалайша түсінбейсіз? Қалайша?.. – Әйел үні естілмей кетті.

«Түу, шайтан! – деді еріксіз Ордабек ішінен. – Қалай ұялмайды өзі? Қыз деген былай...»

– Не дейін мен енді? – деп сыбырлаған еркек үні естілді. – Мені жақсы көретініңе, бәріне сенейін. Бірақ айтып тұрмын ғой... менің сүйген адамым бар...

Ордабек қараңғыға тесіле қараған күйі мырс етіп күліп жібере жаздады. Себебі «сүйген» деген сөз көрер көзге жалған айтылғандай тым қолапайсыз шықты. Осы бір сөзді өз табиғатымен, өз болмысымен, кісі сенетіндей етіп айтып берудің қаншалықты қиын екенін Ордабек бұрыннан білетін.

«Сүйем демеу керек, ұнатам деу керек, – деді ішінен. – Соның өзі жетіп жатыр».

– Сізді, сізді... – деп бастырмалатқан әйел үні естілді әлгі тұстан тағы да. – Ең алғаш көргеннен бастап... Тек сізді ғана... Маған басқа түктің керегі жоқ. Тек...

Баяу есіп тұрған түнгі самал ұйытқып кетіп, ағаш жапырақтары сусылдай жөнелді. Ордабек жел тынған кезде еркек үнін тіпті ап-анық естіді:

– Саған өтірік айтуға менің арым жетпейді. Түсінемісің осыған. Қамықпа. Ал жақсы енді... Менің сахнаға шығуым керек, Айгүл!

Ордабек селк ете қалды. «Айгүл» деген үн тауға жаңғырыққан дыбыстай әп-сәтте санасында бірнеше қайталанды.

Айгүлдің булығып жылаған дыбысы келді. Осы кезде жылан шағып алғандай орнынан ата жөнелген Ордабектің жан-дүниесі адам аярлық еді. Ешкім көрмей тұрғанда осы арадан тезірек қашып құтылғысы келгендей жүгіре басты. Есік алдында тұрған студенттерге көрінбеу үшін клубтың сыртымен кетті.

Ол өмірінде тап бүйтіп абыржып көрген жоқ еді. Болмашы бірдеңені де пайымдауға үлгере алмады. Өз үйіне тақағанда барып, дуылдаған шекесін басып, жүрісін баяулатты. Ентігіп, қалтасынан орамалын алып, терін сүртті. Тоқылдаған мотор үнін де естіді.

– Қалайша бұлай? – деді есін жиып. – Қалайша бұлай? Кім ойлаған? Тіпті... Япыр-ау, сонда... сөз салып жүрген жігіт емес, Айгүлдің өзі болғаны ма?!

Ордабек үйінің алдындағы ағаш жаңғырықта мұңайып ұзақ отырды. Іштей жаңылып, іштей түзелетін барлық тұйық мінезділерге тән бір қасиетпен бұл да әлгі оқиғаның жай-жапсарын ақылға салып, таразылап отыр. Кенет ол «Айгүлдің де біреуді ұнатып, біреуге ғашық болуы мүмкін-ау» деген ойдың осы уақытқа дейін басына қалай келмегеніне қайран қалды.

«Ғажап» деді басын көңілсіз шайқап. Кеудесін кернеген қызғаныштан шымырлап жүрегі ауырды. «Ғажап» деді тағы да.

Үйге кірісімен, «Кетесің бе?» деген әйелінің сұрағына жауап берместен, бір кесе ашыған көжені дем алмастан сіміріп салды да, келген ізімен қайта тартты.

Ай әлі туа қоймаған. Туырлықтың тесігіндей жылтыраған сирек жұлдыздар ғана көрінеді. Басын кабинадан шығарып, желге тосты. Анда-санда шабындық жиегінен түнгі торғайлар лып етіп ұшып кетеді. Бірен-саран қосаяқтар жарыққа ентелеп, жол бойымен секектеп, машина жақындап қалғанда ғана жолдан бұрылып кетеді.

Ордабек қалтасынан темекі алып тұтатты. Жүрегінің тереңінен мұңдылау бір сезімдер құйылып, бір кезде өзінің де алғашқы махаббатының сәтсіз болғанын ойлады. Нәрестедей пәк қарындасының әлгі бір тұншыға жылаған үнін есіне алған сайын, ет-жүрегі езіліп, елжірей түсті. Тұңғыш рет құшақтап, бауырына басқысы келді, «өмір деген осы» деп, арқасынан қағып, жұбатқысы келді.

КӨКТЕРЕК

Бұрын Қабырға өзені көктемде бұрқ-сарқ тасып, жаздың аяғында суы азайып, кей тұстары ойдым-ойдым қара суға айналып, кей жерлері тіпті құрғап қалғанда, жұрт өзен табанына киіз үй тігіп алатын еді дейтін қариялар. Ол біз үшін баяғы заман секілді.

Біздің тұсымызда Қабырға өзені Зауыт тұсынан бөгелген. Бөгеттің бауырында жайқалып қалың тал өскен. Ту сыртынан қарағанда бөгеттің зор тұлғасы бар биігімен көрініп, табиғаттың дүлей күшіне өзінің төтеп беріп тұрғанын сезетіндей, айрықша айбарлана түседі. Сол бөгеттің қалың құрақ өскен оңтүстік қапталымен жүріп отырсаң, Нұрпейіс көңіне тірелесің. Одан өтіп, оңға бұрылсаң, әудем жерде төбесі көк тіреген көк теректі көрер едің. Көк терек біздің балалық шағымыздың сәні еді. Сонша қиырдан көрінетін, төңірегінде тал-шыбық жоқ, жалғыз ағаштың қасына келгенде, түбіндегі саядан әлдебір жан рақатын сезгендей боласың.

Үлкендердің сөзіне қарасаң, осы ара бір кезде қалың орман болған тәрізді. Отырғызған Оймауыт деген кісі екен. Жаны жәннатта болсын. «Ал сонда қалған ағаштар қайда» деген бір ой басымызға келеді де, бірақ оны одан әрі жалғастыруға біздің уақытымыз болмайды. Өйткені бізге осы Көктеректің әсері басым: одан зәулім, одан жалпақ, одан киелі ағаш жоқ. Сәл жел тұрса, жапырақтары сусылдап, оған ұшар басындағы құстардың шуылы қосы-

лып, сәл қорқынышты, сәл қатерлі құпия түрге енеді. Біздің санамыздан тыс тілдесу я сырласу жүріп жатқан секілді.

Адам санындай жұп-жұмыр, білеу-білеу бұтақтарына шығып, жерге қарасаң, біртүрлі көңілің көтеріліп, өзіңді өзгелерден биік сезінесің. Жердегілер сенен төмен, әлсіз болып көрінеді.

Жіңішке бұтақтарына жоламайтынбыз – сындырып аламыз ба деп. Себебі үлкендердің айтуынша, әлде балалардың өздерінің нанымы, әйтеуір, Көктеректің бұтағын сындырсаң, қан ағады екен деген лақап бар. Өйткені киелі ағаш. Киелі ағашты сындыруға, шабуға болмайды. Ал шабамын деп ауру болған бір адам бар. Ол адамды бәріміз де білеміз; ауру екені де рас. Ауылға қосылмай, жаз бойы жалғыз үй боп отырушы еді бейшара.

Біздер үшін Көктерек жерге өсіп тұрған ағаш емес, адамдар мінәжат қылатын әулиелі мазар я мешіт секілді. Бірнеше баланың құшағы жетпейтін діңіне арқаңды тіресең болды, жаныңа жайма-шуақ нұр төгіліп, шала ұйқыда көзіңді жұмып, бейжай балбырап тыныққың келеді. Айрықша бір жұпар иісті ауаны сезесің...

Жаздың басында келсең, ағаш түбіндегі арық бойымен ағып жатқан суға аяғыңды малып отырар едің. Жүгіре-жүгіре домбығып ісінген аяғың салқын судан рақаттанып, бойыңды жеңілдетіп, тынысыңды кеңейткендей болады. Көптен бері жаныңа жоламай жүрген ғажайып сезімдер оралып, ішкі әлеміңді сарқылмас қуанышқа бөлейді. Дүниең түгелденіп, тал бойыңда бірде-бір кемшілігің жоқтай, мұқтажың жоқтай сезінесің өзіңді.

Тек бір ғажабы – сол сезімдер өз бойыңда бұрыннан бар нәрсе ме, әлде Көктеректің түбіндегі қазына ма – оған көз жеткізе алмайсың; әйтеуір осы ағашқа, осы саяға байланысты екенін аңғарасың.

Осының бәрі көктемгі тасқындай мол ағынмен көкірегіңе сарқырап құйылып жатады. Сен көктемгі Қабырға өзені секілдісің. Ағыл-тегіл су... Жойқын дария... Қатерлі молшылық...

Сол сәтте бойыңа ғажайып күш жиналып, жанындағы баламен күресе кеткің келеді; жығу үшін емес, бойыңдағы қуаныш тасқынын сәл-пәл азайту үшін.

Кейбір атаққұмар балалар терек бойымен жоғары өрлеп, адам үрейін ұшыратын биікке дейін барады. Сен де ұмтыласың. Қым-қиғаш бұтақтардың арасынан әлгі баланың бірде қолы, бірде аяғы анда-санда бір көрінеді. Қанша қорқып тұрсаң да, өзіңдей баланың жеткен жеріне сен де жетсем дейсің. Жерге қарамауға тырысып, бұтақ-бұтақтан ұстап жоғары өрлейсің. Бірақ қанша қарамайын десең де, жеткен жеріңді ойша болжап, жүрегің көтеріледі. Жетем деген жеріңе бәрібір жете алмайсың. Ақырындап түсе бастайсың. Сөйтіп манадан бергі ғажайып сезімдеріңді аты өшкір бәсеке быт-шыт қылады. Жоғарыда тұрған мақтаншақ балаға ыза боласың.

Мен терек түбіндегі салқын саяны қанағат қылып, ұзақ жүрдім. Ақыры Көктеректің төбесіне бір күні мен де шықтым. Рас, талпынған, жаттыққан көп күндер өтті. Бұл шаруаның бір күнде бітпейтінін әу баста-ақ білгенмін.

Көктеректің ең биік бұтағына жеткен кезде мені екі-ақ сезім биледі: бірі – қуаныш, екіншісі – қорқыныш. Осы екі сезімнің бір-біріне ұқсас екенін мен сонда білдім. Екі бұтақтың арасына аяғымды тірей, теректің жіңішкерген діңін қапсыра құшақтап, айналаға көз жіберген кезде, бар дүниені жаңа көргендей аузымды ашып сілейдім де қалдым. Мен өзім туған жерді мұндай биіктен ешқашан да көрмеген едім. Біреудің көзін, құлағын, аузын жеке-жеке көріп, енді бет-жүзін тұтас көргенде мүлде басқаша әсер беретіні секілді, мен өзім талай шомылған өзен, көлді, талай қыдырған ой мен қырды енді көріп, енді таныдым. «Е, сен осындай ма едің? Сен мен ойлағаннан әлдеқайда әдемі, әлдеқайда кең, әлдеқайда ұлы екенсің ғой!» – дейтін секілдімін ішімнен.

Одан кейін ұзақ жылдар өтті. Ержетіп, өмір соқпағын қуалап, жан-жаққа тарадық. Ел жаққа ат ізін сирек салып, Көктерекке соға алмай жүруші едім. Бір жолы жолым түсіп, бөгетке бардым. Баяғыша қалың талын жайқалтып, күмпілдетіп сусын құйған тегенедей болып жатыр екен жарықтық. Сол қанатын жағалай, Нұрпейіс көңінің тұсына келдім. Орап өтіп, оңға бұрылдым –

Көктерек жоқ! Жүрегім әлдебір жақын адамның қазасын естігендей шым ете қалды. Жақындап келіп қарағанда көрдім, алып динозаврлардың қаңқа сүйегіндей аппақ болып, жарқырап шашылып жатыр екен...

Елу жылда ел жаңа дейді. Елмен бірге жер жаңа. Жаңарғаны осы болды ғой. Мына заманда тау жоғалып кетсе де, таңқалуға болмайды.

Көктерек балалық шағымыздың көркі еді. Көзімді жұмсам, көз алдыма келеді. Яғни Көктерек өзімнің ішімде, жүрегімде деген сөз ғой. Жадыңда сақтай алатының қандай жақсы. Ел мен жерді сақтайтын басқа не амалың бар?..

ТАЛАСБАЙ

Заман ауысқан кезде өткен билік жүйесі тұсында жасалған қиянаттар екшеліп, зерделеніп, сан түрлі сараптан өтеді. Қанша адам жазықсыз сотталды, қаншасы атылды, қанша мал, қанша дүние-мүлік зорлықпен тәркіленді – бәрі, шамамен болса да, есептеледі. Есептелмейтін тек рухани шығындар. Өйткені адамның ішкі азабын есептейтін тәсіл жоқ. Сенің рухани сенімің, ұжданың көзге көрінбегеннен кейін, аса маңызды нәрсе болып есептелмейді. Алайда барлық заманда да адамдар малмүлік үшін емес, ұжданы мен сенімі үшін бастарын өлімге тіккені мәлім.

Көне аңыз-әңгіме, жыр-дастандардағы махаббат жолында құрбан болған жандардың тағдырлары да сенім бостандығына тікелей байланысты. Олардың махаббатқа деген сенімдері аяққа тапталды. Соған шыдай алмай, олар өздерінің өлімдері арқылы жасалған зорлыққа қарсылықтарын білдірді.

Діни сенім де махаббаттың бір түрі. Кеңестік жүйе тұсында мыңдаған мешіттер талқандалып, қожа-молдалар тұтқындалып, атылатындары атылып жатқанда діни сенімді өмірлерінің мәні деп ұққан қанша мың адам рухани қасіретті бастан кешкенін санап беру мүмкін емес.

Менің анам Рәзия құранға жетік білімдар болмаса да, бір құдайға күнде жік-жапар болып сыйынып отыратын діндар кісі еді. Қуанса да, күйінсе де, ақыр аяғы мені

жақсы көрсе де, сөзінің аяғы: «Алла тағала, бір өзің жалғызыма жар бола гөр, жаратқан ием!» – деп дұға сөзіндей болып аяқталар еді.

Біздің балалық шағымыз атеизмнің дәуірлеп тұрған кезіне сәйкес келді. Құдайдың жоқ екені, дәлелдеуді қажет етпейтін, өзінен-өзі белгілі нәрседей елестейтін. «Құдайға сену – надандықтың белгісі» дейді бізге мұғалімдер. Ауадан да, судан да, шөптен де идеологияның иісі аңқып тұрған кез. Апамның зәресінің ұшқаны маған қызық болып көрініп: «Апа, құдай жоқ», – деймін жанына жетіп келіп. Апам елемеген адам болып, жылыстап, сыртқа шығып кетеді. «Апа, құдай жоқ»,– деймін мен соңынан қуып жетіп. Апам түрі бұзылып, жалғыз ұлына ұрса алмай: «Қарағым, басқа бір әңгіме айтшы»,– дейтін жалынып. Басқа әңгіме маған қызық емес. Әйтсе де мен үшін құдайдың бар – жоғының ақиқатынан гөрі, осы туралы айтыста үлкен кісілердің өзіңе қарсы келе алмай, олардың алдында өзіңнің үстемдігіңді сезіну маңыздырақ секілді. Қысқасы, біздер де сол заманғы саяси жүйенің кішкентай жендеттері болатынбыз. Біз діннің өзін апиын деп ұққаннан кейін, дін жолын қуғандарды жағымсыз адамдардың қатарына жатқызамыз. Бірақ өмір бар уақытта біздің осы түсінігімізге сәйкес келе бермейтін.

Біздің ауылда Таласбай деген молда болды. Ел ішінде сыйлы еді. Аппақ күмістей сақалы беліне түскен еңгезердей тұлғалы кісі. Ораза, жаназа, тағы басқа аят, дұға оқыр тұстарда оның ғажайып сазды, күңіренген үніне таң қалар едің. Рас, ауылда Мейрам деген тағы бір молда бар. Оның да даусы ғажап. Өзі дімкәстау, басы селкілдеп жайшылықтың өзінде әрең отыратын адам. Құран оқыған кезде басы онан сайын селкілдеп, өзінің осы бір айықпас дертін айтып, жаратқанға мұңын шағып, жылап жатқандай сайсүйегіңді сырқыратады. Ышқына шыққан зарлы үнінен Алладан басқаға алданбайтын қасіретті жан азабы сезілгендей болады.

Ал Таласбайдың үнінен жалбарынудан гөрі әлдебір мәңгілік ұғымның сабырлы салтанаты айқынырақ сезіледі. Екі көзін жұмып алып, бұдан гөрі мәндірек те сәндірек басқа бір дүниеге еніп кеткендей, енді содан шыққысы келмегендей, аят біткеннен кейін де көзін ашпай, үнсіз

отыратыны бар. Ол үшін құран оқу әшейін бір діни жоралғы емес, өмірлік мұрат секілді. «Таласбай молданың үнінде бір сиқырлы күш бар» деп әңгіме қылар еді тыңдаған жұрт.

Осы кісі туралы кейін – кімнен екені есімде жоқ, мынандай бір әңгіме естідім.

Кезінде мешіт ұстаған белгілі молда Таласбай әрідегі қуғын-сүргін кезінде айдалып, әуелі Қазақстанда, кейін Колыма жағында лагерьде болған секілді. Қанша жыл отырғанын кім білсін, әйтеуір, ол кезде 20–25 жылдан төменге сотталу сирек болған. Ел тұрмысының өте ауыр кезі. Сотталғандардың жағдайы одан да ауыр. Күндіз он шақты шақырымдай жердегі кен орынында жұмыс істеп, ымырттатып лагерьге оралады. Надзирательдері аса қатал адам. Өзіне ұнамаған адамдарды забойдың ең терең қауіпті жерлеріне жібереді. Таласбай құдай берген мол қайраттың арқасында әзірге бастықтардың қатты қаһарына іліге қойған жоқ. Жұмысқа тыңғылықты, тілалғыш, жұмсақ адамды олар да теріс көрмейтін секілді.

Әлдеқалай забойда авария болып, лагерьдің адамдары жұмыстан кешкілік ерте қайтып жүрді. Осындай күннің бірінде бұлар адам жерленіп жатқан зираттың тұсынан өтті. Аштық тауқыметін бастан кешіп жатса да, ел өзінің кәде-жораларын ұмытқысы келмейтін секілді. Бөрік киген шоқша сақалды, ұзын бойлы кісі даусын көтере сөйлеп, әлдекімдерге ұрсып, жұртқа тапсырма беріп, шаруашылық жағын басқарып жүр. «Кәне, құран оқығанда берілетін садақаны орын-орнына қойыңдар», – деген сөзі анық естіледі.

Таласбай құлағына құран оқу деген сөз тигенде жүрегі өрекпіп кеткендей болды. Күңіренген аят түгіл, құран деген сөздің өзін естімегелі қанша жыл? Әлдеқалай тынысы тарылғандай, терең күрсіне дем алып, надзирательдің қасына келді.

– Шырағым-ай, өлік аттамайтын халық едік. Мына бір мұсылманның жаназасы шығарылып жатыр екен. Рұқсат берсең, барып бет сипап, кешікпей арттарыңнан жетер едім, – деді жалынғандай бір үнмен.

Надзиратель әлдебір өз шаруасымен басы қатып келе жатты ма:

– Жарайды, бірақ тым кешікпе, – деді бұған бұрылып та қарамастан.

Таласбай өз тобынан бөлініп, аяңдап қабір басына келді де, шеттеу жерге келіп орналасты.

Көнетоз түбіт тақиясы көзіне түскен арық шал естілер-естілмес үнмен «Құлхуалланы» оқып, қабір шетіндегі орамалға түйілген түйіншекті алды. Шамасы тиын-тебен садақа болу керек. Одан кейінгі көзі жыпылықтаған көселеу біреуі даусын шығармай, аузын ғана жыбырлатып, оның қандай аят оқып отырғанын білу тіпті мүмкін болмады. Садақа түйіншектер бітті. Енді әшейін рәсім үшін ғана айтқандай, басқарып жүрген кісі :

– Тағы да оқитындар бар ма?– деді де, жауап күтпестен бұрылып, жерде жатқан сырт киім секілді бірдеңені көтере бастады.

Таласбай осы арада көптен күткен арманын орындауға мүмкіндіктің келгенін, егер оны қазір пайдаланып үлгермесе, мұндай сәттің енді кезігуі неғайбіл екенін анық сезді. Соны сезгеннен кейін, бір нартәуекел иектеп, «Иасинді» қырағаттап бастап ала жөнелді. Бұл ұзақ сүрені молдалардың өздері сирек оқитын. Бірақ сөзінің айтылуы да, сазы да күрделі осы бір сүрені Таласбайдың сағынғаны сонша, күңірентіп бастай жөнелгенде, көзінен аққан жасты тежеуге шамасы жетпей қалды. Ұзақ жыл көрмеген жақынымен көріскендей, армансыз бір мауқын басу үшін өзінің де, өзгенің де жүйкесін қалжырата, аятты аңыратып алып жөнелді. Манадан бері ұсақ-түйек күбір-сыбырға селт етпей отырған қалың қорым дүр сілкінгендей болды. Көмейден шыққан зор дауыс барған сайын қайраттанып, барған сайын айбаттанып, жердүниені күңірентіп бара жатқандай.

Отырғандар не болғанына түсіне алмай, ауыздарын ашып аңтарылып қалған. Кісінің жан дүниесін бірден баурап, әлдебір бақылық әлеммен тілдескен осынау ғажайып сазды әуенге барлық адами мұң-зар, өкініш, арман, арыз, тілек тегіс сыйып кеткен секілді. Әркім әлгі әуеннен өз тағдырын сезгендей, аят оқып отырған бейтаныс жанның жүзінен көздерін ала алмайды.

Таласбай бұрынғы әдетімен екі көзін тарс жұмып алған. Төзімін тауысуға айналған осы бір азапты өмірді бір

сәтке ұмытып, дүниеден озған мына жанға, сонымен бірге жылдар бойы өзінен құран дәметіп жүрген аруақтардың бәріне бағыштаған осы дұғасының біткенін тіпті де қаламай отырған секілді. Жан-тәнімен беріле зарлап отырған осы бір адам әркімнің жүрегінде атын атап, түстеуге келмейтін әлдебір сәулелі сезім отын тұтатқандай әсер етті. Марқұмның алдыңғы жақта отырған туысқандары да үн-түнсіз көз жастарын тұншыға жұтумен болды. Мұсылман дәстүрінде дұға оқып отырған кезде жылауға болмайды. Көз жасы ризашылықтың жоқтығының белгісі. Пенде баласы құдайдың бұйрығын мойындау арқылы өміріне мағына табады. Құдайға бағышталған құлшылықтың қашанда арты қайыр. Қазақ құдайдан өлгенімді тірілтіп бер деп сұрамайды. Артының қайырын сұрайды. Отырған жұрттың көңілінде, шамамен, осы тәрізді ойлар тұруы мүмкін еді.

Таласбай «Сұбыханды» аяқтаған кезде жұрттың бәрі қолдарын жайды. Таласбай кенет дұғасын бөліп, алда отырған шалдар жаққа қарап:

– Марқұмның аты кім? – деді.

– Смайыл, – деді әлдекім ақырын ғана, қателесіп кетем бе деп қорыққандай.

– Әкесінің аты кім? – деді бұл жолы Таласбай ешкімге қарамай.

– Иманбай, – деді тағы біреу.

Таласбай қолын жоғары көтеріп:

– Осы дұғаны марқұм Иманбай ұлы Смайылдың аруағына бағыштадық, – деді. – Жатқан жері жарық, иманы саламат болсын! Алла тағала кейінгі ұрпағына тату-тәтті, саналы ғұмыр кешуді нәсіп қылсын! Я, ұлы Алла! – деді содан кейін күңірене жалбарынған бір үнмен. – Бұл дұғаны басқа да барша аруақтарға, пайғамбарлар мен сахабаларға, ел үшін шейіт болған ерлер мен әулие-әмбиелерге, кезінде жасаған, кейін артында ұрпақ қалмаған, бізден құран дәметіп жүрген жандардың рухына бағыштадық. Марқұмдардың жалғанда пендешілікпен жіберген қателері болса, кешірім жасап, қабір азабынан құтқара гөр! Марқұмдардың артта қалған ұрпақтарын, барша қазақ қауымын қызғаныш пен күншілдіктен, өзімшілдік пен кекшілдіктен, жалған жаладан, жазықсыз жазадан, қуғын-

сүргіннен, аштық пен індеттен, табиғи апаттардан, мың бір пәледен, жүз бір қатерден сақтай гөр! – Таласбай аятын аяқтап, бетін сипаған кезде, жұрт әлі де алғашқы әсерден айыға алмай, тым-тырыс отырып қалған еді.

– Шырағым-ай, қырықтың бірі қыдыр деуші еді. Қайдан жүрген жансың? Бұл төңіректе мынандай құран оқитын жан жоқ секілді еді ғой, – деді ақсақалды қария Таласбайға таңырқай қарап.

– Дәм айдап, мәнәй себеппен келіп қалған жан едік, – деді Таласбай жауабы қиын сұраққа тап болғандай, жерге қарап ойланып. – Отбасын, ағайын-туысты көрмей, елден жырақ жүргенімізге төрт-бес жылдың жүзі болды...

– Сотталып жүрсің бе? – деді ақсақал үрейлене.

Таласбай айтар-айтпасын білмегендей, үнсіз отырып қалды. Әлден соң сілтідей тынған тыныштықты бұзып:

– Иә, ақсақал, сондай бір тауқыметті тартып жүрген жайымыз бар... – деді. – Ата-бабаларым құдай жолын қуған жандар еді. Өзім де мешіт ұстаған молда едім. Ақ жолды ұстағандарды ағаш атқа мінгізді. Заманның талқысына түстік. Шынымды айтсам, қатын-баланың қайда жүргенін өзім де білмеймін. Басына күн түссе, тұлпар – жабыға, батыр қорқаққа айналады екен. Түзікпен де, бұзықпен де тағдыр қосып, дос-жаран болдық. Қорлыққа да, зорлыққа да ет үйренді. Үйрене алмайтының – жүректі қызылдатқан бір сағыныш. Құранның аяттарын, сүрелерін сағындым. Кейде құран оқып отырған кездерім түсіме кіреді. Жанымды қинап жүрген заттың бірі осы еді. Бүгін реті келіп, аруақтың да сауабын алып, өзімнің де шерімді тарқатып отырмын.

– Апырай, үнің де, сөзің де бөлек екен. Жаназамыз жетім қыздың тойындай болып отырғанда, өзіңді бізге кезіктірген бір Алланың өзі шығар. Есімің кім болады?

– Таласбай.

Шал бір қолымен жер тіреп, орнынан тұрды.

– Біздің ауыл мынау тұр, – деді қолымен көрсетіп. – Дәм күтіп тұр. Ауыз тиіп кет. Қысылсаң, өзіміз жеткізіп салайық. Құр алақан қоя беру алдымен өзімізге обал болар.

– Иә, иә, мынау тұр. Жап-жақын, – деген қоштау сөздердің аяғы қолқаға айналды.

– Аруақты қадірлеп, бұрылып келгеніңіздің өзі бізге үлкен мәртебе, – деді жиынды басқарып жүрген бөрікті кісі. – Мына Әбекең еліміздің қадірлі ақсақалы еді. Сөзін жерге тастамай, дәм ауыз тиіп кетсеңіз, бәріміз де риза болар едік.

– Иә, сөйт, шырағым.

Қанша асығып тұрса да, шыдай алмай, Таласбай елмен бірге әудем жердегі ауылға келді. Ауыл иелері де түсінікті адамдар екен, «ондағы бастықтардың жайы белгілі ғой, сыйлы қонағымызға обал болып жүрмесін» деп асықтырып, дәмнің бәрін тездетіп, апыл-ғұпыл астан кейін, ең маңызды шаруа енді келгендей, бәрі де дұға күтіп, Таласбайға қарады.

Таласбай бұл жолы аятты, манағыдай емес, сабырмен оқыды. Бірақ таңқалу алғашқыдан кем болған жоқ. Біреуі құран сөзінің айтылу ерекшелігіне қайран қалып, екіншісі мынандай әуезді, зарлы үнді өмірде естімегендерін айтып у-шу болған жұртты жиын басқарып жүрген адам әрең тоқтатты:

– Оу, ағайын, айттық қой жаңа, Тәкеңнің обалына қалмайық деп. Ондағы надзирательдерде не адамшылық бар деп отырсың. Онан да Әбекең қонаққа батасын берсін, сосын тезірек шығарып салайық.

Әбекең қолын жайды:

– Шырағым, құдай жолын қуған қасиетті әулие, сенсің қалың елге әке болатын адам. Жасым үлкен болған соң, баламдай көріп, бата беріп жатырмын. Басқа түскен мына бір қиындықта бір Алла өзіңе жар болсын, қарағым! Ғайып-ерен, қырық шілтен шылауыңда болсын! Іс түспесін басыңа, қырғауылдай жорғалап, қыдыр келсін қасыңа! Аруақтар қолдасын, жаманшылық болмасын! Басың аман, аяқ-қолың бүтін болып, еліңмен, отбасыңмен табысуға жазсын! Әумин!

– Әумин! – деп шу етті қоршаған жұрт.

Таласбайды көлікпен жеткізіп салатын болды. «Мен әрі қарай Тайсойғанға кетемін, сізді жолай тастай кетемін» деп жиынды басқарған қызыл бөрікті кісі екінші атқа өзі отырды да, ауыл шетінде әлдебір бала ұстап тұрған серкені шылбырына байлап, жетелеп алды.

Атты адамға жердің қашықтығы жоқ деген осы – бұлар әңгімелесіп отырып, лагерьдің қасына қалай келіп қалғандарын да білмей қалды. Екеуі аттан түсті.

Қызыл бөрікті кісі екі қолын қабат ұсынып:

– Тәке, менің атым Бейсенбай болады. Ел-жұртыңызбен аман-сау қауышуыңызға тілектеспін. Ал мына серкені жаназаның құдайы садақасы деп қабылдаңыз, – деді серке байланған шылбырды Таласбайдың қолына ұстатып жатып.

– Ойбай-ау, мұны мен не істеймін, өзім айдауда жүріп, – деді Таласбай қолын жайып.

– Ештеңе етпейді, Тәке, мұнда да бір қауым ел ғой, құдайы садақадан дәм татсын. – Соны айтып, Бейсенбай қайтадан атқа отырып, екінші атты жетектеп алды. – Қош! – деді жүріп бара жатып артына бұрылып.

Серкемен қалған Таласбай аз-кем ыңғайсызданып тұрды да, «жарайды, болған іске енді неменесіне қиналамын» деген оймен серкені жетектеп, баракқа келді. Серкені сыртқа байлап, барактың ішінде кезекшіге тапсырма беріп жатқан лагерь бастығының қасына келді. Әңгімелесіп тұрған адамның қасына неге келесіңдер дегендей бастық бұған ұнатыңқырамай қарады.

– Келгенімді білдірейін деп, – деді Таласбай кінәлілеу үнмен.

– Кешікпеймін дегенің қайда?

– Кешіккеніме кешірім сұраймын, бастық. Мүмкіндік болса сізге бірдеңе көрсетейін деп едім.

Бастық «бірдеңе» дегеннен секем алып қалғандай, бұған күдіктене қарады.

– Сыртта тұр, – деді Таласбай.

Бастық тағы не боп қалды дегендей, жүгіре басып, сыртқа шықты да, серкені көріп, ештеңеге түсінбей, басын шайқап, Таласбайға қарады.

– Бастық, тек ашулана көрмеңіз, – деді Таласбай оның түнере бастаған жүзінен сескеніңкіреп. – Өзіңіз рұқсат бергеннен кейін, жергілікті халықтың сұрауымен, өлік жөнелтудің рәсімін жасап, зират басында аруаққа дұға бағыштадым. Дәстүр бойынша дұға қылған адамға құдайы садақа береді. Мынау серке – сол құдайы садақа. Сіздер құдайыдан дәм татсын деп әдейі ала келдім.

– Сонда не істеуіміз керек, – деді өзі қазақ болса да, орысша тәрбиеленген бастық әлі де түсініңкіремей.

– Мына серкені сою керек, – деді Таласбай күлімсіреп.

Осы кезде қаһарлы бастықтың жүзі аяқ астынан жұмсарып:

– Не дейді? – деп күліп жіберді. – Мынауың үлкен олжа ғой.

Айдаудағылар түгіл, надзирательдердің өздерінің ет көрмегеніне қанша болғанын бір құдайдың өзі білсін.

– Ойбай-ау, сені бұдан былай ондай жерге жіберіп тұру керек болды ғой. – Бастық біржола жұмсарып, ет пен сүйектен жаралған адам қалпына келді.

Сол күні бүкіл бараста көңілді кеш болды. Серке сойылып, бастыққа жөнелтілді. Бастық рақымы түсіп, жалпы кухняға да азғантай ет жіберіпті.

Құдай жолын қуған Тәкең өстіп сотталып жүріп те, сол жақтың сыйлы адамына айналды.

Соғыстан кейінгі жылдары Таласбай айдаудан оралып, заңды түрде өзінің молдалық ісіне қайта кірісті. Адам санасын түнекке айналдырған апиын-діннің өкілі жұртқа мазақ болудың орнына, неге елдің сыйлы кісісі болып жүргеніне біздің де түсінбей жүргеніміз де осы кез болатын.

Кейін сыртта жүріп, ел өмірінен бейхабарлау жүрдім. Естігенім Таласбай соқырішектен қайтыс болыпты. Соқырішекке екі күннің бірінде операция жасалып, әрі кетсе бір жетіден кейін жұрттың бәрі тұрып кетіп жатқан заман еді. «Ажалым осыдан келіп тұрса – Алланың бұйрығы. Бүкіл тағдырын құдайдың қолына ұстатқан тақуа деуші едік, мұның да жаны тәтті екен ғой деген сөзге қалар жайым жоқ. Абыройымнан садаға. Құдай өзі берген жанын өзі алса, оған несіне ренжиміз», – деп операция жасатпай, кетер-кеткенше өзінің от басын жұбатумен болыпты.

Біреулер мұны надандыққа сайған шығар. Бірақ Тәкең уақыттың қыры мен сырынан бейхабар жан емес еді.

Кім біледі, қиянатшыл заманнан абыроймен құтылуды жөн көрді ме екен... Шын ақиқатын Алла біледі.

ҚОЙШЫҒҰЛ

Елуінші жылдардың ортасы. Біздің бала кезіміз. Аулымыз кең-байтақ қазақ даласының бір түкпірінде, аудан орталығынан алшақтау болғандықтан өсе алмай, баяғы мешеу күйінде қалып қойған, әртүрлі тарихи-әлеуметтік апаттардан зардапты көбірек шеккен, ескерусіз ескі мүліктей көзден таса жабайылау, жадаулау ел еді.

Кино, концерт дегендер біздер үшін ертегімен бірдей. Жан дүниемізде әлдебір рухани аштықтың белгісі сезілетін. Ауданға облыстан әртістер келіпті деген хабар естісек, солардың ауылға келуін тағатсыз күтіп, жүрегіміз тарсылдап қалай қуанатынымызды бүгінгі тілмен айтып жеткізу оңай емес. Тегінде, бала кезде адам бойындағы қуаныш сезімін айрықша күшейтетін бір артық қуат болатын секілді.

Сонымен «Ауданға «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» фильмі келіпті, жақында біздің ауылға да келеді екен» деген хабар жеткенде, мен апта бойы ұйқыдан қалдым. Әлгі хабар есіме түссе, жүрегім атқақтап, фильмді қалай көретінім көз алдыма елестеп, қуаныштан ұйқым шайдай ашылады.

Бір күні Айдархан деген бала «Қозы Көрпеш...» фильмін аудан орталығынан көріп келгенін айтып, әлгінің аузына кіріп кете жаздағандай болып әңгімесін тыңдадық.

– Қозы қандай? Баян қандай екен? – дейміз.

– Ой, екеуі де өрімдей, керемет сұлу, – дейді Айдархан.

У-шу болып, таң қалсақ та, түрлерін дәлдеп елестете алмаймыз.

– Қодар қандай екен? – дейміз.

– Қодар ірі, еңгезердей.

– Ірі болғанда, қандай?

– Қозыдан биігірек.

– Ойбай, неге? – дейміз таң қалып.

Өйткені жырда Қодардың бойы 40 кез деген жадымызда қалып қойған. Әр кез шамамен 70 сантиметр болғанда, Қодардың бойы, кем дегенде, 28 метр болу керек. Ақыры, мейлі қандай болса да, алдымен фильмді көрейікші деген мәмілеге келдік.

Бір күні аңсаған фильм ауылға да жетті-ау.

Жаз айы болатын. Ымырт жабыла киіз үйдің алдына ақжайма керіліп, экран жасалды. Халық ығы-жығы. Жұрттың бәрі малдас құрып жерде отыр. Жырдағы оқиғаға қаныққан соң, біздер фильм басталған сәтте-ақ басқа бір әлемге еніп кеткендей, өзге өмірді ұмыттық. Алдымызда жүріп жатқан фильм емес, тура сол оқиғаның өзі секілді. Баян қандай сұлу, Қозы қандай көркем! Қарабай неткен қытымыр! Қодар қандай жексұрын! Жантық ше? Ә, атаңа нәлет!

Оқиға өзінің қатерлі сәтіне жақындап келе жатыр. Қодар Қозыны өлтіруге шын бет алды. Бізде зәре жоқ.

Кенет алдан, экранға жақын жерден шу шықты. Апыр-топыр. Не болғанына түсінбей қалдық.

– Оу, Қойшеке, қойсаңызшы, – деген дауыстар шығады.

Әлдекім біреулерді боқтап жүр.

– Жібер де жібер, – дейтін секілді.

Ақыры не болғанына түсіндік. Ауылда Қойшығұл деген шоқша сақалы шошаңдаған, қызба, тентек шал болатын. Екі сөзге келмейтін. Қодар пышақ салуға Қозының артынан жақындай бергенде, әлгі кісі қамшысын ала салып, экранға ұмтылған. Жұрттың бәрі Қойшекеңді ұстап жүр, боса-болмаса, Қодарды ұстап жүрген ешкім жоқ.

Жұрт өстіп апыр-топыр болып жүргенде Қодар Қозыны өлтірді де кетті.

Абыр-сабыр басыла қоймаған соң, экранды анығырақ көру үшін мен алдыңғы жағына келдім. Қамшысын қыса ұстап, басыла алмай, қалшылдап отырған Қойшығұлдың түріне қарап едім – жылап отыр екен...

Бір заманда фильм аяқталды.

Сұлулық пен махаббаттың мәңгілік ескерткішіндей болған ару Баян мен қайран Қозы қиянаттың құрбаны болып кете барды. Солай боларын күні бұрын білсек те, осы қасірет бәрімізге аяқ астынан тап болғандай, және әрқайсымызға жасалған жеке қастандықтай жүрегімізді жаралап, қинала жылап, жұбана алмай отырмыз.

Кенет:

– Апыр-ай, Қойшекеңнің де ұстаспаған адамы қалмады-ау, ақыры ретін тауып, Қодармен де төбелескен жоқ па, – деген әлдекімнің әзілі беймәлім тарих түкпірінен бәрімізді өзіміз өмір сүріп отырған бүгінгі күнге, ақжайма керілген киіз үйдің алдына қайта әкелгендей болды.

– Қойшекең кетіп қалмағанда, осы сөзің үшін сен де сыбағаңды алатын едің, – деп оған тағы біреу әзіл қосты.

Қойшекең, шынында да, фильмнің аяғына қарамай, кетіп қалған екен. Бұл да оның бәрімізді жылатқан зұлымдық әрекетке көрсеткен қыры деп ойладық.

Әрине, Қойшекең кинода болып жатқан оқиғаға түк істей алмайтынын, Қодардың Қозыны бәрібір өлтіретінін білмейді емес, білді. Бірақ көре тұрып, түк қарсылық білдірмей, үндемей отыра беруді өзінің жанына, бүкіл табиғатына жасалған қиянат деп ұқты.

Тарихқа, өмірге ықпал жүргізіп, зұлымдыққа бұғау салуға бір адам түгілі бір ұрпақтың, тіпті бірнеше ұрпақтың шамасы жетпеуі мүмкін. Мәселе, сенің қиянатпен ешқашан да келіспейтін күрескер рухыңды жоғалтпауыңда ғой.

Қойшекең ұстасқан адамын ұрып жығатындай қарулы да кісі емес, қаңғалақтаған бір жапырақ шал ғой. Бірақ жанын қорлайтын нәрсенің бәріне қарсы шығып, төбелесуді өзінің міндетіндей көретін секілді. Қалай болғанда да, оның осы бір бала секілді кісі күлерлік іс-

әрекетінде әлдебір жүректіліктің, ымырасыз рухтың жатқанын жоққа шығару мүмкін емес еді.

Ал біздің уақытымызда қиянат экранда емес, дәл қасымызда жасалып жатса да, және онымен күресуге біздің талай амалымыз болса да, қиянатқа қарсы шыққымыз келмейді. Өйткені біз өзімізге жасалған қиянатпен әлдеқашан табысқанға ұқсаймыз. Ең үлкен қатер осы ма екен?..

Осындай ойлардың жетегінде жүргенде есіме еріксіз Қойшекең түседі.

ОНДАТР БӨРІК

Ондатр бөрікті өзінің басынан көру Зағипаның (бәлкім, Қазипаның, әлде Қапизаның – бәрібір емес пе, кім болса да) арманы еді. «Қоңыр қошқыл мамық түгін толқындатып, шіркін, далаға шықсам!» дейтін. Бірақ қошқыл түсті ондатр бөрікті қолға түсіру оңай емес. Не өзі таптырмайды, тапсаң – бағасы удай. Түн болса, әлгі неме Зағипаның түсінен кетпейді. Оянса, түк те жоқ – баз баяғы тозуға айналған бөкебайын басына орап, көңілі құлазып жұмысқа кетеді.

Зағипа енді бөрікке ақша жинады. Күйеуінен жасырып, тамақтан қымқырып, кино, театрға жоламай жүріп, ақыры бөріктің құнына жеткізді-ау. Енді дүкенге түсуін күтіп, табанынан сабылды. Ол құрғырдың түсетін түрі жоқ. Сатушылардың аузынан шығатын сөз белгілі: «Көп болды түспегелі...» «Жуық арада болмайтын шығар, болса да, баздан кетер». Базға мұны кім жібереді? Уайымға – уайым, Зағипа түн баласы ұйқыдан қалды.

Бір күні күтпеген жерден (бар қызықтың өстіп күтпеген жерден басталатын әдеті ғой) бұлардың бөлмесіне бухгалтерияда істейтін бір әйелдің таң атпай ондатр бөрік ұстай кірмесі бар ма. Бөрікті көргенде, Зағипа безгек тигендей қалшылдады. Әлгі әйел Зағипаның арбалған бақадай бөріктен көзін ала алмай тұрғанын көріп: «Сіңілім сатып алған екен, басына сыймаған соң, сатқалы отыр. Бірақ қымбаттау, 250 сом», – деді қолындағысын үстелдің

үстіне қойып. Зағипа бас салды. Ақшасы да қабырғасына батып барады. Қап, енді қайтті? Удай екен...

Кенет: «Ойпырмай, қандай жарасады!» – деп, өзіне таңтамаша боп қараған әлгі әйелдің сөзінен есін жиғанда барып, бөріктің өз басында тұрғанын сезді. Жүгіріп айнаға барды. Шынында да, ғажап екен. Өзін әрең таныды.

«Зағипа, саған сұмдық жарасады. Қарыз алсаң да, ал осыны. Қайда қалмай жатқан ақша», – деді әлгі әйел.

Зағипа тәуекелге басты. Қарызданып, бөрікті сатып алды. Ғажап! Таң қалмаған, мақтамаған адам жоқ. Үйіне келгенде күйеуі де керемет қуанды. Бүкіл түнді айна алдында өткізген шығар.

Хош! Бөрік мәселесі шешілді. Енді оның ар жағында тағы бір бәлесі бар екен. Қалада бөрік алып қашушылар көп дейді. Жаныңнан зу етіп, бөркіңді ала-мала, лезде көзден ғайып болады екен. Осыны ойлағанда, Зағипаның жүрегі атқақтап, тынысы тарылғандай болады.

Ақыры ойлап-ойлап бөрікке тамағынан өткізетін бау тақты. Мықты қылып тақты. Бөріктен айырылғанша, басым бірге кетсін дейтін секілді. Далада жүргенде көшенің бар халқы осының жалғыз бөркін аңдып отырғандай, әркімге бір үрейлене қарап, жақындағанның бәрін ұры көріп, айғайлайын десе үні шықпай, талай рет жүрегі тоқтап қала жаздады. Қайта-қайта көзі тартып, беті жыбырлайтынды шығарды.

Бір күні (бар бәле осылай бір күні басталады) кәсіподақ жиналысынан кеш шығып, зәреден зәре қалмай, қайта-қайта құдайға сыйынумен қараңғы көшені бойлап, дедектеп келе жатқан. Кенет, қайдан пайда болғаны белгісіз, жалаңдаған екі жігіт артынан жүгіріп жетіп, бас салмасы бар ма. Жармасқан жері – ондатр бөрік. Зағипа өлдім деп ойлады. Құлында-құлыны шығып шыңғырып еді, оны өзі естіген жоқ. Апыр-топыр... Басындағы бөріктің бауы тамағына ілігіп, буындырып барады. Соған қарамай әлгілер бөркін жұлып алған секілді. Тағы да шыңғырды. Өз даусы өзіне алыстан талып естіледі. Кейде шыңғырғаны милиционердің ысқырығы секілді естіледі. Тағы да алыс-жұлыс. Тайғанақ жерде бәрі де опыр-топыр құлады. Зағипа жерге түскен бөркіне жабысатын секілді... Аналар үлгертпей қағып әкетеді... Енді өзін өлтіргісі келетіндей...

Бәлкім, пальтосын да шешіп алар. Зағипа есін бір жиғанда өзінің ебіл-себіл қашып келе жатқанын көрді.

Өкініш пен қайғыдан көзінің жасы ыршып-ыршып кетті. Осынша еңбекпен қолға түскен бөріктен ақыры осылай айырылды. Әттеген-ай, әттеген-ай!

Күйініш пен ашудан қыстыққан Зағипаның өшін алатын жалғыз адамы – күйеуі. Үйге жетіп, есікті тепкілей ашқан ол күйеуін көргенде, мысық көрген иттей бас салды: «Сен отыр осында шалқайып, мені көшедегі жөліктер тонап, өлтіріп жатқанда. Елдің қоры... Бүйткенше өлгенім артық, өлгенім!» Зағипа дауыс қылып аңырап қоя берді. «Осынша еңбекпен алған бөріктен айырылдым, міне, қу құдай!»

Есі шыққан күйеуі бұған аңырая қарап, үн-түнсіз сілейіп тұр. Тілі байланып қалған секілді.

«Ойбай, неғып тұрсың?» – дейді Зағипа еңіреген күйі.

Күйеуі бірдеңе деп ымдайтын секілді. Қолына қарайтын секілді. Зағипа күйеуінің көзінің ізімен өзінің қолына қарап, қолында тұрған ондатр құлақшынды көріп, не болғанына түсінбей, аң-таң болып тұр. Есін жиып, не болғанын түсінді. Әлгінде бәрі жапырлап құлағанда, бір бас киім жерге түскен еді, сол әлгілердікі екен ғой мұның қолына іліккен. Бұған да рақмет.

Кенет күйеуінің әлі де аңқиып мұның төбесіне қарап тұрғанын көріп, басына қол жүгірткенде, басында тұрған өзінің ондатр бөркін байқап, Зағипа мелшиді де қалды.

– Кім кімді тонады өзі? – деді күйеуі әрең дегенде тілге келіп.

АЯЛДАМАДАН АЯЛДАМАҒА ДЕЙІН

Ол автобусқа кіріп, орта тұстан орын алды. Алда бір топ қыздар отыр екен. Өздері жап-жас, сүп-сүйкімді. Әлденеге мәз болып, күлісіп, бізді көрдіңдер ме дегендей, жан-жақтарына қарап қояды. Бұл олардың әрқайсысына кезек-кезек көз тастап, іштерінен біреуін өзіне таңдай бастады. «Иә, әне біреу, шетте отырғаны сұлу екен, сол – менікі». Ол «өзінің» қызына қайта-қайта жалтақтап қарай берді.

Кенет көздері мен көздері ұшыраса кетті. Бұл көзін алмай, қадала қарап еді, анау да көзін тайдырмады. Біраздан кейін тағы да көздері түйісті. Бұл жолы қыз болар-болмас жымиғандай болды. Содан әрі көзқарас арқылы ұзақ әңгіме басталды.

Көзді тек көру үшін ғана жаралған деу қандай ұшқары пікір десеңші?! Көз ең алдымен сөйлеу үшін жаралған. Тіл жетпейтін нәрселерді тек көзбен ғана айтуға болады. Қандай ғажап сезімдер бар көзқараста?! Көздің жанары адамның жан дүниесінің ең терең түкпіріне бойлайтын лазер сәулесі іспетті. Тіпті музыкадан да мұндай ләззат ала алмайсың. Музыкада қалайда әрқалай түсінуге болатын беймәлім түсініксіздік бар. Ал мұнда бәрі ап-анық. Бәрін де жаныңмен қапысыз ұғасың.

Джаконданың болар-болмас жымиған көзқарасына бүкіл жер бетіндегі халықтардың құмарта қарағанына қанша ғасыр?! Ал мынандай үнсіз әңгімеде қаншама Джаконданың көзқарасы жатыр. Ондап, жүздеп... Көзіңе көзі түскен кезде бүкіл сана-сезімің от тиген қаудай лап етіп шыға келеді. Сол ішкі өрттің қызуынан қапелімде қызарып кетесің де, бірақ соның өзі жүрегіңді әлдебір қуаныш нұрына бөлейді. Қай сөз, қай музыка осындай жалғыз секундта жаныңның астан-кестеңін шығара алады? Жоқ, көз көруден бұрын, меніңше, ең алдымен сөйлесу үшін жаралған.

Сонымен әңгіме ұзаққа созылды. «Сіз маған ұнайсыз». «Мен бе?» «Иә, сіз. Ал мен ше?» «Сіз де ұнап тұрсыз». «Рас па?» Осы кездегі оның күлім қаққан жанарындағы сәуленің әсерін «рас» немесе «иә» деген түкке тұрмайтын сөздердің мағынасы бере алмайды. Ол әшейін проза.

Ал көзқарастан тараған отты леп жаныңды шарпығанда бірінші сезерің – алып қашқан тағатсыз шаттық. Оны таратып айту үшін тұтас бір роман немесе симфония жазу керек.

Өстіп отырғанда оң жағыңнан әлгіден де ғажап сұлу қыздың отырғанын көресің. Бір көргеннен арбаласың. Апырым-ай, бері қараса екен, бір-ақ рет, басқа түктің қажеті жоқ. Ал анау қарамайды. Ол қарамаған сайын құмарлығың арта түседі. Алғашқы ғашығыңды қалай ұмытқаныңды сезбей де қаласың.

Кенет... о, жасаған, әлгі сұлу бұған жалт қарады. Мынау талып қала жаздады. Қандай ғажап көздері! Терең ойлы. Тұнжыраған. Түпсіз тұңғиық. Сәл-пәл таңырқаған кейіппен бұған қадала қарап тұр. Біраздан кейін тағы да солай қарады. Ойпырым-ай, өмірде мұндай бақыт болады екен-ау! Қандай сүйкімді, қандай әдемі! Әнеки, көзқараспен тілдесуге де кет әрі емес секілді. Жанарымен жай сипап өткенінің өзі неге тұрады!.. Қандай сабырлы, қандай тұрақты! Түсінемісің менің көзімдегі ынтызар тілекке? Ұғамысың жүрегімді? Сенімен дәл осылай көзбен аймаласып, ғұмыр бойы отыра беруге дайынмын. Сеземісің осыны?

Сезеді ғой, сезбесе осылай қарай ма?

Кенет ол әлдебір көзқарасты сезгендей болып, басын бұрғанда, өзіне жауыға қараған манағы алғашқы қызын көрді. Кінәлап, айыптап тұрған көзқарас. «Тұрақсыз, опасыз! Сендерді де жігіт дейді-ау». «Мен не ғылдым? Мен жай әшейін қарадым... Онда тұрған не бар?» – деп ақталды бұл. «Жай әшейін!» – дейді. Жаңа ғана маған өліп-өшіп отыр ең ғой. Кешке дейін енді неше қызға осылай өліп-өшіп сұқтанар екенсің? Сүйіспеншіліктің не екенін білмейтін көрбілте топас, зинақор!»

Бұған «зинақор» деген көзқарас батып кетті. «Ау, қойсаңшы енді балағаттамай, менің зинақор екенімді қайдан көрдің? Немене ұстап алған жерің бар ма?» «Оны білудің қажеті қанша, көзің бәрін айтып тұр. Алғашқы қарағанда-ақ адамды көзіңмен шешіндіріп, ішіп-жеп бара жаттың. Көзіңнен неше түрлі ұятсыз сезімдер байқалып тұрды. Сол аз ба? Бейбастақ, найсап! Сендейлерді оңдырмай жазалау керек. Өзің комсомолда барсың ба?»

Бұл комсомолда екенін жасырып қалды. «Оны қайтесің? Мені комсомолдан шығаратындай не істеппін?» «Сен – сатқынсың!»

Осылай салғыласқан ұрсыс-көзқарас біразға созылды.

Бұл не де болса, алғашқысынан ажырасып болып, екінші ғашығына көз салғанда, күтпеген оқиғадан көзі көрмей («тілі байланып» деген мағынада) қала жаздады. Әлгі ғашығы мұның көзін ала беріп, арт жақтағы басқа біреумен жымыңдасып отыр. Тіпті анда-санда қасын керіп, мекерленіп шақырғандай болады. «О, ұятсыз! Апырау, мынау не деген жүзіқара! Тіпті төңіректе ел бар-ау деп ойламайды. Ау, бері қарашы өзің».

Анау тіпті бұған мән беретін емес. «Кел, кел маған... Ынтығып өліп отырмын», – дейді. Тек бұған емес, арттағы басқа біреуге. Енді «опасыз» деген көзқарасты өзі қолдануға мәжбүр болды. «Опасыз сайқал!» Анау осыны сезіп қалғандай бұған жалт қарады. Бірақ танымайтын адамдай, тіпті бірінші рет көріп тұрғандай қарайды.

Өзінің қателігін сезген ол енді алғашқы қызынан кешірім сұрайын десе, ол түсіп кетіпті.

Ақыры қарақан басы өзі де түсті автобустан.

Далада сіркіреп жаңбыр жауып тұр екен. «Өмір деген осы екен ғой» деді ол күрсініп.

СӘБИ ТУРАЛЫ СЫР

(Эссе)

Отан отбасынан басталады. Отбасы – өзің, жарың, балаң. Яғни отбасының жауапкершілігі – бүкіл отанға деген жауапкершілік.

Бірақ үйленгенде осының бәрін ойлап жатпайсың. Жұрт үйленіп жатқан соң, бір қызбен көңілің жарасқан соң, үйленесің.

Ата-ананы қуанттың, өзің мәз болдың. Бір-біріңді қызықтап жүргенде бір күні жеті түнде жарың құлағыңа сыбырлап: «Біз үшеу болатын болдық»,– дейді.

Сен түсінбей аң-таң боласың. Оған жарың қылтиып өкпелеп, оны әрең жұбатып, әрі өзің де не болғанына түсініп, енді беймәлім сол үшіншіні күтіп біраз жүресің.

Сөйтсең, ол бір қызылшақа бірдеңе болып шықты. Өзі жылауық. Не емшеккке тоймайды. Тәжірибесі жоқ келіншегің баланың қыбын таба алмай, қосыла жылап, шақшадай басыңды шарадай қылады.

Нәрестеге ат қоюдың өзі бір жұмыс екен. Бүкіл жолдас-жораларыңды шақырып, шілдеханасын өткізіп, ат қоюға келгенде ешкім мәмілеге келмей, әркім өзі ғана қойғысы келіп, аяғы үлкен дауға айналып, таң ата әлгілерден құтылғаныңа қуанасың.

Үш-төрт ай бойына аты жоқ баланы саусағыңмен көрсетіп жүріп, ақыры Жамбыл қаласында тұратын

қайын атаңа жіберіп, балаңа атты әрең қойдырып аласың.

Хош! Әке болдың. Емшекке жарымайтын балаңа таңертең ерте тұрып, Космонавт пен Виноградов көшелерінің қиылысындағы кухнядан басқа әйелдер сауып қалдырып кеткен сүтін сатып алып, жол-жөнекей тағы бір-екі дүкенге соғып, үйге келесің де, бір кесе шайды ішкен-ішпегеніңді есіңе түсіре алмай, жұмысқа тартасың.

Кешке үйге келгенде шешесінен мезі болған бала тек саған талпынады да отырады. Сен баланы алып отырып, шарасыздау үнмен уақыттың жоқтығын, қолыңның босамай қойғанын, әйтпесе осы уақытта бір-екі әңгіме не хикаят жазып тастауға болатынын айтып, бала болмағанда дүниені төңкеріп тастайтындай болып, әйеліңе шағым айтасың.

Түнде бала ұйықтату қашар бұзаулағаннан қиын. Және сенің балаң (өзгелерді кім білген) өзінің дем алған дыбысынан өзі оянып кететін бір саққұлақ. Көтеріп қақпақылдап жүрмесең, ұйықтамайды. Ақыры өлдім-талдым деп баланы ұйықтатып, жатқызып, есікті жауып, деміңді басып, ас үйде әйелің екеуің «yh» деп рақаттанып, бір кесе шайды енді ауызға ала бергенде шар ете қалған дауыс шығады. «Ойбай» деп екеуің бірдей жүгіріп, сасқаннан есікке кептеліп, «қабаттасасың да жүресің» деп бір-біріңе кейіп, баланы тағы да қолға алып, ұйықтатуға кірісесің.

Таңертең сен жұмысқа кеткенде әлгі кішкентай ерні бұлтиып, мұрны пышылдап, жұпар иісін бұрқыратып ұйықтап жатады. Өзіңе ұқсай ма, қалай?

Сүйіп алғың келеді. Бірақ болмайды – оянып кетеді.

Қолыңа ақша түссе, әлгі немеге бірдеңе алғың келеді де тұрады. Не киім, не ойыншық. Ойыншықтан қора салатын болдың. Бала да жаман үйреніп, бір ойнаған ойыншығымен ойнамай, келесі ойыншықты күтіп отырады.

Баланың қылығы күн сайын өзгеріп, айтсаң таусылмайтын жырға айналады. Ең алғаш «мәм-мәм-мәм» дегенін естіп, ешкім естіп-көрмеген бір ғажайып құбылыстың үстінен шыққандай есің шығады. «Қайталашы» десең, әлгі неме тура алғашқысындай «мәм-мәм-мәм»

дейді де, тағы айтайын ба дегендей сығырайып бетіңе қарайды.

Бір күні аяқ астынан баланың іші бұзылып, зәрең ұшып дәрігерге барсаң, «тісі шығып жүрген шығар» дейді жайбарақат. Үйге келіп баланың аузын ашсаң, ой, Алла, жоғары жағынан ағарып шығып келе жатқан екі тісті көресің.

Енді ол неме тісінің қышуы қанғанша көрінген затты аузына салып тістейтінді шығарады.

Күлгенде саршұнақтың тісі құсап әлгі екі тісі көрініп тұрады.

Ал енді аяғына тік тұрып, өз бетімен бірнеше қадам жасап, бір метр жерді жүріп өткен кезде XX ғасырда бұдан үлкен жаңалық болмаған секілді әсер аласың. «Көрдің бе, көрдің бе?» – деп айғайлайсың әйеліңе. «Көрмедім»,– десе: «Сен-ақ осы дүниенің бәрінен құр қаласың да жүресің», – деп ол байғұсты біраз жерге апарып тастайсың.

Өстіп жүргенде ауылдағы әкеңнен хат аласың: «Жазға қарай баланы бірге толысымен өзімізге әкеп тастаңдар. Керек болса, тағы тауып аларсыңдар», – деп жазыпты.

Мәссаған! Сен бір бала жасайтын цехта жұмыс істейтін адам секілдісің. «Әке-ау, бала кішкене буыны қатып жетілсін деп едік. Жылап мазаларыңды алады ғой. Ауылда не дұрыс дәрігер жоқ. Тұра түрса қайтеді», – деп хат жазасың. Оған: «Буыны қатсын деген не пәле? Немене, ауылдағы баланың буыны қатпай ма екен? Әлде біз бала асырап көрмеппіз бе? Өзің қайдан шықтың? Көктен түстім деп ойлайсың ба? Сөзді қойыңдар да, жазда демалыс алып, баланы әкеп тастаңдар. Болмаса, өзім барып, алып кетемін», – деген жауап келеді. Және хаттың аяғын: «Күндеріңді көре алмай жүріп, бала баққан нелеріңді алған»,– деп аяқтайды.

Ал керек болса. Әкең айтқанынан қайтпайтын қырсық адам. Амал жоқ, өзіңе бұйырмайтын баланы бағып-қағып, жаздың аяғында кемпір-шалға апарып тастайсың.

Содан кейін сағынышты күндер басталады. Болбырайған кішкене сәбиің күндіз ойыңнан, түнде түсіңнен кетпейді. Әйелің екеуің баланың бүкіл қылығын бір-біріңе кезек-кезек айтып, мәз боласыңдар. Ауылға барып, ба-

лаңның түрін бір көруден артық бұл дүниеде үлкен арман жоқ секілді.

Бес айдан кейін шыдай алмай, балаңды көру үшін елге барасың. Барсаң, балаң сені ұмытып қалған, айнала қашып, жоламайды. Апарған ойыншықтарың мен жеміс-жидектеріңді көрсетіп, пара бергендей болып, әрең дегенде бетінен бір сүйесің. Саған жоламаған сайын, әкең мен шешең мәз болып: «Керегі жоқ олардың. Атасы мен әжесінің баласы қайтеді оларды?» – деп онсыз да оңып тұрмаған жағдайыңды одан сайын қиындатады.

Ақыры, «қой, басқа бір бала тауып алып, жарылқанбасақ, мынадан қайыр жоқ екен», – деп күдеріңді үзгендей боласың.

Сол ойыңның жемісі ме, әлде тілегің құдайдың құлағына жетті ме, әйтеуір дүниеге екінші бала келеді. Одан үшінші бала...

Өстіп алғашқы сағыныш уыты біршама қайтқандай болады.

Тағы да таусылмайтын қызық, таусылмайтын қылық. Дүниеге келген әр сәби отбасы үшін бір-бір тарих.

* * *

Сәби өмірі тым нәзік: бір сәт қылығына сүйініп, мәз болып отырасың, келесі сәтте я құлап, я бір жерін соғып алып, жүрегіңді тас төбеңнен бір-ақ шығарады. Қуаныш пен сүйініш, үрей мен уайым, қызықты да қиын күндер өміріңнің айнымас бір бөлігіне айналып, жүрегіңде мәңгілікке жатталып қалады.

Барлық жан иесі ұрпағымен мәңгілік. Сәби құдіретін мойындау адамның рухани өміріндегі үлкен жеңістіктердің бірі. Бауыр етің – балаңның өзіңнен бөлінген Өзің екенін сезінген кезде санаңа нұр құйылып, тек өзіңнің отбасың емес, бүкіл адамзат қауымының бауырлас, қандас, тамырлас екенін сезінесің. Өз балаңды жақсы көру сезімі оянады. Көшеде талтаңдап әрең жүріп бара жатқан кіпкішкентай сәбиді көрсең, қарадан-қарап жүрегің елжірейді. Өйткені көкірегіңде: «Ол да мен секілді біреудің

сәбиі ғой», – деген ой тұрады. Сол арқылы өз ата-анаңның қадірін бүкіл жаныңмен ұғасың.

Ендеше, біз баланы ғана емес, бала бізді де тәрбиелейді. Сәби өзінің кіршіксіз періште көңілімен сенің жаныңды лай сезімдерден тазартып, жаңартып отырады. Өз бойыңнан өзің тапқан әлдебір жанқиярлық, жауапкершілік, ізгілікке деген сенім – осының бәрі сәбиіңнің арқасында.

Жаныңды жадыратып отбасына тағы да сәби келеді. Оның аты – немере. Табиғат жарықтық адам баласын бақытты қылудан ештеңені аямаған секілді.

М А З М Ұ Н Ы

Хикаяттар

Парасат майданы 5
Тұғыр мен ғұмыр 65
Әке 144
Оралу 209
Ақиқат 256
Тозақ оттары жымыңдайды 295
Қыз Бәтіш пен Ерсейіт 365

Пьесалар

Біз үшеу едік 399
Ардагер 447

Әңгімелер

Қайырсыз жұма 491
Қонақтар 509

Бас сүйек 524
Оң қол 538
Жат перзент 559
Бір күндік ашу 574
Көктерек 580
Таласбай 584
Қойшығұл 593
Ондатр бөрік 597
Аялдамадан аялдамаға дейін 600
Сәби туралы сыр (Эссе) 604

Көркем әдебиет

Төлен Әбдікұлы

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

Таңдамалы

Бас директор *З. Тен*
Редактор *Б. Қошым-Ногай*
Суретші *Б. Серікбай*
Техникалық редактор *О. Пегова*
Компьютерде беттеген *Р. Баязитова*
Корректор *С. Ыбраева*

Басуға 24.08.12 қол қойылды.
Қалпы 84x108$^{1}/_{32}$. Қағазы офсетті. Қаріп түрі «Таймс».
Шарт. б.т. 33,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 7189.

«Раритет» баспа компаниясы
050022, Алматы қ, Масанчи к., 98
Тел./факс: 8(727) 260-67-08, 292-88-36

Тапсырыс берушінің файлдарынан
«Полиграфкомбинат» ЖШС-де басылды.
050002, Алматы қ, Мақатаев к., 41